ҒАБИТ МҮСРЕПОВ

ОЯНҒАН ӨЛКЕ

РОМАН

БІРІНШІ КІТАП

3500

58

Северо-Казахстанская ... ЗИБЛИОТЕКА
город ПЕТРОПАВЛОВСК

012

ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1953

БІРІНШІ БӨЛІМ

Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп конып жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ елі. Жаз бойы Құланөтпес пен Құдайменденің кең шыйырына сыйыса алмай, күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жаткандары жай да емес сияқты.

Алшақ жайласып, араласпай араз отыратын екі бай үзеледесіп қойғандай, Майқұдық басына бүгін кешке жақын катар келіп құлады. Бірінен бірі іргесін айыра алмайтын дос ағайындарша, бір ғана бұлақтың басына иық тиісе конып жатыр. Бірақ екі қабақтың да түюлі екені бұл өңірге қашаннан мәлім, белгілі сыр болатын еді.

Оң бүйірден шұбар ала жыландай шұбатылып Игіліктің кілем жапқан түйелі көші құлай бергенде, батыс жақ бетті тұтас торлап келе жатқан Жұман байдың он жеті мың жылқысы да көрінді. Ұзын түйелі көштің өзіне ұқсаған өркеш-өркеш шаңы шұбалып келіп, көп жылқының тұтаса карауытқан шаңына осы бір бұлақтың басында түйісті де тоғысып кетті.

Енді міне, бір өңірді тұтас шаң басып, булықтырып барады...

Әлде ғана үнсіз керіліп жатқан өлі даланы кернеп кеткен көп жылқы теңіздей толқыйды. Жанбырсыз жаздан ерте кураған тықыр бозды ұстарадай қырқып, шаң мен шіркейден дамылсыз пысқырық аткан көп жылқы өрттей қаптап, көкжиекті көрсетпей жіберді. Ояң жерлер тіпті төмендеп, қыраң жерлер тіпті биіктеп кеткендей.

Қысқы коныстан ұзай алмайтын бірен-саран жатақтар әр жерде моладай шошайып тұрған қараша үйлерін көз

ілескенше жығып алып, көше жөнелуге әзірленіп қалды. Қараша үйлердің орнында, үй деген болмашыны аркасына қондырып алып, құлаған тамдай опырылып жалғыз-жалғыз түйелер ғана жатыр. Екеу болса — төрт түрлі, бесеу болса — он түрлі етіп әдейі бояғандай алабажақ ешкілер түйенің көлеңкесіне ұйылығады. Күлдіреуіш арасынан құндақтаулы балалардың кішкене қара көздері жылтырайды. Шырқырап сілесі қатып, зар қағып жатқандары да бар. Сынық жүзді, күн қақты, жадау әйелдер, шырқыраған баласына қарауға да мұршасы жоқ, ақсақ ошақ, пұшық құман сияқты ұмыт қала жаздаған болымсыз дүниеліктеріне кезек-кезек жүгіріп жүр. Көп жылқының пысқырығы жақындаған сайын, өрт таянып қалғандай сескеніп, аз үйлі жатақ бұлан-талан, бір жағына қарай сырылып кеткелі жатыр. Байлық екпіні кедей ауылдарды құйындай ысырып келеді.

Жұман бай көш алдын Майқұдық бұлағына жақындай бергенде ғана қуып жетіп еді. Оған дейін Игілік көшінің қайда тартқанын болжай алмай әуре болды. Сүзісер жеріміз осы болар ма деп Шерубай Нұрасына аялдап еді, Игілік көші әрі асып кетті деген қабар алды. Көп салтаттының қоршауында кетіп бара жатқан, қос-қос түйе жегілген көп арбалы ұзын көш, алысқа тартқандай жыйнақы кетіп бара жатты. Сүріндірер жерім осы шығар-ақ деп, Соқыр өзенінен тосып еді, ол болжалы да дұрыска шықпады. Сонымен, Жұман байдың жіпсіз жетеленіп он екі күн көшіп, әрең аттан түсіп отырған ызалы жәйі бар.

Жұман ұзын қара бурыл аттан түсе қалды да, үлкен ақ үйін тіктіре бастады. Қаңтарулы аты қасында, қамшы мен шылбыр белінде, Көпей бәйбішенің қай жерден қапы кетерін аңдып, ақырып қалуға әзір отыр. Бұл мінезге он бесінен үйреніскен бәйбішесі баяу қозғалса да бабын тауып, мін тақтырар емес. Үй тігіліп жатса, жүк жыйналып жатыр. Бірақ мұндай қарбаласта Жұман бай Көпей бәйбішенің бір қапысын таппай да қалған емес, зекімей де қалған емес. Мұны екеуі де жақсы біледі, қазір екеуі де қыл үстінде, күтуде сияқты.

Жұман — Алтай-Қарпыққа мәлім тапал адам. Бірақ денесі төртбақ, сом жаралған. Көлденеңі күректей мұқыл тырнакты саусақтары — келінің сабындай жұп-жуан. Қылтанақ шығып көрмеген қасқа иегінен тағалы ат тайып жығылғандай. Салбырай бастаған ұртына дейін табиғи тәртіпті бұзбай-ақ келген бурыл сақал қасқа иектен

тайып кеткендей алқымға барып ұйлығып қалыпты да, сақалдан гөрі ұйысып қалған көк шулан жүнге көбірек ұқсап тұрады. Жүзінің баска мөрі түгел өшуге жақындап, ескі теңгеліктей көмескі тартқан. Бар мінезі көздерін жартысынан асыра жауып алып, енді етегін көтерместей біржола түйілген қабақта ғана қалған сияқты.

Бәйбішенің қапысын таба алмай ыза болып отырған Жұманның құлағына қатар қонып жатқан қас ауылдың қатты күлкілері естіледі. Бақас ауыл күйіп-пісіп отырған біреу барын сонадайдан танып, мазақтап күлетін сияқтанады. Қаска иекке қайдағы шыбын-шіркей де қайта-қайта қонып, о да мазалап отыр. Игіліктің Көк-дауылы мен Сұр-перендері де әлдеқайдан сап ете түсіп, қара-ал мен сары-аланы қабат талап кетті. Қанға боялып қансылап қалған қара-ала ит тігіліп жатқан үйге кіріп кетіп, кереге арасынан иесіне қарап, қыңсылап қояды. Ит те болса, өлісе алмағанына, оңай жеңілгеніне ызасы қайнай түсіп:

— Уа, әрі қайтар жылқыны! Әр жағың жаудың жері емес, мына менің жерім! — деп, Жұман қыядан көрінген жылқышыға бір ақырып қалды. Күлісіп отырған Игілік ауылы естісін деп, қатты ақырып айтты.

Игілік ауылына да көзі осы арада ғана түсіп кетіп еді, Игіліктің жұрт көзін сүріндірерлік тағы бірдемені шығарғанын көрді. Күтпеген еді, таңданып та қалды, шошынып та кетті.

Көші-қон жәйін балаларына тапсырып, өзі қасына бір топ адам ертіп алып, Игілік би Ұлытаудан бергі елдерді аралай қайтып еді. Біріне «қайырын берсін», біріне «қайырлы болсын» айтып, алыс-жақын ағайынның қағылған-соғылған өкпе-назы болса ұшықтай қайтқан. Екі баласы екі жерде болыс, он екі мың жылқысы бар Игіліктің әдейі келуін үміт етпейтін елдер мұнысына қатты риза болып, бас изесіп қалысты. Көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошаңдасып қалды. Бұл жүрістің түбі бір жанжалға соғарын сезінген қу тақымдар шыбындап келіп, Игілік тобына өздері қосылып, елден-елге шығарып салып қайтысты. Бірақ салтақ тымақтың құлағын қалай түрсе де сыр ала алмай, шерменде болып қалыс-ты.

Қасында сонау түптен ерте шыққан Күреңкөз қожа, жылтыр Омар, Нысаналы ақын, Жұмабек төре, Боздақ би, кіреші Ыбрай, жетім болса да ерке жиен Сит бар, Игілік қазір тігіліп жатқан жаңа үйінің сыртында отыр.

Ерінің бір ескерткенін ендігәрі қайталатпауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр. Кілем-көрпе төсеулі, күмістеткен сары-ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық ешнәрсе жоқ. Көшіп шыққаннан бергі он екі күннің ішінде биден бір қабар алмаса да, дәл бүгін, осы арадан кездесетінін білгендей, Айғанша бәрін әзір, бәрін бапты ұстапты.

«Жаудың жері емес, мына менің жерім!» деген Жұманның даусынан өзге отырғандар елеңдеп қалса да, Игілік көзінің қыйығын да бұрған жоқ:

— Ие, айта беріңіз, — деп, манадан таңдайын қағып, таңданып отырған Күреңкөз қожаға бұрылды. Игіліктің ықпайымен өруге үйреніп қалған топ, ол елең қылмағанға елеңдесіп қалғандарына ұялғандай болып:

— Ие, кожеке, айта беріңіз,— деп, бәрі соған қарай бұрылды.

Қожекең де дұғасынан жаңылғандай сасқалақтап қалып:

— Батшағар, Шоң-Шорманнан да, Зілғара-Шопаннан да көрген емес ем мұндай үйді. Абылайдың ордасы дейміз ғой, о да тоғыз-ақ қанат екен десуші еді. Он екі қанат дегеніңіз Қожақмет Сұлтанның мұнарасындай болып шығыпты ғой! — деп, тігіліп жатқан үйге тағы да қарап, тамсанып-тамсанып қалды.

Күреңкөз қожа Игіліктің ескі бір серігі. Бір кезде бидің басына Кенесарының кәрі төніп қалғанда, ат көпір етіп сақалын төсеп, аман алып қалып еді. Одан бері көп жылдар өтті. Қазір Игіліктің саркытына қанағат етіп, әр кезде қошаметші, тілекші күйіне түсіп қалды. Осы күнгі бар тілегі — Игілік арқылы Ақмола дуанына указной имам болғысы келеді. Бұл жәйлерді түгел түйіп болған Игілік Күреңкөздің бұл жолғы қошаметіне де құлай кеткен жоқ. Оның үстіне, Игілік жұрт көзін сүріндіретін істерді істеп салатын да, өз басы оған мән бермейтіндей көрінгісі келетін.

Игіліктің жаңа тігіліп жатқан үйі шынында да көз сүрінерлік үлкен еді. Он екі қанат үйдің әр керегесін төрт жігіт қолдасып, әрең көтеріп, әрең жайды. Шаңырақты әуелі жел бауынан керегеге асып қойып, одан кейін төрт жігіт төрт бақанмен әрең көтерді. Дәл қазір үйді айнала тұра қалған салт атты жігіттер әркайсысы бір уық шаншып, шаңырақты жоғары көтеріп әкетіп бара жатыр еді. Уығын ат үстінен шаншатын он екі қанат үлкен үй бұл

отырғандардың да көрмеген үйі. Жұманның шошынғаны да осы. Енді ол үй уықтары шаншылған сайын қомданып, аруақтанып бара жатыр.

— Уықтары қарына дейін алтын, жоғарғы жағы күміс білем! — деді Күреңкөз қожа.

— Жоқ, қожеке. Бізге ол ысыраптың ылайығы жоқ қой... Әртүрлі сыр бояу ғой әшейін,— деп, Игілік сыпайы жауап берді.

— Сыр-бояу болса, ендеше, бұл Бұқара-Шәріптен келген шығар!.. Мәккәи Мүкәррәмә мен Мәдинәи Мұнауәрадан соң Бұқара-Шәріптен басқа дүние жүзінде мұндай сыр-бояу бар деп естіген емеспіз. Құтты болсын!.. Киізін жапқан соң бұл ақ күмбез күндік жерден көзге ұрып тұратын болар. Игілігіне болсын!..— деп, Күреңкөз қожа ұзақ шұбатып тілеулестігін айтып кетті.

— Құтты болсын... Бірге жүріп-ақ бір сырына көз ілестіре алған емеспіз... Осындайының бірін білсек не дейсің... «Былшық баскан көзіміз, тарлан тарткан кезіміз» дегендей, бұлтағы көп бұлыңғыр заманынды шала алмай қаламыз... — деп, Боздақ би өз ойында жүрген бір түйіншекті де анғарта кетті.

— Күн бұрының жоқ демесең, ортаңа түспей кететін нем болушы еді менің...— деп, Боздақ биге қарап езу тартты да, Игілік өзінің ел аузына таратқысы келген сөзімен аяқтады:

— Қоя-ақ қойыңыздар осыны, төре тұқымы емеспіз, бізге не лайығы бар деп ем, балалар болмады, қожеке... Заман солардікі ғой, қойдыра алмадым,— деп, кішіпейілділік көрсетті.

Үйге де осы арада ғана дәлдеп қарауды лайық көргендей, толық денесін түгел бұрып алып:

— Мен сыны жоқ, сыпайылығы жоқ, құр абажадай бірдене болып шыға ма деп те қорқып едім. Әзір жат көрініп тұрған жоқ сыяқты екен,— деді.

Манадан жабырласып мақтауға да бата алмай отырған тобы мұнысын берілген ұлықсаттай көріп, онсыз да биік үйді тіпті жоғары көтеріп әкетті.

Игілік «төре тұқымы емеспіз» дегенде, жіңішке ұзын саусақтарын сәнмен сыртылдатып отырған Жұмабек төре бір қозғалып қойып еді. Мұнысы осында отырған төре тұқымы өзі ғана екенін сезіне қалғандығы ма, әлде төре тұқымының пандығын алдақашан астына басып алып, Жұмабектің өзін атқосшы қылып алған қалтады байдың

сөзі шаншудай тиді ме, әйтеуір, салалы саусақтар сылаумен өскен қара мұртына қарай барды да, сыйпаі алмай кейін қайтты. Жауап бар да, айтуға аузы барар емес.

Бұрын бұл бұлақ басына шыққан теректей, еркін суарылып, жарық пен жемнен қағажу көрмей өскендігі көрініп тұрған адам. Мықыраймай, бүкіреймей түзу өскен. Ауыр еңбек, азап, қайғы дегендер ешбір жеріне дақ салмаған. Қазір сол бұлақ тартылғанда өңі сыныңқырап, үсті-басына жүдеушілік кіре бастаған. Атадан қалған мауты шапан, күміс кісе сыяқтылары болмаса, күнделікті киімдері жұпыны ғана, көнесі көп те, жаңасы — жамаулары ғана. Сондықтан Жұмабек қалталы баймен қалжың түрінде де қағыса алмай қалды:

«Енді ордаларың меншін дейсін ғой!» деп ойлады да айта алмады.

Шынында, Игілік осы үйді үлкен есеппен жасатып еді. Сонау Есіл бойындағы Сандыбай үйшіге он құлынды бие берем деп үйдің сүйегін жасатты. Борлатып басқан ақ киізі мен бау-шуына дейін сол жақта әзірлетіп, алты көк арбамен осы араға бір-ақ түсіртті. Дәл бүгінгі сәрсенбінің сәтіне Майқұдық басында тігіліп жатсын, деді. Дәл сол кезге қасындағы үлкен топ адамдарымен өзі де жетті.

Уығын ат үстінен шаншатын биік ақ үйдің қалай тігілгенін бір дуан елге жая кететін топқа бір көрсету Игіліктің түкпір түбінде жүрген бір арманы еді. Қазір сол орындалған арманның үстінде отыр, бірақ әлі үйдің қасына барған да жоқ.

— Ішіңіз, қожеке,— деп мойнын бұрғанда болмаса, сол үйге көзі де түсе бермейтін сыяқты. Іші қандай жылынып отырса да, сыртына шыққан бір белгі жоқ.

Әке сырын жаттап болған қу балалар да үй жайында бір ауыз сөз шығармайды. Осы үйдің бар жұмысы өз қолынан өткен жылтыр Омар ғана мақтау естігісі келіп, шыдай алмай, қозғалақтап қояды. Онсыз да осы үйге арнап өлең айтқысы келіп отырған Нысаналы ақынға еркінси сөйлеп:

— Жағың байланып қалған ба? Әлдебіреу жолыңды қағып әкетсін деп отырмысың? Айтсаңшы айтарыңды! — дейді. Ақырын ғана сыбырлаған болып Игіліктің құлағына шалындыра айтады.

— Ақсақал кісіні қысталама, Омар... Тарлан көктің жүрісі қатаң көрінді ғой, шаршаған болар. Айтам десе,

бәйбішеге айтады да. Әуелі үйге басын сұқтырсаңшы, тым болмаса...— деп, Игілік аққөңілдене кеңкілдей күлді де, сонымен бірге өз қара басы ол өлеңге құмартпай отырғандығын да аңғартты. Ондай өлең, әрине, бәйбішеге арналып айтылғаны лайық та...

Тарлан көктің жүрісі қатандығын айтқаны — ақынға жорға мінгіз дегені ғой деп, Игіліктің үлкен баласы Ордабай да ішіне бір түйіп қойды. Кәрі ақын да осыны дәмеленіп қалды.

— Өленді қойып жүр ем, Омаржан қысталаған соң болмас,— деп, ақын жамбасына жабыса жатқан қу домбырасына қолын созды. Ол қошеметінді Айғаншаға көрсет деген Игіліктің ойын аңғара алмай қалды.

Алуды онша жек көрмегенмен, суыра салып мақтап кетуге Нысаналы ақын олағырақ екен. Манағы Күреңкөз қожа айтқан Қожақметтің мұнарасындай екен деген теңеуден басқа тың ешнәрсе таба алмай, соны айнала жортып, жайдақ тепекке салып, ұзатып әкетті. Арғы-бергіні кезіп, арқадан түк таба алмай боска болдырып, сандалақтап барып, «Бәйтоллаға» тіреліп өзі тоқтағанша, ешкім оны тежеген де жоқ. Бірдемеге тыйым саларда бидің өтірік жөтеліп, тамағын қыратыны болушы еді, ол белгі де берілмеп еді. Аяғында, жорғадан біржола үміт үзердей сенделіп, сүріне-сүріне ақынның өзі тоқтады.

— Биекем біліп айтыпты, шаршаған екемін. Даусым шығар емес,— деп, домбырасын қасына қылжыйта салды.

— Тырқыюына болайын! — деді ерке жиен Сеит, жанбастап жатқан бойы Омарды құлағынан тартып, өзіне жақындатып алып.

Өз ойын айта алмай, бидің ойын табам деп сандалған ақынның сандырақтамаска да шарасы жоқ еді. Кәрі көзі жыпықтап, бейшара болды да қалды.

Игілік пен Нысаналы ақынның арасында өздері ғана білетін ескі бір жәй бар. Бір кезде Қенесарының тақым бұрауынан ығысып, Игілік бай сол қозғалыска ерген еді. Қазір осы ауылға тақала қонып жатқан Жұман бай өз еркімен ерген. Көп жылқыны әрең аударып-төңкеріп, Сары-су, Шу өзендерін сағалап, қозғалыстың артқы көшіндей алыстан қара көрсетіп отырды. Қанды жол қасқыр, Алатауда ер қырғыздың қолынан қан қапқан қабарын естіген күні Игілік жалт беріп кейін бұрылды. Еріксіз еріп еді, өкінішсіз кейін бұрылды. Бірақ, сол дүрбелеңнің тегін жатқан олжасынан бас тартқан жоқ. Қенесарыға

ерген жұрттың Шу мен Сары-су бойында жатқан жылқыларын айдай бұрылды. Ол жұрт кейін мекенге қайтып малын сұрағанша, қолдан-жолдан қосылған жеті мың жылқы таңбаланып та қалған еді.

Осы сырды Нысаналы ақын жақсы біледі. Осыған арнап шығарған, шындық зарындай өлені де бар-ды. Қазір оған біржола тыйым салынып қойғаны болмаса, ол бір Игіліктің жаны түршігетін өлең. Оның ішінде «Қандыбалақ жол басар, кезең!» деген сөздер бар. Ол өлең бүгінгі би Игіліктің «кезең» дегенді естіп, әке-көкелеп, иттей қынсылаған ұят бір күндерін, арғы жақтарын көз алдына әкеледі. Әлдекімдердің тепкілеп жатқанын есіне түсіреді. Сондықтан, Игілік би ақынды ұзын арқан, кең тұсаумен өз маңайынан ұзатпай, өрелеп ұстайды. Оның үстіне кәрі ақын енді мұның атағын жая жүретін жыршысы болып қалып еді.

Игіліктің әр мінезінен шошына жүретін кәрі би Боздақ өз ойындағы бір түйіншікті шеше алмай отыр. Игілік оны — «келіп кетсін» деп, томаға-түйық шақыртып алды да, қасына ертіп, ел аралап кетті. Кейбір үйлерде құрмет көрсетіп өзінен жоғары отырғызса, кейде сол, жоғарыға өзі отырып алып, кәрі биді төменірек сырғытып жіберді. Күні бүгінге дейін оған ауылын жайлаудан көшіргенін де айтқан жоқ. Мана таңертең әлдеқайдан сап ете түскен жылтыр Омар: — ауыл бүгін түс ауа Майқұдық басында болатын шығар дегенде, қасындағы жұрт сонда ғана білді.

Жайлауда Игілік үйінен аттанған топ он жеті күн ел аралап күздікке жеткенде, Игіліктің ауылы тағы алдарынан шықты. Бұған танданбай отырған жалғыз Игілік қана. Өзгелері өз ауылдарының жәйін енді естеріне алып, енді ғана қыпылдаса бастаған сияқты.

Жолшыбай, Ақтау, Ортау жағынан көп жылқы құлап келе жатқанын әр ауыл-ақ айтып отыр еді. Қосылып кетсе, біржола айрылатынын жақсы білетін кедей ауылдар аз ғана жылқыларын тұсап-матап, қотанға үйіріп ұстап отырған.

— Сіздікі дейін десек, сіздің жылқы Ортаудан төмен түспесе керек еді...— деп, Игіліктің жылқысына да әдеп көрсете сөйлеген адамдарға Игілік:

— Жұмекеннің жылқысы болмаса, біздің жылқы қозғалмайды,— деп жауап беріп келіп еді. Енді міне, Игіліктің өз ауылы да күздіктен кездесе кетті.

Мана Омар айтқан қабарды естігенде, қасындағылар аң-таң қалып:

— Апырау, сіздің ауыл Майқұдыққа конбаушы еді ғой? Ол бір алақандай, бие-бауы жоқ, тақыр ғой! — дескенде, Игілік оларға:

— Бәрібір қазнаға кеткелі тұрған жер ғой, тым болмаса бір жайлап берейік дегендері шығар балалардың — деген. Одан арғыны Игілік айтқан да жоқ, қасындағылары батып сұрай алған да жоқ.

Осының аржағында не сыр барын Боздақ бидің қалай барлағысы келсе де, кәрі көзі жете алмай отыр. Игіліктің шойындай күрең қошқыл бетінен ешнәрсенің елесі байқалмайды. Баягы бір кездік, ешнәрсені елемеушілік, кең қолтық — бейғамдық сыяқты белгілі қалыптан басқа түк із жоқ. Көшпелі ел жайлауға бармақ, күздікке келмек, мал тісі қайда айдаса, иесі соған ере бермек, Игіліктің жүзінде осы ғана. Боздақ би де осыдан аса алмады. Қазнаға кеткелі тұрған жер дегеннің артында бір бәле жатқанын сезсе де, әлі батып сұрай алмай отыр.

Шойын кеуделі, аю жоталы, бүруге біткендей жүндес сом саусақты, қастары қыйғаш-қыйғаш біткен қара кісі — Игілік би, пақ да, тәкаббар да емес. Даусын көтере сөйлегенін, бір адамға суық жүз көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес. Ала көзін бір төңкеріп, қалың қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына қара жамылғандай болар еді. Күреңкөз кожаның тышқанның құмалағынан жасағандай ұсақ қара тастардан тізген тәспиғымен бірге барлық буын-буыны сыртылдап кетер еді. Бірақ күш белгісін көрсетуді ол ұмытқан адам сыяқты. Айбар барын өзі де жақсы біледі. Бұйырғаны — өтінгендей ғана, кесім айтқаны — бітім айтқандай ғана. Осы елдің мұндай момынды осы күнге дейін қалай талап тауыспағанына таңданғандайсың!..

Мұның сырын біле алмай, шерменде болып отырған жалғыз Боздақ би емес, бәрі де солай. Жолшыбай кейде биді, кейде кожаны, кейде төрені онашалап әкетіп, алдағы бір ауылға жақындағанда ғана топқа қосылып отырса да, Игілік ешқайсысына ынғайын байқатқан жоқ. Жолдағы елдердің күн көріс жайларын ғана сөз қылып келді.

Осы ұзақ жолында Игілік ешкімнің үйіне де қонған жоқ. Қонаға келіп түскен үйде таң сібірлегенше әңгімемен отырады да:

— Таң салқынымен біраз жерге барып қалса қайтер еді? — деп жолдастарына қарайды.

Ұйқы шалалығынан көзі былшықтанып болған қожекең құрақ ұшып:

— Сол дұрыс болар,— деп, сырмалы шапанының ағытып қойған бауларын дір қаққан саусақтарымен әрен тауып байлай бастайды. Бұл сапарда қожекеңнің кәрі көзі бүлініңкіреп те кетіп еді. Көзінің құйрықтарына ақтаған тарыдай бірдемелер жыйнала береді. Барған үйінде тіміскіленіп дағды алған көзі олай-бұлай жүйткіп қалғанда, әлгі ақталған тарының бір түйірін ала қашқан тышқанға да ұқсап кетеді. Сол көзге Игіліктің аяуы да жоқ...

Сонымен, жолаушылар елсізде жатқан өзен мен бұлақ басына қонып жүрді. Игілік тоқымын төсеніп, ерін жастанады да жата кетеді. Қозғалмайды да. Ұйқтап жатқанын, ояу жатқанын ешкім аңғара алмайды. Бел шешіп сыр айтар, тым болмаса ойын аңғартар еркін отырыстар талай оңаша кездессе де, Игілік ешкімді бір адым жақындатқан да жоқ, алыстатқан да жоқ.

«Қожа деп құрметтегенмен, сыры болса, төреге айтты ғой бұл залым!» — деп қожа ойлайды да, үй ішілік бір жәбірді есіне алады...

«Атқосшы болып кеткен төрені не қылсын сыр айтып, ертең бір дүрбелең бола қалса, ел атынан иек көтеріп, құдай атымен ант бекітетін қожаның құлағын бұрап жүр ғой, бұл мерез!» — деп Жұмабек төре ойлайды.

Боздақ бидің ойында — құдай қосып құда болғысы келіп жүр ме деген де бір үміт бар...

Игілік бір рет қана Боздақ биге әлдененің ұшығын аңдатқысы келгендей:

— Бозеке, осы сіздің аталарыңыздың мекені Нілді тауының етегі еді ғой? — деп еді оңашада.

Ондай алысқа көзі жетуден қалған кәрі би адалынан көшіп:

— Жоқ, биекесі... Біздің аталарымыз Қарамұрынды жайлайды екен... Оны төрелеріміз тартып алғаннан кейін осы сіздің маңайды ықтырмалап келеміз ғой...— деп көптен бері бойына сіңісіп кеткен көлгірсуін қоса жауап берді.

Игілік мұнысын жақтырмай қалғанын жасырғысы келмей, біраз үндемей қалды да:

— Жоқ, Бозеке, жұрт айттының бәрін құран сөзіндей

көретініңіз не осы? Нілді — сіздің аталарыңыздың жері, сіздің жер! Керек десеңіз, қағаздатып берейін,— деді. Аржағын тағы да тұйық калдырды.

Жәйдан-жәй Нілдіні бөктеріп жіберсе, Боздақ би қарсы да болмас еді. Оның аржағында біржола коныс аударту сыяқты бәлесі жатса, ол бір үлкен дүрбелең. Сонымен Боздақ бидің ойында үміт пен қауіп еріле есіп, биекең үмітпен уйқтап, қауіппен оянып келіп еді.

Бірақ Игілікке еріп келген бір би, бір қожа, бір төренің үшеуі де «маған сырын аңғартты» дегендей, бірінебірі қыр көрсетумен әуреленіп келді. Сол ыңғайды қашаннан бері жақсы білетін Игілік би безбен басын сол күйінен аудармай ұстап отыр...

Орталап қалған жарық ай ақ үйдің еңсесін көтере түсейін дегендей, көгілдір нұрын себелеп төгіп, көтеріле бастады. Қара-көк аспанға шимандай болып шыға келген жұлдыздар да осы үйге тағылған тана-моншақтай жарқырап, ерекше бір көрік беріп тұр. Осы бір көрініс жұрт өз көзімен көріп, өз аузынан мақтасын дегендей, Игілік қонақтарын үйге кіруге әлі шақырған жоқ. Ондай сәтті құр өткізе алмайтын Күреңкөз қожа, үйге қарай сақалын шошайтып:

— Батшағар-ай, ақ үйдің көркі ай нұры түскенде екен ғой... Жұлдыздар қандай жараса кетті! — деді.

Игілік енді ғана орнынан тұрып, өзгелердің бөксесі де көтеріле бергенде:

— Майқұдық басы быйыл тым тақыр екен, Омар... Шаңнан көзіміз ашылмайтын болар,— деп қалды.

Омар мұны өзіне берілген бұйрықтай түсініп, жалт бұрылып ұра жөнелді де, күңгірт естілген бір-бір ауыз сөзбен әмір етіп, бар жігітті атқа қондырды. Мешітке келе жатқандай баяу басқан қонақтар үйге кіргенше, үйүйдің арасынан сытыла-сытыла жөнелген жолбасар жігіттердің жарқ-жұрқ сілтенген қақ сойылдары Жұманның жылқысына сарт-сұрт тие де бастап еді...

Үйдің шын ажары ішіне кірген соң көрінді. Төрт жерден салбыраған аспалы шамдар жаңа үйдің жайын айтқызбай баяндап тұр. Бәрі де қазақ даласына бұрын келмеген, жарығы мол, үлкен шамдар. Қара барқытпен оюланған туырлықтың иығын шығара кернеп тұрған алтын бояулы уықтар, шам жарығында бұрын бір көрмеген салтанат сыяқтанады. Бірімен бірі бөлінбей астасқан алтын-

күміс араласқан бояулар, қызылды-жасылды терме бау-лар, түкті кілемдер, күміс жаптырған адалбақандар бұл үйдің жасалуына бірталай-ақ ой кеткендігін айтып тұр. Біріне-бірі сай, асыл нәрселер жарасымын тауып, жымыңдасып тұрғандай.

Осынша кең үйге жыйналған жүк те жоқ. Бұл — дүниелік үю үшін емес, иесінің рахаты үшін жасалған үй. Керегеге тұтас кілем ұсталған. Әдейі жасатқандай, бәрінің өресі де бірдей, түктері мен түстері де үйлес. Төр жақта күрең түкті, екі бүйірден босағаға дейін көк түсті кілемдер. Бұхара, Хива арқылы келдік, бүгін ғана қолға ұсталдық деп тұр. Күміс жапқан төрт адалбақан екі-екіден бөлініп, екі босағаға жақын орнапты. Бұл басқа қазақтың төрінде тұратын, күмістеткен ер тұрмандары мен камшат бөрік, түлкі тымақтарын араластыра ілетін мақтаныштары. Бұл үйдің босағасында ғана тұр. Табалдырықтан бастап төрге дейін төселген түкті кілемдер табанынан тартып, былқ-былқ етеді.

Игілік үй ішіне көзін де салған жоқ. Адалбақанға түйе жүн шекпені мен камшысын іле салды да, өзіне арналған, көрпе қабаттала төселген биік орынға барып отырды. Толып жаткан жағалы киімнен жарғақ терідей қырыскан арық мойны тасбақаның мойнындай қылқыйып, жылтыр табан мәсімен тайғанай-тайғанай, кожекең төрге әрең жетті. Ұзақ салт жүргендіктен шүберек шалбары тақымына жыйырылып калған Жұмабек төре балақтарын созғылап әлі босаға жақта бөгеліп жүр. Өз бейшаралықтарын осы арада сезінгендей, қонақтардың бәрі де береке-ден айрылып тәлтірек басып, төрге әрең шығып барады. Үлкен үйге кірген соң бәрі де кішірейіп кеткендей, отырғанда құмандай ғана болып қалысты.

Орныгысканнан кейін кожекең манағысынан гөрі де қошаметін көбейтіп, үйдің ішкі жиһазына тандана бастап еді, Игілік онысына тыйым сала жауап берді.

— Қазақтың үйі деген қымбатка түсетін нәрсе емес, кожеке. Өзімізден гөрі малымыздың жайын көбірек ойлаймыз. Әйтпесе, жүн-жұрқасы түкке аспай далада қалып жаткан қай қазақ бір үй көтеріп ала алмайды! Тіпті, ақ үй, қоңыр үйдің қайсысын баптап ұстап отырмыз? Іркітің де сонда, алаөкпеден өлген малдың тері-терсегі де сонда, төлің де сонда... Бір ерінбесіміз — қымыз бен ет, өзгенің бәріне де енжармыз ғой. Осы мақтап отырған үйіңіз — орыстың бір ат, бір бұзаулы сыйыры бар мұжы-

ғының жер үйіне тұрмайды. Әйтеуір, осыдан асар өнеріміз болмаған соң, мақтан етеміз де,— деді.

Жайтаңдап Омар кіріп келді де, Игілікке қарап тұра қалды. Бірдеменің қабарын айтқалы келгені анық. Бірақ қашанғы әдеті бойынша, қабағын бір қағып қалды да, ешнәрсе айтқан жоқ. Омардың бұл жолы немен келеріп біліп отырған Игілік құлағын сыртқа тосып еді, ұзай берген жылқы дүбірі мен, анда-санда сарт-сұрт еткен сойыл дыбысына араласа, бір сарынмен ғана тырс-тырс еткен солқылдақ арбаның дыбысы жақындап келеді екен... Игілік көңілденіп кетіп, аз ғана езу тарта бастап еді, Омар оның қасына еңбектеп жақындай беріп:

— «Үш құмар» қыяңқы да келіпті. Тіміскіленбей жүре ме ол ит! — деді.

— Оның кім еді?

— Тұрсынбай ше...

Игіліктің қабағы түйіліп кетті... Тырсылдап келе жатқан солқылдақ арбаның болыс баласы Ордабайдың үйіне барып тоқтайтынын жақсы білетін би:

— Сол жаққа барып қайтшы,— деді Омарға.

2

Жұман үйі ескі әдетінше көшіп, ескі әдетінше қонып, ескі әдетінше әбігер еді. Бар әбігерліктің айыпкері Жұман байдың өзі болса да, тағы сол ескі әдет бойынша, бар салмақ Көпей бәйбішеге түсіп жатыр...

Үйге кіре бере қара саба жарылып кетті...

Жұман отыратын жерге бір ояң кез келіпті...

Адалбақан уықтың қарына дұрыс бекітілмегендіктен Жұманға қарай құлап, бір ашасы шекесін тырнап кетті. Осының бәрі аз болып отырғандай, жиенімсіп, еркінсіп, қалжақтап Сеит келе қалыпты.

Бүгін бұл үйдің жылқышыларына да бірдеме болған сияқты. Іңір түсе қалып еді, құрық үстіне құрық жаудырып жылқыны әлдеқайда қуып бара жатқандары естіледі...

Осының қайсысынан бастап бәйбішеге байланысарын біле алмай отырғанда, Жұманның қолына Көпей бәйбішенің өзі келіп ілінді, қапысыз ілінді...

Ерінің ашуын алғысы келіп, өзіне ең жақын ұстайтын сауыншы әйел Күншеге Көпей бәйбіше:

— Қол тиірменді әкеліп, құймақ жасай қойшы,— деп

еді, Күнше далада ұзағырақ айналып қалып қайта кідірді де:

— Апасы-ау, қай түйеге артылып еді? Таба алмадым,— деді.

Онсыз да жарылғалы отырған Жұман, қол тиірмен сыяқты кесек себепті құр өткізе алмай:

— Біреу жеп қойғаны да! Жұтып жібергені де! Сенің нәрсең табылушы ма еді! Қай түйеге артқаныңды қайдан білейін деп ең, сен көк мый! — деп, Көпей бәйбішені орынсыз жазғырып, алқымына келіп тірелген ашуға булығып, әрең тоқтады. Аузына қай сөз түссе де қайтарғысы келмеп еді, ашу буды да қор қылды.

Қол тиірменнің қай түйеге артылғанын Жұманның өзі ғана білетін еді. Көші-қон абыр-сабырының үстінде әржалшыға бір зекіп қалып отырып, тиірменді өз қолынан, өзі айтқан түйенің арқасына арттырған. Енді соны айта салудан гөрі, қатынды бір келістіріп алғанды жөн көріп отыр...

Осы әбігердің үстіне мыйтық жорғасы бар көкшолағымен жерді дүңкілдетіп, басынатындай есік алдына дейін атпен келіп, жынды Байжан түсіп жатыр. Ат үстінен бірдемені дүрс еткізіп тастай бергенін Жұман анық естіді.

— Бұл үйдің самауыры қайнайтын ба еді... Сал мынаны, бұрқ ете түссін! — деген Байжанның жарамсағына дәл қазір жұмсай қоятын Жұман жоқ еді:

— Осы бір көмірі құрғырымен-ақ басымызға секіріп болды-ау, жынды ит! — деп оған да бір кейіп қалды.

Кезек әндетіп, қараңғы іңірге дейін қайнамай, қатар тұрған екі самауырға алып келген тас көмірді тастап-тастап жіберді де, алшаң басып Байжан үйге кірді.

Байжан Жұманның аталас ағайыны еді. Бойында әдет пен әдепке сыя бермейтін мінездері болғандықтан, жынды Байжан атанған адам. Жұманның алақаны ашылмайтын саранлығына арнап:

— Өзің өлгенде осы малдың қаншасын ала кетесің? — дегені бүкіл елге тарап кетті де, содан бері оны Жұман жек көреді, жынды ит деп сөйлейді.

Былтыр күздікүні Байжан қалжыңдап:

— Қыска жіп күрмеуге келмей, бір ту биенді сойып алдым. Көмірмен өтермін, — деп еді Жұманға. Жұман оның жалғыз көк шолағын аударып алып, үйіне жаяу жіберсе, Байжан ту бие түгіл тышқан мұрнын қанатпа-

ған болып шықты. Әлде көк атты қайтарып бергеніне ызалы ма, әлде мазағы батып кетті ме, әйтеуір, содан бері Жұманның көрмейін деген бір адамы болса — ол осы Байжан еді.

Бірақ, Байжан айналақтап бай ағайынынан ұзай алмайды. Күздікке ерте көшетін түк шаруасы болмаса да, Жұманның көшіп бара жатқанын көріп, өзінен өзі ере көшті. Одан соң, Байжан Көпей бәйбішемен өте тату:

— Құдай маған екеуінді қайта піштіртер ме еді... Қатыны кім, байы кім болуға лайықты екенін көрер еді сонда! — деп қояды оған.

Қалжың түрі осындай ұрт болса да, Көпей Байжанды қатты сыйлайды. Байжанның осындай мінезінен жынды атанғанын жақсы біледі де, соның есесін өз жақсылығымен қайтара жүреді. Жұман оны жынды күшік десе, Көпей бәйбіше — сері жігіт атапты.

Екі түйеге артып алған үй-күйімен қатын-баласын селк-селк еткізіп жетелеп алып, төте-төтемен, кесе-кесе желкілдетіп келіп мана ол Жұманның көшін қуып жетіп еді. Адам сыяқты сәлем берді, ыңғайлас отырғысы келетінін аңғартып, Жұманнан қайда қонарын білгісі келді.

— Немене, шабынынды басар деп қорқамысын? Болмаса, менімен ауыл үй қонбақ па ең? — деді оған Жұман. Маңына жолатқысы келмей, әдейі зілді етіп айтты.

— Ендеше қағынып кет! Көкең барып өзінің құдығына қонады! — деп көк шолақтың үзеңгі қажап, жүні түсіп қалған тақыр өкпесіне бір тебініп қалып, Байжан да тартып берген.

Байжан құдығы деп қоса аталып кеткен екі жер бар. Біреуі Байжекеңнің бала-шағасымен жабылып қазып алған, қыс бойы аз ғана малын суаратын құдығы. Бұл тырбық қараған шыққан ойпаң жерде. Сол қарағанның ішінде баксының тымағына ұқсап шошайып Байжанның шошаласы да тұр. Апандай аңырайып жер үйі де жатыр.

Бұдан үш жыл бұрын, осы құдыққа жарты шақырым ғана жерде Игіліктің қойын бағып жүріп, Байжанның баласы Ақпақ суыр інінен шыққан жылтыр қара таскөмірге кездесті. Салақтатып суырын, қойнына толтырып таскөмірін әкесіне әкеліп берді. Байжекең суырдың інін тереңдетіп қазып көрсе, аржағы сіресіп жатқан таскөмір екен.

— Құдай жаратқан таскөмірді құдай жаратқан суыр

қазып шығарса, құдай жаратқан суырды құдай жаратқан итіне індетіп Байжанның баласы ұстап алса, бұл көмірдің құдай бұйырып қойған иесі көкең болатын шығар!.. — деп, Байжекең жұртқа жар салды.

Содан бері, ел күздікке келгеннен бастап, Байжекең көңілдес ағайынға қапшық-қапшық көмір жіберіп тұрады. Ашқарақтық істеп арба жіберген ағайынға:

— Көмірдің өзі таусылуға айналды... ұсағы ғана қалып барады,— деп шаң-топырақты коса салып беріп жібереді.

Баяғы ін қаза-қаза қазір көлбеңкірей жатқан үлкен үңгірге айналды. Ағайынның ала көздігінен ығысып, Байжекең үңгірдің айналасын қарағанмен қоршап, аузына қазақ арбаның бір доңғалағын қақбақ қылып қойды... Сонымен, жұрт бұл үңгірді де Байжан құдығы деп атап кетті.

Көші-қон әбігерлігінің бар салмағы жаксы көретін Көпей жеңгесіне түсетінін білетін Байжан, өз үйін оп-оңай қалқайта салып, бір қапшық таскөмірін өңгеріп алып, осылай қарай тартып кетіп еді. Жайлауда көпшілікке үйреніп қалған басы жалғыз үйлікке дәл бір кеште көндіге де алмады. Жұман теріс қарап жатқан шығар, Көпеймен қалжыңдасып қайтайын деп те ойлады. Келсе міне, самауыр әлі қайнамаған. Майы шығып тұрған қасқа иегі шам жарығынан жылт-жылт етіп, Жұман да тірі отыр. Жай отырған жоқ, қырыстанып, қырсығып отыр.

Жұманды сөзге тартып, үйішінің көңілін аулайын деп, Байжан қалжыңдай сөйледі:

— Бұл маңайға конбайтын адамдай едің, қонып сын ғой?— деді, Жұманның қасына жақынырақ отыра беріп.

— Қондым. Шамаларың келсе, көтеріп тастаңдар! — деп, Жұман қырыс жауап берсе де, Байжан өзінің бұған бейімдігін аңғартқысы келіп:

— Оны ана Игілік бауырыңа айт,— деді.

— Сен жанбастамай жүрген шығарсын оған!— деп, Жұман әрі қарай, бетін қараңғыға бұрып жантая кетті де, қайтып жауап қайырмай қойды.

— Екі бай сүзісе беріңдер, арана түсіп шыбын болар біз жоқ,— деп, Байжан басын есікке қарай беріп, о да жантая кетті.

— Шіркін, құдай осы кең дүниені жаратқанда Алтай-Қарпықтан бір кісіні шақырмады ма екен сол съезге?.. Екі нағашыма екі Ұлытау, екі Балқаш, екі Нұра, екі Май-

құдық жасап берсе ғой, жылдағы жанжалдың бірін көрмейміз...— деп, ерке жиен Сеит Байжанға қарады.

— Е, екі нағашының жанжалы да аяқталып келеді ғой, жиен. Бұл маңайда әлі біреу-ақ қалады! — деп, Байжан Жұманның қытығына тие жауап берді.

— Күн айналмай көшіріп тастамасам, көр де тұр! Осы маңай таң атқанша өрт шалғандай болады. Көрейін сонсын көшпегенін!— деп, Жұман тағы бір бұрқ етіп қалды да, тағы да теріс карады.

Жұманның сонау жайлаудан көше жөнелгендегі ойының өзі осы-ақ еді. Игілік теңортақ жердің қайсысына қонса да, он жеті мың жылқыны жауып жіберіп, шаңын шығарып, еріксіз көшірмекші-ді. Іргесі бір тиген жерді иемденіп сала беретін Игілікті Майқұдық, Бұқпа маңайынан да осылай айдап тастамақшы еді. Өріссіз ой осыған бекіпті де тұрып қалыпты.

Бұл ойын алыстан-ақ танып келген Байжан әлі де бұған жан тартып:

— Е, мына көп жылқым осы маңайды таң атқанша ұстарадай қыркып, шаңын шығарады да, Игілік еріксіз көшіп кетеді дейді, екесің ғой? Ендеше, өзің берік бол. Игілік бұл жерге сауын биесін де әкелген жоқ. Соқырдың бойына қалдырып кетті. Сен өзіңді өзің көшіріп жүрме!— деді.

Жұман енді абайлады, Игілік мұның шолақ ойын тағы да орап кеткен сияқты. Мына жындының сандырағы дұрыс шығып жүре ме деген күдіктен еріксіз басын көтеріп алып:

— Оның жылқысы Ортаудан бері ойыскалы он күн болды. Ат мінбей, сауын саумай отырар деп пе ең? — деді.

— Сен көргенде бері ойыскан жылқы, сенің қаранды көрген соң әрі ойыскан! Мінер ат, сауар биені өзен бойында ұстамақ,— деп, Байжанның сөзін Сеит те қостады.

Енді Жұманға осы отырғандардың екеуі де қас адам болып көрініп кетті. Игіліктің сырын біле тұра осы күнге дейін жасырып келіп, енді мазақтап айтып отыр деп ұғынып қалды да:

— Осы екеуің осы үйдің табалдырығын аттамауға не сұрайсыңдар менен? — деді.

Сеит тым болмаса қуылып шыққандай болып кетпейін деп:

— Жиенді олай қумас болар...— дей бергенде, Жұман басын көтеріп алып:

— Жалғызыңнан жайра десем, кетемісің сен асыранды? Сен жынды жалғыз үй қал десем, кетемісің? — деді.

Асыранды, жетімек деген сөздер Сеиттің шымбайына қатты бататын еді. Әлі мұндайды естімеген бала жігіт сенделіп орнынан әрең тұрды да, есікке қарай беттеді. Жетім балаға қатты тиетін қарғыс естіп, құр сүлдерін әрең әкетіп барады. Оның үстіне қуылып шыққан ұятынан да өлердей еді.

— Айналайын, жиен-ай, тұра тұршы құлыным! — деп, Көпей бәйбіше есікке қарай жүгіріп еді, Сеит қайрыла алмады. Құлап түсіп тоқтамаса, басқа түрде аялдай алар жайы жоқ сияқты.

— Мен емес, сен жалғыз қаласың әлі! — деп Байжан да орнынан тұрды. Енді ол қашаннан бері қорланып жүрген ашуын бір-ақ ақтарып, енді қайтып оралмасқа кететінін айтқалы онтайланып, Көпейді ғана аяп тұр.

— Апасы-ау, енді қайтейін, күміс самауыр ағып кетіпті...— деп, үйге Күнше кіріп келді. Үйдегі күрең қабақ жайды естімеген, өмір бойы бітпейтін өз жұмысында жүрген әйел бұл үйдің басына жауып жатқан көп бәледен кабарсыз еді. Өзіне кездескен бәлені жасырып бүге алмай, қатты абыржып, жыламсырап айтты. Енді үйдегілердің ойы ағып кеткен күміс самауырға ауды.

Тағы бір үй қызметіндегі әйел мен Күншенің қызы Назыкеш, көмірін қағып, суын төгіп, бүйірі бұлтыйған үлкен күміс самауырды үйге алып кіріп тұр. Төменгі жағы қонышынан басылған қойшының етігіндей мыжырайып, сол жағына қарай қыңырайып қалыпты. Жерге қойса-ақ құлағалы тұр. Төменгі шілтерден бастап кеудесіне жеткен жасыл жалыннан самауырдың үсті-басы әлем тапырық. Жұманның өз жүзі де сол самауырға ұқсап, бұзыла бастады...

Мана жүк түсіріліп жатқанда Көпей мен Күнше қолдаса көтеріп, үлкен күміс самауырды төрде тұратын орнына қоюға үйге алып кіріп еді. Бұл аса бір сый қонақтар келгенде болмаса қойылмайтын, сүйекті кебеженің үстінде тұратын самауыр-ды. Шауып ала ма деп Қенесарыдан қорыққанда да Жұманның ойына бар дүниелігінен бұрын осы самауыры түсетін. Игіліктің үлкен ақ үй көтеріп, жаңа бір айбар көрсеткеніне күйініп кетті ме, әлде ол ақ үйің менің мына самауырыма тұрмайды дегісі келді ме, әйтеуір, Жұмекең әйеліне ақырып қалып:

— Сол самауырды маған ас бергенде ғана қайната-

йын деп жүрмісің? Болмаса, бай төркініңнен ала келіп пе ең? — деді.

Көпей бәйбішенің азар да безер безініп болған бір нәрсесі — бейпіл ауызды байының бажылдағандағы дауысы еді. Баж-баж еткен шаңқылдақ дауысқа қымызы толы қара сабадан басқаның бәрі жаңғырығады. Сол шаңқыл тына қалар ма екен деп, Көпей самауырды есік алдына қайта шығарды. Содан кейін самауырға су құйылып, шоқ салынып еді, Байжан әкеліп таскөмірін тастап жіберді... Енді міне, адам қараршық ажары қалмаған күміс самауыр үсті-басы салтақ-салтақ, үсіп кеткендей көгеріп-долырып, масқара болып келіп тұр.

— Уа, көмірің құрсын, көмірің құрғыр! Сол көмірдің астында қал!— деді Жұман Байжанға, тұра келе беріп. Жаңа ғана жанжалмен айрылысқалы тұрған Байжан самауырдың күнәсін амалсыз мойнына алғандай, қыбы-жықтауға да шамасы келмей, есіктен атылып шықты. Сыртқа шығып, көк шолақты шешіп алғасын ғана:

— Шойын құманым құрлы болмаған күміс самауырдың ішін ұрайын да!.. Біздің үйдің қара құманы шыдапақ келе жатыр ғой, неше жыл бойы. Бөксесіне дейін қыпқызыл болып божылдайды да тұрады. Несі мұқапты содан?.. Бір қайнатуға жарамаса, күміс болса қайтейін! — деп, өзіне өзі күңкілдеп, ұзай берді. Бірақ, үйдегілерге естірте айтуға бата алмады. Көк шолағы да аяғын ұшынан ғана басып, пысқырмай, жөткірмей үй маңайын дүбірлетпей ғана жылысып барады.

Тұра келген екпінімен Жұман жүгіріп келіп, күміс самауырды бәйбішеге қарай теуіп жіберді. Самауырдың қалпағы ұшып барып аспалы шамның шынысын быт-шыт қылды да, шам жалыны да Жұманнан қорқып кеткендей, шыр айнала бұғып, үй іші қараңғыланып кетті. Саба қасында үнсіз мұңайып, сөзсіз кінәлап тұрған Көпей бәйбішенің сұрланып кеткен ақ жүзімен, әлдекайда кірпік қақбастан қарап тұрған Күншенің қара көздері ғана жарқырайды. Жұманның жүзі осы буалдыр қараңғылықпен қосылып кеткендей, дүлей тұнжыраған күйі қатып қалыпты. Манадан шешесін тасаланып тұрған Назыкеш үнсіз ғана келіп, Көпей бәйбішені құшақтай алды. Жұман енді жұдырық пен қамшының біріне кетсе, шырылдап ара түспекші еді. Үйіші жым-жырт... Алыстан адасқан құлындардың шыркыраған үндері ғана келеді. Екі ауылдың

арасында таласып жатқан иттердің арсылдары естіледі. Жұман түнеріп бәйбішесіне жақындап келеді...

Жоқ, іс жүзінде соңғы сыйпаттаған уақыйғамыз болған жоқ еді. Оның бәрі де жас Назыкештің көңіліне келіп, көз алдынан өтті. Бұл үйдің толып жатқан томырық мінездерін көре өсіп келе жатқан Назыкеш қазір тап осылай бола ма деп қорқып Көпей бәйбішенің алдына барып тұра қалғаны ғана рас еді де, әлдекандай ойға кеткені белгісіз Жұманның тұра бергені рас еді...

— Әке саған не болып барады осы? Маза деген болмайтын ба бір! — деп, Жұманның үлкен баласы Қошқарбай кіріп келді. Жұман сылқ отыра кетті де, үйіші ұзақ уақыт тынып қалды.

Даладан дүбірлете жорткан бірнеше салттаттылардың дыбысы естілді. Күбір-күбір асығыс сөйлескен ызалы дауыстардың ішінде ыңырсып, ышқынып қалатын біреу бар сыяқты.

— Басталды ма! — деп, Көпей есікке қарай ойыса бергенде:

— Жабай білем! — деп Күңше жүгіре жөнелді... Назыкеш селт етіп қалды...

Айлы түнде жал-құйрығы күмістей жалтылдаған көк атынан танып, осы елдің бәрін нағашы дейтін Сеит,

— Нағашы, тұра тұрыңызшы, — деді.

Сеит әлгі үйден қуылып шыққан соң, екі ауылдың арасына отыра кетіп еді. Жалғыздығы мен жетімдігі күн сайын көбейіп келе жатқан сыяқты еді. Жұман жаңа соны біржола ұғындырып жіберді. Бала жігіт жылаған жоқ, қорлыққа күйініп, түйіліп қалды. Жас жігіттің дірілдей шыққан даусынан күйінішін де танып, Байжан атынан түсе қалды да:

— Қарағым-ау, ауырлап қалыпсың ғой. Ит-күшікті күнде естітін Байжанның жаны темірден жаралыпты деп жүр ме ең? Құдай естіртіп қойғасын, естимін. Мен де бір кезде өзіңдей өрен жас едім. Бір елі ауызға екі елі қақпақ қоя алмай, жынды атандым. Не айтайын, шырағым, өлмесіңді ерте ойлан деймін. Жылы-жұмсақ бұл елдің тамағынан оңай өтеді. Сол жылы-жұмсақ сөз болып жүрме...— деп Байжан Сеитке едәуір нәрсені аңғартты.

Енді екеуі де жаяу, қатар келе жатыр. Аққөңіл Байжанның адал сөзі жетім көңілін тез аулады. Әлі жығыла мұңайып көрмеген бала жігіт бір қарт шалдан естіген жәбіріне осынша мұңайғанына ұялғандай:

— Жұман қырсықтан естігенді елеп қайтейін, тәңірі! — деп, Байжанға жасымағанын көрсеткісі келді.

— Е, Жұманда сенің не жұмысың бар, анау нағыз нағашыңа құлағың түрік болсын,— деді Байжан.

«Нағыз нағашысы» Игілік ешкімнің құлағы түріктігіне қарамайтын адам. Ояу отырмысын, қалғып кеттің бе, оған оның бәрібір, жұткысы келсе, күндіз демей, түн демей жұтады да қояды. Ойына осы түсе қалды да, әңгімешің бетін аударғысы келіп, Сеит Байжанға:

— Жақын арада бір қырғын болатынына бәс тігемісін, нағашы? — деді.

— Оған бәс тікпей-ақ қояйық, қарағым. Оны біздің қатын да біліп отыр. Жеңетін кім, жеңілетін кім десең, кел тігіп көрейік,— деді Байжан..

— Ие, оны да көріп қойдың ба?

— Ой-бой, шырағым-ау!.. Мына кәрі албастыны Игілік жас перідей соғады. Лақтай бақыртады,— деді Байжан.

— Онда, көк жорғаның басы жеңер ауылға қарай бұрылғаны екен ғой?

— Е, бізді қойшы, тәңірі деген. Бұлар қақтығысса бізді де бір қанатымен қақпай кетпейтін. Босқа шыбынымыз шырқырамаса болғаны да.

Екеуі енді көрді, Игілік ауылы сол жақ қанатын Жұман жағына қарай соза қонған екен. Одан ары ұзын-ұзын көк арбаларды тізіп, жалғыз бұлақты Жұман ауылы жағынан коршаңқырап әкетіпті. Жұман ауылы ауыз суға да айналыңқырап баратын болыпты.

— Жұмекең үйді бұрынырақ тіксе де, сыртқарақ қалатынын аңдамапты-ау... Кейде аяп кетемін байғұсты. Қомағайланып кесек асаймын дейді де, қақалып қалып, қайта құсып жүреді,— деді Сеит.

— Қақалып қалып қайта құсқанша, қақалып қалып өлсе десеңші! Бар бәле содан өрбиді! — деп, Байжан енді қайрылмайтын ағайынның қалпын көрсетті.

Қаз-қатар шөктірілген Игіліктің жүк түйелері ұзақ бір ертегіні бастап кетіп, аяқтай алмай жатқандай, ауыздарын кере-кере күйсеп, екі ауылдың ортасында жатыр. Шекараға құрылған шеп сияқты осы араға әдейі тізіп тастаған. Үлкен арабы иттер ауылды айнала жортып, бейсауат адамды маңайға жолатар емес.

Байжан қыйыр шеттегі көк арбалардың біріне атын байлап, Сеитпен бірге Игіліктің үйіне қарай беттеді. Сай-

күлік аттар ерттеулі, жауға аттанатындай әзір тұр екен, мұны да ішіне бір түйіп қойды.

Байжан дөңгелек шаруалы, бұралқы сөз ере жүретін адам болса да, бай ағайындарының үйіне еркін кіретін еді. Ешкімге істейтін зыяны да жоқ, өтірік айтпайды, өсек тасымайды. Дуалы ауыз болмаса да, реті келген жерде сөз үлесін де жібермейді. Жасы елуге таяп қалса да, денесінде әлі бір арам майы жоқ, сақал-мұрты дөңгеленіп жарасымды біткен, өткір көзді, қадап айта алар тілді адам. Қорғана жүрерлік күнасы болмаған соң, кеудесін жоғары ұстап, тізесін оңай бүкпей келе жатыр.

Байжан мен Сеит үйге кіріп келгенде, құдыққа үймелеген қойға ұсап, бастарын төмен салып жіберіп, арқаларын ғана бүлкілдеген он шақты адам астау толы етті жаукемдесіп жатыр еді. Жирен мұрты майға малшынып, екі ұрты кезек бұлтылдап, кезек жылтырап, Омар ашамайдай жаяның сүйегін сүйрей, табақтан сытылып шыға берді де:

— Байжеке, жоғары шық, қожекең табағына кел! — деп өз орнын ұсынды.

Бар мінезі байының ыңғайынан шығып отыратын Айғанша да жайраң қағып:

— Сері қайным, бері кел. Құр қорқатынымыз болмаса, бейпіл сөзіңді естіген емеспіз... Дәм үстіне дәл келдің. Сағындырмай келер де күнің болар ма екен?.. Өз қасыма келші!— деп өзінен жоғары, Игіліктен төмен орын көрсетті.

Бұл үйдің әйелі де суырылып тұр. Сұңғыла тоқал байы қармақ салған жерге бұ да салады. Жаратпай қалған кезінде жарысып сөз бермесе, бауырына тартарда балағаттап жатсаң, елемейді.

— Еркемізсін ғой жалғыз. Көтермегенде қайтейік,— деп, еркелей күліп, ықтай береді.

Ашық қара көзді, келте мұрындау, сұңғақ бойлы Айғанша кергіп-керіліп отыра да алмайтын еді. Әр кезде желе жортып үй жабдығында жүреді. Астынғы ерні әлі шиедей қызарып тұратын жас әйел қазірдің өзінде бәйбішедей сыйланатын болды. Бұл өңірде ерімен қатар отырып, тамақты бірге ішетін әйел де осы ғана. Бар қылығы бойына жарасып тұрады деген атаққа шығып бара жатқан әйел де осы.

Ақкөніл Байжан ерке жеңгенің жайраң қаққан жарқын мінезіне құлай кетті де, табаққа келді. Әйелі аңғарт-

қан жа[illegible] көңілдің әсерін әлсіретпейін дегендей, Байжан отырып[illegible]анша Игілік те:

— [illegible] қоныс құтты болсын, жалғызсыраймыз ба деп [illegible]дім...— деді.

Бай[illegible]айналған дала қыранындай, торға түсерін [illegible]лқайып кете алмай қалды. Тор барын өз ойы[illegible]ып отыр, бірақ кете алар емес.

Қонақтар [illegible]қандарын сылп-сылп жаласып, кейін шалқа[illegible] кет[illegible], киіз есікті ақырын ғана ашып, бір көзімен ғана [illegible]ыр[illegible]ған жас қыздың жүзі жарқ етіп қалды. Қонақ [illegible]бар[illegible]қылп еткенді аңдып отыратын сергек Айғанша:

— [illegible]йна[illegible]ау, Назыкешпісің? Кіре ғой, калкам, кір! — деп [illegible]ялып тұрған жас қызды еріксіз үйге кіргізді.

Шешесіне тартқан үлкен қара көзді, қараторының әдемісі аталып келе жатқан, бар мінезі әдептен жаралғандай, ұялшақ Назыкеш үйге кірді де, қою кірпіктерін қағуға да бата алмай, үнін де шығара алмай, Айғаншаға қарап тұрып қалды. Көп үстіне амалсыз киргендігінен ұялып, қызарып барады. Отыра кетуге ұялып тұрған жас қыздың енді ғана жұмырлануға бет алған тіп-тік денесі де түгел көзге түсіп қалды. Ашылуға ұялып тұрған еріндер бір ауыз сөз айта алар емес. Жаратылысында аз ғана күлімдеп тұратын тұнық қара көздерінің жанары қызғылттау ұшқын шашып, танадай жарқырайды.

Көз тартарлық көркемдікке жұрттың бәрі де бір-бір қарасып қалып еді, Сеиттің көзі телміре қарап, біржола қадалып қалған екен. Оны байқай қойған Айғанша:

— Жиен-ау, көзің талды ғой... Тым болмаса, кірпігіңді бір қақсаңшы,— деді Назыкешті қолынан тартып, қасына отырғыза беріп.

— Бұл шіркін жаңа ғана сол жақтан келмеп пе еді! — деп, Омар да бір күнк етіп қалды. Мұның бәрі кімге айтылып жатқанын Сеит енді ғана ұққандай, Омардың артына қарай жантая кетті де, бүйірінен бір нұқып қалды.

— Ие, жай келген жоқсың ғой. Апаңның дені сау ма? Ұялатын боп бой жетіп қалыпсын ғой өзің!..— деген Айғаншаның ақырын сыбыры еміс-еміс қана естіледі де, Назыкештің бірдеме дегені күрең тақыяға тағылған бір шоқ үкінің дірілінен ғана байқалады.

— Өзіндей көрсін деп айтты де үлкен апаңа... Еркек-

терде біздің не жұмысымыз бар! — дегенді Айғанша көпке естірте айтып, қайталап қояды.

— Көпей жеңгемнің қолын сағынып жүрмін. Сен оның тырнағына тұрмайсын...—деп Игіліктің өзі де бір сөз қосып қалды.

— Сағынсаң, үйіне барсаңшы...— деген Байжанға:

— Байжеке-ау, өзіңдей өжет көремісін мені? Жұмекеңнен қорқам. Қуып шықса не бетімді айтам?—деді Игілік.

Игілікті үйінен қуып шыға алатын қазақ жоғын Байжан жақсы біледі. Бірақ, өзін қуып шыққан үйге пенде баласының бас сұғуына қарсы болып отырған Байжан үндемеді. Шынында, екі байдың шайқаса беруіне Байжанның қарсылығы да жоқ еді.

Айғанша байының құлағына бірдемені сыбырлап жатқанда, Омар далаға шығып кетті:

— Ат жайын ойлаған жан бар ма екен осы?—деп жұмыспен шыққанын да ескерте кетті. Бұл үйде ондай оңайға сене қоятын Қожекеңнен басқа бір адам жоғын біле тұрса да, тапқан себебі сол-ақ. Бұл үйдің маңайында жеңіл-желпі мінездерге тыйым салынып қойғанын есінен шығармайтын Айғанша, елеусіз елшілікке келген Назыкештің қолынан ұстай тұра келді де:

— Ит қауып алар ма екен... Маңайда бір жігіттің жоғын көрдің бе... Әлде, жиен, сен шығарып саласың ба Назыкешті? — деп Сеитке қарады.

Жыйырмаға жетпеген жас жігіт, өз ойынан ұялу дегеннің салмағын әрең көтеріп, орнынан тұрды. Мана ол Жұманның үйіне де осы Назыкешті бір көріп қайтуға барған. Мұның ой ынғайын танып қалған ұялшақ қыз көзіне бір көрінбей қойып еді. Енді міне, канша жер қатар жүріп, қалжындасып баруға болады. Не арнағаның болса, айтуға болады. Бірақ, жас шағында қыйыспай айрылысар күнәсыздық қақпасы әлі жабық тұр еді. Сеит табалдырықтан әрең аттап, шыға сала жылыса жөнелген Назыкешті әрең қуып жетті.

Әшейінде ықшам, оңтайлы жас, дәл керекті жерде орнында, қыз қасына жанаса алмай келе жатыр. Біресе бір адым озып кетеді, біресе кейін қалып қояды. Қолдары ербеңдеп, тізелері бүгіліп-бүгіліп кететін сияқтанады. Айлы түнде жазық жерге түсе қалған көлеңкесінің де бір мүшесі ұнамай келеді. Аяғындағы саптама етік те біресе көдеден тайғанап, біресе күрп етіп қалады. Көк

елтірі тымақтың іші де қайнап бара жатқандай. Жүзін аржағына қырындатып ұстағанмен, Назыкеш осы олақтықтың бәрін көріп, күліп келе жатқан сыяқтанады. Аз ғана желден айнала бұлғаңдаған шоқ үкісі де күліп келе жатқандай.

Екеуі де бірінші рет кездесіп қалған қысылыстан құтыла алмаған күйде жастар Жұман ауылына жақындап қалды.

— Енді қорықпаймын. Қайта беріңіз,— деп Назыкеш жүзін аз ғана бұрды да, бөгелмей ілгері кетті. Манадан бері айтылған сөз, шыққан леп те осы-ақ. Ұзаған сайын кішірейе түсіп, үкісі бұлғаңдап барып, Назыкеш үйдің тасасына түсті. Әлденеменеге сол жерде ғана езу тартты...

Сеит өзінің олақтығына ыза болып, ауылға қарай тез аяндап кетті. Аяқ басысы біржола түзеліп, тізесі бүгілмей, бөксесі боқшаланбай, көлеңке сымбаты да түзеле қалыпты.

Қеуде жағы теңселе қозғалып, онашада Игілікке елікгейтін әдетінше, алшаң басқансып, Омар қарсы ұшырасты Сеитке. Бар шабарманның не мұңы барын, нені айтатынын жақсы білетін Сеит сөйлескісі келмеп еді, Омар ол ыркына жібермей:

— Көптен көрмеп ем, құрғырың быйылғы жайлаудан пісіп қайтыпты ғой! Мытысаң еттің өзін, сайға қарай неге сүйреп әкетпедің? — деді.

Өзі ызаланып келе жатқан Сеит, бұл жолы Омарды да сыйлай алмады:

— Сен менімен бұлай сөйлесуді қой енді, білдің бе? Жетер! — деді.

Әлдекайда алыста жатқан зілі барлығын жасырмай, жеркене айтты. Енді Омардың жауабын күтпей, қалжынынан да, кешірім сұрай қалса — онысынан да безініп, ілгері жүріп кетті.

— Сондағың есікте жүрген бір қыз ба, әй? — деді де Омар қала барды.

Сеит онысына да құлақ аспай, ұзап кеткен соң ғана Омар қайрат көрсетіп:

— Байғұс бала, есімнен біржола шығып бара жатыр екенсің, жақсы ескерттің-ау! — деді. Сеиттің жанағы ынғайын жігер лебі деп ұққан жоқ, ояна бастаған кек салқыны деп түйді.

Омар мен Сеиттің арасында кейін айрылатын, күні тууын күтіп жатқан бір есеп бар еді. Ол бұл даланың оңай ұмытпайтын, өлмей кешпейтін, күнде балалатып өсіріп отыратын бір кесібі. Түйе орнына түйме алып тына ма, айыптыға айып төлеп құтыла ма, әйтеуір, өз ойында «есебім қайтты» деген иман ұялағанша, ол құрт ауру қалмайды да. Оның аты — кек. Кейде онысы «қорғалаттым мен» де, «алдыма әкеп табақ тартқыздым мен» де бітіп қалады. Әйтеуір, ауыл-үйден бір-екі селтек «кегің енді қайтты» деуі керек. Оған дейін тыным да жоқ, тыныштық та жоқ, тіпті ерініп те тоқтай алмайды.

Сеиттің әлгі қыр көрсете сөйлегені Омардың есіне сондай бір ескі кекті түсіріп жіберді.

Ойына қобалжу кіргенде, қараңғы үйде жатып, жалғыз ойланатын әдеті бойынша, Омар қазір насыбайын атып алып, ірге жаққа шырт-шырт түкіріп, бар оқыйғаны басынан ойлап жатыр. Байының ойын тындағысы келгендей, үн шығармай, қыбыр етуге қоркып жатқан әйелінде жұмысы да болған жоқ. Үстінен аттап өтті де орнына жатты...

Әрине, әркімнің де әкесі өледі. Бұл құдай ісі. Шешесі де өледі, бұл да құдай ісі болу керек. Шаңырақ басы жыйналатын ескі недоемкедей, бұл екеуінің бір соқпай кетер үйі болмайды. Әке-шешесі өлсе, әркім де жетім қалады. Сақал-мұрты бар демесең, түптеп келгенде, осы Омардың өзі де жетім... Сеит сол көп жетімнің бірі...

Осы араға дейін Омар сүрінбей-ақ келеді де тоқталып қалады. Одан әрі қараңғы түндер ғана білетін бірталай күңгірт қылықтар басталып кетеді де, Омар өзін сол қылықтардың ортасында көреді.

Сеиттің әке-шешесі даланың бір айналсоқ қырғыны обадан өлгеннен кейін, Игілік қалған мал-мүлкін жыйнап алғысы келіп, жетім баланы өз қолына алдырған:

— Өз сүйегім, жат босағада жетімсірете алмаймын,— деген бір ауыз сөз әуелі Игіліктен шығып еді. Дауға түсіп, он жасар баланы әкеден қалған мал-мүлкі, үй-күйімен көшіріп әкелу, түгел осы Омардың қолынан өтті. Сол мал түгел келді ме, жоқ па, Игілік оны қазбалаған жоқ, Омар осы күні ұмытып та кетті.. Ылғый бір жүйрік шығатын күрең қасқаның тұқымын Игілік осы күнге дейін қолынан шығармайды. Қазір Игілік жылқысының көзге

түсер бір түрі де сол күрең каскалар болып кетті. Жетім баланың малынан Омардың колына түскені күрең каска болмай, ала-құла болып, әр колдан өтіп келіп еді. Бірақ, қазір Омар отырған, әлі сынын бермеген, әдемі ақ үй сол Сеиттің мұрасы. Үйдің ен таңбасымен түсі-түгін өзгерте алмағандықтан, Омардың көңіліне қобалжу кіргені де содан.

— Әзірше мен тіге тұрайын,— деп Игіліктен сұрап алып еді, сол «әзіршеге» қазір жеті жыл толды. Омардың толып жатқан еңбегін қатты бағалайтын Игілік үйдің жәйін ұмытып та кеткен сияқты. Ағайын жыбырлап қоймаса, Сеит өзі білмесе де керек еді. Сеиттің әлгі айтқан зілі түптен келіп осы ақ үйге соғып жүрсе, бұл Омарға оңай тимейтін жанжал.

— Осының өзін бидің құлағына салып қою керек болар,— деп ойлады Омар.

Осы жаздың ішінде Омар Игілікке көп еңбек сіңіріп еді. Мыңдаған жылқының қашаннан бері қорланып жатқан құйрық-жалын үш жүз түйе мен Қызылжар құлатып, алпыс көк арба, он бес шөп машинасын әкелді. Ақмолада тұратын бай саудагер Сеиткамал арқылы жаңа үйге ұсталған кілемдерді де Омар алғызды. Қазір Игілітің болыс баласы Ордабайдың үйінде қонып жатқан бай купец Никон Ушаковты да дәл бүгінгі кешке өзі шақырып әкелді:

— Аята ден свая гнездо домой, ти Игілік домой,— деп орысшылап та жіберді... Онысы мына күн ұясына қонған кезде, сен де Игіліктің үйінде бол, дегені еді.

Игілік атынан шақырған басқа жақсы-жайсандар да ағыл-тегіл келіп, оңашарақ тігілген қонақ үй мен отауларда сығылысып отыр. Игілік әлі айтпаса да, Омар өзі топшылап жүрген ең үлкен іс енді басталады. Бұл алыстан орап әр саламен ағызып әкеп, ертең-бүгін бір салаға құйылғалы тұрған іс. Отыз екіден өрілетін қамшыдай жымдастырып, ізін білдірмей, Игіліктің өзі өріп келе жатқан ісі болса да, қалай түйілерін Омар да жорамалдайтын еді. Екі бай жайдан-жай тақасып келіп қонып жатқан жоқ... Бір мүйізге қатер бар! Олай болса — Омар да керек.

Омар ойын осыған әкеп бір сүйеп, енді ұйқтаса да болар дегендей, насыбайын ірге жағына тастай бергенде «Омар әлі ұйқтаған жоқ шығар!» деген дауыс естілді. Омар, әйелінің үстінен тағы да аттап өтті де, тез- тез киі-

не бастады. Насыбайды қайта атуға тура келді. Қазір ол дауыс кімнен шығып тұрса да мейлі, түбі Игіліктің даусы болып шығатынын Омар өте жақсы білетін еді.

Омар үйінен шыға келсе, жалғыз інісі делқұлы Тлеуке айнаның сынығын айға тосып, ебелек ойнатып әуреленіп тұр екен. Ай сәулесін іргеде жатқан қара иттің көзіне түсіріп, ыржалақтап тұр. Бұл жыйырма беске келіп қалған жігіт. Жалғыз құмары да, жалғыз әрекеті де күндіз айна сынығын күнге тосып, түн болса — айға тосып ойнайды. Одан соңғы тіршілікке жанасы бар бір әрекеті — айдаладан ақша тауып алам деп ізденіп жүреді. Бұдан он жыл бұрын оның арманы — жыйырма тыйын тауып алу еді, енді ол арман өсіп бір сомға жетті. Жер бетінде ағарып, жарқырап жатқан нәрсе болса, үйілген топырақ болса, Тлеуке оны аударыстырып қарамай өте алмайды. Бар зейінін сала, қапысыз, армансыз, ұзақ аударыстырады...

Омар інісінің қасынан өте беріп, желкесінен түйіп қалып:

— Бар, үйге бар, жат! — деді.

Інісі оған жәбірленген жоқ, ұзай берген ағасының желкесіне ай сәулесін түсірем деп әуреленген бойы қала берді.

Ордабайдың үйінен дабырласқан дауыс, мәз-мәйрам күлкі естіледі. Сонадай жерде қара нардай қаңқайып, Игілік кетіп барады. Қасында ешкім жоқ, жапа-жалғыз. Беті Жұман аулына қарай.

Тымақтың түрілмеген құлағы жағын сабалап, шекпенінің етегі делдие түсіп, еңкелектей басып Омар Игілікті қуып жетті. Игілік бұған бетін де бұрған жоқ, аялдаған да жоқ. Жүріп бара жатқан бойы:

— Ордабайдың үйінде болсаңшы. Сөздерін бүгін бітірсін. Таңертең мына жұрт аттансын, — деді.

Омар осымен кейін қайтты да, Игілік ілгері кетті.

Елеусіз елшілікке жіберілген Назыкеш, Айғанша арқылы Көпей бәйбішенің сәлемін әкеліп кетіп еді. «Билігін жатқа істер, маған өзі келіп жолығып кетсін» депті Көпей. Сонымен, шын қадірлейтін есті жеңгесіне жолығуға Игіліктің өзі келе жатыр.

Жұманмен жылдар бойына созылатын даулар Көпеймен бір-ақ кездескенде бітіп қалатыны да болушы еді. Жұман дауласып дау ала алмайтынын жақсы білетін Көпей бәйбіше, сол абройсыздыққа жібермей, көп нәрселер-

ді, епті колымен өзі орайластырып жіберетін. Игілікте осы үміт те бар.

Қасына Күншеші алып Көпей бәйбіше де өзі айтқан жеріне қарай келе жатыр екен. Ол манадан аңдытып қойып, Игіліктің карасы көрінген соң ғана үйінен шығып еді. Толық денелі болса да әлі жас әйел, Игіліктің күтіп тұрғанын көрсе де асықпай баяу басып келеді.

Жаулықты биік салынатын, сәнді киінетін Көпей жұртқа өзінің ажарымен де, естілігімен де, тазалығымен де ұнайтын еді. Елден ерек, жаңа бір леппен тасып бара жатқан дәулеттің ішінде желе-жортып дамыл таппайтын Айғанша бір басқа да, азабынан басқасын көрмей, сол дәулеттің бары-жоғын ұмытып кеткендей, араласуын қойған Көпей бір басқа. Итаршысы көп, татымы жоқ, тұяқ санаған бос өмірден көңілі суынған, қызығары қалмаған Көпей, мырзалық-сарандықты да сән көрмей, алыс-жақынға бірдей қарайтын. Жұманды жұрт ұната алмайтын да, Көпейді қыя алмайтын.

Әдеттегі аман-саулықтан кейін, Игілік Көпейге:

— Өкпелеп қалдың ба, Көпей? Өзім үйіңе бара алмаймын. Біреуден жіберген бір ауыз сөзің екеу болып елге жайылады. Орайы қалай келер екен деп қысылып отыр ем, оны да өзің тауыпсың. Жүмекеңнің аягына жығыл десең, жығылуға әзірмін,— деді.

— Бұл екі үйдің арасындағы өкпе-сақпа дегеннен жұрт көзі сүрініп болды ғой. Тағы бір еңкейіскенмен, ол қаншаға барар дейсің. Екеуіңнің баққан дүниелерің екі басқа емес пе?.. Біз болсақ, сасық дәулеттің сасып-бықсып отырған бақташысымыз. Сенің жөнің бір басқа ғой... Қызығамыз да, қолдан келмеген соң, күндеумен ішімізді толтыра береміз. Сендердің араларында бітім болмайды. Оны қоя тұр былай. Осы арадан қандаспай айрылысасыңдар ма, жоқ па, мен соны сұрағым келеді? — деді Көпей.— Біріннің астына бірің түсіп жатқандарыңды ендігәрі көрмейін деп ем...

— Жүмекен қол жыйып жатыр ма? — деді Игілік қауіптене қалғандай.

— Екеуіңнің қолында жыйнаулы тұр емес пе? Қол жыйнаспай отырған күндерің бар ма еді. Сойылға жығылу басталған жоқ па!.. Оны қоя тұрып өз жауабыңды берсеңші,— деді Көпей.

— Көпей, — деді Игілік, шынын айтар жүзбен тура қарап. — Көпей, осы елдің көп кәуғөрік еркегі айтқаныңа

да түсінбейді, көрсетіп отырғанынды да көрмейді. Сондықтан, мен бұларға сөз айтуды қойып, уақыты келіп қалғанда, істе деймін де қарап отырам. Көбі түсінбей істейді, бірақ артында мен тұрған соң, менің айтқаным істеледі. Мен имам емеспін, намазынды түсініп оқыймысың деп олар да сұрамайды ғой! Мен де сұрамаймын. Көпей, көп кәуғөріктің көріп жүріп ұқпайтынын сен үйде отырып-ақ біліп жатасын. Солардың бірсыпырасы біздің үйде жатыр. Мен оларға әлі ешнәрсе айтқан жоқпын. Оларға айтпағанымды саған айтам. Маған енді жер керегі жоқ. Менің байлығым базарда./Осы араға көшіп келгенде осы бір алакандай бұлақтың басын иемдене қояйын деп келгенім жоқ./ Одан үлкеніміз кетіп қалмасын деп келдім. Иесіз жер деп өз еркімен ойып әкетпесін деп, иесімін деп өз қолымнан бермекшімін. Ірге тебе алмастай етіп, шақтап берем. Мені жерге қызығады деген жұрт, менің өз жерімді барып алсын, қыстауымды алып жатса да неге алыпты демеймін. Ол қыстау ендігі жылы сыйыр қора болып қалады. Бірақ, осы отырған жеріміз кетеді. Ендігі иесі келіп жатыр әне. Мұны қыймаған жұрт көбінен айрылады, үстеу қосып беретін болады, — деп, Игілік аз ойланып қалды. Артық айтып қоймадым ба деп қауіптенгендей де еді.

Көпей екі нәрсені анық түйіп еді. Мұның байлығы базарда екені рас, осы бір тақыр күздікке қызығып келген жоқ. Екінші, осы аз жерді қыймағансып, қыйқарлық жасаған жұрт көбінен айрылады. Игілік азды беріп, көпті арашалап қалайын деп отыр. Осыған сенді де:

— Әйтеуір, өз қолың таза болатын болса, Жұманның қатын-баласы егес-ерегесті өршітпеу жағында болар,— деп Көпей түрегелді. Әр кездегі әдетінше, Игілік бұл жолы да жаңа бірдеме айтқандай көрінді.Әсіресе, алыстан қарғаша салуды керек ететін қауіп барын күйзеліп айтқандай болды. Осымен, сонау жайлаудан дүрліктіріп көшірген үлкен бір дүрбелең онай тарқайтын белгісін бергендей, екі жағы да тыныштанып үйлеріне қайтты.

Жалғыз-ақ, манадан түк естімегендей, түкке түсінбегендей болып отырған Күнше наразы кетті. Көпей бәйбішеге өкпеледі. Бірінші рет қатты өкпелегенін жасыра алмай кетіп барады. «Сойылға жығылу басталған жоқ па!..» деді де аяқсыз қалдырды. Өздерінің біреуіне қамшының ұшы тиіп кетсе, қандай сергелдең салар еді! Жабайдың өлім үстінде қайтқанын көріп келген Көпей оны

аузына да алмады. Сөзін елете алар жерде тартынып қалды. Бірақ, осы өкпесін Көпейге айта қоюға өзі де бата алған жоқ...

Игіліктің жұмсауымен Омар Ордабайдың үйіне келсе, мұндағы қонақтар іс жайын ойдағы жерден шығарып бітіргендей, мәз-мәйрам, әлденеге күлісіп жатыр екен. Төр алдында буырылдау тартқан аса бір ажарлы адам отыр. Бұл жұмсақ қоңыр дауысты, кербез киінетін, езу тартқанына дейін ақсүйек екенін көрсетіп тұратын, Орал тауында алтын заводтары бар Рязанов деген кісі еді. Оған таяу, Омардың ылғый кездесіп жүретін адамы, Қызылжар купесі Никон Ушаков, қазақ әдетінше, жастыққа шынтақтап жатыр. Бұл айқын көк көзді, шашын көп тарамайтын, сақалын көп қыра бермейтін, саусақтарының бастары темекі түтінінен сап-сары болып жүретін адам. Қазақ даласын көп кезіп, дастарқан артынан «бесмеллай алла хекбар» деуді үйреніп алғандықтан, жұрт мұны қазақшаға судай, қазағуар деп те дәріптеп кеткен. Шынында ол жүзге дейін ғана қазақша санай біледі де «бер, сат, уйге барам, керег бар, керег жоқ» деген сыяқты біраз сөзді жаттап алған.

Олардан едәуір төменірек, осылардың «прканшігі» Степан Бушуев отыр. Игіліктің үйіне кіріп келе жатқан жаңалықтардың бәрі де Ушаков пен осы Бушуев арқылы өтіп жүргендіктен, бұл екеуі Омардың көптен бері істес болып келе жатқан адамдары еді.

Ордабайдың өз інілері мен мырзалар, атарман-шабармандары болмаса, былайғы жұрт бұл үйге де батып кіре бермейтін. Қонақтардың қасында бүгін де солар ғана бар екен. Тойған қозыдай, тығыршықтай-тығыршықтай болып, солар ғана отыр.

Қонақтардың қарсы алдына шарта жүгініп алып қолындағы тымағымен тізесін анда-санда бір ұрып қойып Байжан отыр. Ол орайсыз бірдеме айтып қалып, отырған жұрт соған күлген сыяқты. Ушаков солқ-солқ күліп, қолын анда-санда бір сермеп қалып булығып жатыр да, Рязанов «немене айтты?» дегендей әркімге бір қарайды. Қазақ жағы Байжанға түйілігіп:

— Сұра, сұра, қайта сұра!— деп қылқылдасады.

— Байжекембісін, орыс-қазақты бірдей қыйратып салған!—деп, Омар қасына отыра бергенде, Байжан оған:

— Ей, менен гөрі орысшаға сен жүйрік шығарсын... Сен сұрашы,— деді.

— Мына кісіден сұра, осы кісі жақсы біледі, — деп, Ушаков Байжанды Рязановқа қарай айдап салып жатыр. Шашын дөңгелете қырыққан, сеңсең бас, жүнді бет Степан Бушуев, қарапайым адамның сақтығын істеп, басын шайқап қояды.

— Нені сұра дейсің? — деді Омар Байжанға.

— Апыр-ау, әлгі, орыстың бір тұқымынан үш қатын патша болыпты, дейді ғой. Иманың күйгір, соны сұрап берші! — деді Байжан. Бірдемеден ұялып қалған адамның оңай тоқтай алмайтын әдетінше, қадала қылқылдады.

— Е, біреуі қыз демейтін бе еді? Ұят боп қалып жүрмесін! — деді Омар.

— Қыз ба, қатын ба, ол неменеме тұрушы еді, сұрап берші тілеуің болғыр!

— Қой, мен ондай бәлеңе ұрына алман... Менің Игілік деген бір ауыз орысшам бар, сол өзіме жетеді. Өзге орысшаны сендерге-ақ бердім,—деп, Игілік тұқымына өзінің діниіне беріктігін ескерте, өзге жұртқа қыр көрсете, Омар керіліп кейін шалқайды.

— Өзің сұра, өзің сұра! — деп қалжыңқұмар топ Байжанды итермелей түседі.

Енді Байжан үлкен бір тәуекелге бел байлағандай, ентелей сырғып Рязановқа жақындады да:

— Орыскей оден ауыл три баба сәр баба болыпты... Әята правда? — деді, үш саусағын шошайтып. Бұл манағы «орыстың бір тұқымынан үш қатын патша болыпты, сол рас па» дегені еді.

Өзгелер тағы да күліп қырылып қалды да, Рязанов біржола ұқпай қойды. Патша деген сөз қосылған әңгімеге өзінің осынша күлгенін ерсірек көріп қалып, Ушаков көзінің жасын сүртіп тастап:

— Ол рас. Бәрі де Романов тұқымынан. Бір әйел патша Ұлы Екатерина деп те аталады, — деп, жұрт күлкісіне тыйым сала түсіндірді.

Енді Байжан «ұлы» деген сөздің орысшасы — великаяға түсіне алмай қалды. Ушаковтың әртүрлі сөзбен түсіндіргенін өзінше қорытып:

— Болшой баба болған ба? — деп сұрады.

Ушаков бұл сурауына тіпті ыңғайсызданып қалып:

— Өздерің құдайды қалай атайсыңдар, қалай ұлықтайсыңдар!— деп сұрады.

— Е, алла дейміз,— деді Байжан...

Байжан катын патшалардың жайына да бір қыйсынсыз жерден келіп түсіп еді. Әуелі ол Ушаковтың көп тілді бәкісін айналдыра қарап отырып:

— Бұл орыс жұртының қолынан келмейтін өнері жоқ қой. Жойқын жұрт, ерінбейді де, жалықпайды да. Осылар міне, қайдан келіп отыр? Ту-ту Қәтіринбордан келіп отыр ана кісі. Тап осы бәкі, құдай біледі, менің көк шолағыма тұрады,— деп таңданып еді. Одан кейін,— осал жұрт болса, бір тұқымнан үш бірдей катын патша бола ала ма! — деп қойды. Оның аяғы жаңағы сұрауына әкеліп сокты...

Енді Байжекең тағы бірдеме сұрағалы отыр. Дәл анықтан шет жатқан елдің әңгімеге құмарлығы да көп, шала ұғарлығы да көп. Кейде бірнеше естігенін ұмытып қалып, ай жаңалаған сайын қайта орала беретін әдеттері де бар. Байжекең біраз қыбыжықтап отырды да:

— Ошаков, біз орыс көп пе, орман көп пе дейміз. Сонан барып, орыс көп пе, қытай көп пе дейміз... Сол сыяқты, бәлен деген жерді жайлайтын, бәлен деген суды жайлайтын үнді деген бір көп жұрт бар деуші еді. Сол жұртты ақ-қылшық дейтін аз да болса бір бәле жұрт келіп шауып әкетіпті дейді. Патшасының басын алып, жеті ұлын бірдей бауыздатып тастап, өздерінен жанарал- күбірнатр деген патша қойыпты дейді. Бұл қалай сөз? — деп сұрады.

Байжанның бұл сұрауы да болған бір істің о жер, бұ жерінен әрең жанасып жатса да Ушаков күлген жоқ. Басын көтеріп алып, барынша толық ұғындыруға тырысты. Өйткені бұл орыс жұртшылығының да қатты наразылық білдірген бір оқыйғаның жайы еді. Дәрменсіз мұсылман қауымы да ұзақ шуласқанмен ешнәрсе өндіре алмай, енді басылуға бет алған. Индия халқын екі жүз елу жыл бойында оңаша отарлап терісін неше қабат сыпырып алып жатқан ағылшын байларының «Шығыс Индиялық компаниясы» бұдан бірнеше жыл бұрын: «Бұл елдің өзін өзі басқарып отыруы енді тоқталсын, ақсақ Темірдің нәсілі Баһадұр Шаһ мұрагерсіз деп танылсын», деген қаулы алып еді.

Талау-тонаудың неше түрін көріп, әркезде алысумен келе жатқан Ұлы Индия халқы енді өзімді-өзім басқарам деген ойды ұмытуға тиісті деген саудагерлер еттипағын ағылшын королевасы Виктория да мақұл деп тауыпты.

Өйткені, өзі де жақын арада Индияның императорицасы деп аталуға әзірленіп жүрген кезі еді.

Сонымен, жеті ұлы бар Баһадұр Шаһ мұрагерсіз болып танылды!.. Оны дәлелдеу үшін, жеті ұлды бір-ақ карабинмен атып, қамауда отырған қапасында қырып тастап еді. Генерал-адъютант Невиль Чемберленнің әмірі бойынша майор Ходсон жалғыз орындап шықты. Содан бері Индияны генерал-губернатор билеп отыр. Байжанның әдейі аққылшық деп, қоркаудың біріне тепеп отырғаны дүние жүзіндегі ең отаршыл ағылшын байлары еді.

Қаны сорғалап тұрған озбырлықтарын ағылшындар жариялamаса да, Индия халқы қаулыны тауып алып, дүние жүзіне жариялап жіберіпті... Королева Викториядан бастап, Вильсон, Чемберлен, Ходсондарға айтылып жатқан көп қарғыс қазақ даласына да жетіп, Байжанның құлағына да шалыныпты. Өйткені ол әлі күнге айтылып жатқан, айтылып болмай тынбайтын қарғыс еді.

Ушаков отырған жұртқа оқыйғаны кеңірек түсіндіре келіп:

— Англия өте қауіпті ел. Біздің ақындар «Залым Альбион» деп босқа атап кеткен жоқ. Жер жүзінде одан отары көп бір ел жоқ. Ендігі көз тіккені біздің байтақ Азия! — деп тоқтады. Әлденеден өз қара басы да қауіп ететіндей Рязановқа қарады. Рязанов ақырын ғана иығын қозғап қалып, басын бір жағына қарай қыйсайта беріп:

— Әр жерде кездесіп жүрміз ғой, алдап кеткендерін көргеміз жоқ. Қайта, олақтық пен доландық өз жағымыздан көп кездеседі де, көбінесе өзіміз ұялып қаламыз, — деді. Ушаков жолдасының осы бір ыңғайын ұнатпаса да бұл жерде оны білдірген жоқ.

— Әрине, бізде доландық көп ғой. Ондайды елемейміз, еріншекпіз,— дей салды.

Манадан бері сұрағандарының бәрі де орынды әңгімелер болып шыққанына масаттанып кетіп, Байжекең ақкылшық жұртымен Үнді арасын біржола ашып алғысы келетін адамша:

— Ошаков, тамыр, мынаны түсіндірші: Үндияның жұмысын істеп үйінде отырған адамынан абақтыда отырған адамының тамағы үш рет артық болады дейді. Мұнысы неменесі? Адам дегенге көрсетер жақсылығы болса, түрмесіне отырғызып алып, көрсете ме? — деді.

Рязановтың жақтыра бермейтінін жақсы білсе де, Ушаков бұл сұрауға да тура жауап қайырды:

— Олай емес, әрине. Ағылшындар Индия халқын, әсіресе, соңғы бір ғасырдың ішінде қақтап сауып, тұралатып тастады да ішім-жем, күн-көріс деген жақтарын түрмедегі адамнан үш рет төмендетіп жіберді. Түрмедегі адамға сасық сорпа, бір тілім қара наннан басқа ешнәрсе берілмейтінін білетін боларсың? Өз үйінде отырған үндінің халі түрмеде отырған адамнан үш есе төмен екені рас. Индия халқының жылма-жыл жейтін тамағын есептеп шығарған ағылшын ғалымдарының өздері де, үндінің бір жылда жейтін етінен тамаққа жұмсайтын тұзы екі есе көп деп отыр! — деді.

— Тұзы? Ол қалай болғаны? Олар тұз жейтін жұрт па? — деп сұрады Байжан. Етті алақан толтырып асайтын ауылда отырған Байжанға адамның еттен көрі тұзды көп жейді дегені тіпті түсініксіз еді.

— Жоқ,— деді Ушаков.— Ол да тұздың өзін жалап жей алатын жұрт емес. Бірақ, күні-түні жұмыста жүретін адам жылы бірдемені керек еткісі келетіні түсінікті емес пе? Суды қайнатады, ішіне тұз салады... күріш, не болмаса жүгері салады... Ет қолға түспейді, қымбат. Сонда, еттен көрі тұзды көп жемегенде қайтеді?

Байжан Индия халқына өкпелеп қалғандай, я болмаса, Ушаковтың айтқанына сене алмағандай, қолын бір сілтеп кейін шегініп кетті де есіне тағы да бірдеме түсіп кетіп:

— Айтқандайын, сол жұрттың Дұғырна деген бірдемесі бар екен деп ана бір жылы өзің айтып ең... Немене еді соның өзі?.. Әлі бар ма сонысы, әлі отыр ма сонша жұрт? — деді.

Бұдан бірнеше жыл ғана бұрын Бенарес шаһарында үш жүз мың үнді ағылшындардың шектен тыс талан-таражына қарсылық көрсетіп, елдің бір бұлжымас қайсарлығымен қажырын көрсететін «Дгурна» деп аталатын, таңқаларлық мінезін дүние жүзінің алдына жайып салып еді. Үш жүз мың адам басқа тіршіліктен баз кешкендей, ас-су татпай, ыстық-суықты елемей, ұйқы-тыныштық дегенді ұмытып, көшеге шығып отырған күйінен қозғалған жоқ. Көше біткенді алып, көгенделгендей тізіліп отырды да орнынан жылжымады. Ағылшын қылышы қырқып жіберген бастар ұшып түссе де, дене қатып сіресіп қалған күйінде, құламай қала берді. Обыр отаршылдарға Индия кедейлері осындай бір қарсылық көрсетіп еді. Әлденеше қолдан өтіп қазақ даласына жеткенде адам

нанбастай көрінген істі Байжан қазір қайталай сұрап отыр.

Ушаков әңгіменің шындығын тағы анықтады да:

— Сол жолы олар ағылшындарды еріксіз шегіндірді, жеңді...— деп тоқтады.

— О, шіркін, жұртым-ақ екен онда! — деді Байжан.

— Осындай әңгімелерді мұндай жерде тәптештей беруден сақтануыңыз да керек қой, Никон Абрамович...— деп Рязанов наразы қабақ көрсетті.

— Мен бізде мұндай халдің болмайтынын айтқым келіп еді,— деді Ушаков. Осымен екеуі де іркіліп қалды.

Ушаковпен он жылдан бері істес болып келе жатқан кіреші Ыбрай осы кідірістің үстіне келді де, өзге қазақша мал-жан, бала-шаға, келін-кепшік, өлген-тірілгеннің жайын сұрап, сораптап отырып алмай:

— Сіздерді Игілік би өз үйіне шақырады,— деді.

Қазақтың иек-асты, үздік-созбай бір мінезін қатты ұнатпайтын Ушаков та ішінен асығып отыр еді:

— Александр Николаевич, жүріңіз,—деп, орнынан тұра келді. Оның Игілік бойындағы ерекше қасиет деп бағалайтын бір мінезі де осы іскерлігі еді.

Сол ойлағанына қарай, Игілік те әңгімені ұзартқан жоқ. Қолдасып болысымен-ақ:

— Сіздер біздей емес, көп жұмыстың адамысыздар ғой. Қазақ ерте жатса да кеш тұрады. Мендегі бір болмашы жұмыстарың үшін ертең түсті күтіп қалмасын деп, түнде шақырттым,— деді.

— Сіз бен біз Ақмола, Қоянды жәрменкелерінің түнін талай бірге өткіздік қой, би... Мен мұныңызға үлкен рахмет айтамын,— деді Ушаков.

Осылай бір-бір қайырыскан құрмет кәледен кейін, Игілік сөзді өз қолына алып, қыска-қыска байламын айтты. Осында отырған әркімнің де мұқын ескеріп, саудаласпайтын, өкпелемейтін етіп айтты:

— Бұл жердің иесі мына отырған Байжан,— деді Игілік.— Жерді сататын да сол. Біз тек куәлік етеміз. Солай ғой Байжан? — деп оған бір қарады да, жауап қайтаруын күтпей Жұмабек төрені иегімен нұсқап қалып:

— Жұмыскер адамын бір қолдан алып тұрсақ екен депсіздер ғой. Соны тауып беріп тұратын мына кісі, Жұмабек төре болады... Беделді адам. Ол сөздерің осы кісімен болатын болсын,— деді.

Байжан да, Жұмабек те, мұндай олжаға кездесерміз

деген жоқ еді. Екеуі де әлдекай мұрындыққа ілініп кетер ме екеміз деп қауіптенің жүрген. Дәме ету сыяқты бірдемелері болғанмен, онан гөрі қауіптенулері күшті еді. Енді екеуіне екі қап алтын құшақтата салғандай, біріне-бірі сыбайластық көзімен қарап, жымындасып қалып отыр.

— Мына Боздақ би қағаз-мағаз болады дегенге сонау жайлаудан әдейі келіп отыр... Бұл екеуіміздікі билің бармағын басу болады да, бәріміз үшін мына Қожекең қол қояды,— деп, Жұманмен арадағы жанжалға арнап алып келген адамдарын Игілік Ушаковке өткізе бастады.

Бәрі де кінаратсыз, қыйтықсыз жақсы өтіп жатыр. Қолдары ен байлыққа малына қалғандай, бәрінің де ұйқысы ашылып, ажары кіре бастапты. Кірешілер де, Ушаков компаниясының төрт-бес жердегі өндірістеріне имам болып Күреңкөз қожа да, жұмысшылармен дау-жанжал бола қалса, жалп-жалп ұшып келіп қалатын басқа күшігендер де, біріне бірі қосақталып, тартынбай өтіп кетті. Ат сатып алып жатқандай, аты аталған адамдарға бір-бір қарап Ушаков та ризалығын білдіріп қойып отыр.

— Біз Нілді жайы да осы жолы бітіп кала ма деп үміт етіп едік,— деді Ушаков, Қарағандыға байланысты бір жүйе сөз біткеннен кейін Игілікке телміре қарап.

— Нілді деген жердің иесі мына кісі,—деп, Игілік Боздақ биді нұсқады.— Сата ма, сатпай ма, оны өзі біледі... Біз бұл кісінің алдына шығып көрген емеспіз...— деп тоқтады да, Боздақ тамағын қырынып, құлаңқырап кеткен еңсесін көтеріп алғанша, үндеген жоқ.

«Сата ма, сатпай ма, оны өзі біледі» дегенге Боздақ би тағы да түсіне алмай, әрі көтеріліп, әрі күрмеліп қалып еді, Игілік енді қарасын анықтап көрсетті:

— Бозекеңнің «жә, бәсе» дегеннен жырылып қалғанын көргеміз жоқ,— деп, Боздаққа туралап қарады. Боздақ енді ғана табанын тап басып:

— Е, жұрт нені үйғарып жатса, біз де соның ішіндеміз...— деп тізгінді Игілікке берістінін ацғартты. Көз алдына күміс теңгелер де келе бастады... Қалта түбі ауырлап, сыңғырлап қоятын сыяқтанды.

— Ана бір Байдаулет, Сасық, Құлжұмыр деген жерлер біздің үйдің кей жылдары біраз күн отыратын күздігіміз болатын. Оны ала беріңіздер... Жер сатыпты деген сөзге қалғым келмейді. Жәй берем. Қағаз-мағаз болса, ана Ордабай жасатып берер,— деп, сөзін аяқтай берді де, тағы бір ойын байлай кетейін дегендей:

— Көптен көріп жүрген мінездерің, бұл елдің бір күн олай, бір күн бұлай, ырбай-тырбайы бола береді. Ондайларыңды ана Ордабай байқай жүрер,— деп, әркімнің мойнына бір аркан байлап, бар арқанды Ордабай деген бір қазыққа бекітіп Игілік біржола тоқтады.

Қазақтың оңай көнгеніне де, созбайға салғанына да күдікпен қарайтын Рязанов, біраз нәрсенің басын біржола ашып алғысы келіп:

— Бұл кісінің бізге сататын жері қанша, бағасы не? — деп сұрады Байжанға қарап.

Игілік мырс етіп қалды. Қазақ байлары мұндайын долбармен ұғысар еді. Артынан анықтаса алмай жүретін кәдесі көп болса да дәл бұл жерде мұндай тәптешке барыспас еді.

— Ұзыны он, көлденеңі он дестік қой... Шақырым басына бір аттан арқандап кетсеңдер, Байжекең аржағын сөз де қылмайды,— деді Игілік Ушаковқа қарап, күліңкіреп қойып.

— Ұзыны, көлденеңі бірдей он шақырымнан ғой? — деп, Рязанов тағы бір анықтап алды. Ушаков Байжанның құлағына сыбырлап:

— Он ат... Екі жүз елу сом күміс... Болады? — деді. Байжан басын шұлғып-шұлғып қалды. Екі жүз елуге Нілді де тұратын сияқтанады Боздаққа...

— Мына жұрттың төрт көзі түгел отырғанда тағы бір жайымызды айта кетейін, — деді Игілік. — Үш жылдан бері созбайға салғандай болып келдік... Әуелі, ата мекені дегенді қыймадық, онымыз да болды. Одан бері келе осы жерлердің иесі кім, соған таластық. Ақырында осы отырған жұрт Нілді мен Қарағандыны мына Боздақ пен Байжандікі деп тапты да, өзгеміз қол көтеріп шықтық... Араларындағы алыс-берісті куәландырудан басқада біздің жұмысымыз да жоқ. Солай емес пе? — деп, Игілік отырғандарға айнала бір карады. Отырған жұрт аттай шұлғысып, мақұлдайтындарын білдірді де, әлдекай бүйірден шығып кетерміз деп, басқа сөз қыстырған жоқ.

Бас-аяғы осы, даусыз-дамайсыз, көлденең қазақтың бір сөзі қыстырылмай, Қарағанды мен Нілді сатылып та қалды. Жер мен жесір дауын кесіп қылып алған кәнігі, қыядан қылаң беріп көз ілестірмейтін майталмандар бұл жолы айдасуға түсе алмай, қапы кетті. Бабында келген жезаяқтар қонақ үйде екі жағына кезек аунап, кейде екі байға кезек ауытқып қойып, бұл дауды

жалқы қалдырмай, егіз-егізекті, айыр-айқас тармақты етіп шығаруды ойлап жатқанда, Игілік бітіріп те қойды. Күшті қолмен сындырып бітірді. Болмашыға қызықпай, өз басын таза алып қалды. Оңай мен ұсағын өзгелерге берді де үлкені мен өнімдісін ешкімге көрсеткен жоқ. Оның бұл жолғы аңдығаны Ушаков алдындағы абройы еді.

— Басқа айтарымыз болмаса, қонақ үйге барып демалыңыздар, Қожеке. Омар қабарласып тұрар...— деп, енді бұлармен сөйлесетін сөзі біткендігін ескертіп, сонау жайлаудан ертіп әкелген құрметті қонақтарын Игілік осымен біржолата жөнелтіп те салып еді. Қожа-екеші қожасына дейін бір ауыз бірдемені орысшылаған болып, қоштасып, қонақтар қонақ үйге кетіп қалды...

Өзге жұрт кетіп, өздері оңаша қалғаннан кейін, Ушаков:

— Би сіз ақылдасып қойғандай, бәрін ойлаған жерден шығардыңыз. Әсіресе, қолқабыс ететін адамдарыңызға риза болдым. Алғысымды қалай айтуға біле алмай отырмын,— деді.

— Жоқ, сіз алғысты алдақашан айтып қойғансыз. Сізде күттіру бар ма ондайды... Қарыздар менмін. Әсіресе, сіздің Степанға көп алғыс айтуға қарыздармын,— деп, Игілік бұлардан көп пайда көріп жүргенін ұмытпайтындығын аңғартты.

Баяғыдан бері бағынмен келген малды қысқа қарай қолға ұстауды, мая-мая шөп шабуды, өзіне жетерлік егін салуды Игілік осылардан үйреніп еді. Малдың жүні мен қылы, мүйізі мен терісі ақшаға өтер көзін тауып, Ірбіт, Омбы, Том, Қызылжар, Селебеге дейін барып қалған. Атбасар, Қараөткел, Кереку, Қоянды базарлары Игілікке казақ даласы естіп білмеген түсім бере бастап еді. Игілікке алғыс айтқызатын да осылар-ды.

— Повозкелеріңіз келді ме, ұнады ма? — деп Степан бір сөз қыстырды.

— Жоқ, ертең келер деп отырмыз, — деді Омар.—Ақмоладан шыққалы төрт күн болды.

Бұл күнге дейін салт жүретін Игілік енді пәуескеге мінуді лайық көріп, Степан арқылы Қызылжардан төрт пәуеске, төрт жеңіл тарантас арба саттырып алдырған. Степан сол еңбегін қыстырып жатыр.

— Бұдан былай Степансыз күн көруден де қалатын болдық. Қазақ баласы көріп білмегенді үйіп әкеп тастай-

ды да тілін біле алмай біз отырамыз. Осы бір төрт шамның өзін ретін тауып орналастыра алмай, канша әуре болдық,— деп, Игілік бұл конақтарына да жайнап тұрған жаңа үйдің ішін бір көрсетіп калды. Төмен карасып, көз алдарында мыс пен көмір ғана тұрған қонақтар еріксіз бастарын көтеріп, үйдің барлық байлығы мен салтанатын түгел көріп мактау айтты.

Игіліктің мұнысы Ушаковтан көптен сұрап жүрген бір епті прканчик, бір машина саймапының тілін білетін шебердің жайын тағы да ескертіп жатканы еді. Ел арасының шимай шытырман із кеспесіне таптырмайтын жүйрік Омар сауда, шаруа саймандары жағына жок болатын.

Сыр алысып калған Ушаков:

— Осы жетінің ішінде екеуін де тауып жіберейін,— деп уәде етті.

...Таң бозғылданып көңілсіз атып келе жатыр. Жолсокты болып келген Игілік бұл күннің де не әкеле жатканын анықтап алып жатқысы келгендей, айналаны түгел барлап үйінің қасында тұр. Кеше кешке бір сарынмен ғана тырс-тырс етіп келген солкылдақ көк арба, қазір де сол сарынымен ауылдан ұзап барады. Семіз үш кара кер ат жолға түсіп алған соң құйындай жүйіткіп, боратып кетті. Енді ол арбаға жегілген үш қаракер ат емес, қара түсті бәледей құтырынып, тұтас қозғалып, ұмар-жұмар кетіп барады. Екпінінде ызғырық лебі бар сыяқтанады. Тап осылай тез жүру, өндіре жүру Игіліктің өзінің де арманы екені есіне түседі. Бірақ, ысқыртып, ағызып кетіп бара жатқан конақтарына жолы болғай-ақты деп, достық та тілеп тұрған жок. Оларға тілейтіні қорғасындай ауыр, мұздай суық сезіледі. Бұлар мол бәленің алды сыяқтанады. Ірге теуіп алса, молығып тез өсетін ыңғайлары бар. Кен шыккан жерлер түгел қазналық деп жарияланған патша әмірі болмаса, Игілік бұл арқаны жанға қыятын ба еді!..

Арбалы түгіл салттатыны жүргізер ме еді! Енді міне, Ақмоладан ирелеңдеп, жыланша бұрандап шыққан жіңішке жол Қарағандыны басып Көкөзекке жетті, Сарысудан асып, Нілдіге жақындап барады. Тағы бір тармағы Қаркаралы, Баян-ауылдан асып, Бес-шоқы, Көрпештау, Қызылтауларды кезіп кетті.

Жалғыз-ақ сенім бар... Нәл білінген жердің бәрінен бірдей бақыр шыға бермесе керек. Көкөзек Ушаковты

алдап ұрды, нәлі бар да бақыры болмай шықты... Нілді де солай алдай алса, бұл далаға орыс баласы аяғын аттауын қояр еді. Келген ізімен Ушаков кетер еді де, жінішке жол көр білтеленіп барып өшіп кетер еді... Әлде Ақмола, Қояндыға қатнасып тұру үшін сол жінішке жол өзіне де керек болар ма екен? Мынау тізіліп тұрған жүк арбаларымен, бүгін келетін пәуескелерге жол керек болатын шығар!.. Енді базарсыз күнінде сән қайсы қалған? Жоқ, Ушаков кете берсін, зәндем түбіне кетсін, бірақ жінішке жол өшпейтін болсын... Ол жай жол емес — ақша келетін жол, ақша жолы.

Бұл шынында Игіліктің үш жылдан бері шисленіп жүрген ойы еді. Ол Ушаковты үш жыл созбаққа салып келіп, аяғында еріксіз байламын айтты. Ушаков бұған пайда ортақ болып жарнаға кір деп те жабысқан. Жарнаның мөлшерін шамалап көрсе, төрт мыңдай жылқы сату керек екен. Игілік ақтылы-қаралы, күрең қасқалы, жиренді етіп, мың-мыннан сұрыптап тастаған жылқысын қыя алмады. Кейде ақша жағынан қысылысы барлығы байқалып қалатын орыс купесіне қол ұшын бергісі де келмеді. Екі-үш болыс елдің ырың-жырың мен кер ауыздылығын басып, оғаш тұрған теріс азулары болса, қағып тастап қайтқаны да осы жолы еді. Ақыры өзі өріп әкеліп, өзі түйді, аброймен аяқтады. Орыс-қазағы бұған түгел қарыздар болып қалды...

Өнімсіз жортақтап, болымсыз ғана селдіреcкен он шақты салтаттылар қонақ үйдің қасынан аттанып бара жатыр. Бұлар әлде ғана өз қолынан Ушаковқа өткізген Боздақ би, Күренкөз кожа, Жұмабек төре тағы басқалары. Олар Игіліктің сыйын Омардан естіді де, енді Ушаковтағы еншілерін алуға асығыс аттанып барады. Оңай жарылқамайтын адамдардың алакандары ашығырақ тұрғанда алып қалғылары келіп, жолсыз даламен төтелей асуға беттерін бұрды...

Қонақтарды аттандырып салып, Омар Игіліктің қасына келді. Бүгінгі күнгі парыз-қарызын біліп алмай, ұйқтай алмайтынын біліп келген сияқты.

— Сокыр өзенінің бойы әзір тың тұр екен... Үш-төрт машинаны Дайрабай басына аударамысын, қайтесін?..— деді Игілік.— Нұра мен Былқылдақ, Бұрма жақтарынды көріп келдім... Жаман емес екен. Быйыл қолмен жұлуға келетіні бар жерді тырналата берерсін. Қыс ауыр болатын ыңғайы бар. Қос басы төрт кісі еді ғой, быйыл оңға

жеткізерсін. Жер қарада жылқының тебіні болатын жердің бәріне де балшық үй салғызып тастаған жөн болар. Қоғабай екеуің енді қыстың қамын ойлаңдар! — деп, Омардың түгел ұққан-ұқпағанын аз ғана абайлап тұрды да, Игілік үйіне кірді.

Шаңырақтан өрме сыммен салбыратып аскан үлкен шамдарды сырылдатып төмен түсіріп, Айғанша бір-бірлеп үрлеп сөндіре бастады. Үрлеп қалып «бісмілда» деді...

— Бұрын айтатынды соң айтады екенсің-ау, сен... — деп, Игілік әйелін еркелете қалжыңдағаны естіледі.

Омар да үйіне келіп, үнсіз жатқан әйелінің үстінен үшінші рет аттап өтіп, орнына жатты. Бұларда еркелету де, қалжың да, ең арғысы әншейін тіл қатысу да жоқ сияқты еді...

4

Ұйқысыз түнді дамылсыз үнілеумен, аунақшумен өткізген Жұман бай ертерек тұрып кетіп еді. Үй айналасын, ауыл маңайын түгел толтыра, қалай болса, солай шөктіре салған жүк түйелерінің көбі әлі арқасындағы жүктерімен жатыр екен. Қарсы қарап жатқандары Жұманнан көздерін алмай, арқамызды босаттырсаншы дегілері келгендей, ауыздарын малжаң-малжаң еткізеді. Жұман бұл тілге түсінеді де...

Кеше бұл маңайды көрсетпей жіберген көп жылқы, торлаған бұлыттай тарап шалқайып кетіп, шегі-шеті әлдеқайда көрінеді. Әр қыраттың басы шоқтарылған жылқы, шапқыласқан жылқышылар екені алыстан ғана сезіледі. Кейбір тұстары шоғырмақтанып, кейбір тұстары жапырылып қояды. Шым-шытырық араласып кеткен көп жылқы үйір-үйірімен жіктеле алмай, шұрқырасып жүрген сияқты. Майқұдық бұлағының аяқ жағы мен Көкпекті өзенінің бойларында суға антарылған көп жылқы ұзын бір жал ормандай, қозғалыссыз, қыймылсыз елестейді.

Қызусыз ғана қызарып, көзін әлі ашпағандай, сазарып қана, шапақ шашпай бедірейіп Қарағандының күзгі күні шығып келеді. Қатпарланған қоңыр бұлттар бірдемеге ренжігендей, қабақтары салыңқы, шегініп кейін сырғып барады. Жан жоқта бір анықтап көріп алайын деп Жұман Игіліктің жаңа үйіне қарап еді — күмбездей

екен. Күншіл көз тұрақтай алмай, қыдырып барып тізіп тастаған ұзын көк арбаларға түсті. Бұ да бір қазақ даласының көрмеген салтанаты, күндеу-күйініш үшін әдейі тізілгендей көзге ұрып тұр.

— Құдай сені төбеңнен ұрсын да, сен көріңде өкіріп жат! — деді Жұман.

Мұны айтпауына болмай да калып еді... Төрт көк арбамен шөп алғызыпты да, қырық-елу атты сол шөпке байлатып қойыпты Игілік! Өңкей семізден қатырған жарау, сай-күлік аттар... Қарасы бір өңкей, күреңі бір өңкей... Қыдырта тіккен ақ үйлерге жалғаса, көшедей тізілген көк арбалар Майқұдық бұлағының сол жағын ораңқырап кетіпті.

— Біржола шоқынып орыс болып кетсейші бұл! — деді Жұман.

Жұманның өзі мініп келген қара бурыл ат, екі аяғынан өрелеулі болғандықтан шалыс аяңдап, шөпті арбаларға қарай кетіп барады. Жұманның аты болғанмен, шөп берсең о да жейтін сыяқты. Жақындаған сайын өзеуреп, ентелеп кетті.

— Әлгі Жабай неғып жатыр өзі?.. Ана буырыл атты алып келсінші! — деді Жұман, шетте тұрған қараша үйге қарап айғайлап.

Түнде сойылға жығылып қайтқан Жабайдың жайын Жұман сұраған жоқ еді. Өзі барып Күншеге ұшықтатып, Жабайдың жаралы көзін таңысып беріп қайтқан Көпей бәйбіше:

— Жабайдың жаны қалса жарар еді... Есі-түсін білмейді,— дегенде Жұман баж етіп:

— Өлсе, өрем қапсын. Осы ел қаран қалар деймісін! — деген.

Жабайды сойылға жыққан Игіліктің жігіттері екенін Жұман білген жоқ, әлдекалай аттан құлаған шығар деп ойлады. Онысыз да бір қанды қырғын басталып кете ме деп зәресіз жүрген Көпей бәйбіше ол жайды Жұманға өзі де айтқан жоқ, басқаларға да тыйым салып қойды. Жалшы-малшының ауырған сырқағанын ерсі бір еркелiктей көретін Жұман үйден шыға қоймаған Жабайға катты ызаланып тұр.

Ағайын арасының алғай-шалғайын білмейтін бурыл ат шөпті арбаларға жақындап барып, қайыр тілегендей жағалап жүр. Өзеурей ұмтылып, ортаға кіргісі келеді. Қаз-қатар байлаған Игіліктің семіз аттары, оңтайына

келсе, иектен салып қалып, арты мен алқымынан соғып, орталарына киргізер емес. Аш ат көзін сүзіп, шөпке қарайды, құр тамсанады, мөлие қарайды...Жұманға бурыл аттың осы қайыршылығы да батып барады.

— Қайда әлгі Жабай, қадалып қалған ба? — деген Жұманның зәрлі айғайына қараша үйден Жабайдың әкесі, сығырайған мұжық шал Талтаяқ жүгіре шықты. Жүгіріп келем дегенмен, жүрісінде өнім жоқ, әлі үйінен ұзай алған жоқ.

— Байекесі-ау, Жабайдың жайы болып жатыр ма... Өзім барып әкеле қояйын, қайда жүр екен өзі, жануар... — деп, мыяулап сөйлеген сығырайған шал айнала қарады.

— Әне! — деді Жұман Игілік аулын иегімен ғана нұсқап. Өртеніп кеткір биік қақ үй тағы да еріксіз көзіне түсті.

Жұман тықыршыса лайсаңсыз өтпейтінін білетін Көпей бәйбіше де далаға шыққан еді. Түнде Игілікке онаша жолығып қайтқаннан кейін, Көпей бәйбіше осы тақырды тастап, бір түгі бар жерге көшейік те дегенде, Жұман бет бақтырмаған. Тіпті Игіліктің бір сүбелі жеріне басып қонайық дегенде де жауап қатпаған. Көпей әрине, Жұманның ендігі бет алысын ертерек абайлағалы шығып тұр...

Жұман енді абайласа, Байжан жындының кешегі айтқаны келіпті. Айнала өрт шалғандай... Таңертеңгі аз ғана желден бұрқырай бастаған шаң қоюланып барады. Ойда-қырда буалдыр ішінде шұрқырасқан жылқылар:

— Көш, Жұман бай, көш! — деп шуласатын сыяқты.

— Жықтыр үйіңді! — деді Жұман, үй маңайында күйбеңдеп жүрген бәйбішесіне.

Бәледен бас сауғалап құтылып үйренген Көпей бәйбіше, әр үйді ақырын ғана оятып, балалары мен келіндерін, жалшылары мен жүкшілерін жауып жіберіп үйлерді жықтыра бастады.

— Жылқыны қалай қарай аудартайын? — деп сұрады, Жұманның кіші баласы Тәтіл. Оның ойы әкесінің айғай-шуынан құтылу үшін жылқыға кетіп қалу еді.

— Маржан-көл, Құндыздыға қарай! — деді Жұман қысқа ғана.

Кеше Жұманның әбігерінен өз баспаналарын тіге алмаған қонсы-қолаңдар, жалшы-сауыншылар әр жаппаның астынан үрпиіп-үрпиіп тұра келіп, тағы да Жұман-

ның көшін жөнелтуге кірісті. Жүгі босатылмаған түйелерді бақыртып-бажылдатып тұрғызып, біріне бірін тіркеп, жүкшілер де Жұманның жөн сілтеуін күтіп тұр.

— Жөнеліңдер әрі! Менен көз жазып қалмаңдар! — деп, Жұман атқа мініп, көшті өзі бастап әкетті. Қайда қондырары белгісіз, қырсығып кетіп барады.

Тағы да оқыс бірдемеге ұрындыра ма деп қауіптенген Көдей бәйбіше жұрттың бәрін асықтырып, алдыңғы көштің қарасы үзілмей-ақ, бес-он түйеден тізіп, кейінгі жүктерін де тез-тез жөнелтіп жіберді. Көштің дағдылы сән-салтанаты келмей жатқанына қараған жоқ. Кеше түс ауа жұбын жазбай шұбалып құлаған сәнді көш, бүгін міне күн көтеріле бергенде кешегі ізімен кейін қарай қайта шұбап кетті. Үзік-үзік болып, берекесізденіп, сәнсіз, ажарсыз кетіп барады.

Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екемін деп келе жатыр еді, Ақмола жолымен шұбап келе жатқан көп арбаны көрді. Әуелі ол, елдің күздікке құлағанын сезіп, жылт ете түскен Сейткамал сәудагер ме екен деп қалып еді. Бай ауылдарға о да осылай көп арбамен бұл әкеліп сатып, күзге қарай тағы бір жебей сауып кететін. Жақындай келе, Жұман бұ да Игіліктің бір тасығандығы екендігін таныды.Төрт ат жегілген ұзын көк арбаға төрт пәуеске тіркеліп озығырақ келе жатыр да, төрт тарантас тіркелген көк арба кейінірек келеді. Сары бұлғарымен жапқан пәуескенің үсті-басы сары-ала жез, күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Тарантастар да күміспен жаптырғандай жарқырайды. Игіліктің сауда жағында жүретін бір алаяғы Батыраш көк арбаны орталай салып алған шөптің үстінде шалқасынан жатыр да, екі жігіт божы ұстап отыр.

Жұман күйініп кетті. Аузына Игілікке айтар қарғыс та түспей қалды. Алқымға буда-будасымен келіп тірелген көп қарғыс, біріне-бірі жол бермей, шығар ауызда кептеліп қалғандай. Жұман қара буырыл атты қатты бір тебініп қалып, ағызып келген бойы ең соңғы пәуескені бұзау тіс қамшымен тартып-тартып жіберді. Жабық пәуескенің гүмп-гүмп еткеннен басқа қарсылығы байқалмаған соң, айналып келіп тағы да ұрды... Көп ұрды, күмпілдетіп ұрды... Ырылдағаннан басқа үн шығармай ұрды. Бірақ, «өлдім, өлдім» деп, «әке құлдық, араша!» дегенді ести алмаған соң ыза-кегі де тарқай алмады.

Игіліктің шымбайына батар жері де Жұманның есіне осы арада түсе қалды. Ол жер — Игіліктің мана таң ата Омарға тапсырған жері «Дайрабай» еді. Жұман көшін тура солай қарай бұрып әкетті...

У-шу басылып, соңғы түйелер жөнелген соң ғана Көпей бәйбішенің құлағына Жабайдың қатты ыңқылы мен бебеу қаққаны шалынып еді. Жұман үйінде бір арба жоқ. Жабай әзір теңдеп әкетуге де жарайтын емес. Оның өзін де түнге қарай жасырын істемесе, жалшыны олай қастерлегенінді Жұман бай көтермейді де. Сонымен, Талтаяқ шалдың қараша үйі жығылмай, жұртта қалғалы тұр. Ешнәрсе айтуға бата алмай, мықырайған шалдың өзі де осы маңда жүр. Аттарына мініп алған келіндері мен бір топ қыз, анадай жерде Көпей бәйбішені тосып тұр.

— Жабайдың беті бері қарағанша осы арада қала тұрасыңдар да...— деді Көпей Талтаяққа қарап. Аяуы көп, амалы жоқ дауыспен есіркеп айтты.

— Түйені кім бағады? — деді Талтаяқ, Жұманның түйелері бағусыз қалатындай. Құлдыққа біржола көніп, еті өліп, жаны сөніп болған құл, тым болмаса, жалғыз баласының жайын да аузына ала алмады.

— Сорлы, түйені айтады ғой! — деп, Күншe күйініп кетті де, Көпей бәйбіше құр аяудан ары бара алмай:

— Қайда қонарымызды өзім де білмеймін. Әйтеуір, ат жетпейтін жер жоқ қой, ас жібертіп тұрармыз...— деп, атын ұстап тұрған Күншеге бұрылды. Қолынан келері жоқ, дәрменсіз жан екендігі өз есіне де осы арада бір лоқсып кеп түскендей, көзіне жасы да келіп қалып еді.

Күншенің түндегі өкпесі азырақ сетінегендей болып:

— Ас жібертіп тұрарсың-ау, апасы... Жабай сорлының міндеті кісіде болып жатыр ғой, оны қайтеміз? — деді.— Мынау әбілет шал ма сенерің? — деп, Талтаяққа ызамен қарады. Көзінің оғы болса, атып жіберердей етіп қарады. Жабайға жаны ашыйтынын да, ауруды күтуге қалғысы келетінін де Көпейден жасырған жоқ. Көпей аз бөгеліп ойланып қалды да:

— Қайда болса да сені жұмсамайтын күнім бар ма менің... Қолың жеңіл болушы еді, сен де қала тұрсаң қайтеді? — деді.

— Сөйтейін, апасы,— деп, Күншe Көпейге алғыс көзімен бір қарады да:

— Назыкеш, біздің қосты артқан түйені алып қалшы, қалқам... Біз де қала тұратын болдық,— деді.

Жарау тобылғы торы бедеуге мініп алып, қыз-келіншектермен бірге жөнелгелі тұрған Назыкеш топ арасынан іркілмей сытылып шықты да, ұзай берген соңғы бір тізбек көшке қарай шауып кетті. Қамшы ұстаған қолымен үкілі төбетейін басыңқырап алып, катты шауып барады. Далақтамай, далбалақтамай астындағы атына жабысып қалғандай, тік ағызып барады. Көңілсіз ғана үлкен сұр жорға атпен келіндерінің алдына түсіп Көпей бәйбіше де жүріп кетті.

Кешегі абыр-сабыр ыңырсыған бай ауылдың орнында калқайып қана жалғыз қараша үй қалды. Төр алдында басы-көзі танулы Жабай жатыр. Бай ауылдың жұртында қалған барлық қара шыбын енді осы жалғыз қарайғанға жыйналып, үйдің іші быж-быж қайнайды. Қызуы күшейіп, еріндері кезеріп, қарайып кеткен жаралы жігіт аласұрып жатыр. Ат үстінде жылқы бақкан қарулы жігіттің барлық сом денесі ауыр қыйналыстан шіреніп шыйратылады. Жас дененің күші де, көркемдігі де сыртына тұтас шығыпты.

— Кім бар осы үйде? Мыналарыңды алып тастандаршы, көзімді ойып барады,— деді Жабай, көзін таңған ескі қызыл атаны шүберекті жұлып тастауға оңтайланып.

— Шыда, шырағым, шыда...— деді, қасында отырған Күнше.— Ұшығым жеңіл болушы еді, қайдан білейін, байғұс бала... Шыдайсың да...— деп, үмітсіз күрсініп, Жабайдың күпшектей болып ісіп кеткен оң тізесіне қарады.

— Қазір жылқының жас тезегін қайнатып, тізеңді де байлап берем...

Жабай жауап қайыра алмады. Бірдеме айтқысы келетіні, бар денесінің дамыл таба алмай, дөңбекшуінен ғана байқалады. Қасында жанашыр бір жан, Күнше барын білген соң, азырақ тыншығып та қалды.

Жабай жыйырма беске жаңа толған, өрімдей жас жігіт еді. Жұманның жылқысын бағуға оң бесінде түсіп еді, содан бері осы есікте. Өзі ес білгелі әкесінде бір тарғыл шолақ сыйыр болатын еді, әлі содан асқан жоқ. Өмір бойғы зеку мен ақырудан жасқанып өскен әкесі, енді қартайғанда біржола мәңгі боп кетті. Қуанышы ботаның айналасында, қайғысы іңгеннің маңайында.

Кеше іңірде Жабай жылқының бір шетін қайырып жүр еді, Игілік ауылынан құйғытып шыға келген жолбасар жігіттер мұны ортаға алып, қасқырдың қозыға жап-

қан жаласын айтты. Бұлармен жанжалдасар ойы жоқ Жабай:

— Көп жылқыға ие бола алмай жүрміз, жігіттер. Қайта, қолқабыс қылып, осының бетін бұрысып берсеңдер қайтеді? —деді.

— Бұл қайсысы өзі? Қалжың айтатын неме ғой! — деп, қабырғаласа берген Омардан Жабай зұлымдық күтпей, бейғам тұрып қалып еді. Тақымға қыстырған шоқпар — түп келтектің сол жақ көзіне сарт етіп қалғанын бір-ақ аңғарды. Шоқпар шың етіп көз сүйегіне қатты тиіп еді. Екі көзінен жалп-жалп етіп, жанып бара жатқан зеңгір көк жапырақтар жерге түсіп жатқанын көрді. Есеңгіреп қалса да атқа үйренген тақымдары құлатпады. Енді Омар бір жігітті мандайдан ұрып құлата алмағанына намыстанғандай, қайырыла беріп, қақ тізеден тағы бір ұрып жіберді. Соңғы ұрғанның кім екенін Жабай білген де жоқ, атынан ауытқып құлай берді де сол аяғы үзеңгіге ілегіп қалып, біраз сүйретіліп барып, жерге сылқ түсті. Жылқышылар тауып алғанша Жабай құлаған орнынан қозғала да алған жоқ. Қазір міне, ауыр күйде, әйелдердің жасаған ем-домымен ғана жатқан жайы бар. Күйдіріп басқан құрым киіздің күлі көзін тесіп бара жатқандай.

— Сусын,— деді Жабай ернін тілімен әрең жалап.

Назыкеш үнсіз ғана орнынан тұрып, кірлі кетік ағаш аяқты жуып жіберіп, Жабайдың аузына шалап тосты. Күңше Жабайдың басын жастығымен бірге көтеріп сүйей беріп, сусынды әрең жұтқызды.

Тең-теңімен деген сыяқты, бұл екі үй кедейдің арасында да бір шұңкіл бар еді. Талтаяқ бір кеште, сыйыр сауып отырған Күңшенің қасынан кетпей, «қара ботақанымнан айналайын, боз ботақанымнан садаға кетейін!» дей отырып, аяғында:

— Әлгі біздің Жабайдың бір қыңқылдап жүргені бар еді...— деген еді.

Күңше оның не қыңқыл екенін сұрап алып:

— Бір сорға бір сорды қосқанда ырыс туа ма екен? — деп ширығып бастап: — Өзі бір жолығар, өзіне айтармын. Сен жайыңа-ақ жүрсеңші,— деп кетіп қалып еді. Быйылғы жайлаудан көшер алдында ғана Күңше мен Жабай өзді өзі келісіп, уәде байласты. Күңше Жабайға өзінің бір аналық арманын айта келіп:

— Бір-ақ сөзім бар, қарағым. Бәріміз бір босағада,

бірміз құл, бірміз күң болып жүргенімізді көріп қалай отыра аламыз? Қуанышымызды көруге жазбаса, бірміздің біріміз қорлығымызды көрмейтін болайық. Біріңнің малшы, біріңнің сауыншы болғаныңды көріп мен қуанам ба, Назыкеш пен екеуіміздің үлкен күң — кіші күң болып жүргенімізді көріп, сен қуана аламысың? Мұны қызық көрмейік, балам. Осы үйден қай күні кетсең, сол күні жетектетіп жіберейін Назыкешімді. Тені сендейақ болар. Әттең, сорлы баланың өзіммен бірге боқтық естіп, өзіммен қатар ит-салпақта жүргенін көрмей өлсем екен,— деген.

Аллағы қыстан кейін, кесімді күні біткен соң, Жабай бұл үйден кетпек болып, екеуі осыған уәде байласқан еді.

Кеше түнде «Жабай білем!» — деп жүгіре шыққаннан бері Күнше осы үйдің маңайында. Сыртына егіліп шығармағанмен қасірет үстінде жүр. Мандайсыз, баксыз деп өзін кінәлайды. Әлденеден жүрегі қатты сескеніп, бойы тершігеді, үмітсіздік сезінеді.

Жабаймен арадағы әңгімені сезініп қалған Назыкеш те әлденеден қысылатындай, шешенің көзін, Жабайдың қыймылын аңдып, тіл қаттырмай елпілдеп жүр. Әсіресе, өзінің атын ататтырғысы келмейтін сияқты. Әлде көштен қалғандықтан ба, әлде Жабайға жаны ауыра ма, әйтеуір жүзінде еләуір қуаңдық бар.

Асығыс Сеит кіріп келді. Ол жалғыз түйені кейін желелеп қайтқан Назыкешті танып еді. Назыкеш пен Талтаяқ шалдың мықырайған қоспақ түйені бүгіп-бүктеп жыға салып, қара лашықты қалқайта бастағандарын да көрді. Жұртта жығылмай қалған қараша үйдің кімдікі екенін танымаса да, жайшылыққа сыя бермейтін бірдеме болғанын ішіне түйді де, осылай қарай кетті. Қандай бәле болса да бір қанатымен Назыкешті іле кеткендей көрінді.

— Мынау Жабай ма, не болып еді, неге жатыр? — деді Сеит.

— Не болушы еді, қарағым... Екі арада шыбын өлетін әлеті емес пе...— деді Күнше.

Сеит аржағын сұраған жоқ. Бұл екі ауылдың арасында мұндай қақтығыс үдайы болып тұрады, талай көрген таныс қылығы. Жабайдың көзінен аққан қаны құрым киіздің күйігімен араласып, бет-ауыздың ашық қалған жеріне баттасып қалыпты. Оң қолымен таңулы

көзін сыртынан басып алып, шыдай алмай ышқынып, бұратылып, катты қыйналып жатыр.

— Бершілге апару керек. Мен Мыналарыңнан шошынып тұрмын,— деді Сеит.

Жабай тағы да сусын сұрады. Бұл жолы Жабайдың басын Сеит сүйеп, сусынды Назыкеш жұтқызды. Бірі сусын ішіп, бірі сусын беріп, бірі сүйеп тұрған үш жастың басы Күншенің көзіне тұтас көрінді. Алдағы күнде өмірлік тағдырлары қалай тоғысып, қалай айрылары белгісіз үш өрімдей жастың үш әдемі басы бірге қосақталғандай, Күншенің көзіне ыстық бір достық, туысқандық көрініп кетті.

— Бұ да өзіміздей көңілі сынық жетім ғой...— деп ойлады Күнше Сеиткө қарап.

Қасында бір жаны ашырлар барын сезініп, Жабайдың құлазып жатқан жан жүрегі де жылынып кетті. Назыкеш еңкейіп шалапты Жабайдың аузына тосқанда, әлі әжім түспеген сұрғылт саусақтарымен сүйрік қызғылт тырнақтары, бұрымының астынан күн шалмаған жұмыр мойны Сеиттің көзіне де түгел көрініп еді. Осындай жерде көрместі көре қойғанынан ұялғандай, Сеит көзін тез аударып әкетті.

— Бершілге апару керек, апай... Әйтпесе, бұ да Сарымсақтай болып қалады,— деді Сеит, бұрынғы бір төбелесте көзі шығып кеткен Игіліктің жалшысы есіне түсіп кетіп.

— Қалай апарамыз, қарағым-ау... Біздің қолымыздан не келеді? — деді Күнше, жәрдемі болса, Сеиттің өзінен күтетінін аңғартып.

— Мен қазір шөпті көп қылып салғызамын да нағашым үйінің бір көк арбасын жектіріп әкелем. Зауыттың бершіліне өзім алып барысам. Бірге баратындарың әзірлене беріңдер,— деп, Сеит тез шығып кетті.

Сеит Игіліктің үйіне таянғанда, Игіліктен басқа жұрт жаңа келген пәуескелерді қоршап тұр еді. Жас әйел Айғанша біреуіне мініп алыпты да:

— Орыстың қатындары ғой ылғый осындайға мінеді! — дейді.

— Олардың несін сұрайсың... Күнге тію дегенді біле ме олар!..— деп, Омар қостап тұр.

Екі бас бармағын кіндігінен төмен буынған сары атаны белбеуіне қыстырып алып, коршаған көптің ортасын-

да Батыраш тұр. Біреу пәуескенің сыртқы былғарысын, біреу ішіндегі қызыл-күрең сапыянын сыйпайды.

— Мыналары алтын ба өзі! — деп, өтірік білмегенсіп, мактағысы келіп тұрғандар да бар.

— Қайтесіңдер, жігіттер, қолдарыңды тигізіп... Мұның өзін ит терісінің жонынан илеген жұмсақ жарғақпен ғана сүртіп ұстайтын көрінеді. Адамның алақаны деген у ғой...— деп Батыраш пәуескелерге қол тигізбей тұр...

Игілік пәуескелерді өзі шығып көре ме деп үміттеніп еді, Батыраштың ол ойы болмай, көңілсіздеу тұрған да жайы бар. Оның себебі Батыраштың бір күн кешігіп келгенінде екенін аңғартып жіберу үшін Айғанша:

— Пәуескелер кеше осы арада болсын демеп пе еді?.. Боран бөгеді ме, жауын бөгеді ме? — деді, пәуескеден түсе беріп. Бірақ Батыраштың жауабын күтпей:

— Екі пәуеске мен бір жеңіл арбаны осы үйдің қасында қалдыр да, өзгесін үлкен отауларға таратып бер... Өздері бөлісіп алсын...— деп, үйге қарай бет алды. Бір ызғар барын енді ғана айқын ұққан Батыраш үн шығара алмай қалды. Орынды себебін де айта алмады.

Сеит бұл топқа жалпы сәлем берді де тоқталмай өтіп кетті. Әшейін де:

— Белнази — белбеуінді; кеунази — кеудене қарай, көннази — көтеріңкіреп байласаңшы!..— деп, Батыраштың белбеуін кеудесіне қарай бір сырғытып беріп кететін әдеті болушы еді, оны да істеген жоқ. Көңілсіз де, әбігер де сияқты.

— Нағашы,— деді Сеит Игілікке, үйге кіре бере,— Жабай дейтін жылқышының көзі шығып, аяғы сынып жатыр екен. Бершіл бір жәрдем етпесе, өзгеден үміт жоқ секілді. Өзі бір етінен ет кесіп беретін жайсаң жігіт еді. Көк арбаның бірін жектіріп, Ак-бұйраттағы бершілге апарып келсем деймін,— деді. Игіліктің көңіл қоя тыңдағанын көріп, іркілмей айтты.

— Соққыға жыққан кім екен? Қайсысы екен? — деп сұрады Игілік. Бірақ, біздің жігіттер емес пе екен деген жоқ.

— Өткен түнде болған төбелес қой... Ол жағын мына Омар білмесе, Жабай өзі әлі тілге келген жоқ, әл үстінде жатыр,— деп, Сеит үйге кіре берген Омарды нұскады.

— Кімді дейді, нені дейді? — деп, Омар жалтарысқа сала беріп еді, Сеит:

— Сенен айып сұрайын деп тұрған ешкім жоқ. Жабайды сойылға жыққан кім? Түнде жігіттерді сен бастап кетпеп пе ең? — деп тігірек келіп қалды.

— Е, мен атқа мініп шыққаным рас... Бірақ, келе жатқан Ушаковтарды көріп кейін бұрылғамын,— деді Омар.

— Ушаков сендердің төбелестеріңнен көп кейін келген жоқ па? — деп, Сеит көзін тағы бір жарқ еткізді.

Қызу жас жігіт бұдан гөрі де каталырақ кетуге Игіліктен бата алмады. Омардың қолы таза еместігін түсінсе де, Игілік ол жайлы ешнәрсе айтпай:

— Сеитке ат жекгіріп бер. Қасына бір-екі жігіт қос, — деді Омарға.

Сеит арба алып келгенде Күнше байғұс Жабайдың тізесіне ып-ыстық сары жалқаяғы сорғалап жатқан жұмсақ бірдемені үйіп-үйіп салып, бар ескі шүберекпен байлап-танып, сыртынан шудажіппен тігіп жатыр еді. Сеит мұның не екенін түсінсе де үндеген жоқ. Төрт жігіт көтеріп Жабайды арбаға салып берді. Көпіртіп салған көк шөп аурудың денесіне жайлы леп беріп, Жабай «уһі!» деп бір рахат демін алғандай болды. Арбаға екі жігітпен бірге қызы мен Күнше де мініп, Жабайды Ақ-бұйраттағы Ушаков зауытына алып жөнелді. Салт қатарласып Сеит те келе жатыр.

Бұлар Игіліктің аулының тұсынан өте бергенде, көлденең келіп жолдың жиегінде тұрған Тлеуке кездесіп еді. Ол қашанғы әдеті бойынша бір сом тауып алуға, түндегі Ушаковтар кеткен жолға түскелі келе жатқан.

— Жабай дей ме, әй?..— деді Тлеуке ыржалақтап.— Ол былтыр мені желкемнен түйіп қалған... Бершілге апарып тастандар, өлсін! Ие, Сеит! Өлсін...

Тлеуке үшін «түйіп қалған» мен «өлсін!» дегеннің арасында айырма жоқ, екеуі де жарасымды қалжың сыяқты еді.

Сеит бұрылыңқырай беріп Тлеукені атының кеудесімен соғып құлата салды да, артына қарамастан жүре берді. Тлеуке ашуланған жоқ, тұра салып, айнасын сыырып алып, күн сәулесін Назыкешке түсірем деп әуреленіп қала барды. Тағы біраздан соң, есіне Жабайдың түйіп қалғаны түсіп:

— Сеит! Бершілге апарып таста, өлсін! — деді айғайлап.

Жол бойы Сеит Жабайға үлкен жанашырлық көр-

сетіп келді. Аттарды жорткызбай, жігіттерді дабырлатпай, Жабайға әлсін-әлі сусын бергізіп отырды. Күнше мен Назыкеш те Сеитке қатты риза болып келеді. Сыр алыспаған жас жігіт бәрін де риясыз көңілмен, жеркенбей, іркілмей істейді. Әйелдер араласа алмайтын күтімнің бәрін өзі атқарысып, қасындағы жігіттерді еріксіз көндіріп бұлтартпай қойды. Әлуетті, оңтайлы жас, қабырғаласа беріп арбаға бір қарғып түсті де, Жабайдың қынқ еткенін онай ұғып, орындай бастады. Атын біржола Назыкешке беріп, оны ілгері жүргізіп жіберіп, Ақ-бұйратқа жақындағанда ғана атына өзі мінді. Мұны да қырымпозданбай, қыйқандамай істеді. Тіпті, жолға шыққаннан кейін Назыкеш дейтін жас қыз бірге келе жатқанын жас жігіт ұмытып кеткен сыяқты еді.

Кежімдеп ерттелген сұлу күрең төбел бестіні жылыстыра аяңдатып, сылаң қақтырып, Назыкеш алда кетіп барады. Өзі де қолға конған қаршығадай сергек, аш белінен қынай буынған, ұша жөнелердей жыйнақы отыр. Үстіне кигені, әрине, біреудің ескілері... Қосай-қолош бай келіндердің бірінікі... Жеңсіз күрең баркыт тіпті өзінікі емес. Шоқ үкі де әлдекімнен ала жаздай сұрап жүріп алынған болу керек. Ұқыпты шеше өнерлі қолымен, қолымен емес жанымен, жүрегімен,— бәрін өзі қыйыстырып, шақтап берген. Қызын осы күйінде көрген сайын сорлы шеше өзі де ылғый қуанып қалатын еді. Құлыным, қуыршағым деп, аймалап сүйетін еді. Әсем басқан жарау атқа мінген соң, Назыкеш тіпті құлпырып кеткендей. Онысын өзі де сезіп, арт жағына қарамай кетіп барады. Осы күйде келе жатқан қызына көзін сүзбей, Жабаймен болып кеткен Сеитке Күнше байғұс қатты риза болып келе жатыр. Бай ауылда жоқ мінез көріп, таңданып та қояды.

Жабай азырақ тыншығып, Сеиттің қолы босаған бір кезде божы ұстап келе жатқан, жалпақ денелі, мосқал адам артына бұрылып:

— Қарағым Сеит, төбелес Сармантай мен Мұраттікі болады ма шығатын көз біздің Қаракөсектікі болатыны несі? — деді. Бұл бір көзін ақырайтып ақ басып кеткен Сарымсақ еді.

— Сармантай-Мұрат үшін төбелеспендер ендеше! Неге төбелесесіндер? — деді Сеит. Басқа бір жауап беру керектігі алыстан бұлдырады да аузына айқын келмей қойды.

— Жамандыққа неге жорыйсың? Бершілге жазылады деп әкеле жатырмыз ғой, — деп Күңше Сарымсақтың сөзін ауыр алып қалғанын білдірді.

— Жоқ, бершіл жаза алмайды. Бұл да мендей сокыр болып қалады. Өзгеден аман қалса да құрым киізден көз аман қалмайды. Құрым киіз басыпсыңдар... Ол менің тартқан азабым,— деп, Сарымсақ тура өз ойын айтты. Бірақ, Сармантай мен Мұрат байлары үшін Қаракесектің кедейлері ендігәрі төбелесе ме, жоқ па, оны айтқан жоқ, оны әзір өзі де білмейтін еді.

Қырық шақырым жердегі Ақ-бұйрат заводына бұлар күн ауа жақындап еді. Күрең жорға атты қатты тайпалтып келе жатқан Омар қуып жетті. Ол Игіліктің таң ата берген бұйрығы бойынша, Нұра бойындағы шөп машиналарының біразын «Дайрабай» басына аударуға келе жатқан. Қызып алған жорғасын әрең тоқыратып:

— Мен Ақ-бұйратқа соға кетем, бершілге жолығам. Бөлмесінде бос орын бар ма, жоқ па, кім біледі, иттің... Бәрін өзім даярлата кетермін,— деді Омар. Әйелдерге амандаскан жоқ. Көз қыйығы анадай жерде ат үстінде кетіп бара жатқан Назыкешті шалды.

Мұнысына риза болып кеткен Сеит кешеден бері мұнымен қырыс сөйлесіп жүргенін жуа жауап беріп:

— Мұның бір жақсылық екен, Омеке... Мен бұларыңмен араласым аз, бершілінің қайда тұратынын да біле алмай келе жатыр едім... Енді күреңнің өкпесін қытықтап тұрып, басын тартқан болмай-ақ қойыңыз, тарта беріңіз,— деп сөз аяғын қалжыңмен бітірді.

— Ай, ерке жиен-ай, әйтеуір... Саған не айта алам... Құдай қосса алдарыңнан шығып өздері қарсы алатын етермін! — деп, Омар ілгері кетті.

Бөксесі екі жағына кезек ауытқып, әлдекімге «ие, ие!» деп бара жатқандай басы да селк-селк етіп барады. Екі аяғын үзеңгіге тік қадап, қамшы ұстаған оң қолын мықынына басып алыпты. Игіліктен жасыратын сәнденуін мыналардан жасырмай кетіп барады.

Көкөзек өзенінің Ақ-бұйрат деп аталатын күншығыс жақ жарқабағы ығы-жығы адам екен. Топ-топ адам өлікті жерлеп болып, енді зыйрат аралап жүргендей көп төмпенің арасында жүр. Өзен жарының дәл құлай берісінде қадірлі бір өліктерге бірнеше там салынып жатқан сияқты. Тағы бір шоғырланған топтар ыс салып жатқандай, қараша үйдей етіп қыр басына қаз-қатар үйілген бірде-

мелерге от беріп жүр. Быксып жанған қыйдың, дүрілдеп жанған баялыш пен қарағанның иісі келеді. Кейде мұрнынды көңірсіген май, күкірт иістері тіліп өтеді.

Көпір аузында жүк тиелген арбалар, тең артқан түйелер сығылысып тұр. Күйген темірдей жасыл тастар, борбалшықтар, қый мен тезек, бәрі аралас келіпті. Адам айғайлары, түйелердің ақырып-бақырғаны, шақылдасқан тас, қаржасқан темір үндері алдында бір әбігер дүниенің қақпасы тұрғанын елестеткендей еді. Үн сапырылысқан қозғалысқа, қозғалыс көп үнге айналып, үн мен қозғалыста жік бары аңдалмай тұр.

Осы у-шу, тар қыспақтың арасынан Сеиттерді урядник Боткин алып өтті. Қарсы алуға әдейі шыққанын көрсеткісі келіп, жегілген аттарды жетелеп алды:

— Инилихов мырзаның арбасына жол беріңдер! Арда киргиз, кейін тұр! — деп, әркімді кеудеден бір итеріп қалып келеді. Елді тұтас «Арда» деп әлденеменеге теңеп, Игіліктің арбасына көшемет көрсетеді. Жаралыға жол бер, не болмаса, қонақтарға жол бер деген сыяқты сыпайы ишарат әдетсіз ауызға түсер емес.

Сеит бұл маңайға былтырдан бері келген жоқ еді. Өзеннен өтіп арғы қабаққа шыға бере айнала қаранып, таңданып қалды. Біріне бірі ықтап, итініп тұрған қараша үйлер ығы-жығы, сығысып отыр екен. Бір шеті өзенге тіреліп, енді бір шеті қыр асып кетіпті. Үй арасына үй сыймастай жиі тігілген. Әр үйдің қасында бір сыйыр, селдіреген ешкі тұқымы көрінеді. Бейнеуі кеткен қараша үйлер бәрі бір жағына қарай, бірыңғай еңсеріліп, бір дауыл соққа болғаны, бәрі домалап келіп өзенге құлауға әзірленіп тұрғандай.

Кейбір үйдің қасында өңештері сорайып, өзеуреген, бет-ауыздары иленген терідей қатпар-қатпар, арық шалдар отыр. Топ-тобымен іннен шыға келгендей қара сырақты балалардың көздері ғана жылтырайды. Өзге дененің ақ-қарасы айрылар емес.

Сеит бұл тобырдың түрінен шошынып көзін алмай келеді. Жүз елу үйлі жатақтың бала-шағалары мен кәрі-құртаңдары да әдемі ат мінген жігітке әрі таңданып, әрі жатсырап қарайды. Бұлар әдемілік, әсемдік дегенді ұмытып қалып, енді бір кездескенде таный алмай қалған сыяқтанады. Сонымен бірге, елде әдемі ат мінгенді көрсе жарамсақтана бастайтын кедейлер, мына жерде сені елемейтінде сыяқты.

Бұлар, өздерін әлі күнге «жатақпыз» дегенмен, Ушаковтың жұмыскерлері еді.

Ушаковтың Спасс мыс заводы деп аталатын жері осы Көкөзек бойындағы Ақ-бұйрат адыры. Жар қабақтың құлай берісінде салынып жатқандар там емес, мыс қорытатын дөңгелек тас пештер. Әзірше, мыс шығатын тастарды балғамен уатып, қыймен, қарағаң-баялышпен өртетіп амалдап жүр. Сеиттердің көріп келе жатқандары да осылар.

Көк арба үйме-жүйме болып отырған караша үйлердің шетіне шыға бергенде, онашарақ тұрған бозғыл үйден, иегіне ғана бес-алты қылтанақ шыққан көсе адам шыға келіп:

— Тура анау шеттегі тас үйге қарай жүріңдер, шырағым,— деп қатарласа кетті. Бұл осы заводтағы орысказақтың арасындағы тілмашы—көсе Жұсып деген кісі еді.

Жаңағы ауылдың әсерінен әлі арылмаған Сеит алдыңғы жағына енді ғана қарады. Бірінен-бірі алшақ салынған он шақты ақ үйлер түр. Бір-екеуі түйе қорадай ұзын болғанымен, қой қорадай аласа ғана. Шынының сынығынан құраған терезелерді бүкіл дүниеге наразылығы бардай ренжіп қарайды. Бұл үйлердің маңайында ит те жоқ, тауық та жоқ. Жеңсіз кенеп көйлек киген он шақты жас қыз балалар, баска қуыршақтары болмаған соң, Ақ-бұйратың ұсақ тастарынан үй қалап ойнап отыр.

Көк тастан салынған аласа бір үйдің алдында фельдшер Самойлов манадан күтіп тұр еді. Жабайды қолмақол арбадан түсіртіп алып, төр бөлмеге әкетті. Ауыз бөлмеде тұрған кішкене күрең столдың қасына орнығып отырып алып, Боткин қағаздарын жая бастады. Мұндайға әбден әккі болып алған ку қағаздың жарты бетін оңай сыдыртып келеді. Қасында отырған қазақтардың тандана қарайтынын біліп, басын бір жағына қыйсайтып алып, құран мен Інжілдің бірін жазып отырғандай, үлкен бір сәнмен, баппен отыр. Ойдың бір тереңі мен тұнығына кеткендей қалпы бар... Кейде сөз таба алмай қалғанда қаламы құр сүйрең-сүйрең етіп қағазды тесіп алардай болады да едәуір кідіріп қалады. Ондай кезде стол үстінде жосып жүрген қара шыбынның бірін сол қолымен сыпыра қағып ұстап аладыда езіп өлтіріп, алақанын шалбарына сүртеді.

— Бұл кім деген киргиз? — деп сұрады Боткин тілмашы Жұсыптан.

— Жабай Талтаяқов ұғлы,— деді тілмаш Жұсып.
— Қай болыстікі?
— Қаракесек болар...

Енді аржағын сұрамай-ақ, жаңа ғана жылтыр Омар айтып кетен ізбен, Боткин өзі қыйыстырып жатыр.

«Степных барантачах» деп жаңа бір жолды бастап еді, одан арғы сөздерді құрастыра алмай, өшіріп тастауға тура келді. Жоғарғы жаққа баратын қағаздың бетінде өшірілген сөздер болмасқа тиісті. Енді манадан бері жазғанын басқа қағазға көшірмеске де амалы болмай қалды. Ойының бар түйіні «даланың барымтасы» болғандықтан, осы екі сөз қаламына оңай оралды да оның өзге жекжаттары табылмай күйзелтіп отыр.

Төр бөлмеден фельдшер шығып:

— Көзіне не сепкен, қандай ем қылған? — деп сұрады. Жұсып оның жайын Күншеден сұрап білді де:

— Шорный кошма ест, понял? Огон жигает, понял? Потом больной клаз положит, харошо буйдет!.. Қанды тоқтата қояды! — деді.

— Аяғына жылқының жас тезегін неге жапсырған? — деп сұрады фельдшер.

— О!.. әята сабсем харошо! — деді Жұсып. Фельдшер басын шайқады да, қайта кетті. Жұсып тілмаштан бұдан артықты білу де қыйын еді.

Боткин манағы тұсқа қайта жетіп, енді кідірмей жазып кетті...

«Киргизин Джабай Талтаяков сын, родом из Қаракесеков, степных баранташах болып, сол жақ көзіне қатты нәрсемен ұрылған... Ол ятаған ба, укрюк пе, ол арасын участок фельдшірі Стефан Иннокентьевич Самойлов айыра алмады» деп, бір тоқтады да, Боткин төр бөлмеге кетті.

Омардың қадағалап тапсырып кеткені де, Боткиннің сенімді түрде дәлелдегісі келетіні де осы бір «степных барантачах» деген сөз. Бұл бүкіл дала әкімдерінің арқа сүйеу етіп алған сөзі. Далада жел болады, қасқыр болады, барымта болады. Осының бәрі бір тектес, сұраусыз кететін құдай ісі сияқты болып шығарға керек... Ізін жоғалтар бір дәлел керек болса, бәрі осыған әкеп тірейді. Бетімен жайылып жүрген бір ел бар, алыс-жақын, кедей-бай демей, барымталаса береді деп біржола сенісіп қойған сияқты.

Боткин фельдшерге сөйлесіп шықты да қағазына

қайта отырды. «Оның Джабай Талтайков сын оң жақ тізесінен де ұрылған. Көзі, мүмкін, шығып кеткен болуы, мүмкін, кейін көрмей қалуы... Тізесі біраз ауырып жүреді де жазылады. Көзі туралы мұны айтуға болмайды. Дала бақсылары емдеп, әртүрлі кір жапсырған, күл салған, түкірген... Бұларын тағылық деуге ғана болады»,— деп жазды.

«Екінші, Талтаяков сын Джабайдың бірге көшіп жүретін Жұман ауылы мұны далаға тастап, өздері қай жаққа екені белгісіз, көшіп кеткен... Оны бізге әкеліп тапсырған, және жәрдем еткен, Игилих би Өтеповтың адамдары. Жаралы адам өле ме, тіріле ме, оған фельдшер Самойлов ешбір гарантия бере алмайды. Спасс заводының басқарушысы Бернер мырзаның бұйрығы бойынша, үш айдан алты айға дейін емдеуге алып қалады».

Боткин өзі әдемілеп тұрып қолын қойды да Самойловтың шығуын күтті. Қылышы бар адам көрсе, қалаға келсе, берекесі кете қалатын ауыл адамдары тіл қатыспай, тыныш қана отыр.

Жабайдың катты ышқынған даусы әлсін-әлсін шығып, Сеитті манадан мазалап отыр еді. Көріп қоштасып шығуға ұлықсат сұрап еді, Боткин Сеитті өзі алып кірді. Жабайдың басы мен тізесін таза ақ шүберекпен таңып болып, енді байлаулы жатқан аяқ-қолдарын шешіп жатыр екен. Жабай сұлық жатыр, есеңгіреп, талықсып кеткен сияқты. Төрт еркек көтеріп алып, түкпірдегі бөлмеге апарып ағаш төсекке салғанда да Жабай үн шығарған жоқ. Тіпті дем алуы тоқталған сияқты. Сеит үрпиіп кейін шықты. Бұған көздерін тіге қойған Күнше мен Назыкешке:

— Арба да шаршатып келді ғой, әл үсті сияқты,— деді. Ұзамай фельдшер де шығып:

— Енді қайта беріңдер. Ұзақ жатады, көп емдеу керек болады,— дегенді түсіндірді.

Үнсіз ғана орындарынан тұрып, үнсіз ғана арбаларына мініп, Жабайды әкелгендер ауылдарына қайтты...

5

Қызылжар байы Никон Ушаков қазақ даласын көптен бері көкжал бөрідей кезіп жүрген адам еді. Бар қомағайдың әдетінше, көп жортты, көпке кездесті, көпті тапты. Бар байлығы қарпусыз, қаймағымен жаткан қазақ даласына қадала бастаған көп көздің алдын орап. Сары-

арқанның әр қыркасына бір қазық қағып, көмірді темірге, темірді мысқа, мысты қорғасынға қосақтап, арқандап тастады. Қай қазықтың түбінен алтын шығар, қай жерден мыс сорғалар, әзір оған көзі жете бермейді, әйтеуір иісі білінген кен байлығының жыйырмасына таңба бастырып, өз атына бекіттіріп алып, Жезқазған, Нілді, Ақ-бұйрат, Құлжұмыр, Сасық, Сорақ, Қарағанды сыяқты кенді шыйырларды кесек-кесегімен қылғып келеді.

Көшпелі ел жаратылыстың өз бергенін, бетінде ғана оңай жатқанын ала алмаса, оған Никон Ушаков айыпты да емес. Даланың надан байлары жердің түгіне таласып, қырқысып жатса, о да өз сазайы, Ушаков жердің қойнын ақтарып, қоймасын алмақ. Бұл күнге дейін сыртынан құшақтап, иемденіп алған көп байлыққа қанды шеңгелін енді ғана салғалы келеді.

Дәл осы кезеңге Компанияның өз тағдыры келіп оралып қалып еді. Бірнеше адамның пайда ортақ болып құрған Ақ-бұйрат мыс Компаниясы алдағы күнде өнімді өмір сүре алар ма, жоқ па, ол осы түнде, енді екі сағаттан кейін, Рязанов мырза біраз дем алып тұрған соң шешіледі. Компанияның ең қалталы мүшесі Рязанов:

— Қыйыр бір шеттегі болжалсыз бір үміт үшін, Орал тауынан мысқалдап терген алтын-күмісті құлазыған далаға апарып қапшықтап шашып жатырмыз. Бұл ысыраптың аяғы немен тынарын кім білсін...— дегенді өткен қыста бір аңғартып еді, қазір соның ақыры «Компаниядан шыққым келеді» әкеліп соқты. Рязановтың осы толқуының салдарынан Ушаков айқын анықталған бірнеше кенді жерлерді округке мәлімдей алмай, жіпсіз тұсалып келеді. Рязанов Компаниядан шығып кетсе, басталған істің бәрі тоқталмаса да шалажансар бірдеме болып қалады. Сондықтан:

— Көзіңізбен бір көріп қайтыңыз, содан кейін шешіңіз,— деп жалынып-жалпайып, Ушаков оны осы жолы әрең сүйреп әкеліп еді. Алыс қазақ даласына мойнына арқан салғандай етіп, әрең әкелді.

Қазір Қарағанды мен Нілді сатылып алынды. Мыстау, Қорғаш-тау, Жезқазған жайларын инженер Бернер бастаған бір топ адам анықтап келді. Рязановтың өте бір құмары — Алтынды деген жердің жайын бүгін Тұрсынбай алып келмек. Рязанов сол жайларды өз құлағымен естіп, байламын айтпақшы.

Қазағуар болып алған Ушаков елдің өз тіліндегі жер

аттарын да, даланың байырғы бейғам мінездерін де, дауылы мен желін де, ең аяғы сауырын да зерттеу жұмысына түгел пайдаланатын еді. Қысы суық, тоңы қалың Сарыаркада суыр інді терең қазады да кейде көмір ұнтақтарын, кейде мыстың нәлі шапқан қыйыршық көкала тастарды шығарып тастайды. Қатты желдер мен дауылдар түгі тықыр даланың топырағын суырып, кең етектерін ашып кетеді. Әр дауылдың артынан ере шапқылап, суыр біткенінің індерін бақылап жүретін Ушаковтың отызға тарта қазақ зерттеушілері бар. Тақымдарында бір-бір темір күрек, сірі жан-торсықтарын қанжығаларына тізіп алып, оңай кесіптің құнезерлері ойдықырды ылғый шарлап жүреді. Бұрын ешкімге белгісіз тың жерден кен тауып келгендерге Ушаков бір қой береді. Жұмыссыз жүретін көк-салпақтардың құлқындары көбінесе сол қоймен де толып қалады. Рязанов мырза демалып тұрғанша, Ушаков осыларды шақыртып алып, бай компанионын қызықтыра түсетін жаңа бір жайларды сұрастырып отыр еді.

Жаз бойы түк таба алмай қысылып жүрген Берден аншы, әрбір ісі оңалмай жүрген адамның байырғы әдетінше, Ушаковты сөзбен қарық қып тастағысы келіп өзгелерден бұрын сөйлеп кетті:

— Бауырым Ошаков, быйыл құдай берейін деп тұр саған. Біржола үйе салмаса қайтсін!.. Суыр дегеніңіз қаптап кетіпті. Адам аяғын салмаған жерден он бес ұя ордалы суыр апан қазып жатқанын көріп келдім. Үш күн, үш түн күзетіп отырдым. Не күміс, не алтын шығарсын деп жүрген бір бұйратым бар еді, соны әшейін жан-жағынан кеулеп барады екен... Күні-түні дамылы жоқ, арпалысып зауыт салып жатқандай!.. Ол жерден бірдеме шықпай қоймайды енді. Құдай қосса, бір қойыңыз Берденге қарап маңырап-ақ тұрған шығар... Айт, мына Жұсыбына, осынымды өзіңе орысшалап берсін,— деді. Жүзін әлденеше құбылтып, Ушаковқа төніп-төніп келіп, даусын да құйқылжытып, шамасы келгенше қызықтыра, сендіре айтты.

Өзгесіне түгел түсінбесе де «суыр, алтын, күміс» дегендерді білетін Ушаков, бұл жолы әрбір қожаның мән бермейін дегендегі әдетінше, Берденге «жақсы, отырыңыз» дей салды да тілмаш Жұсыпқа бұрылып:

— Мыс-тау не деген сөз? — деп сұрады.

Орысша тауды не дейтінін білмейтін Жұсып:

— Аята болшой-болшой земля... Сапсем полнай, кругом полнай меднай земля...— деді. Орысшаға шалалығын аңғартпағысы келіп, іркілмей, тез жауап берді.

— Гора?

— Нет, земля...

Ушаков мырс етіп күлді де:

— Қорғаш-тау деген немене? — деп сұрады.

— Аята тоже болшой земля. Тоже полнай суенсавай земля... Кейде күмісі де бола береді,— деді Жұсып.

Жұсыптың аудармасы онша дәл болмағанмен, үлкен жер, мыс пен қорғасынға толы жер дегені Ушаковке қатты ұнады. Мыс бен жездің айырмасын, «Мыс-тау» мен «Жезқазған» деген сөздердің айырмасын білгісі келіп еді, Жұсып оны айта алмады:

— Қазаққа оның бәрібір...— деді.

Ушаковтың Жұсыппен ғана сөйлесіп кеткенін күндей қалған Қарсыбек деген зерттеуші қозғалақтап қойып:

— Бұл далада не жоқ! Қорғасын-тау, Мыс-тау, Алтынды, Борлы-тау — бәрі де тегін жатқан байлық қой... Тікенекті деген жерде күміс пен қорғасын құба жонның бетінде жатыр. Тағалы атпен жүріп кетсең, ізің күмістей жарқырап қалатын жерді де көріп келдік... Әттең, соған біздің қазақ мойнын бұра ма! — деп, өз ішінде бір арманы барын да аңғарта сөйлеп Жұсыпқа қарады да үш сірі жанторсыққа толтырып алып келген кенді тастарын Ушаковтың алдына қойды.

Қарсыбек айтқан жерлердің бәрінен де қабары бар Ушаков, өзіне керегін әр кезде сұрап алып, түпкі ойын зерттеушілеріне аңғартпай ұстайтын әдетін істеді. Бұл жолы да ақтарылған жоқ. Қарсыбек әкелген кен тастарын қызықпай ғана аударыстырып қарап отырып:

— Мен бұдан не білем? Бернер көрер, қалдырып кет,— деп, жан-торсықтарды столдың үстінен өзінің арт жағына қарай алып қойды. Торсықтардың ауыр екенін де сезді. Шын-ақ әзір ешкім иеленбеген жаңа бір жердің кені болса, мұны аяқсыз қалдыруға болмас деп те ойлады. Бірақ, сол ойын сездірмеу үшін бей-жай болуға тырысты. Оның бұл сырын жақсы білетін Қарсыбек «Қақпаным қапқан-ақ шығарсын!» деді ішінен.

— Осыларының өзі ертегі емес, бар таулар ғой? — деп, сұрады Ушаков, отырғандарға түгел қарап.

— Е, кім білсін, өзіміз көрген емеспіз,— деп Жұсып дүдәмал жауап берді де, Қарсыбек:

— Бәрі де осы елдердің жайлап жүрген жерінде. Бала күнімізде «Алтын-тау», «Күміс-тау» дегенді, өзіміз де ертегі шығар деуші ек, ертегі емес екен,— деді. Ушаковтың көз алдына ағып жатқан алтын бұлақ елестегендей, көз жанары құлпырып, жем көрген қырандай қомданып:

— Қаскарбек, міне, алады бір қойды,— деді Берденге қарап. Көпіртіп сөйлеген сөзі болмаса, ісі әзір берекеленбей келе жатқан Берден көріне көлбең кете алмады, үндей алмай қалды.

— Бізге әзір бұйырмай тұрғасын, қайтеміз? Бұйырмай тұрғасын қайтеміз? — деп, қатты абыржып, айналасына қарай берді. Ешкімнің жүзіне де қарай алған жоқ.

Қауырт бір жұмыстан жолсыздыққа ұшырап, қатты күйініп қайтқандай күрең қабақтанып, Тұрсынбай қыяңқы да жеткен екен. Отырған қазақтарға сүле ғана амандасып, оңаша айтары барын аңғартып Ушаковке қарап тұрып қалыпты. Толтыра салған насыбай төменгі ернін керіп әкетіпті де сояудай-сояудай тот басқан алдыңғы тістері түгел көрініп тұр. Көзі жыланның көзіндей кілегейленіп, ілгіштеніп қояды.

— Сіздер бара беріңіздер,— деді Ушаков. Жұсыптан басқаларына түгел бір-бір қарап.

— Шіркін, орыс жұрты әділ болады ғой! — деп Қарсыбек шығып бара жатыр да:

— Әй, бұ да берсең ғана береді ғой... Онай алданбайды-ау, шіркін...— деп, Берден өзіне-өзі күбірлеп барады.

— Алтындыдан айрылыппыз,— деді Тұрсынбай Жұсыпқа қарап.— Өзің, әйтеуір, қыйсынын келтіріп жеткіз шегіріне... Алтынды прапал... Кезбе Попов қазығын қағып кетіпті. Қазығын суырып-ақ тастап едім, пештей бір таска жазу жазып кеткен екен, оны орнынан қозғай алмадым.

Жұсып түсіндіріп болған соң, Ушаков Тұрсынбайдан:

— Попов жазғанын қайдан білдің? — деп сұрады.

— Көшіртіп алдым,— деп, Тұрсынбай оған етігінің конышына төрт бүктеп тыққан қағазды ұсынды. «Алтынды қыркасы. Ашкан Степан Попов» деп жазылыпты. Одан кейін айы мен жылы тұр. Жазуға қарағанда, Попов ол жерді бұдан екі жыл бұрын ашкан!..

Ушаков үндемей қалды. Көзі Тұрсынбайдың бет-аузын түгел қыдырып, ажым жыраларының арасынан опа-

сыздық белгілерін іздеп жүр. Ақыры тапқан да сияқты: сң көздің астынғы қабағы бүлкілдей бастапты... Енді екі зәрлі жылан арбасып қалғандай, көздерін қадасып алып, бедірейісіп, қатып қалды. Тұрсынбайдың өңі сұрланып, көздері жыланның тіліндей ғана жылт-жылт еткен ұшқын шашады. Ушаковтың көкшіл көзі мұзға айналып бара жатқандай. Әрине, айыпты адамның көзі бұрын қағылып кетті, Тұрсынбайдың көзі әлгі ұшқыны өшкендей қайтадан ілгіштене қалды.

— Тұрсынбай, сен маған Поповтан ауысып келіп едің, — деді Ушаков.— Осымен екінші рет отырғызып кеттің... Анау күні ғана ешбір қазық таба алмап едік қой?

— Біз араламаған бір жыралар қала беріп еді ғой, сол жағымызда... Содан кездесті,— деді Тұрсынбай.

— Ол жерді Попов ашқалы екі жыл болса, оны сен бұрын нағып білмедің? Маған ауысқаныңа бір-ақ жыл толды ғой?

— Сізбен әзір сыр алысқаным жоқ... Бірақ, Попов зерттеушілерінің алдына бар сырын жайып сала бермейтін... Сіз кеше қайда болдыңыз, ертең қайда боласыз, оның бәрін біз ылғый біле береміз бе?..— деді Тұрсынбай. Әлденелерді аңғарткысы келгендей, ақталудың орнына айыптай сөйледі. Көпті білетін зымыян Тұрсынбайға дәлелсіз бассалуға Ушаков та іркіліп қалды.

Тұрсынбай Ушаковқа Попов дейтін қазақ даласынан ең алғаш кен өндірісін ашқан Семейдің атақты байынан ауысып келіп еді.

— Жауыз екен, неше жыл дәмдес болып жүріп, он жылдық еңбегімді жеп кетті, аяғында өзімнің күздігімді тартып алды,— деп, қатты жәбірленіп келген еді. Поповпен шын-ақ жанжалдасып айрылды ма, болмаса, екі жақтап жүрген жайы бар ма, әйтеуір, қазір Ушаковтың жортуылында жүр. Қай жерде кен бар, қай кенді кім басып алайын деп жатыр, оны Тұрсынбай жаттап алғандай біледі. Көп уақытта мұның айтқан жорамалы дәл шығып отырады. Бірақ, соңғы екі айдың ішінде Тұрсынбай Ушаковты екі рет отырғызып кеткені де рас. Ушаковтың өндірісіне көшіп келуге уәде етісіп, ақша алып қалған қырық жігіт Поповқа кетіп қалыпты... Одан айрылып келген де осы Тұрсынбай.

Осы жолы Алтынды деген жерге Ушаковтың қазығын қағып келуге жіберіліп еді, одан да айрылып, қапқа салып әкеткен Ушаков қазығын қайта әкеліп тұр. Әрі біле-

рі көп, әрі біреудің дауын сатып алатын даукес адам, арұят дегенді бір атым насыбай құрлы көрмейтін Тұрсынбай әлденеменеме қуа болып шыға келе ме деп, Ушаков оны бұл жолы да қуып тастай алмады:

— Поповқа амал қайсы... Үйіңе жүре бер. Керек болып қалсаң, қабар айтармын,— дей салды. Таранып-сылданып алған Рязанов кіре бергенде Тұрсынбай мен Жұсыпқа иегімен ымдап, екеуін де шығарып жіберді.

— Ие, қандай жаңалықтарымыз бар? Бернер мырзаның көңілді қайтқанын аңдағандаймын да нені қопарып келгеніне көзім жете де бермейді... Тау біткендерің алтын да күміс болып шықты ма? — деп, Рязанов ұйқысы қанған, көңілді екенін білдіре, күле кірді.

Қарсыбек әкелген жан-торсықтарды Ушаков дереу столдың үстіне қойып, әрқайсысынан бірер уысын бытырбытыр еткізіп алдына төкті. Құңгірттеніп қорғасын, жасыл жарқырап мыс кесектері, сап алтындай сарғайған қоспаларымен шағала тастар шұбартып жалындап, жымың-жымың етіседі. Есік жақтағы бір бұрышта шам жарығынан тұтанып кеткендей жарқылдап қырық пұттық кесек мыс жатыр. Бұл маңайда кесек-кесек байлық жатқанын аңғарту үшін табылғандай кесек мыс сол күйінде табылып еді.

Рязановтың көңілі әуелі осыларға ауып, біраз елігер ме екен деп, Ушаков үміт етіп еді, ол бұларын елеген де жоқ. Ушаков зерттеушілеріне қалай енжар қараса Рязанов оның өзіне де дәл сонысын істеді. Рязанов кербез жымыйып:

— Сіздің ойыңызда бір алаң бар сияқты ма, қалай? — деді.

Іші алау-жалау қызықса да сыртына шығарғысы келмей отырған Рязановқа Ушаков ызаланып кетіп:

— Жақсы жақтарымызды Бернер мырза айта жатар, мен әуелі бір көңілсіз жайды құлағыңызға салып қояйын. Біз найқалып жүргенде Алтындыдан айрылып қалыппыз, — деді.

— Қалай айрылыппыз? — Рязановтың кербездігі де, күлкісі де бірден тыйылды.

— Тағы да Попов алдымызды орап кетіпті. Қазықты бізден бұрын қағыпты...

— Сол Поповың кім өзі, ерке ме бір, жолбасар ма?

— Амал қайсы, қазақ даласынан кен өндірісін бірінші рет ашып, мемлекет тарапынан әртүрлі жеңілдіктер,

өзгеден артық праволар алған адам. Ол алдыңды орап кетсе, дауласуда мағна жоқ. Біріншінің аты бірінші емес пе!.. Шама келсе алдымызға түсірмеуді ойлауымыз керек те,— деді Ушаков, Рязановтың тартпақтай беретініне де тұспал жасап.

Өзінен көрі өзгенің күнасына шұқшыя қарайтын бір кәрі әдет бойынша, Рязанов өзінің айну толқуларынан болған кедергінің бәрін былай қойып, Поповқа шабуылдап кетті:

— Бірінші деген немене, қазақтың ақсақалы ма? Талай біріншіні көрмеп пе ек, талайы-ақ қалған далада. Қаңғып кеткендерін де көргенбіз... Қазақ жерінде отырмыз деп, қазақтың ескілігіне де құлдық ұрамыз ба? Мен мұны жер және мемлекеттік қазна министрінің алдына қоямын! — деді.

Поповпен талай шайқасып, талай тауы шағылған Ушаков, бұл даудан өнімді ешнәрсе шықпайтынын айтты. Сонымен бірге, Рязановты қамшылай түскісі келіп:

— Өзіміз кешеуілдеп отырып, өзгеге тұра тұр деп айта аламыз ба, Александр Николаевич? Попов Баянаулының аржағынан түсіп, қазір Қарқаралының бержағына шықты. Оның адамдары Балқаштың жағасын тінтіскілеп жүр... Біз болсақ, бес-алты қырқаны сыртынан бағып отырмыз. Көкшетау мұжығы, әр сөзінің артынан бір ноқат қойып жазатын шала сауатты Демидов қандай шарқ ұрып жүр! Ай сайын бір кен қорығын сұрап қояды! — деді.

— Колосально, мырзалар, колосально! — деп, инженер Бернер келді.— Колосально мырзалар!.. Ешбір Америкада, ешбір Африкада, ешбір Трансвальда болған емес. Бірінші тәжрибе пеші қақ жартыдан артық мыс берді! Екінші, үшінші пештер үштің бірінен асып түсті, — деді.— Білесіздер ғой, кесегімен табылған мыстардан бір мысқал қосылған жоқ-ты!

Нілдіден әкелінген жүз көлік кенді сұрыптап алып, тәжрибе ретінде Бернер үш тас пеште қорытып еді, қаймағы алынбаған бай кен лоқ еткізіп, аса көп мыс берді. Екі мың пұт кеннен сегіз жүз пұттай қара мыс түсті. Бернер осыны айтып келіп еді, Рязанов қатты қуанып кетті де сонысын сездірмейін деп:

— Сұрыптаған-ақ екенсіз, Карл Карлович... Бүйте берсеңіз мыстың бұтын бір тыйынға түсіріп жүрмеңіз,— деді қалжыңдап.

— Әрине, сұрыптадық. Бірақ, бәрі де қолмен ғана істелген нәрсе ғой. Тасты қолмен ұсақтаймыз, қолмен сұрыптаймыз, баялышпен өртейміз, қыймен қорытамыз, нағыз сұрыптау бұл емес қой! — деді Бернер жәбірленіңкіреп.

Бұл жердегі жұмыстың өнімді бет алысын бұған дейін де танып қалған Рязанов белгілі жайды қайталап дәріптетпес үшін:

— Сіз жоқта біздің күзетіп отырғанымыз да сол үш қазан болды, осылай болар деп шамалап едік. Сіз барып қайтқан сапарыңыздың нәтижесімен тезірек таныстырсаныз екен,— деді.

Қызып келген көңілі басылып қалғандай, неміс инженері Карл Бернер ұлтына тән тәптештікпен, толып жатқан тарихи мәліметтер мен цифрларға сүйене отырып, барып қайтқан сапарының жайын салқын баяндады:

— Менің тексеріп қайтқан жерлерім «Бар ма, жоқ па?» деген сұраудың жауабын алдақашан беріп қойған,— деді Бернер.— Атақты Чудь халқы Жезқазған, Мыс-тау, Иман-тау деген жерлерден әлденеше ғасырлар бойында мыс қорытқанын менен бұрынғылар да талай дәлелдеген. Жезқазғанда мысы алынған кен үйіндісі бес шақырым жерді алып жатыр. Иман-таудың үйіндісі үш миллион пұт дегенге орыс зерттеушілері түгел қол қойып отырса, Жезқазғанда алпыс миллион пұт үйінді бар. Мыс-тау, Иман-таулар алысырақ делінгеннен кейін, мен Жезқазғанда канша мыс жатқанын шамалап көрдім. Менімше, сол үйінділердің өзінде ғана бір миллион пұт мыс жатыр...

Ішкі бір үндері көптен біріге алмай жүрген Рязанов пен Ушаков, осы арада екеуі бірге еңкейіп, Бернердің цифрларына бірге үңіліп қалды. Бастарының түйісіп қалғанына бірінен бірі кешірім сұрап, сыпайыгершілік те істеген жоқ. Екеуі де бар дүние өртеніп бара жатыр десе, онай ести қоятын емес еді. Көздері қағазды тесіп барады. Адамның көзі біреуді өлтірерде ғана осындай түйілетін шығар деп ойлады Бернер. Әсіресе, аса сыпайы адам — Рязановтың көздеріне таң қалды.

— Чудь деген тым ертедегі халық қой, терендей алды ма екен, мыс кенін түгел таусып кете алмаған шығар? — деді бір кезде Рязанов.

— Жоқ, терендей алмаған. Үстіңгі қабаттың ғана мысын алған. Ең терең жыралары алты-ақ саржан,— деді Бернер.

— Әр жерден қазған ба, тұтас бір жерден тапқан ба?

— Мыс қазған жерлер доғадай иіліп, шұбатылып жатыр, астағы топырағы жұмсақ жүлгелерді қуалай қазған болу керек. Ол кезде темір құрал жоқ кезі ғой. Кейде ұзындығы жарты шақырым, көлденені жиырма саржан, терендігі бес-алты саржан жыралар кездеседі. Бірақ, шақпақ тасты, қатқыл кендерге қол сала алмаған.

— Отын-судың алыс-жақындығы қалай?

— Су онша алыс та емес. Бірақ, отын деген атымен жоқ. Орман-тоғай өсе алар жер емес те, көмір бар-жоғы тексерілген емес.

— Адам тұра алатын жер ме өзі?

«Адам тұра алмайтын жер болмайды ғой..» — деп қала жаздады да:

— Қазақ ауылдары алыс емес,— деп тоқтады Бернер.

— Өзіңіз қандай қортындыға келдіңіз?

— Мен бұл бір тұтас жатқан өлір, үлкен бір кен жоталарының етектесіп жатқан өлкесі деп білем. Егер менің жеткілікті қаржым болса, түгел сонда төгер едім,— деді Бернер.

— Өзіңіз жете алған терендік қанша болды?

— Үш жерден үш-ақ құдық каза алдық. Оны да жергілікті қазақтар қазды. Жердің бетінен бастап, алпыс кезге дейін мыс тұтас жатыр. Одан әрі терендей алмадық.

— Ол неткен жер, құдай-ау! — деп Рязанов еріксіз таңданып қалды да, Бернер оған:

— Қолдан шығармайтын жер! — деді.

Ушаков әзір сөз қоскан жоқ. Оған керегі Рязановты таңдандыру еді, онысы ойдағы жерден шыққан сыяқты.

— Қарағандының көмірі шын-ақ сенімді ме? — деп сұрады Рязанов.

— Үш жылдың ішінде он екі тексеріс жасадық. Бұл тұтасып жатқан көмір,— деді Ушаков.

Қаз-қатар жатқан мол байлықты әбден біліп алып, Рязанов күтпеген жерден қайта толқып, толып жатқан қауіптер айта бастады. Темір жол салынбаған жерде мыңдаған көлік керек болатынын уайымдап еді, Ушаков оның алдына қазақтың он мыңдаған түйесін тосты.

— Мыңдаған жұмыскер қайдан табылмақ? Мынау құлазыған далаға орыс жұмыскері келер ме! Алғашқы әкелген орыс жұмыскерлеріміз тұрақтамады ғой,— деді Рязанов.

— Қара жұмысқа қазақтың өзін артық көрем,— деді

Ушаков,— бұдан арзан адам күші Африкада ғана бар шығар. Бір жақсы жері пәтер де сұрамайды. Жаз бойы киіз үйлерінде, қысты жаппамен де өткізе береді...

— Жоқ, жұмыскер тұрақты болуы керек. Бір түнде бар жұмыскерің көшіп кетсе қайтесің?

— Көшіп? Қайда кетеді? Ақысыз-бұлсыз пайдаланатын қазақ байына бармақ па? Біз аз да болса, ақы төлейміз және қашқан жұмыскерге жауапты подрядчиктеріміз бар ғой!

— Қазақ көшпелі ел. Іргесі берік, мұра боп қаларлық ешнәрсе жасамаған ел. Өмірі бар, үлкен үміт етерлік істі мен бұл елдің табандылығына сеніп, бастай алмас едім,— деді Рязанов.

— О, сіз тым қатал кеттіңіз!.. Мен он бес жылдан бері араласып жүрмін бұл елмен. Оңай алдаймын дейтін, сондықтан, оңай алданатын анайылық мінездері жоқ емес. Дойбыны өте жақсы ойнайды, шахматты әзір білмейді... Бірақ, табандылыққа келсеңіз, таптырмайтын халық! Уәде етті ме, бітті, өледі, орындап шығады,— деп Ушаков кесіп жауап берді.

— Кен өндірісіне төселіп қалғандары да аз емес,—деді Бернер.— Ұшбұршылар мен қайлашылар былай тұрсын, мыс қорытатын пештердің өзі қазақ жұмысшыларының қолында. Біздің қолда бақылауы ғана.

— Бұл айтқан қауыптарыңыз басқа бір жерде қатты ескеретін нәрсе екені даусыз, Александр Николаевич. Бұл жерде мұның бәрін менің мойнымда деп есептеңіз. Мен сізге тыйынға тыйын пайда түсіріп тұрсам, бола ма? Менің тартар азабым өзімдікі-ақ болсын... Сіз тек, Компанияны құлатпайтын болыңыз,— деді Ушаков. Мұны қызылғандықтан айтқан жоқ, Рязановтың түпкі тілегі осы болар деп айтты.

— Тыйынға тыйын қайда да бар ғой...— деп бастай берді де, Рязанов жалт беріп,— мен романтикадан аузым күйген адаммын. Құлазып жатқан өлік далаға қайнаған өмір беру деген абройлы-ақ іс шығар, бірақ, қиян бір шеттен тыйын күтіп отыру да сарылтар деп сескенем. Кенге бай жерлер көп екеніне түгел сенем де отынсыз-сусыз болғандықтан өлі бұйым болып қала бере ме деп қауіптенем. Лұқсат етсеңіздер, танертеңге дейін ойланар едім де жауабымды ресми түрде беріп, ертең жүріп кетер едім.—деп, Рязанов орнынан тұрды. Тап осынысын күтпеген Ушаков ерке байға ызалы екенін жасыра алмай, үндемей қалды.

Екі адамның қалтасында жүрген ақша өмірде салғыласпай кездескен емес. Бір қалтада тұрғанда ғана ақша мен ақшаның арасында дауы жоқ. Рязанов пен Ушаковтың арасындағы шалғайласу да ақша мен ақшаның арасындағы салғыласу еді.

Рязанов кеткеннен кейін Ушаков пен Бернер үндеспестен мыс қорытылып жатқан жаққа келді. Қырқаның басында төрт жерге үйілген кенді тастар өртеліп жатыр. Айналасы алау-жалау. Ықшам киінген, бастарына орамал байлап алған ірі жігіттер құшақ-құшақ баялышты темір айырмен тастасып тұр. Темірдей балқып жанған қыйдың үстіне құлай бергенде-ақ баялыш лап береді. Лапылдаған жалындар кейде түн қараңғылығын көтеріп тастап, ығы-жығы болып отырған қазақ аулын бір көрсетіп қалады. Үйлердің арасында жатқан мал көздері көгере жарқырап, жұлдыздай жанады да қайта сөнеді. Ауылды қайта қараңғылық жұтады. Күні-түні түтін астында отырған ауылдан көп кәрі-құртаңның дамылсыз жөтеліп жатқаны естіледі. Иығында ескі көрпесі, екі қолымен жер тіреп алып, көзінен жас барлап, булығып жөтеліп отырған кемпір-шалдар көз алдыңа келеді.

— Осы кен өртеу деген құрғырдан ауыр азап жоқ шығар! — деді Ушаков.

— Онсыз кен күкіртінен арыла ма?

— Отын қанша кетеді! Нағыз жұттың өзі!

— Бір үйіндіні жыйырма күн өртеу керек. Жыйырма күн бойында отын дегенің иін тіресіп келіп тұрмаса, тағы болмайды. Бұл азаптан құтқаратын Қарағанды ғана! — деді Бернер.

— Ие, Қарағанды! — деді Ушаков. Енді құлашты еркін сермеуге болады!

Жар қабақтың құлай берісіне салынған тас пештер алғашқы сыннан әрең аман өтіп, әлі аптығын баса алмай тұр екен, маңайына адам жақындай алар емес. Киіз қалпақ киіп, киіз белдемше байлап алған, күйе мен терден қайыстай қарайып кеткен жігіттер ағызған мысты астауларына бөліп құйып, аяқтап қалыпты. Мыс қорытуды қолма-қол басқаратын инженер Иван Некрасов та осы арада жүр екен. Ол Ушаковқа бұрылып келді де:

— Алғашқы тәжрибе аяқталды... Карл Карлович біраз асықтырмағанда үйіндіге кететін боқатты бұдан гөрі де қақтап, тазалап қалуға болатын еді... Өзге жағымыз ойда-

ғыдай. Жұрт адал қыймылдады. Түсім мынау алдыңызда жатқан...— деді.

Жасылдана жарқырап жатқан сұйық мыс бар шұқырды толтырыпты. Әр жерге ілінген аспа шамның жарығынан, ай сәулесі түскен кішкене-кішкене көлдей жарқырайды. Осы Ақ-бұйрат адырының өзінен алынған, Нілдіден сұрыптап әкелінген кен ең алғашқы өнімді түсімін беріп еді. Бергі шеті айқын, әр жағы күңгірт көрінген кішкене-кішкене мыс көлдері біріне-бірі жалғасып алыска, түн қойнына қарай кете беретін сияқты көрінді Ушаковка.

— Рязанов шығам, десе, шыға берсін Компаниядан! Өкінетін өзі болар! — деді Ушаков, ешкімге қарамастан. Көкшіл көздері балқыған мыспен бірге балқып бара жатқандай, ери бастағандай көрінеді. Бесіктегі баласына еңкейгендей, әлі катпаған шұңқыр толы сұйық мыска еңкейіпті де, жан-тәнімен рахаттанып тұрып қалыпты. Бар сезімін жалғыз ғана қуаныш аударып әкеткен... Екі қолын тізесіне тіреп алып, ұйып үңіліп тұр...

Ушаковтың осындай көңілді күйін ертеңіне дәл жүрерінде Рязанов тағы бұзып кетті:

— Ақша араласқан жерде есеп-қыйсап керек дейді ғой, орыс мақалы. Ендігәрі қайталасып жатпас үшін, мен бар шартымды ресми түрде жазып, мына пакетке салдым да, сізге өз қолымнан тапсыруды дұрыс көрдім. Оқырсыз да, ұната қалсаңыз, хабар етерсіз. Мен Ақмолада үш күн болам. Қызылжарда бір жеті айналамын,— деп, Рязанов Ушаковка пакетін берді де, қоштасып жүріп кетті...

«Спасс Компаниясының атынан басқаратын Никон Абрамович Ушаков мырзаға! — деп жазыпты Рязанов. — Неше жылдан бері есепсіз, тоқтаусыз төгіліп келе жатқан қаржы-қаражаттың біржола тағайындалған, бұдан былай өзгермейтін нәтижесі болуын көздеп, және ішкі Россияда тез оралып отыратын қаржының қиян бір шетте кешеуілдеп қалатынын ескеріп, оның үстіне, қазақ даласына жұмсалатын қаржының кейбір жаһаттан қарағанда сенімсіздеу жәйі барын да ұмыта алмай, мен сіздерге мынадай шарттарымды ұсынам:

1. Компанияның жүз жыйырма пайының алпысын маған, яғни Александр Николаевич Рязановқа бересіздер. Никон Ушаковқа отыз пай, төрттің бірі тиеді де, Зотов пен Севастьяновқа қалған отыз пай беріледі. Барлығы, қайталап ескертейін, 120 пай...

2. Компанияның қазақ даласындағы барлық өндірістеріне жауапты жалпы басқарушы сіз, яғни, Никон Абрамович Ушаков болады.

3. Алдымыздағы бес жылдың ішінде өндіріс бастықтарын Никон Ушаков сіз тағайындап отырасыз да, оның аржағындағы он жылдың ішінде, маған тиісті пайыма қарай, мен тағайындайтын болам. Компанияның басқа мүшелері — Зотов пен Севастьянов мырзалар мұндай праволардан ада күйінде тұра береді.

4. Қай өндірісте не болып жатыр, қай мөлшерде көмір шығарылды, қанша мыс қорытылды, маған әр айдың аяғында үзбей хабарлап тұрасыз.

5. Өндіріске жұмсалатын қаржы жайы әр жылдың басында Компания мүшелерінің жалпы мәжілісінде бекітіледі де, жыл аяғына дейін өзгертілмейтін болады. Әрине, пайдың қақ жартысына мен ие болғандықтан, бір дауысқа мен ие болам да, Зотов, Севастьянов үшеуіңіз бір дауысқа ие боласыздар.

Өзге қарым-қатнастарымыз Компанияның алғаш қабылданған уставы бойынша өзгерілмей қала береді. Осыған риза болсаңыз, жаңа жайларымызды округ алдында ресми түрде қайта қағаздау үшін Ақмолаға келіңіз...

Қызметіңізге дайын, ғұзырыңызға құлдық ұрып — А. Рязанов».

Неше жылдан бері сарпылтаңда жүрген Ушаков өткен түні ғана, онда да таң алдында ғана бірінші рет тыныш ұйқтап кетіп еді. Рязанов қайта күйзелтіп кетті. Түнде ғана қазақ даласындағы өндірістердің бәріне күдік айтып, сенімсіздік көрсетіп отырған адам құлқын шынын жасыра алмапты: жалғыз өзі бір үлес, өзгелер бір үлес болуды шарт етіпті, оны қабылдамасаң Компания жабыла тұрады.

Ушаков кешке дейін түтіндеткен ашумен жүрді. Рязановты теңемеген төрт аяқтыдан бір айуан калған жоқ. Ең аяғында өлген балыкка да теңеді, жез өкше әйелдерге де теңеді. Өзі Францияда болмаса да, Париж жезөкшелеріне теңеді...

Адам анау Зотов қой, шіркін! Арағын берді, ақшасын ұтқызады, аяғында аюдай капсыра құшақтап алып:

— Достым Никон, сен қазір мені ұрып кетші, ынк дер ме екем! Жоқ, ынк дегізе алмайсың! Мен саған Компаниондығымды да бұлдамаймын. Керексіз бір аз ақшаны

бердім саған,мейлің, қайда шашсаң, онда шаш! Мен есеп сұраған уақытым бар ма сенен? Міне құдай, сұрадым ба? Жоқ! Зотов есеп сұрамайды! Ол анау Рязанов салдақы емес! Мен оны бауыздап өлтірер ем! Ал, сен, Ника, барып тұрған сволчьсың! Сондықтан, мен досыңмын сенің. Ал сен сол Рязановтан құтыл, білдің бе? Қәрі салдақыларша сыланданған иттен құтыл біржола. Ол сені бір күні тірідей жұтып қояды. Бар еңбегің зая кетеді. Осынымды ұмытпа! — дейді. Қашан да айтары осы ғана.

Зотов неше кездессе де осыны айтады. Мас күні болсын, айыққан кезі болсын, осы сөзінен айныған емес, Рязанов болса, бұл күнге дейін дел-сал, сүлеленіп жүрді де, бұлк ете алмас кезеңге таянғанда, Компанияның қақ жарты пайдасына көз алартып шыға келді. Міне, кәрі шошқа! Севастьянов болса, о да бір жұлын құрт, Рязановтың көлеңкесі сияқты. Мыяулап ылғый соны жақтайды.

Ушаков күн бойы осы сияқты теңеулер мен пайда-ортақтастарын сыбап жүрді де, кешке таман Степан Бушуевқа:

— Жектір аттарды, Ақмолаға жүреміз. Үш пар ат алдағы бекеттерде күтіп тұратын болсын! — деді.

Бернер мен Некрасовты шақыртып алып:

— От бітқенді сөндіріңдер! Мыс қорыту тоқтатылсын да бар жұмыскер завод салуға ауыстырылсын! — деп, Ушаков жүріп кетті.

Оттар сөніп, пештер суына бастады. Қайнап жатқан Ақ-бұйрат басы жым болды. Үйілген тастар үнсіз моладай, шала өртенген күйінде қала берді...

6

Денесіндегі жаралары әлі жазыла қоймаған қарала төбет үйдің іргесіне жатуға оңтайлана беріп, ерейген-серейгені көп, биік үйлі ауыл тағы келіп қалған жоқ па екен дегендей, шығыс жаққа тағы бір қарап, мұрнын шүйірді. Игілік аулы бұл маңайда сезілген жоқ. Қәртәң төбет тұмсығын бүйіріне тығып алып, денесін жайлап орналастырды да ойға кетті:

«Жайлаудан қайтқалы айран-шалабымды алаңсыз ішкенім бүгін болар. Аллаға шүкір, лық тойдық, ләген түбін жаламай да кеттік... Құдай қосса, бүгін бір тыныш ұйқтап көрейін. Кешке жақын ауылды айнала ұзақ жор-

тып, үріп-үріп қайтқамын... Қасқыр да, бөтен ауылдың иттері де сезілген жоқ. Ит демекші, Игілік сволочьтың иттері де сволочь. Кездесіп қалсаң болғаны, байланыса кетеді. «Е, құйрығыңды неге қысып алғансың, таланғың келіп тұр ма?» деп бастайды да, алқымыңнан ала түседі. Сөз жоқ, сволочь иттер. Аллаға шүкір, иеме рахмет, енді олардан құтылсақ керек... Құйрығыңды қысып алсаң-ақ таланып қалатының не екен осы? Енді бір кездескенде құйрығымды қайқайтып алсам қайтер екен? Әй, бәрібір онда да таланатын шығармын...» қара-ала төбет осы ойлармен ұйқыға да кетті.

Шамамен айтқанда осыған қаралас ойлармен ит иесі Жұман бай да ұйқыға кеткелі жатыр еді. Мыяулай сөйлеп, қарақшыдай қалқыйып Талтаяқ кіріп келді. Сәлем беруді, сәлем алуды алдақашан ұмытып кеткен әдеті бойынша, Талтаяқ кіре бере:

— Сары атаң неге күйсемей жатыр екен, апасы?.. Деңі сау ма өзінің? Өрістен неге алып қалғасыңдар? — деді.

— Е, жай жатыр да... Бишара шал даңғырламай тамағыңды іш...— деп, Көпей бәйбіше, Талтаяққа қымыз беріп жатып:—Жабай қалай?—деп сұрады ақырын ғана.

— Жабайды кеше бершілге алып кеткен,— деді Талтаяқ, қылғынғандау дауыспен.— Онда менің не жұмысым бар, ботақандарым есіме түсіп кетті де кетіп қалдым...— Көпей бәйбішенің ернін тістелеп, басын шайқап «қой!» дегенін Талтаяқ түсінген жоқ: — бидің үйінің жігіттері келіп арбаға салып алып кетті... Соққыға жығылған кісі оңалушы ма еді, соқыр боп қалады. Оған сол керек еді! — деді Талтаяқ.

— Бершілге деген немене? — деп Жұман басын көтеріп алды. Талтаяқ тағы да бүлдіре түсе ме деп қауыптеніп, Көпей киіп кетті де:

— Жабай жайсыз қалған жоқ па еді? Сен ондайға мойныңды бұрамысың! Соны ағайындары бершілге әкетіпті,— деді.

— Бидің үйінің жігіттері деп отыр ғой?

— Е, ол үйде жүрген ағайындары аз ба еді Жабайдың? Солар шығар...

— Мен біреуін де танымаймын. Арбамен келді де алып кетті ғой, әйтеуір...— деді Талтаяқ.

Жабайды бершілге кім әкеткенін енді Көпей де түсінді, Жұман да түсінді. Бірі сүйініп, бірі күйініп түсінді.

Таң атқанша тағы біраз кикілжің боларын сезіне қалған Көпей Талтаякка қатал дауыспен зекіп:

— Сен шал, тамағынды іш те кетші үйіңе! — деді.

— Үйім қайда менің? Үйім жұртта қалды ғой. Қалса қалсын. Мен түйеме барам... Сары атанды ала кетем...— деп жыбыр-жыбыр сөйлеп, күйбеңдеп-күрмеліп шал әрең шығып кетті.

— Сары ботақаным, тұра ғой... Екеуімізге бұл ауылда не бар! — деп, есік алдында жалғыз сөйлеп жүрген Талтаяқтың даусы тынғанша үйдегілер де үндескен жоқ.

Жабайды арбаға салып әкеткелі жатқанда да,есеңгіреп кеткен шалдың жаны ауырып тұрғаны байқалмап еді. Қаңғып жүріп Тлеуке келіп қалмағанда, шал сол сәтте-ақ Жұман көшінің артынан кеткелі жатқан. Екі ессіз кездесті де кешке дейін мәз-мәйрам болысып, бірінен-бірі айрылған жоқ... Көп ойнады, тоймай ойнады. Көп күлісті, неге күлетіндерін аңдаспай күлісті. Тілеуке айнасымен шалдың көзіне күн сәулесін түсіріп қалады, шал балаша қорқып, «обай, обай!» деп бұғып қалады. Ойын әрекеттері осы-ақ. Осыған екеуі де сілесі қатып күледі де, қайта бастайды. Біріне-бірі дәл келген, бірін-бірі мезі қылмайтын екі «бала» ұзақ күнге жалықпай осылай ғана ойнап еді.

Күн бойы бірге болып, бірге ойнаған екі баланың арасында айтылған сөз де бір-екі-ақ ауыз еді. Тлеуке шалға:

— Екеуіміз сенің түйеңе мініп алып, Ақ-бұйратқа дейін барып қайтайық. Түнде сол жолмен бай орыстар кетті. Бір теңгесі түсіп қалған шығар, соны тауып алайық,— дейді. Шал оған:

— Орыстың қамзауы жыртық болмайды. Қалтаң бүтін болса, ақшаң түгіл шақшаң да түсіп қалмайды,— дейді. «Ақшаң түгіл шақшаң да түсіп қалмайды» дегені тақпақ сияқтанып, шал мардамсып жымыйып қояды.

— Бір теңге де түсіп қалмай ма? — дейді Тлеуке. Ақшаға сонша толы қалтадан бір теңгенің түсіп қалмауы Тлеукеге бір орайы жоқ нәрсе сияқты көрінеді.

— Жоқ, түспейді,— дейді шал.

Осымен Талтаяқ шал күнді батырып алды да, кешке інір қараңғысында тайып берді. Қырық бес шақырым жерге жеткені осы-ақ еді, келді де түйелеріне кетті.

— Әй, сен қатын, маған мұны неге айтпап едің? — деді Жұман, Талтаяқ ұзап кеткен соң. Жабай жайын

аяқтамай тынбайтындығын көрсетіп, күпісін иығына жамылып, басын біржола көтеріп алыпты.

— Мен айтайын деп едім, тындағың келді ме! — деді Көпей.

— Соққыға жығылды деп кашан айтып ең?

— Не болыпты деп сұрасаң еттің!

— Игіліктің иттері ғой ұрып кеткен?

— Білмеймін...

Шарынды ізге жырынды аңшы кездескендей, Жұман аржағын өзі жорамалдап әкетті. Қас дұшпаны Игілікті бір сүріндірер жырақы кез келіп қалған сыяқтанды.

— Қошқарбай! — деді Жұман бар даусымен айғайлап.— Уа, мында кел!.. Жет, өліп қалмасаң!

Отауы бөлек үлкен баласы Қошқарбай келіп үйге кіре бергенде-ақ, Жұман бажылдап:

— Уа, тумай кеткір, сен осы менен туып па ең, иттен туып па ең?! Әкеңді тірідей көмер күнді күтіп жүрмесең, қатыныңның қасынан бір мезгіл шықсаңшы бір! Итаяғын қорыған Дүрегейге ұсап, сілейесің де жатамысың, сен? — деді. Баласының жанын түршіктіре, қатал қадалды.

«Итаяқ» дегеннен өңі бұзылып жүре берген Қошқарбай әкесіне тура қарай алмай:

— Не болып қалып еді, жай ма? — деп, Көпейге қарады. Бірдеме деп атыстырып отырмысың дегісі келгендей, өгей шешеге кіналай қарады. Көпей үндеген жоқ, мұнайған күйі отырып қалды.

— Ана Игілік бауырың Жабайды соққыға жығып, бершілге апарып тастапты. Пәлесін маған жауып жатыр дейді. Оның аты жеткен жерге осы үйдің аты жете алмай ма осы? Сен үйден шықсаң адасып кетем деп қорқамысың? — деді Жұман әлі сол аптыққан күйі.

Бұл үйде ешнәрсе сабырмен айтылып, ақылдасып отырып шешілген емес. Мал иесінің шаңқылдақ бір айқайы бар, үй ішінің апшысын сол қуырып әкетеді де бар байлам асығыс, ашу үстінде болады. Шытырман арасымен келіп, иек артпадан бас салып, бүріп әкететін Игіліктен ұтыла беретіні де сондықтан. Әр айқастан бір ыза күйініші қалу бұл үйдің қашанғы әдетіне айналып кетті. Осының салдарынан Жұман балалары Игіліктен біржола ықтап та болып еді.

Сөзге қонақ бермейтін әкенің алдын орай алмай, Қошқарбай ұзақ сілейіп тұрып қалды да, аяғында ертең

бершілге өзім барып келейін деді. Көп жығылыстан жүрегі шайылған адам қыйратып келем, қырып салам дей алмай, әйтеуір, барып келетінін ғана берік айтты. Мұнысына тағы күйініп кеткен тентек әке:

— Сен ғой, осының бәрін сол күні білдің де, Игіліктен қорқып, бұға қойдың!.. — деп күйдірді. Қошкарбай білгенім жоқ деп еді,— бір қатыннан басқада жұмысың бар ма сенің,— деп зекіді.

Осымен көптен бері тыныш ұйқтай алмай жүрген Жұман бай тағы да тыныштық таба алмай, аунақшып жатыр еді, таңсәріден сөкет шарылдаған бір дыбыс құлағына келді. Біресе осылай қарай келе жатқан бәледей жақын шарылдайды да, біресе шымыр-шымыр етіп әрі ойысады. Дүркін-дүркін үнін өзгертіп, құлағыңды қашап барады. Бір емес, екі-үш пәленің үні сияқты. Мұндайды көрмеген иттер де ашынып үріп, ұлый бастады.

— Игілік иттің орыстары ғой,— деп ойлады Жұман,— жолдан адасып, жөн таба алмай, шарлап жүрген... Жүрсін біраз! Ендігәрі жерді тіміскілеп қаңғырмайтындай болсын! — деп ішінен қуанып, ұзақ жатты. Иттер азанқазан болып, алысқа барып үріп жүр. Жай үрмейді, безектеп үреді.

Осы бір болмашыға жаны жай тапқандай болып, ұйқыға кеткен Жұман бүгін кеш тұрып еді. Үйішінің әлпетінде бір күйзеліс барын байқады. Барлық жан аяғының ұшынан басып жымып жүр де, Көпей бәйбіше күндегісінен гөрі де мұңаюлы екен. Бала көтермегендіктен ұлғайған сайын қадірі азайып бара жатқан Көпейдің көңілі жүдеу ме, жоқ па, оны Жұман елемейтін. Бірақ, Көпейдің жүзіне осы үйдің қайғы-мұңы тез шыға келеді. Жұман соны байқап қалды да:

— Немене, әкең өліп пе? — деді. Көпей үндей қоймаған соң: — Өлсе, қайырын берсін... Алтай-Қарпықтың бір қазығы құлаған екен, амал не!..— деді, Көпейдің төркіні әлсіз, ауқатсыз екендігіне соқтығып.

— Сенен сауын сұрамай-ақ күндерін көріп жүр ғой. Әлдеқашан өлген әкемде нең бар тиісіп? — деп Көпей жылап жіберді де, Жұман:

— Әкеңнің көрін... Мәсімді әпер! — деді.

Бір үйде бірге жасап, бірге тұрып, көп жылдарды бірге өткізсе де, екі ғасырдың адамындай алыстап кеткен, екі дүниенің адамындай ерлі-байлылар да болады. Жұман мен Көпей сол еді...

Тағы да күрең қабақтана бастаған үйге сәлем беріп Тұрсынбай кіріп келді. Көптен көріспей сағынысқан ағайындарша, амандық-саулықты түгел сұрастырып, жылдай жорғалап, Жұмакеннің қойнына кіріп барады...

Тұрсекең кеше Жұсып білгенді түгел сұрастырып алып еді. Жалғыз қарацғырақ қалған нәрсе — екі байдың таласып жүрген жері Қарағанды Ушаковка сатылды ма, жоқ па, соны ғана түсіне алмай қойды. Игіліктің үйіне түнде келіп, түнде кеткен орыстардың кім екенін де ол дәл біле алған жоқ-ты. Омардан сұрап көргенде, ол ку, болыска келген төрелер деген. Игілік мұны маңына жолатпай қойған соң, Тұрсекең жағалап енді Жұманға келіп еді.

— Жұмеке, шөп шаптырып жатыр екенсіз, қайырлы болсын... Быйыл машина салдырғанбысыз?..— деді Тұрсынбай.

Таң ата естіле қалған шарыл Жұманның құлағына енді тіпті айқын қадалды. Бұл күнге дейін Игілік шөпті машинамен шабатын болыпты дегенді естігені болмаса, машинаның қалай шабатынын өз көзімен көрген жоқ еді. Даусын естіп отырғаны да осы еді, енді оның машина екеніне де түсіне қалды. Безектеген бір пәле сыяқтанып көрініп кетті.

— Е, тәңірі деген, сен де есіннен шатаса бастап па ең! Игілік шоқыныпты деп, мен шоқынатын ба едім! Мен қашан шөп шаптырушы ем? Құдайдың өз бергеніне қанағат етпейтін, мені бір жалмауыз болғалы жүр деп пе ең! — деді Жұман. Бірақ, түсі бұзылып іші қайнап бара жатқанын Тұрсекең де сезбей қалған жоқ.

— Апыр-ау, үйіңіздің тап іргесін шауып жатқан машиналарды сіздікі демегенде, кімдікі дейін? — деді Тұрсынбай аңқаусып.

— Анау жалмауыз ағандікі шығар, жалмауыз ағандікі! Жердің түгін түгел жалмап өлем депті ғой, жалманып өлгір! — деді Жұмекең, шыйрыға бастап. Іркітке толы ескі торсық, қылғындырып байлаулы, түртіп қалсаң жарылғалы тұрған сыяқты...

— Өкпе-назыңызды көтере беретін ағайының болған соң айта бересіз ғой... Алайда сіздің үйдің қақ қасынан әкеліп үш бірдей машинасын салмаса керек еді...— деп, Жұманның қытықтанып отырған жеріне тағы бір түртіп қалды да,— әлде біреу-міреу зауытқа жер сатып, зауыт шаптырып жатқан шығар? — деп, қырқар түлкі тағы

аңқаусырады. Құлағы кәдуілгідей қалқайып, танауының желбезегіне дейін таңданып қалған сияқты.

Өзі істемеген озбырлықты Игіліктен көретін әдеті бойынша, Жұмекең де бетін ешқайда аударған жоқ:

— Үш машина деймісің? — деді.

— Е, көзіммен көрдім... Мына бір жалпақ ойпатты орап алыпты. Бер жағын сыйпап болып, әрірек ауысып жатыр екен...

— Орасын, орасын! — деді Жұмакең бөртіңкірей түсіп.— Ол әлі менің молама шыққан шөпті де шаптырып алады!..

Игіліктің шөп машиналарын қалай қуып тастайтыны Жұманның көз алдына елестей бастағанын Тұрсынбай да көріп отырған сияқты...

Алыс-жақынның арасын атыстыра жүретін әдеті бойынша, Тұрсекең осында әдейі келіп еді. Дауқумар, «домалақ арызшыл», атыстырғыш болғандықтан, жалпақ ел осы үшеуін бір қосып Тұрсынбайға «Үш құмар» деген атақ берген. Тұрсынбай Жұмекеңнің жарылғалы келе жатқанын көріп, енді біржола пісіп қалды:

— Айтқандайын, сіздің бір жігіт жараланып, бершілде жатыр екен...— деді.

— Оны да соққыға жығып, өлесі қылып, апарып тастаған сол! — деді Жұман, енді Игілік деуге де шамасы келмей.

— Ендеше естігенімді жасырмайын, өлімші қылып сабап, жұртына тастап кеткен сіз деп, ағайының акты жасатып алыпты! — деп, Тұрсынбай төтесінен салды.— Ағайынға зәбірің жоқ, өзіңмен өзің болып отыратын ырыс иесі бір момын адам едің, күндердің күнінде көре тұра айтпапсың деген өкпеңе қалармын деп, әдейі бұрылдым... — деді.

Өрт осымен үдей түсті. Қымызын іше отырып, қастығын істей отырып, Тұрсынбай Жұманның шын жаны ашыған достасы болып шықты. Ең аяғында Жабай жайын түгел анықтап, бершілдің «құпиясын» әкелуге Тұрсынбай кетті де, Қошқарбай үйінде қалды.

Тұрсынбайды өзі аттандырып жатып, Жұман бай әлі шарылдасып жүрген шөп машиналарына қарап еді, бидайығы ұша қоймаған кең ойпат күзеліп қалған екен. Үш аттан жегілген үш машина күзгі селдіреген бидайықты желе-жортып жосылтып жүр. Ойпаттың солтүстік қабағында бір үлкен мола тұр да, одан төменірек ерейген көк

арбаның қасында үш-төрт жігіт көрінеді. Аты тұрақтай алмай, жер тарпып, дөңгеленіп тұрған жылтыр Омар сияқты. Қамшысымен алысты нұсқап, жігіттерге әмір етіп тұрған Омарды Жұман енді анық таныды. Таныды да Қошқарбайдың Ақ-бұйратқа бармақшы болып, ерттеп қойған атына қарай беттеді.

— Сен менің үлкен әкемсің ғой. Сен отыр үйде, мен барып соққыға жығылып қайтайын! — деді Жұман Қошқарбайға. — Қамшыны әкел!..

Сөйтті де белдеуде тұрған сұлу қара жорға атқа мініп алды. Үзенгіге аяғы да тиді, жас жігіттей қарғып та кетті. Үзенгіге аяғын салып көтеріле бергенде бойы ұзарғандай сезінетін еді, бұл жолы оны да абайлаған жоқ. Арқан бойы ғана жорғалатып, үй қасынан ұзай берді де шоқытып кетті.

Түнеріп келе жатқан Жұманды Омар да танып еді. Бейбіт мінездің жүрісіне тіпті ұқсата алмады.

— Ал, машиналарды тоқтатпандар, жігін ашпай, түйдек жүргізіңдер, жан даусын шығарыңдар... Маңайларыңа келе алмайтын болсын! Мына жынды шал мені бұл жерге қоймас, шамам келсе, түнде оралармын... Тырнауыштарды да жіберіңдер!..— деп, Омар да жөнеле берді.

Машинашы жігіттер тас түйін болып, шоғырланып алып, даланы қатты жаңғырықтырып, жедел жүріп кетті.

Жақындап қалған Жұманнан Омар қашуды да ұят көрді, жасы үлкен кісімен қарсыласа алмайтынын да білді. Сондықтан аңысын аңдап алып, ретіне қарай айла-тәсіл жасау үшін, бір көзін Жұманнан айырмай, қыр басында тұрған Дайрабай моласына қарай тартты...

Жұман моланың аржағымен орап көлденеңдеп шыға келгенде, Омар моланың қасына атынан түсе қалып, өлікке аят оқый бастап еді... Дүние әрекетін түгел ұмытып, ұрып жатсаң, қозғалмайтындай, мүлгіп отыр. Әр молдадан шала үйренген бірдемелерді мұрнынан жіберіп, андасанда даусын бір созып қояды.

Тепсініп-ақ келіп қалса да, құран оқып отырған адамды Жұман да бас салып сабай алмады. Ол бір құдайға қарсылық болар еді. Бірі көзін кілбитіп алып, молаға телміріп, ұзақ бірдемені соғып отыр да, бірі ашуға булығып мұның қашан тоқтарын күтіп тұр. Омардың осынша ұзын құранды білмейтінін Жұмекең жақсы білсе де, әйтеуір, құдайға арналған ниетті бұза алмады.

Жұмекең енді болмағанда «болды, жетер!» деп қала жаздап еді, әлденеге белін байлаған Омар құранын бітіріп, қолын жайды. Ерні күбірлеген болады. Машиналар қосыла әндетіп, тұтас кетіп бара жатқан сыяқтанады. Көз қыйығын салса, Жұман да алақанын жайған екен... Құраны біткен соң, батасы ұзаққа барсын ба, екеуі де беттерін сыйпасты.

— Салаумаләйкүм! — деді Омар, екі қолын Жұманға қарай ұсынып.

— Ә, зәнталақ! Сен маған сәлем беҏе келген шығарсың! — деп, Жұман атпен бастырмалатып келді де, жауырын ортадан ала қамшы сілтеді. Бұғып қалған Омарға қамшы шала тиді де қара жорғаның бауырын осып кетті. Жарау семіз ат оршып ілгері атып түскенде, Омар да атына мініп алып еді. Шалдың қамшысы оңжақ бетін тағы бір осып кетті.

Жұманның дін-аруақ дегендерден катты қорқатынын білетін Омар моланы айнала қашты. Тік қашса Жұман қуып та жететін сыяқты көрінді. Атқа ыңғайлы, жастау Омар моланы екі айналғанша жақындатпап еді, үшінші оралғанда шал төніп қалған екен. Қамшысын қарсы көтеріп, оңтайланып қалыпты. Омар атын тік бұрып жалт бергенде, о да соны істеймін деген шалдың қара жорғасы оқыс сүрініп, аз-ақ домалап кетпеді...

Аруақ-құдай енді есіне түсіп, сескене қалған діндар шал артына қарағаны да жоқ, бір ауыз тіл қатқан да жоқ, атын бұрып алды да, аулына қарай жөнелте берді. Бірақ долы шал қорлаушыға болысқан құдайға жалбарынғаны да жоқ, катты ызадан жылап жіберіп еді...

Ауылдың бар адамы ербиіп далаға шығып алып, моланы айнала қуып түк бітіре алмаған жынды шалға күліп тұрған сыяқтанады. Ие, Жұманның көптен бері көріп келе жатқаны осы... Бұл жеңсе ешкім қуанған емес... Бұл жеңілсе, аяу орнына мазақ етеді! Баласыз қатын Көпей, ол бір жатсырап болған адам. Балалары болса, өңкей ыңжық, тентек әкеден қай күні құтылар екеміз деп, өлімін тілеп жүретін сыяқты... Бұл ауылға жақындағанда бәрі үйіне кіріп жоқ болады да, үйлерінде күледі. Жаз бойы, қыс бойы күледі...

Қазымыр шалдан қажып болған ауылы дәл өзі ойлағандай қарсы алды. Далада бір жан жоқ. Әркім үйіне кіріп алып, босағадан сығалап, сықылықтап тұрған сыяқтанады...

— Өртеңгірдің аулын өртеп жіберейін бе! — деді Жұман өз аулына ыза болып.

Ас үйдің алдынан өте бергенде жерошақтан шыққан от бөденедей жорғалап, көде-көденің түбімен жылжып барады екен. Осы бетімен қоя берсең, ас үйдің өзін өртеп, одан әрі Игіліктің шабындысына тартатын сияқты. Күн шағырмақ, құрғақ жел отты солай қарай айдап, Жұманға да жөн сілтеп тұр...

Жұман аттан қарғып түсіп, қантара салды да, жерошақтан шыққан отты камшымен сабалап, етегімен тақтап, әрең сөндірді. Ас үйден саскалақтап шыға келген әйелді қайта қуып тықты. Оның әржағын ойлануға өзінің де шамасы келген жоқ. Ағаш шелекпен жерошақта жанып жатқан отты толтыра көсіп алды да, машиналар шөп шауып жатқан жаққа, ауылдан алысырақ апарып, әр жерге шашып-шашып жіберді...

Құрауы жеткен күзгі қау мен ақ селеулер сылық-сылық күлгендей сытырлай жанып, дүрілдей жөнелді. Тар жерошақта, қапаста қалғып қана жанған от желкем күнде жазыққа шығып алған соң, ойнақ салып кетті. Ақ селеулерді қылғып жұтып, құрай тұқымын әуелі жығып алып, артынан ұсақ оттар мүжіп жатқандай көрінеді. Қызып алған өрттің алды кейін қалып бара жатқан ұсақ-ұланға қарамай дүркіреп ілгері кетіп барады. Әр жерде шоқ-шоқ болып өскен түп қарағандарға жеткенде ғана будақтап бөгеледі де сылаң етіп өтіп кетеді. Ұзаған сайын қанатын кеңірек жайып, өрт шабындыға да жақындап қалды. Өрттің арткы жағында мың-мыңдаған шолақ-шолақ от-жыландар оршып түсіп бара жатқандай көрінеді. Қараған бастарында үйіліп-төгіліп отырған торғайлар от жақындағанша таңдана қарап отырады да, дүр етіп ұша жөнеледі. Жұманға көздерін қысатындай түтін арасымен жымып ұшып жоқ болады. Қыркылып түскен қараганды сарғылт құлақтары қалқайған балапан оттар мүжіп жатыр. Өзара таласып, шыйқылдасып қалатын сияқты. Шоқ-шоқ болып өскен қарағанның түбіне жүздеген балапан қосаяқтар жыйналып, шоқандасып, тіміскіленіп отырғандай болады да, әлденеден үркіп, зым-зыя жоқ болып кетеді.

Машиналардың шарылы тоқтап, аптарылып тоқтай қалыпты. Әлденеменесін көтеріп алып, бірінші машина көлденеңдеп, қырға қарай жөнеп берді. Саскалақтап қатты кетіп барады. Ә, солай ма екен!.. Екінші, үшінші

машиналар біріншіден гөрі де сасқалақтап қашып барады. Түтін арасында ерсілі-қарсылы жосылтып Омар жүр. Арт жағы бүйідей бөктеріншекті темір тырмалар да козғалып кетті... Ә, солай ма екен!.. Ойнамандар Жұманмен!.. Мә, сендерге жердің түгін жалмаған деген!..

Өрт лепіріп шабындыға жетті де, қыркылған бидайықты астынан көсіп, көтере жалмап, тез желігіп кетті Қарағандының құрғақ желі быйыл жаз бойы көрмеген досына кездескендей өртке қосыла о да құтырынып барады.

Манадан «Әке-көкелеп» сонында жүрген балалары мен ауыл адамдарына Жұман енді ғана бұрылды. Басқа ешнәрсе айта алмай; қасына да келе алмай алыстан:

— Болды ғой, әке, үйге жүр...— деп балалары жүр.

— Байекесі-ау, үйге жүрінізші...— деп әржерден әрең қынсылап қонсылары жүр. Үй қасынан қозғала алмай, көзінен жасы барлап, ауыр бір қасірет құшқандай, Көпей бәйбіше ғана жалғыз тұрып қалыпты. Әр жерде қатып, сілейіп тұрып қалған сауыншы әйелдер ғана көрінеді.

— Қайдасың, Сармантай, қайдасың! Өртке күйіп жатқанда келмесең, өлгенде келемісің! — деп Жұман бар даусымен айғай салды. Өзі істеген тентектікке үлкен ұру Сармантай карғаша бола алмаса, тағы бір сарапқа салынары есіне тез түсе калды.

— Шап, ойдағы Сармантай мен, қырдағы Сармантайға! Шап ойбай, шап!..

Тентек әкенің қылығын үлкен ұру Сармантай болып қана арашалап калуға болатынын түсініп тұрған балалары, әке сөзін қайталатқан жоқ. Дереу он шақты адамды атқа мінгізіп, ойдағы, қырдағы Сармантай ұруына шапқын жіберді.

— Адамымыз өліп, өртке ұшырап жатырмыз! Қарекенің байы Игілік шауып алғалы жатыр. Тез жетсін, еркек кіндікті калмасын! — деп, қадағалап жіберді...

Долы шал содан кейін ғана үйіне кірді...

7

Майқұдықтан таңертең ерте аттанған Назыкеш түс ауа шаршанқырап қалып еді. Өзі де, астындағы Сеиттің күрең төбел бестісі де каталап келеді. Керіліп жатқан өлік бір сар дала, ерінді жібітер су кездессейші!..

Әр жерде ойдым-ойдым шоқ қарағанмен тікенектен басқа қарауытқан да ешнәрсе жоқ. Қезек ауысып отырғаны болмаса, біріне-бірі ұқсас оймен қыр көзді де тартпайды. Аударып жамылған күпі сияқты күзгі қоңырқай төбелерде бір қыймыл жоқ.

Назыкеш тағы Жабай жайын ойлады, жаны ауырып, аяй ойлады, тағы да жүрегіне түйіліп қалған бірнәрсе барын сезді. Ол құрғырды неше күннен бері жұлып тастағысы келсе де жұлынбай, беки түскенін аңғарып келеді. Онысы — Жабай енді соқыр болып қалар ма екен? — деген қайғысы еді.

Көш жолымен күрең жорғасын қатты тайпалтып келе жатқан Омар қарсы кездесті. Жас қыз Омарды танып, жолдан бұрыла беріп еді, Омар көлденеңдеп алдын кесіп алды да, тұра қалды. Амалсыз Назыкеш те тоқтады.

— Е, қайда барасың, қарағым?

— Ауылға... Үйді көшіруге түйе әкелуге барам...

— Байғұс бала, неғып көрмедің, екі түйені Талтаяқ мана алып кеткен... Ол анау төтемен асқан екен ғой,— деп, Омар қамшысымен көлбеп жатқан сары белдің аржағын нұсқады. Назыкештің көзі де солай қарады.

Омардың бар аңдығаны да осы бір кез еді. Қыздың шылбырын шап беріп, қамшымен іліп алды да:

— Енді шырағым, менен қалма. Атыңды айдап отыр, — деп жөнеп берді.

Не таңданып, не қорқып үлгіргенше, Назыкеш өзінің Омармен қатарласып шауып келе жатқанын көрді. Жорға күрең безектеп ағып келеді де, сұлу күрең бесті тізгінімді босат деп арпалыса бастапты. Арам ой, анайы қылықтың белгісі жоқ, Омар мұртын тікірейтіп, тұнжырап алыпты. Көкшіл көзінің сызығымен қызға анда-санда бір қарайды да, үндемейді, күреңнің тізгінін босата түседі. Оң жақ бетіне көк бояу жұққандай, көгерген бір дақ бар... Ол Жұман қамшысының дағы...

— Енді бұл екі ауылдың арасына тірі жан қатынаспайды, білдің бе? — деді Омар, әлден уақытта. Назыкештің жауап беруін күткен жоқ, көзін бұрып әкетті.

Орынсыз жәбірден көзіне жас келіп қалғанын сезді де Назыкеш бойын тез жыйып алғысы келіп:

— Жіберіңіз шылбырымды. Мен атымның басын өзім де алып жүре аламын,— деп, атының басын кілт тежеп, кейіндей берді. Қыздан мұндай қылықты күте

қоймаған Омар шылбырдың қолынан қалай сусып шығып кеткенін байқамай қалды.

Күрең жорғаның катты екпінін жайғызып, қайта оралғанша, Назыкеш шылбырын жыйнап алып, шоқыта жөнеліп еді. Енді қуғанмен жете алмайтынын білді де, Омар айғайлап:

— Ауылға тура тарт. Адасып кетесін, қаранды үзіп кетпе! — деді. Қыздың қарасынан көз жазбайын деп, өзі де катты ағызып кетті. Жана ғана ойында әлдене бардай үмітпен күдіктің дел-далында келе жатыр еді. Енді оның екеуінен де ада болып, «сөз тасыйма деп жібермедім» дермінге тірелді.

Мола басындағы уақыйға мен өрттен кейін бұл маңайда екі байдың біреуі-ақ қалатынын Омар біржола ұйғарып қойып еді. Енді ерсілі-қарсылы барымта басталады. Қолға адам түсе ме, мал түсе ме, бір күндерге дейін бәрі де сұраусыз... Үлкен топтар қаржасып, бір байламын айтқанша, барымтаға бәрі де сыя береді. Бұл бір елдің ерсі көрмейтін нәрсесі. Игіліктің ең жаны ашырымын деп жүрген Омар Сармантай жағының қызы түгіл қотыр лағын көрсе де ала кететін еді...

Омардың өз қылығына тапқан дәлелі де осы-ақ... Мұнысы өзіне де ерсі көрініп келе жатқанмен, әлдекандай қыянқы ой осыны дұрыстай береді...

Жұман аулынан андай жөнелген шапкыншыларды Омар өз көзімен көрген, осының болмай қалмасын, ерте болжағандай, Игілік те тастүйін әзір отыр. Бүгінгі өрт енді екі ұру елді түгел жалынымен шалып өтеді.

Омар ыңғайын таныйтын Игіліктің тілегі — Жұманның жарасын ушыктыра беру сыякты. Атын алып кет, адамын ұстап ал, әйтеуір, дамыл бермей шабақтай бер. Мана бір боқтап жібермеген екемін өзін деп ойлады Омар: моланың басы болды демесем, боқтап жіберсем де болады екен...

Әлденеден Омардың өзінің көрген қорлығы да жанына енді бата бастап еді. Машиналарын өрттен аман алып шыққан соң, жігіттер мұны епте мазақ қылып алған. Бағынар жұрт көп көрінген мен, сыйлар жұрт аз екенін көрді Омар.

— Қатынындай қуып жүріп сабады-ау! — десті жігіттер.

— Бір шалдан сонша қашып, өзің де боска қожандайды екенсің-ау! — деп, тағы бірдемені аңғарта күлісті.

Оның үстіне Игіліктің арнап тапсырған бір жұмысын өртке беріп келе жатыр. Осы ызамен келе жатқан Омар көңілі «әдемі алма көргенде пышақтың да тісі қышып кетеді» дегендей, Сармантай жағының қызына әр қиядан-ақ ауыткып еді, әттең, қыз қолынан шығып кетті... Енді әне оқшауланып алып сақ келе жатыр.

Сол ағызған бойымен Омар күн бата Игілік аулына жетті де, Назыкешті өз үйінің қасына түсіріп, атын жетелеп алып кетті. Бұл екі ауылдың арасына тірі адам қатынасуға болмайтынын Назыкештің шешесіне де қадап айтты:

— Ауыл маңында шолғыншы жүреді. Аркан бойы ұзап шыққандарың келіліп қаласыңдар! — деді.

Қатты үрейленіп қызын құшақтай алған Күнше оны естіген де жоқ. Қызының көзіне телміре қарап ұзақ тұрып қалды да:

— Аманбысың, әйтеуір? — деді.

— Өзім де қорқып ем...— деп қалды Назыкеш.

Біріне-бірі пана бола алмайтын екі мұңдық, бірінің ішіне бірі кіріп кеткісі келгендей, қатты бір құшақтасып айрылды да, жас аралас күліп жіберді. Ие, бұл жолы құдай бір сақтап қалыпты, әйтеуір...

Аттарын алыска тізген көк арбаларға байлай тастап, Омар асыға басып үй сыртында жалғыз қанқайып тұрған Игілікке келді. Бар жүріс-қыймылымен пәлеге ұшыраганын аңғарта, аптыға келіп еді.

— Немене, өртке беріп қайттың ба? — деді Игілік. Күндіз өрт шыққан тұсты шамалап қойып еді, Омардың келісінен түгел түсінген сияқты. Омардың жауабын күтпей:

— Ие, өртті көріп отырдық, салған кім? — деді Игілік.

— Құтырған шалдың өзі ғой деймін... Тал түсте бадырайтып тұрып, өрт жіберіп, өзі қарады да тұрды,— деді Омар.

— Адамдарың аман ғой?

— Аман. Келе жатыр...

Игілік үйге қарай бір-екі адым жасады да:

— Жалғыз үй отырмасын, Байжанды осында көшіріп әкеліңдер. Мынау үй неге көшпей отыр екен? Келетін болса, оны да осы ауылға қос...— деп, Күншенің караша үйін иегімен нұскады да — өзгесін Батыраштан білерсің,— деп үйіне беттеді.

Шаршап келген, жәбірленіп келген Омарға үйге кір деп те айтқан жоқ. Мұның айтарын өзі біліп қойғандай, басқа жайды сұраған да жоқ... Барлық іс өз ойынша дәл оралып келе жатқан сыяқтанды...

Осыдан үш күннен кейін Майқұдықтың маңын адам танымай қалғандай еді. Қабаттастырыла тігілген үйлер нің тіреседі. Жау келер жақты кең орап алып, өзен жақ бетті ғана ашық қалдырыпты. Бала-шаға жоқ, Қареке — Мұрат делінетін үлкен ұрудың бар еркегі қазір майдан жеріне келген сыяқты. Ас пісіретін әйелдер де еркекше киініп алған. Осынша сары қолдың ішінде екі-ақ әйел бардай, қарсы жақтан қолға түсіп қалған Күңше мен Назыкеш қана өз киімдерінде.

Аттар ерттеулі, сойылдар сүйеулі... Бастарын орамалмен таңып алған, ықшам киінген жігіттер, қамшылары белдерінде, әзір жүр. Әр үйдің белдеуіне қаз-қатар қыстырылған қақ сойылдар арандай түксиеді.

Енді көп үйдің ортасында қалған Игіліктің жаңа үйі ордадай діңкиіп ерекше көрінеді. Қасында болыс, билер, урядник, стражниктері бар, ауылдың ортасында Игілік отыр. Батыраш пен Омар кезек-кезек келіп:

— Қаракесектен қырық жігіт келді.

— Керейден елу жігіт келе жатыр...— десіп кетеді. — Әлі менің бір кіреме жеткен жоқ, — деп, кіреші Ыбрай жымыйып қояды. Ол Ақ-бұйраттағы урядник Боткин мен бірге өз кіресіндегі сексен жігітін алып келіп еді.

— Мен осыған қуанып отырғаным жоқ, қайғырып отырмын! — деді Игілік, қасындағыларға түгел естілетіндей мол дауыспен.— Атам заманынан қалған бірдемеге ұқсап барамыз. Қанша жұрт жұмыстан қалып, қанша уақыт сергелдеңге түскелі отыр. Үлкенің бар, кішің бар, төрең бар, қараң бар, бәріне бір қолқам — менен Жұмекене ат-тон айып әперіңдер де осыны тез тындырсаңдар екен. Ризамын елге, аққа жақ ел байғұс келіп қалыпты, ризамын бәріне де... Ақмоладан төрелер келіп қалғанша, тындырып тастаңдаршы... Ушықтырмай тез тындырсаңдар, осының аяғын тоймен таратар едім...— деді.

Игіліктің шын ойы — бұл істің заңмен түйілуі екенін білетін жырындылар, біріне бірі қарамай бас изеседі. Бұлардың қазақша бітімге келтірмейтінін Игілік өзі де біржола түсініп, іркілмей соғып отыр...

Жерді катты дүңкілдетіп, желе шоқытқан үш салт

жігіт, жолында тұрғандарды киіп-жойып осы топқа қарай жақындай берді. Үлкен ақбақай торыға мінген, жауырыны қақпақтай, балуан жігіт Бұланбай атын алшаң бастырып, озығырақ келеді... Алдында өңгеріп алған адамы бар сияқты. Ақбақайдың терге шыланған ақ шашалары күнге шағылысып, күмістей жалтылдап келеді. Оқыс мінезді, даркан жігіт Жұман жағының шолғыншысын ұстап алыпты да, қол-аяғын байлап, өңгеріп әкеліпті.

— Міне, тағы біреуі,— деп, Бұланбай тұтқын жігітті Игіліктің алдына тастай берді де, құйрығына қамшымен бір тартып қалды. Жігіт жерге былш етіп құлады. Бұланбай артына қайрылған жоқ, жігіттердің қымыз ішетін үйлеріне қарай кетті. Есік алдына қаңтара салған кең кеуделі, қияқтай құлағы шекесіне шаншылған биік торы ат, үйренген әдеті бойынша, желге қарсы аяңдап барады.

— Ей, шешіңдер мына жігітті... Осы сорлы Игілікпен өштесіп жүр деймісің! — деді Игілік, жігітке жаны ашығандай қабағын түйіңкіреп.

Қол-аяғы шешілген соң, көзі тышқанның көзіндей жылтылдаған, жирен мұртты, аласа ақсары жігіт басын көтерді.

— Ей, жігіт, — деді Игілік, — біреу-міреудің есінде қалса, тағы бірде бірдемеге кездестіріп жүрер бұл жұрт, ат-жөнінді де сұрамайын, сен шырағым қайта бер,— не көріп, не білгеніңді айта барма деп те ант алмаймын... Мына төре-қара, би-болыстың көзінше айтар бір ауыз сөзім бар, Жұмекеңе соны жеткізе аламысың?

— Е, жеткізе алам...— деді жігіт, қамшы тиген арт жағын бір сыйпап қалып.

— Құлдық ұрып, аяғына жығылам, ат-тон айыбын да алсын... Бірақ мына қазынаға кеткен жер үшін мені күйдірмесін. Бұл енді менікі де емес, онікі де емес, қазынанікі. Мен қазақтың бейбастағынан қазына жерін қорып отырмын. Еңбек қылып, ақшасын төгіп отырған жұрттан ұят болар деп отырмын. Жігіт жыйып майдандасқалы да отырғаным жоқ, бас сауғалап отырған кезіме ағайын-туған қорғаныш жасап жыйналысып жатыр, —деді Игілік.

Урядник Боткин қос қияғын ұйыстырыңқырап қоятын жездей сары мұртын тікірейтіп:

— Түсіндің бе? — деді қолға түскен жігітке. Екі ұр-

тына екі жұмыртка тығып алғандай, ұрттары да бұлтыя қалыпты.

— Ендеше мына төрепізге де қой деңіз,— деді жігіт Боткиннің орысша айтқанына түсінбей.

Игіліктің орысша тура тарткан боп, қазақша алыстан орап, шытырман арасымен келе жатқанын Боткин де түсінген жоқ еді. Ол әрбір төменгі әкімдердің әдетінше тікіреюмен жапырып тастамақ болды.

Жіңішке жирені қолына тиген соң, жігіт артына қарай-қарай ұзай берді. Енді еріксіз Игіліктің айтқанын жайып, ақтаушысы болатынын аңқау басы аңғарған жоқ...

Осы бір сай-сайды қуалап, жыл сайын ұзарып, жыл сайын тармақтанып бара жатқан жіңішке жолдың бойында әлдене ескіріп, әлдене жаңарып бара жатқан сыяқты. Бірі кеткісі келмесе, бірі кетірмей қоймайтын бет алған қайсар екі ынғай кездесіпті де қасарысып тұрып қалыпты. Кісі өлер, өрт салынар, ұятқа қалар, бірақ, жыға жеңбей, я, біржола жеңілмей екі жағы да тоқтай алмайтын сыяқты.

Екі қайсардың бірі Жұман бай, ойдағы-қырдағы Сармантайды жыйып алып, шаңқайтүсте Бұқпа көліне жетіп еді. Енді екі қырдың астында ғана Игілік аулы отыр. Қарауылдап жүрген қос-қос салттылар әр төбеден көзге түсе бастады. Ат қызуымен желігіп алған Сармантайлар гу-гу етеді, қырып жіберетіндей күпілдеседі.

— Шіркін Игіліктің өзін құдай қолға бір берсе!..

— Ең болмаса адуын тоқалын десеңші!..

— Омарды айтсаңшы, Омарды! — деседі.

— Ал, жібердім тізгіндерінді! — деді Жұман, қалың қолдың ортасына тұрып.— Өзгесі адыра қалсын, ең алдымен Игіліктің өз шанырағын ортасына түсіріп, өзін бір сүйреп алдыма әкеп беріңдер! Өзін, өзін!..— деп тоқтады.

Быйыл жаз бойы бір дұрыс айқас көрмеген Сармантай жағы осы арадан-ақ лап берді. Жатаған келген жарау аттар сүліктей созылып, керіле құлаштап барады. Оң иыққа қайыра салып алған қақ сойылдар зуылдап, ысқырып қояды.

Қалың қол сол екпінімен, айғай-шу, тасыр-тұсырымен, тұтас келіп Игілік аулына төніп еді, иек артпада ғана тұрған үлкен бір қол бұларға көлденеңдеп келіп соғып, еріксіз екіге бөліп әкетті. Бас та жоқ, басқару да

жоқ Жұман тобы сол екіге бөлінгеннен кейін-ақ жыртылып айрылғандай тоза да бастады.

Алдыңғы жүз қаралысы іркес-тіркес, иін тірестіре тіккен үйлерге келіп соғылды да, ең мықтағаны әр үйді бір салып қала алды. Үй-үйдің арасынан шыға келген жаяу сойылшылар ат үстіндегілерді оңай түсіріп алып жатыр. Қақ тізеден қағылған аттар да ұшып-ұшып түседі. Тобықтан, тізеден қағылған адамдар да серейе құлайды. Көк арбалар мен, киіз үйлермен қоршап тастаған Игіліктің өз үйіне біреуі де жақындай алған жоқ. Осы арадан табан аудармай қорғаған жаяу сойылшылар әрі-беріден соң сыртқы үйлерге де жолатпай қойды.

Қыр басында иесінен айрылған аттар баурына кеткен ерін текпілеп, айнала шапқылап жүр. Кейбіреулер құлаған жерінде қозғалмай жатыр да, кейбіреулер алақжұлақ етіп, өз атын іздеп жүр. Мұндай айқаста неше құлап, неше тұрсаң да, аяқтап келгенде өз атыңның үстінде көрінссң, күлкі сықақтан аулақ боласың... Алақтаушылардың жүзіне шыға келген бір айқын із осы сияқты. Екі байдың қырқыстарына іркіліп, енжар қараушылар да аз емес, бірақ ол сыр бетке шыға қоймапты, әлдекайда кеудеде қорғалақтап тұр...

Әлдекімніц сойылы қатты тиіп, жүрегі шайыла қалған қорқақ жігіттер, онша әкетіп бара жатқан жаралары болмаса да, әрнеге де разы, енді төбелеске кіргісі келмей, қылжыйып жатыр. Жығылған мен жатқанды ұрып өтіп жүргендер де бар.

Осымен нөсердей күркіреп келген шабуыл берекесізденіп бытырай да бастады. Еш жерде табандасып қырылысып жатқан бір топ қалмапты. Ерсілі-қарсылы шапқыласқанның бәрі де енді айқас іздеп жүрген жоқ, өз топтарының бой тартқан жақтарын іздеп жүр.

Жұман қолының алды «Итжонның» қырқасына шығып алып, шоқтарыла бастады. Не істеп, не бітіргендеріне өздері де аң-таң қалғандай болып, ақтарылып тұр. Кірпідей жыйырылып маңайына жолатпаған Игілік аулына тұк дарыта алған жоқ. Қолға түскен Игілік жігіттерін Жұманның көңілі үшін әркім бір зекіп қалады. Ашусыз, ызасыз зекитін сияқты.

Майдан даласын бақылап тұрған екі жақтың да көзіне ілегер енді бір-ақ айқас қалып еді. Манағы Бұланбайға Жұман жағының Сүгірәлі дейтін балуан жігіті кездесті де екеуі оңаша сілкілесіп кетті. Әр тойда кезде-

сіп, кезек жығысып жүрген екі балуан, Жұман мен Игіліктің бетін жауып қойып, өзді-өзінің намысына шабысып кетіп еді. Екеуі екі жақтың қолбасшысындай, екі жақтың да үлкен үміт күткен адамдары. Бұл екі қолдың қайсысы тисе де ат үстінде аман қалу деген болған жоқ-ты. Қара шоғыр ыдырап, енді ананы-мынаны аңдайтындай болған кезде, бұл екеуі бірін-бірі іздеп жүріп кездескендей еді, әлі айрыла алмай жүр...

Бұланбай мен Сүгірәлі бірін-бірі таныған жерден-ақ қарсы ұмтылысып еді, алғашқы сілтескенде-ақ сойылдары шарт-шұрт сынып қалды. Ағып өтісіп, қайтадан қарсы келісіп қалғанда, ырғай сапты бұзау тістер екеуінің арқасына да сарт-сұрт етті. Біресе оң жақтарынан, біресе сол жақтарынан қарсы келіп қалып, қамшыны қайкая беріп сілтеседі. Ең қоркатындары бірінің бірі алдына түсіп қалуы сыяқты, ағып өтіп, қайта бұрылып келіп қарсы айқасады, тайынбай, жасқанбай айқасады. Көздер қып-қызыл...

Тағы бір оралғанда Сүгірәлі қамшысын көлденең тістеп алып, оң қолын бос алған екен. Бұл ат үстінен аударысудың белгісі еді. Бұланбай мұнысынан да тайынған жоқ. Енді темірдей келіп жармасқан екі қол жағадан алысқанда, қатты екпінмен келе жатқан аттар да тұрып қалды. Аттар қайқандап тізелерін бүгіп, ағаш ерлер ескі төсектей сықырлайды. Шекеге шеке тиіп, құлақтар жұлынып бара жатқандай. Тебініп қалғанда аттары әрең деп ілгері бір ұмтылады да, тас тиелген арбаны жарға шығара алмай жатқандай, тәлтіректеп кейін шегінеді.

Манадан екі балуанның қолдары бос жүрген кезінде ешкім бұлардың маңайына жақындауға бата алмап еді. Босқа қақтығып қалармыз деп қорыққан. Енді екі балуан айқасып өскен шор ағаштай болып, бірін-бірі ала алмай, бірінен бірі айрыла да алмай, қайнасып қалған шойындай болып сіресіп қалған кезінде, Жұман жағынан жыйырма шақты салт лап берді. Шылбырларын шешіп алыпты. Бұланбайдың мойнына бұғалық тастап, байлап әкетуге келе жатыр. Қатерсіз, қауіпсыз, өжет үйіліп келеді...

— Жіберме, Сүгірәлі, айрылма!

— Байлап әкетейік бәлемді! — деп ісіп-кеуіп, гүжілдесіп келеді. Аттарын сарт-сұрт тебініп, қолдарын шошандатып, Бұланбайдың мойнына қыл шылбырларын

тастай бастады. Мұны көріп тұрған Игілік жағының жігіттері де лап қойды.

— Босат, босата тұр! — деді Сүгірәлі Бұланбайға. Бірінің көзін бірі көрмесе де, Сүгірәлінің «босата тұр!» дегендегі үнінен Бұланбай сескенген жоқ, алдаусыратуы ма деп ойлаған да жоқ, босатып жіберді. Сүгірәлі де қолын босатып алды.

— Ойбай-ау, ұстай тұрсаң етті!

— О, не қылғанын?

— Енді қалай байлап аламыз! — деп, келген жігіттер сасқалақтай бастады.

— Өй, өңкей өнез! — деді Сүгірәлі өз жігіттеріне.— Өзімнің әлім келмесе, Бұланбайдай жігітті мен сендердей шіріктерге байлатып алушы ма едім! — деп, ең өршеленіп тұрған біреуін қамшымен тартып жіберіп, аттың бауырына түсірді.

Бетпе-бет, қолма-қолдан басқаның бәрін иттік, опасыздық деп білетін Сүгірәлі ызаға күйініп кетіп, өз жігіттерін шетінен бір-бір ғана тартып қалып, бесеу-алтауын ат баурына түсірді. Кейбіреуі қамшыдан ұшып түседі, кейбіреуі қамшы таянып қалғанда атынан өзі қылжыя кететін сияқты. Бұланбай қозғалған жоқ. Сүгірәлінің ұрт ерлігіне жаны риза болып, сол орнында тұрып қалды.

Тасыр-тұсыр таянып қалған Игілік жігіттеріне Бұланбай да көлденеңдеп қамшысын сілтеді.

— Қайтыңдар кейін!

Бұланбайдың алдын кесіп өте алмай олар да тоқтады. Жігіттер үнсіз наразылық жасап, шегіне қоймай, шоқтарылып қалып еді, Бұланбай «қайтыңдар дедім ғой!» деп екінші ақырғанда, желді күнгі қоғадай жапырылып кейін бұрылды. Сол ақырғанның қатты екпіні айдап әкетіп бара жатқандай, ұйқы-тұйқы, қатты шапқыласып барады.

Алшаң желісті ақжал күреңімен Сүгірәлі Бұланбайға оралып келді де:

— Енеңді ұрайын кедейдің мандайына екі нар сыйған ба! Қасым болғанша, досым болсаң еттің, жатым болғанша жақының болсаң еттің! Бір сен болмасаң, осы елде қолыңның айызын қандырып ұратын да бір ит жоқ екен ғой! — деді.

Сөзге олақтау Бұланбай, тақпақтаңқырап кеткен Сү-

гірәліге өзіндей жауап қайтара алмай, сасыңқырап қалып:

— Іниге сен жарымасаң, ағаға мен қашан жарып едім? Күн бойы қамшылағанынды ағаның шапалағы дермін, бұдан былай інім деп жүр! — деді.

Аққөңіл Сүгірәлі, опырылып құлаған жардай, біржола құлап түсті де:

— Бауырым, Бұланбай, сөз осы болсын. Мә, қамшым, қамшынды әкел! Мықты болса, Игілік пен Жұман өзді-өзі қырылыса берсін. Екеуіміздің бір-бір атымызға жетпей жатқан жер жоқ,— деді. Көзіне жас келіп, даусы дірілдеп тұр.

— Ендеше қайқайып қазір тартайық аулымызға. Көрсін түге! — деді Бұланбай.

Осыдан басқа сөз жоқ, екі ер жігіт қамшыларын ауыстырып алысты да екі айрылып жүре берді. Енді бұл қамшылар өз иелерінің денесіне тимеске тиісті еді...

Сүгірәлі мен Бұланбайдың үйлеріне қайтып кеткені, жауласып отырған екі жақтың екеуіне де қатты батып еді. Бұл күнге дейінгі қазақ дәстүрінде жоқ бір мінездің тапатал түсте атой бергеніне Игілік те қатты түйсігіп қалды. Елдің ескі асаулығы емес, жаңа бір асаулық сияқты көрінді.

— Кісі жіберейік... Ұстатып алдырайық! — дегендерге, сақ Игілік баспады:

— Бір жеріне қата тиіп жараланып қалмады ма екен өзі? Соны ғана біліңдер, —деді.—Жұмыс уақыты ғой, көлік бірдеме керек болса, ұялмасын ала кетсін...

Содан соң Игілік қасында отырған ақсақал-билеріне қарап:

— Майданы осымен тыныстаса, Жұмекеңе барып қайтыңдар... Әр неге әзір жайымды айтып, тындырып келсеңіздер екен... Орыстың өкіміне өреміз жете бермейді, қазақы жолдың қайсысына болса да салғыласарым жоқ,— деді.

Күреңкөз қожаны орталарына алып, бір топ кәрі-құртаң жақындай бергенде, Жұман тобының қатты дағдарып отырған кезі еді. Ортасы ойысқан үлкен топ бірінебірі наразы, керкілдесе бастаған.

— Бұқпадан адам сияқты тұтас жөнеліп едік, тап ауылға жақындағанда екі бөлініп, быт-шыт болғанымызға кім айыпты осы?

— Кім бөліп әкетсе, сол айыпты да!

— Сол кім деп сұрап отырмын ғой мен!

— Е, оны ит біле ме...

— Алдымда бір ала атты кетіп бара жатыр еді, сол жағына қарай о да бұрыла берді, оның артынан мен де бұрылдым... Енді қарасам, кез келгенді қағып тастап, Бұланбай келіп қалыпты...

— Атың сүрініп кетті де құлап қалдың?

— Ие, атым сүрініп кетті де омақата келіп құлағанным...

Әр жерде осындай наразылық, іліп-қағыс тұтанып жатқан кезіне араға жүрушілер келді.

— Ассалаумағалайкүм...

— Уағалайкум ассалам...

— Салаумаликүм... Салаумаликүм.

— Әлік салам... Салаумаликүм, әлік салам...

— Е, Жұмеке, мал-жан, бала-шағаңыз түгел аман ба?

— Шүкір аллаға, аман... Өз үй ішіңіз де есен бе, түгел?

— Ауыл-аймақ, ел-жұрт тегіс есендікте ме?

— Тегіс есен, Қожеке... Отырмыз алла деп...

— Ит-құстан, одан-бұдан халас болдыңыздар ма?

— Шүкір, Қожеке... Өзіңіздің жүрген жерлеріңіз де аманшылықта ма екен?..

— Шүкір, Жұмеке, шүкір... Көпей бәйбішенің денікарны сау ма?..

— Сау... Өзіңіздің де бәйбішеңіз күйлі ме?..

— Күйлі-күйлі, Жұмеке... Келін-кепшік, бала-шағалар есен ғой?

— Есен, Қожеке...

— Ауру-сырқау, өлім-жітімнен түгел есенсіздер ме?

Қожаның көңілі үшін аллалап отырған Жұмекең бұл жолы:

— Құдай деп отырмыз,— дей салды.

— Шыққан шығын жоқ па?

— Жоқ...— Енді «Қожекесін» де қоспай кетті...

Көп сәлемдесулер, ұзақ амандасулар енді ғана қысқара бастады. Дүние жүзінде қазақтан ұзақ амандасатын ел кемде-кем-ақ болар. Әсіресе, осындай дау-жанжалдың арасында жүретіндер езіп-созып, тіпті ұзақ амандасады. Мал-жан, ауру-сырқау, ит-құска дейін қалдырмай сұрасады. Келген жерінің қандай қабақпен отырғанын да осы амандасу үстінде болжасып қалады. Кел-

ген жұмысының жайын анғарту үшін де жапсарлас бір амандық сұрау керек... Қожекең, осыны ескеріп:

— Тыныштық па, әйтеуір?..— деді.

Бұл сұрауды манадан күтіп отырған Жұман бай шапшып түсті:

— Қайдан тыныштық болушы еді, тәңірі деген. Көрмейсіз бе екі жонның арасында ер-тоқымын бауырына алып, неше ат шапқылап жүр әне!.. Қанша адамды түйеге теңдеп ауылға жөнелтіп жатырмыз!.. Қырылысып тынатын болдық қой! — деді.

— Жауластыру жаушыдан, елдестіру елшіден деп атаң қазақ айтқандай, ара ағайын екі жағына да адал сөзімізді айтып, достық білдіргелі келдік,— деді Қожекең.

Содан кейін, бұл елдің аттап өте алмайтын қыркаларына тартып, алла айналасындағы бір хикметтерге ойысты:

— Ие, Жұмеке, қайдан тыныштық болушы еді деп дұрыс айтасыз... Заман бұзылғалы келеді. Былтыр күн тұтылды. Алдыңғы жылы ай тұтылып еді. Құйрықты жұлдыз болса мынау, әр түнде төбеге шығып алады да бір қозғалмайды. Кете ме десең күн сайын жақындай түседі. Түркстан Шәріптегі Қалмақан қазіреттің сыйрағы зыйраттан шығып қалыпты дейді. Тырнақтары өскен, сыйрақтары қап-қара болып күнге күйген... Еслам қауымы енді Мұхаммет пайғамбарымыздың қабірінен үн шыға ма деп қауып етеді...— деді. Күні-түні осыған қайғырып жүргендей ауыр күйзеліп айтты.

— Апыр-ау, ол қандай үн болғаны? — деді Жұманның оң тізесін баса отырған аңқау шал.

— Қысылғаннан шығат та!.. Біздің осы күнәміз оған да батпай жатыр деймісің! — деп, Жұмекең оны тойтарып тастады. Назалы адамның еркелігін істеп, адуындап қырап кеткенін аңғармай ерсірек айтты.

— Жоқ, Жұмеке,—деді Қожекең жұмсақ қана,—қысылғаннан демеңіз, қайғырғаннан деңіз...

— Қайғырғаннан деген құрғырың ауызға түсе қойып жатыр ма, қыйналғаннан дегендегім ғой...— деді Жұмекең, ағат кеткенін түсініп, абыржый бастап.

— Екінші,— деді Қожекең,— оған да батпай жатыр деймісің дей көрмеңіз бұдан былай... Пайғамбарымызға деңіз...

Әр таяздың түбі көрініп жатады, әрбір түбі көрініп

жатқан су да таяз... Жұмекең дін жағына таяздығын біржола көрсетіп алды да, енді көзі бажырайып, дәйт деп отырып қалды. Енді оны Қожекең де алдына салып алып, торпақтай томпылдатып айдай жөнеліп еді. Өздерін пайғамбардың әулетіміз, қазаққа дін үйрете келген ұстазбыз деп түсінетін Қожекең қара жаяу Жұманды болмашыдан бір сүріндіріп алды да басқан адымының бәрінде күнәң бар дегенге мойындатқалы келеді. Игілік алдында бүрсең қағатын Қожекең мына топта маймандатып барады. Ара-арасында, отырғандардың бәрін де жайқап, кейбіреулерді басқа қағып, жасқандырып тастап отыр. Жарғақ шалбарының ауы қатпарланып, ызба бауы салбырап, жүресінен отырған біреуге:

— Ей, итке ұсап, жүреңнен отырған нең, сақалды басынмен!..— деп тастады. Енді біреудің насыбай атып жатқанын көріп қалып:

— Сен мұны орыстың қатындары сарып шығаратынын білмеймісің? — деді. Мұнысы тіпті көп адамдарды тұқыртып кетті. Осындайдан өмір бойы ығысып әдеттенген олардың айналасындағы көп надан, надан діннің оң көзіндей көрінген қожадан біржола жасқанып та, жасып та қалды.

Осылай әркімдерді де ағаш-жағалтайлап алып, Қожекең жіңішкелеп Игілік сөзін жеткізе бастады. Оны да ара ағайынның жанашыр сөзі етіп жеткізді. Аяғында:

— Орыс айтар өкімге өреміз жетпейді,— деп ерекше ескертті де,— өзгенді ара ағайынның тезіне бер,— деп тоқтады. Ол өкімнің қыр астында ғана келе жатқанын білмейтіндей, жанжалдың өз ара бітіммен тынуын Игілік катты тілеп отырғандай, сендіре айтты...

Жұманның билер қақпақылына түссе оңай ұтылатынын жақсы білетін Тұрсынбай оған бір арқа сүйеу айтқысы келіп, Қожекенді киіңкіреп кетіп:

— Иттің иесі болса, бөрінің тәңрісі бар дегендей, бір тайпы ел, Алтай-Қарпықтың біразы осы момынды жақтап келіп отырмыз,— деп бастады.— Жақтамай қайтейік? Неше көрсең осының ұпайы кетіп жатады. Біздің бірденеміз қоса кетеді. Сүйегі біздікі, еті бұл кісінікі, ана бір жігітіміздің көзі шығып жатыр. Барымтаға түсіп кеткен адамдарымыздың жайы да не болып жатқанын кім біліпті... Малға мал, жанға жан деген қашаннан бері келе жатқан қара дүрсініміз бар еді. Осындай жайларымызды ескертіп қалғымыз келеді,— деді Тұрсынбай.

— Жерге жер,көзге көз! — деді Жұман.

— Сіз кесімді өзіңіз айтпаңыз, оны мына ара ағайынға беріңіз... Біз соны сұрап келіп отырмыз,— деді Қожекең.

Күренкөз қожаның жайлаудан Игілікпен бірге келгенін білетін Жұман бай, шынында жаңағы сөзді де аңғырт айтып қалып еді. Енді ойлай қалса, мұнысының өзі де келісімге көнетін кісінің сөзі екен. Жоқ, Жұмекең келісімге келіп, бітім жасасқалы келген жоқ. Алтай-Қарпықты аузына алып отырған Тұрсынбай әлі де келер ел барлығын аңғартты емес пе? Шапқын кеткен елдердің біразы әлі келген жоқ. Келеді сөзсіз... Игілікті осы арадан күшпен көшіргелі келмеп пе еді ол?.. Ай бойы торлап алып, кетпей қойса, Игіліктің еріксіз көшпеске шамасы қайсы? Ара ағайынымсып келе қалған екі жүзді Қожа бұған тендік әпермек пе еді? Жоқ, бітім деген болмайды, жүрмейді бұл араға!..

Ойын осыған біржола бекітіп алды да:

— Қожеке, төреңе құлдық. Ағат айтыппын. Кесім, келісім деген болмайды. Игілік досың әуелі көшсін бұл маңайдан, Былқылдақтан бергі жердің түгін жалмап болыпты ғой, көшсін сол жағына. Ара ағайын болсаң, содан кейін келерсін! — деді Жұман. Дін жағындағы сөзден оңай құлай кетсе де, дауға келгенде қыйындап барады.

Келгендер қамшы тастасып, кезектесіп қолқаласа да, Жұман біріне құлақ салған жоқ.

— Менде сөз біреу-ақ: көшсін бұл жерден! Содан кейін сөйлесем! — деп қасарып қалды да, әрбір олақ адамның әдетінше осынысын қайталай берді. Сөзбе-сөз қайталап, үміт етер бір ауыз сөз қоскан жоқ. Елшілер де аңырысып қалды. Әрқайсысы, бұл қырсықтың енді қай жағынан келу керектігін таба алмай, біріне-бірі қарайды.

— Аяғына жығайық, ат-шапан айыбың да әзір...— десіп көріп еді, Игілік жағында бір қысылыс барын байқап қалғандай, Жұман бай тіпті кергіп кетті...

— Неше көз шықты, неше бас жарылды, кімнің несі күйе кетті. Әуелі сонымызды білісіп алайық. Содан кейін сөйлесерміз. Оған дейін көшсін ана шоқындың. Көшпесе өлісер жеріміз осы болады! — деді де жалбағайдың бауын тас қылып байлап алды. Мұнысы ендігінді естімеймін дегені еді.

Қарындарын алдарына өңгеріп, екі тізенің үстіне тең

қондырып, екі қолдарын айқастырып үстінен басып алған атқа мінерлер түгел тынып қалды. Бүкіл дала бір апатқа ұшырағалы келе жатқандай бәрі де күйзеу отыр .. Дау біткеннің созыла беруін жаны сүйетін Тұрсынбай ғана, көзін ұрыларша жүйіткітіп қойып:

— Бұл момынға да бір теңдік әперсеңіз, шариғатыңызға онша қыйлап келе бермес, Қожеке...— деді де о да тынды.

Бұл жерде не айтылып, не шешіліп жатқанын ести алмай тұрған шеткі топтар:

— Қоңырау, қоңырау! — десіп қалды. Гүлдір-гүлдір, былдыр-былдыр күніренген қоңырау үні, қатты келе жатқан төренің екпінін де аңғартты. Сонша салмақтасып, сонша кергісіп отырған ақсақал-билердің өндері де сола бастады. Әркім артында жатқан қамшыларына қолын созып, жұмсақ мәсінің ішінен бақайлары жыбыр-жыбыр етіп кебістерін әрең сұғып киіп жатыр...

Жалаң қылыштарын жарқ-жұрқ еткізіп, бес-алты стражниктер алдымен жетті. Онсыз да ыдырай бастаған жұртқа:

— Тарандар, тарандар! — десіп келеді.

Қоңыраулатқан екі пар атты Ақмола жолынан бұрылғаннан кейін де жүрісін бәсеңдеткен жоқ. Сонау түптен қозғалып, қарқынын баспаған зәрлі күш киіп кетердей қатал келеді.

Бұл келген Ақмола округінің полиция начальнигі Тропинин еді. Қасында пристав, урядник, стражниктері бар. Игіліктің арызы бойынша бұларды Ушаков аттандырып жібергенді. Бекеттерде тұратын өз аттары мен тез жеткізді. Көр-жерді өнімсіз талшық қылып, Қарағанды маңайынан ұзамай жүрген Жұманды біржола қуып тастауға жіберді.

Сап-сары ала Тропинин пауескеден қарғып түсті де:

— Жұман қайсың? — деп сұрады.

— Е, ол кісі енді... мынау... Е, осы кісі...— десіп жұрт Жұманнан шегініңкіреп барады.

Қайсарлықтан емес, қайтерін білмегендіктен, Жұман жалғыз да болса, қозғалмай отырып қалып еді, Ақмоладан келген кәрдің жалғыз өзіне қадалатынын да сезді. Сақалтай-сақалтай балалары болушы еді, олар да жұрт арасына кіріп кетіпті...

— Приказды жарияланыз! — деді Тропинин.

Жуан аяқты, қысқа мойынды, шашын басына майлап

жапсырғандай жалтылдап тұрған пристав Жұманның алдына келіп полиция начальнигінің әмірін оқыды. Кен табылғандықтан қазыналық деп танылған Қарағанды, Көкпекті, Бұқпа, Сораң манайынан Жұман байды көшірілсін деген әмір екен. Қалпағы қақырайып, мұрты еңірейген, талтақ аяқ казақ-орыс казақшалап шықты.

— Е, мен бұл жерден өзім де көшіп кеткемін...— деді Жұман, абыржып қалып.

— Енлеше неге келдің?

— Жәй...

— Жәй-жәй мен білмейді. Кетесін керек! — деп пристав Жұманнан қол хат алуға кірісті. Қағаз десе жаны түршігетін Жұман бар әбірін ұмытып, енді бас сауғалай бастаса да оңысына қойған жоқ, бармағын бастырып, қол хат алды. Жұманның бақал бас бармағы қағаз бетіне темір күректің басына ұқсап, жап-жалпақ болып түсті.

Артында қоныраулы болар-ау деген іске қол қояр да бас бармағын майлап алатын Тұрсынбайдың қалтасында бір кескен шырағдан жүруші еді. Екі қолын сұғынып алып, бас бармағын шырағданға сүйкей беретін. Тұрсынбай Жұманға соны істеткісі келіп еді, қаптап тұрған төре көздерінен қаймығып қалды...

Өз еркіне жіберсең ой-қыры, сыйыр сокпағы көп дала дауы осымен бітіп те қалып еді. Өз заңымен, өз дәстүрімен келе жатқан жаңа байлық ол бұлталаққа жіберген жоқ. Небары — сонау Ақ-бұйраттағы аз ғана тас үйінді төлтекке салуды көтермейтінін айтты. Аз жаналық, көп ескілікті есіркеу жоқ, мүсіркеу жоқ, аттап өтетіндігін көрсетті.

Далақтасып келгендері болмаса, абыройсыз қайтатындарын енді ғана білгендей, Жұман тобы да өзінен өзі ыдырай бастады. «Сармантай!» деген бір айғаймен келіп еді, енді әр қыркадан асып, әркім өз мекеніне бет алыпты. Ескі айғайлар әлі де құлаққа қонғанмен ойға енді мекендей алмайтын сыяқты.

Күн кешкіріп қалғанын Жұман жұрт тарай бастаған соң сезді. Оған жүрейік деген де ешкім жоқ, отырайық деген де ешкім жоқ. Атына мініп алып, сөмпең жортып, о да аулына қарай бетін түзеді. Ашу да, айбар да, күш те қалмаған. Аты да сүріне береді. Аяп қарағаң, демеу айтқан жан да жоқ. Көп адам қасында келеді: **бірақ жалғыз келе жатқандай сезінеді...**

ЕКІНШІ БӨЛІМ



1

Жұманды жұрт алдында біржола жер қылып, көшіп барған жерінен де айдап тастағаннан кейін Игіліктің өзі де көшіп, Шерубай-Нұраға келіп қонып еді. Енді оның бар байлығы көз алдында, аузымен оттап, аяғымен жүріп, үлкен ақ ауылды қоршай жатыр. Әр қабақтан, әр қырқадан қарауытып көрінген көп жылқы көк жиекті кернеп, әрірек ысырып тастағандай көрінеді.

Биік ақ үйдің сыртында, қасындағыларына сол ақ үйден де биігірек көрініп Игілік отыр. Қуанышты да емес, алаң-елеңі де жоқ, әр кездегісінше іскер де, жыйнақы. Мұриттей мүлгіп, аузынан шыққан әр сөзін алғыр тазыдай қағып әкетіп, тақыр Омар, Жұмабек төре, Ыбырай кіреші, Батыраштар отыр. Өзінің үш баласы да осы арада.

— Ордабай, сен қолың тимей жүр ме, қалай осы, әлгі бір қағазды жөнелтпедің білем? — деді Игілік, болыс баласына қарап.

— Писирь қазір әкеледі... Сіздің қолыңызға қарап тұр еді,— деп Ордабай абыржып қалды да, өз үйіне қарай бұрылып,— әй, Мекепар, Мекепар, қағазды әкел, кумагі, кумагі! — деді.

Отырғандарға әдейі ескертіп қойғысы келгендей, қағаздың жайын Игілік өзі айтты:

— Қазынаға бор дей ме, шағала тас дей ме, тағы бірдемелер керек екен... Соны мына Құлжұмыр, Байдәулет, Сасық-қарасудан алуға болыстан лұқсат сұрапты...— деді.

— Е, құдайдың бор балшығы мен шақпақ тасын аяймыз ба қазынадан... ала берсін,— деп қасындағылары бір ауыздан жапырыла мақұлдады. Ол лұқсаттың жай берілі-

мейтінін жақсы білсе де, Игіліктің ойынан шыққылары келіп:

— Жер сатып жатқан ешкім жоқ...

— Жер қашан да қазынанікі ғой,— десті.

— Тағы да біреу-міреу қожаңдап жүрсе, естерінде болсын дегенім ғой,— деді Игілік.

— Енді жұрт түсініп қалды ғой...

— Көрді ғой...— десіп, отырғандар жымыйысып бірі-не-бірі қарасты.

Хатшы Никифор Березин бір тарақ қағазды әрең көтеретіндей, екі қолымен ұстап, Игіліктің алдына тосты. Игілік төс қалтасынан күмістей жарқыраған төрт бұрышты бір сауытты тырс еткізіп ашып, қалыңдау жезден жасалған мөрін алып, баласына ұсынды... Қағаз бетіне «Қареке-Алтай болысының бас биі Игілік Өтеп үғлы» деген мұсылманша жазу түсті. Отырғандар біріне-бірі қарасып, мұнысына да көшемет көрсетісіп қалды. Әрине былайғы қазақтың қолында мұндай нәрсе болмайды...

— Өзің апарасың ба? — деп сұрады Игілік хатшыдан.

— Апарсам апарайын...— деді ол. Игілік басын изеді.

— Төре, сен мына зауыттың бір күні қысып кетерін ескеріп жүрген шығарсың?— деді, Игілік хатшы кеткеннен кейін, Жұмабекке еңсеріле бұрылып.— Әзіршеміз бес жүз жігіт деп еді ғой, жөппелдемге таянып қалғанда табыла қоймайтын... Ол үшін тағы да шапқыласып жүрмейік,— деп Жұмабекке соңғы рет ескертетінін анғартты.

Салпы етекке салына бастаса-ақ Игіліктің теріс айналып кететін жақсы білетін Жұмабек қуарыңқырап кетті. Даусы да орнықты шыға алмады:

— Хатшыға қағаздатып жатырмын... Өзіңізге әкеліп оқытам... Сіз мақұлдамай болмайды ғой... Содан кейін қайта сұраткызбаспын сізге...— деді Жұмабек.

Қазақ жайын шала білетін, сенбей қарайтын заводшылардың бәрі де өз аяғынан келген қазақ кедейлерін жалдай беруге болмайды, бір күні қашып кетеді деп ойлайтын еді. Даланы, жапан түз, көшпелі елді тұрақсыз көретін завод иелері жұмыскерлерді болыс тағайындап берген подрядчиктер арқылы ғана жалдайтын. Қарағанды, Қаркаралы, Баянауыл маңайындағы қырық жеті өндіріс, заводтардың бәрінде де солай. Мұның бір сорақы нәрсе екенін болыс-билер айтпайды да:

— Е, сенім жоқ... Бағын керек...— Қашатыны рас, дала кең ғой...— деп қояды.

Подрядчиктер жұмыскерді алты айға жалдап, жұмыскер басына үш сомнан алады да, оның аржағында заводты тағы да өз қолына қаратып қоюға тырысады. Ол үш сомға болыс-биден бастап ауылнайға дейін еншілес. Подрядчик қыйқаң шығарса, болыс оны «түсіріп» тастап, басқа біреуді береді. Бәрі жыйналып жұртты талап, өзара және таласып отыратын топтың осындай қыл үстінде тұратын жайлары да бар. Жанағы Игілік айтқан бес жүз жігіт мыс пен көмірге жіберілетін жұмыскерлердің жайы еді.

Әзір батыл қыймылдай алмай келе жатқан Жұмабек Игіліктің жанағы ескертуінен кейін ыршып кетті:

— Мынау ел азырақ сабырласын деп қарайлап қалып ем. Бүгін-ертеңнен қалдырмаспын,— деді тағы да.

— Ушаков ренжіп жүрмесін, әйтеуір... Зауыт жұмысы қазақтың бүгін-ертеңін көтермейтін көрінеді ғой,— деді Игілік. Енді оған айтары жоқтай, кіреші Ыбырайға бұрылды. Жұмабек саптамалы етігін еппен басып, хатшының артынан кетті. Ұзаған сайын ентелей басқанын Игілік байқап та қалды...

Игіліктің кезегін күтіп отырған Ыбырай шарта жүгініп жіберіп:

— Мен мына көмір тасуға қанша кіре қосатынымызды біле келіп ем...— деді.

— Канша керек еді?

— Жүз пар өгіз бола ма деп ем...

— Арба, шана жайы қыйын болмаса...— деп Игілік Батырашқа қарап еді, о да жып-жылдам жүгіне кетіп:

— Екі шеберді өгіз отарына апарып тастадым. Ағаш әкелуге жыйырма көлік Ереймен тауына жүріп кетті,— деді.

— Ақ-бұйрат пен Қарағандының арасында көлік айында неше айналады?— деп сұрады Игілік Ыбырайдан. Бұл қақпанды Ыбрай байқай алмай қалды да:

— Оннан артық айнала алмас,— деді.

— Онды қоя тұр, сегізге келісейік те, есеп осымен айрылатын болсын,— деді Игілік.— Жаңбыр бар, боран бар дегендей, көлікке обал болар...

Ұтылғанын сезсе де үндей алмай Ыбырай да кетті. «Ордабайға айтып көрермін» деп ойлады...

Кіріс-шығыс, пайда-шығынның бірін елемейтіндей кө-

рінетін Игілік бұл далада тендесі жоқ есепкор еді. Жалақы дегенді білмейтін ауылдың ескі дәстүрі жайлаудай кең болса, санаулы ақшасымен, кірімен, кезімен, есепшотымен келген базар да, завод та, обырдың өрісін кеңіте түспесе, тарылтқан жоқ, молықтыра түсті, қызықтыра түсті... Көрінген көдені қызғанып, сақардай сақылдап қайнап кететін Жұманның обырлығы мұнымен салыстырғанда алжыған шалдың ашқарақтығындай ғана болымсыз бірдеме. Игіліктің саусақтары тырсылдата білетін тәспіғы да есепшот қана болатын еді.

Бүгін Игілік алдағы қыстың жайын түгел шотқа қағып есептеп келгендей, бар бұйрығын біржола бермек сыяқты. Жат-жарандар кетіп енді тек өз шаруасындағы адамдар ғана қалған соң, бұйрықтарын қысқа-қысқа, ашық-ашық берді:

— Қоғабай, сен Омар екеуің ертеңнен қалдырмай жылқы қостарын ықшамдап қоярсындар,— деді Игілік ортаншы баласына.— Бір қос сегіз жүзден аспасын. Қос басына бес жылқышыдан шығар, қарулы жігіттерден тандап шығар. Әр жылқышының мінуіне он екі айғыр бер: бір айғырды он бес күннен артық мінбесін, күнара ауыстырып мінсін,— деп, баласы басын изегенше кідіре тұрды да — барлық жалшы-малшының бір жылдық алашағын осы күзде беріп қой, алдағы жазға қалдырма,— деді.

Қоғабай мұнысына да басын изеп:

— Онда быйыл тағы үш қос қосылатын болад та? — деді әкесінің ойын анық аңғара алмай қалып. Игілік баласына наразы көзін бір ғана аударып:

— Қосылмайды. Сібірдің жүз он сегіз базарының қақ жартысы алдымызда тұрған жоқ па... Қараөткел, Қызылжар, Есіл базарларынан қалмас... Әр қостан екі жүз жылқыдан сұрыптап алып базарға айдат, саттыр,— деді.

Қоғабай ішінен есептеп, әкесінің екі мыңнан артық жылқы саттырғалы отырғанын түсінді. Базардан базарға жүретіндерін сездіріп, қасында отырған Омарды тізесімен түртіңкіреп қойды.

— Бекеттердің жайы не болып жатыр екен? — деді Игілік, күлімдей берген Омарға қарап.

Омар күлімдей бергенін тез жасыру үшін, мұртын бір сыйпап қалып:

— Нілді мен Ақ-бұйраттың арасындағы төрт бекет есік-терезесінен басқасы бітіп тұр. Шөбі тасылып жатыр.

Он күнде бәрі дайын болады. Қарағанды мен Ақ-бұйратының арасындағы бекет әлі қолға алынған жоқ,— деді. Соңғы айтқан бекеті туралы бұйрықты бүгін ғана алса да Омар оны әлі орындай алмаған ісіндей етіп, онысына қысылатын үнмен айтты.

— Машиналар тоқтаған жоқ қой?

— Жоқ, қар түскенше доғарылмайды деп келдім,— деді Омар.

— Базар малын Есіл бойына қарай ақырын-ақырын аудара берерсіңдер, — деді Игілік.

Күн еңкейіп, кешкі жел суытыңқырап, көде түптерін жұлқылай бастады. Ауыл үстінен шудасын шұбатқан қоңырқай бұлттар тез-тез жылжып барады. Қыр басындағы жылқылар өзенге қарай ойысыңқырай беріпті. Қос іргесін жақындатпай ұстайтын жылқышылардың даусы ащырақ шыға бастапты. Бөлек жайылатын мініс аттары шұбап өзенге құлап келеді. Игілік те сөзді доғарып, жылқы жаққа еңсеріліп қарады. Бұйрық осымен аяқталғанын біліп, қасындағылары да тұрып барады. Керексіз болса да тағы бір ауыз тіл қатқалы Омар ғана айналақтап қалды. Манадан Игіліктің оңаша қалуын сырттан торып жүрген Сандыбай үйші осылай қарай келе жатыр. Игілік көзін аттарынан алмай отырған бойы:

— Бұл әлі осында жүр ме еді? Бітірмеп пе еңіндер жұмысын? Ордабай біздің шаруаға олақ-ау осы... Әртүрлісінен үш үйір жылқы айдатып әкелші осы араға, таңдап алсын,— деді Омарға. Ордабайдың орындап тастамағанына наразылық етіп, Сандыбайға таңдау бергелі отырғандай кешире айтты.

Игіліктің жаңа үйін жасап берген Сандыбай үйші әлі осында жүр еді. Үйді өз қолынан тігіп беріп, уәделескен он құлынды биені айдап үйіме қайтармын деп қуанып еді, байдың жылқысы жайлауда қалғанын естіді. Одан кейін қырғын төбелеске кездесіп қалды. Әй, біреудің қамшысының ұшында кетермін-ақ деп, үш күндей ас үйден шыға алмады... Ылғый бір абыр-сабырдың астында қалған Игілік мұны көзіне іле қоймағанына ренжи де алған жоқ. Қазір Игілік көшіне еріп, салпақтап жаңа күздікке келді. Игіліктен қанша жасқанса да бүгін тәуекел етіп, жолығуға келе жатыр еді. Сәлемді қалай берерін, не айтарын, қалай айтарын ойланып, ойланған сайын ешнәрсеге тұрақтай алмай, абыржып келе жатыр.

Игілік сөзді өзі бастап кетпегенде сорлы Сандыбай сәлем берумен тоқталып, таусылып та қалатын еді...

— Шеберім, сен айналып қалдың-ау... Үйге кіргеншыққан сайын сен есімде жүрсең де, біздің бір карбаласымыз көбейіп кетті... ренжіме... Қазір малыңды осы араға айдап әкелер, анықтап көріп, таңдағанынды ал, — деді Игілік.

— Сіздің малдың жаманы бар деймісін... бұйырғаны болад та,— деді Сандыбай ыржыйып. Әрі қорынып-ығысып, әрі жарамсақтанып, әрі ұялған иттей қыйпақтап айтты. Қырдан құлап келе жатқан көп жылқы түгел өзіне тиетіндей, жаутаң қағып, қыбыжықтап қарады. Тауып айттым ба, жоқ па деп, қысылып та тұр. Қазір ол Игіліктің үстіне барлық мақтауын үйер еді, аузына сөзі құрғыр түспей, тілі көмекейіне жабысып қалғандай, күрмеліп қалыпты.

— Сонда да көр, ұнатқан үйіріңді ал. Мына бір үйір жылқыны саған айдап келе жатқан болар,— деді Игілік.

Алдында торы төбел айғыры бар он торы бие, он тобылғы торы құлынымен ойнақтап шауып өзенге қарай өтті. Айдап келген екі жылқышы малдың алдын бөгемей, жанасалай шауып барады. Сандыбай бір-екі аттап, Игіліктің алдына шығып кетті де, сасқалақтап қайта шегінді... Өз аулына бітпеген, өз қолымен сыйпап көрмеген малдары екен!.. Осы үйірді алдым деп қала жаздады да, шаруаның ой қалтасы қандай көп болады, бұдан жақсылары да бар шығар деп, тоқтай қалды. Екі езуі екі құлағына қарай созылып, аузын тамсанып қояды.

— Мына бір үйірді де көр,— деді Игілік, екінші мыңнан бөлініп шыға берген бір үйір жылқыны нұсқап.

Өңкей теңбіл қара-көк биелер, қырау тұрғандай ғана ақ қыланы енді біліне бастаған қара құлындар, жақындай беріп, жасылдай жарық етіп, өзенге қарай шауып кетті. Ақ маңдай теңбіл қара-көк айғыр Сандыбайға ұнатпай қарағандай болды, оскырып та қалды. Енді Сандыбайдың тілі біржола байланып қалғандай еді. Бет-аузы, құлақ-мұрны түгел дір қағады. Күліп тұрған жоқ, қуанышынан жылап тұрғандай. Терлеп те кетті... Жүгіріп өзенге барып, құлындардың қалай суға жүзіп, суды қалай ішіп жатқандарын көргісі келіп кетті... Аяқтары қозғала алар емес...

— Шырағым, сен абыржыма... Әбден көр, таңдап

ал... Мына бір үйірді де осылай қарай бөліп шығарды ғой...— деді Игілік.

Сандыбай өзге дүниені түгел ұмытып, өзінің қандай күйде тұрғанында жұмысы жоқ, Игілік нұсқаған жаққа қарады. Мына бір бұлт ішінде бір үйір жылқы келе жатыр десе, Сандыбай аспанға да қарайтын еді...

Маңдайында күмістей жылтыраған жұлдызы бар мақпал қара айғыр бастаған өңкей мақпал қара жас биелер, құлақтарын қайшылап, біресе тұтас жарық етіп қалып, біресе қарауытып мақпалдай құлпырып өтті... Бәрінің маңдайында да кішкене-кішкене жұлдызы жылт етіп қалды... Шіркін құлындары қандай!.. Сүгіреттей сұлу, сағақтары үзіліп тұр екен. Әттең бір-екеуінің маңдайында жұлдызы жоқ екен... Оны Сандыбай анық байқап қалды. Сонысы болмаса, осы мақпал қараның үйірін қалауға да көңілі кетті... Жоқ, әлі де көріңкіреген дұрыс болар...

— Бұл араға келген жылқылардың түрі осы,— деді Игілік.— Күтем десең, ертең осы араға өзге қостар да келіп қалар. Өзің біл... Жаңағы өткен үйірлердің ұнағаны болса, оныңды айтарсың.

Сандыбайдың күткені әр үйірден шеттетіп шығарған ала-құла, кәрі- құртаң еді. Енді міне, ығай-сығай, өңшең бір түсті әдемі жылқыларды көрген соң қандайын таңдарын біле алмай, сасып қалды. Енді оның ойы Игіліктің бар жылқысын түгел көріп, он екі мыңнан таңдағысы келіп тұрғандай еді...

Екеуін қарадан, екеуін торылан, екеуін қара-көктен таңдасам қайтер еді деп те ойлады Сандыбай. Үш айғырды қайта көріп, біреуін таңдап алсам!.. Әрине, құлындарды таңдап алуға болмас... Мырза болғанмен, бар жылқысын түгел аралатпағаны кішкене нерек болды...

Сандыбай осы ойлармен айналақтап тұрғанда, Игілік:

— Быйылғы қыстан қауыптанып тұрмыз. Жер қара, күн жылыда малыңды айдап әкетерсің... Бір қыс біздің үймен дәмдес болып, арба-шанамызды жамап-жасқап берсең, бір-екі құлынды бізге қоса алар едің... Неге тоқырағаныңды Ордабайға айтарсың,— деді де үйіне қарай жүріп кетті. Сандыбай тұрып қалды.

Манадан бері қыбыжықтап, өліп-өшіп тұрғанының

ұяттау болғанын сезінсе де, Игілік қасынан кеткен соң, Сандыбай тіпті берекесізденіп кетті. Көзге түсіп қалмаса көп нәрседен тартына алмайтын ең бір жексұрын әдет бойынша, өзенге құлай берген көп жылқыға қарай ентелей жүгірді. Терлеп кеткенін де енді ғана сезініп, тымағын қолына алды. Бетін тымағымен сүйкелеп те келеді. Әлденеден тайып, жығылып та қалды. Қолына бірдеме жұққанын да сезінді. Бірақ оған қарағаң жоқ, қолын жамбасына сүрте, жүгіре берді. Көз алдында күзеусіз құйрықтарын суға сүздіріп, жүзіп барып, тұнықтан ішіп жатқан жылқылар еді. Судан шығып, дүр-дүр сілкініп, құйрық-жалынан маржан шашып тұрғандай айғырлар, өзен жағалай жарысып кеткен семіз құлындар...

Сандыбай жаңағы үш үйір жылқыны қайта көрмек еді. Енді таный алмай қалды. Біреуін де түстей алмай қалған екен... Өзен тоқтап, көп мақпал қара ағып бара жатқандай сезіледі. Біріне бірі ұқсас... бірінен бірі әдемі... Мына бір қара биені алсам, мына бір сүгіреттей сұлу қара құлын соңыкі болса... Шіркін, мына бір қара айғыр сияқты да мал баласы бола береді екен-ау, дейді ішінен.

Әрине, бай жылқысының бәрі де сұлу, бәрі де ажарлы. Сандыбай соның бәріне қызықты. Мұндай таңдау, мұндай еркіндік ендігі қалған өмірінде кездеспейтінін біліп, осы жолы мықтап бір қамтып алғысы келіп, қомағайлана қызықты. Әрбір алдынан өткен айғырды мініп те көреді, әрбір алдынан өткен биені сауып та көреді. Көз алдына қалай мінстіні, қалай сауатыны да келеді... бірінен бірі ажарлы көрінген көп жылқыдан Сандыбай әлі таңдай алмай жүр. Жылқы өзеннен түгел суырыла шығып қыр асып барады. Сандыбай әлі сандалып тұр...

Сандыбай Жұманның аулына қайта алмай қойған Күншенің үйінде жатыр еді. Қазір Күнше Игіліктің үйінде сауыншы болып жүр. Қырсығы көп Жұман бай Көпейге ерегісіп, оны қайта алдырмай, екеуін екі айырып жіберді. Екеуің де Игіліктің менің соңыма салып қойған жансызысыңдар деді. Сонымен Күнше әзір осы ауылда, Сандыбай соның үйінде.

Өзен басынан Сандыбай желігінкіреп қайтты. Бұрын торсықтай томпыйып, үндемей салбырап, үнлеп қоятын

конағы Күншеге де қызығатындай, көзін айырмай, бірдеме дегелі отырған сыяқты. Күнше қысылып күндегісінен гөрі салқындау отыр.

— Сүтін басыңқырай құйсаңыз тағы бір шыныаяқ ішер едім...— деп, Сандыбай шыныаяғын еркін ұсынды. Күнше үндеген жоқ, сүтін де, шайын да баса құйып, шыныаяқты қайтарды...

— Осы мен сіздің қара басыңызға қатты қызығып жүрмін...— деді Сандыбай. Күнше сескеніп, тітіркеніп қалды.— Құдағыйым болсаң қалай болар екен? — деді Сандыбай Күншеге күлімдей қарап. Күнше түсінбегендей, құр абыржып қалған соң.— Өзіме тартып үйші бола ма деп жүрген балам бар еді. Сіздің баладан бірер жас кіші болар... Бірақ жас өсер, жарлы байыр дегендей, жетіліп кетеді ғой... Солай емес пе? — деді.

Күнше енді біржола танданып, туралап қараса, конағы оң колын мыкынына қадап алған екен... Бұ да әлдекімге ұсай қалыпты...

— Екі құлынды биені қазір беріп кетем,— деді Сандыбай. — Бірі қара-көк, бірі мақпал қара болар, құдай қосса... Өмірде ұстап көрмеген малың, Игілік жылқысы!..— деп, қыза келе сізді қойып, сен деп сөйлеп кеткенін өзі де байқаған жоқ.

— Келер жылы тағы бір қара-көк бие, бір қара бие берем... Менің малымның өзі бір-біреуі бір қызға татыйды... Одан арғы жылы бір қара мақпал байтал берем де келінімді аламын. Қызынды ұзатып апарғанда өзіңе бір қара-көк дөнен мінгізем,— деді Сандыбай...

— Сыйыр-мыйыр, қой-ешкі дегенді араластырмаймын... бір жақтырмайтын малым...

— «Қазақ байыса қатын алады» дегендей, малың колына тиетін болған екен ғой... Е, қайырлы болсын,— деді Күнше.

— Айтсын, айтсын, құдағый...— деді Сандыбай.

— Құдағый дегенді қоя тұрайық,— деді Күнше суық ынғай көрсетіп.— Мен жалғызілікті адаммын. Су асып барып құдалық іздейтін жай жоқ бізде... Бас-көз бола жүретін ауыл арасының біреуі кездесер деп отырған ғана жайы бар адамды қайтесіз әурелеп... Тек-тепімен деген бар ғой...— деп өзінің кемтарлығын да ескертіп тоқтады.

— Онда өзіңді де қасыма көшіріп әкетем,—деді Сандыбай.

— Жоқ, туған елден қайда кетеді дейсің бізді,— деді Күнше күдіктеніп қалып.

— Оның сөз емес, құдағый... Қазір Ордабай болысқа жолығатын бір шаруам бар... Содан кейін бұл сөзді бүгін аяқтайық... Құдағыйым боласын!..— деп, Сандыбай үйден шығуға айналды.

Осылай қызынқырап кеткен Сандыбай далаға шықты да еңалдымен өзі жасаған үлкен ақ үйге сүйсіне қарады. Аспан қалың бұлтты. Іңір қараңғы болса да үйдің ішкі-тысқы бар сыйпаты көз алдына келді. Бұл көп ойлары мен көп күндерін сарып еткен шебердің біткен еңбегіне ішкі бір терең қуанышпен қарап қалатын, өмірінде сирек кездесетін бақытты минуты еді. Көз алдына иін-иілістердің біріне бірі сай келген сұлу сымбаты келеді. Биіктік пен кендік арасында да шалғайлық жоқ екен. Бояулар арасында да жатсырау жоқ, жымдасу ғана бар.

Бай үшін ақ үй деген немене? Бір-ақ үйір жылқы ғой! Сандыбай үшін бұл бар өмірін әкетер өнер де кесіп, ойына жыйнаған көп сурет-сызықтар мен әртүрлі бояулардың басы қосылып тұтас бір бейнеге айналуы.

— Он саусағың алтын ғой! — деді Сандыбай өзіне өзі.

Шебердің мұнысында асыра айту да жоқ еді. Тезге салып иіп, сүргілеп-қырнап сымбатын келтірген ақ теректер қазір байлықты емес, шеберлікті сөйлеп тұр. Ол кезде жауы мен жатына бұйырмаска амалы жоқ шебер еңбегін көзге тосады. Сандыбай қазір осыны ғана көрді. Үлкен болсын да кең болсын дегеннен баска үй иесі тұқ тілек қоя алмап еді, сәнін шебердің өзі келтірді. Не көргені аз топас көзге, не жарамсақ көзге алтын да күміс сыяқты көрінетін бояуларды Сандыбай бакалшыдан алған. Әртүрлі сыр бояуларды өзара келісімге келтіріп, жалпы көрінісіне үйлесім тауып берген де өзі. Бай итінің үргеніне дейін мактайтын жарамсақтар осы үйді мақтай келе «мұны кім жасаған?» деп сұрамай да қала алмайды. Өзімен үріптес былайғы жұрт:— Сандыбай шебердің қолы! — дейді. Шеберді бір сәтке масаттандырған да осы сезімдер еді.

Осы үйді жасаскан жолдастары да есіне түсті. Жаланаш білектері отка күйгендей канталап киіз баскан әйелдер көз алдына келді. «Қала борын» қанша қосуды Сандыбай өзі бақылап еді. Әрі борлаған, әрі ыстық киіз

әйел білектерін шыдатпай сойып түсіре берді де аяғында жігіттердің қолына көшті.

Буылтық, бүкір кемпір саусақтарымен әжімсіз жұмыр қыз саусақтарынан туған термелер мен кестелер де ең әуелі Сандыбайдың алдынан өтіп еді. Талайын жақтырмай қайтарып тастап, аяғында түрімен де, түсімен де, бірі мен бірі үндестік тапқан халге келтірген Сандыбай болатын. Көркемдіктен хабары жоқ топас жарамсақтар алтын деп, күміс деп ең арзанды мақтасып, өнерді көрмейді. Дұрысында бұл үйдің бар мақтары шеберлің өнерінде еді.

Әлгі қызуына енді өзінің еңбегіне көңілі толғаны қосылып, Сандыбайды сол үйге таяп әкеп те қалған екен. Өзі жасаған үйге енді өзі кіре беруге лұқсат жоғы да есіне түсе қалып кілт тоқтады! Малының жайы емес, көнілінде қайта оянған әсемдік тұлғасын тағы бір көруге құмартып та келеді екен. Бірақ, амалы қайсы, жатқа бұйырған еңбегіне күрсінді де тезірек теріс айналды. Ендігі сөзі Ордабайға тапсырылғаны есіне түсіп, соның үйіне қарай беттеді. Енді ойы алаңсағына ауды да қызуы басылып, бір сәтте жасып та қалды...

Сандыбай інір арасында Ордабайдың үйіне келсе, он шақты адам «жыйырма бір» соғып жатыр екен. Күншенің үйінде есіле сөйлеп, көсіле шалқып кеткен Сандыбай бұл үйге әрең батып кірді. Біреуі көріп қалмаса екен, елемесе екен деп тілеп, жылысып кіріп, жымырайып қана босаға жаққа отыра кетті. Ерні жыбырлағаны болмаса, сәлем бергені де ешкімге естілген жоқ.

Үлкен ақ үйдің терме баулары жыландай шұбартып, баркыт пен жібекке, кесте мен оюға, бояу мен сырға орап қойғандай, үйдің ішкі жиһазы қымбат жарқырайды. Шақырайып, жалғыз сорайып тұрған ешнәрсе жоқ. Ақ пенен қара, қызыл мен көк, күрең мен қына сары біріне-бірі еппен тоғысып, бәрі жымдасып тұр. Бұл үйді де шебер біреу жонған екен деп ойлады Сандыбай.

Қартаның қызып алған кезі сияқты, Сандыбайды ешкім байқаған жоқ. Ордабай банке тартып отыр. Ақша шығарып ойнап отырғандары бес-алты адам, өзге үшеутөртеуі Ордабайдың қошеметшілері болу керек, әркімнің картасын көріп қалып, Ордабайға оспақтап қояды.

Бытық бет, семіз қара жігіт Ордабайға әдейі ұттырғысы келіп, оңай күйіп кетіп отыр. Бұл кіреші Ыбырайдың баласы Ботақара, Ордабайдың нөкері болуға құмартып

жүрген жігіт. Осы үмітпен, кейде он сегізге карта алып күйеді. Қанша сездірмеймін дегенмен, ұтылған жолы қуанып, ұтқан жолы өкініп қалатыны анық байқалады. Шен құмар, мансапқор топтың әмір иесіне жағынымпаз бір бейшара мінезі де осы: күрессе—жығылады, ойнаса—ұтылады, қалжыңдасса — жеңіледі. Ұтылар жағына, жеңілер жағына өзі бейімделе береді. Қатарға сонысымен қосылады, сонысымен азамат аталады!..

Ордабаймен ерегісе ойнап отырған екі-ақ жігіт бар. Бұл екеуі біріне-бірі түсіне қарасып, банкеге кезек-кезек басады. Бірақ Ордабайдың жандай-шаптары екеуін де қоршап алыпты.

— Бас, бас! Түгел бас! — деп, жан-жағынан көтермелеп жібереді де, қаншаға тоқтағанын көріп алып, Ордабайға сездіруге жанталасады: иектерін сыйпайды, жөтеледі, самайларын қасыйды.

Ордабай екі аты жоқ саусағына түйенің табанындай екі алтын жүзік салған, жұмыс істеп көрмеген жұмыр саусақтарымен картаны сәлмен текшелей отырып, ойнаушылардың бетіне қарайды. Көз қыйығымен жандай-шаптарын да сыйпай өтеді. Алдында алтылық пен тұз жатыр... Жандай-шаптың бірі, қышып кеткендей, самайын бір тырнап қалды. Олай болса тоқтамау керек... Ордабайдың ортан саусағы картаның астына кіре бергенде:

— Апыр-ай, болыс-екең тіпті қорықпайды!

— Біліп отырады! — десіп, жандай-шаптары көтермелеп жіберді...

— Король, король!

Осы крестің королі жаңа ғана бір келіп кеткен сияқты еді, жұрт шуласып жатқанда, сақалы күректей болып, тағы ішіға келіпті... Ұтылған жігіт төс қалтасынан алып, бір бес сомдық, бір үш сомдық қағаз ақшаға қоса екі күміс теңгелікті де бір-бірлеп Ордабайға қарай дөңгелетіп жіберіп:

— Орыстар он жетіге алмайды... — деді.

Теңгеліктер жарқырай дөңгеленіп барып Ордабайдың алдына құлады. Теңгеліктегі сақалды патшаның басы айналып, ашуланып кеткендей, карташыларға кек ызғарымен қарайды. Ордабай оны малдас құрып отырған бойы, шалбар балағының астына тықты, сол теңгеліктермен бірге Сандыбайдың көзі де сол балақтың астына кіріп барады...

— Мырзаның теңгеліктері қалай әдемі дөңгелейді өзі!..

— Кімге бара жатқанын білетіндей зырлап кетті! — десіп, Ордабайдың жандай-шаптары мәз болып қалды. Бірі өзінің еппен сездіргенін аңғартып, Ордабайға қарап жырқ-жырқ етіп күледі, біреуі айғырша оқыранып, енді бірі кәукілдеп, итше үріп күледі.

— Стук!.. Банке отыз!..

Ерегіскендер жағалай басып, жағалай құлап, өзгелері шамашарқынша үлестерін қосып, банкені өсіріп жіберді. Осы кезді аңдып тұрғандай, келте мұрын аққұба келіншек, Ордабайдың әйелі:

— Тастандаршы енді, шай қарайып кетті,— деді. Ордабай ақшаны қалтасына сала бастады.

Момын жұртты мазақтағыш, қалжыңбас жандай-шаптар, мыжырайып отырған Сандыбайды көріп:

— Өй, үйші, сен де бір басып қал! Жайдан жай байыдың, жалке штоли? — деп үйшіні қолға алды. Қақпақылдап камалап кетті.

— Кетсе, он биенің біреуі-ақ кетер, не жалке!.. Бас, бас!— десті көп ауыз...

Сандыбайдың әлдекай қалтасының түбінде жатқан бір ойы — мыналардың алдында құр кескен томарға ұсап қалмай, жауап қайтар деп отыр. Әсіресе орысшалап жібергенің тіпті жақсы болар дейтін сыяқты. Бұралқы ит тімсініп жүріп, көп ұяластың ортасына түсіп қалғанда таланарын біліп, құйрығын қысып алғанмен, тісі барын да көрсетеді. Сандыбайға мына топ та сол ұяластай көрініп кетті. Өздері орысшалап отырғанда, «пошом» деп қалғаным дұрыс болар деп ойлады... Есіл бойындағы орыс қалаларына жақын отыратын ауылдың қазағы бес-алты ауыз бірдемені білетіні де бар еді.

— Пошом? — деді Сандыбай, «бас, бас!» деп, қақпақылдап отырғандарға... Ауызынан қалай шығып кеткеніне өзі аң-таң қалғандай, енді буйығып қалды.

— Өй, мынауың қайтеді өзі!.. Орысшылайды ғой, тіпті!..

— Осы ұтып алады әлі!..

— Мұның қолы шығып жүрген адам! Істеген үйі қандай, күмбездей!..

— Жылында он құлынды бие табады бұл! Бас!.. Бас!.. — десіп, екі жандай-шап қасына келіп, Сандыбайға еріксіз карт алғызды...

— Банке алпыс сом! Бір құлынды бие! Бас!..

Ой да жоқ, үміт те жоқ, ерік те жоқ, билік те жоқ, Сандыбай қарғаның тұзын екі қолымен ұстап, айнаға қарағандай жымыйып отыр...

— Бастың ғой банкеге? Дұрыс, ал, карт ал...

Ордабай әрине онай күйдіре салды... Нағыз карташылардың әдетінше, «Әкеттің... Алдын... Сенікі, сенікі!» деп, алдындағы акшаны Сандыбай жаққа қарай ысырып қойып, «ала бер!» дей отырып, Сандыбайға екі балта бір ондық берді... Қық-қықтасып, сықылықтасып, төбет иттей үре күлісіп тұрып, жандай-шаптар Сандыбайдың бір құлынды биесін ұттырып жібергендеріне мәз болысып қалды.

— Қойындаршы енді! — деп, келте мұрын келіншек отырғандардың кеудесіне соқтыра серпіп, кең көк шұбар дастарқанды жайып та жіберді. Ойын осымен тоқтап қалды.

— Шын ұтқыздым ба осы?— деп Сандыбай сандалып отыр. Жұрттың ендігі қалжағы мен мазағын естімей қалыпты.

— Қой, әшейін қалжыңы шығар... Ала қоймас,— дейді ішінен.

Басқалар шайға отырды, Сандыбай шайға шақырылған жоқ. Ордабай жиегін алтындаған көк шұбар кәрденді саусақтарының ұшына ғана қондырып ұстап отырып:

— Үйші, сен жай келіп пе едің? — деп сұрады.

— Әлгі малымның жайы еді... — деді Сандыбай жалыныштыдауыспен.

— Е, білем, білем... Айта отыр... таңдап болдың ба өзің?

— Таңдап қайтейін, құлынды биенің бесеуін қаракөктен... бесеуін қарадан аламын да, реті келсе, қара-көк айғырды алсам ба деп едім...— деді Сандыбай.

Ордабай аузындағы шайын дастарқанға бүркіп жіберді, теріс айналып сылқылдай күліп, булығып қалды. Сандыбай жаққа қолын сермейді, шамасы соған ғана келетін сияқты... басқалар да бырс етіп жарылып кеткендей түгел күліп жіберді. Ордабайға қошемет көрсетіп, ол күлкісін тыйғанша бірі де тоқталған жоқ.

— Бір каска айғырды қоса алмаймысың, сорлы-ау! — деп күліседі. Келте мұрын ақ келіншек бұл мазаққа тіпті кісіней күлді. Көзі біржола жұмылып кетіпті, томпақ беті қызарып, кішкене мұрнын шүртитіп қысып алыпты.

— Бұл үйде басқа түсті жылқы да бар, ала кет бір-бірден! — деп, жандай-шаптар Сандыбайды есінен тандырып тастады.

Сандыбай жаны біржола шығып кеткендей, құп-қу болып кетті. Жүзінде қайғы да жоқ, қасірет те жоқ, қорқыныш қана бар. Нені бүлдіріп алғанын аңғарған да жоқ. Бет-аузы жыбыр-жыбыр етеді. Көзі қағылмай тоқтап қалған сыяқты. Он құлынды бие тап манағы алдынан шауып өткендей, әлдекайда алыстап, бел асып бара жатқандай көрінеді. Ордабай күлкісін тыя беріп:

— «Реті келсе» сен өйтпе...— деді. Үйдегілер қайта қырылысып қалды. Шын қалжыңға шорқақ жандар әлі жетерді аямай, имәнбей, мазақтай алатындарына мәзмәйрам болып қалыпты.

Енді Ордабай түсін суытыңқырап, қасындағыларының күлкісін тоқтатты да:

— Байдың өзі таңда деген соң, таңдағаның жөн... Алғаның да жөн... Күлгенімізге қарап қысылмай-ақ қой... Сол қара-көк айғырды жана ғана мына қатын сұрап отыр еді. Екеуіңнің көзің бір айғырға түскеніне күлдік... — деді.

Мұнысы шынға ұқсағанмен, Сандыбай сене алмай, тайқып сөйледі:

— Бұл үйде енді қара-көк айғыр жалғыз емес шығар... Байдың өзі көрсеткен соң дәме етіп қалғаным ғой, әшейін...— деді.

— Бұл үй жылқыны жазғы тұрым үйірге бір бөледі де, келер сол уақытқа дейін ол үйірді бұза алмайды, — деді Ордабай.— Екі айғырдың үйірін бірдей бұзып, жартылап қалдырмай, біреуін бүтін алсаң қайтер екен?..

Мұнысында мазақ барын Сандыбай аңғарған жоқ. Дәл қазір жай мазақтау түгіл, бетіне түкіріп берсе де мейлі, Сандыбайға малын алу ғана керек еді. Оның ойы осы ғана болып:

— Жарайды, олай болса.. Қара-көктің үйіріне де қызығуым әлей еді, бірақ мен қара айғырдың үйірін-ақ алайын. Қара-көк айғырға келіннің көнілі кеткен болса, оған қызықпай-ақ қояйын...— деді. Күлу керек пе, жоқ па дегендей үйдегілер Ордабайға қарап еді, ол күлген жоқ. Өзгелер де ұмсынып барып тоқтап қалды.

— Бір құлынды биенді ұтқыздың ғой? — деді Ордабай.

— Ұтқыздым ба?— деп, Сандыбай қайта сұрады.

— Ұтқыздың,— деді Ордабай.

Мазақтай отырып, Ордабай оның қарсыласар шамасын да байқағысы келіп еді. Сандыбайда ондай салмақ жоқ, ықтай беретін адам көрінді. Сондықтан, Ордабай оған енді өктемдей сөйлеп кетті:

— Айғыр дегенді аузыңа алма,— деді Ордабай.— Біздің үй ешкімге айғыр беріп көрген емес. Ол бұл үйдің ырымында жоқ... Тоғыз құлынды биең бар алатын. Керек болса, бір қыс бағып та берейік. Болмаса айдап кетерсін... Бай саған бір қыс дәмдес бол депті ғой? Оған не айтасын? Бар малыңды жазғытұрым біржола айдап қайтсаң қайтер? — деп, Ордабай үйшіге қадалды.

Сандыбай құлынды биелерінің құлдырап бара жатқанын сезінсе де, тағы да қарсыласа алмады. Қарсылассам, біржола айрылармын, одан да жағынып-жалпайып жүріп, жазғытұрым болса да қолыма түсіріп алып көрейін деп ойлады. Бұл оның жақадан толғануды керек қылмайтын, ата-бабасынан бері сүйегіне сіңіп болған қор ойы еді. Аспанда алла бар, әлдекайда алыста ақ патша бар, ол екеуіне Сандыбайдың арызы жете алмайды. Бұл маңайдың арыз айтып келері осы ауыл. Осы ауылда отырып, оның айтқанын орындамаска басы жұмыр пенденің шарасы да жоқ. Тек сол, жалынып-жалпаюдың өзін шаман келгенше сыпайылап істей білу керек... Сандыбай соны істеді:

— Сіздің үймен дәмдес болуға кім болса да енді нетеді гой...— деді.

— Ендеше, отырма, — деді Ордабай.— Қонақ үйде Батыраш деген кісі бар, көрген шығарсын. Соған бар... Кейін тағы келіп жолығарсын... Өзім хабарлармын...

Сандыбай жалшының халына қалай оп-оңай түсіп қалғанын өзі де сезген жоқ. Әлі де Игілікпен сөйлесетін сөзі бар адамдай, ертең бір реті келсе қайта жолыққаным жөн болар деп, Батырашқа әшейін тілдесіп қалуға келіп еді. Батыраш онымен сөйлескен де жоқ. Сол түні Ақ-бұйрат пен Қарағандының орта деңгейіндегі Игіліктің «Өгіз отары» дейтін жеріне әкеліп тастады.

— Осы балшық үйде екі ағаш шебері бар, солармен бірге боласын. Қыс келіп қалды, шаналарды тездетіңдер!— деді де өзі жүріп кетті...

Сандыбай әбден қалжырағанын осы балшық үйдің қасында, оңаша қалғанда ғана сезінді. Тықырсыз тыныш

қарацғыда ұйқтап кеткендей мең-зең... Түс көріп отырған сыяқты. Балшық үйге арқасын сүйеп, жүрелеп отыра кетіпті. Тұқ ой жоқ, бұлдыр елес түс сыяқты үздік-үздік. Өз үйі, бала-шағасы, қара-көк айғыр, мақпал қара биелер, бірінің артынан бірі өтеді. Бәрі де бөтен, бәрі де біреудікі екеніне Сандыбай оп-оңай көніп те қалыпты. Ойын жоғары қарай сүйрелейін десе де ілгері қарай бір бастыра алмайды. Жар басынан ылдыйлап құлап, батпаққа батып бара жатқандай сезінеді...

Әр терең де түбі бар... Осы өмірге түпсіз терең көрініп қойған Игілік, ауыл ұйқтап, жұрт аяғы басылғаннан кейін ең бір ұсақ нәрсені есептеп отыр еді. Оңысына ептеп өзі де ынғайсызданатын сыяқты жалғыз отыр... Аспалы шамды төменірек түсіртіп, алдына үлкен есепшотын қойып:

— Сен қатын, енді тыныш жат, жаңылдырма,— деді әйеліне. Белі үзіліп, мықыны мен бөксесі дөңгеленіп, көтеріңкі жатқан сылаң бедеу, байының қасында шынтақтап жатқан бойы еркелей сөйлеп:

— Тыйыш жатам... Қолыңа қарап жатайын... — деді...

Игілік үнсіз ойланып, есепшотына жүз пар өгізінің жыйырма бес пұттан екі жарым мың пұт көмір әкететінін қақты... Пұты алты тыйыннан. Жүз елу сом. Айына сегіз оралғанда, болады екен мың екі жүз сом... Нілді мен Ақ-бұйраттың арасында жүз түйе жүр... Оныңыз айына төрт оралады... Пұты он тыйыннан... бір жолғысы екі жүз сом...

Жоқ Ушаков алдамапты... Айына екі мыннан түсіресін деп еді, есепшот та соны айтып, жаңылыспай тұр...

Есікті ақырын ғана ашып, Батыраш кірді. Омар мен Батыраш, Ыбырай мен Жұмабекпен Игіліктің не істеп отырғанын көрмеуге, ұғынбауға тиіс еді. Әсіресе ауыздарына берік болуға тиісті. Ескендірдің екі мүйізі барын айтқан адамның басы алынатынын бұлар да естіген. Сондықтан Батыраш есепшотқа қараған жоқ, Игіліктің көзіне қарауға да бата алмады; құлағы мен мұрнының арасына қарады.

— Үйшінің жайы ма? — деп сұрады, енді Батыраштың немен келерін біліп отырған Игілік. Көзін есепшоттан айыра алмады.

— Ие, сол еді. Өгіз отарына апарып орналастырдым, — деді Батыраш. Бар айтары осы сді, айтты да шығып кетті. Қолма-қол орындағанын білдірді, оңысына алғыс күткен жоқ. Енді басқа тапсырып қойғандарына асығатынын білдіргісі келіп, тез кетті...

Игіліктің ұнататыны да осылардың алғыс күтпейтіні еді... Енді Игілік базарға айдататын жылқылары мен қыстықүні саттыратын шөбінің ақшасын есептеуге кірісті...

2

Орыс-қазақ байларының арасындағы ырың-жырың ит-жығыстары аяқталғанша айлар өтіп кетіп еді. Ушаковка сатылған Қарағандыны қағаздасуға келе жатқан Байжан үйінен қыстың орта кезінде шықты. Қасында қос ат жетелеген баласы Лпақ бар, қыстың нағыз шаңытқан үскірік кезінде шықты. Үсті-бастарын үрпитіп қырғу басқан екі салт, қысқы үкідей аппақ болып, ұзақ күндер ұзақ жортып, көбінесе үнсіз жортып, Омбы қаласына бүгін іңір қараңғысында келіп кірді. Табандарына томпайып мұз қатып қалған аттар қаланың тайғақ көшесіне түскен соң аяқтарын әрең басып, төрт аяқтан түгел сүріне бастады. Көрінгеннен үркіп, селк етіп қалады. Аттардың сықыр-сықыр жортқанынан ағаш үйлер жаңғырығып, арғы көшемен тағы бір қазақтар дабырласып келе жатқандай сезіледі. Шатынап тұрған суық ауа зың-зың етеді.

Қырық мыңға жаца толған халқы бар Омбы қаласы, ең әрісі жыйырма үйден отыратын қыр қазақтарына ертегіде айтылатын Бағдат шаһарындай, ұшы-қыйыры жоқ үлкен көрінді. Степан Бушуев — үлкен көшенің орта кезінде, жетпіс бірінші үйде тұрамын, деп еді. Көк қақпасы бар, терезе алдында он шақты терек өседі деп үйінің әртүрлі белгілерін де айтқан, қағазға да жазып берген.

Әлдеқайда, тері шалбардың ішінде кеткен қалтадағы қағазға қол жететін емес. Жан-жағына қарасан, бәрі үлкен көше сыяқты... Байжекең көк жорғасын тебініп қойып, әр үлкен көшемен біраз жүріп барады да, тағы біреуіне түседі. Біраз жер төмен қарай жүріп, қайтадан жоғары қарай өрлейді. Кез келіп қалған қала адамдарына айғайлап:

— Бошайдың Степаны қай үйде тұрушы еді? — дейді казакша. Өзі бүрсең қағып, екі жағын кезекпе-кезек жағасына ықтатып келе жатқан жұрттың біразы жауап бермейді де, жауап бергісі келгендері түсіне қоймайды.

— Әй, әй, знаком, тамыр! Кішкене тоқтай тұр, абажди, пожалыста! — деп Байжан бір москалдау адамды еріксіз тоқтатып алды да, атынан түсе қалып, шалбарының қайыс бауын шеше бастады.

— Абажди пожалыста... Өзің бір құдайың бар адам көрінесің. Абажди...

Әрең дегенде камзауының қалтасын тауып алып, одан гөрі де машақаттанып қағазын тауып алып:

— Мынаны оқы да Бошайдың Степанының үйі қайсы, соның жөнін сілтеп жібер,— деді Байжекен...

Кездескен адам Байжанның жабайы қылығына күлген де жоқ, айтқанына түсінген де жоқ.

— Сонау Қарағандыдан жыйырма екі күн аттан түспей, осы суықта мен де келдім ғой, жаным. Бірің мойнынды бұрып, жөн айтпайсын...— деген Байжекеннің өкпесіне түсінбесе де басын изеп, сабырмен тыңдады. Содан кейін қағазды алып, сонадай жерде көрінген көше шамын нұсқап, Байжанды ертіп солай қарай әкетті. Степан Бушуевтің қайда тұратынын да сол жерде анықтап түсіндірді.

— Сол жақтағы көшемен жүре берсең, он шақты үйден кейін кездесесің,— деді.

Қыр қазағына қыяметтей көрінетін қала ішінің болмашы бұрақ-бұлтағынан апырымдап әрең өтіп, Байжекең екі қабат ағаш үйдің алдына тоқтады да:

— Уа, кім бар-ау!— деп айғай салды, жанғырыққан ағаш үй мен тақтай қақпа «бар-ау, бар-ау!» деп қалғандай болған соң:

— Уа, шығып кет, бірің! Шығып кет! — деді. Бұл жолы тақтай қақпа «Кет», «Кет!» деп қалғандай болды.

Ушаковтың астынғы үйінде тұратын Степан Бушуев сырттағы айғайды естіп, Байжанды танып қақпасын ашқанша, оған-бұған ойын бұрғыш Байжекең баласына тап осы үйдің алдына қағылған телеграф бағанын нұсқап:

— Мынаны көремісің?— деді. Қалаға кіргелі баласына көрсеткен жаңалығы да осы еді.

— Зуылдап тұр ғой өзі!

— Сөйлеп тұр... Бұлар осы Омбыда отырып, Қызылжар, Ірбітпенмен сөйлесе береді!

— Шіркін, орысша білсем, тыңдай қояр едім де, не сөйлесіп жатқандарын біліп алар едім-ау! — деп ойлады, үлкен қалаға бірінші келіп тұрған Апақ.

— О, Байжан! Тамир! — деп Степан қақпасын ашып, қонақтарын қораға кіргізді.

— Живой?

— Живой.

— Баба живой?

— Жибой.

— Баранчук живой?

— Живой.

— Монша бар?

— Бар...

Басқа ұлттың адамымен сөйлескенде өз тіліңді де бұзып сөйлейтін бір жалпы әдет бойынша, Бушуев еркек-әйел жөніндегі амандықты сұраудың бәріне де «живой» деп жауап қайтарды.

Ушаковтың үйінде Байжан бір жеті жатты. Әрнеге әуесі көп Байжанның бір құмары монша болатын. Атынан түсіп жатқанда да амандық ішіне қосып соны сұрап қалып еді. Бір жетінің ішінде әлденеше түсіп, мейлінше құмардан шықты. Жоғарысына шығып алады да етпетінен жатып:

— Ұр, Апақ, ұр, иттің баласы! Аяма! — дейді. Мыстай күренденіп болған соң:

— О, жаным деңдер, жаным деңдер! — деп, тағы бір аз жатады. Бұл ол кісінің өз үйінде, отқа қыздырынғандағы айтатыны еді. Мұнда да сонысын айтады.

Қатты қалжырап тыйтықтап келген аттар да қоңын жыйнап қалды. Сібірдің бармақтай ақ шолақ сұлысына тұмсығы еркін тиген қыр аттары бір жетіде бөртіп шығыпты. Қарағандының күні екі жүз елу сомды Бушуев Байжанға түгел тапсырды. Ылғый бір жаңа теңгеліктерді стол үстіне сыңғырлатып төгіп, көзінше екі рет санап берсе де Байжекең оны үш рет қайта санап алды. Екі жүз елу сом күмісті бес бөліп, қойын-қонышына тығып алған Байжекең өмірінде бір рет байлық қызуын сезініп, серпіңкіреп те жүр... Өмірде алып көрмеген шай-қантын, кездемесін алып, күнде жатарда ақшасын

да, алғандарын да тағы бір түгендеп қояды. Елуден жіліктенген теңгеліктердің бір жілігі қысқарыңқырап барады. Оның орнына мына бір айран қызылала ситсалар, мына бір көк барқыт пен Баташау самауыры болса, Игіліктің үйінде ғана бар шығар... Шағатыны көп, бүршігі көп бұқардың шыты мен қара құман енді біздің үйден кететін шығар... Мынадай бір бас қашт тап осы күні сол Игіліктің үйінен де табыла қояр ма екен! Құдай қосса, мұны бір реті келгенде, Көпей жеңгемді шақыртып аламын да сол күні бастаймын. Жартысын беріп те жіберер көкең!..

— Көкең кейде сүйтетін! — деп, қанжығасына байлаймын да жіберем...

Осы қызудың үстінде Байжекең Қарағанды, Нілді жайларын қағаздаған актының қалай жазылғанын тәптештеген де жоқ еді. Алдағы күнде тырп ете алмастай етіп, томағалап, тұсаулап жазылған актының ішінен мықтап ұстап қалғаны — екі мың төрт жүз отыз бесінші статья бойынша деген сөз болды. Қазақ түгіл, шаруа баққан орыстың өз ұлы түсіне алмайтын сөздермен жазылған актының өзгесі Байжанның құлағына соғып өткен бір дыбыс күйінде қала барды. Қағазға басбармағын бір басқаны үшін, екі жүз елу сомын үш қайтара санап алды да, Байжекең тура дүкен аралап кетті... Ит-шанасына дейін сатып алып қайтты...

Осы олжасымен Байжекең ертең елге қайтқалы отырғанда асығып-сасып Степан Бушуев келді. Жарты орысша, жарым қазақшалап сөйлеп, ол екеуінен гөрі де бармақтарының басымен, бет-аузының қозғалысымен анығырақ сөйлеп, Степан Байжанға мынаны түсіндірді:

— Тау-кен істерін бақылайтын инженер жасаған қағазымызды бекіттірмей тастады. Екі жағымызды да ертең өзіне шақырып отыр,— деді.

Байжекеннің қалтасындағы екі жүз елу сом сусып, түсіп бара жатқандай көрініп кетті. Едәуір жұмсап та қойып еді, қайтаруға тура келсе, несімен қайырмақ?

— Онда, мен бүгін тайып отырсам қайтеді? — деді Байжан.

— Жоқ, кетуге болмайды. Бүгін Ушаковтың өзі де келеді. Ешнәрсе етпес, оны мұндағылар сыйлайды, — деді Бушуев.

Байжекеңнің осылай қобалжыңқырап отырған үстіне

Ушаковтың өзі де келіп жетті. Үш ат қатар жегілген карала сырлы Түмен шанасы қораның ішін кең орап келіп, баспалдаққа жанаса тоқтады. Қоңыраулатып, гүлдірлетіп, бұған дейінгі тыныш үйдің ішіне алас ұрған бір екпін алып келе жатқандай сезіледі. Күн бойы шекілдеуік шағып боска сенделіп жүретін екі жігіт баспалдақтан зыр жүгіріп түсіп, бай-купестің қар басқан сырткы киімдерін шешіндіріп жатыр. Тымақтарының құлақтары салбырап, жымыйып-жымыйып тұрған екі қазақты көріп, Ушаков Байжанды таный кетті:

— Қалай, Байжан?.. Байыдың ба? — болды амандықтан кейінгі Ушаковтың бірінші сұрағаны. Байжан үшін екі жүз елу сомның өзі үлкен байлық екенін ол жақсы білетін сыяқты.

— Бір-екі күн байып едім, енді қайта кедей болғалы тұрсам керек,— деді Байжан.

— Неге? — Неге екенін Бушуев айтты.

— Оқа емес, корықпа,— деді де Ушаков өз бөлмелеріне, жоғарыға кетті.

Ертеңіне Ушаков Байжанды шанасына мінгізіп алып тау-кен істерін бақылайтын инженерге өзі келді. Қайда да еркін кіретін, кімнен болса да даусын бәсендетпей сөйлейтін әдетінше, Ушаков тау инженеріне де лұқсат сұрамай кіріп, бірден ісіне кірісті.

Ушаков жоқта актының ішінен едәуір заңсыздық, озбырлық тапқан инженер енді ол күйінен айрылып қалып, кейбір сөздерін өзгертуге ғана шамасы келді. Рязановпен келісіп, енді үлкен бір Компанияның басында тұрған Ушаков, бала-шағасы бар, күн көрісі бар инженерді бүрінкіреп әкетті.

— Сатушы қазақ актының әр сөзін естіп, әр сөзіне риза болып қол қоюы керек,— деді инженер аяғында. — Ол болмапты. Онсыз бекіттіруге болмайды.

— Пожалуйста, өз алдыңызда оқып берелік...

Осымен бір жағдайда іліп қалып өткізбей қоятын бір ілгешек, енді бір жағдайда түкке тұрмайтын бірдеме болып қалды. Инженер актыны оқып отыр, Байжан оны боқтап тұр ішінен...

— Бәрі де түсінікті ғой? — деді инженер оқып болғаннан кейін. Әрине, орысша айтты.

— Шақырды,— келдім. Менің жазығым жоқ қой деймін,— деді Байжан, қазақша.

— Бәріне де ризасыз ғой?

— Біздің қазақ қай төреге болса да бас ұра береді,— деп Байжан басын изеді.

Бірі бас, бірі құлақ деп тұрып, заң теңізіне түсіп кеткен бір қылшықты алып тастағандай болып инженер де тынды.

— Бекітуден бұрын өзара бір сөйлесерміз...— деп, Ушаков бір уәде аңғартып қалды.

Енді бір мәселе жөнінде инженер әділет жолынан тая алмайтындығын, оны жоғарғы орындардың қадағалап отырғанын айтты:

— Сіз қалайша ертерек ескеріп, шара қолданбағаныңызды мен білмеймін. Әйтеуір Қарағанды көмірін тапқан сіз емес тұрғын қазақтың өзі, жылдық сыйлық сол қазаққа беріліп тұратын болсын деген байлам болды,— деді инженер.

— Мен жалпы заң бойынша округке мәлімдегенім рас. Бірақ, көмірді тапқан мен деп ешуақытта айтқан емеспін! — деді Ушаков. Азырақ қызарынқырап та кетті. Көмірді өзім аштым демегенмен, көмір тапқан Апақ Байжан баласы екенін осы күнге дейін ешбір жерге мәлімдемеген еді. Қазақ жерінде кен өндірісін ашқандардың осындай озбырлығы барлығы бұған да талай ескертілгендігі есіне түсті. Әлде шын-ақ дұрысына тартты ма, әлде жоғарғы орындардың өзіне талай ескерткен озбырлық жайы есіне түсе қалды ма, әйтеуір, Ушаков бұл жолы Байжанды ашық жақтап шықты:

— Өзіне жариялауыңызды өтінемін. Тапқан осы. Сыйлық та осынікі,— деді.

Онсыз да байып жүрген Байжанға тау-кен істерін бақылайтын инженер тағы бір тамыры суалмайтын байлықты алып берді. Алмақ түгіл беріп құтылам ба деп, қолдағыдан үміт үзіп тұрған адамға жайдан-жай құлата салды.

Жаңа қаулап келе жатқан Россия кен өндірісінің әділ бір заңы бойынша, кенді алғаш тапқан адамға өмір бойы беріліп тұратын сыйы бар екен. Тау-кен басқармасы Байжанға соны тағайындап байлам жасапты: жылына бір қадақ шай, бес қадақ қант, үш пұт ұн, қырық бес сом ақша!..

— Қаулыны міне қолына берем. Алғаныңа қолыңды қой, таңбаңды бас. Сенім қағазыңды округ арқылы жіберемін,— деді инженер.

Бұл неткен береген қол, мол мырзалықтың себебі не,

Байжан ол жағын ұққан да жоқ, шұқылағысы да келмеді. Осының өзі тұрақты бірдеме болар деп, онша сене де алған жоқ еді. Ол қолына ілегіп, қойнына кіргенді алып аулына қарай зытып беруге асыққан.

— Көшілді қайтсын, быйылғысын мен осы жолы беріп жіберемін,— деді Ушаков. Инженер мақұлдап басын изеді.

Манадан әлденемелерді кеуделей жақтап тұрған Ушаков осыны тілеп, тартына сөйлеп отырған инженер әрең көшкендей көрінді Байжанға. Әлденеден қыйтығып, ақтыны бұза жаздаған адамға Байжан ешбір алғыс айтпастан кетті. Актының бұзылмағанын да, бола ма, болмай ма, әлгі бір жылма-жыл алып тұрасын деген сыйлықты да Ушаковтың ешбегі деп ұғынып кетті.

— Көремісің, байыдың ба деп, жай сұраған жоқпын да! — деді Ушаков шанаға мінгеннен кейін.

Кедей етіп кете жаздап, байлық қосуға дәмелендірген осы бір сенімсіздеу сөзден кейін, Байжекең аттарын ерттетіп, жүруге айналды. Қосатыны құрысын, осы алғандарының өзін үйіне жеткізіп алса да Алтай-Қарпық бір тақырқап қалатындай көрінеді. Бар базарлығын итшанаға тақып, шандып, арқан ұшын баласының астына басып бергелі жатыр... Баласымен екеуі тақтай иденді тағалы аттай тарпылдатып, біресе үйге қарай, біресе кораға қарай кезек жүгіреді. Асып-сасып айғайлап сөйлесіп, қораның ішін жаңғырықтырып жүр:

— Әлгі бір құрт салған дорба ұмыт қалыпты ғой!..

— Жабудың арасына тықтым, әке...

— Жабудың арасына тыққан несі екен! Қоржынға салмайтын ба?

— Қоржынның аузы тігуге әрең келді ғой, әке...

— Онда капшыққа сал, капшыққа!..

— Қаптың аузы да тырсылдап тұр...

— Ендеше қойнына тығып ал, былшылдай бермей!..

Осы абыр-сабыр, дан-дұрыс үстіне Ушаков кораға шықты. Қасында көлеңкесіндей дөңгеленіп Степан Бущуев жүр.

— Бұл не, Байжан? — деді Ушаков.

— Дамой...

— Домой?

— Ие, дамой.

— Жоқ, мынауың жарамайды,— деді Ушаков, ит-ша-

паны аяғымен түртіп.— Сенің аулыңа дейін жете алмайды бұл. Жолда қалады.

— Бог даст та қалмас жолда.

— Степан,— деді Ушаков,— ана женіл жайма шанаға біздің бір атты жегіп бер. Мықты ат болсын. Екі қап сұлы сал, толтыра шөп сал. Ұнын, басқаларын да салып бер! — деді де Байжанға қарап: — Ат аман барса, Ақбұйратқа жеткізіп берерсін,— деді.

— Өліп қалса қайтем жолда?

— Өлсе қайтесін, қалады... Мынау міне қырық бес сом, бір жылдық сыйлығың. Өзгесін Степан шанаға салып береді. Ал, қош, Игілік биге поклон,— деп, Ушаков өз жұмысына жүріп кетті.

— Бог даст та атыңды да өлтіріп алмаспын,— дей тұрып, Байжекең ақшаны қойынға тығып жатыр... Енді мұны қызыл көз ағайынның бірде-біріне білдірмеспін деп те ойлады.

Өзгесінен гөрі осы мырзалығына айран-асыр болып, Байжекең Ушаковқа үйіп алғыс айтты.

— Құдайың жарылғасын, ісің оңғарылсын...

Степан Бушуев қожасының әмірін бұлжытпай орындап, жасақтырап келген семіз қара атты жеңіл жайма шанаға жегіп берді.

— Мұның өзін қалай жегеді екен, үйреніп алайық, бері кел,— деп, Байжан баласын қасына алып, атты қайта ағыттырып, қайта жеккізді.

— Ә!.. Әуелі доғаны сол жақ құлақ баудан өткізіп алып, аттатып аржағына түсіреді екен ғой! Көрдің бе? Мен он жағынан ба деп жүруші ем...

— Мына жақ құлақ бауы өзінен өзі дәл келе кетті. Мына бір салақтағанды доғаның басына кигізе қойып еді, тас боп бекіп қалды.

— Жоқ, енді мына алқымдағы қайысты тартып байлап жағыр...

Қап-қап ұн мен сұлыны тиеп, шөппен бастыра байлап алып, Байжекең сол күні қаладан шығып кетіп еді. Шаналы атты өзі жетелеп, бос аттарды баласы жетелеп келеді. Степан канша түсіндірсе де шанаға ешқайсысы мінген жоқ. Тоңып қаламыз, ат үсті жылы болады, деді.

Тағы да талай күн жортып, ертең өзіміздің елдің шетін көрерміз деп ентелей түсіп келе жатқанда, жолушылар арқаның алай-түлей ақ боранына кездесіп еді. Тып-

тыныш, қалғып тұрған буалдырлау күн түскен үйлерінен ат шалдырып шыққанша бұркан-тарқан болып жүре беріпті. Өзен кабағында, панасыз тастақта кардан көзі әрең жылтырап отырған аз үйлі кедей ауылды жерге жапсыра боран соқты. Қай жақтан екенін адам біліп болар емес, орай соқты.

— Апыр-ай көзімізді ашқалы екі-ақ күн болып еді, енді біржола тұралатып кетпесе жарар еді,— деп үй иесі қысыла бастады.

Асты малдың сыпырындысынан жасалған, үстіңгі жағы кесек кармен биіктетілген кішкене шарбақтың ішінде, ортасынан белдеулей жеген аз ғана шөп қалт-құлт етіп тұр. Мұндай үйге төрт-бес атты қонақтың өзі жұт. Бір шай ішкені болмаса, бала-шағадан қалашын аямаған қонақты мына боранда куу да қыйын... Өзі де абыржып отырған Байжекеңе үй иесі:

— Енді қозғалақтамай-ақ қой, жолаушым. Ана бір үйге бар, сол үй тың дерлік бір үй жоқ бұл ауылда. Бәрімізден өзің тың көрінесің, қозғалма,— деді.

— Е, бәрекелде, жаным. Қонақ болып отырмаспыз. Бар-жоғынды бірге көріп, барымызды бөлісе отырармыз... Қәне не шаруаң бар еді, бірге жайғастыралық,— деп баласын ертіп Байжан да далаға шықты.

Күн тұтылып, қаранғылық түскен сыяқты. Жел екпіні жердің өзін де шайқап тұрғандай, аягында бір дұрыс аттатпайды. Дүние түгел гу-гулеп, осы ауылды үріп әкететіндей сезіледі. Ауызынан шыққан дыбысын, әлденеңің қанатындай жалт етіп, жоқ болғанын өзің көріп қалғандайсың. Шарбақ ішінде жүрген адамдар біресе терең суда малтып келе жатқандай, тарбыйып, әрең қозғалады да, біресе артынан біреу желкелеп жібергендей, еңкелектеп кетеді. Әр үй өз басымен әлек, біреуге біреу қатынаса алмай да қалды.

Осы арпалыстың үстіне, Ақмоладан келетін жіңішке жолмен шұбаған көп жаяу осы ауылға келіп кіріп еді. Көп жаяудың орта кезінде жалғыз-жалғыз ат жегілген үш шана бар. Бәрі де бастарын байлап-матап алған, қара киінген адамдар. Көбінің киігені сарық жүнінен токылған қара шекпен, аяқтарында әртүрлі пима, біресе оң жағына, біресе сол жағына қырындап, құлап-сүрініп, әрең қозғалып келеді.

— Апыр-ау, өліп-талып келе жатқан мыналарың кім еді? — деді Байжан, аласұрып малын қоралап жүрген

үй иесіне. Үй иесі жалт бұрылып қарады да басын шұлғып тұрып:

— Е, бұл ауыл енді қош аман болға кеткен шығарақ! — деді.

— Неге?

— Е, мыналарды қайда қаңғыртып жібересін? Бұлар да бір құдайдың бендесі емес пе! Алды осы арадан мана бір кезде өтіп еді. Көппіз деген. Қарағандыға көмір қазуға бара жатқан Орал жұмысшылары,— деді де үй иесі қолындағы күрегін Байжанға ұстата салып, өзі әлденеге ыңғайланған абыржу көрсетті.

Өзі көрінбейтін біреу кеуделерінен итеріп қалатындай, жаяулар еңкелектеп ілгері баса беріп, оқыс шалқалақтап, тоқтасып қалады. Қолдары ербеленделп, біресе құлақтарын, біресе бет-ауыздарын ұрып қалатын сыяқтанады.

— Әй, әй! — деді үй иесі айғайлап...

Мыналарды жаяу қаңғыртуға себеп болған мен болдым-ау деген ой келіп, Байжан үндей алмай тұр.

Қар астында қалған жер үйлерді абайлай қоймаған жаяулар адам даусына аңтарыла қалды.

— Уа, бірің бері кел, бері кел!

Біреу емес, үш адам келді:

— Бұл немене ауыл ма, бекет пе? — деп сұрады келгендер орысша.

— Оны қайтесің, сорлы! Осы арада жеті үй бармыз, түсіндер бөлініп. Су біздікі, шай өзіңіздікі,— деді үй иесі түгелге жақын қазақша сөйлеп.

— Он гауарит, бода гауарит, наша гауарит, шай гауарит, ваша гауарит, — деп шала қалған жағын Байжекең түсіндіріп жатыр.

— Біз екі партия болып шыққан тоқсан адам едік. Қаншасы жете аларын білмейміз. Тәңірі жарылғасын, неше адам түсіре аласыз? — дегенді түсіндірді жаяулар.

— Но, он адам...— деді үй иесі,— шошалаймды сендерге берем, үйге кіріп жылынып тұрасыңдар.

Бір шананың артынан ұстап төмен қарап, көздерін жұмып алып, аяқтарын әрең басып келе жатқан үш әйел мен он шақты еркек осы үйге бұрылып қалды да, өзгелерін әр үйге бөліп орналастыруға үй иесінің өзі ертіп әкетті.

Ортасынан қазандықпен бөлген жер үйге адам лық толып қалды. Есік жақта тілерсектері дір-дір етіп екі еш-

кі мен бір арық торпақ та байлаулы тұр. Жаурап келген әйелдер аяқтарын бір тонға орап, арқаларын пештің қабырғасына жапсыра қойыпты. Аласа жер үй моншадай қайнап бара жатса да бұл бишаралар жылынудан біржола қалғандай, селк-селк етіп отыр. Тон астынан тізелерінің бүлк-бүлк еткені білінеді. Жастау бірінің жүзі алқызыл тартып, көздері жасаурай береді. Бар әл-қуаты қарсы қайырып желкесінен кескен қалың қара шашында қалған сыяқты. Үлкен қара көздері жарық етіп ашылады да қайта жұмылады. Тоңып қызарған жіңішке саусақтарымен шашын анда-санда бір ысырып қойғаны болмаса, өзгеге дәрмені қалмаған. Сол дәрменсіздігіне ызаланатындай, анда-санда қабағын шытынып қояды. Оңжағында отырған москалдау әйелдің істік мұрны қаратағанның тұмсығындай қап-қара болып, үсіп кеткен. Үшінші әйелдің бет-аузы да қайыспен ноқталағандай, қарала, торы-ала көрінеді. Бұл екеуі ауыздарын рабайсыз ашып, есіней береді.

Сақал-мұрттарынан су тамшылаған бойшаң орыстар казандық алдынан аспай, сол манда жылынып жүр. Мұрын ұштары, бет томпақтары үсіп, жарылып, қаны көрініп тұрғандары бар. Ортан қазықты аралап, соған қыстырып қойған қарағай жаңқасы түтіндеп, әрең жанады да жұрттың жүзіндегі қара-ала, торы-аласын көбейте түседі.

— Ешкімде темекі қалған жоқ па? — дейді ала көздеу, каба сақал, қара күрендеу адам. Бұл кең кеуделі, жоталы адам. Отқа жақындамай аяғын тебініп, ерсілі-қарсылы жүріп, бәрінен бұрын жылынып алыпты.

— Болса, Лизада болар... Өзгемізде кешеден бері жоқ қой,— деп, москалдау, көптен бері алынбаған бурыл сақал-мұрты кірпідей тікірейіп кеткен адам бей-жай жауап береді.

— Быковтың өзі қайда жүр?

— Далада жүр... Бәрімізге үй жасап жатыр.

— Елисей Никанорович қой озып кетті?

— Бізбен бірге жүреді деп пе ең? Аттары семіз, кожаларына бұрын жетіп, тоқсан жұмыскер әкелдім деп баяндауға тиісті болад та...

— Е, ол есебі дұрыс шыға қоймас оның! Үштен екісін жеткізе алса да үлкен қуаныш болар... Кеше неше адам кем болып шықты әлі? Он үш пе, он екі ме?

— Он төрт демеді ме!

— Бүгін екі дюжня болды деп есепте ендеше...

— Жетсек екен, әйтеуір... Монша ға бір түсіп алып, орыс пешінің үстіне өрмелеп бара жататын күнге...

— Үмітің зор екен!.. Монша мен орыс пешін енді көзің де көрмес. Дала дегеннің не екенін әлі көрмей келе жатырмысың?

— Бәрібір... Қардан болса да бір монша, бір пеш жасап алармын. Оралға келгенде де әзір тұрған ешнәрсе жоқ та.

— Онда жас едік, күшімізді қайда қоярға білмейтін едік. Енді не, сықырлаған сүйек пен тарамыс...

— Оның есесіне ақылдырақ болдық...

— Оны кім берді, Рязанов па?

— Ие, Рязанов!

— Қыс ішінде заводын жауып, қиян бір далаға айдап жібергені ме?

— Бұ да боска кетпейді...

— Е, мұның Быковтың сөзі ғой!

Осылай енжар сөйлесіп, бей-жай ұрыссып отырып біраз жылынып алған соң, үйдегілер де далаға шықты. Баласы мен Байжан, үй иесімен әлгі Быков деп отырған төртеуі шошаланың ішін жыйнастырып, көпіртіп шөп төсеп, ортаға от жағып жіберген екен. Дүркіреп жанған қараған мен қыйдың қызуынан шошала тез жылынып кетті. Быксыған жер үйден де ауасы жеңіл шошаланың өзі артық көрінеді. Төбесіне дейін қар иектеп кеткен тоқыма шошаладан жел де гулеп тұрған жоқ.

— Шіркін, мынау отқа қақтанар ма еді! — деп қояды Байжекен.

Орта бойлы, кесек денелі Андрей Быков үй иесіне қарап:

— Кожайын, отынды түн бойы жағып отыруға тура келер... Сіз бізге бір-екі шанасын біржола сатыңыз,— деді. Үй иесі басын шайқап:

— Мен отын сатып алған ақшаны омырауыма қадап жүрем бе, не істеймін оны? Жаға бер, тек ысырап етпей жақ,— деді.

Елдің көк етіктілері ат басын бұрмайтын кедей ауылдың өз теңдестеріне әр кезде есігі ашық, төрі еркін болушы еді. Апатқа ұшырағалы қалған жаяу жолаушыларға барлық үй барын бөлісіп, жылы шырай көрсетті. Әлсін-әлі далаға шығып, айғай салып, жолаушылардың бас-аяғы жыйналғанша, барлық үйлер дамыл көрген жоқ.

Бірақ, қаранғы түн әбден түсіп, енді жолаушылардан үміт үзіп болған кезде, бүгін бір ауылда түнеп шыққан тоқсан адамның он сегізі жоқ болып шықты.

Қайнап кеткен аласа үйге жайласқаннан кейін, Байжекең мәсі мен тері шалбарын сыпырып тастап, үй иесімен енді ғана анықтап жөн сұрасты. Мана:

— Бұл қай ауыл?

— Тоқа боламыз. Өзіңіз кім боласыз?

— Сармантай боламыз,— дегеннен басқаны сұрасқан жоқ еді. Енді бірінің аты Байжан болса, бірінің аты Мынбай екенін білісті.

Жасы қырықтарға жетпеген қапсағай қара кісі — Мынбай, баладай қарқылдап күлетін, кең бейіл, ақ жарқын адам екен.

— Қатын, сен енді белінді бекем бу, быйыл балық аулап Нұрада қалатын болдық,— деді шай құйып отырған әйеліне.— Бір-екі ай балық ауласам тағы екі сыйыр болады, қара-ала тайыншаны танертең мына қонақтарға соямын... Басын, Сармантай, сен жейтін болдың. Әйелінің:

— Е, сойсаң қайтер дейсің, жерміз...— дегеніне онша құлақ аспай:

— «Шал-басты» аман алып қала алсақ, аштан өлмеспіз! — деп қарқ-қарқ күлгенде аппақ отыз екі тісі түгел көрінді.

Мана Байжандар келгенде басы аппақ, қызыл-көк ат ерттеулі тұр еді. «Шал-бас» сол екен. Аң құмар, серілеу адам, жалғыз атын қатын-баласынан артық қуттіші еді. Атпаз адамның жанына балаған жалғызы екенін Байжан бір көргенде-ақ танығаң.

— Ұлы болса, қызымды берер ме едім, қызы болса балама әперер ме едім! — деп, «Шал-бас» атқа қызығып отырған Байжекең де Мынбайға өз жайын көпіртіңкірей айтты:

— Осыларың ендеше, тап біздің үйге барып түседі,— деп бастады Байжекең,— Қарағандының көмірі деген тап осы отырған Байжанның сатқан жері. Осы кісіңіздің қойны-қонышы толы ақша... Бір шана ұн мен сұлыны даладан тауып алды деп, отыр ма едің?..

— Құдай аткыр-ау, ендеше, мына ашығып келе жатқан жұртқа сойсаңшы бір атынды! — деді Мынбай, «құдай аткыр-ау» деп сөйлейтін әдетімен.

— Сойсам, соям. Бірақ, бұлар жылқы етін жемсйді

ғой. Бір атымды сен ал да бір сыйырынды сойып бер.

— Ана бір жирен төбелді бересің ғой?

— Таңдағанынды ал.

— Әкел қолыңды!

— Мә!..

— Бала, сен пышағынды қайра!..

Өз есебі өзінде отырған Байжекең қысылған жоқ. Таңертең мына келе жатқан жұмыскерлерден қағаз алады да Ушаковка тапсырады, сонымен бітіп жатыр...

Жаяулап-жалпылап келе жатқан орыс жұмысшылары да, Байжан ла бұл ауылдан боран ашылған соң жүріп кетіп еді. Үш тәулікке жақын қонақтаған кедей ауылды едәуір қағып та кетті. Мыңбай екі сыйыр сойғанмен, жетпіс шамалы адам өзге үйлердің де барлы-жоғына тіс тигізбей қалған жоқ. Осы ауылда жөн-жапсарды түгел сұрасып, танысып алған Быков Байжанның шанасына үш әйелді мінгізіп берді. Апақтың атын арқанмен амалдап көсем салып, қайрақтай қар басып қалған көр білте жолмен шұбалған керуен Қарағандыға бет алды.

Күн тымық аяз. Қатты боран шемендеп кеткен қарға адам аяғы із сала алмайды. Аттар оппалап келеді. Күнге шағылысқан аппақ қар көзіңді аштырмайды. Тың адамдар аттан озып кетті. Әлсіздер шұбалып кейіндеп барады. Шанадағы үш әйелдің жастауы ауру. Әлсін-әлсін су сұрайды. Шанамен қабырғаласып келе жатқан Быков сол әйелді күтіп келеді. Өңдері тым қуарып кеткен бір топ картандау адамдар ауылдан шыға бере кейіндей беріп еді, енді тіпті көрінбей кетті. Бәрінің қамын жеп, болдырған-бұрлыққандарына жәрдем берер қожалардан бір адам жоқ! Арқаның суығы мен ақ боранынан көрі де аязы басымы — ауыр өмір айдап келе жатқан жандар өздеріне өздері сүйемел болып келеді. Меніреудей үнсіз, аппақ өлі даланың да бұларға рақым етер түрі жоқ. Бойларында қалған әл-дәрмені болса, сығып алғысы келетіндей, суық құшағымен рақымсыз құшып келеді.

— Лиза, Лизочка, шыда... Біз далада келеміз,— дейді Быков. Осыдан басқа оның да берер жәрдемі жоқ...

— Апыр-ай, мыналардың қажырлысы-ай! — деп Байжан таңданып келеді. Қазақ болса ауру қатынымен мынау аязда жолға шығар ма еді деп ойлайды. Қанша жерден жаяулап келе жатыр!..

Үй ондай мұндайын артқан үш шананың бірін кейін қалғандар үшін тоқтатып кетті де, Быков тағы да әйел-

дер шанасына қатарласты. Айнала қаранып, бұдырсыз кең далаға таңданып та келе жатыр. Аяз бен боранға қарсы тұрар, қарсылық етер ешнәрсе байқалмайды. Қалың ормандар боран жолына жонын тосып, кес-кестей жайқалып, қандай қарсы тұрар еді! Жұлынған желдерге қамыс қандай шыдап бағады! Мынау далада карсы тұрар бір күш жоқ болғаны ма, әлде тіпті осы сұрапылды да елемейтін ерекше күші бар ма?..

Әркім өз ойында, барлық ой бір қараға жетіп жығылуда келе жатқанда, Акмола жолына көлденеңдеп түскелі келе жатқан бір кішкене шоғыр көрінді. Ақырын қозғалады, әрең жылжыйды. Байжан тұра қалып, тесіле қарады да, екі салт аттыны көрді. Қары жұқалау жерде екі адам аттарына мінеді де оппа қарға кездесіп қалғанда аттарынан түсіп, жетелеп алады. Көудесінен оппалап келе жатқан аттар бауырымен қар сызып, жүзіп келе жатқандай. Екі аттың ортасында сүйретіліп келе жатқан бірдеме қараяды. Қаба жал, қалың құйрық аттар, қысты күні жылқышы мінетін айғырға ұқсайды. Кейде екі салт қатар аяңдайды да, кейде бірі — екі атты жетелеп, бірі артынан айдайды.

Әшейін салт болса осынша қатарласпай, бірінің ізімен бірі жүрер еді, екі аттың қатарын жазбайтыны теңдеп алған бірдемесі бар-ау деп, ойлады Байжан. Екі салт атты тымақтарын былғай бастады. Әлдене деген айғайлары да естіле бастады. Жолға жақындаған сайын, жүргіншілер тоқтамай кете ме дегендей, тымақтарын үсті-үстіне былғап, аттарының мойнын жұлып алардай соза жетелеп, жанталасып келеді. Байжан аттан түсіп, шанасын да тоқтатып, тосатындығын білдірді. Қалың жалдары тізесіне түсіп, құйрықтары карға сүйретіліп, екі қара айғыр қыранға шыға берді. Домаланып киінген екі жылқышы енді аттарына мініп алып, ілгері-кейінді теңселіп, қалжыраған аттарын қамшылап келеді. Екі аттың ортасында біресе карға сүйретіліп, біресе қарға тимей, екі аттың бүйіріне кезек соғылып, теңдеп алған өлік келе жатыр еді...

3

Бұл үйдің быйылғы күзден бергі өмірі ылғый бір қасірет ішінде өтіп келе жатыр еді. Орынсыз арын, болымсыз ашулар айнымай, ауыспай ұятқа әкеліп жығып, үй

ішіне катты батып кетті. Бұл үй бұрынғысындай ағайынтуған, ел-жұртпен араласудан да қалды.

— Не алжыған әкелеріңді тоқтатыңдар, не болмаса, еркекше намыстарына шабыңдар!— деп, Жұманның келіндері де күйеулеріне күнде күнкілдейтін болды. Ішімжемі бөлек отаулар үлкен үйге араласпай да қойды. Жастары қырықтан асып кеткен сақалтай-сақалтай балалары еншілерін алып, бөлініп кетейін десе, «өзімдікі» дегеннен басқаны оңай түсіне қоймайтын Жұман еншілерін де берер түрі жоқ. «Өзім өлгенше, менікі. Мен өлген соң, мейілдерің, талап алыңдар!..»— деп, бұдан бес жыл бұрын бір айтқан еді, сонысы енді күнде айтатын әдетіне айналып кетті. Өзгермейді де, бұлтармайды да. Балалар да сол әкенің өлімін күтуге біржола мойындағандай үн шығармайды.

Ылғый бұрын бажылдап, бұрын байбаламдап, қыпам да, жоям деп аттанып, бір абырой ала алмай қойған Жұман бай алыс-жақын ағайындарын да мезі қылып, бездіріп болып еді. Әсіресе, жұртты біржола түңілткен күзді күнгі Майқұдық басындағы төбелес. Ел Сармантайдың мұндай масқараланған кезі болған емес-ті. Бостан бос таяқ жеп, ел-жұртқа мазақ болып қайтты. Игіліктің қанша күшпен қарсы тұрғанына осы күнге дейін көзі жетіп болмаған Сармантай жағы, мың қаралы адам болып барып, жалғыз ауылды ала алмағандарына да катты күйініпті еді. Әркімнің әртүрлі кегі, ала алмай жүрген есесі бар еді Игілікте. Енді олары көбейе түспесе, қайтқан жоқ. Алжыған шалдың айғайына ереміз деп, соның бәрін жоққа сайып, ел көзінде бүкіл Сармантай әрі тентек, әрі оңай жеңілген жақ болып қалды.

— Қазақша бітімге көне қойса да, Сармантай мұнша тұқырып калмайтын еді. Қырсығып, шауып аламын деп, аяғында төреге «потпеске» беріп құтылды-ау!

— Қойдай үркіп, тоз-тозымыз шыққанын қайтерсің! — деп назаланады.

— Бас бармағын бастырып потпеске алған соң, аржағын жауып қой! Қағазға не жазып қойғанын кім біледі әлі!.. Қағазға бір іліктім дегенше, өле-өлгенше, қыпылдап отыратын болдым дей бер! — деп, қалың Сармантай Жұман істерінен біржола үміт үзіп, жоламай кетті.

— Жұманның дауындай, қайнамайтын, піспейтін неткен қазан! — деген бір қатын мазақ мәтелге айналып, ел ішіне тарап барады. Сонымен, айналасы төрт-бес айдың

ішінде ел де, бала-шаға, үйіштері де Жұманнан түгел безініп, тез жағсырап кетіп еді.

Өмірден еншің азайып, қуанған мен күлгенге қызыға қарар бір кезең әркімнің де алдында тұрмақ. Жан-жағына сабырмен, салмақпен қарап, сол белінде тұрған адамды ауған күннің тыныш шұғласы жаңа қуаныш, жаңа күлкісімен, жаңа тілек, жаңа істерімен келе жатқан жас ұрпаққа қызықтыра қаратады. Жазғытұрғы құлпыра жайқалған тағы да жанарған дүниені көргендей, белде тұрған адам өзі де жасарғандай болады. Қуанғандарға мақұлдауын, күресе білгенге мақтауын қосады. Аз істеп, көп қуанды ма, көп істеп, аз қуанды ма, бәрібір, өмірінде боска кеткен көп күндерін, болмашыға шашқан көп күштерін есіне алады. Артына қарап өкініш көрсе, алдына қарап үміт көреді. Жаңа жұртқа жақсылық тілейді. Осының атын адам дейміз!

Бұл Жұманда жоқ қасиеттер еді. Ол өмірден тоналғандай, қуанған мен күлгенге қызғана қарап, күндей қарап жүріп, дәл қазір өзінен безінген жұрттан бұл да біржола безіп кетті. Қайғы-қуанышы малымен бірге тебінге кеткендей, бұл елде мұның сөйлесіп отырар бір көңілдесі жоқ. Бүкіл жұрттың атын ұмытып қалғандай, аузына ешкімнің аты да түспейді. Жалғыз ғана жалшы шал Талтаяқ қалыпты қасында.

Осы үйдің сыртқы абыройын сақтап отырған Көпей бәйбішенің күні тіпті қыямет еді. Ол бір бөтен жандай, сорайып жалғыз қалды. Осы күндерде баласыздығына катты қайғырады. «Иттен тапсамда неге таппадым!» деп те ойлап қояды. Қайғымен жатады, қасіретпен күні өтеді.

Өз қасиетімен бәйбіше атанып кеткені болмаса, Көпей, небары, бала көтермеген тоқал еді. Шыққан жері де қалың Қаракесектің көп кедейінің бірі. Баска шешенің балалары өз алдына үй болып алған соң, мұнымен жұмысы жоқ, қазымыр шалдың отына жалғыз тастап кетті. Бір кезде қамшысымен бірге, ара-тұра бірдеме деп те қалатын Жұман Көпейді қазір Игіліктен де жек көреді. Екі қияда өскен екі түрлі қасиет өмір бойы алысып келді де аяғында көрістірмей қойды.

Төбелес бітіп, жұрт тарасып кеткеннен кейін, Көпей Талтаяқ шалға:

— Күшеніц үйін көшіріп әкеле ғой бүгін,— деп еді, шай ішіп отырып,

— Жалғызсырап бара жатсаң, өзің де сонда көшіп кет! Түбіме жеттіңдер пыш-пыштап жүріп! Сол қатынмен екеуің құдай төбесінен ұрғыр Игіліктің жансызысындар маған салып қойған. Көзіме көрсетші, кәне! — деді Жұман.

Осымен, Күнше Игілік аулында қала барды да, Көпей ең жақын адамынан айрылды. Сонан бері Көпей қонақ үйде жалғыз тұрады. Өз мұны өзінде, ешнәрсеге араласа да алмайды. Тамақты сауыншы әйелдермен бірге ішеді. Сирек келетін қонақтарға үй ішінің қыян-кескі жайын сездірмей, бұрынғысындай ақ жарқын көрінуге тырысады.

Осындай күйде, онсыз да тоналдым, онсыз да таусылдым деп отырған Жұманға қатаң қыстың алғашқы суық хабарлары бүгін келді. Бет-аузы қап-қара болып үсіп кеткен томпақ бет жылқышы есіктен кіре бере босаға жаққа отыра кетті де:

— Боран құртып кетті. Үш қос жылқыдан айрылдық. Қырылғаны қырылды, ықтап кеткендерін қалың Қаракесек қырып жатыр,— деді.

— Өй, уніц өшкір, сен Таңатармысын-ай? Уа, Таңатар болмай, Күнбатар болып кет сен, күнің батқыр! — деп, күпісінің жағасына тұмсығын тығып, бұйығып жатқан Жұман, бажырайып, басын көтерді.

Өзі біреуден көрген қорлығын, біреуден қайтарғысы келіп, Жұман быйыл жарты жылқысын Қарқаралы жаққа, Қаракесек ішіне салып еді. Өздері әр бұтаға ықтап, әрең күнін көріп отырған кедей ел, ықтасынын бере қоймай, қыс бойы алысып келе жатқан. Күнгей беттерін, сай-салаларын, тайлы-таяғымен қорғап, Жұманның аз ғана жылқышыларына ырық бермей қойып еді. Жұманның шетке шыққан бірлі-жарымдысы болса, қағып кетіп жатқандары да рас еді. Кеше ғана ашылған үш күн боранда жалаңаш жапанда жатқан Жұман жылқысы қатты қырылып, қырылмағаны иесіз далаға босып кетті. Әлі күнге хабарсыз кеткен қостар да, жылқышылар да бар. Жылқышы осы жайларды айтып келді.

Апат жайын ести сала Жұман төрт баласын түгел шақыртып алды да төрт жаққа аттандырды:

— Сол малмен бірге өліңдер! — деді.

— Болмаса, ана жұттан айырып қалыңдар! Сонда еншілеріп!..

Енші жөнінде өзара алакөз балалар, қашан сол күнге

жеткенше әке алдында ықтай беретін еді. Біреуі бір рет қарсы келіп қалса, бір жүз жылқы кем алатыны да анық қой...

— Әзір отыр едік... Қайда бар деп айтуыңызды күтіп қалып ек...— десіп балалар тез аттанып кетті. Жұттан қалай айырып алып қалатындарын сұраскан да жоқ, өзді-өзі болып ақылдаскан да жоқ. Ең кәрлі жұт әкеден алысырақ кететіндеріне қуанғандай, сақалдарын алқымдарына қысып алып, жылысып барады. Мал үшін қайғырыскан болып, үнлесіп, ренжумен кетісіп барады.

Бірақ бұл төрт бала түгіл, Сармантайлың бар еркегі жыйналып бірге қайғырысса да жалғыз Жұманның бетаузындағы қайғы өрнегін салып бере алмас еді. Әр әжімі бір зарды айтып қақсап тұрған бойы, жазылмай-жадырамай қатып қалыпты.

Осы күйіктің үстінде Жұмекең өзі де жүріп кетті. Қасына қос ат жетелеген бір-ақ жігіт алды. Қайда барарын, қашан қайтарын ешкімге айтқан да жоқ. Оның жылқыға кеткенін малшы-жалшылар қарына іліп алған сойылынан ғана аңғарып қалды.

Үйінен аттанып шыққанша қай жақтағы малына барарын Жұман өзі де анықтай қойған жоқ еді, ауыллан ұзай бере ат басын Маржан көл, Құндыздыға қарай бұрды.

Ел арасына бораннан кейін жол әлі түсе қоймаған. Қайрақ қарда жолу мен жорту — ең ауыр жүріс, Жұмекең қасқыр шоқакка салып кетті.

Анау үлкен боран тынғанмен күн кабағы бұзылатын ыңғайы бар. Қыя-қыйғаш, кесе-кесе жатқан ақ иректердің үстінен ырғып түсіп, оршып-ұшып, ысқырынып келе жатқан ұзын ақ айдаһарлар көрініп кеткендей болады. Біресе басы, біресе құйрығы байқалып қалатын көп ақ жылан батыстан шығысқа қарай ауып бара жатқан сыяқтанады. Боран ішінде, қарбалас үстінде, жаңылыс келіп жата кеткенін енді абайлағандай батыс жақтан соққан желге көлденең жатқан ақ күртіктер ақырын-ақырын көше бастапты. Жел жақ бүйірлері ояңданып, ақырын-ақырын етегі түріліп қояды.

Күн бата шұбартып мәл шеті де көрінді, боран да үденкіреп кетті. Жұмекең жетекте келе жатқан қара бурылына да мініп алды. Күн бойы бір дыбыс шығармай шоқыта берген кісі «Жануарларым-ай!.. Жатырмысындар аман!» — деп қалды.

Бурылға қасқыр қарасы көрінгенде ғана мінуші еді иесі. Соған дағдыланған бурыл ат тізгінді керіп, сүзе жөнелді. Қарацғы түсіп кетпей малдың сүрецін көріп қалғысы келіп, иесі де асығып келеді. Әлде, келе жатқан Жұман екенін таныды ма, әлде, боранның күшейіп кетерін сезе ме, жылқышылар да малдың етек-жецін жыйнап, ұзын сары жонның шығыс жақ бетіне қарай аударып барады. Батыс жақта бір қос жылқы қарауытып, бір елес беріп еді, ол енді көрінбей кетті.

Мыннан аса жылқыны үш-ақ адам бағып жүр еді. Екеуі қазір жылқы ішінде, біреуі костә ас істеп жатыр. Інір де түсті, боран да лоқсып-лоқсып қалып, қыйқулап жүре берді.

— Апыр-ау, малдарың бір-ақ уыс болып қалған ба?— деді Жұман, бүкіс бел қара кер айғырмен қасына келіп сәлем берген жылқышыға. Бұл оның әркездегі сұрауы. Сонымен бірге жаздыкүні кең жайылып, көп көрінетін жылқы, қазір біріне-бірі сығылысып, етек-жеңі жыйнақы, аз көрініп кетіп еді иесіне.

— Әзір шығынымыз жоқ, мал басы аман,— деді жылқышы.

— Қаншырдай қатып қалыпты ғой?

— Ие, бораннан кейін тойына алған жоқ. Бір-ақ күн ғой көзімізді ашқанымыз...

— Тебін аудармағансыңдар ғой, сірә?!

— Бораннан бұрын Құндыздының ортан белінде едік, ықтай-ықтай келген жерімізді көрмейсіз бе... Бұл быйыл қыста тұяқ салмаған жеріміз еді,— деді жылқышы.

Осыдан басқа сөз сөйлесе алған жоқ. Астындағы аттары ық қай жақта, жел қай жақта екенін айыра алмай, шырқайнала бастады. Бірінің бүйіріне бірі басын ықтатқысы келеді. Жұман бірге келген жолдасынан атының жабуын алып, бурыл атты жабулап мініп алды да:

— Сен қоска бара тұр. Сонда тос. Кешкі аска келермін,— деді. Боран ызғарынан шошынып шұрқыраса бастаған жылқы ішінен кете алмады.

Үйірінен айрылып қалған кәнігі айғырлар қауып барын аңғартып арқырап кісінейді. Бұлан-талаңның ішінде енесінен айрыла бастаған құлындар баладай шырқырайды. Қақтығып, қалып бара жатқанын әлсіз дауыспен аңғартады. Жоқ, Жұман мал ішінен кете алмайтын еді! Әрбір шырқырап шыққан құлын даусының нені айтып жатқанын түсіне қалып, көпке дейін сол дауыс жаққа киме-

леп барып жүрді. Панасыз даланың тізеден аскан қарында, арқадан үскірік боран қыскан жылқы жерге аяқ салып, тұрақтай алар емес. Орай соққан боранмен бірге, көз ашып-жұмғанша өзгеріп кететін ыкка карай жалт бұрылып, қалың жылқы жанталаса бастады. Боранға қарсы бір адым аттар жайы жоқ. Бастарын шайқап, біріне-бірі паналап, сендей соқтығысып, әлдекайда тұтас жылжып барады. Айналаң ың-жың, түн емес, гуілдеген бір қараңғылық түскен сыяқтанады.

Анда-санда бір айғайы естілгенмен, көп жылқыны меңгере алар жай жылқышыларда да жоқ еді. Мұндай боранда көп адам керек. Желге жонын тосып, жан иесін панасынан шығармайтын қалың орман, жоталы тау керек. Ең болмаса шілікті өзен, шилеуіт болса екен-ау...

Ашыққан жарау жылқы басын төмен салып ыктап келе жатып, тұмсығына тиіп кеткен бірдемені қырқып алып, шайнап жібереді. Құрай ма, тезек пе бәрібір. Үйлығып келе жатқан жылқылар біріне-бірініц құйрықжалы іліксе де, қырқып алып шайнайды. Тұяғы бір жұмсақ түпке тиіп кетсе, тарпып-тарпып қалады. Ол сирек кездесетін тобылғы түптері. Әттең оған да аузын бір-ақ салып қалады: арт жағы ысырып, еріксіз ілгері итеріп жібереді.

Жұман сол кеткен бойы, жылқысымен бірге ығып кете берді. Қосқа орала алған жоқ. Қазір шырайналған қараңғыда қос қайда, батыс қайда, шығыс қайда, оны айыру мүмкін емес еді. Әйтеуір, абай болып, анда-санда айғайлап қойып, өзі де ығып келеді. Әлдекай жағынан жылқышыларының айғайын да естиді. Кейде жылқыны кеудесінен тірей қалатын қалың қарлы оянға, кейде сырғақ жонға шығып кеткенін аңғарады.

Боран күшеіе түскен. Аттың белін қайыстыра соғады. Шұркыраскан құлын дауыстары сирей бастаған кезде, Жұман тұрып қалып, жылқының артына түсіп еді, қалың топтан бір айрылып қалған жалғыз-жалғыздар әлсірей бастаған екен. Сенделіп келе жатқан жалғыз құлын қасына келген қараны көріп, әлсіз ғана оқыранды да құлап түсті. Не қылсаң о қыл, енді шамам жоқ дегендей, қозғалмастан қалды. Тұруға тіпті ниеті жоқ сыяқты. Күндіз болса Жұман құлынның баладай аянышты, дәрменсіз жалынып, бірдеме айтқысы келгендей, ернін малжаңдатқанын көрер еді. Түкті аңдатпас меңіреу түн оны көрсеткен жоқ.

Жұман жылқының алдына шауып шығып, ерсілі-қарсылы көлденеңдеп, бөгемекші болды. Әлдекай жерде кездесіп қалған жылқышыға да айқайлап, соны тапсырды:

— Алдын бөгей бер, әйтеуір. Арты адақтап қалмасын! Бөлініп қалған жалғыз-жарымынан қайыр жоқ. Жан қалса, қалында қалады,— деді. Содан кейін бурыл аттың барын қолға алып, қалың жылқымен ұзақ арпалысты. Өзін де, өзге дүниені де ұмытып, бар күш-қуатын осы бір шоғырдың жолына салды.

Әлдекай кезде бурыл аттың боранға қарсы баспай, шырқайналғанын тағы бір сезді иесі. Енді өзі де қалжырап қалған екен. Азырақ демалғысы келіп, аттың ыңғайына жіберіп, жылқымен бірге ыға берді. Қалың жылқы аттың сауырына соқтығып ұмар-жұмар бірге келе жатқандай сезіледі... Анда-санда үзенгіні бірдеме тырнап қалғандай болады. «Е, құдай тым болмаса, қалың қарағанға кездестіре гөр!..» Жоқ енді кездеспей кетті... Қалың қараған кездесе қалса, жылқышылар малды тастап, ықтап қала бара ма деп те ойлайды. Жоқ, о да болмас...

— Өзімнен басқа біреуін жіберсем ғой, сойылын қарға шаншып, бір сайдың қарына мана кіріп кетеді! — деп ойлады Жұман.— Өзім келгенім жақсы болған екен! Бірақ Қарқаралы жағындағы күйім не болып жатыр екен? Жасық ит, Қошқарбай, енші алғың келсе, бір жерге ықтап қалғаныңды естиін осыдан! — дейді кіжініп.

Енді жылқышылардың даусы да естілмей кетті. Қалың қарлы сайдан шығып, ат тұяғы тастаққа тиген сықтанады. Бурыл ат тез аяндап кетті. Өкшелей басып жиі-жиі соқтығып жылқылар келеді. Ат тұяғы таска соғылып, бурыл ат сүрініп кетті. Қілт тоқтап, бүйірімен бұрылып, бурыл ат бірдемені жағалап өтіп барады... Бұл не болды екен?.. Сол бүйірінен келіп соғылған жылқыдан бурыл ат әрең құлап түспей қалды. Тағы соғылды, тағы да... Бурыл ат оң жағына бұрыла беріп, оқыс қарғып кетті... Жар астындағы қалың қарға түсті де омыраулап, тағы біраз қарғып көрді... Қарғып келіп, домалап келіп, бірін-бірі жанша, бірін-бірі баса құлаған көп жылқы Жұманды атымен домалатып, ойға қарай айдап әкетті...

Әлдекай өзеннің жарлы жағасына келіп тірелген көп жылқыда кейін бұрылар хал жоқ еді. Арт жағы алдын

ысырып, сеңдей соғылысып, биік жартастан еріксіз құлатып жатыр. Бұл костың алды-арты енді осы жардың астына жыйналатын болып қалды...

Жұман от орнындай ғана болып жатқан көк мұздың үстіне сырғып келіп түскенде не болғанын, не боларын бәрін біліп жатыр еді. Екі аяқта жан қалмапты. Қозғаларға дәрмен жоқ. Енді ешнәрсені аңғара алмай қалды. Көз алдына тас шоқпардай, шойын балғадай түнерген көп тұяқ бір көрініп қалды да әлдекай жерінен дүрс-дүрс ұрып өтті. Бурыл аттың тізесі келіп алқымынан басып жатқан сыяқтанады. Осыдан арғыны Жұман сезе алған жоқ... Осыдан кейінгі көп тұяқтарды көре алған жоқ...

Қоста қалғандар боран ашылған соң ғана далаға шығып, айналаға көз салып еді. Таң атқан... Айналада ешнәрсе, көз тоқтатар бір қара қалмапты. Қосты айналдыра соққан биік ақ қаланың ішінде тұрған төрт ат аман қалыпты, әйтеуір. Ас пісіруге жыйнап алған қарағаннан басқа бұл аттар да ешнәрсе көрген жоқ. Бұл боранға дейін көлденең жатқан ақ күртіктер, енді құйрығын шығыс жаққа бұрып, созылып жатыр. Сол құйрық қалай қарап жатса, малдың қалғанын да сол жақтан іздеуге керек. Даланың берер белгісі осы ғана.

Екі жалшы екі атқа мініп, екеуін жетекке алып, шығыска қарай жүріп кетті. Пісіп тұрған еттерін, малшының ең мол тамағы ащы құрттарын қоржынға толтыра салып алып, жолдастары мен Жұманға тамақ әкетті. Ерсілі-қарсылы жөнкілген жылқының іздері кей жерде ақ қардың бетіне түскен қорасан дағындай болып, көлденең кездесіп қалса да, дағдылы жылқышылар бетін бұрмай, тік тартты. Күн қазір ашық. Дала бораны бір жерді ашып, бір жерді жауып кетеді. Сондықтан қандай құтырған боран болса да, із табылмай қойған емес. Кейде оңға, кейде солға бұрылған көп іздер, жылқышылардың өз жорамалына қарай ойысып келеді.

— Мен шошынып келем...— деді, коста қалған жылқышы.— Малдың ықтаған беті осыдан бұрылмай тарта берсе, өзенге тіреледі. Жағасы биік жартасты болушы еді. Оған тірелсе бір тай аман қалмайды! Адам аман болса жарар еді.

— Өй, сен жаксылыққа жорысаншы, тым болмаса, — деп, Жұманның аткосшысы кейіпірек қалды.

— Жоруын жорырсың-ау, қауыпты да ойлай оты-

райық. Жан-жағына қарай отыр, шаншулы қалған құрық бірдемені көрмей өтіп жүрмейік.

— Е, құрық шаншар күнге жетсе, үміттің үзілгені ғой біржола.

— Екі күннен асып барып тоқтаған бораннан не күтеріңді кім білсін...

Осыдан кейін екеуі де аттарын қатты айдап кетті. Қіндігі шұбатылып жатқан қызылшақа құлындар кездесе бастады. Қатып қалған құлын-тайлар, кәрі-құртаңдар да жатыр. Әр малды түсі-түгіне дейін білетін жылқышы:

— Мынау бір көп сауылған биенің жабағысы еді... Мынау бір оң аяғында ақауы бар, қарды сол аяғымен ғана тебетін қартаң бие еді... Сүтті еді жануар,— деп, әрбір өлгенді танып, әрқайсысына бір жақсы сөз айтып келеді.

Қостан шыққанда кейде көлденең келіп қалатын көп іздер, енді тура шығысқа қарай тартты. Алыстан қарауытып, өзен жағасындағы орқаш тастар да көріне бастады. Іздегендерің осында деп, қол бұлғайтын сыяқты.

— Бұл бір бүгілістің тұсы, қамау жер,— деп, жылқышы енді ешқайда қарамай, маңдай алдына тура тартты. Жар басына жолдасынан бұрынырақ жетіп, тұра қалды. Жар асты ұзынынан созылып, үйіліп қырылып қалған жылқы екен. Қолдан қойып келтіре алмайтын түрде апар-топар үйіліпті де, сол күйінде қатып қалыпты. Осының өзі ұятырақ болды-ау дегендей боран бір раз жабынқырап кетіпті.

Екі жігіт аттарынан түсіп, жар астына жаяу кетті. Ылғый өлген малдың үстімен келеді. Бір жерде жүресінен түсіп, ер-тоқымымен бурыл ат жатыр. Мойнын соза құлапты да, басын қайта жыйнауға шамасы келмепті. Өзен табанына түскен соң екі жігіт өліп қалған Жұманға да кездесті. Киімдері шылқыған қан, көкше мұзға жабысып қалыпты. Көп жылқының ортасында шалқасынан жатыр.

— Бишара адам еді...— деді ауылдан келген жігіт. Аяп айтты ма, әр кездегі ойы аузына түсіп кетті ме, оны өзі де байқамай қалды.

Өзен табанында теңкиіп қалған жылқылар шұбартып, алысқа созылып кетіпті. Осы өлкенің бар сауысқаны да осы аңғарға жыйналысып, қылмың-қылмың етіп,

той жасағалы жатыр екен. Қарап тұру да, дабырлап сөйлесу де бір түрлі келісімсіз қылық сияқтанады.

Жігіттер енді үндескен жоқ. Айналаны бір қарап, жер деңгейін шамалап алысты да, тағы да шығыска қарай жүріп кетті. Осындай бір сұламаның ішінен жолдастары кездесіп қала ма деп, ақырын жортақтасып, жарды жиектей жүріп барады. Жары тік, тасты жаға төмендеп жайпаққа айналғанда, арғы қабақта жосылып жатқан едәуір жылқының жаңа іздері көрінді. Бұл тіршілік ізі еді. Жігіттер де сол қабаққа шауып шықты.

Кедейлігі де көп, байлығы да көп, қысы да көп, жазы да көп Арқаның жан алары да көп, жан сақтары да көп. Артында екі аттам жерде қырғын көрсең, алдында екі аттам жерде қалың шілікті қоңыр өзектің ішінде жүз қаралы жылқы қадалып жатыр екен. Ашыққан жылқы кетпендей тұяғымен қалың қарды бұрқ-бұрқ лақтырады. Алаңсыз еңбектеніп, асыға қыймылдайды. Мінген айғырларын тебінге жіберіп, бір шіліктің күнгей бетінде отырған екі жылқышы көрінді. Бір қыс емес талай қыспен, бір боран емес, талай боранмен алысып, әдіс алыскан, пісіп қатқан жылқышылар бұл жолы да мұрын ұштары мен бет томпағынан басқасын алдырмапты.

— Апыр-ау, амансыңдар ма, әйтеуір!

— Тірімісіңдер?— десіп жігіттер шұрқырасып қалды. Әуелі бір «Өй бауырымдасқанда» шығатын дірілді дауыстар, «Өй итің-ай!» «Өй, күшігің-ай!» ға жетіп қатайып алғанша, бұлар өзге жайды ұмытып та кетіп еді.

— Әкел қоржынды!

— Шеш аузын!

Ат бүйірінде онша тоназый қоймаған, Жұманға арналған жал-жая, қазы-қартадан біраз салып алғасын ғана жігіттер өзге дүниені естеріне алды. Жүз қаралы-ақ жылқы қалыпты. Семіз айғырлар мен ту биелер ғана. Күйсіз жылқының көбі жарға құламаса да қырылып қалған. Ол әлі ақ сүйек болып, жазғы тұрым ашылады. Мұндай бір қыстың ізін әлденеше жаздар әрең ұмыттырады.

Жұман туралы жігіттер қайғырыскан да жоқ, қуаныскан да жоқ. Әрбір өлікке көрсетілер құрмет көрсетіліп, екі айғырға тендеп, аулына әкетті. Салт жылқышылар да мұнан басқа мүмкіншілік те жоқ еді. Ақмола жолымен келе жатқан жолаушылардың көріп тұрғаны

осылар, кейде қарға сүйретіліп, кейде екі аттың бүйіне кезек соғылып келе жатқан өлік Жұман еді...

— Ойбо-о-й, бейшара-ай...— деді Байжан, Жұман екенін таныған нан кейін. Не үшін бейшара дегенін бұл да ойланбай айтты. Сөйтті де өлікті шанаға салып әкететін ыңғайын танытып, әйелдерге қарады.

— Бейшара дегеніңіз немене?—деп сұрады осы арада тұрған Быков.

— Беднай шелабек, беднай шелабек,— деді Байжан, бей-жай дауыспен.

— Пастух па еді?

— Ие, пастух... Старый пастух...—Быков иланып қалды. Байжан жауабының астарын әрине, аңғарған жоқ.

Қәрі бақташыға Байжанның құрмет көрсеткелі жатқанын түсіне қалып, Быков дені сау әйелдерге: — Түсіңіздер,— деді. Қатты ауырып келе жатқан Лизаны ешкім қозғаған жоқ. Жұманды қатар салып, бетін жапты да Байжан шаналы атты өзі жетелеп алып, қатты жортып кетті.

Осылай, жіңішке жолға көлденең жатқан бір соқпа тас, қысынды, боранынды, өлгенінді, өксігенінді танымайтын жаңа бір күштің мұрындығына соғылып, аударылып қалды...

Алды арғы қырқалардан асып, арты әлдеқайда келе жатқан жаяулар жіңішке жолдың бойында қыбыр-қыбыр етеді. Шаршап, бұрлығып, созылып келеді. Үскірік борандарда, ұзақ сапар шегіп, ұдайы үскірік өгей өмірге келе жатыр. Шалдыққан бар, қалған бар, оған қарайлауға шама жоқ. Жіңішке жол жыландай ирелеңдеп алдарына түсіп алып, еріксіз сүйрелеп, ағашсыз, сусыз, ақ жамылған кең далаға, үнсіз өлі сахараға әкеле жатқандай сезіледі.

4

Быйылғы қыс сықырлаған аязсыз, құтырынған борансыз, жұмсақ басталып еді. Мал әлі жайылымда, жаз қызуы бойда, бүрсеңдер кездің белгілері әлі берілген жоқ-ты. Әр үйдің алдында аңға шығып қайтқан жарау аттар қантарулы тұр. Әр үйдің төбесінде кергіштеп тізген қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян терілері атабабадан қалған ескі тудай бұлғаландайды.

Біреу аңға серілікпен шығады, біреу оны күн көрісі-

не жамау-жасқау стеді. Алшағырда осының екі жағы да бар еді. Жадау бір торы мұның үйінің алдында да намаз оқығандай мүлгіп тұр. Торының алдында сымдай шыйратылған тарғыл тазы жатыр.

Озық елдердің өмірі тармағы көп, құймасы көп өзен сыяқты болса, бұл елдің өмірі ойдым-ойдым шалшықтай, таяз да, көлемсіз де. Тез толады, тез тартылады. Толып дария бола алмаса да шөлейтке айналуы тіпті оңай. Көп елдердің өмірі жапырақты да, бұтақты, мәуелі бір байтерек сыяқты болса, бұл елдің өмірі ат байлайтын дередей, мәуесіз де, панасыз да, бұтасыз да, жапырақсыз. Ауыр азабымен, мейрімсіз қыспағымен келетін өндіріс, еңбек топырағына өсетін егіс, жан жүректің өшпес шам-шырағындай, жанған сайын жарқырай-түсетін өнер-білім бұл елде жоқ. Бар тіршілік мал айналасында ғана. Мал жерді емеді, адам малды емеді. Әр кезде өнімсіз өмір қысқа қарай бірер ай аңшылық деген болмашы бір кесіпті қосады. Ұзамай о да сарқылады. Кедей қолында тыйтықтап арықтаған бір-бір жауыр аттарымен, істелмеген көп жұмыс, бос салпақтың салдары — жалқаулық қалады.

Алшағыр бүгін итіне бес қоян, бір түлкі алғызып, үйішінің шала байып, ақ жарқын көңілді отырған күні еді. Күн бойы далада ойнаған жалғыз баласы Әлішер екі көзі танадай жарқырап, қып-қызыл болып, аптығып кірді үйге.

— Әке, неше түлкі әкелдің, көп пе? — деп, ауыз үйде түлкі сойып жатқан әкесіне бір жарқ етіп қарады да әкесінің жауабын күтуге уақыты жоқ:

— Апа, шұлғау! — деп, жұлығы сөгіліп кеткен етігін сыпыра бастады. Су болған шұлғауларын аяғымен сілкіп, кез келген жағына лақтырып жатыр. Башпайлары қып-қызыл, аяғына қызыл асықтан қара-ала, торы-ала болып кір ноқталанып қалыпты.

— Ие, айта бер, айта бер! — десіп, Алшағырмен бірге аңға шығып қайтқан екі жігіт шешесінің аузын босатар емес.

Бала қайтсем екен дегендей, аз ғана ойланып қалды да, конақтардың бірінің байпақты етігін киіп алып, сақылдап күліп, далаға қарай жүгіре жөнелді. Ит шанаға жегілген ала торпақ мұны өзен жағасына құлатып тастап, өріске кетіп қалып еді, соны қуып кетті.

— Тәңрі деген, несін айтасын!.. Сәрбида нұқтап шаһи.

Күннәзия болып тұрған кезіміз!..— деп, Күнзила жеңгей баласы бөліп кеткен әңгімесін қайта серпіп бастады.

Жаулықтың шаршысын шалқасынан тастап, дөңгелек ақ құба жүзін, қолаң қара шашын, әдемі жұмыр мойнын замандастарынан жасырмай, еркін отыр. Өзі де дөңгеленіп біткен, әлі бәдені бұзылмаған, аздаған кербездігі бар сымбатты әйел; әр кезде ақ жарқын, замандастарының сыйлап ұстайтын адамы еді.

— Ие, ие! — десіп, жігіттер шайын жерге қойып, қылқылдасып отыр.

— Әй, қатын, қой деймін енді. Бұл ит қазір бүлдіреді,— деп қойып, Алшағыр қысыла бастады.

— Талтаяқ түйешінің қызы Күнзила — Күнназия атанып алғасын, жімге пысқырсын. Кеттік керендеп!.. Әуелі әдейі мазақтағандай кастерлеп Күнзила қойған екен атымызды, енді Күнназия деп жігіттер тіпті шелитіп әкетті... Күнназия да өзіміз, Шаһуазия да өзіміз... Жігіттер соңыма түсіп кеп берсін!.. Ылыққан иттей шұбап жүреді... Айнакәтесі жоқ!..

— Келістірдің! — дейді Алшағыр ыржыйып.

— Ойбай-ау, мен ылыққан иттей деп өзімді айтып отырмын ба, жігіттерді айтам,— деп, Күнзила ағат айтып қалғанын түзетіп алғандай болып, тағы қайталайды:

— Айнакәтесі жоқ, ылыққан ит...

— Қой деймін енді,— деп, Алшағыр қызарыңқырап барады.

— Жазды күні жігіттер қандай бейбастақ болады,— дейді Күнзила.— Шешесі жоқ, әкесі күні-түні түйенің ішінде жүретін қыздың іргесін тырналап, дамыл бермейді. Бір күні іргеме анау келіпті... Өзім жаңа ғана алтыбаканнан келіп жатқаным сол да.

— Е, мен нені аңдып жүрді дейсің! Оны да айта кетсейші,— деп, аққөңіл, момын Алшағыр бұл арада бір мардамсып қалатын сияқты.

— Күннәзия, Күннәзия, а Күннәзия! — деді іргеден. Құдай деген момын ең, сен де Күннәзияға көштің бе деген ой келді де:

— Е, Алшағырмысын? — дедім.

— Ие, мен...

— Жаңа ғана түсімде сені көріп жатыр едім, қайдан тап бола қалдың? — дедім.

— Құланның қасуына, мылтықтың басуы деген... Түсіңде көрсең, құдайдың бұйрығы шығар деп, Алшағы-

рым суырылып барады. Бет-аузын керегеге жапсырып алып, пыс-пыс етеді.

— Жоқ-ау, өзім әлі таң-тамаша болып жатырмын... Түсімде сені көріп жатып ояна кетсем, қасымда сен отырсын. Түс деген келе береді екен-ау...— дедім. Күліп жіберем бе деп, өзімді өзім шымшылап жатырмын.

— Қалай көрдің Күннәзия? — деді ол.

— Екеуіміз шие теріп жүр екенбіз...— дедім.

— Е, шие деген құдайдың адал ризығы ғой,— деп іргеге тақала түсті. Екі танау, жаялықтай ауыз, екі көз, екі құлақтың бәрімен дем алатындай, бетімді күйдіріп барады.

— Сен менің аузыма шие салып тұр екенсің...— дедім.

— Қолыммен бе?..— деді пыс-пыс дем алып.

— Жоқ, аузыңмен, тіліңмен,— дедім.

— Апыр-ай, тап ойымдағы арманымды көрген екенсің! — деді өп-өтірік.

— Әлі дәмі аузымда тұрғандай...— дедім мен.

— Сол аузыңнан бір сүйгізші, Күннәзия...— деді жалынып.

— Жоқ, дәмі кетіп қалады.

— Неге кетсін, кетпейді... Мен насыбай атпаймын ғой... — деп қылғынып өліп барады. Қойшы деп, мен жатырмын, қылқылдап, «кәне, кәне!» деп, тұмсығын керегенің көзіне тығып алып, бұл ентелейді. Ай сүттей жарық, өзі жалпақ бет керегеге жапсырған соң тіпті жалпайып, табақтай болып кетіпті.

— Жарайды, Алшағыр, сүйгізейін... Аузынды берірек жақындат... — дедім.

Үйді сықырлата, керегені сүзе келіп, аузын тосты... Мұрны жалпайып, шертуге ыңғайлы тұр екен... Қызығып кеттім де, кәдуілгі ұпай алатын екі ортаңғы саусағымды айқастырып алып, шалқая беріп тартып кеп жібердім мұрынға!..

— Қа-қа-қа-қа!.. Қақ-қақ-қақ!.. Қық-қық-қық-қық... — күліп отырғандар қыран-топан, қырылып қалыпты.

— Отта шіркін! — дегені болмаса, Алшағырдың өзі де күренденіп кетті.

— Байғұс аққөңіл ғой, ашуланған жоқ. Қаны сорғалаған мұрнын басып отырып:

— Әй, Күннәзия, ертең сені айттыруға кісі жібермесем көр де тұр! — деді.

— Қалай айттырасын?

— Көйлегіме дейін сыпырып берсем де сені алмай қоймаспын! — дейді.

— Байқаймын шынын айтып отырған сыяқты.— Құрық ұстап қашырып кетсем де...— деп өршеленіп барады.

— Әй, сен өйтіп құтырма, дедім мен. Барынды қалың малға беріп, мені қалай асырайсын? Талтаяқ саған желілеп жылқы, отарлап қой берсді деп ойлаймысың?

— Күрекке боқ табылар, бір сені асырармын, — дейді былжырап.

— Әй, сен ондай жиіркеніш сөзінді айтпа маған! Шашпа малыңды. Керегің мен болсам, Талтаяқтың есебін өзім келтірем... Тышқақ лағыңа тиюші болма, — дедім!..

— Тап сол жерде сүйгізе қойсаң, бұл үйдің босағасын да көрмес едің, сен қатын! — деп Алшағыр бір мардамсып қалды.

— Өй, сен өйтіп мардамсыма! Саған қатынды өзім әпергем, жай әпергем!— деп Күнзила жеңгей қайта шалқып кетті.

Бұлар бір тату, тәтті тұратын адамдар еді. Бірінебірінің борыш-қарызы да жоқ. Өздеріне шақтап бергендей кішкене өмірлерінде бірі ойға, бірі қырға тартқан уақыттары да болған емес. Бірін-бірі айтқызбай түсінеді, біріне-бірінің қиянаты да жоқ. Барлы-жоқты күндеріне бірдей ортақ, өзге жұртың күндей де, қызыға да қарайтын үйіші еді. Әйелінің осылай еркін сөйлейтіні Алшағырдың өзіне де қатты ұнайтын. Азырақ еркелеп, шалқыңқырап кететіні болмаса, ешнәрседен өкпелеткен емес, жаны мен жүрегінде тозандай күнәсі жоқ-ты.

— Айтсаң, бәрін айт, әй!.. — Мепің мұрнымнан қанымды сорғалатып масқараладың ғой. Енді өзіңді де аяма! — деді Алшағыр.

Қызыңқырап алған Күнзила өзі де онай тоқтай алмай отыр еді, Алшағырдың сөзі қамшы болып кетіп:

— Ойбай-ау, ұмытып барады екем...— деп бастады, күле сөйлеп.— Әліпер ірге жақта, мен от жақта жатқам... Төрде қонағымыз бар да... Мынау біздің кандай, күз жақындаса-ақ түсінде түлкі көре бастайтын!.. Бұл үйде жоқта... Бір кезде біреу аяғымнан шымшыйды. Байқаймын қолымен емес, тырыйған қу сүйек бақайы-

мен шымшыйтын сыяқты. Бас жағымен емес, аяқ жағымен тілдескісі келеді. Қасына шақырады ғой деймін, шымшып алып өзіне қарай тартады... Көрпемді тұйықтап алып ем, қоймады түрткілеп... Қәдуілгі, тілге келейін деген адамша, басымды көтеріп алып, есінеп қойып, от басында жатқан шымшуырды көмілген отқа тығып жібердім де далаға шығып кеттім... Қайтып келіп:— Пай-пай, Әлішер-ай, жатысыңның жаманы-ай сенің,—деп, баламды әрірек салып қайта жаттым.

— Әй, ол иттің де жатысы жатыс емес-ақ! — деп Алшағыр да қосылды.

— Әлігі аяқ мені қайта түрткілеп, көрпемнен тарта бастады. Біздің үй қандай тар, төрде жатқан адамның аяғы оң жақта жатқан маған еркін жетіп жатыр. Жалғыз шымылдық демесең, арамызда түк жоқ. Ақырын ғана басымды көтеріп, қызара бастаған шымшуырды алдым да, шымылдықпен ойнаған бала мысықтай түртініп жүрген аяққа басып кеп қалдым... Таңертең тұрсам, қашан кеткенін білмеймін, байғұс қонағым зым-зыя...

— Ол кім еді? Кім, кім? — десіп, тыңдаушылар ынтыға қалыпты.

Үлкен бір оқыйғалар сирек болатын елде осындай болмашының өзі көп азық, жылдар бойы ұмытылмай жүреді. Ұятқа ұшыраған адамның кім болғанына қарай, кейде сонымен бірге жасасып, көрге апарып жерлеп болған соң ұмытылады.

— Кім өзі, кім? — десіп, қаркылдасып күлер кезді жігіттер кейінге іркіп отырған сыяқты. Жай күлгеннен де, кім екенін біліп алып, «Әй, иттің күшігі!» деп қаркылдасқан дәмдірек, әрине.

Күнзила өз күлкісін тыйып, кім екенін айтқанша, тар есікке әрең сыйып, кіріп келген сары жігіт:

— Алшағыр, сені Жұмабек төре шақырады. Тастай тұр түлкіңді, жүр! — деді.

Күнзила аз селт етіп қалды да тез күлкісін тыйды. Енді ғана «Жұмабек төре» дей бергенде, әшейінде баяу қолбаң сары жігіттің «Жұмабек төре шақырады» дегенінен тітіркеніп кеткендей болды.

Құйрығына ғана ілегіп қалған түлкінің терісін сол күйінде қалдырып, Алшағыр да шығып кетті.

Кең қашауаға екі мұз-қара көкті парлап жеккен Жұмабек, өзен бойын өрлей қыстаған он шақты үйдің орта кезеңіне келіп тоқтаған екен. Қасында осы елдің

ауылнайы, тілмаш Жұсыптың інісі Өсіп бар. Өзеннің жоғарғы жағынан құмырысқадай тізбектеліп, қыбыр-қыбыр қозғалған жаяулар, түйелілер, салт аттылар көрінеді. Жұмабек қасқыр ішікті шалқасынан тастап, қасына жыйналған бір топ адамға бірдеме айтып жатыр:

— Бүгін жүріп кеткендерің жөн болар еді. Ауыл орнында қалады ғой, қатынасып тұрасыңдар ғой, — дегенді естіді Алшағыр.

— Алшағыр, сен де жүресін...— деді Жұмабек.

— Қайда?..

— Қарағандыға. Бір бес-алты айдың кезегі саған келіп тұр.

— Мен жалғызілікті адам едім... Көмірге әркім өз еркімен жалданады демеп пе еді?

— Айына он бес сом ақша алсаң, байып кетем деп қорқамысың? Бұл жұрттың жақсылық істегеніңді білер күні болар ма екен, жоқ па? — деп Жұмабек ренжіп қалғандай қабағын түйді де: — Мен осы елдің болысбиі, ақсақалдары нені ұйғарса, соны орындап жүрген адаммын. Керней-Қарсонға ұсап, поштабай шапқылатып жүрмеңдер... Жұрт әне кетіп барады, соларға ере сендер де аттаныңдар! — деді.

Екі айтқызуды көтермейтін әңгімемен келгенін аңғартып, артында үлкен дүмпуі барын да көрсетіп қойды. Алшағыр үндей алған жоқ.

— Болыс-билердің съезін қайта шақырта алатындарың отыра беріңдер үйлеріңде, қозғалмаңдар...— деді Жұмабек тағы да.— Олай болмаған күнде, салмақтаспай-ақ қояйық...

— Сөзді қойыңдар, сөзді қойыңдар. Ит жеккенге айдалып бара жатқан жоқсыңдар, осы тұрған Қарағандыға барасыңдар! — деп, аулынай кіжіңдеп қояды. Жұрт ақырын тарай бастады.

Жұмабектің бұл бірінші сапары еді. Күз айларын ырың-жырыңмен боска өткізіп алған Ақ-бұйрат заводы, келіп қалған қыстан шошып оянғандай, бес күннің ішінде бес жүз жігіт жыйнап бер деп алдынғы күні ғана әмір етті. Жалпы нобайын Игіліктің алдынан бір өткізіп алып, Жұмабек кедей ауылдарды сыдырып келе жатқан беті еді. Өзі қазір жонданып алыпты. Бұл елде әлі ешкім мініп көрмеген сырлы қашауамен жүр. Көк шұғамен тыстатқан пұшпақ ішіктің сыртынан қасқыр ішік, баста түлкі тымақ, шанасында отыр дегеннен гөрі,

жатыр деген лайықтырақ сияқты. Осыдан үш-ақ ай бұрын қаншырдай қатып, жаяу жүрген төреніз, енді біреуге сәлем бермек түгел, сәлем алуға еріне бастапты.

— Сылаң-көк бүйірін соға ма, қалай өзі?.. Алтай-көкті жеге салмаған екенсін,— деп қояды төленгіт божағына. Енді бұл да Игілікке ұсап, ешкімнің үйіне қонбайтын болыпты. Осындай айбынмен жүрген Жұмабекке көк-каска кедей батып сөз айта алатын емес еді.

— Шымшуырың бар болсын сенің! — деді Алшағыр үйіне кіре беріп.

— Е, не болды, немене екен?

— Бес-алты айға Қарағандыға кететін болыппыз, көмір қазатын болсақ керек.

Үйдегілер қобалжып қалды. Күн көрісі қысылшаң ауылдар көмірге өздері де кеткелі әзір отыр еді. Даланың жалпы сал-бөкселігі мен мына бір аң аулайтын әуре кезең ғана бөгеп отырған. Оны күтпей, алым-салықтай қысып кеткен Жұмабек бұйрығына бұл үйдегілер үрке қарасып қалды. Шымшуырдың кегі ғой деп, Күнзила күдіктеніп отыр.

— Апа, қонақ! — деп, қуанғандай ыржыйып, Әлішер де есікті аша берді.

— Кеш жарық! — деп, Бұланбай да кірді. Арт жағында табалдырыққа тапыр-тұпыр сүрініп кіріп жатқан бірталай тайпақ етіктер көрінеді.

— Е, жоғарылата беріңдер! Е, жол болсын, перім!..

— Өзінді байлап тастап, қатыным мен баламды алып кетуге келдім...— деді Бұланбай.

Құрдас болғандықтан оқыс қалжыңдап, Бұланбай төрге беттеді. Тарғыл тазыдан басқалары төмен сырғып Бұланбайға орын беріп жатыр.

— Әй, қатын, жеңімді тартып жібер!..

— Перім-ау, өзің қараған шабуға бара жатырмысың, қалай киінгесің? — деді Күнзила Бұланбайдың тері тон сыртынан киген қой жүн шекпенінің шолтайған жеңінен тартып жатып.

— Байыңның басына келсін, ендеше!

Жоқтыққа мойындамай келе жатқан Бұланбайдың көмірге кетіп бара жатқанын Күнзила енді түсінді. Тайталасқа түрған екі дай, шаршы топтарда елдің белін бір көтеріп тастайтын балуан Бұланбайды Күнзила кісі есігіне қыя алмайтын еді. Көмірге де қыя алмай жылап жіберді:

— Көмірге бара жатыр екенсің ғой... — деп әр сөзін бөлып-бөліп әрең айтты.

— Ой, мына сайқалдың жылағаны несі! Көрсетпе әрі көзіме! — деп Бұланбай отыра кетті де: — Әй, Әлішер, бері кел иттің баласы, әкеңнің қасына кел! — деп баланы шақырып, алдына алып, басын сыйпап, үндемей отырып қалды.

Әлішерден бір жас үлкен баласы Нартай кемпір шешесімен үйде қалып еді. Қореқсіз қалды. Жалғыз сыйырды соғып, жарты етін өзі алып келеді. Кемпір шешесінің от жағып отырар да шамасы жоқ. Жалғыз өз үйі емес, осы көле жатқандардың бәрінің үйінде де жел гүлеп қалды. Әрбірінің артта қалып бара жатқан мұң-мұқтаждары он үйге жүк болғандай. Өзі қалт-құлттап отырған кедей жағының ер-азаматы еріксіз мыс пен көмірге кетті де үй жақтары жайрап қалды. Әзір қаласы бүтін тұрған Алшағырдың үйіне кірген соң, осылардың бәрі есіне түсіп, Бұланбайдың өзі де босай қалып еді. Өзгелер де осы рендес, құланқырап кетіпті.

— Әй, сен күшік, қатыным қалып барады деп қайғырып жатқан шығарсың! — деді Бұланбай Алшағырға. — Одан қорықсаң, екеу-ара болсын, ала жүр...

— Жоқ, жоқ... Жаңа ғана естіп, жыйнала алмай сасып отыр едім,— деді Алшағыр, абыржыңқырап.

— Жыйналатын нең бар еді, тәңірі... Неше жылғы сүр бойдақ, үйге бір шүйкебас енгізіп кетем бе деп едім, оған да қаратпады. Жыйнал тез. Бір қос болайық. Сайқал, сен, біздің бала мен кемпірге құлақтас болып отырарсың...

— Өзім әзірмін-ау... Үйдің не боларын біле алмай отырмын,— деп, Алшағыр күйзелісі барын аңғартты.

— Әттең Күнзиладай қатыным болса, үйім не болып жатыр деп ойламас та едім, көрдің бе мынаны!..— деп, Бұланбай кіжінді де, жігіттерге айнала қарап:

— Сендер бір нәрсені біліп келе жатырсындар ма, жоқ па? — деді. — Қазақ байының есігінде он жыл жүрсек, он қой алып қайта алмайтынымыз неден осы? Қайсың байдың есігін көрмедіңдер? Сол есіктен құтыла алғанның бар ма? Игіліктің үйінде он жыл жүрген Бұланбайдың қайыр сұрап кете жаздағаны неліктен деп ойлайсыңдар? Мынау болса, айына он сомнан он бес сомға дейін ақы береді екен. Тым құрыса ертең кімге жаутаңдаймыз демей, еңбегіңе жалынар күнге жетсең, о да көздің

ашылғаны емес пе? Сорға келе жатырмыз деп, аяғын зорға басып келе жатқандар да көп... Итінген қорды көргенше, белуардан сорды кешкенің артық та! Бір тамағың үшін жаутаң көз болудан жаман қорлық бар ма еді? — деді Бұланбай. Алшағыр үшін емес, әлі қыйпақтап келе жатқан жолдастарына арнап айтты.

Қайғыға, мұңға бар ниетімен беріліп, қарсылықсыз ықтайтын, күйректеу келетін қыр жігіттері күмілжи сөйлеп, қыжықтасып:

— Қыс ауырлап кетсе, үй жақтың күйі не болар деп күйзелеміз де...

— Тегін жатқан ақшаны көрген жоқ едік-ау... — десті, ынжық күңкілдесіп.

— Үйден ұзап шықпаған басым, алтай дегенін ақыр замандай көріп отырмын,— деп, ақкөңіл Алшағыр тура шынын айтты.

— Алтай түгіл алпыс жылға кетсем де сонау бір маған қымбат, байға арзан жаутаң көз бар ғой, содан құтылсам болғаны! — деді Бұланбай. Жанды жасытып, дінкені қатыратын жаутаң көздің жайын жақсы білетін өркеуделі жігіт тітіркеніп айтты.

Быйылғы Сүгірәлімен аяқтаспай айрылатын айқастан кейін Бұланбай Игілік аулын көрмей кетіп еді. Төбелеске мінген ақ-бақай атты да тастап кеткен. Содан бері байға мырза, кедейге сараң қутсыз даладан бір түйір түсім кездестіре алмай, Бұланбайдай жігіт қаңтарылып қалып еді. Нұраның ақ шабағындай әлденелер қылаң еткендей болды да, қолын соза бергенде тағы да сол ақ шабакка ұсап, ұстатпай кетті. Осындай сырты дүрдиіп, іші дағдарып жүрген кезіне Жұмабек кездесіп:

— Балуан, көмірге қалайсың? — деді. Қадай айтпай, жанай айтты. Мұның қысылшаңын біле тұра, барғысы келмесе — қолқаламайтындай ынғай көрсетті.

— Барғалы отырмын,— деді Бұланбай қысқа ғана.

Сол бетімен жүріп кеткен Бұланбайдың өз үйі ең ауыр күйде қалды. Бірақ, азды-көпті қоңы барлар бұдан гөрі қаттырақ қалтырап, ылғый бір сарыуайым айтып, әлі ыза қылып келеді. Ел ішінен сырт, еңбек дегеннің өзімен күн көріп үйренбеген жігіттер аяншақтап, боска болдырып отыр. Солардың буынын бекіту үшін Бұланбай әр сөзін әдейі жігермен айтатын сыяқты. Күнзила бұған таңданып, аяй да қарайды. Әшейінде жай-

дары құрбысының тарылуы барлығын аңдайды да үндей алмайды.

Өзіне шақ күн көрісі, өзіне шақ қуанышы бар, әйелі бар жылы үйге Бұланбай ұзақ тұрақтай алмады. Болболдың астына алып тамағын тез ішті де жүруге айналды.

— Ойбай, Алшағыр-ау, әлгі төрең маған да барасын деп кетті. Енді қайтем? — деп манағы семіз сары қайта келді. Есіктен қолқ етіп кірген бойы ілгерілі-кейінді теңселіп тұрып қалды. Бет-аузына жиі мөлдіреп берткен шыққандай, шып-шып терлеп, жылап жібергелі тұрған сияқтанады. Кірпіктері мен көзінің қарашығына дейін терлеп кеткен сияқты... Тоқ шапқан аттай бүкіл денесімен ентігеді.

— Әуелі ананы шақыр, мынаны шақыр деп жұмсап, аяғында өзіме де барасын дегенің иттің! — дегенде даусы әлем-тапырық болып шықты.

— Е, сен құдайдың он екі ұлынан қалған жалғызы ма едің? Әзірлен, бірге жүреміз. Біздің қоска асбасшы боласың, — деді Бұланбай, киініп жатып.

Бұланбайдың не айтқанын естімегендей, жанашыр сөзді Алшағырдан күтіп, семіз сары әлі мелшиіп тұр.

— Әзірленсейші... Бармасыңа болмайтын сияқты ғой, — деді Алшағыр.

Бұл — шын атын бүкіл ел ұмытып болған, іркілдеген семіздігінен Қолбақ атанып кеткен жігіт еді. Қарын деген алқымынан басталып, тізесіне түсетіндей, тұлабойы тұтас май. Шебер тәнрі әуелі аяқ-қол беруді ұмытып кетіп, артынан басқа біреудікін алып жапсыра салғандай, қол-аяғы тым қысқа. Бір-ақ түрлі кесібі, бір-ақ түрлі өнері бар. Әр үйдің жан қыналмайтын ұсақ-ұлақ бірдемесін істесіп, ұзақ күнге а узын құрғатпайды. Кешке қарай ауыл сыртына бозбалалар жыйналғанда, бәрі жабылып мұны кезек-кезек иығынан тастасып жатады. Бар қасиеті сол салмағында болғандықтан осы маңайдың күш сынарымын деп ойлайды да, сонысын өнер көріп, мақтана жүреді. Қолбақ Бұланбай мен Алшағырдың не айтқанын, дүлейдей телміріп, ұзақ уақыт ұға алмай тұрды да:

— Мені бір жерге тастап кетпеңдер, әйтеуір, — деді бір кезде.

Ертеңіне екі жүздей қазақ жігіттері Қарағандыға жетіп еді. Қасында Жұсып тілмашы бар Ушаков пен

Бернер де осында екен. Игілік пен Жұмабек те осында. Жылтыраған киінген алты адам қалың қараған Күреңкөз қожа да, сары түймелі, қара шыққан сайдың бойын өлшеп жүр. Әр жерге қағылған қадалар, белгілер көрінеді. Бір жер жаппа мен қарағаннан буылған ұзын косты айнала тізіп тастаған темір күрек, сүймендер, қазақы кетпендер мен қайлалар. Әлдеқайда жер астында ұсталардың балға-төстері шыңылдайды, кол аралар ызыңдайды. Бәрі де жер астынан құмығып естіледі.

Келе жатқан жігіттерді көріп, жер жаппаның алдында тұрған Ушаков Бернерге бұрылып:

— Жұмыскерлер, міне келіп қалды. Әлі бір барағымыз жоқ. Әрқайсысының күніне елу тыйыннан төленетінін Сикорский мырза кеш ескерген, — деді ренжінкіреп.

Алғашқы айларда амалсыз солай болады демесек, кейін тәртіпке салынады ғой, Никон Абрамович,— деп, Қарағанды жұмыстарын басқаруға тағайындалған Сикорский сасынқырап қалды.

— Мен барақ жайын айтамын,— деді Ушаков.

— Үш күнде даяр етем.

— Үш күнде? — Ушаков жақтырмаған қабақ көрсетті де Бернер оны аңғармағандай болып:

— Енді осыған қанағат етеміз де, бір жаратқанның атын ауызға алып іске кірісеміз ғой? — деді Ушаковқа тесіле қарап. Көп немістің әдетінше, дүдәмәл бір жайды тәптештеп қалғысы келіп. — Тек, әр кезде есіңізде болсын, қалай болса, солай бастағалы отырмыз. Мұның салдары қашан да қалмайды. Ойлаған ойлар далада қалды да, бабаларымызша бастап кеттік...— деді.

— Амал қайсы? Көмір маған күні ертең керек! Январь айында бес жүз пұт мыс жөнелтпесек, аржағы не боларын айттым ғой сізге. Нағыз шахталар кейін салынады әлі... Күрекпен қаз, арқалап тасы, алақанынмен ал, мейлің, қазір көмір керек... Еналдымен Рязанов мырзаның көңілі орныкса екен. Көрдің ғой, қалай тулайтынын!.. Басталық осымен, бастай бер, Сикорский! — деді Ушаков. Барақ жайын тап осы арада өзі де ұмытып кетті.

Ушаковтың өзі де, инженер Бернер де көмір алуды азды-көпті тәртіппен бастамақ еді. Акша дейтін жас тәңірі ол ырықтарына жібермеді. Акша деген өндіріс бойына су тамшысындай тамшылап, жұмыскердің күрегінен күміс болып қайта тамшылап, қалтаға құйылуға

тиісті. Акшаның ұзақ айналып жүруін ұнатпайтын Рязанов, тәңірінің толықсыған жүзін ай сайын көріп отырғысы келетінін соңғы келісімнің ішіне арнаулы бір бөлім етіп, қадағалап кіргізіп еді. Қыйтығы көп, ең бай пайда — ортақтың мұнысын екі ете алмай, көмірге дәнене дайындықсыз, құр қол кірісуге тура келіп тұр. Көмірді қалай алудың жоспары түгіл, шахтаның қандай болатынын қағазға түсірген нобайы да жоқ еді әзір.

Сикорский қасына Жұсыпты ертіп, түйелерін шөгеріп, күйбеңдесіп жүрген жігіттерге келді.

— Здрасти...

— Здрасти...

— Аман?

— Аман...

— Келдіңдер?

— Келдік.

— Нешеусіңдер?

— Санаған жоқпыз.

— Хорошо... я сам...

— Сам болсаң бола бер, карошо болсаң болғаны...

Неге екені белгісіз Сикорский келген жігіттерді жыйырмадан топтап, бөле бастады.

— Мына жыйырмаң бөлініп шық! — деп жыйырма жігітті қатарынан санап алып, Сикорский қолымен бірдемені кескендей етіп, сілтеп қалады да, жігіттер бөліне беріп:

— Әй, Айтқұл, бері кел... Жантас бөлініп қалма!.. Қолбаң бізге қосыл! — деп, біріне-бірі қол бұлғап, қайта араласып кетеді. Жыйырмадан не асып, не кем түсіп, Сикорскийді ұзақ әуреледі. Әлі жөкжат, аталастық-ауылдастық ыңғайымен жүретін жігіттер бірінен-бірі айрылғысы да келмейді, екі адым әрірек атаның тобына қосылғысы да келмейді. Өзара орайласып, қостасып келген жігіттер сол жұбын жаза алмай, айрылыса беріп, қайта қосылып кетеді. Сикорский оларды өзінше бөліп кетіп, қайта айналып келіп:

— Ал, жыйырмасыңдар ғой? — десе, жігіттер жамырасып:

— Біз он алты...

— Біз жыйырма төртпіз... — дейді.

— Артық төрт жігіт бері шық. Ана топқа қосыл!..

— Жоқ!.. Жоқ, төрт Қаракесекті қанғырта алмаймыз...

— Әй, қасқыр жейді деп тұрсыңдар ма? Бөлінсеңдерші жыйырмадан! Қәне, далада қалып бара жатқаның маған қосыл, бері шық! — деп, Бұланбай бөлініп, алғарақ шықты.

Сикорскийдің боска әуреленіп жүргенін көріп тұрған Ушаков жақындап келіп:

— Тап осы жігітті де десятник ет! Бес минутта бәрін істеп береді! — деді, Бұланбайды нұсқап.

— Е, ол кен жұмысын қайдан біледі дейсің?

— Немене, Акула мен Зубов Париждан оқып келіп пе еді? Үйрет!.. Бәрін де үйретуге тура келеді. Күрек ұстаудан бастап үйрет! — деді Ушаков.

— Жарайды... Атың кім? — деп сұрады Сикорский.

— Бұланбай...

— Әкең аты?

— Әкем жоқ. Өліп қалған...

— Жоқ, әкеңнің атын сұрайды... — деді Жұсып, Бұланбай әкесінің атын айтты.

Бұл жерде осы бір-екі ауыз әңгіме аяқталғанша, жігіттер қайта араласып кетіп еді. Бірінің қоржынында бірінің құрты бар, майы бар дегендей, бөгесіннің бірі де сол.

— Ал, мына жігіттерді жыйырмадан бөліп бер. Сен десятник боласың, — деді Сикорский.

— Бәрінің үстінен қараймын ба?

— Жоқ, бәрінің үстінен мен қараймын...

Бұланбай артына бұрылып, жігіттерді саусағымен нұсқап санай бастады. Ара-арасында «осы жыйырман бір топ боласыңдар!» деп қояды. Мұның топтағаны ыдырамай-шашылмай, оңашаланып шығып тұр. Оп-оңай бөлді де:

— Дабай работать! — деді Бұланбай.

Алғашқы көмір алатын жер «Байжан құдығының» қасынан басталды. Көмірдің жатысы қалай, ылдыйы мен өрі қайсы, оны әлі ешкім білмейтін еді. Қолдарына күрек, кетпен, сүймен, қайла беріп Сикорский алпыс жігітті осы араға әкелді. Әлі түбін қар баспаған ну қарағанның іші... Дүр етіп үлкен бір топ қара құр ұша жөнелді. Сайдың екі қабағын шілтерлеп қайып тастағандай жыпырлап қоян іздері жатыр. Бес дөңгелектен жасалған жұлдыздай болып түскен, бұлаң құйрық пен жаба кеткен түлкі іздері де жып-жыйы. «Мына біреуі бүгін таң ата жорткан екен қуын,— деп ойлады Алшағыр.— Қап, қақпанымды ала келмеген екемін!..»

Ұзындығы қанша жерге кететіні белгісіз, көлденең он саржан етіп өлшеп қойған жерді нұсқап:

— Ал, қаза бастаңдар, — деді Сикорский. — Әуелі қарағанды қазасыңдар. Ол жербарак жасауға да керек, отынға да керек.

— Содан соң?

— Екі кездей топырақ қазасыңдар. Соның асты көмір болады...

Жігіттер сыртқы киімдерін сыпырып тастап, алақанға бір-бір түкіріп, қолдарына кетпен алды. Әлі тоқ жігіттер, кетпендері қарағанның тамыр-түбіріне былш етіп кіргенде, өздері де ынқ етіп қалады.

Не істеу керектігін долбарлап, әрең түсіндіріп, Сикорский кетуге ыңғайланды. Басқа топтар жер барак қазуға жіберілген, сол маңға баруы керек еді. Сондықтан ол Бұланбайды иығына түртіп, өзіне қаратып алды да:

— Сендердің десятниктерің мынау Иван Акула, — деді манадан қабағы түюлі, тұнжырап тұрған, еңгезердей қара кісіні нұсқап.

— Иван? Акулэй деймісің?.. Жаңа ғана мені десятник демеп пе ең?..

Бұланбайдың не айтқанына түсінбесе де наразы шығып тұрған үнін аңғарып:

— Сен өз жігіттеріңе десятниксің, бұл сендердің бәріңе десятник. Кен мастері,— дегенді түсіндірді Сикорский.

Екі жағы да кімнің кім екенін жете түсіндіре алған жоқ, жете түсініскен де жоқ.

Екі күштінің арасына көре тұра дау тастап, Сикорский кетіп қалды. Ол екеуі табыса кете ме, тартысқа кете ме, онда Сикорскийдің жұмысы да жоқ еді. Ескі Ресейдің батысынан бастап әр қолдан өтіп келген жылмаң, арзандай-арзандай қазір қыйыр бір шетке келіп шықты. Мұндай жапан түздегі тағы жұрттардың арасындағы араздық, достық дегендердің екеуіне де ол күліп қарайтын. Бұлардың арасында төбелес жанжал болса, оған Сикорскийдің жаны кіріп, қызыға қарап тұрушы еді.

— Акулэй деймісін? — деген күйінде Бұланбай тұрып қалып еді, күрегінің сабына сүйеніп әлі сол күйінде тұр.

— Сен қалжақты қоятын бол!— деді, тұнжырап тұр-

ған Иван Акула Бұланбайға түйіле қарап.— Мен саған «Акулэй» емес, Акуламын! Түсіндің бе?

— Шамданып қалдың ба? Онда сен шын-ақ Акулэй екенсін! — деді Бұланбай мазақтай күліп. — Акулэй дейтін жаман бір ән бар...

— Акулэй емес, Акула! — деп Иван Акула ілгері бір басып, тепсініңкіреп қойды.

— Немене, өзіңе бір жанжал керек болып тұр ма? — деп, Бұланбай да бойын түзеп алды. Бірі орысша, бірі қазақша сөйлегенмен, ұрыссып тұрғандарын екеуі де жақсы сезетін сияқты. Құлақтары қызарысып, мұрындары сұрланып барады. Өзге жігіттер де жұмысты қойып, осы екеуіне бұрыла қарасып тұр.

— Өйтпесең, кейін өкініп жүретін боласын! — деді Акула.

— Енді оттамасаң екен! — Бұланбай да түсін суытып алды.

Екеуі асықпай-саспай, бір-бір аттасып, жақындасып тоқтады. Бірін-бірі көзбен салмақтап, бұттап, кездеп, күштерін сынасып тұрған сияқты. Акула біраз сұңғағырақ, Бұланбай біраз кесегірек көрінеді. Алақандары жап-жалпақ, жұдырықтары тоқпақтай... Екеуі тағы бір аттасып, кеуделерімен соқтығыса жаздап барып тұрысып қалды. Бұланбай Акуланың құр қол екенін көріп, күрегін артына қарай лақтырып жіберді. Көздері «кәне, кәне!» деп тұрғандай.

Жайлауда ғана кездесетін жат ауылдардың иттері тап осылай қарсы тұра қалысып, бас салуға бата алмай, аңдысып, айбат шегісіп, біраз тұрып қалатын еді. Бұлар да соған ұқсай қалыпты.

Жұмыстың басталып кеткеніне жайраңдай қарап тұрған Ушаковтың көзі бұл екеуін де шалып қалып еді. Жұмысты тоқтатып жанжал шығарғалы тұрған Акулаға ашуланып кетті:

— Акула! — деді Ушаков айғайлап. — Бері келші, сен!.. — Ұрсатын сөз айтпаса да даусы зәрлі шықты.

— Тоқтай тұр, сен! — деді де Акула тез бұрылып Ушаковқа қарай жүре берді. Осымен екі көкжал айрылысып кетті. Бұл жолы басқаға барыса алған жоқ. Бірақ, тайынбас бетті танысып айрылысты... Күрек тістей ақсыйған кетпендер бастарын қайтадан жерге салды.

Бұлардан басқа төрт топ жігіт жербарақ қазуға са-

лынып еді. Әлі тоң қатпаса да негізгі қатқыл, сағызданған сары борбас мықшындатып жатыр.

— Қаз көрінді, қаз! — десіп, жігіттер әзір қайғысыз қалжыңдасады.

Айналада көп балталар шыңылдасып, көп аралар ызындасады. Жүкті шаналар мен түйе тізбектері ұзын-ұзын бөрене тілінген тақтай, есік пен терезе жақтауларын әкеліп жатыр. Қазақ көрмеген темір құралдар келе бастапты. Қыр жігіттері одырайысып қарайды да түсіне алмай бастарын шайқап, таңдайларын қағады.

Зырылдаған бір дөңгелек көрмеген, асықтырар бір екпін сезінбеген қыр жігіттеріне осы бір маңның жүрегі қатты соға бастағандай, жат сезіледі.

. Балта тақылдаған сайын кебегінде жатқан қояндар да қылп-қылп етіп қояды. Бұрын болмайтын шоғырды көріп, сай-сайменен түлкі сұмдар зытып барады. Аңқау қара құрлар ғана күнгей бетке шығып алып, таңырқап қарасып отырған сияқты.

Құрқол болса да басталып кеткен жұмысқа қуана қарап, аралап жүрген Ушаков Бернерді оңаша алып шығып:

— Карл Карлович, мен енді жүремін,— деді.— Рязанов мырзамен біржола келіскеннен кейін, дереу хабар етермін. Орыс жұмыскерлерінің жетуін күтпей-ақ, заводты жүргізіп жіберерсіз... Ең соңғы ауыр сапарым осы болғалы тұр...

— Ие, Рязанов мырза қыйын кісі болып шықты... — деді Бернер.— Әрі ылғый бөгет жасайды, әрі мыс өзендей ағып жатсын деп талап етеді. Әнеугі жолы бітіп қалатын әңгімені босқа созып, сізді осы жолы шақыртып отырғаны да орынсыз-ақ сияқты. Осындайларын неғып түсінбейді екен өзі? Қылаң-сылаңы қайдан табыла беретініне таң қаламын, — деп күрсініп те қойды.

— Карл Карлович, Рязанов мырза жалғыз бізбен ғана ортақтас емес екенін сіз жақсы білмейтін бе едіңіз? Орал тауында алтын қоймасы бар... Обь, Енисей өзендеріне де қармағын салып отыр,— деп, Ушаков кеңкілдеп күлді де: — Шыдалық Карл Карлович... Осы жолы екі жағымыз да біржола байлам жасап, бұдан былай босқа жүріспейтін боламыз... Баста, деді — бастадық. Бес жүздей жұмыскер қосылды. Енді ол кісі тырп ете алмайтын болады! — деді.

— Ал, сізбен қалай хабарласып тұрамыз?

— Декабрь бойы Қызылжар... одан кейін Омбы.

Осымен жүріп кеткен Ушаков, Рязановпен арадағы ырың-жырынды бітіріп, жаңадан жасасқан шарттарын Омбыдағы тау-кен басқармасына тіркетуге барғанда Байжанға да кездесіп еді...

5

Тарығып, талып әрең жеткен орыс жұмыскерлері келген бетінде-ақ қыспақ бір өмірдің құшағына кіріп кетті. Суық тас құшақ қысып, бүріп алып жүре берді. Бұл бір қалжың-тәлкекті танымайтын, алыс-жақынды білмейтін, өзінен өзгенің қайғы-қуанышында жұмысы жоқ, тас-бауыр, мейрімсіз өмір еді. Суық күні мен безеріп жатқан даласы қандай мейрімсіз болса, мұндағы өмір де соған ұқсас, жат көрінді.

Орал тауынан жаяу шұбап, азып-тозып, қалжырап жеткен жұмыскерлер бұдыры жоқ аппақ далаға келіп тоқтады. Тап осындай мыйдай даламен келе жатқанда барар жерімізде адам тұратын бір мекен бар шығар, тәуір барактары болса, бізден бұрын жеткендер алып қойды-ау деп, қауіптенісіп еді. Келсе, міне, емірене білмейтін сырғақ бір дала, жаратылғаннан бері жан баспағандай жапан түз... Сорайған жалғыз баған орнатып, басына бір құшақ шөп байлап қойыпты. Шөптен төменірек аспалы панар барлығы байқалады.

Самовар трубасындай жалғыз ғана жіңішке өнештен құлдырап, түтін шығады. Бұ да қар астынан шығып жатқан болмашы бір дем сияқты, әлсіз... Кең қашауаға қарама-қарсы байланған екі семіз ат, үсті-бастарын үрпитіп қырау басқан, танауларынан буы будақтап, шөп жеп тұр. Әріректе бірнеше топ адам, биік қардан бастары ғана қылтың-қылтың етіп, мола қазып жатқан сияқты. Не бар көзге түсер осы-ақ. Басқа бұдыр болса, бәрінің үстінен кесе-кесе қар жүріп кеткен. Ақырын шүу-шүулеген жаяу борасын бар.

Бүрмелі қынамал қара тон, қызыл шұбар пима, қара құлақшын киген адам қар астынан шыға келіп:

— Жеттіңдер ме... Орналасыңдар. Әне барактарың, — деді. Осыдан басқа ешнәрсе айтқан жоқ. Әріректе күртікті ойып, сыртқа қарай кесек-кесек қар лақтырып жатқандарға қарай кетті. Шатынаған суықта темір күй-

ректердің зың-зың еткені де енді естіле бастады. Шыңшып, тақ-тұқ етіп, жер астынан құмығып шығып жатқан басқа үндер де бар екен.

Қатты қарды кертіп жасаған баспалдақпен жұмыскерлер жаңағы адамның «барақ» дегеніне келді. Жерді кісі бойы етіп қазып, төбесін аз ғана ат-жалдап қарағанмен жапқан жер-жаппа екен онысы. Оғ жағылмаған екі темір пеш түксиіп тұр. Ұзын жер-жаппаның төбесінде екі жерде ғана терезе барлығы байқалады. Қыс бойы үстінен әлденеше боран өтіп, қар жүріп кеткендіктен, жаппаның іші қаракөлеңке. Аяз кернеп тұрған даладан да суық сезіледі. Қайда қарасаң да қалың көк бұйра қырау тұрып қалған.

Шал-бұрыл қырау басқан қарағанның арасынан әрең танылып, байсыз тапқан баласын құшақтап, мүләйім қарап, Мариям — ана тұр. Жақтары суалған, ашаң жүзді, баяғыда пәлендей бопты деуге аузың барар емес... Мына жұртқа аяушылықпен қарап, басқа жәрдемі жоқ, «шыдандар, бишаралар» деп тұрған сыяқты. Баяғы жебіреййіл көрген нұрлы көз сөніп қалған... Үш саусағын жоғары көтеріп, көкте құдай барын ескертіп тағы бір әулие шал тұр. Екі суреттің де бір жақ беттері үсіп кеткендей, қырау тұрып қалғандықтан боп-боз...

Баракка кірген жұрт құдай әулетін енді ғана көріп, қолдарын шошандатып, тез-тез шоқынысып қалды:

— Е, жәрдем ете гөр, тәнірім, құлдарыңа...

— Тәнірі анасы, өзің пана бол...

Қазір бұл жұрттың ұзақ құлшылық етер де жайы жоқ еді. Мандайлары мен екі иықтарын бірер түртіп болғаншә, өз жайлары естеріне түсіп, құлшылықты әдеттегіден гөрі тезірек тоқтатты. Енді бірін-бірі жаңа көріп тұрғандай, айнала қарасып:

— Келіп тоқтаған жеріміз осы болғаны ма?

— Осы болғаны да, — деседі.

Тым болмаса барактың тақтайдан салынған нары болса да әркайсысы бір жерінен орын алып, арқаларын босатып, тебіндей бастар еді. Табанынды қарып, тақылдап жатқан суық жер еден отырғызар да емес, тұрғызар да емес төбіліп тұрып қана шыдасаң керек.

— Түнде осында қонуға да тура келер ме екен? — дейді ашқау біреуі...

— Жоқ, конақ үйге апарса керек...

— Бұл немене, қыруға әкелген бе бізді?

— Сен немене, саяхатқа әкелді деп пе ең?

— Барақ әзір, бара орналасасыңдар, жұмысқа кіресіңдер дегені қайда? — десіп, жұмыскерлер наразы гуілдесіп кетті.

— Жұмысқа қазір кіресіңдер. Демалуға келген жоқ шығарсыңдар!— деді есік жақтан естілген бөтен дауыс.

Оралда, Сібірде, Солтүстікте, Шығыста, алтында, күмісте, қорғасында, мыста талай естіген, өзгермейтін, міз бақпайтын, безерген таныс дауыс. Басқа түрде айтылар сөзбен, басқа түрде шығар үнді бұл келгендер күтпейтін де еді, таңданған да жоқ:

— Азырақ жылынсақ па деп едік...

— Ашпыз, азып-тозып келдік...

— Жаңа ғана бір пештен түтін шығып жатқан сыяқты еді, — десті жұмыскерлер, есік жаққа түгел жапырыла бұрылып.

Келген адам, ашпыз, зарығып келдік дегендерді естімегендей, пеш жайында ғана жауап қайтарды:

— Онда Сикорскийдің өзі тұрады, — деді.

Сикорскийдің кім екенін әзір білмесе де келгендер «өзі» дегеннен қаймыға қалған сыяқты. Жоқшылық пен жол азабы бірдей қысып келсе де, тілектерін батырып айта алмады:

— Біз жол азабын тартқалы екі ай болды.

— Аурулар, үйлі-баранды адамдар да бар... — деген дауыстар батыл емес, күбір-күбір ғана шықты. Наразылықтарын батыл сөзбен емес, иық қозғалыстарымен, көздерімен көбірек аңғарта алатындай, қозғалақтап, тесіле қарасып қалыпты. Көп көздер шағып алатындай тесіле қарайды.

Келген адам бұл айтылғандардың да қақ жартысын құлаққа ілмей, бір-екеуіне ғана жауап берді:

— Аурулар мен үйлі-баранды адамды шақырған ешкім жоқ. Жұмысқа да алмаймыз, — деді.

— Ерлі-байлы болып, екеуі де жұмыс істей алатын болса ше?..

— Жолда суықтан ауырса ше?..— деді жұмыскерлер бірнеше ауыздан.

— Ол жайларды қожайыннан сұраңдар!

— Сіз біздің десятнигіміз боларсыз?

— Ие, мен Иван Зубов.

Ескі Ресейдің барлық тоң-торыс, топас мінездерін түгел бойына жыйнап алғандай, содыры көп, соқтыға

жүретін Иван Зубов, орданқ басып келіп, ұйлығып тұрған жұртты түгел бір шолып өтті. Ашы мен арығына, азғаны мен тозғанына наразы сыяқты, ұнатпай қарайды. Арып-талғанға таңданбайды да, аяр түрі де жоқ, ашықтан-ашық ұнатпай қарайды. Жас деп сатып алған аты кәрі болып шыққандай, безіне қарайды. Алдарында тұрған секпіл бет, жирен шұбардың кім екенін таный түсіп, енді оған жалыныш еткілері келмей, жұмыскерлер де үндеспей қалды.

— Түрмеден шыққанбысындар? — деді Зубов ешқайсысына қарамастан.

— Жоқ, каторгыдан, — деді тық-тық жөтеліп, кеудесі самауырдай шуылдап тұрған мосқалдау адам. Көздері қызғылт жарқырап, өңі қуарып кетіпті. Буа қалған жөтелін әрең тоқтатып, — каторгадан! — деп тағы айтты. Алғашқы айтқанында бір жері бостау қалғандай, бұл жолы әр дыбысын құлағына шегелей, сығарлап айтып жатыр:

— Каторгадан!

Орыс жұмыскерлері осындай бір пәлесімен, ықтай білмес қайсарлығымен келетінін жақсы білетін Зубов осыларға жолағысы да келмеп еді. Сақау мен саңырау кездескендей, ымдасып сөйлессе де қарсылығы жоқ, жуас, момын қазақ жігіттерін қалаған. Темір ауыздық кімнің басына керек екенін көптен білетін Сикорский күштеп жіберіп еді мұны. Енді міне, ойлағаны дәл келіп, кездескен жерден ауыз салысып қалғандай көрінді. Өзінің бұл ынғайға көнбейтінін айқындап көрсеткісі келді де, Зубов әр сөзіне бір бұт қорғасын құйғандай, зілдей салмақпен сөйледі:

— Әуелі, мен сендерге керектің жайын айтайын, — деді Зубов. — Барактарың осы. Түсінікті ғой?

— Е, түсінікті... Бірақ, мұның нары болмайтын ба еді? Мына суық жерге жатамыз ба? Кім екен оны бізге істете алатын? — десті жұмыскерлер.

— Нары қардың астында жатыр. Қараған деген шілік бар, қазып аласындар да, төсек етесіндер. Түсінікті ғой? Солқылдаған жақсы төсек болады. Жұмсақ-ақ!..

— Отын ше?

— О да қардың астында... Оның аты қараған емес, көмір болады. Қазып аласындар да жағасындар, түсінікті ғой? Балқып жақсы жанады. Қызулы-ақ!..

— Тамақ та қардың астында болар?

— Жоқ!.. Осы арадан елу саржан жерде мұсылман лавкесі бар. Жылқы етін де сатады, шошқа етін де сатады. Ақшасы жоқтарға несиеге де бере тұрады. Түсінікті ғой? Жылқы етін сыйыр еті деп сатады...

— Е, түсінікті, түсінікті... Бәріміздің де бір-бір әжеміз болған бір кезде... Естіген ертегілеріміз, — десті жұмыскерлер.

— Бәрі де түсінікті, басқа сұрауларың жоқ қой? Енді маған керекті тыңдандар. Мен Зубов, Иван Зубов. Сол сендерге жетіп жатыр... Менімен сөйлескенде тілдеріңді тарта ұстағандарың дұрыс болады. Екі айтқызғанды жаным сүймейді. Мұны ертерек түсініп қойғандарың өздерің үшін өте бір пайдалы нәрсе болып шығар деп ойлаймын...

— Е, оны Оралдан шыққанда-ақ түсініп шыққанбыз... Бізді де бір жүнін жұлдырған қораздай көріп, өзіңіз де каталаспайтын болыңыз...

— Бұл далаға өлс кету үшін келген жоқпыз, — деп жұмыскерлер де шалыс жауап қайтарып тұр.

— Ол менің жақсы білетін жайым, — деді Зубов, — құдайға шүкір, жыйырма жылдан бері бар бакканым сендер. Тап өзімнің бес саусағымдай білемін өздерінді. Түсімде көріп шығатыным да сендер. Түсінікті ғой? Ылғый жанжалдасып жүреміз...

— Ендеше, сол түсіңіздің бұзылып кетпеуіне тілектес болармыз.

— Ол түсінікті... — деп, бұл жолы Зубовтың өзі айтып қалды.— Ал нешеусіндер өздерің?

— Ақмоладан шыққанда тоқсан едік. Кеше қонып шыққан жерімізде он сегіз адам кем болып шықты. Өлгені бар, бұрлығып қалғаны бар... Одан бері қаншасы кемігенін әлі білгеніміз жоқ.

Көп жұмыскерлердің жолда жойылып кеткеніне Зубов қынжылған жоқ. Оған Сикорский де қынжылатын емес еді. Бұлар «жұмыс іздеп» келе жатқан жұрттың жолда қырылғанына жауапты да емес. Рязановтың заводтары мен әр қаладан ондап-бестеп жыйнап алған жұмыскерлердің бәрі де «казақ даласына жұмыс іздеп бара жатқан адамдар» деп қағаздалған.

— Жүріңдер еріп, отын қайда, төсек қайда көрсетейін, — деді Зубов.

Арқаның әр кездегі қатал қысы анда-санда бір ұйпалақтап алатын боранынан кейін кімді болса да едәуір

күйзелтіп кететін еді. Ақ-бұйраттағы мыс заводына да қысылшақ күндер туып қалды. Қараған, қый, баялыш, теріскен әкеліп тұратын көпшілік жуырда соққан екі бораннан кейін тырп ете алмай отырып қалды. Әзір қорланбаған өндіріс тоқтап қалудың аз-ақ алдында, әрең демін алады. Заводты жүргізіп жібер деген Ушаковтың хабары да осы борандардың алдында ғана келді. Енді қар астында қалған қараған мен баялышты қазудан гөрі жер астында жатқан көмірді қазу оңайыраққа айналып, қысыла бастаған Бернер бар күшін осында аударып еді. Үш күннің ішінде үш мың пұт көмір жөнелт деген әмірмен Қарағандыға жүз елу көлігімен кірешілерін жіберді. Қазір ол көліктер осы маңайдағы ауылдарда босқа бөгеліп тұр. Игіліктен шаналап шөп сатып алып, шығындатып та жатыр. Осы қысталаңның үстіне келген орыс жұмыскерлерін Сикорский де қысып әкетті. Зубов қыспақты одан да асырам деп жан таласады.

Әрі тоңған, әрі аш жұмыскерлер бүрсең қағып Зубовқа еріп келеді. Қыбыр-қыбыр басқан аяқтары қайрақтай қардың бетіне дақ түсіре алар емес. Барактың солтүстік жағында үш топ адам терең бір сайдың қарын аршып жатыр. Бәрі де ықшам киінген, шалбарланып алған, тобылғы торы семіз жігіттер сияқты көрінеді. Өздері бүйірі солып, арықтап келген орыс жұмыскерлері тығыршықтай домаланған қазақ жігіттеріне таңдана қарайды. Қарындары тоқ екен деп ойлайды. Әлдеқайдан ауып келген аш-арық сияқты әлсіз қыбырлағандарға қазақ жігіттері де таңдана қарасып тұр. Арқадан суық қысып бара жатпаса, ұзақ қарасып қалатын сияқты, аңыра қалыпты.

— Көресіңдер ме? — деді Зубов, қазақ жігіттерін нұсқап.— Секим башка, бас кесер, шетінен ұры, киргиз дейтін тағы жұрт! Бұлармен араласудың керегі жоқ! Бөлек бараста ұстаймыз. Түсінікті ғой? Шай құмар, ән құмар келеді шетінен...

— Жолшыбай көріп келдік. Ауылдарға көп қондық. Бұлар тіпті киргиз емес, қазақ. Қазақ деп атайды өздері,— деді тық-тық жөтелетін мосқалдау адам.

— Тоналған да шығарсындар?

— Жоқ, өзіміз қарыздар болып келдік.

— Қарыздар?

— Ие, қарыздар болдық. Андрей Быков келген соң,

айтады әлі. Қарызға отын алдық, ет алдық, шай алдық. Пәтер ақы дегенді естіген де жоқпыз.

— Кейде ондай-ондайлары болатын шығар...— деп күмілжіді де дайын тұрған басқа жала аузына түсе қоймағандықтан,— Быков деген кім? — деп сұрады Зубов.

— Жұмыскер болат та. Әрнеден хабары бар, хат таныйтын адам.

Әрнеден хабары бар, хат таныйтын адам дегенді Зубов жақтырмай қалды. Сол әрнеден хабары бар — осы тық-тық жөтелген адам шығар деп, соны қырына алмақ еді, енді ойы Быковқа ауып:

— Ол қайда? — деді.

— Әйелі ауру еді, қазақ аулына алып кетті. Келер ұзамай.

Зубовқа бұл жауап та ұнаған жоқ, бірақ үндемеді. Қылтыйып көріне қалған наразылықтың ыңғайына көшпей, бірден ықтатып алу — барлық Зубовтардың барлық «мектептерден» мықтап үйренген сабағы. Тек алғашқы кәріңді босқа шашпай, үлкен нысананы көздеу керек. Зубов осыны ойлап іркілді де жұмыскерлерге көрсетпек болғандарына көшті:

— Мынау ұзын жыра топырағы аршылған, көмірін алуға әзірленген, даяр жер,— деді жұмыскерлерге, ұзын сайды түгел сермей көрсетіп.— Көмір екі-ақ кез жерде, оңайда жатыр еді, боран қарға толтырып кетті. Көмір де осы, отын да осы. Осы арадан түсіп аналарға қарай карсы айдайсыңдар...

Содан кейін жұмыскерлерді тағы біраз жер ертіп апарып, дүниедегі барлық мұхиттардың барлық кит балықтары осы араға келіп иық тіресіп жата кеткендей, кесе-кесе жатқан биік ақ күртіктерді нұсқап:

— Қараған деген осы қардың астында,— деді Зубов — лавке анау... Құрал-сайман қоймасы анау көрінген ақ төбе. Ертеңнен бастап, анауымыз жоқ, мынауымыз жетпей жатыр деген сөз айтылмайтын болсын. Құрал-сайманды қазір алыңдар,— деп, Зубов жұмыскерлерді құрал-сайман қоймасына қарай алып кетті. Осы кезде аппақ далада жалғыз қара ноқат сыяқтанып Быков көрінді.

— Әне, Быков... келе жатыр,— десті жұмыскерлер. Солай қарай бәрі де бір-бір қарасып қалды. Зубовқа бұлары да ұнаған жоқ.

Елизавета Быкова қатты ауыру күйінде Байжанның шанасында келіп еді. Қызуы күшейіп, сандырақ үстінде келді. Сол шанаға жабысып, жармасып ере келген Андрей Быков Байжанның үйіне жетіп, тоқтаған соң:

— Енді қалай әкетер екемін? — деді абыржып. Өлік жатқан шананы сұрауға бола ма, жоқ па, Қарағанды дегені енді қанша жерде, Быков оны білмейтін еді.

Байжекең Быковтың сұрауын шаларақ ұғынып қалып:

— Көтеріп аламыз, — деді, — поднимать бойдым...— Енді Быков ұғынбай қалды...

— Онда Қарағандының осы маңайда, жақында болғаны ма? Мен ешнәрсені көре алмап ем... Абайламаған екемін ғой, — деді Быков.

— Қарағанды ма? Осы араның бәрі Қарағанды, кругом Қарағанды. Қараған өспейтін жер жоқ бұл маңайда... Менің үйім де қалың қарағанның ішінде, — деді Байжекең. Бірін ұқпаса, бірін аңдап қалар дегендей, қараған деген сөзді көп қосып айтты. Отыннан басқаға жарамайтын тырбық қарағанның аты — Қарағанды болып Петербургқа жетіп тіркеліп қалғанын, Байжекең әзір өзі де ұғына қойған жоқ еді, Быков біржола аңырып қалды. Атағы жер жарғандай Қарағандының көзіне лекпегеніне таң қалып тұр...

Ың-шыңсыз жалғыз отырған үйдің барлық жаны жалаңаш-жалпы далаға жүгіріп шығыпты. Қатты қарды сықырлата сызып, аттарын терезеге тірей тоқтатқан әкесі екенін түсіне қалған балалары айғайласып, шуласып келіп, Байжекеңнің алды-артынан бірдей асылып, сүліктей жабысып жатыр. Жыртық көйлектерден қарындары жарқылдап жүрсе де, әкесінің қырау басқан күпісіне шіміркенбей жабысады. Біріне-бірі әкем, әкем келіп қалды, — десіп те қояды жайраңдасып.

Қуанышын сыртына шығара алмай, Байжекеңнің әйелі Жұбай ғана иненіп, іркіліп тұр. Неше рет осы маңайдағы құмалақшыларға барып, құмалақ аштырды. «Құйысқаны салмақты, жүгі ауыр, олжалы келе жатыр» дегенді естіп, неше рет қуанып қайтты байғұс Жұбай. Неше рет түсінде көрді. Неше рет бала-шағасына көйлек пішіп отырғаны түсіне кірді. Кешеден бері үй төбесіне де әлсін-әлі шығып, Ақмола жолына ұзақ сүзіліп қарап тұрды. Бүгін тіпті келмей қалмайды деп, үй ішін де

жыйнастырып, күтініп отыр еді. Енді міне, белгілі әдеттен аттап өтіп қуанышын білдіре алмай, иненіп тұр.

Байжекең де балаларынан босана алмай, мұз қатқан сақал-мұртын әр баласының алқымына бір жапсырады. Таныс түтін исі, кір исі, бала исі. Әр баланың өз исі, сағынған истері... Әр баланың өз үндері, сағынған үндері...

— Қатын, науқастанып келген қонақ бар. Төрге төсек сал, — деді Байжан әйеліне бір ғана қарап. Амандасқанды да, сарылып күткен әйеліне не бар тіл қатқаны да сол-ақ...

— Аман келдіңдер ме, дендерің сау ма? — деп Жұбай Апақтың бетінен сүйді де үйге қарай беттеді. Әрі қуанып, әрі жүрсінде бір олқылық сезініп бара жатыр. Бірақ, балаларының қуанып қалғанына лық тойғандай, Байжанға өкпелеген жоқ.

— Ал, көтерейік, — деді Байжан Быковка қарап. — Апақ, бері кел! — Біресе басымен үйді нұсқайды да, біресе сақалымен шанада жатқан әйелді нұсқайды.

Байжанның әлгі айтқанын Быков енді түгел түсініп, іркілдіңкіреп қалды да:

— Ауру адам сізге масыл болады ғой... Қарағандыда бірдеме бар шығар, сонда апарармыз деп едім...— деді.

— Нешауа нету... дабай! — деді Байжекең, оң қолын әйелдің жауырын астына қарай көсіп жатып,— аяқ жағын өзің көтер...

Төсек төр бөлмеге салынған екен. Екі басы қайықтай қайқайған ағаш төсектің үстіне Жұбай байғұс не барын қабаттап, бар жастығын үйіпті, құстөсектен бұркырап ұшқан құс мамығы үй ішіне қардай борап, әлі жерге қонып болған жоқ екен. Тозығы жеткен құрама көрпе мен қызыл шұбар жастықтар онша таза да емес. Осы үйдің бес-алты жаны түгел осы жалғыз бөлмеде жататын сияқты. Ондай жағдайды Андрей Быков жолшыбай көп көріп келген.

Қайда барсаң да бір қалпынан айнымайтын қазандықпен бөлген ауыз үй едәуір қараңғы. Сокырдың көзіндей күңгірт елестейтін кішкене ғана терезенің астынғы екі көзіне бұлтыйтып жастық тығып қойыпты. Жоғарғы бір көзіне керіп қойған қойдың қарны да танылып тұр...

Не қуанып, не абыржып жымыйғаны айрылмайтын халде Быков біраз тұрып қалды да, аузын екі жағына кезек қыйсайтып, мұртындағы мұзын сыпырып алып жатқан Байжанға:

— Хозяин, бұл кісі сүзек болуы мүмкін... Сау адамдармен бірге жатқызуға болмайды... Лұқсат етсеңіз, мен анау ауыз бөлмені жыйнастырып, сонда жатқызар едім, — деді. Рыясыз қонақ жай, ақкөңіл үй иесін ренжітіп алам ба деп, қысылып айтты.

Қазақ ағаң баласы ауырып келсе, ол кісіңіз төрінізді түгел алып, көрпе-жастықтарына терін әбден сіңіріп, жұқтыратыны болса жұқтырып, онысына қысылған белгісін де көрсетпес еді. Аяқтап келгенде, алғыс айтудың орнына, күнде ет асып бере алмады ғой, жеркенді ме қалай өзі деген сыяқты бірдемені айтып, өкпелеп те кетер еді. Осыдан өзге салтты біле бермейтін Байжекең Быковтың айтып тұрғанын балалардың у-шуынан қашқандық пен жеркенудің бірі шығар деп, ішінен жәбірленсе де үндемей оңай көнді.

Бір кетпен мен бір темір күрек ауыз үйдің астан-кестенін шығарып жатыр... Апақ пен Андрей ап-сәттің ішінде сар балшығына жеткізіп, аударып тастады.

— Күрек ұстай білетін қол екен, шіркін! — деп Байжекең біресе Андрейге сүйсініп қарайды да, біресе жалғыз лақтың асты осынша қалыңдап кетеді екен-ау, деп таңданады. Ауыл өмірінде көп нәрселер осылай елеусіз қорланып, бір кезде қалың көңге айналып, шорланып кететінін ол бірінші рет көріп тұрған сыяқты.

— Әй, жарықтық орыс жұрты-ай, осыншаны білетініңді қайтейін, өз қолыңнан құдай жасап алып, өзің соған шоқынатыныңды қайтейін!.. Сол бір жерің болмаса, таптырмайтын-ақ жұртсың-ау! — дейді Байжекең кеңкілдей күліп.

— Осы үйдің астында осынша қоқтық жатқанын кірген жерден біле қойғанын көріп тұрмысын, Апақ? Есіңде болсын, балам! — деп қояды.

Қый мен борсыған топырағын шығарып тастап, көпіртіп тұрып салқын шөп төсеген соң, ауыз үйдің иісі түзеліп, жер үйден көрі көңілдірек көрініп кетті. Наукас әйел де тыныштық тапқандай болды. Қазандық астына маздап от жанды.

— Шай, сақар иес, клеп, қалаш иес... Бог даста, баба өмрәл не дам! — деп, Байжекең қалды.

Әйелін орналастырған соң, Андрей Байжанға үйіп-төгіп алғысын айтып, жолдастарына кетіп еді. Шөп байлаған жалғыз бағаннан басқа ешнәрсе көре алмай, жат жерге келген жұмыскерлердің ауыр халін де сезіне бас-

тады. Ие, халық, жұрт дейтін адамдар, ерігіп іші пысқандардың арасында босқа тақылдамай, осындай жерге келіп, осындай халдегі бұқараға жәрдем етуге тиісті деп ойлады Быков... Ер әйел, мынау, Елизавета Сергеевна!.. Жол бойы есін жыйнаған кездерінде:

— Андрей, әйтеуір, ілгері жүріп келеміз ғой? Тәңірі жарылғасын, мені ауру екен деп, сен де бөгеліп қалып жүрме!.. Тастап та кетпе, мен шыдаймын. Керек болса, жаяу да жүріп кете аламын! — деп келді. Жазбай-жаңылмай осыны ғана айтып жатты. Есі-дерті арып-ашып келе жатқандардан айрылысып қалмау еді. Өзінің ауру халін бір ретте аузына алған жоқ. Ер әйел, сенімді жолдас!

Быков жолдастарына құрал-сайман қоймасының алдында келіп қосылды. Аты-жөндерін жаздырып, кезекпен күрек, қайла, обышке алып жатқан жолдастарының ең соңы болып о да тұра қалды. Кезегін бергісі келген жолдастарына үнсіз ғана басын шайқады.

Десятник Зубов ең соң келіп кезекке тұрған Быков екенін сезінсе де елемеген, байқамаған әлпет көрсетті. Тізімге аты-жөнін жаздырып, сайман алып жатқанда Зубовтың көзі ілгіштеніп бір қарап қалғанын Быков та ұнатқан жоқ. Жол азабынан жанары әлсіремеген айқын көк көзін Зубовқа тура қадады. Қадалған көздің салмағына шыдай алмай, Зубов та басын көтеріп алды. Ит көрген мысықтың көзіндей шатынаған сары-ала көзбен қымсынбай қараған ойлы көк көз тура қарасып аз ғана ұғысты да үнсіз айрылысты.

— Ал, неменеге ұйлығып тұрсыңдар? Жұмыстарыңа барыңдар! — деп Зубов көзін көпке қарай аударып әкетті:

— Барыңдар, киргиздерге қарсы айдайсыңдар...

— Ұшқын атысып қалды, ұшқын атысып қалды! — дейді өзіне-өзі тық-тық жөтелетін мосқал адам. Әлденеге қуанып кеткендей, құтың-құтың етіп:

— Солай, Андрюша, солай! — дейді, нені солай дейтінін өзі ғана аңғаратын сыяқты.

Балқып бара жатқандай қан-күрең күн, өркеш-өркеш асқар тауға ұсап, бұйраланып, түтінденіп, жер жиегіне салмақпен шөккен қалың қара-бурыл бұлтқа жанасып қалды. Тас қырқаға соғылып жиегі жеміріле бастағандай күн көзінің бір бүйірі олқыланып барады. Қазір барып соқтығып тұрған бір өркештен айрылса-ақ әрі қарай

домалап кетіп, алдында жатқан кең жыраға құлап түсіп, сөнетіндей сезіледі.

Быков күрегін қарға жұрттан бұрын салды. Қантқа ұсаған үлкен көгілдір кесекті ойып алды да саспай ғана кейін лақтырды. Күрек жұмысына таныс адамдар, қазақ жігіттеріндей бір жерге үймелеспей, бірін-бірі бөгемей тез еңсеріп барады. Қазақ жігіттерінің әлі күнге естіп келе жатқан ақыру-жекірулерін бұлар ерте өткен, енді естімесе де керек. Екі темір пешке бір түп ғана жағатын көмір алуды ұмытып, ашық шахта қаза бастағандай жұмыс орнын кең орап алып, өндіре қыймылдасып кетті.

— Міне, жылынып та кеттік,— дейді тық-тық жөтелетін адам.

Бұл бір шаршап көрмегендей дамыл таппайтын, қайғырып көрмегендей қабағы түйілмейтін адам. Жаны сөніп, еті өліп кеткен көнбіс те емес. Кезекті сөзін бос өткізбейді, шаншып алады. Бірақ, қалжыңмен шаншады. Аты Александр, фамилиясы Шилов еді, осы күні оның бәрі қалып, Шило атанып кетіпті.

— Дядя Шило, бәріміздің ішімізде жалғыз шаршамай жеткен адам сен болсаң керек,— дейді ала көздеу, қаба сақал, алып денелі адам.

— Михайло, сен қызықсың, осы,— дейді оған Шило жымыйып.— Рязановтың каторгасынан құтылғалы екі ай болды емес пе? Содан бері ылғый далада, таза ауада келе жатырмыз. Қорлау естіген жоқпыз. Біз үшін осыдан артық дем алыс бар ма еді? Әрине тынығып қалдым. Аздап суық өткені болмаса, жасарып қалғандай сезінем...

— Мен сен туралы үнемі қауыптанып жүрдім. Қай күні сүрініп кетер екен деген ойым да болды.

— Жолшыбай қылжыя кетсе, жалғыз қалды-ау деп қорықтың ба?.. Қызықсың, Михайло!.. Ішер уын ішіп болмай, айтарын айтып болмай, адам деген өле кете ме екен!.. Өлсем бұ да жер ғой, жатармын. Өкінерім де жоқ, мүмкін, қар кеткенше жатармын да жазғытұрым суырлармен бірге қайта оянып тұра келермін... Бір-екі шелек суы бар көл кездессе, кәрі Шило балық аулап та жата береді. Жалғызсырамайды да...

— Көмір, көмір! — десіп қалды, Андрейдің маңайындағы адамдар.

— Кәне, кәне? Қандай екен?

— Кәдуілгідей болат та...— дейді Шило.— Қандай болушы еді!..

— Ие, нағыз тас көмір!

— Қаттысын көрдің бе өзінің!

— Осыны кеміретін боламыз да...

— Тіс те керек болар бұған! — деп жұмыскерлер бір кесек көмірді бірінен бірі алып, қарасып жатыр.

— Нағыз тас көмір! Бұл енді қыздыра біледі! — деседі.

— Қызық жұрт! — дейді кәрі Шило орнынан қозғалмай.— Әрине көмір! Қазып жатқаның көмір болған соң, түйе шыға келеді дей ме екен? Қызық жұрт!..

Басқалар көмірдің үстін кеңірек аршып, тау-құдіреттің тұмсығындай біз тұмсық обышке мен қайланы қадай-қадай салып, аудара бастады. Сықырлап, сыңғырлап көмір ойылады. Жігінен жарылып түскен кесек көмірлер «Кімсіндер?» деп, жалт етіп қарап, «Сендер ме едің!» деп көзін қайта жұматын сияқтанады.

— Қазақтар білмеген ғой, жел кірген үстіңгі қабатын аршымай қалдырыпты. Сол күйінде жатыр. Олар қайдан білсін! — деседі жұмыскерлер.

— Білмеген ғой!.. Қыймаған ғой десеңші!.. Қожайын үшін қыю деген оңай ма екен! — дейді кәрі Шило.

Жұмыскерлер көмір алып, қолдасып көтеріп баракқа қайтқанда, көлденең шұбап қазақ жұмыскерлері де қайтып бара жатыр еді. Күпі, шекпен сияқты сырт киімдерін иықтарына бос салып, қайла-күректерімен үстінен басып алыпты. Мана ықшам көрінген жігіттер енді қолбаң көрінеді.

Андрей Быков өзгелерден озыңқырап барып, қазақ жұмыскерлеріне бұрынырақ амандасты. Айтысар сөздер көп болғанмен, айта алар тіл табылмай екі жақ та тез аңырысып қалды. Құр қарасып, құр ыржыйысады. Здрастиден кейінгі естіліп тұрған сөз «што» сияқты. Түсінісе алмай тұрғандарына екі жағы да қарқылдасып, күліседі. Бір жағы қалай тұрып жатырсындар, жұмыс жайы қалай, еңбек ақыны уақытында беріп тұра ма деген сияқты, әлі орналаспаған адамдардың бірінші мұқтаждарын сұрағысы келеді. Екінші жағы:

— Денге ме?.. мала, мала...

— Работа ма?.. много, много...— деп жауап қайтарады.

Өзін өзгелердің бастығымын деп ойлайтын Бұланбай, кеуделенкіреп алғарақ шығып, жаңа келгендерді бағына шақыратындарын түсіндірді:

— Кости, кости нады... конак, конак.. ашайт, ашайт!.. — деді, аузымен де тұспалдап жіберіп.

— Хар-роший народ. Простой и веселый! — деп, Шило карт өзімен өзі сөйлесіп тұр.

Бұларды әбден шүйіркелесіп, достасып қалды-ау деп ойлай қойған Иван Зубов алыстан айғайлап:

— Жетер, жетер!.. Қазір лавке жабылып қалады,— деді.

Бұл маңайға қара-сарт атанып кеткен Сеиткамал саудагер осында әкеліп лавке ашқалы айдан асып еді. Кездемесі де, азық-түліктері де бір ғана жер-жаппаның ішінде болатын. Орыс жұмыскерлері осында келді.

Қабат-қабат киініп, белін қызыл атанымен шіреп буып алған жас жігіт, ноғай малайы Ғалихайдар Мансуров, үлкен сұр биялай киген қолдарын біріне-бірін соғып, тар ғана жерде тебініп, тыпыршып тұр еді. Көзіне кілегейленіп көкше мұз ката бастағандай өлімсіреп те тұр еді, топырлатып жұмыскерлер кіріп келгенде, құлпырып кетті. Тоңып қызарған ұзын мұрнына дейін күлімсіреп, сөнген көздері тұтанып бара жатқандай.

— Махорка иесь Саратовский, шесь капейк сена... Вотка иесь сарьский, сорок капейк, тығынымен — сорок пиат... Соли нету, сахар иесь. Балық иесь, мясо иесь. Лошит тоже скотина, полнай мяса калбаса... Тауар хорошый, сена хороший...— деп, қалжыңын қоса қақсап кетті:

— Клеб нету, пряник иесь... Денги нету — так продам, так проси — даром дам! — дейді.

Жұмыскерлер онымен қалжыңдасқан жоқ. Шыдай білсе де жалына білмейтін қажырлы жұрт қандай ауыр азап көріп келсе де бар керегін өз қолымен тауып үйренген, жасымай-жабықпай тұр. Бұлар өздеріне өздері сүйемел болу үшін ылғый қалжыңдасып, бірін-бірі қайрасып жүреді. Сонымен бірге бос ыржаққа жоқ саудагер қалжағын естімеген де сияқты.

— Рязановтың соқыр селедкалары мұнда да келген екен ғой!.. Тап өзі...— дейді тынымсыз карт Шило.— Е, кеуіп қалған табандары да келіпті...

— Қайтеміз, аламыз да.

— Серігімен қолбасасын да ал...

— Ие, жылынуға керек болар...

Азды-көпті азық-түліктерін алып, жұмыскерлер баракқа келгенде екі темір пештің де бүйірлері балқып, гү-

рілдесіп тұр екен. Бараста қалған әйелдер одан-бұдан тамызық тауып алып тұтатыпты да үстіне көмір салыпты. Бараттың іші көк-ала буалдыр, төбеден мөлтілдеп тамшы тамады. Мариям — ананың көзінен тамшылаған жасы иегінен сорғалап қойнына құйылып тұрғандай. Әулие шалдың бір көзі соқырайып, бір көзі шақырайып бара жатқан сияқты. Әлдекайдан ұзын-ұзын тақтайлар тауып әкеліп әйелдер отырғыш та жасап қойыпты. Анда-санда түкіріп қойып, пеш үстінде шайнек қайнағалы тұр. Екінші пештің манайы қара-көк түтін, шыжылдап жатқан май иісі келеді. Қылт-қылт етіп екі білте шам әлсіз сығыраяды.

— Қазақтар әлгі кураһан дегендерін әкеліп береміз деп еді. Әкелер ме екен, жоқ па...— дейді украинша сөйлейтін москалдау әйел Катерина Неволя.

— Сен немене, оларға барып та қайттың ба, кемпірім?

— Барып қайттым, Наташа екеуіміз бардық. Көп сөйлестік...

— Көп сөйлестік? Не туралы?

— Кім біліпті оны, не туралы екенін... Сөйлестік, әйтеуір...

— Орысша білетіндері бар ма екен?

— Е, қайдан білсін, тәнірі!

— Әлде, сен, қазақша біліп қалдың ба?

— Басымды ауыртпашы, Миша.

— Жоқ, қалай сөйлестіңдер енді?

— Несі бар?.. Мен аяғыммен теуіп, буып-буып тастаған кураһанды көрсеттім. Ол басын изеді... Біз көтеріп ала беріп едік, ол кураһанды аяғымен баса қойды, босатпады. Өзі күліп тұр, ылғый күліп тұрады екен... Немене, бермейсін бе, дедім мен оған. Ол күнді көрсетіп, көзін жұмды. Құдай ұйқтап кеткен соң, өзім әкеліп беремін, көп әкеліп беремін деп, кеудесін қағып, арқасын, иығын көрсетті. Бұлар басурмандар ғой, күн батқан соң дегенді — құдай ұйқтаған соң деп көрсететін сияқты... — деп Катерина өзі де сылқ-сылқ күледі.

— Сен өзің барып тұрған басурманкасың! — дейді оған ері Михайло Неволя, жұмсақ қана ұрсып. — Оның күн батқан соң деп ымдағанын, сен құдай ұйқтаған соң деп, бұрып түсініп келіп тұрғанынды андамайсың да!..

— Жоқ, басурмандар тап мен айтқандай түсінеді. Мен оны жақсы білем, — деп әйелі көнгісі келмейді. Көне кетуге ұялып тұр...

Аласа есіктен құшақ-құшақ қараған кіріп келе жатыр... Адам жүздері көрінбейді. Белін буынып алған қараған бауларына қыска-қыска аяқ бітіп, өздері жүріп келе жатқан сыяқты. Қараған баулар іргеге барып, қылжыя-қылжыя кетті де енді ыржыйып тұрған жігіттер көрінді...

— Здрасти, кеш жарық... аман, знаком...

Семіз сары Қолбақ төрт бау қараганды бөліп алып, қалай төссуін көрсете бастады. Ұлпалы бастарын ортаға келтіріп, түп жақтарын бас пен аякка келтіріп, екі-екіден қатарлап салды да өзі үстіне сұлай кетті...

— Міне, осылай жату керек. Қатының болса, ол да сыйып кетеді. Жылы болады, — дейді ыржыя күліп, түсінген-түсінбегенінде жұмысы жоқ, достық көрсетіп қалжыңдап жатыр.

Орыс жұмыскерлері аз сыйлыққа көп қуаныш көрсетіп, бірақ оларын қалай айтарын біле алмай, бастарын шұлғысады. Қолдарын көп қозғап, бастарын көп шұлғысады.

— Көрдің бе, міне? Түсіндің бе? — деп Михайло Неволя әйеліне ұрса бастапты.

«Спасибо, хорошо!» деген сөздердің тұздығы татымай жатқандай, кейбіреулері мол ырзашылықты анғарта түсер бірдемелер іздейді.

— Ал, бұларды немен сыйлау керек?

— Арақ қалай болар?

— Ни-е-т!.. — деп, жігіттер бастарын шайкайды.

— Калбаса ше?

— Шошқа ма?.. Сапсем нет! — деп жігіттер шегінісіп те кетті.

— Енді қайтеміз? Қалай ету керек? — деп, орыс жұмыскерлері абыржып қалды. Құшақ-құшақ қараған әлі есіктен кіріп жатыр.

— Менімше біраз адам барып, рахмет айтып қайтуымыз керек. Сөйлесейік, танысайық. Өздері көңілін көрсетіп жатыр ғой, — деді Андрей Быков.

— Е, барындар, барындар. Миша, сен де бар, — дейді Катерина Неволя, — бастықтарын көріндер. Не хан, не сұлтан дейтін шығар бастықтарын... Барлық басурмандар солай атайды ғой...

Михайло әйеліне ыза болып кетіп:

— Дура! — деп қалды. — Сұлтан деген түріктерде болады.

— Сен ашуланба, Миша... Мен естігенімді айтам... Ермак осылармен соғыскан жок па еді?..

Михайло «тьфу!» деп бір түкіріп калды да — ал, кім барады, кеттік, — деді, есікке карай беттеп. Андрей Быков, Шило карт, тағы екі-үш адам баруға ынғайланды.

— Миша, есінде ме, ятаған деп нені айтатын еді?— деп, әйелі айқайласа да Михайло қасқырдай ецсеріліп бір бұрылып карады да жауап қайтармай кете берді.

Бұлар казақ жігіттерінің барағына келгенде, онда бұларға бір таныс әңгіме болып жатыр еді. Алдында білте шам, астында ағаш сандық, көп жігіттің коршауында Сикорский отыр екен. Оған қарсы бір тізелеп алған жалаңбас Бұланбай, қолдарын ербеңдетіп, әлденені қыза сөйлеп кетіпті. Барақ іші ыстық. Ортадағы екі темір пеш жан-жағына жалын атып, есік жақтағы төрт үлкен қазан сарқ-сарқ қайнайды. Қаз-қатар тізіліп, бастары қайқыйып, кебе бастаған етіктер мен киіз байпақтардан шуас иісі анқыйды. Қайнаған қазан, жел қаққан май, ащы тер, аяқ иістері қосылып, ауыр күлімсіп тұр. Арқан керіп жайып қойған шоқпыт киімдер мен шұлғаулар біреудің иығына, біреудің басына тиіп кетеді. Жігіттердің көбі дамбалшаңданып алып, төсекгерінің үстінде отыр. Қалың төселген карағанның үстіне шөп, шөптің үстіне үлкенді-кішілі, әртүрлі киіз төселген. Мандайларынан кірлі тері сорғалап, бірнеше адам пеш алдында етіктерін, шалбарларын жамап отыр. Ортан қазыққа сүйеніп Акула тұнжырап тұр.

— Құлайларың бар емес пе, бәрің бірдей күніне елу тыйын аласыңдар, бұл обал...— деп еді Сикорский. Бұланбай соған дауласып отыр. Тозар киім, ішер тамақ, таң сәріден күн батқанша көмір қазудың не тұратынын байымдап айтқысы келді де тіл жетпей, әрнені қолымен ымдап көрсетеді. Әрі Сикорскийге, әрі тілі жетпейтініне ызаланып, ара-тұра ашу көрсетіп те қалады.

— Кісі басына он тыйыннан кемітейік... Артель басына екі сомнан-ақ келеді. Бұл көп емес қой,— дейді Сикорский. Қазақ жігіттерін ойы мен жүрегіне сана кірер жолы жоқ бітеу адамдай көретін Сикорский оңай алдағысы келеді. Түсінбегендіктен, түсіндіре алмағандықтан, кейде оңай көнетін қыр жігіттерін ашықтанашық тонағалы отырғанын сезбей қалар деп ойлайды. Бұланбай оған көнер емес.

— Біз біраз түсініп алайық әлі. Содан кейін өзің

косатын боласын,— дегенді түсіндіргісі келіп, жанталасып отыр.

— Сен өзің күніне алпыс тыйын ал,— дейді Сикорский. — Өзгелерден ептеп кемітетін болайық.

— Е, дабай, алам, — дейді Бұланбай, алпыс тыйынды ғана ұғынып қалып... Дабай, бәрі де алады...

— Келістік қой? Өзгелерден он тыйыннан кемітеміз ғой? — дейді Сикорский қуанып кетіп.

— Неге? — деп, — Бұланбай таңданады.— Неге?.. Олар алғысы келмейді деп ойлайсың ба? Жоқ, алады. Енді сен жаңағыннан танба... Он тыйыннан бәріне де қос... Спасибо айтып алады.

— Сен менің айтқанымма түсінбепсін... — дейді Сикорский.

— Вот аята праблнай! — дейді Бұланбай. Енді бұл біраз уақыт ешнәрсе ұқпағандай, түсінбегендей болып, меңіреусіп қалыпты. Сикорский жалғыз сурылып отыр. Сөзбен қажығып алғысы келетін сыяқты.

— Апырой, жаксы сөйлейді екенсін!.. Карошо говарит... Орысшаны осынша білермісін! Карошо прямо... Как лошит бежит.... Шапкан аттай ағады екенсін... — деп Бұланбай аңқаусырайды.

— Өй, сен түсініп отырсын, ит! Мазақ қылып отырсын!— деп, Сикорский тұра келді ашуланып.

— Мен түсінбейтін болсам, сен неменесіне сөйлеп тұрсын? Дорақ штоли? — деді Бұланбай, «дорақты» кімге айтканын аңдатпай. Онысын Сикорский де мені ақмақ деп пе едің дегені екен деп қалды. Олай емес екенін шала-бұла аңғарса да соған жорыды.

Меңіреу бір жартаска айтып, тым болмаса жанғырық есте алмағанына Сикорский ызаланып та кетті. Бойының қалтырауы мен дауысының діріліне әрең ие болып:

— Бұланбайка, сен ақылды адамсын... Жігіттердің көбі жұмыс істей білмейді. Сен өзің үш кісінің жұмысын істеп, бәрімен бірдей алып жүрсін. Дұрыс па, осы? Сен басқалардан артық алатын бол... Өзгелеріне кемітейік... — деді.

Бұланбай өзінің артық істейтінін білсе де, өзгелерді жәбірлетуге көне алмай, басын шайқап:

— Бәрі бірдей істеп жүр, — дей салды. Өз үлесі кетіп жүргенін жаксы білсе де, Сикорскийдің ыңғайына қарай ауытқысы келмеді.

— Мына мешкотара не үшін ақы алады?— деді Аку-

ла қайтып келген Қолбанды нұскап.— Жұмыс істемейді. Күн бойы казанның қасында. Ылғый бірдемені шайнап жүргені үшін ала ма?

— Мешкотара деген неменс? Што такой?

— Көрмеймісін, келді ғой, міне! Керекті, керексізді толтырып салып, тым болмаса аузын байлауды ұмытып кеткен капшықтайын қайтерсін!.. Мешок! Ылғый бірдемені жеп жүретін мешок! — деді Акула. Осындай мазаққа қазақ жігіттерінің шетін келетінін біліп алған Акула, ашу шақыргысы келіп әдейі түйрей айтты.

Өздері де Қолбан деп кеткен семіз сарыны Акуланың қапқа тенегеніне Бұланбай да намыстана алмай қалды. Аузы құрғамайтыны да рас. Өзі шағын тамақтан аузын тартынқырап ұстаса да болар еді... Сондықтан ол Қолбанды мазақтағанға жәбірленген жоқ, осындай оттасы болғанға намыстанып:

— Бір артельге бір катын керек пе, жоқ па? — Олен артель, оден баба нада!.. — Нада!— деді. Ас пісіретін адам дегеннің орысшасын білмегендіктен катын деп жіберді. Ол ас пісіреді, оның үлесін артель бөліп біз істейміз, дегісі келіп еді, оны айта алмады, тілі жетпеді.

Андрей Быков, Шило қарт, Михайло Неволя бастаған орыс жұмыскерлері осы кезде келіп еді. Жаты бола ма, жақыны бола ма, оны әзір байқай қоймаған қазақ жұмыскерлері конақ-жайлық жолымен, орындарынан тұрып, төрді босата бастады.

— Кеш жарық... Здравствуйте... — деген орыс жұмыскерлерінің сәлеміне қазақ жұмыскерлері жабырласып жауап қайтарды да Акула мен Сикорский үндеспей калды. Қайта тым жабырласып, жылы амандасып жатқандарға тезірек тыйым салғысы келгендей, Сикорский Бұланбайды иыққа қағып, өзіне қаратып алып:

— Бұланбайка, ана баракгағы үш артель қабылдады. Сен де көн... Бәрібір осылай болады, — деді.

— Қонақтар келіп қалды... Қош болыңыз... — деп, Бұланбай конақтарына бұрылып кетті.

Сикорский енбекақыны кеміту жайын ерте ойласа да батып айта алмай, тайгақтап келіп еді. Әзір тұрақтамаған қазақ жұмыскерлері тарап кете ме деп қауыптенген. Әзір өнімі жоқ, шығыны көп көмір қымбатка түсіп жатқаны да рас. Осы молшылыққа мына келген орыс жұмыскерлері де сұғына кетсе, кейін ол колды қағу қыйындай бермек. Сикорский осыны ойлап, орыс жұмыскерлері

жұмыска кіріскенше еңбекақыны арзандатып алғысы келіп еді. Барактарды түгел аралап тіл білмейтін, айтыса алмайтын момын жігіттерді алдап-арбап, арзанға мойындатып қойғалы келіп еді. Біресе сөзге түсінбеген болып, біресе өз пайдасын ұқпаған болып, Бұланбай ол ойынан шықпай қойды. Орыс жұмыскерлерінің көзінше бұл әңгімелерді соза алмай, Сикорский Акуланы ертіп шығып кетті. Қоштаспай, наразы кетті.

Өзгелер әлі амандық сұрасып, сөйлесе кетерлік тіл таба алмай, алма-кезек рахмет айтысып жатқанда, жақынның сөзін Шило карт бастап кетті:

— Рахмет айтысып керегі не?.. Біз бөтен адам емеспіз сендерге. Лямканы бірге тартатын болған соң осылай болу керек!.. Бізге бәлсінудің керегі не? Осылай келу керек те достасу керек... — деді.

Мұнысын жұрт ұғынып, жауап қайтарғанша, карт тағы сөйлеп кетті:

— Сендер бастықтарыңмен жанжалдасып жатыр ма едіңдер? — деп сұрады.

— Ие, аздап... — деді Бұланбай,— мала, мала... Төрт айдан бері алып келген еңбекақымызды азайтамыз деп келіпті... Күніне он тыйыннан азайтайық, дейді...

Шило карт ыскырып қалды:

— Күніне он тыйыннан?

— Иә он тыйыннан.

— Мұның не екенін өздерің түсінемісіңдер, жоқ па?— деп, соны істейін деп отырған осы жұмыскерлердей-ақ Шило карт өршеленіп ұрса бастады:

— Андрюша, мыналарға қарашы сен!.. Күніне он тыйыннан дейді!..

— Біз оны істетпейміз, — деді Михайло Неволя. — Бұл бәрімізге түйетін әңгіме. Бірге қарсы тұрамыз. Ол болмайды!

Андрей Быков, әркімнің не айтып жатканын, әсіресе, Бұланбайдың не ойы барын біраз аңғарғысы келіп, үндемей тұрды да:

— Шал дұрыс айтады емес пе? Бөтен адам емеспіз, осылай оңай достасу керек, деді. Қосыласын ғой? — деп сұрады Бұланбайдан.

Бұланбай шалға қарап басын изеді.

— Шалың бәле-ей — дескен дауыстар әр жерден шыға бастапты.

— Енді міне бәрі де ойлаған жерден шығады... Осылай болу керек! — дейді Шило карт.

Айтпай ұғынысып, тіл жетпей калса, оймен ұғынысып, екі елдің жұмыскерлері оңай достасатын белгілерін бірінші күні-ақ беріп қалды...

6

Төлүйдің пешін жапқалы Назыкеш төбеге шығып еді. Аласа жер үйге тұмсығын тірей жаткан биік ақ күртіктің үстімен жүгіріп шықты да, жастыкша төрт бұрыштап, сығарлап күл толтырған дорбаны көтеріп ала бергенде шойнандап осы үйге карай келе жаткан жаяуды көрді. Мыкыр ағаштың түбірі жүріп келе жаткандай елестеп кетті. Назыкеш селт етіп калды. Көтеріп алған күл - дорбасы пеш мойнының қырына түсіп жарылды да күлі бұркырап, борай жөнелді. Жел күлді ұйытқытып, ұйпалактап үсті-басын борап кетсе де, Назыкеш козғала алмады. Жұка ситса көйлек, женсіз камзолмен тұрса да темірдей қарыған аязды сезбейтіндей, калшыйып карап тұрып қалыпты. Қыздың талдырмаш денесін жел майыстыра шайқап, көйлегінің етегі мен кос бұрымынан әлдекім кейін қарай тартып тұрғандай сезіледі.

Күл бұркырап көгалжым бұлтқа айналып, бұлт ішінде бір жас қыз пайда болғандай көрінеді.

Оң колын оң тізесіне тіреп алып қыйрандаған бір жаяу тарбыйып қана жақындап келеді. Сол аяғы өзі аттаса, оң аяғын оң қолымен көтеріп алып аттататын сыякты. Аксақ аяғы аттаған сайын жарық дүниеге басын бір иіп коятындай, бар денесімен алдына карай еңсеріліп барып қайта шалқаяды. Батар күн бар жарығын сол сорлыға ғана төгіп, өзге дүние қараңғыда калғандай, Назыкеш сол жаяудан басқа ешнәрсені көре алған да жок. Әріректе ғана ұзын жолдың өн бойын өрлей шұбап бара жатқан кіреші керуені де көзіне ілінер емес.

— Сол-сол! — деді Назыкеш, өзіне-өзі.

Енді Назыкеш төбеден калай зырлап түскенін де, көзінен жасы қалай ыршып кеткенін де аңдаған жок. Келе жаткан бақытсыздығын көзімен көріп калғанлай, қалтырап коркып, үйге жүгіріп кірді де:

— Апа, далаға шық! — деді. Өзі шешесінің төсегіне барып, етбетінен құлай кетті.

Сол екені рас... Қыз жүрегі жаныпыскан жоқ... Бұл қыйраландап келе жатқан Жабай еді. Анда-санда көзін жұып, қайта байлап беруден басқаға шамасы жоқ фельдшер Самойлов алдыңғы күні мұны үйіне қайтарып жіберді:

— Көзің біржола шығып кеткеніне қапаланбасаң, енді ауырмайды. Доғаласы біржола шеміршектеніп, шөпшалам, кір, ондай-мұндайдан қорықпайтын болды,— деді Самойлов.— Менің қолымнан келгені осы-ақ. Басқа қылар амал жоқ. Тізенің үрпығы жарылған ба, әлде жіліншік шыбығының басы айрылып кеткен бе, оны біле алмаймын. Бес-алты ай үйінде тыныш жатсаң, о да жазылып кетер әлі... Енді үйіңе қайт... Лұқсат...— деп Жабаймен қош айтысты.

Дымқос жер үйде бес айдан артық аштылы-тоқтылы жаткан Жабай жарық дүниеге босанып шығуына өзі де асық еді. Өмір топырағына тамырын терең жайған, еңбекпен пісіп қаткан жас дене, жазылса, емсіз жазылғаның, жазылмаса — емсіз де жазылмайтынын Жабай сезініп те жатты. Сондықтан, фельдшердің емінен етер үміті біржола кесіліп, шығарып жібергеніне ренжіген де жоқ, қуанған да жоқ. Кірешіден кірешіге ауысып, жолаушыдан жолаушыға ауысып, жана ғана Игіліктің өгіз отарының тұсына келгенде түсіп қалды. Күнше мен Назыкештің осы отарда, төлүйде тұратынын біліп келе жаткан Жабай тура тартып келе жатыр. Жалғыз ғана жанына батып, тартып келген зары — мұны әркім шапасына мінгізгенде қаріп-қасардай көріп, аяушылық ететіндерін айқын сезініп келді. Сол аяушылықтан әрі қорланып, әрі ызаланып келе жатыр. Айтары көп те аузы байлаулы тұрғандай, ішіп тынып күйініп келе жатыр. Аяғының ауырғанына қарамай, жұлқынып келе жатыр. Оны Назыкеш те осы халде көріп еді.

Қызының түршігіп кіргенін бай үйінен келіп қалған бір қыспақ па деп далаға жүгіре шыққан Күнше қақпаға жақындай берген Жабайды соғып кете жаздап тоқтады. Әуелі танымай да қалды. Бір қолымен бір тізесін тіреп алып, бір аяғын орай аттайтын қайыршыны бұрынды-соңды көрмеген сыяқты еді. Сол жақ көзін біреу тамырымен суырып ала бергенде қолынан

шығып кетіп, айрылып қалғандай, шелей басқан ақты көз жиһішке жағынан жарылған жұмыртқаға ұқсап шодырайып, суырылып тұр. Сол жақ қасы ортасынан сынып кеткендей, құйрығын тік шаншып алыпты. Оң жақ беті жымыйып, сол жақ беті «Ә, қоркып кеттің бе!» деп тұрғандай бедірейеді.

— Қарағым-ай, сен бе едің...— деді Күнше. Жүрегі кеуде сүйектерін нұқып-нұқып қалғанын сезді.— Құлыным-ай, кор болған екенсің ғой! — деп, Жабайды маңдайынан сүйді.

— Ие, мен...— деді Жабай,— мен...

— Жүр, үйге кір, қарағым.

— Жоқ, шеше... Назықеш үйде екен, кірмей-ақ қояйын. Бір-ақ ауыз сөзім бар, соны айтайын да кетейін.

Жабай жылап жіберемін бе деп қоркатындай, ылғый жымыйып тұр. Онысы қасірет белгісіндей аянышты, өмір бойына кететін зарын ғана аңғартады. Бар айтатыны алқымға келіп, тұтас тіреліп, кептеліп тұрғаны байқалады. Жабайдың үйге кіре алмайтын жайын түсінді де:

— Терлеп келіпсің, жел тиер, тым болмаса, қораға кір,— деді Күнше.

Мұнысы менімен бірге жұрт көзіне түспейін дегені шығар деп, Жабай қарсыласпай қораға кірді.

— Жабай — осы! Білегі сынған қазақ арбадай, шойрылып қалған...— деді Жабай, қаранғы бұрышта үюлі жатқан тезектің үстіне отыра беріп.— Көз мынау ақыйып тұрған. Томардың түбіріндей шодырайып, қолынмен ұстауға келеді. Осындай күйге ұшыраған Жабайдың не сөзі барын өзің де түсініп отырған шығарсың, шеше...

— Қайтейін, қарағым, не айтайын... — деді Күнше жыламсырап.

— Қайтетіні бар!.. Назықештің өмірін өксітіп, көз жасына қалмайық... Маңдайда қалың сорым да...— деп, Жабай күрсініп, аз ғана тоқтады да — тым болмаса, он екі мүшесі түгел, мүгедек емес біреу кездесер. Жабай енді өлген кісі,— деді.

Жабай енді ең соңғы сөзін айтуға ынғайланғанда ақырын ғана жер үйдің есігі ашылды. Ар жағында кім бары көрінбесе де есікті ашқан Назықеш екенін сезіне қалғандай, Жабай Күншенің білегінен ұстай алып, қозғалма деген белгі берді. Енді міне, қорада ешкім бары

байкалмаған соң, Назыкеш үйден шығып, бір-екі аттап тоқтады. Тағы да аттады, тағы да тоқтады. Қамыс басының сыбдырын аңдыған еліктің лағындай, аяғын тықырсыз басып, елең қағып, ауыз қораның қақпағына жақындады. Тас бөлерін шымшып баскан елік баласындай, бар денесінде сергек те шыйрақ сұлулық бар екен!.. Жарыққа жақындаған сайын көз жанары тұтанып, бар денесінің сергек шыйрығып тұрғаны байқалады. Аңқау жас қараңғы қорада адам барын абайлаған да жоқ, қараңғы түкпірден жалғыз көздің қадалғанын сезінген де жоқ. Дыбыссыз қозғалып, қораның қақпасына барып тасаланды. Денесі қандай сылаңып өскен, шашы қалай ұзарып кеткен!.. Далаға қарады, көргісі келіп, телміре қарады. Әлдекайдан сықырлаған адам аяғының дыбысын шалып қалды да, тағы да сол еліктің лағындай жалт етіп бұрылып үйге қарай кетті. Қайрылып бір қарады да, үйге кірді. Жабайдың жүрегінде әлдекайда телміре қараған екі қара көз бен қыздың тіптік тұлғасы ғана қалды.

— Ал, енді қош болыңдар...— деді Жабай тұра беріп.— Бір құдайдан басқа кімге өкпелейін!..

— Не айтайын, шырағым, не айтайын...— дегеннен басқа Күнше де ешнәрсе айта алмады. Уәдеміз — уәде. Құдайдың бұйрығы шығар деу ана сорлыға да қыйын еді. Тағы да бір еңкейіп, бір шалқайып жөнеле берген Жабайға қарай да алған жоқ... Ол оны қарамаса да көріп отырғандай еді...

Жабай кірешілердің жолына дейін бір тоқтамастан, артына бір қарамастан келді. Ауыр жүктен арқасы босап, тез жүгіріп кеткендей көрінді өзіне. Сергіп, серпіліп, жеңілденіп қалған сыяқтанады. Мұнысы, бірақ, өзіне-өзі тоқтау айтып келе жатқандағы сезінуі еді.

Оны тоқтата қойып, өзін-өзі тыңдағандай болып тына қалып еді, іші алау-жалау екен. Ішінде бір нәрсе балқып қайнап, бар денесін өртеп бара жатқандай сезілді. От жақтағы қараңғы қорада тұтанып еді. Жабай сол от тұтанған маңайдан тезірек алыстағысы келіп, аяғының ауру-сауын ұмытып, катты шойнандап кеткенін енді біліп тұр. Жоқ, ол мана білген! Бірақ, өзімшіл көңіл өзгеге жорып еді. Сол отка әлі де су себе түскісі келіп, өзімен-өзі тағы сөйлесіп кетті:

— Дұрыс істедің Жабайым!..— деді Жабай өзіне-өзі.— Сорлы бишаралар уәдеміз бар еді деп, жіпсіз

тұсалып отыра берсе қайтер ең? Кім біледі, бұлар үшін мен де қолынан бірдеме келетін адам шығармын! Әлде... түбінде Назыкеш бәрібір маған бұйырмайды деп айттым ба? Жоқ! Құдайға анық, бір Назыкештің кор болмауын ойлап айттым! Мен мұны ең алғаш көзімнің байлауын шешіп тастағаннан кейін өзімді-өзім айнадан көрген жерде айткамын. Тұқыл мүйізге ұсап шодырайып тұрған көзіммен Назыкешке карамаспын деген ант еткем... Жоқ, мұным дұрыс болды. Енді өзім қай шұқырға құлап кетсем де мейлі, Назыкешті ала құладым-ау деп өкінбеспін!.. Өзі де өрімдей болып өскен екен! Кімнің бағына екесін, кімнің бағына?..— Жабайдың даусы осы «Кімнің бағына?» дегенде ғана шығып кетті...

Жүргіншіні осы арада тосып тұра берсем ойыма әлденелер келер деп сескеніп, Жабай осы арадан екі шақырымдай жердегі бекетке жаяу тартты. Ақырын қозғалған қара нокатка алыстан сүзіле карап тұрған екі қара көзді сезген жоқ. Алғыс айтып карай ма, қыймай карай ма, таңданып карай ма, әлде әшейін аяй ма, оны Назыкештің өзі де білмейтін еді...

Жабай сүйретіліп бекетке жеткенде мұнда түнеуге тоқтаған кірешілер әлі орналаспаған екен. Кең ауланың іші ығы-жығы шана мен көлік, шаң-шуқ жанжалдасқан адам. Бұл Игілік бекеті еді. Ұзын-ұзын үш шым үй салғызып, айналасын биік қарау қамыспен коршатып тастапты. Аула осы ғана. Қыр басынан құлай түскен ұзын-ұзын шөп маялары тумсықтарын осы кең ауланың төріне тірей тоқтапты. Бірнеше жерде кірмен өлшеніп шөп сатылып жатыр. Керілдескен дауыстар да сол манайдан басымырақ шығады.

— Әй, құдайын бар ма, жоқ па?

— Алдына келсін!

— Ұмытпа осынды!

— Кіріннің басы тіпті көтерілген де жоқ қой! — дескен наразы дауыстарға бір-ақ жауап қайтып тұр:

— Он тыйын! Оттамай, ақшаңды әкел!

Бұл жерде қалжыңдасу түгіл, салғыласуға да уақыт жоқ сыякты. Әшейінде намысына онай тиетін сөздер өтеусіз кетіп жатыр. Кір басында тұрған жігіттер ондайды елемейтін, құлаққа ілмейтін тәрізді.

— Сөзді қой, ақшаңды әкел. Алмасан, барып тұр! — Жауап осы-ақ.

Шөпті кем өлшеп, ақшаны артық алдың деп дауласқысы келгендерді кейінгі жақта кезегін күтіп тұрғандар да тез ысырып жіберді:

— Былай тұр, шырақ... Дауың болса, бидің өзіне барып айт!

Әр кірдің басында жалаңдап тұрған екі жігіт, шөпті солқ еткізіп тастап жіберіп кірдің басы теңеле бергенде-ақ:

— Әкет! — деп, шөпті аударып тастайды.— Он екі тыйын!

Мына бір кірешіге дәл бүгін жеті тыйынның шөбі де жетер еді, бірақ, оған сатушының уақыты жоқ. Кірге қанша шөп түсіп кетті, төле де алып кет:

— Он екі тыйын!..

Шөптің шашылғанын жыйнап алуға да мұрша жоқ. Бәрі қарбалас, бәрі тығыл-таяң... Әркім қолына лекке-нін құшақтап алып, бірі шаңқылдап, бірі мыңқылдап, өзімен өзі ұрыссып бара жатыр. Көше-көше болып шанаға байлаулы тұрған өгіздер әркімнің құшақтаған шөбінен ұзын тілдерімен орап алып, бір жұлып қалады. Кірешілер өгіздермен де ұрыссады. Өгіздер үндемейді...

Бұл даланың өмірінде дәлдік деген бірнәрсе әлі жоққа тән. Әр нәрсесі азды-көпті шамамен ғана танылады. Обал, күнә, артық, кем, намыс-кек, ар-ұят дегендердің бәрі де олпылы-солпылы, кейде еребейсіз асып түсіп, кейде шолтаңдап жетпей жатады. Сол мінезді далаға келген кір мен кез тіпті өрбітіп жіберді. Бұл далада еңбек, сауда, әделет, заң дегендердің де жайы осындай. Тіс кімде, күш кімде, бәрі соның қолында, таразы да сол. Бабалар заңы — әлі заң, ескірген сайын ардақтала түседі. Сондықтан, кіреші сорлылар босқа дауласатын еді. Ел делініп, есепке алынбайтын көптің қолында наразылық қана бар.

Таныс біреу кездесер ме екен деп, Жабай жер үйлерді аралап кетті. Өздері тартынып келе жатқан кірешілер бұған жылы шырай көрсеткен жоқ. Үйір-үйір болып ұйлығып, біреулер кекіріп қойып құрт ұрттап, біреулер терлеп-тепшіп шай сораптасып отыр. Ет жеп жатқандар табаққа иін тіресе түйілігіп, бастарын көтермейді, шықшыт сүйектері бүлк-бүлк етіп, құлақтарын ғана қымындасып қояды. Тамақтарын жеп болғандар күннің суықтығын, шөптің қымбатқа бара жатқанды-

тұсалып отыра берсе қайтер ең? Кім біледі, бұлар үшін мен де қолынан бірдеме келетін адам шығармын! Әлде... түбінде Назыкеш бәрібір маған бұйырмайды деп айттым ба? Жоқ! Құдайға анық, бір Назыкештің кор болмауын ойлап айттым! Мен мұны ең алғаш көзімнің байлауын шешіп тастағаннан кейін өзімді-өзім айнадан көрген жерде айткамын. Тұқыл мүйізге ұсап шодырайып тұрған көзіммен Назыкешке карамаспын деген ант еткем... Жоқ, мұным дұрыс болды. Енді өзім кай шұкырға құлап кетсем де мейлі, Назыкешті ала құладым-ау деп өкінбеспін!.. Өзі де өрімдей болып өскен екен! Кімнің бағына екесін, кімнің бағына?..— Жабайдың даусы осы «Кімнің бағына?» дегенде ғана шығып кетті...

Жүргіншіні осы арада тосып тұра берсем ойыма әлденелер келер деп сескеніп, Жабай осы аралан екі шакырымдай жердегі бекетке жаяу тартты. Акырын қозғалған кара ноқатка алыстан сүзіле карап тұрған екі кара көзді сезген жоқ. Алғыс айтып карай ма, қыймай карай ма, танданып карай ма, әлде әшейін аяй ма, оны Назыкештің өзі де білмейтін еді...

Жабай сүйретіліп бекетке жеткенде мұнда түнеуге токтаған кірешілер әлі орналаспаған екен. Кең ауланың іші ығы-жығы шана мен көлік, шаң-шұң жанжалдасқан адам. Бұл Игілік бекеті еді. Ұзын-ұзын үш шым үй салғызып, айналасын биік карау камыспен коршатып тастапты. Аула осы ғана. Қыр басынан құлай түскен ұзын-ұзын шөп маялары түмсықтарын осы кең ауланың төріне тірей токтапты. Бірнеше жерде кірмен өлшеніп шөп сатылып жатыр. Керілдескен дауыстар да сол маңайдан басымырақ шығады.

— Әй, құдайын бар ма, жоқ па?

— Алдына келсін!

— Ұмытпа осынды!

— Кірінің басы тіпті көтерілген де жоқ қой! — дескен наразы дауыстарға бір-ақ жауап қайтып тұр:

— Он тыйын! Оттамай, ақшаңды әкел!

Бұл жерде қалжыңдасу түгіл, салғыласуға да уақыт жоқ сияқты. Әшейінде намысына онай тиетін сөздер өтеусіз кетіп жатыр. Кір басында тұрған жігіттер ондайды елемейтін, құлакка ілмейтін тәрізді.

— Сөзді қой, ақшаңды әкел. Алмасан, барып тұр! — Жауап осы-ақ.

Шөпті кем өлшеп, ақшаны артық алдың деп дауласқысы келгендерді кейінгі жақта кезегін күтіп тұрғандар да тез ысырып жіберді:

— Былай тұр, шырақ... Дауың болса, бидің өзіне барып айт!

Әр кірдің басында жалаңдап тұрған екі жігіт, шөпті солқ еткізіп тастап жіберіп кірдің басы теңеле бергенде-ақ:

— Әкет! — деп, шөпті аударып тастайды.— Он екі тыйын!

Мына бір кірешіге дәл бүгін жеті тыйынның шөбі де жетер еді, бірақ, оған сатушының уақыты жоқ. Кірге қанша шөп түсіп кетті, төле де алып кет:

— Он екі тыйын!..

Шөптің шашылғанын жыйнап алуға да мұрша жоқ. Бәрі қарбалас, бәрі тығыл-таяң... Әркім қолына лекке-нін құшақтап алып, бірі шаңқылдап, бірі мыңқылдап, өзімен өзі ұрыссып бара жатыр. Көше-көше болып шанаға байлаулы тұрған өгіздер әркімнің құшақтаған шөбінен ұзын тілдерімен орап алып, бір жұлып қалады. Кірешілер өгіздермен де ұрыссады. Өгіздер үндемейді...

Бұл даланың өмірінде дәлдік деген бірнәрсе әлі жоққа тән. Әр нәрсесі азды-көпті шамамен ғана танылады. Обал, күнә, артық, кем, намыс-кек, ар-ұят дегендердің бәрі де олпылы-солпылы, кейде еребейсіз асып түсіп, кейде шолтаңдап жетпей жатады. Сол мінезді далаға келген кір мен кез тіпті өрбітіп жіберді. Бұл далада еңбек, сауда, әделет, заң дегендердің де жайы осындай. Тіс кімде, күш кімде, бәрі соның қолында, таразы да сол. Бабалар заңы — әлі заң, ескірген сайын ардақтала түседі. Сондықтан, кіреші сорлылар босқа дауласатын еді. Ел делініп, есепке алынбайтын көптің қолында наразылық қана бар.

Таныс біреу кездесер ме екен деп, Жабай жер үйлерді аралап кетті. Өздері тартынып келе жатқан кірешілер бұған жылы шырай көрсеткен жоқ. Үйір-үйір болып ұйлығып, біреулер кекіріп қойып құрт ұрттап, біреулер терлеп-тепшіп шай сораптасып отыр. Ет жеп жатқандар табаққа иін тіресе түйілігіп, бастарын көтермейді, шықшыт сүйектері бүлк-бүлк етіп, құлақтарын ғана қымындасып қояды. Тамақтарын жеп болғандар күннің суықтығын, шөптің қымбатқа бара жатқанды-

ғын, осы қыстың аяғы жұтқа соғарын сөз қылысып отыр. Жұтқа қарсы тұрар шара жайын ешкім айтпайды. Бәрі де бір алланың жазғаны болат да десіп, үмітсіз күмілжиді.

— Құдайдың құдіретіне бір таң қалатын жерім — жұт келсе-ақ малы көп байды көрмей, кедейдің жалғыз-жарымын қағып кететіні несі осы? — дейді, маңдайы қыртыс-қыртыс, бес-сандыра сақал-мұрты бар, сіреңкі қара кісі... Жұттың осы бір мінезіне талай кездесіп, түсіне алмай қойған жұмбағындай етіп сұрайды.

— Шіркін, бір байдың малы маған бітсе!..— дейді быртық бет, қысық көз жігіт.

— Онда қайтер ең, Игілік болар ма ең?

— Жоқ, болмас ем. Байлығын алып, Игіліктігін өзіне қайырып берер ем...

— Атаның басы, қайырар ең!

— Жоқ, сөйтер ем!

— Сонда, байыған соң не қылар ең?

— Мен бе?..— деп, жігіт ойланып қалады. Қолына байлық тисе, не істейтінін білмейтін де сияқты.— Байлығын берсе, не істейтінімді құдай өзі білдірер еді-ау...— деп, сенер-сенбес бөгеледі де: — Еңалдымен көп қылып тұрып шөп шапқызар едім...— дейді.

— Шөп шапқызар едім дегені дұрыс. Біліп айтты. Шөпсіз күн көре алмайсын енді! — десіп, қасындағылар шуласып кетті. Қазір қаулы шығарып, алдағы жазда шын-ақ шөп шабатындай, бастарын көтеріп алып, еңіленіп барады.

Көшпелі өмірде тұрақты арманға ұмтылып, табандасып ізіне түсіп, түптеп сол арманына жетіп үйренбеген жұрт, бірді айтып, бірге кетіп, ақыры сол шөп шабудың керекті жұмыс екеніне үймелесе қалыпты. «Жаз шыға ұмытып кетпесендер, бұл да бір игілікті жұмыстың нышанасы екен!» деп ойлады да Жабай бұл үйден таныс адам кездестіре алмай шығып кетті.

Екінші үйден Жабайға ең бір күтпеген адамы кездесті. Ақ жаулықтың үстінен бастыра ақ түбіт шәлі жамылған денелі әйел көп еркектің ортасында үнсіз мұңаюлы екен, шешінбепті де, тамақ та ішпей отыр.

— Апа-ау, тым болмаса, шай да ішпедің ғой... Бір шыны аяқ ішші,— деп селдір қара сақалды қапсағайлау адам әйелге қарады.

Әйел үндеген жоқ. Өз халіне тап-тамаша болып, түсіне де алмай, сене де алмай отырған сыяқты. Өз ойымен ғана болып отырған адамның әдетінше, көзі де қасындағыларға түспей, әлдекайда қыдыра қарайды, көрмей қарайды...

Көзіне сене алмай, Жабай да біраз тұрып қалды. Жоқ, осынша ұқсас адам болмаска керек... Сол... Көпей бәйбіше!..

— Апай-ау... Сіз қайдан жүрсіз? — деді Жабай.

— Жабаймысың, қарағым? — деді Көпей кім екенін даусынан танып. Жарым көңілі еріп жүре бергендей, көзінен жасы да барлап кетті...

— Баянды, сыдырып орын беріңдерші Жабайға... Бері келші...— деді Көпей өзі де ысырыла беріп.

Жабай аксақ аяғын әрең амалдап, қасына орналастырып, Көпейге жақын барып отырды. Егіліп жылап жіберген Көпей көзінің жасы моншақтап кеткен бойы Жабайды ұзақ құшақтап, екі бетінен кезек-кезек сүйді. Өз мұнын шаққаны да сол, Жабайдан кешірім сұрағаны да сол еді.

Көпей жылап көріскен жігітке сол арада отырған адамдардың бәрі де көңіл аударып, тез жөн сұрасты. Жабай жөнін айтқаннан кейін:

— Е, сол жігіт едім де...

— Естіп едік...

— Тірі қалған екенсің, әйтеуір...— десті.

Жабайдың таңдана қарап, сұрауға бата алмай отырғанын сезіп, Көпей өз жайын айта келіп:

— Балалармен сыйыса алмай, төркініме көшіп барам... Мынау Баянды деген менің жалғыз інім болады... Көшіріп әкеле жатыр,— деді.

— Қара басымды әкеле жатыр десейші, апа-ау... Неңмен көшіп келе жатыр ең?.. Ұялса жұрт ұялсын, сен неден ұяласың?..— деді Баянды.

Ұятырақ күйге ұшырап өлген Жұман байды шама келгенше дабырасыз жерлеп, жетісін өткізгеннен кейін, сақалтай-сақалтай күнезер балалары енші алысу жайын қолға алысып, тарбайысып қалып еді. Бәрі де бұл күнге дейін байқалмаған жігер көрсетіп, катты керісті. Енші жайын неше жылдан бері ойланып-толғанып жүргендей, дауға бәрі де әзір екен. Артық жеген, кем жегендеріне дейін тізіп жүріпті. Қатын алғанда берілген қалың малға дейін есептеулі екен... Оның үстіне, бірне-

ше боранға соқтығып селдіреп, әлі де қауыпте тұрған малды тез бөлісіп алып, әркім өзінікіне ие, өзінікіне бас-көз болуы керек болып қалып еді.

Кезек бас жарысып, кезек жеңісіп жатқан Жұман балалары өгей шеше жөнінде ғана бірауызды екен. Баласыз қатын ешнәрсеге ортақ емес болып шықты! Бір мезгіл өзді-өзі төбелеседі де, енді бір мезгіл қатындарын Көпей сорлыны түртпектеуге жұмсайды. Бейпіл ауыз байдың қыздары, күні кеше именіп жүретін келіндері, енші үстінде Көпей сорлыға құтырынып келіп тиісетін болды:

— Сенсін осы күнге дейін енші бергізбей келген! Сенің қырсығыңнан бар мал қырылып жатыр! Шал сені қарғап кетті, қақпас деп қарғап кетті!.. Қалған малды сенің Қаракесеңін талап жатыр, еншіңді еліңнен барып ал! — деді қаншықтай шапылдасқан қатындар.

Бай жерден шыққан келіндеріне ешнәрсе батып айтпай, өзі қаймыға жүретін Көпей бұл керістердің үстінде торғайдай бұғып қалып еді. Ақыры шыдай алмай інісіне хабар жіберіп, бүгін біржола кетіп те қалды. Арсыз келіндер алып шыққан жалғыз сандығына дейін тінтіп қалыпты. Өмірі ылғый ұялумен, ықтаумен өтіп келе жатқан Көпей сорлы ең аяғында еншісіз дәненесіз төркініне қайту сияқты ең үлкен ұятқа ұшырап, елге жоламай, бекетке қонып, түнделетіп жүріп кеткелі отыр. Көпейдің есеңгіреп қалғандай болып отырғаны да осыдан еді.

— Әкең тоқырауын бойындағы түйелерге көшірілгелі төрт ай болып еді... Қабарсыз...— деді Көпей. Жабай үндеген жоқ.

Терезеден «Баянды бар ма осында?» деген айғай естілді. Терезеге еңкейіп салт мінген бір адам тықыршып тұр.

— Ыбырай ғой!— деді де Баянды сыртқа жүгіре шықты.

Ыбырай көмір мен мыс кендерін тасудың бөдіретін алған, жүзден көлік жүргізіп тұрған кіреші еді. Әуелі бес түйеден бастап еді. Қазір үш жүзден артық көлік айдайды. Көбі Игілік сияқты байлардікі де бірлі-жарымдаған кедей ауылдардың көліктері де бар.

Ыбырайдың көліктері манағы Жабай барып кеткен, Назықеш қалған отарда оңаша түнейді. Көліктің көбі өзінікі болғандықтан, Игілік ол жерге бөлек бекет сал-

дырды. Оның өгіздері де корада түнеп шығады. Баянды сол Ыбырайдың ұстасы болатын еді.

Үйде отырғандар Ыбырайдың әлденеден қысылып, катты дауыстап сөйлегенін естіп, абыржып қалды:

— Өзге жұрт мұрнынан шаншылып жүргенде найкалып сәнденетін не бар? — дегені естіледі. Баяндының күбір-күбір қайтарған жауабына:

— Дүкенің қазір келеді. Сатай ауырып қалды. Әзір отыр! Тез жөнел! — деп, атын катты тебініп, дүсірлетіп жүріп кеткені де естілді.

Баянды үйге салбырап кірді де:

— Апа, сен енді Қаратай екеуің жүре бересіңдер... Мен қазір Қарағандыға қарай жүретін болдым. Жүк шаналар жолда қалып жатыр дейді... Ыбырай қысынқырап кетті... Сатай да ауырып қалыпты...— деді Баянды.

— Маған қарайламай-ақ қой... Мені қайтесің, қалма жұмысыңнан,— деді Көпей.

Бұл үйдегі кірешілер бырдай боп ұйқтап кетті. Әңгімесіз, ертегісіз тез ұйқтап қалды. Төсек те жоқ, шешіну де жоқ, әркім отырған жерінде тымақтарын бетіне бүркеп, катып қалыпты. Өзі ұйктаса да колы ұйктамай, о жер, бұ жерін тырналап қойып жатқандар да бар. Арық қара саусақтар иек астына біткен сақалдардың түбіне көбірек барады. Көзі бақырайған, кесек денелі қара жігіт Қаратай да ұйқтап кетті. Оның аркасына аркасын тірей Баянды да жатты. Жабайға ақырын-ақырын арызын айтып қойып, Көпей отыр. Енді оның арызын айтып, мұның шағары осы Жабай сыяқты кем-кетік болып калғандай, ешнәрсесін бүкпей, бүркемей, көрген зәбірін сол күйінде айтады.

— Барғанда да жылап барып ем, енді міне, жылап қайтып келем. Онда бармаймын деп жылап ем, енді қуып жіберді деп жылаймын,— дейді Көпей. Бірді айтып, бірге кетіп отырып, Көпей:

— Енді Назыкеш сорлының күні не болар... Ынғайларынды танып қуанып жүруші едім. Қалай болып жүр араларың? — деді. Теңдес адамша тура сұрады.

Жабай аз ғана кідіріп қалды. Бұл сырын ешкім білмейді деп ойлайтын еді. Көпей білетін адамша, сәтсіздік барын біліп, қайғыратын шешесіндей көрініп сұрады.

— Енді орайымыз қайдан үйлессін. Түрімді көріп отырған жоқсыз ба? Бүгін барып айтып кеттім,— деп Жабай да шынын айтты.

— Өзім де манадан солай ойлап отыр едім,— деді Көпей.— Жігіттің жігіті-ақ айта алатынды айтыпсын.

Жабай бұл жөнінде ешкімнің мақтау-мақұлдауын іздемесе де Көпейдің ұнатып қалғанын өзі де жек көрген жоқ. Әлі де жүрегіне шоктай басылып, отырған Назыкеш күйігі азырақ бәсеңдегендей болды. Басқа қазақтың қолынан келмейтінді істегендей сезінді.

Баяндының дүкені түн ортасы ауа бергенде осы бекетке жетіп еді. Сойдақ тіс, жалақ ерін жас жігіт үйге кіріп:

— Осында ұста Бәкең бар ма? — деді. Баянды басын тез көтеріп алып:

— А, Айтбаймысың? Жүрейік. Шырағым... Сәндыбай да келді ме?— деп сұрады байпақты етігін киіп жатып.

— Келді, Бәке...— деді Айтбай.

— Мені Қарағандыға дейін мінгізе кетсеңіз қайтер екен? — деді Жабай Баяндыға.— Жалғыз бір жездем болушы еді, қазір көмірде екен... Содан басқа барар жерім таусылып тұр...

— Е,жүр, шырағым. Дүкеннің іші кең. Жолшыбай әржерге тоқтап баратынымызға нетпесең, жүр,— деді Баянды.

Жабай Көпеймен қоштасып, Баяндымен бірге кетті. Алдыңғы жағы болжалсыз, арт жағында қарайлары да жоқ, үміт-тәуекелмен кете берді.

Бекеттің кең ауласынан шыға бере, кіре жолының үстінде көлденең тұрған екі ағаш үйді көрді Жабай. Кішкене-кішкене терезелерінен жарығы көрінеді. Қасында сілейіп, табандап өгіздер тұр, адамдар жүр...

«Баяндының дүкені керемет қой!», «Ыбырайдың ырысы ғой!» деген кірешілер арасындағы дүңкілді есітсе де Жабай өзі көрген жоқ еді әлі. Сол «керемет» осы екі ағаш үй екенін енді түсінді. Алдыңғы ағаш үйдің арт жағынан келіп, есігін ашты да:

— Кір, шырағым,— деді Баянды. Өзі соңынан кіріп, есігін жауып, салтқысын салды да, үстіндегі бір киер киімдерін шешіне бастады.

— Көрікті баса бер Айтбай,— деді бірге келген әлгі сойдақ тіс бала жігітке. Ағаш үй сықырлай қозғалып жүріп кетті...

«Баяндының дүкені» деген кірешілер арасында атаққа шыққан, Баяндының өзі ойлап тапқан нәрсесі еді. Алғашқы кезде Баянды Нілді мен Ақ-бұйраттың орта-

сына орнатқан Ыбырайдың ұстасы болатын. Арба-шананың бұл маңайға жаңа кірген кезі болғандықтан қыйрауы да жиі еді. Бес-алты айдың ішінде-ақ қыйраған арба-шана дүкеннің айналасына тізіліп қалды. Шойын қаққан ағаш білектер, аузына темір-толқе салған ағаш доңғалақтар тас тартқан кіреге шыдай алмай, қыйрай берді. Қасына екі жігіт қосып бергенмен Баянды үлгіре алмайтын болды.

— Ділгір болып, жолда шоңқайып қалдық. Бірдеме қылып, ілде-алдалап бер, Бәке...— деп, жалынып-жалпайып, басқа кірешілер де қамай берді. Жолдан аз ғана бұрыс, екі қырқаның арасына орнатылған дүкен мен кіре жолының арасы арба-шанаға тығындалып қалды да кірешінің дүкенге жетуінің өзі мұң болып қалды. Қыс түскеннен кейін бұл хал тіпті ауырлап кетті. Баянды күні-түні көрігін тоқтатпағанмен, шамадан тыс жұмысқа әлі келмейтінін көріп, бір күні Ыбырайға былай деді:

— Енді бұл дүкенді тастайық біржола,— деді, ойын олақтау айтатын, бір доға адамның әдетінше орашолақ бастап.

— Е, неге? Құтырғанбысың өзің? — деді Ыбырай.

— Мен сілем қатып, болдым қалжырап. Тасығаның зілдей көк тас. Арбаларың — арба емес, шаналарың — шана емес. Бәрін жыйнап Игілікке бер, шөп тасысын...

Мұның не айтқалы келе жатқанын аңғара алмай, Ыбырай бірнеше сұрау беріп еді, Баянды оған жауап қайтармай, өз ойын айтып кетті:

— Сен маған бір ағаш үй қыйдырып бер... Бөренеден емес, ана бір заводтың лавкесі бар ғой, сол сыяқты екі қабат тақтайдан қыйдыр. Ағаш үйді бөренеден жасаған шанаға орнаттырып бер. Төрт өгіз жектір... Тағы бір пар өгіз темір ондай-мұндайымды артып алып еріп жүретін болсын...

— Е, қайда көшесің, қайда кетпексің? — деді Ыбырай.

Баянды бұған да жауап берген жоқ, өз ойын айта берді:

— Сен әуелі жарайды деші өзің! «Ал, жарайды» деме, жарайды де қәдуілгідей!.. Сен тағы бір ағаш үй қыйдыр... Ағаш, тақтай артқан екі пар өгіз оған да еріп жүрсін. Сонымен неше пар болды өзі? Жеті пар болды ма? Сонда мен сенің кірешілеріңмен бірге көшіп жүретін болам. Қыйраған-сынғанынды жол үстінде жөндеп бе-

рем. Үш ай ішінде барлық кіреннің шаналарын темірлеп берем,— деді.

Ыбырай шошынып қалды. Уақытында демалып, уақытымен тамағын ішпегелі алтай болған ұстасы шатаса бастаған екен деп қалды. Елсіз жерде жалғыз үй қалған адамға жын-шайтан бір кездеспей қоя ма деген ой келді.

— Шананың жетегін жіппен, бұраған талмен байлап жүрген кірең түкке тұрмайды. Енді бір айда отырасын шоңқыйып... Айтбай, тоқтат көрікті! — деді Баянды.

Алкынып дем алып, үһілеп тұрған көрік тоқтады да, шатынап қызарған көмір оты көзін қысып, қалғый бастағандай көрінді. Ауыр балғасын жерге тастай беріп, күйелі қолдарын сірі белдемшесіне сүртіп, мандай терін женімен бір сүйкей тастап, Баянды тұра келді. Осымен көрікті біржола тоқтатып, тастай ма деп қауыптеніп:

— Ал, бір ағаш үй ұста дүкені болсын... Екінші ағаш үй неменеге керек? — деді Ыбырай.

— Арбаларың мынау қыйрап жатыр ма? Жатыр!.. Енді бір айда шаналарың қыйрап бола ма? Болады!.. Екінші ағаш үйге арба-шана істейтін үш шебер тап! Тақтайлы арба, тақтайлы шана істейтін болсын. Мен заказ қылып тұрып темірлеп берем. Ана заводтың өзінің арба-шаналары қандай? Сондай болады. Айтбай, бас көрікті!..

Енді ол Ыбырайға дені сау, үлкен бір ақыл айтып отырған адам көрініп кетті. Баяндыға канша салмақ салғанмен, арба-шананың жайы оның өзін де бунап жүр еді. Одан-бұдан құрастырып, арзанмен амалдап келген арба-шаналары осы қыстан қалмайтынын өзі де біліп жүрген. Сол қысылысынан Баянды құтқарғалы отырғанын түсіне қалды да:

— Жарайды, Бәке, болсын дегенің,— деді Ыбырай. Бірақ өзі үшін емес, Баянды үшін шығынданайын деп отырғанын ұғындырғысы келіп, осынын өзін ұзақ орағытып, көп сөзбен айтты. Бір доға Баяндының құлағына кіргені осы «болсын, Бәке!» дегені болмаса, Ыбырай ұзақ шарлап келіп айтып еді.

Осыдан он бес күн өткеннен кейін, Баянды айткан екі «ағаш үй» Ак-бұйрат заводында жасалып та қалып еді. Инженер Некрасов күймейтін кірпіштен көріктің астын төсеп берді. Екі жағында екі-екіден төрт терезесі бар, көрік алдыңғы жағында, есігі арт жағында. Төбеде темірмен торлап қойған, бөшке сыяқтанып бүйірі бұл-

тыйған екі шам ілулі тұр. Баяндының өз ойындағысынан көш ілгері болып шығыпты. Жаңағы Жабайдың келіп кіргені — екі ағаш үйдің алдыңғысы, ұста дүкені еді. Төрде көрік, көрік алдында үлкен төс. Бөренеден кесіліп алынған отырғыштар... Іргесіне аздап мұз катқан, жапсарына қырау тұрғаны болмаса, қазақы үйден артық көрініп кетті Жабайға. Өзінің Баянды ұста екенің осы дүкенінде толығырақ сезінетіндей Баянды да іріленіп кетті.

Ыбырайдан жолда тоқтап қалған шаналарға немене керек екенін сұрап алған Баянды көріктің алдына бірнеше қысқа темірлерді тастап, іргеде жатқан ескі, жаңа табан темірлерін аударыстырып қарады. Бірін қыймайтындай, біріне сенбейтіндей қарайды.

— Осы Ыбырайың мен болмасам, бір күні иттей ұлып қалады,— деді Баянды.— Неге екенін айтайын, мен екі күнге сұранып кетіп ем, он бес шанасы жолда қалыпты... Баянды бір он күн ауырып қалса қайтер еді ол? Әкесі екі өліп, екі тіріліп, бір жетіден кейін қайта өлгендей болар еді... Жоқ, енді Баянды білді оны! — деп сұқ саусағын шошайтып алып, есікке қарай айбар шекті.

Жабай мырс етіп қалды... Оның көз алдына қайта-қайта өліп-тіріліп, кірпігі әрең қыймылдап жатқан жуан бір шал келді. Дәл осы Баянды айтқандай болса, бұл шал Жұманнан да артық ұятқа ұшырайтын сияқтанды. Сонымен бірге, сөзі де, мінезі де ауыл қазағынан баскашарақ, тіктеу шыққан Баянды Жабайға ұнай бастады.

— Сен күлме! — деді Баянды Жабайға.— Ыбырай әр айда жеткізіп берем деген жүгін жеткізіп бере алмаса, завод жағасынан ала ма, жоқ па? Алады! Ол құрт-қайнатып жатқан завод емес, мыс ағызып жатқан завод!.. Бөдрет алдың ба? Алдың. Дабай орында! Орындамайды екесін, штрап! Жүз пар өгізінің жалақысын бақыртып отырып ала-ала ма Игілік? Алады! Айында он оралам дегесін, орала алмасаң өз обалың өзіне, көлік сенің қолында болды. Дабай сал санап! Сен бала білмейсін әлі, қыл көпірдің алдында кеншілік болса — болар, акша араласкан жерде ондайды білмейді! Шотты сарт еткізіп калды ма қағып, бітті! Ыбырайдың әкесі неше рет өлген болады сонда?

Жабай өзінің білместігінен ұялыңқырап қалып:

— Қыйын екен... Тарын екен-ау...— деді.

— Маған күніме елу тыйыннан неге беріп отыр? Әлі бір сомнан беретін болады! Сен өзің жылыпа отыз сом алып, көріп пе ең Жұманиннан? То-то! Алған жоқсын!..

Сырттан дүкеннің есігі қағылды. Баянды екі білегін түрініп, сөйлей жүріп, өзі барып есікті ашты. Қазақша сәлем беріп, төменгі ерні шелпиген, қызыл бет, арық адам,Сандыбай шебер келіп кірді. О да ықшам киініп, сірі белдемше байлап алыпты. Жабай оның арттағы «ағаш үйден» келгенін де түсінді. Түріп алған жеңінде, жыртық тымағының төбесінде белдемшенің ышқырында ағаш жаңқалары көрінді.

— Жылқылы бай, аманбысын? Күй қалай? — деді Баянды қалжыңдай амандасып.

— Көп болса бір жылғы еңбегім шығар кеткен... Өзіңдікі түгел болса, сен осы қалжыңды қойсаң екен... Насыбайың бар ма? — деді Сандыбай Баяндының киім салатын жәшігіне отыра беріп. Сандыбай жарасының аузын тырнап алғандай, томырылғалы отыр...

— Немене, тағы да шығындап қалыппысын? Қабағың қатыңқы көрінеді ғой,— деді Баянды насыбайын беріп жатып.— Сорлы-ау, айтпап па ем?

Сандыбай Баяндыға берер жауабын тура айтпай, өзімен өзі кеңесіп кетті:

— Қырсық деген бір айналдырса, шыр айналдыратын әдеті ғой... Құдай ұрып, картка ұттырудан бастаған соң, не онайын!.. Екеуін ұры алды... Енді қалғаны анаугі боранда айрылған жылқылардың ішінде кетіпті. Әлі қабарсыз... Әй, менің мандайыма сыятын мал емессің-дер-ау деп, бір көргенде-ақ айтып ем... Құдайдың өз мандайына бергенін қанағат қылмасаң, солай болады ғой...— деді.

— Сен әлі де менің тілімді ал,— деді Баянды.— Күніңе он тыйыннан болса да жалақынды неге алып отырмайсың? Жүз шанаға үш құлынды бие деген немене? Игілік пен Ыбырай құдай алдында да түк бермейді саған. Осы айтқаным келмесе, менің атымды басқа қой! — деп тоқтады Баянды. Сандыбайдың мандай тері босқа тамшылап жүргенін көріп, аяп айтты.

Сандыбай үндеген жоқ. Ол малдан басқаны ұстап, бағып көрген емес, малдан басқа байлық барын түсіне де алмайды. Көз алдына тағы да Игіліктің көп жылқысы келді. Құлпырып, ойнақтап алдынан өтті... Бір ақсағы,

бір жауыры болсайшы!.. Бір-екі құлынның мандайында жұлдызы жоқтығы болмаса, мақпал қараның үйірі қандай еді!.. Жаялары жастықтай, құйрық-жалы жібектей төгілген, құлаш мойын, қамыс құлақ еді-ау!.. Бесеуін қара көктен, бесеуін мақпал қарадан таңдатып, қара-көк айғырды қоса бергенде тіпті сұмдық тамаша болатын еді, ә?.. Мақпал қаралардың осындайға ұшырарын білгендей, Ордабай ғой көнбеген... Ырыстының баласы аяғын теріс басар ма! Игілікте тіпті кінә жоқ, көріп-көріп таңдағанынды ал деп еді... Өзі тұрғанда таңдап қалса, айғырын да қоса беретін еді! Қара айғырдың үйірін аламын, қара-көк айғырды аламын десе ғой, болып жатыр... Тілі құрғырдың байлана қалғанын көрмеймісін!.. Енді міне, тым болмаса, бір құлынын мандайынан сыйпай алмай қалды... Жоқ, Игілік: «Обалына қалмаспын, ұры да осы елдікі ғой, Ақмола базарын тоса тұрсын» депті. Осы қыстың ішінде тағы да үш құлынды биені Ыбырайдан алады. Мұндайды қазақ баласында кім естіп көрген?..

Осыдан үміт ететін Сандыбай Игіліктің қыстан аман шығуын тілейтін еді. Өз еңбегін есептеуді қойып, күні-түні жұмыс істейді. Ыбырай дегенмен осы істеп жатқан шаналарының бәрі Игілік үшін деп ойлайды. Игілікке тілін тигізе сөйлеген Баяндыны іштей жаратпайды да. Игілікке өзінің қолы жете алмаған соң, күндейді деп те ойлайды. Өзін Игілікпен «дәмдес» болған адам көреді.

— Бос сөз не керек, Баянды! — деді Сандыбай.— Мен сен кеткелі сегіз тақтай жәшік, екі шана істеп қойдым. Соны темірлеп тасташы. Ыбекең Қарағанды басына түсіріп кетерсін деп еді,— Ыбырайға да Баяндыдан жақынырақ тұратын адамша сөйледі.

Баяндының бір жақтырмайтыны оның осы мінезі еді. Сондықтан жаңа ғана аяп, ақ-жарқын сөйлессе, енді тіктеу жауап қайтарды:

— Сен не істегеніңді маған айтпа, Ыбырайына айт,— деді Баянды.— Алдымызда қыйрап қалған он бес шана жатыр. Мен әуелі соны түзетіп берем. Содан кейін темірлейтін нең бар, әкел деймін. Сен маған қазір төрт айырма жетек, үш жалғама-табан әкеліп бер. Бар!..— деп, Баянды балғасын алды.

Әрбір жалтақ жанның әдетінше, енді Сандыбай Баяндыға да жағынғысы келіп, өзін-өзі төбесінен басқандай төменшілік етіп:

— Бәке, насыбайың бар ма? — деп еді, Баянды оған үндемеді.

— Шырағым, сен азырақ көрік баса тұрсаң қайтер екен? Айтбай маған қолғабыс қылар еді,— деді Жабайға қарап. Сандыбай дыбыссыз шығып кетті.

— Өзі бір сорлы адам,— деді Баянды, Сандыбай кеткеннен кейін.— Игіліктің өгіз отарында екі ай отырды. Мына дүкенге көшкелі де екі айға таяпып қалды. Күні-түні дамылы жоқ. Жалақысын малмен алса, күні бес тыйыннан келмейтінін әлі түсінбейді! — деп, ұзын қышқашпен тістетіп әкеліп, Айтбайдың төске тоса берген темірін әдеттегіден гөрі қаттырақ, ашулырақ ұрып-ұрып жіберді.

Балғамен төс арасынан ұшқан қызыл шоқтар ыршып алыска түсті. Қызарып долырған сом темір де тез жалпая бастады. Баяндының балғасы да көздеген жеріне дәл-дәл тиіп, жемірін барады.

— Осы мен ұста болуым керек екен,— деп ойлады Жабай.— Несі бар, жаман өнер ме? Әсіресе онашалығы қандай? Қалжың құмар жұрттан аулақ боласың. Өзі отырып істейтін жұмыс екен... Мен сыяқты шойнаңа керегі де осы ғой,— деп Баяндының балға соққанына қызыға қарап, көзін айырмады.

Әсіресе, Жабайға Баяндының өзі қатты ұнап қалып еді. Ауыл адамдарының жыртаңы да көп, құнсыздығы да көп. Неше жылдан бері жапа-жалғыз дүкенінде отырған ұста ауылдың бос салпағынан алыстап керексіз мінезден айырылған жаңа адам сыяқты көрінді. Мана Жабай Көпеймен сөйлесіп отырғанда да Баянды құр аяп, құр жасытқан жоқ еді. Жаңа Сандыбаймен сөйлескенде де әлденелерді тура-тура айтып қалғандай көрінді.

Осы ойға бекінген Жабай ертеніне Қарағандыға жетіп, түскелі жатқанда Баяндыға қарап, біраз қыбыжықтап тұрды да:

— Бәке, мен түн бойы ұсталыққа қызығып келдім. Мені серік етіп алсаңыз қайтер екен? — деді. Бір мінез Баянды ойланған да жоқ:

— Алсам несі бар, аламын. Бұл бір мый жетпейтін өнер емес, тек ерінбесең болғаны! Денің сау, қарулы жас жігітсің, екі айда өзімдей болып шығасың. Оған дейін айына он-ақ сом аласың. Оны біліп қой! — деді.

Жабайға «денің сау, қарулы жігітсің!» дегені біртүрлі қуанышты естілді. Баянды ашуланса да ақсақ, сокыр

деп кемітпейтін адам екенін түсінді. Ондай нәрсе бұл кісіге жат болу керек.

— Жалақы жағын өзіңіз біле берерсіз. Маған тек ұсталықты үйретіп шығарсаңыз болғаны,— деді Жабай.

— Жоқ, оны мен білмеймін. Сені жалдайтын Ыбырай. Мен саған кесулі жалақының жайын айтып отырмын. Оны да жанжалдасып жүріп өзім кестіргемін. Бұларға әлі төрт-бес ұста керек. Сені мен алдым,— деді Баянды.

— Ендеше, мен ендігі айналып келгенінізше жездемнің қасында бола тұрып, сонда табыссам қайтеді сізге?

— Болады, шырағым. Тек, уәде орнында болсын!

Осыған уәде байласып, Жабай жұмыскерлердің жер барағына қарай кетті. Жазды күні түк жоқ, «Ит жонның» маңайы шұбарткан қара-құра, тізбектелген жүк көлігі, шаң-шұң бажылдасқан кірешілер екен.

Қар астынан он шақты жерден құлдырап шыққан қою қара түтіндер көрінеді. Жабай сол түтіндерге қарай ойысып, жүргінші жолынан бұрылып кетті...

7

Үш жыл бойы ақырын болса да табандаған шыдамдылықпен, мұқала білмес қажырмен қалана берген мыс заводы қыс ортасы ауғаннан кейін жүріп кетіп еді.

Зырылдаған бір дөңгелек бітпеген, асықтырар бір екпін жоқ далаға Ақ-бұйрат адырынан жаңа бір тынышсыз леп соққандай болды. Бұл әлі шын магнасындағы завод та емес, тас қораға камалған тас үгетін тиірмендер, тас елейтін електер, мыс қорытатын тас пештер ғана. Бірақ осы бір болмашы лептің өзінен-ақ үлкен бір өңірдің талмаураған көп ұйқысы да, марғауланған ойы да сергіп, далада бір жаңа өмір ояна бастады.

Даусын созып мөңіреген жалғыз өгештің үні қыратқыркалар мен сай-салаларды ұзақ кезіп жүріп, тыныш ауылдарға еріксіз естіледі. Тас қырқаның басынан гүрс-гүрс еткен тас тиірмендері, күркілдеген тас електер, бырк-бырк жөтелген пар машинасы ман-маң басқан паң атаның аянына да асығыстық қосты. Ерте жатып, кеш тұратын қазақ ауылдарында білтелі шам таң қараңғысынан жылтырайтын болды. Бұрын жалғыз-жарым салт аттылар былк-былк жортатын көрбілте жолдар енді аппақ даланы тіліп түскен қасқа жолға айналып, әрі кеңей-

іп, әрі ұзарып, жер шетіне дейін кете беретін сыяқты көрінетін еді.

Бұл жолдардың бойында қоңырауы күңгірлеген кіре керуені де күні-түні үзілмей ағылатын болды. Қарама-қарсы ағылады. Қатар жаткан жол да екеу. Бұрылып өтудің керегі жоқ. Қатар жаткан екі жолмен кіреші керуені екі жаққа қарай, қарама-карсы жүреді. Бірінен бұрылып, біріне түсуге лұқсат та жоқ. Жалғыз-ақ, көзге қанықтан өзгені оңай ұға бермейтін ел жолаушылары екі жолдың қайсысына түсерін біле алмай, ұзақ аңырып тұрып, ақырында түспесіне түсіп, кірешілерге қарсы ұшырасып қалады да, жолдан амалсыз бұрылып, тағы да ұзақ аңырып тұрады.... Шатынаған аяз болсын, алай-түлей боран болсын, күніне жыйырма бес шақырым жүрмеген кіреші жүк алар, жүгін түсірер кезегінен айрылып, тағы бір күнін өлтіреді. Өлген күн де ақша, өлмеген күн де ақша: бірінде сенен кетеді, бірінде саған келеді...

Инженер Бернер мыс заводын жүргізіп жіберіп, заводпен байланысты жұмыстардың бәріне де осындай бір тығыздық, қызу бір серпін кіргізе бастаған кезде ұзақ сапарынан Никон Ушаковтың өзі де қайтып келіп еді. Шаршай білмейтін, демалу дегенді ұмыткан Ушаков келген бетінде моншаға түсіп шықты да, шай ішіп отырып Бернердің баяндамасын тыңдады. Үлкен жез самауыр, инженер Некрасов, Бернер төртеуі ғана...

Завод қыйтықсыз жүріп кеткен. Екі тас пеш мысты ойдағыдай беріп тұр, енді екеуі жақын арада қатарға қосылады... Тас үгетін екі тиірмен, екі елек әлі үлгіре алмайды, әрі ірі жібереді... Көмір көліп жатыр, терендеген сайын сапасы да түзеле бастапты. Ушаковтың келуін тосып, қортылған мысты әлі жөнелтпеген...

Бернер істің жақсы жақтарын осылай қыска-қыска баяндады да, күн санап, жылжып қойып, жақындап келе жаткан қауыптерге ұзағырақ тоқтады:

— Ұсақ кірешілердің көбі шығып қалды,— деді Бернер.— Қалғандары енді бір-екі оралғаннан қалмайтын шығар. Заводқа Нілдіден мыс кенін, Қарағандыдан тас көмір тасу үшін мың көлік үздіксіз жүріп тұру керек. Казір жол бойында бес жүздей ғана кіреші жүр. Жүз елуден артығы ұзамай тоқтап қалады. Қорытылған мысты Қызылжарға түсіру үшін тағы жүз көлік керек. Ұзақ жол, байлардың түйесі болмаса, өзгенің көлігі жарамайды: жеті жүз елу шақырым жер, кіре керуені екі айда

әрең оралып келетін жол... Менің бірінші қауіпім осы тасымал жағы болып тұр,— деп, Бернер бұл жайларды катты күйзеліп айтты. Өз ойынша орыс мінезіндегі парықсыздықты ескеріп, ауырлатып айтты.

— Жақсы Карл Карлович... Он шақты байды конаққа шақырармыз... жәрдемдесер...— деді Ушаков, содан кейін?..

— Ақ-бұйраттың кені мардымсыз болып барады. Жүз бұт кеннен жеті-ақ бұт мыс түседі. Мұны біржола жауып, Нілдіге біржола ауысу керек сияқты...

— Қыс ішінде жұмыскерлер көшер ме екен?

— Он күндік жалақысын коса берсек, бәрі де көшеді, бірі де калмайды. Қазір қазақ ауылдары қысыла бастады. Енді бір айдан соң, қашанғы әдетінше, жұтай бастайды. Жұмыскерлер көнбегенде қайтеді, кайда барады? Болмаса, сол маңайдың өзінен де жұмыскер күші табылады,— деді Бернер.

— Әзір тұрған барак бар ма, әлде Қарағандының кебін киеміз бе?

— Барак, әрине, жоқ...

— Қазір Нілдіде қанша жұмыскер бар?

— Орысы он екі, қазағы алпыс шамалы,— деді Некрасов.

— Айтқандайын Нілдіні сіз басқарасыз ғой... Қалай өзі, сенімді ме? — деп сұрады Ушаков Некрасовқа бұрылып.

— Мен бір-ақ нәрсені берік тірек көрем: сенімді болмаса отыз саржанға дейін мыс кете бермеске керек еді, бұл әлі кетіп барады. Тереңдеген сайын кеннің мысы да көбейе түсті,— деді Некрасов.— Әрине заводтың негізгі қоры сол Нілді болады.

Ушаков едәуір кідіріп, ойланып қалды да екі инженеріне кезек-кезек карап отырып:

— Ақ-бұйраттағы мыс кенін біржола жабамыз деген сөз бұдан былай ешкімнің аузына түспейтін болсын. Онымыз үлкен жанжалға мұрындық болады,— деді.

Бернер қызарып кетті. Рязановтың жанжалын айтады ғой, содан ығыса беретін несі бар осының деген наразылығы да бар елі. Бірақ өзінің пайда мен зыянды есептеп айтқандығын дәлелдегісі келіп:

— Мен Ақ-бұйрат мысының қымбатқа түсіп отырғаның ойлап айтып ем. Нілдінің мысы екі жарым есе арзан түсетін сияқты,— деді Бернер.

— Әңгіме онда емес...— деді де не екенін айтпай Ушаков тағы да азырақ кідіріп барып: — Кіре жағымыз қыйындап бара жатыр деген жоқсыз ба?.. Бұл заводтың қасында жатқан кен... Ол бір, одан соң, жаңа ғана аяғын баскан компаниямыздың бір кен шығаратын жері жабылыпты деген хабар тарап кетсе, қымбатка түсетін сол болады! Мұндағы завод аты — Спасс, кен аты — Воскресен, Нілдідегі кен аты — Успен... Осыған келістік, осыған сіздер де жаттығыңыздар,— деді.

— О, нағыз жақсы аттар теріліп алынған екен... Орыс дінінің аса бір қадірлі мейрамдарының аттары қойылған екен! — деді Бернер, өзі ол дінге онша құштар болмаса да. Некрасов үндеген жоқ.

Ушаков қалтасынан қастерлеп бүктелген ұзын бір қағазды алып, алдына жайды да:

— Ақ-бұйрат адырындағы Воскресенский кенінде жүз шамалы жұмыскер болсын... Өзгесін Успенскийге аударыңдар... Майдан бастап Успендегі кен жұмыскерлерінің саны екі жүз елуге жетсін. Осыған орай ойланыңдар да, арғы күні кешке қортынды пікірлеріңізді беріңіздер, — деді.

— Жақсы, Никон Абрамович, жақсы... Солай болсын... Ал, өз сапарыңыз қалай болды?.. Бәрі де ойдағыдай ма? — деді Бернер.

— Ойдағыдай,— деді Ушаков.— Ең кемі бір он жылдың ішінде бізді енді ешкім мазаламас... Рязанов мырза тыншықты, әйтеуір, едәуір жұмсарды да...

— Ие, көмірге осынша көп ысылған жұмыскерлерін жібергенін үлкен жақсылықтың белгісі болар деп ойладық,— деді Бернер. Ушаков азырақ жымыйып қойды.

— Әлде басқа бір себебі бар ма? — деді Бернер, өз ойының ақгырттау шыққанын Ушаковтың жымыйғанынан сезінгендей. Орыстардың парықсыз көрініп отырып, опырып ұтып кететінін кейде ол кешірек аңғарып қалатын еді.

Ушаков әуелі іркілгендей болып, үндемей қалды да әр кезде кедергі жасап, әр кезде өз дегенін істетіп келген бай пайда-ортағының бір маскара болып шоқкыйғанын жасыра да алмады. Қыза келе ажарлап та жіберді...

— Естіген едіңіз ғой...— деді Ушаков,— Рязанов мырза Сібір өзендерінде пароход жүргізуге ерекше жеңілдік алып, екі жыл бойы құлаш-құлаш жарнамалар

таратып келген... Кеме жасауда Голландияны ышқырға қыстырып кетемін деп серпіліп кеткен...

— Не?

— Екі жылда жасатып шығарғаны «Иоанн» дейтін жалғыз пароход екен, онысы екі жүз алпыс-ақ шақырым жер — Түмен мен Тобылдың арасына дәл бір ай он сегіз сағат жүріп әрең жетіпті де тоқтапты...

— Е, неге, неге? — десті екі инженер бір ауыздан.

— Нух пайғамбардың кемесінен соңғы ескі кеме сол болып шығыпты... Түбі жайпақ, үлкен бір жайпақ қайық көрінеді...— деп, Ушаков сылқ-сылқ күлді.— Отыз алты-ақ аттың күші бар екен...— дегенді күлкісін тыя алмай әрең айтты.

— Сараң сері алтынға көміліп отырып, арзанына қызыққан ғой! — деді Бернер.

— Жоқ!.. Дүние жүзінде он тоғызыншы ғасырда ең қымбатқа түскен кеме де осы: — Жетпіс бір мыңға түсіпті! — деді Ушаков.

— Онда мен ешнәрсеге түсіне алмадым...

— Не түсінбейтіні бар?.. Балық тұздайтын, балық майын құятын қуыстарды көбейте беріпті де, кемеге жүзу керек болатынын ойламапты! Сонымен «Иоанн» Тобылға әрең сүйретіліп жетіпті де қалыпты сонда... Тек өтірік болсын, кейбір таяз жерлерде жыйырма-отыз пар өгіз жектіріп сүйрепті деседі... Мен, әрине, сенгенім жоқ... — деп, Ушаков енді кеңкілдеп кетті...

— Әбден маскара болған екен!..— деді Бернер қуанышын жасыра алмай.

— Ол кісі енді техниканы маскаралай біледі...— деді Некрасов.

— Үш мың ақ қылағай[1] балығымен, бес пұт балық майымен қалыпты. Жетпіс бір мыңнан қайтқан сілемі де сол екен... Маскара болғанын енді өзі де түсіне бастаса керек, кемесін тірі жанға жақыннан көрсетпес үшін, күні-түні күзетіп тұратын екі адам қойыпты... Егеу құйрықтарымыз көбейіп кетіп еді, біразын Рязанов мырзаға тектен-тек өткізген шығармыз деп, Тобыл қуанышты көрінеді,— деді Ушаков енді іркіле алмай.

— Не!.. Содан кейін Рязанов мырза біраз жұмыскерін босатқан екен ғой!..

— Жалғыз ол емес, Орал тауында екі жердегі алтын

---

[1] Сельди.

кені жабылыпты... Мұнда келген жұмыскерлер сол алтыннан келді... Аяғында өзі жік-жаппар болып өткізді маған. Рязанов мырзаны осы күні көрсеңіз, танымай қалар едіңіз...— деді Ушаков.

— Солай деңіз!..

— Осылай көрінеді... Айтқандайын, Рязанов мырзаның бізге жіберген алпыс бес жұмыскерінің он алтысы жете алмапты Қарағандыға... Оны өзіне хабарлап қойған дұрыс болар... Өзіміз жалдаған жұмыскерлерден де аздаған шығын бар... Мен олардың үй іштеріне жәрдем жібертем. Мүмкін, Рязанов мырза да жәрдем етер...— деді Ушаков.

Ыза қылып жүрген пайда-ортағының едәуір апатқа ұшырап қалғанына Ушаков қатты қуанышты сыяқты. Қазақ даласын қасқырдай шарлап, қаймағын сыпырып жүрген Попов болса, Оралдан Енисей өзеніне дейін тіміскіленіп жүргендердің бірі сол Рязанов еді. Оның қалтасы жұқарса өзіне де оңай тимейтінін біле тұра, пайда-ортақ Ушаков қуана күледі. Заманының салты сол — біріне бірі жақсылық тілеу бұл топта жоқ әдет еді.

— Өз жайымыз не болып жатыр, мырзалар? Бір күні Рязанов бізге де күліп жүрмей ме? Завод жаққа барып қайтсақ қайтеді? — деді Ушаков.

— Ашулануы былай тұрыпты ғой, ол кісі көзі үйренген ескіні көре алмаса-ақ, оп-оңай ашулана салады, бірақ күле алмас! Біздің кеме отырып та қалмас... Жемі жеткілікті, қорегі мол, қорлы. Қарағанды деген кою қара қан деген сөзден шыққаны рас болса, қазақ даласындағы қаны толық өндіріс біздікі болар... Көресіз бе, қанша қорек кеме жатқанын? — деп, Бернер далаға шыққан соң кіре жолын нұскады.

— Солай емес пе? — деп, мақұлдауын күтіп, Некрасовка да қарап қойды.

— Жоқ, жоқ, Карл Карлович, сіз Жүсып сыяқты тілмашқа сене бермеңіз...— деді Ушаков, Некрасовтың қайтарар жауабын киіп әкетіп.— Қарағанды — кәдуілгі, өзіңіздің үш жылдан бері кен өртеп жүрген қарағаннан алынған. Caragana pugmata дейтін бе едіңдер, сол... Ніл-ді — нәлді деген сөз, мыстың нәлі. Нәл деп синьканы айтады, қазақ әйелдері жаулықтарын нәлге салады,— деді. — Жезді, Алтынды, Жосалы, Борлы, Құндызды, Бұғылы, Алматы деген сөздердің — бәрі де сол жерде қандай байлық барынан алынған. Халық қойған өте пайдалы аттар!..

Өзін өзі жариялап тұратын, есте жүретін аттар,— деді Ушаков.

— Дұрысы осылай ма екен? — Мысалы, Алма-Ата,— алманың атасы деген сөз дейді ғой? — деді Бернер әлі де сене алмай.

— Таласпаңыз, Карл Карлович... Алдымен казакша Алма-Ата емес, Алматы, алмалы деген сөз... Екінші, бұл менің жыйырма жылдан бері тексеріп жүрген бір нәрсем. Қазақ аулына барғанда, көмір бар ма, күміс бар ма деп сұрай бастасаң, кауіптеніп бастарын шайқайды. Ал, енді мына қырканы не деп атайды, ана төбені не деп атайды деп сұрай берсең, бір байлыққа кездеспей қалмайсың! Бұл естеріңізде болсын,— деді Ушаков.

Бұлардың әңгімесін завод маңайын бөріктіре боктап жүрген Ыбырайдың айғайы бөліп кетіп еді. Үлкен-үлкен өгіз қоңыраулары балдыр-бұлдыр, көмескі күңгірлеп, Ыбырайдың кірешілері келіп қалған екен. Теңіз жағасындағы елдер үлкен бір кеме келгенде, темір жол бойындағы заводтар арнаулы эшелоны келіп қалғанда қандай қуанса, Ақ-бұйрат заводының бастықтары Ыбырай кіресі келгенде, сондай қуанатын еді. Бұл заводтың ең сенімді кіресі. Өзгеден ерек жөнге қойылған, өнімді кіре. Нілдіден бастап Қарағандыға дейін әр жерде өзінің бекеті бар. Қандай борандарда да біржола тоқталған емес. Кедей шаруалардың қостасып салған кіресі тоқтай бастағаннан бері Ыбырайдың мұрны тіпті көтеріліп кетті. Кедей ауылдар көлік басы бір адамнан жүрсе, Ыбырайдың он көлігінде екі-ақ жігіті бар. Әрбір он кіреде бір қоңырау, ұста дүкені кіресімен бірге жүретін, Ыбырайдың атағын шығарып жіберген кіре де осы...

Екі жүзден артық шанамен тұтас келген кіре, он-оннан жіктеліп, Ыбырайдың өз ойынша әскерше тұр... Алдыңғы жағы көмірлерін түсіре бастапты. Арт жағы Көкөзек өзенінің арғы қабағында шұбатылып көрінеді. Заводтың қақпасына тақай, ат-жалдай үйіп қырға қарай созып әкеткен көмір маялары қатарласа бастапты. Ыбырай өзі ат үстінде, жігіттерін таскаяқтай қағыстырып, бұйырып тұр. Теңді қолдаса көтеріп, заводтың ішіне қарай көмір әкетіп бара жатқан қазақ жігіттеріне де көкірек көрсетіп:

— Жүк келіп қалғанда, осыларыңды қоя тұрсандар да болады ғой!.. Заводтың жұмысын әлі күнге білмейсіндер...— деп қояды.

Келе жаткан Ушаковтарды көріп, Ыбырай тіпті құты рынып кетті:

— Уай, батыра салсаңшы күрегіңді! Серпе таста жогарырақ! Шашылмасын!.. Мұның ұсағы да алтын! — деп, керекті-керексіз бұйрықтың бәрін қос қабаттап бере бастады. Өзінен жоғары адамды көргенде, осындайда, бір мінез қалқып шыға келетінін жақсы білетін Ушаков алыстан айғайлап:

— Ибрагим Кулжанович, Ибрагим Кулжанович! — деді.

Ыбырай басындағы тымағын шап беріп, бүркіттің томағасындай тұнқыйтып, жылдам жұлып алып:

— Здрасти, Никон Ибраһим, здрасти!.. Здравия желаем! — деп, шұлғып-шұлғып қалды. Бүгелектеген жылқыдай, тез-тез шұлғыды. Тымақ астынан күн шалмайтын мандайында қасқасы бар екен, атқа да ұқсап кетті.

— Ну, спасибо, Ибрагим, завод саған риза екен,— деді Ушаков атымен қасына келген Ыбырайға.

— Қазынаның жұмысы болған соң, сөйтпесе бола ма! Бәріміз де қазынаның адамымыз ғой! — деді Ыбырай. Ол өзін осы заводтың бір тірегіндей көретін еді де, Игілік пен Ушаковтың қайсысының адамы екенін әзір аша алған жоқ-ты. Сондықтан екі аралықты көздеп, қазынаның адамымын деп тұр.

— Маған әсіресе қоңырауларың ұнайды! Ұста дүкенін қалай келістіріп жасатқасың! — деді Ушаков.

Оны мына Некрасов жасатып берді... Бұ да пәлекет шебер екен! — деді Ыбырай.

— Сен өзге қазаққа ұқсамайсын. Ісіңнің бәрі тыянақты,— деп Ушаков тізесіне қағып-қағып қалып еді, Ыбырай бар ниетімен қазаққа ұқсамағысы келіп, тіпті желігіп кетті:

— Қазақ не біледі ол! Ұйқтауды біледі!..— деді.

— Жақсы, Ибрагим, маған кіре кетерсің. Жұмыс бар...— деді де Ушаков заводқа қарай беттеді. Жүрегі гүрс-гүрс соғып тұрған заводының қалай жүріп жатқанын көруге асықты.

Қыр басынан ойға қарай тіркестіре салынған заводтың іші алау-жалау, бір қора шошқа үйтіп жатқандай еді. Әлдекандай, бұрын қазақ мұрны сезінбеген жат иістер келеді. Екі биік тас пеш, айналасына адам бара алар емес, көнірсіген көк-ала жалын атып тұр. Мұндағы лоқсып ұрып тұрған ыстық та қазақ даласында болып көр-

меген. казақ денесі сезініп көрмеген ыстық. Киіз белдемше байланып, киіз калпақ, киіз биялай киген жұмыскерлер, қолдарында ұзын-ұзын темір сүңгі, пештердің жүрек қағысын тыңдап, сергек тұр. Күйе мен тер қосыла ағып, жұмыскер бетіне толып жатқан қара сүлік жабысқандай көрінеді. Күйе сіңген майлы жеңдер жұмыскер бетін әлсін-әлсін осып қалады. Адам бейнесі сонда ғана бір көрінеді.

— Қейін тұр, Төлеу! — деп қабаттап кенеп киінген орыс жұмыскері қолындағы сүңгісін пештің бүйіріне сұғып, толғап-толғап қалды. Балқыған темірдей қып-қызыл боқат тас қабырғаға найзадай кадалып, тас иденге ұсақ-ұсақ жұлдыздай шашырап түсті. Әзір мұндайына бойы үйреніспеген болу керек, Төлеу ыршып шегінді. Ушаков жымыйып қалды.

— Екеуіне бір күнде тоғыз жүз пұт жем керек,— деді Бернер, Ушаковқа екі пешті нұсқап.

— Поповта мұндай пеш болған емес! — деді Ушаков.

— Цилиндрлі қос көрік салқын ауаны ғана береді. Пештерге ыстық ауа бере алатын күнге жетсек, сонда көрерсіз, Никон Абрамович! — деді Бернер.

— Жетерміз әлі... Мен уәдемді ұмытқаным жоқ,— деді Ушаков.

Пештің төменгі жағындағы қобылап қойған бір қуысынан жалқындап, түтіндетіп мыс аға бастады. Інінен шыға келген от жыландай шыйрығып, жүйітки қозғалып, сұйық мыс пештің алдындағы тас шұңқырына құйылып жатыр. Шұңқыр мысқа толған сайын, беті дауылды күнгі көл бетіндей құлпыра толқыйды. Ұзамай жайпақ шұңқырдың айнала жиегін бұрқылдаған боқат алып кетті де, ауыр мыс күңгірт айнадай көмескі жарқырап ортасынан ғана көрініп қалды. Сол айнаға Ушаковтың көзі, жалтырға төнген кезқұйрықтың көзіндей төніп қалыпты... Бернердің:

— Неверов мақтаншақ, сіз келіп қалған соң, мақтангысы келіп, жарты сағат бұрын ағызып жіберді,— дегенін Ушаков естіген жоқ. Ол білеудей от жыланның көз алдында иірілін, оралып барып, көлкілдеген мысқа айналғанынан басқаны ұғына алар емес еді.

Көптен бергі тәжрибесі бойынша Ушаков тас шұңқырда көлкілдеп тұрған дүниенің қаншасы керекті, қаншасы керексіз екенін де шамалап тұрған сияқты. Әрине, оннан тоғызы төгілетін боқат... одан қалғаны мыс шо-

йыны... кара мыс... Бұларды қайта ағызу керек. Тағы да кемиді... Сонда, таза мыс тіпті аз қалады. Әрине, Бернер бір күні дұрыс айтты: ата-бабаларша бастап кеттік. Ата-бабаларша бастаған қай заманда да катты өкінбек, деді. Ушаковтың ойына осы келді де, бір кезде өкінер кезең күтіп тұрғанын сезгендей, тез селт етіп, есін жыйды.

Заводтың әр машинасы әр қолдан өтіп, әр елден келгендігін өзі айтып тұр еді. Бірі ескірек жөтеле бастаған жасамыс. Енді бірі жанарақ болғанымен, балаңырақ ойдан тугандығын айтып, жүгін ауырлап, қыпылықтап тұр. Біреуі ыржықтап күліп, біреуі қыжың-қыжың ренжуін айтады. Тұтас алғанда қырық ұру, біріне-бірінің күші де сай емес. Түрлері де, бояулары да, үндері де әртүрлі. Тек қана орыс инженерлерінің шыдамдылығымен, игенге көнбесе, сындырып көндіре білетін күштің арқасында бастарын құрасып тұрған сыяқты. Техниканың тілін білетін адам көрген жерден-ақ, мынау такаппар ағылшын, мынау қыпылық швейцар, мынау ойпақы француз деп таный кетерлік еді. Көбінің маңдайында HARTLEY CAUSTON, London деген жазулары бар. Бұлардың өзі де әр жерде жалғыз-жалғыздан тұр. Аралықтағы жұмыстардың бәрі де қолмен істеліп жатыр. Бір жерде машинаның өндіре боратып тастағанын екінші жердегі қол жұмысы еріксіз бөгейтін болғандықтан, заводтың тағдыры түгелімен қара күштің қолында еді. Заводтың осындай жақтарын күн бұрын ескертіп қойғысы келіп:

— Никон Абрамович, сіз бүгін заводты түгел аралап шығыңыз. Жақсы, жаманымызды завод сізге өзі баяндасын...— деді Бернер. Ушаков сұйық мыстан көзін әрең айырып, заводтың екінші бөліміне кірді.

Мұнда да ата-бабалардың бар ескісі бас қоскан екен. Мысты бір-ақ қорытып шыға алатын пеш бұларда жоқ еді. Бокатымен, темірімен, шойынымен араласқан мыс шашылып-төгіліп жүріп, үш түрлі пештен өтеді. Кейде бір пешке екі келіп, екі қайтады. Тастан салынған шахта пеші, сопанай, горновай деп қазақ жұмыскерлері аттарын бұзып әкеткен пештер, мысты бірінен соң бірі қорытып, ақыры бәрі бір толық тазартып шығара алмай, қара мыс күйінде қалып қояды.

— Мынау қай пеш? Қасында ылғый қазақ жүр гой? — деді Ушаков.

— Ие, бұл пеште ылғый қазақ жұмыскерлері. Тез

үйреніп кетті. Соларды мазақтаймыз деп, өзіміз де «Сопанай» деп кеттік... Шплейзофен ғой,— деді Бернер.

— Қалай Данияр, сопанайың енді неше сағат қайнайды? Сорпаң әлі дайын емес пе? — деді Некрасов, қазақ жұмыскеріне. Бұлардың бәрін де Некрасов үйретіп еді, ол сонысын да аңғартып қалды.

— Әлі он бес сағаты бар... Қара көбігін алғалы бірақ сағат өтті. Май көбігі әлі бетіне шыққан жоқ,— деді Данияр, тас қабырғаға жабысып, безектеп тұрған сағатқа қарап. Жұмысты сағатпен істейтініне мақтанатындай, бір-ақ қайырар жауабын әдейі екіге бөліп, сағат дегенді екі рет қайталады...

«Сопанай» да ата-бабалардың мұрасы еді. Шахта пешінен шыққан мыс шойынымен қара мыс осында келіп, отыз бес сағат қайнайды. Араластырылады, тұндырылады, көбігі алынады, тағы ағызылады... Бұдан қақ жартылап түсетін боқат қайтадан алғашқы тас пешке кетеді де кенге араластырылып қайта қорытылады. «Бесеу апарып екеуге береді, екеу апарып отызға береді, отыз апарып жәпекке береді, жәпек апарып жардан құлатады» деген сыяқты, мыс байғұс бірнеше тамұқтан өтіп барып, қайта-қайта қайнап, ақырында «Сопанайдан» құтылып, «Горновайға» түседі...

— Сопанайың неше пұттық? — деп сұрады Ушаков.

— Қара мыстан екі жүз пұт, сол шамада көмір жағылады,— деді Бернер.

Сол екі жүз пұттан қанша таза мыс шығатынын көргісі келіп, Ушаков горновайға қарай кетті. Үлкен-үлкен темір сапты бақыраштармен сұйық мысты қалыпқа құйып жатқан екі жұмыскерді көріп, өзгелерден гөрі тезірек аяндап кеткенін байқаған да жоқ.

Текшеленіп жатқан қалыптарда жалындап, түтіндеп жатқан жалқын қызыл-күрең сұйық мыс тоңазыған сайын, өңі бұзылып, ұйқтап кеткендей көрінеді. Аз ғана смола қосылған суға тастап жіберген мыс кірпіштері шошынып оянғандай, қып-қызыл болып қайта жалтырап шығады. Міне, осының пұты отыз екі сом!.. Сонау аязда қалтырап жүрген кірешілер де, мынау тамұқ пешінің қасында тері сорғалап тұрғандар да, сонау тас қашап, көмір қопарып жатқандар да, мынау қып-қызыл кірпішке қызыға қарасып тұрғандар да, бәрі сол сомның құлдары: жұмыскер тыйынға құл, инженер теңгеге құл,

қожайын көп теңгелердің құлы. Бәрінің жасап шығарары осы жалтыр бас қызыл кірпіш.

— Таза мыс күніне қырық пұттан айнала бастады, келер айда тоқсанға жеткізерміз деп ойлаймын,— деді Бернер. Ол өз қалтасына түсетін еншіні де әлдеқашан есептеп қойған еді. Ушаков басын изеді.

Ушаковтың кәнігі көзі заводтың ішіндегі ескі-ұсқыларды бірден шалып қалған сияқты. Екі тас тиірменге қарамай өте беріп, жөтелісінен танығандай:

— Мыналарың ұзамай қыйрайтын болар. Тек маңайындағы адамдарды қырып тастап жүрмесін...— деді.

— Оны мен сізге ерте ескертіп едім ғой, Никон Абрамович...Рязанов мырзаның қолынан шыққанының бәрі де осындай, өлуге келеді де көмуі бізге парыз болып қалады... Амалсыздан жүргіздім... Ұзамай шығарып тастауға тура келеді,— деді Бернер.

Қожайын күрсініп қалды да үндеген жоқ. Кім айыпты екенін енді айтысып жату — пайдасыз да, бос әңгіме еді. Кенді гүрс-гүрс ұрып, ұсақтап жатқан ауыр шойындардың гүрсіліне тозығы жеткен тиірменнің шыдамайтыны анық. Не жаңарту керек те, не болмаса, тастау керек. Әсіресе, Рязановтың өз есебіне өткізуді ұмытпау керек... Тиірмен үш айдан кейін қыйраса, компанияның ортақ шығынына түсіп кетеді. Ушаков Бернерге осыны ескертті де:

— Машина маңайының бәрі де қоршаусыз, жұмыскер үшін қауіпті жайлар көбірек екен. Мұндайлардың жауабы заводтың басқарушысы сізден сұралады ғой,— дегенді қосты.

— Тиірмендер ұзамай тоқтайды... Қыйрап тоқтайды. Сіз бірден танидыңыз...— деп, Бернер Ушаковтың нені ескерткенін түсінгенін білдірді де: — Өзге шараларды арғы күнге дейін ойланып келермін,— деді.

Үсті-бастарын сұр шаң-топырақ басып кеткендіктен өздері де сұр тастан жасалған сияқты көрінетін жыйырма жұмыскер оңаша тас сарайда кен ұсақтап жатыр. Бәрі де жаланбастанып алыпты. Шаш, кірпік, сақалмұрт, әртүрлі мұрындар, бәрі де тастан жасалған сияқты. Тасты тасқа ұрып, біраз кішірейтіп алып, одан кейін ауыр темір балғалармен ұсақтайды. Тастан жасалған адамдардың иіліп бүгілетініне сене алмайтындайсын. Шаң жауып кетпеген жалғыз көздері ғана. Бәрі де әлсін-әлсін түшкіреді, ара-тұра булығып жөтелетіндері де

бар. Бет сүйектері өскен, мойындары қылқыйған, арық адамдар. Бір жас бала мен екі қазақ әйелі, шалбарланып алып, мысы жоқ тастарды теріп, есіктің алдына бөлек үйіп жүр. Әйелдер тіпті жүдеу, құрылып қалғандай, бет-ауыздарының бәрі әжім.

Әйелдер мысы жоқ тастарды көбірек тауып кетсе, жұмыскерлер жаратпай қалатын сыяқты:

— Көрместі қайдан көре қоясындар осы?

— Әне бір жерінде бар ғой жылтырағы! — деп әйелдердің ала берген тастарын тартып алады.

— Теуіп жіберермін... Әрі тұр, әрі! — деп қалатын томырықтары да бар. Әрбір ұсақ таста еңбегі кетіп бара жатқан жұмыскерлер сорлы әйелдерге қатты сөздер айтады. Қағып қалып қылжыйта салатындары да бар. Әйелдер кейде жылап жібереді. Бірақ табандасып ұрысса алмайды. Шеттей жүріп тастарын жыйнауға қайта кіріседі.

— Таңжарық-әй, анау бір кесек мысы жоқ тас қой... бері алшы,— деп әйелдер жұмыскерлер жағына баланы жұмсайды.

Ушаков инженерлермен осында келіп еді, оның келуін көптен күтіп жүргендей, жұмыскерлер тұра қалды. Енді олар тастан жасалған адамға тіпті қатты ұсап, қозғалмай, үн шығармай тұр. Мұрындарын басып, түшкіргендерін де сездіргілері келмейтін сыяқты.

— Е-ehen! — деп Ушаковтың өзі түшкіріп қалды да, жұмыскерлерінің бірдеме айтқылары келетіндерін сезіп:

— Ну, ұсақталған кеннің бұтына неше тыйыннан аласындар? Күндерің қаншадан келеді? Қалай тұрасындар? — деп сұрады. Арыздары болса, құлақ қойып тыңдайтынын аңғартып, жұмсақ ыңғай көрсетті.

— Ұсақталған тастың пұтына үш тыйыннан аламыз... Пұшт!..— деп бір қазақ жұмыскері түшкіріп жіберді. Сарай ішінде тұнып тұрған шаң еріксіз түшкіртті. Ол ұялып, теріс айналып кетті. Енді жұмыскерлер бірін-бірі көздерімен түртқілеп, тағы біреуін орнынан қозғап, алғарақ шығарды. Күре тамырлары шаң астынан да білеуленіп тұрған, мосқалдау адам, екі саусағымен мұрнын бір қысып, шаңын сүртіп қалып:

— Күніміз алпыс тыйыннан әрең айналады. Таңсәріде келеміз, інір жабыла кетеміз... Айтатын арызымыз бар... Анау әйелдердің оңаша үйіп жатқан тастары неге есепке кірмейді? Біз ол тастарды да ұсақтадық қой?

Мысы жоқ болса біз қайтейік? Здірә ұсақтаттырмандар! Көрместі көреді екенсіндер деп, құр қатындарды ұрамыз... Одан не пайда? — деді. Осымен жұрттың арызын толық айтып шықтым деп ойлады ол. Осыдан әріге тілі де жетпеді.

— Сол тастар біздің есебімізге кірсін! — дегенді басқалары айтты. Көбі қолдарымен, көздерімен, изеген бастарымен толықтырысты.

— Мысы жоқ тас көп кездесе ме? — деп сұрады Ушаков әйелдерден. Олар жапалақша құр жаутаңдасты да нені сұрап тұрғанын түсінсе де жауап қайыра алған жоқ. Бұл әлі қазақ әйелінің тілі шықпаған кезі еді. Көзі көретін, құлағы естітін, көңілі де ұғатын, ойы мен тілі бас білмейтін.

Әйелдер құр сыйпақтасып қалған соң екі-үш жұмыскер қатар қозғалып, алғарақ шығып:

— Күніне елу-алпыс пұт тасымыз здірә өледі. Қашаннан бері осылай. Дұрыс па осы?

— Төлеу керек...

— Ылғый шаң жұтамыз, қолқамыз шаңға толып болды! Төлеу керек! — десті.

— Десятниктерің қайда? — деп сұрады Бернер, әңгіменің бетін аударғысы келіп. Жұмыскерлер тас сарайдың қараңғы түкпірін нұсқап, өздері Ушаковтың алдынан шегінісіп кетті. Бұрышта не барын Ушаковтың өзі көрсін деп, жарық жақтан шалқая шегінді.

Тас ұсақтайтын жыйырма жұмыскердің десятнигі, Ақ-бұйратқа келгелі он жыл болған, ысылған жұмыскер Мұнайтпас екі қолын екі кесек тасқа тіреп алып, бұрышта булығып отыр еді. Қызарып кеткен көздерінен жасы барлап, сақалының арасынан кір тамшылары тамады. Сол жақ езуінен қанды көбік білініпті. Демін қыска-қыска алып, ентігіп отыр. Қозғалса-ақ тағы жөтелерін біліп, көздерін де қозғамауға тырысатын сыяқты. Ең кіші баласы Таңжарық әкесінің иығына күпісін жауып жатыр.

— Немене, ауырып қалған ба? — деп сұрады Ушаков. «Нағып түсінбей тұрсын?» дегілері келетінін аңғартып жұмыскерлер наразы қарасты да жауап берген жоқ. Тағы да кейінірек шегініп кетісті. Бұл жолы наразылықтарын білдіріп, Ушаковтың өзінен шегінгендей еді.

— Бір жарты айға босатайық... Үйінде жатып демалсын,— деді Ушаков. Жұмыскерлер мұнысына да үндескен жоқ. Көздері «Қалай демалады? Кім асырайды?»

деп тұр. Өзінің орынсыз бірдеме айтқанын, оның жұмыскерлерінің наразы болып қалғанын Ушаков та біліп тұр...

— Қайтеміз? Төлеу керек болар...— деп, Ушаков инженерлеріне бір қарады да, жұмыскерлерге қарай бір-екі аттап, жақындап барып:

— Жақсы, бұдан былай бәріне де төлснеді. Бірақ, мысы жоқ тастарды бұрынғыдан гөрі де ұқыптырақ теретін болсын. Әйелдерге айтыңдар, түсіндіріңдер,— деді.

Осы сөзін, әлде, келген бетінде айтса, жұмыскерлер үйіп-төгіп алғыс айтатын еді. Оны Ушаковтың өзі де сезген. Енді міне, аз ғана кешігіп айтып еді, жұмыскерлер қуанған да жоқ, бір ауыз алғыс та айтқан жоқ. Уялғаныңнан көндің, өз қолымызбен тартып алдық, айтар алғысымыз жоқ дегілері келетіндей, наразы күйлерінде қалды. Біріне-бірін ұрған тас дыбыстары да ешкімнің көңілі көтеріле қоймағанын аңғартатындай еді...

Ушаковтың күн бойы көтерінкі жүрген көнілін осы бір болмашы көңілсіздік оп-оңай бұзып кетті. Өз қолынан оңай-ақ бере салар, түкке тұрмайтын бір жарым сомды жұмыскерлер өз қолдарымен жұлып алғандай көрінді. Бұған жұмыскерлер жәбірленіп қалса, жұмыскерлеріне бұ да жәбірленді.

Осы халде үйіне қайтып келе жатып, инженерлеріне үндеген де жоқ. Бұрынғыдай емес, енді тас көмірмен өртеп жатқан тас үйінділеріне де қарамады. Әлі де баяғысындай, он сегіз, жиырма күн өртелетін шығар, бәрі де қара күшпен істеліп жатқан, жаңалығы жоқ,ескі гой деп ойлады. Тек есігінің алдына келген соң, енді қасындағыларын үйіне шақырмайтынын аңғартқысы келгендей, тоқтады да:

— Сендер қожайынмен бұлай сөйлеспеңдер, алай сөйлестіңдер, құрмет көрсете білмедіңдер деп, жұмыскерлерді әурелемейтін болыңдар,— деді Ушаков.— Оның керегі жоқ... Бұл жолғы айып өзімізде. Мен мұны бірінші сабақ деп білем. Тыйынды қызғанып, теңгеден айрылу осындайдан туады. Оларға рахмет айту керек, ұмытқанымызды еске салды, — деп Ушаков мұны қатты ескертетінін аңғартты.

Қасындағылардың жауап беруін күтпей тағы да өзі сөйлеп кетті:

— Карл Карлович, біз ылғый бір абыр-сабырта келе жатырмыз гой. Мен сізді айыптамаймын, жәбірлен-

беңіз... Бірақ, алды-артымызға енді бір қарап алғанымыз да жөн болар. Әлденені онай көріп, арзан бағалап, әлденені қыйын көріп қымбат бағалап қоймадық па екен?.. Әсіресе, ысылған жұмыскерлермен ойнамауымыз керек. Мен қазақ жұмыскерлерін айтам. Сүйенеріміз солар болады. Орыс жұмыскерлері өздері де теңдігін жібере қоймас... Мен жоқ нәрседен наразылық туғызып, қолдағыдан айрылып қалып, жаңадан жұмыскер іздей беруді мақұлдамаймын,— деді Ушаков. Бернер басын әлсін-әлсін изеп тұрып, қойын дәптеріне екі нәрсені түртіп алды:

«1. Біздің өндірісте негізінде қазақ жұмыскерлері болады.

2. Ескі жұмыскерлерден айрылып калмауға керекпіз».

Осы жазып алғанына орай, қазақ тілін үйрену керек болар деп ойлады Бернер.

— Шаң мен түшкіре беруді азайтуға болмас па екен? Тұрмендерің тоқтаған соң, салмақ жаңағы жұмыскерлерге түспей ме? Бәрі де ауру, арық қой өздері...— деді Ушаков қабағын түйіңкіреп.

Тастың, мыстың, күкірттің шаңынан өкпені қауып қалатын аурудың атын Ушаков әзір білмейтін еді. Бернер сол аурудың жайын айта келіп:

— Жазды күні қыйын емес... Қысты күні ауыр соғады... Және шаңмен бірге мыс көп кетеді... Дегенмен, оны да ойланармыз,— деді екі оқтылау.

Күзді күні келгенінде Рязанов тас ұсақтап жатқандарды көріп жүріп:

— Көп түшкіреді екен... Мәдениетсіздік қой бұлары, кісі келіп қалғанда сөйте ме екен! Жұмыскерлерге мұндай жайларды түсіндіріп қою керек,— деген еді. Ушаковтың есіне Рязановтың сол айтқаны түсе калып:

— Карл Карлович, есіңізде ме Рязанов мырзаның мәдениетсіздік жайында айтқаны? Мәдениетсіздік деп жаңағы біз көргенді айту керек. Бірақ ол біздің надандығымыз, жұмыскерге жабудың керегі жоқ,— деді.

Әшейінде кең жүретін Ушаковтың қазір тарылып тұрғанын, әрнәрсені қатал айтып тұрғанын еске алып, инженерлер үндескен жоқ... Бірге мұнайып тұрғандай, жүдеу тұрды.

— Кешке мен жұмыскер барактарын аралап қайтамын,— деді Ушаков.— Қалай тұрады екен, балалар

өлімі көп емес пе екен, ауру-сырқау жоқ па екен, біз ондайларын да біліп отыруымыз керек...

Ушаков осы ойының түпкі мәнісін түгел түсіндіруге бет алып, шылымын орай бастап еді, пар атпен келе жатқан Сикорскийді таныды. Ол оны жолшыбай өзі шақыра келіп еді. Бұл шақырысынан жаксылық күте алмаған Сикорский тез жетіп қалған екен. Енді Ушаков қасындағыларын үйге шақырып, Сикорскийдің шанадан түсуін күтпей, үйіне кіріп кетті. Көздері тұманданып, қабағы түнжырап кетіпті. Кернеп бара жатқан бірнеше ашудың ызасын аяусыз ақтарып бір-ақ төгетін ынғайы бары байқалады. Бернер мен Некрасов көз қыйықтарымен бір-бір карасты да олар да үйге кірді. Сикорскийді бұлар да тоскан жоқ.

— Сен иттің баласы неменеге дандайсып жүрсің? — деп Ушаков Сикорскийге кірген бетінде ақырып калды. Сикорский басындағы құлақшынын тез жұлып алып, қолтығына қысып, басын иіп:

— Здравстуйте...— деді. Басқа жауап қоса алған жоқ.

Көзі Ушаковтың қатты түйілген жұдырығына кадалып қалыпты. Одан жоғары көтеруге дәрмені жетер емес. Осы жұдырық ескі әдеттерін ұмыткан жоқ-ау деп ойлайтындай, құнысып, сөмпиіп барады. Едәуір каскайып қалған басының әр жеріне қызыл жирен тенбілдер шыға келді. Бір жақ шекесінде ұзын күйінде қалдырып, қасқа басына көлденең жапкан аз ғана жирен шашы ол тенбілдерді бүркей алған жоқ. Суықтан күренденіп кеткен ұзын мұрнының ұшында үлкен бір тамшы мөлтілдеп тұр...

— Мұрныңды сүрт! — деді Ушаков.

Бұдан кейін естітін боқтығы канша ауыр болса да, Сикорскийге осынысы қатты батып кетті. Өлтіре көрлау үшін әдейі айтылғанын да түсінді. Тұла бойы тұтас ду өте түсті. Ушаков аяғын кере-кере адымдап, бұрышқа барып бұрылды да:

— Саған өз бетіңмен зақ орнатуды кім үйретті? — деді. Мұнысы ойындағы запыранын дәл жеткізе алмағанын сезініп, қабаттап-қабаттап боқтап жіберді. Керекті сөздер аузына түсе қоймағанына ызаланып боқтады. Сикорский жауап бергісі келіп, қыбыр етіп қалып еді, көзі жарық етіп окыс бұрылып:

— Шығарма үшінді! — деді.

Сикорский қайтадан сіресіп қалды. Бар ұскыны «қазір маған жауап беруден гөрі тыныш тұрғаным жайлырақ болар» дегенді аңғартады. Не жайлы, не жайсыз боларын өзі де әбден түсініп тұрған сыякты. Жалғыз тілегі мынау инженерлердің көзінше қол жұмсамаса екен деген тілек еді.

— Сен орыс пен қазақ жұмыскерлерінің қырылысын жасағың келіп жүр ме? — деді Ушаков. Сикорский үндеген жоқ.

— Олар біріне бірі араласпасын дегенді қайдан ойлап шығардың сен? Бірінен бірі көмір қазуды үйренем десе неге лұқсат етпейсін? Өзің үйрет бәріне де деп тапсырып па ем мен? Кімге тапсырып ем? Тап сенің өзіне тапсырғамын, подлец! — деп, Ушаков тоқтап қалды. Кінә неде екенін айтып тұр да, оны қалай түзетуді айтуға шыдамы жетер емес. Құр айғайлағанмен өндіріп ешнәрсе айта алмағанын сезініп, өзіне де ызаланатын сыякты... Булығып, жарылып кеткелі тұр. Сикорскийге не айтатынын бізге де естісін деп шақырды ғой деп бұдан гөрі көбіректі күткен Бернердің жүзінде наразылық қана бар сыякты.

— Рязанов мырза мені осында жібергенде әдейілеп тапсырған біраз нәрселері бар еді... Мен әр кезде сол аңғардан шығып кетпеске тырысып келдім...— деп Сикорский арқа сүйері барын аңғарта бастады жауабын. Өзінің карапайым адам еместігін де аңғарткысы келіп, сыпайышылықпен бастады.

— А! Рязанов мырза саған соны тапсырған екен ғой! Бөгей бер, атыстыра бер деп тапсырған екен ғой! Солай ма? Тыйындап пайда келтірген болып, теңгелеп зиян келтір деп пе еді?..

— Жоқ, олай емес... Мен басқа нәрсені айтпақ едім...

— Бекер болған! Мен сені мана жұмыскерлердің ортасында маскаралап кетуім керек екен! Сыпайышылық істеп ем, бекер болған екен! Шық, шық подлец! — деді Ушаков ақырып. Үйдің қабырғалары дір етіп қалды, Сикорский салбырап шығып кетті...

8

Қаскабастанып алған толық ай Ақ-бұйрат адырына көгілдір жарығын қадай төгіп тұр. Бұлытсыз, шымқай көк аспан жібектей жеңіл сезіледі. Бүкіл бір өңір бүгін

мыс заводының гүрсілін тыңдағысы келгендей, қыбыр етпей ұйып қалыпты. Алыс-жақын қырқалар түгел берірек ойыскандай, ентелей төніп тұр. Жүзінде әжімі көп ақ дала құтырынбай, желікпей, сұлық жатыр. Даланың дағдылы беймазасы жел де жоқ. Заводтың ұзын өнештерінен жұлындап будақтаған көк-шулан бұйра түтіндер жарық түнде жақын сезілетін көк аспанға тіреу болғысы келетіндей, тіп-тік көтеріліп барады.

Айналасының осынша тынып тыңдағанына орай бүгін завод маңындағы бар қыймыл-қозғалыстар да ерекше сыяқтанады. Бар адам завод пештерінің зіркілдеген күйіне билейтіндей, дөңгеленіп тез қозғалады. Кесек-кесек мыс кірпішін көтерген жігіттер шұбап өтіп, шұбап қайтып жатыр. Бар адам көңілді, шаршау дегенді ұмытқандай, жарқылдай қалжыңдасып жүр. Завод гүрсілінен аз ғана тітіренгендей болатын жерді адам аяғы ұзақ басып тұра алмай, тез жүріп кететін сыяқты.

Осы манда не болып жатқанын, кімнің қалай қыймылдап жүргенін салмақпен бақылап отырған жалғыз Ушаков қана. Астында жәшік, үстінде қара ешкілердің терісінен жүнін сыртына қаратып жасатқан үлкен тон, арлан қара аюдай болып, завод қорасының ортасында ол жалғыз отыр. Берілер бұйрықтар беріліп болған, оның ендігі абайлап отырғаны сол бұйрықтардың орындалуы ғана.

Орынсыз айғайласып, орынсыз жарамсақтанысып, Ушаковтың көзіне орынсыз көбірек көрінгілері келіп, кіреші Ыбырай мен Батыраш жанталасып жүр. Әлсін-әлсін «кожайын, кожайын!» десіп қояды.

— Өгіз отарынан таң сәріден шығып кетсендер, күн бата Қарағанды басындағы өз бекетіне барып құлайсың. Кожайын ертең сонда болатын сыяқты. Өлсең де жет! — дейді Ыбырай жүгін артып алып жатқан Батырашқа.

— Әй, кос құйрық! Кіре Игіліктікі, жүк кожайындікі, апаратын — мен. Сен неменеге қыстырыласын осы? Сені білген кожайын мені білмей ме екен? Біледі! Маған керек тілмаш сен емессің! — деп, Батыраш тік жауап беріп, теріс айналады.

— Өй, сен кожайынның сырын білмейсін. Мен он жылдан бері дәмдес болып келем. Бұл алтын кісі! Мұндай кожайынның көңілін қалдыру, туған әкеңнің көңілін қалдырғанмен бірдей, құдай алдында кешілмейді! — деп, Ыбырай тіпті шаңқылдап сөйлейді.

Ол бірдемені баса тапсырып, Батыраш онысына көнбей жүргендей жаман ой тұғызғысы келіп, даусын ышқындырып-ышқындырып алады. Қожайыннан тамар жақсылық болса жалғыз көргісі келетін Батыраш та оны маңына жолатар емес. Бұл сыяқты арзанға көзі үйреніп болған Ушаков олардың неменеге бажылдасып жүргендеріне түсінбегендей, үнсіз отыр. Ішінен «осы бір ит мінездерің қашан қалар екен?» деп, безіне жеркеніп, жаратпай қалды.

Бүгін Ақ-бұйрат заводы қорланып қалған мысын бірінші рет Қызылжарға жөнелткелі жатыр еді. Түс ауа Батыраш әкелген Игіліктің түйелі керуені қазір үш мың бұт мысты артып аяқтап келеді.

— Міне, Никон Абрамович, айтқаным дәл шықты. Жүз қырық түйенің жүгі артылды, енді қалғаны екі жүз пұт, он түйеге артылады да кетеді,— деп, Бернер өз есебінің дұрыс шығып жатқанын Ушаковқа бір мәлімдеп кетті.

Емен табанды шаналарға темір белдіктермен бекіткен емен жәшіктерге күйіңкіреп піскен қара нан сыяқты мыс кірпіштер текшеленіп салынып жатыр. Ара-арасына агаш жаңқаларын толтыра сығарлап жатқан арнаулы екі адам бар. Жалаң қаққан оңтайлы жігіттер үйреншікті жұмыстарын дағдылы қозғалыспен оңай істеп жүр. Қалжыңдары да тынбайды. Тас қорадан тізіліп шығып, қос білектеріне көлденең салған мыс кірпіштерін шананың қасына аудара тастайды да жігіттер тізбегін бұзбай кейін қайтады.

Қолында балғасы мен кемпірауызы бар, жәшіктердің қасында Баянды ұста аз бөгеледі. Жүк артып жүрген жігіттерді маңынан қуып жіберіп, емен жәшіктердің аузын Баянды жалғыз бекітеді.

— Секрет!

Секрет дегеннің не екеніне түсіне қоймаса да, жәшіктердің қақпағы қалай жабылатынын ешкімге көрсетпе деген Бернердің тапсырмасын ол бұлжытпай орындап жүр. Астыңғы жағында айқұш-ұйқыш темірлері бар ауыр қақпақ гүрс етіп жабылады да, өзінен өзі тас бекіп ашылмай қалады. Сол «кілтипон» Баяндының қолында.

— Әй, Баянды деймін, осы дүниені Қызылжарға апаратын менмін ғой. Мына кілтипоныңды маған көрсетіп, түсіндіріп қоймаймысын! — дейді Батыраш, Баяндыға жалына сөйлеп.

— Еналдымен саған көрсетуге болмайды,— дейді Баянды.— Бір кірпіш ұрланса ол сенің қолың болғаны.

Баяндының ашықтан ашық ұрысын деп тұрғанына Батыраш жәбірленс алмай, әлі де жалына түсіп:

— Апырау, жолда біреуінің аузы ашылып кетсе, қалай жабам? Тым болмаса, соны үйретші,— дейді.

— Ашылмайды, әке десең ашылмайды. Ұрлағың келсе, сүйменің қасында болсын, жәшікті бұз!— дейді Баянды.

— Әй, қоқал, маған сенің құдайыңдай Игілік те жүз елу түйесін сеніп тапсырып жіберіп отыр. Сенікі не, жоққа бәлсініп? — дейді Батыраш.

Ұсталық өнеріне тіс сөйлегенді тіпті жақтыра алмайтын Баянды одан әрі шыйрығып кетті:

— Игілік құдай болса, саған құдай шығар. Құдайың сенсе, сене берсін, мен саған, өліп тірілсең де сенбеймін, — деді.

— Қап, бәлем, бидің өзі осы арада болса, қандай құрдай жорғалап жүріп айтар ең! Кебеженің аузын қалай жабу да өнер болғаны да! — деді Батыраш кекетіп.

— Игілік түгіл, оның әкесі Өтеп, Өтептің әкесі Қазанғап келіп сұраса да айтылмайды, білдің бе?

Қазақ ауылдарында бет қаратпайтын Батыраш кожайынның ұстасымен бұдан әрі егесе алмай қалды. Өкпелей де алған жоқ. Қайта, завод адамдарын еркінсітіп алған Игіліктің өзіне өкпелегендей болды. Баяндыға ер құнындай кек сақтайтынын жасыра алмай, ызалы түрде теріс айналды. Баянды онысын елеген жоқ.

Табандары бөренедей қалың еменнен жасалған, қос түйе жегілген ауыр шана келіп тоқтағанда Ушаков та орнынан тұрды. Шабақтарына дейін түгел қалың темірмен бекітіп тастаған шананы тағы бір тәптештеп қарап шықты:

— Шыдайтын сияқты.

Он шақты жігіт, арнап жасалған темір төсегі мен шөккен нардай үлкен кесек мысты жылжытып осы шанаға қарай әкеле жатыр. Бұл Нілдіден осы кесек күйінде табылған самородок еді. Бүгін ғана қашап жазған жазулары ай сәулесіне шағылысып сап алтындай жарқырайды:

«Успенский самородок — 53 пуда. Рязанов — Ушаков и К°. На парижскую выставку» деп жазылыпты.

Кесек мыс осы шанадан түспеген бойы Екатеринбург арқылы Петербург аспақшы. Одан әрі Парижға кетпек. Қазақ даласынан дүниежүзілік көрмеге бірінші рет аттанып бара жатқан мыс жолаушымен қоштасып қалуға жұрттың бәрі осы араға жыйналыпты. Осының өзі шынақ жалғыз кесек пе, шын-ақ мыс па дегендей, жұрттың бәрі мың көрген кесекке тағы бір үңіліп қарайды. Қолдарымен сыйпайды:

— Қызықтырар-ақ!

— Естен тандырар!

— Қарындасын қоса жіберу керек еді,— деседі.

«Қарындасы» қырық пұттық кесек мыс патшаның өзіне сыйға тартылып, осыдан бір жеті ғана бұрын Петербургқа жүріп кетіп еді.

Қабат-қабат жамылып, темір белдеулермен тас бекініп байланып алып, енді міне, ағасы да жүріп кетті... Бар даусымен айғай салып, бар көркімен сыйқырлап, қазақ даласына дүние жүзінің обырларын шақыруға кетті...

Ұзамай жүгін артып болған түйелі кіре қоңыраулатып, күңгірлеп, Ақ-бұйрат адырынан Көк-өзек қоңырына қарай құлай берді. Жар басында, мыс керуеніне қызыға қарап жалғыз Ушаков тұр. Жыйырма жылдан бері тыным таппаған, шаршай білмеген адам ақша боп оралатын кіреге, үлкен жез қоңыраулардың балдырлағанына, ән тыңдағандай елтіп қалыпты. Өркештері, өсек айтысып отырған екі кемпірдей кезек изескен, семіз түйелер паң аяңдап, шұбап арғы қабаққа шыққанша Ушаков та көзін айырған жоқ. Қандай жақсы көрініс, қандай жақсы күй!.. Тас еді, шаң еді, азап еді, кір еді, енді міне, мыс болып жүріп кетті, күміс болып кейін оралады.

— Қош, жыйырма жылдық азабым! Ағылшындарға, французларға, немістерге Россия байлығынан, байлық жасай алатын адамдарынан сәлем айт!

Күндіз қанша шаршаса да осы жалғыз көріністен Ушаков қайта сергіп кетіп еді. Тағы да іске шабыты соқты. Завод қорасына қайта келіп, Бернерге құттықтау айтты да, өзін де ертіп әкетті. Жүріп кеткен мыс кіренің құрметіне қожайын шайға шақыратын шығар деп Бернер дәмеленіп еді, ол емес, тағы да жұмыс, тағы да әрекет екен:

— Карл Карлович, бір ауыр борышты аткардық. Енді

мен көптен бері орындай алмай келе жатқан бір міндетімді бүгін атқарғым келіп тұр. Бүгінгідей көнілді күн де кездесе бермес. Жұмыскер барактарын аралап шықсақ қайтер? Мен таң ата жүремін ғой,— деді Ушаков қасында келе жатқан Бернерге.

Бернер азырақ абыржып қалды. Бұдан екі ай бұрын айтқан бір сөзін Ушаков ұмытып кеткен сияқты еді. Ушаков аралап шығам дегенде барактарға жасалған болымсыз әзірліктер өшіп те кеткен. Олай болса, бүгінгі көнілді бір кездің ұзаққа бармайтыны да даусыз. Бернер осы жайларды есіне алып:

— Жұмыскерлер жатып қалмады ма екен? Кеш болып жүрмес пе? — деген сияқты әлсіз ғана қарсылық етті. Шайға шақыра ма деген үміті болмай шыққанына да көңілсізденіп қалып еді ол.

— Сағат әзір тоғыз... Жатпаған барактарды көріп шығуға да болады,— деп, Ушаков бетін барактарға қарай бұрды. Бернер амалсыз еріп кетті.

Биік қырқаға тірей қаз-қатар салынған жұмыскер барактарының үстінен қар жүріп кеткен. Қарын аршыған терезелерден сығырайып қана күңгірт жарықтар көрінеді. Он шақты барактан аспанға тік көтерілген бұйра түтіндер биікте тоғысып, қоңыркай ғана бұлтқа айналыпты. Тіршілік бары осы түтіннен ғана байқалады. Басқа қыбыр еткен бір жан жоқ.

Ушаков барактардың ауыр жайларын жақсы білетін еді. Оны өзгерте қояйын деген ойы да жоқ. Бірақ, бұл кездегі жұмыскер қаумының қожайын кіріп-шығып, бір-екі ауыз жылы сөз айтып кетсе разы болып қалатын бір мінезі бар. Оның бұл жолғы көздегені де осы ғана. Мұнда Бернерді, Қарағандыда Сикорскийді жұмыскерлер жек көреді. Біреуі жақсы инженер болғанмен жұмыскер жайына адам көзімен қарай алмайды. «Ақынды ал, жұмысыңды істе, одан арғыңды өзің көр!» дің адамы. Енді бірі әрі инженер де емес, әрі адам ұрпағының азғыны, подлец! Рязановтың еріксіз тағайындатқан адамы, Сикорский.

Сондықтан, өзі ұзақ сапарға кетерде Ушаков жұмыскерлер барағын ылғый бір аралап шығып, азды-көпті көңілдерін аулап кететін.

Ушаков ең шеткі баракқа келіп кіргенде-ақ мұндағы жұрттың адам тіршілігінен алыстап бара жатқан халін көрді. Әр жерде сығырайған білте шамдар едәуір бол-

ғанмен ұзын баракты ішінен көзіне айқын көрінген бір нәрсе жоқ. Әр жерде қыбырлаған адам денелері, шам қасында сығырайған көздер ғана байқалады. Баракты ауыр исінен білте шамдар да өлімсіреп, әрең жанған болып тұр. Ушаковпен ере кірген құшақ-құшақ суық ауа, бауырымен жер сызып бара жатқан ақ бұлтқа ұсап, баракты ішін тіпті көрсетпей жіберді. Бұлт үстінде әркімнің кесер бастары ғана қалыпты. Ушаков баракка кіріп, барақ толы адам тобын тұтас көріп тұрып амандық айтпақшы еді. Көп дауыстардың қосыла шыққан амандасуын естімекші еді. Мынау күлімсі қара көлеңкедегі адамдар мұның келгенін көрмей қалғандай үн шығармағандықтан, есік жақтағы шеткі шамға жақындап келіп:

— Здравствуйте! — деп еді, еңалдымен:

— Ойбай, бұл қайсының едің? Құманды төгіп кеттің білем?! — деген қазақ әйелінің даусын естіді. Содан кейін ғана сығырайып қараған москал жұмыскер келгендерді танып:

— Қожайын екен ғой! Іздарсти, іздрасти! — деп, екі қайырды да:— Тұрсын, басынды көтер,— деді.

Есік жақтағы қабырғаға арқасын жапсыра, күпі жамылып жатқан жігіт Тұрсын ұйқтаған жоқ еді, басын көтеріп, тұра келді. Оған таяна бір көрпе жамылып жатқан жас әйел мен москалдау әйел де бастарын көтеріп алды. Ескі құрамыс көрпені алдарына түсіріп, екеуі де қожайынға қысыла қарап отыр. Москалдау әйел қалың кір баскан арық көкіректерін де жаппапты. Тұрып кетейін десе, карсы алдарында қожайындар тұр. Москал әйелдің қасында, төсегінің үстінде шоқайын жамап отырған москал жұмыскер Жаныс қолындағысын қасына қойып:

— Жоғары шығыңдар, қонақтар,— деді сасқанынан ыржыйып. Бірақ ол жоғарысы қай жакта екенін көрсете алмады. Қасына қоя салған сірі шоқай, су сұрап өлген жайын балықтың аузына ұсап, аузын кең ашып алыпты.

Шалға таяна екі жас бала бір шолақ топды кезек-кезек тартып, кезек-кезек тебісіп қойып, ұйқтап жатыр. Оның аржағы басқа бір семья сыяқты, өз алдына оңаша жылтырағы бар, өзімен өзі бөлек қоқып жатыр. Олар да тап осылардай, жұтаған тіршілікте көрінеді. Барақ ішіндегі ең басым үн шыйқылдап, булығып жөтелгендердің үні екен.

Жалпы жоқшылықпен жұтаған тіршілік жайын Ушаковтың өзі де жақсы білетін еді. Бұл жерде оны қатты тандандырған енесі мен келіні ортада, бір көрпенің астында жатқаны болды. Екі әйелдің ері әке мен бала — екі шетте, әр қайсысы өз әйелі жағында жататынын көріп тұр. Бірінің келіні, бірінің шешесі ортада жатыр... Бұл бір өте тоналған өмірдің тар қыспағы сыяқты еді. Ушаковтың өзі де қатты абыржып қалды.

Үнсіз телмірген әйел көздері Ушаковқа осы бір зарды айтып тұрғандай:

— Көресіз бе, әкесі мен баласы, шешесі мен келіні, аралас жатырмыз. Адам баласы бұлай тұрмасқа керек кой. Мынау әке, мынау келін, мынау шеше, мынау баласы екенін ұғасыз ба? Бір күн көріс үшін ұят-әдептен осынша айырылуымызды қалай лайық көресіз? — деп кіналап қарайды.

— Бұл қалай болған? — деді Ушаков, үндемеуге шыдай алмай,— әке-шеше, бала мен келін, бәрі аралас жатуға болмайды ғой. Неліктен бұлай болды? — деді Тұрсынға қарап, орысша сөйлеп.

— Осы арадағы он баракгың тоғызында осындай жай бес — алтыдан кездеседі. Үйішімен сіздің жұмысқа кірген адамдардың бәрі де осы күйде,— деді Тұрсын.— Әр семья осындай бір бұрышта бірге тұрамыз... Басқа амалымыз қайсы?..

— Әке-шешең бір бөлек, әйелің мен өзің бір бөлек, басқа бараста тұруға болмай ма?

— Бөлініп тұруға бір себеп болса, бірге тұрудың себебі онға жетеді: Шам. Бала. Су. Жуатын кір. Тамақ. Табыс пен шығын...— деп, Тұрсын әр себепті жеке-жеке атады.

— Сен өзің не істейсін?

— Ұшпыршымын. Кепші...

— Әкең ше?

— Завод пештеріне көмір тасыйды.

— Шешең ше?

— Балаларды бағады, тамақ істейді.

— Әйелің ше?

— Ұсақталған кенді тастарды сұрыптайды.

Ушаков аз ойланып қалды. Қазақтың бауырмалдық салтынша, кейде бір еңбек адамын сағалап бірнеше туыскандары бос отыратын еді. Бұл үйдің ішінде ондай масыл жоқ сыяқты. Бәрі де керекті адамдар. Бұлар тү-

гіл, анау шолақ тонға таласып жатқан екі жас бала да күні ертең ашық шахтадан кенді тас теруге жарайды. Не істеу керек, не жәрдем ете алады? Ушаков осыны ойлап қалып еді.

Басында мыжырайған тымақ, үстінде ұзын ақ бөз көйлек, бөз дамбал, аяғына ескі шоқайды іле салған тырыйған арық ұзын шал Ушаковқа жақындап келеді. Сақал-мұрты аппақ, өзі де қуарып болған сүйектей, кірпігін қақпайтын екі қара көзін Ушаковқа тура қадап алыпты.

— Шырағым, қожайын екесін ғой келген. Алдаразы болсын. Әке-шеше, бала-шағаның бірге жатқанын ұнатпай тұрсың ғой, солай ма? Ал, маған не айтасын? Екі балам, екі келінім, бесеуіміз қатар жатамыз. Ең арғы түкпірдеміз. Бізді де көре кет, жаным,— деді шал.

Ушаков оның не айтқанын Тұрсын арқылы анықтап алғанша, шал тағы да сөйлеп кетті:

— Су қараңғы соқыр шал едім. Енді құдай ұрып сақ құлақ болдым. Құдай көзімді алғанша, құлағымды алса, көзімді жұмып алар едім. Көрмес едім. Жалғыз өз түкпірім емес, бүкіл баракты қыбыр-сыбыры менің құлағыма бірі соқпай өте алмайды. Жұрт бірін бірі естіп жатады, бірінен бірі ұялу дегеннен қалды. Еріксіз малға айналып барамыз. Не болмақпыз? Айтып кет! — деді.

Ушаков шалға не айта алсын, аласа нардың үстінде екі жарыла жатқан жұрттың ортасындағы тар көшемен барактың аргы түкпіріне барып, кейін оралды. Ие, ешпәрсені көрмесе де, ешкімге қарамаса да болатын сыяқты. Бәрінде де бір-ақ жай, бір-ақ күй. Үндемей кетуге де болмайды. Жұрт ортасына түгел түсіп әңгімелесе қалса, өмірден көрген жәбір-жапа қардай борайтын сыяқты. Әркім орындарынан тұрып, мойындарын Ушаковқа қарай созып, киіне бастапты. Әр жерде сілесі қатып жылап жатқан жас балалар да, баласына ұрысқан әйелдер де, шыйқылдап, булығып жөтелгендер де, бәрі қосылып бір-ақ арыз айтып жатқан сыяқтанады. Ол ауыр әмірдің, тым тұрпайы өмірдің арызы. Сондықтан Ушаков өз айтарын жалғыз Тұрсынға айтып, тезірек кетіп қалуды дұрыс көрді.

— Менің өзімнің де бала-шағаларым бар,— деді Ушаков.— Завод жаңа ғана жөндеп жүріп кетті ғой. Орналаса алмай жатырмыз. Әйелімді де әкеле алмай жүр-

мін. Өзім болсам, жұмыс істейтін жерім де, жатар орным да бір-ақ бөлме. Не істей аламын? Бара-бара бәрі де түзеледі. Әзірше, ыңғайы келетін семьялар екіге бөлініп, жартысы Нілдіге көшсін. Онда да осы жұмыс, осы ақы. Әкең мен шешеңді қалдырып, сен өзің әйеліңмен екеуің Нілдіге кетуге болады ғой? Бәріне де осыны айт. Мен сендерге жамандық тілемеймін. Бірақ, қолымнан келері де жоқ. Жұмыскерлерге осыны айт. Жарай ма? — деді.

«Мен сендерге жамандық тілемеймін» дегеннен басқасы тұлдыр сөз, байламсыз сөз екенін түсініп тұрған Тұрсын енжар ғана басын изеді. Айт деп тапсырғаны ешкімнің құлағына енбейтінін өзі де жақсы сезінген Ушаков, енді ешнәрсе қоса алмай, тезірек шығып кетті. Жұмыскерлеріне сүйсінердей бір ауыз тыянақты сөз айта алмағанына өзі де қатты қынжылып келеді.

— Жұмыскер тұрмысы қайда да осы ғой,—деді Бернер далаға шыққан соң.— Англия мен Францияда бұдан да ауыр. Европада жұмыскер жайының үздіксіз дау туғыза беретіні де сондықтан. Бұл шешілмейтін мәселе. Идеалистер босқа әуреленіп жүр...

Өзі ренжіп келе жатқан Ушаков Бернердің философиясына тік жауап берді:

— Мен идеалист емеспін, сізге де осыны кеңес етемін. Жұмыскер маған жұмыс үшін керек. Атты қамшы жүргізбейді, сұлы жүргізеді. Булығып селкілдеген көп жөтел не айтты сізге? Көксау көбейді, кәнігі жұмыскерлерің азаяды деп тұрған жоқ па?

— Кен жұмысына отыз жыл шыдаған адам ең ұзақ жасаған адам демейміз бе?

— Отыз жыл! Қазірдің өзінде осылар жарымжан жұмыскер емес пе? Маған бір адамның жұмысын екі адам істесін деп кеңес етесіз бе? Түсініңіз, бұлардың денсаулығы еңалдымен маған керек, маған! Нілдіге де ескі ауруларды ала бармауымыз керек,— деді Ушаков.

Ушаков барактарды аралауды осымен доғармақшы еді, төртінші барактың орта терезесінен дағдылы шамадан молырақ жанған жарықты көрді. Әдетте жарығы күңгірт барактарда адам көлеңкесі байқалмайтын. Ана барактың терезесінен тез-тез қозғалған көп адамның көлеңкелері де көрінеді екен. Ойын-той сыяқты көңілді бір кезге кездесем бе деген үмітпен Ушаков сол төртінші баракқа бұрылды.

Мұндағы жұмыскерлер жатпапты. Әр жерде топ-топ болып, сергек кеңесіп тұр. Барактың орта кезінде керосин шам жарқырайды.

— Ә, қожайын, қожайын!

— Хош келіпсіз! — десіп, жұмыскерлер жамырай амандық айтысты.

Ушаковтың көзі шаттық белгілерін іздеп, барактың ішін тез тінте бастап еді, кездескені басқа болды. Дәл жарық шамға қарсы бір мосқал әйел мен балалау жігіт, екі иығынан әрең демін алып, қысылып бара жатқан адамды арқасынан сүйеп отыр екен. Әйелдің екі көзінен сорғалаған жасы иегінен тамшылайды. Бала жігіт қабағын тас түйіп алып, сол қолына ұстаған кір орамалымен әкесінің бетін сүртеді.

— Бұл кім? — деді Ушаков.

— Десятнигіміз... Мұңайтпас,— деді бірнеше жұмыскер, қосарлана жауап беріп.— Күзді күні бір көргенсіз өзіңіз... сол кісі...

Тас ұсататындардың десятнигі Мұңайтпас жұмыс үстінде булығып, сақалынан жасы барлап отырғанын Ушаков өзі де бір көрген еді. Қазір көз алдына сол көргені түгел қайта келді. Кен даласын кезіп, жылына жүздеген жыра қазып, иіскеленіп жүргендегі ескі жұмыскерінің бірі осы Мұңайтпас еді. Үш жылдан бері осы Ақ-бұйратта тұрақты десятник те. Он жылдан бері жұтқан тас шаңы мен кен ұнтағы кеудесін қауып кетіп, енді міне, елуге жеткізбей көрге әкеткелі жатыр екен.

— Моньке, Моньке! — деді Ушаков, Мұңайтпастың алдына келіп еңкейіп.

Аузы ашылып, қысқа-қысқа дем ала бастаған Мұңайтпас естіген белгі бере алмады. Дем алысы ыстық, кеудесі шулап, сыңғырлап қоятын сияқты. Астыңғы ерінін тілімен тіреп алып, аузынан дем алады. Бар денесі алас ұрмай, өлімге мойындап қалғандай, сұлық қана тұншығып барады.

— Моньке, Моньке! Сенімді кәрі жолдасым! — деді Ушаков, орысша айтылса да адал айтылған жан сөзін жұрт түгел ұғып қалды. Бұл сөздердің қалай ытқып шыққанын Ушаков өзі аңдамай да қалып еді.

Барак ішіндегі барлық әйел даусын шығарып, солқылдап жылап жіберді. Ушаковтың сенімді кәрі жолдасым дегені жұрттың өз мұң-мұқтаждарын ұмыттырып, адам жанының аңсап тұрған бір пердесін қағып қалып

еді. Аяу-есіркеуді достық таныйтын жұрт түгел босап кетіпті.

Бірақ, аяу деген күшейтпейтін, әлсірететін мінез екенін жақсы білетін Ушаков, енді ол жаққа мойның бұрған жоқ. Өз жанының бір сырын абайсыз аңғартып алғандай, тез тыйылды. Қалтасына қолын салып, бір уыс күміс теңгелікті Мұңайтпастың аяғын жапқан күпінің үстіне тастай берді де, ешкімге қарамай шығып кетті... Басқа бақтарға көз қыйығын да салған жоқ...

Ақ-бұйрат басында бір кеште ғана кездескен көп көнілсіздікті тезірек сейілткісі келетіндей, Бернерге қысқа-қысқа ғана жұмыс жайларын тапсырып, Ушаков түн ішінде жүріп кетіп еді, қоңыраулатып жеккен қос аттың қатты екпіні ойын ілезде сергітіп жіберді. Тыныш жатқан аппақ дала, айлы түн, арқа қысының мейірімді бір кезеңге ауысқанын байқатады. Жазғытұрғы лайсаңға дейін қыймылдап қалуды ескертетін сияқты.

Жүк жүрісінің бөгелмеуін көздеп әдейі қатар салынған қос жолдың қазір екеуі де бос екен. Екі жаққа бірдей ағылып, біріне бірі бөгеу болмайтын жүк керуендері бекеттерде қонақтап жатқан болу керек. Ушаковтың өзі ойлап тапқан, әр кезде қуана қарайтын істерінің бірі де осы жол еді. Қазір сол жолмен қатты ағызып, қызыға қарап келеді.

Алыстан күңгірлескен қоңырау үндері естіле бастады.

— Түйелі керуен бекетіне әлі жеткен жоқ екен. Амалдап, сол жақтағы қатар жатқан жолға түсіп алсақ қайтер, Никон Абрамович? — деді қасында бірге келе жатқан Степан Бушуев.

— Сен өзің жалғыз болсаң, қайтесің, сөйтемісің?

— Мен бе?.. Мен қашан да ретіне қарай көретін адаммын ғой. Мен тығыз келе жатсам, кіре маған жол береді де, кіре тығыз келе жатса, мен жол берем.

— Екеуің де тығыз келе жатсаңдар ше?

— Онда, мен...— деп, Степан кідіріп қалды да, өтірік айтып құтылуға ойлады.

Степанның ондай мінезі де барлығын жақсы білетін Ушаков онысына жібермей:

— Қазақ ауылдарына бұрыла кетемін де ауыл арасының жолымен кетемін де! — деді.

— Кейде о да болады,— деп, Степан онысынан қысылмайтындығын көрсетті. Енді Ушаков оған бірнәрсені катал тапсыратындығын ескертіп:

— Степан Иванович, біз екі жолды не үшін қатар салдық? Қазақ кірешілеріне осыны ұғындыру арзанға түсіп пе еді? Тығыздық біткен қарсы келмесін, бірінен бірі кезек сұрамасын деп салмадық па? Жол бойындағы тәртіпті ешуақытта бұзушы болмаңдар. Генерал-губернатордың өзі келе жатса да көмір мен мыс жол бермеуге тиісті,— деді.

— Бізде көп нәрселер осылай үзілді-кесілді айтылады да, үздік-создық орындалады ғой, Никон Абрамович... Патшамыздың әмір-жарлығынан бастап осылай емес пе? — деді Степан.

Приказчигінің жалпы бір жайларға наразылығы барлығын ұната жүретін Ушаков ішінен жымыйды да:

— Степан, мен саған талай айттым ғой, алтын, күміс, мыс пен қорғасын, көмір мен темір дегендер — бұл бір бөлек патшалық. Өз заңына ғана бағынады. Бізде деп, Россиядағы жалпы сал-бөкселікті көмір мен мыс үшін заң көріп жүр ме,— деді.

— Мен соның үшін де сізге еріп, дала кезіп кеттім ғой,— деді Степан. Бұл да бала-шағасы, үй-күйі бар адам еді, соларын есіне алды.

Ағып келе жатқан жарау аттар Баянды ұстаның көшпелі дүкенін қуып жетіп, саябырлай берді. Ол манағы мыс артып алған түйелі кіренің артында келе жатыр еді. Жез қоңыраулары күңгірт былдырласқан түйелі кіренің алды алыста сезіледі. Игілік бекетіне бұрылатын жерге әлі жете алмапты. Дүкеннің терезелерінен жолдың оң жағына түскен сәуледен екі адамның көлеңкелері де көрінеді. Біреуі еңкейіп ұзын сапты бірдемені ұстап тұр да, бірі балғамен ұрып жатыр. Дүкеннің өз көлеңкесіне түскен ішкі жарық адам бейнелерін де айқын көрсетеді. Балғашының анда-санда білегі мен маңдайын сыйпап қалғаны да көрінеді.

Ушаков аттар іркіле бергенде-ақ шанадан секіріп түсіп, жүгіріп барып ұста дүкенінің есігін қақты. Ол ішке кіре бергенде шоғы жайнаған көрік, екі жердегі аспалы шам, есік жаққа бұрылып қараған жалпақ жаурынды қара жігіт шанада қалған Степанның көзіне де бір көрініп қалды.

Ушаков есік қаққанда Баянды үлкен қышқашпен төске тосып ұстап тұрған сом темірін көріктің алдына қайта салып, содан кейін есік ашып еді. Қысқа ғана амандық айтысқаннан соң қожайынға дөңбектен кесіп

жасалған орындықты нұсқады да, сом темірді төстің үстіне қайта тосты. Бір ауыз амандық пен бас изеуден басқаға уақытын жібермегені Ушаковқа да қатты ұнап қалды.

Жалпақ жаурынды соқыр қара жігіт балқыған сом темірді қорғасындай жанша соғады. Үлкен ауыр балға тайғанақтамай, тап басып, езе соғады. Мезгеген жерге дәл-дәл тиеді. Бұлардың жұмысына қанша бөгет жасамайын десе де, шыдай алмай Ушаков сыртқы тонын сыпырып тастап, Баяндыға тақалып келіп:

— Бұл немене? Не соғып жатырсын? — деді.

— Ұшпыр,— деді Баянды.

— Ұшпыр? Қалайша ұшпыр?

Ұшпыр деп шағала тасқа қашалып түсетін тесікті айтатынын Баянды білмейтін еді де, қашаудың өзін ұшпыр дейтін. Қазақ жұмыскерлері түгел осылай деп кеткен. Ушаковтың түсіне алмай тұрғанына таңданған Баянды сонсын тағы қайталады.

— Ұшпыр... Қамен қашайт! — деді, қолымен де жорамалдап жіберіп.

Ушаков енді түсініп:

— Кім берген? Заказ берген кім? — деп сұрады.

— Пернер,— деді Баянды. Екі жүз штукке заказ берді. Сорок пет штук гатоуа!.. Харошай железі, каменнай железі!

Ушаков Баяндыны көптен білсе де қазір балға ұстап отырған жігітті бірінші рет көріп тұр еді. Бір көзі ақырайып, бір көзі төске қадала шақырайып отырған жігіттің кім екенін сұрады.

— Бұл, аята, каторай Ак-бұйрат болнес лежал, ізнайш? Клаз ислепой, нога қырамой, ысликал, шайтта? — деді Баянды.

— Қолы мығым екен. Қайла, қашау соғуға маған әлі он ұста керек еді, маған берсең қайтеді? — деді Ушаков.

Баянды жауабын ұзақ шұбыртып қайтарды. Оның ең әуелі айтқаны — сенің Ыбырай дейтін кірешің ит адам, осы жігіттің үш айдан бергі еңбегін әлі бермей жүр. Жазғытұры бұзаулы сыйыр бермекші. Мен мұны ақшаға жалдап едім... Басы-аяғы осы, екі ауыз сөзді, орысша білмейтін Баянды ұзақ долбарға салып, әрең аяқтады. Қазақша бір доға, аз сөзді Баяндыны орысша, қазақшаны аралас сөйлегенде мылжың деп қаларлық екенсің.

Баяндының енді бір байымдап айтайын дегені — жолдасын мақтау еді. Ол үшін бұл жігіттің аты Жабай екенін, Жұманның жылқышысы болғанын, соққыға жығылғанын, урядник Боткиннің барымтада көзі шығып, аяғы сынды деп акты жасағанын, біріне бірін қыйсынсыз жалғастырып айтқанда Жабай Ушаковқа ұры сыяқтанып көрінді.

— Боткинский акты ес,— деді Баянды.— Киргиз лошит карапшит, ізнайш? Игілік бай Жұман бай лошит карапшит... Баранта, ізнайш? Аята он карапшит... Боткин кумаға так писал. Уот, кілаз слепой, нога қырамой. Харошай көзнес! — деді.

Кезек-кезек жаңылыс ұғысып, кезек-кезек дағдарысып қалып, кезек-кезек қайталасып, адасып қалған ізге алыстан орап қайта түсіп отырып, екеуі ақыры ұғынысты да. Меңіреу сахараға, жолсыз алысқа, жат жұртқа бастаусыз да бара алатын байлық жортулы бұл оңайға да тілмаш керек еткен жоқ. Жабайдың ұры сыяқтанып көрінгеніне де қараған жоқ.

— Күні елу тыйын. Осы барған бетінде Қарағандыда қалсын. Ертең маған жолықсын,— деді Ушаков.

Ушаковтың әлі түбіне жете алмай жүрген бір мәселесі — қазақ даласындағы еңбек ақы жайы еді. Бір Игілікте үш жүзден артық жалшы барын ол жақсы білетін. Бірақ, солар ақшадай бір тыйын алмайды, онысы да белгілі. Оның үстіне, жалшылар саны күзге қарай көбейіп, жазға қарай азайып тұрады. Осының бірде-бірінде кедергі жоқ, бай үшін қысылыс жоқ. Баяндыдан ол осы жайды білгісі келді.

Бұл жайлардың нағыз тамырын Баянды да ашып бере алмады, бірақ, өзі білетін екі түрлі нәрсені сендіре айтты.

— Осылай екеніне басымды тігем! — деп сендірді.

Егіз Нұра, Есіл-Ертіс, Қаркаралы-Баян бойларында шұрайлы жерлерді мол қылып ойып алып отырған, әзір жалы жығылмаған төрелер бар екен. Бұлардың қасында елу үйлі, жүз үйлі төленгіттері бар. Бір кезде жасақты нөкер ретінде болған қырық-ру төленгіттер қазіргі күнде сол төрелердің бақташы-малшы, жалшысы болып қалған. Баянды осыны айта келіп:

— Сіздің Жұмабек төре төленгіттерінен айрылғалы он жыл болып еді. Жаз шыға бәрін қайта жыйнап ала-

тын болыпты. Қыстан шалдығып шығатын төлеңгіттер, сөз жоқ, жазғытұрым жыйналып қалады.

— Бұл немене, крепостнойлық па екен? — деп ойласа да Ушаков бұл сұрауын Баяндыға түсіндіре алмады. Бірақ соған жақын бірдеме екенін дәл ұғынды.

Жалшы ақысының екінші түрін Баянды қазіргі қысылшаң шақтағы Игілік байдың әрекеттерімен түсіндірді:

— Осы бір айдың ішінде Игілік айналасындағы елдерге мың шана шөп, бес жүз қой, екі жүз жылқы несиеге берді. Әр қыстан жұтап шығатын елге жазғытұрым жүз, екі жүз бие сауын береді. Игіліктің жалшылары сол несие алғандар болады,— деп Баянды терезеге қарады да: — Біз бекетке бұрылдық білем,— деді.

Баяндының бұл әңгімесінен өз керегіне жаратарлық ешнәрсе таба алмай, Ушаков орнынан тұрды.

— Қош!.. Қош!

— Хош!.. Хош!

Баяндыдан айрылғаннан кейін Ушаков Қарағандыға келіп бір-ақ тоқтады.

Ол екі арадағы жолды Ушаков оймен алды ма, ұйқымен алды ма, оны қасындағы Степан да сезген жоқ, Ушаковтың өзіне де айқын емес еді. Бір кез Игіліктің малшы ұстау әдістерін ойлап, қара басының іскерлігін құрметтей жүретін досының талай ғасырлық артта жатқанын көз алдына әкелді. Қазақ даласының ең іскер дерлік адамы осы-ау деп қынжылып та қалды. Ескісімен отыр... Сырты ғана жаңа... Өзі соған мәз, сырт көз сонысын жаңа көріп табынып отырғандай!.. Әрине, сырт көз дегеніміздің өзі ескі!.. Енді бір кез, өзі ойлаған ойларының аяғы түске айналды ма, әлде түсінде көргені ойында жүретін бір түйіншекті оятты ма, әйтеуір бір шыймай-шытырманда келе жатты. Түсі болса ойына аралас екенін, ойы болса бір қолы жете алмай жүрген арманы екенін аңғарды да ішіне бір түйіп қойды. Жорытқан да жоқ, айтқан да жоқ Степанға. Завод басынан бір аттанса, бара қайтары, көре қайтары көп адам еналдымен Қарағандыға жетуге асықты. Қарағандыға жеткенде ғана көзін ашты...

— Тәулігіне екі кезекпен қаздырып жатқан екінші жабық шахтаның қасына тоқтап, Ушаков шанадан түсті де:

— Сикорский үйінде болса, осында келсін,— деді Степаға.

Айналмалы ағаш барабан Орта Россияның құдығын еске түсіреді. Он пұттық темір шелек жер астына қаңғыр-күңгір етіп барып, қайтарында үнсіз шіреніп біресе көмір, біресе топырақ ала шығады. Шахтаның екі жағына бөлек үйіліп жатқан көмір мен топырақ едәуір атжалданып, көп жерді орап әкетті. Бұл әдеттегі құдықтан көп кең қазылып жатқан тік шахта. Үсті-басын қырау баскан көзі таңулы жалғыз нар барабанды шырқайналып жүр. Ушаков өндірістерінде не істеп жүргенін аңғармайтын жалғыз жанды да осы сияқты. Тас меңіреудей үнсіз, арызсыз-шағымсыз, қаңқыйып айнала беруді дағды еткен.

Шелекпен шыккан балшықты аударып алып тұратын екі қазақ жігіті шелек босаған сон-ақ қаңғырлатып қағып-қағып қалды. Бұлары бастықтардың бірі келіп қалғанда берілетін белгі еді.

Дүние жүзінің барлық жұмыскерлерінде бастықтардың төбесі көрінсе біріне бірі хабар беретін әдет бар. Мұны бірінен бірі үйренді деуге болмайды. Үксас өмір өзі үйрететін сияқты. Жау көрінсе, өрт жақындап қалса, байырғы елдер де солай хабарласар еді. Ушаков келіп қалғанда сырттағы жұмыскерлер іштегі жолдастарына шелек қаңғырлатып белгі берді.

Шелектің неге қаңғырлағанын Ушаков түсінді де, жәбірленген жоқ. Жәбір мінез болса да бойы да үйренің болған қожайын, үндеместен келіп, шелектің ішіне кіріп отырды да:

— Мені шахтаға түсіріңдер! — деді.

Екі жұмыскер шелектің бетін тақтаймен жауып, бекітіп жатыр. Ушаков өзін лахыт тақтайына салып шегелеп жатқандай сезінді. Бойы дір етіп қалды. Енді жұмыскерлер мұны екі жағына кезек шайқандатып, құдықтың аузына әкеле жатқаны сезіледі. Көтеріп алған жоқ, шелекті екі жағына кезек аударып, жылжытып келеді. Әлде жүгі ауыр шелекті қозғау ыңғайсыз ба, әлде жұмыскерлер әдейі солай қозғай ма, әйтеуір, Ушаковтың өзінің түп жағы да жерге дүрс-дүрс соғылып келеді. Екі жағына кезек шайқандатып, тоң балшыққа екі бөксесін кезек соғып, жұмыскерлер Ушаковты шахтаның аузына жақындатып қойды. «Әуелі шелекті осы араға қойып алып неге мінбедім?» деп ойлады Ушаков. Жұмыскерлерінің онша құрмет көрсетпей, әдейі дөрекілеу шайқандатқандарын да есіне алды...

Темір шынжыр арқан салдырлап-күлдірлеп шелектің аузын жапқан тақтайды бір-екі дүбірлетті де, шелек аз ғана жоғары көтеріліп барып, солқ етіп төмендей берді.

Шелек іші қап-қараңғы, өте ақырын төмендеп, әлденелерге ақырын қақтығып келеді. Тез қозғалыстарға үйренген Ушаковқа мына шелек енді қайтып жер бетіне оралмайтындай да көрініп кетеді. Бір кеште талай істің басы-қасында болып, уақыттың қалай өткенін сезінбеген адам үшін шелектің қозғалысы тым ақырын, асықпай-саспай жер астына біржола әкетіп бара жатқан сыяқты еді...

ҮШІНШІ БӨЛІМ

1

Кең алапта тұмсық түйістіре жатқан кесек жонды, бүкіс жоталы Қарағандының денесіне түскен жалғыз елеулі белгі — ашық шахта «Қара жыра» атанып кетіп еді. Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тіреле төгілген сары балшық ыржыйып жатқанда қазақ жұмыскерлері оны «Сары ауыз» деп жүріп еді, қазір сары балшықтың бетін түгел көмір ұнтағы жауып кетті де, «Қара жыра» атанды.

Жалғыз сайдың бойын өрлей қазылып жатқан көмір әзірше осы «Қара жырадан» ғана алынады. Жыраның бойын елу саржаннан өлшеп, артель басына бөліп-бөліп берген. Қазақ жігіттері бір кезде өзінің ана тілінен туса да қазір ұмытылып кеткен «артель» дегенге үйрене алмай, өздерін «кос» деп атайды.

Күн әлі шыққан жоқ. Құлап кеткелі тұрғандай төмен салбыраған қатпар-қатпар қоңыр бұлттардың етек жақтары ғана күреңдене бастапты. Іннен шыққан суырдай сопайып, жұмыскерлер жер барактарынан бір-бірлеп шығып айналаға тітіркене қарайды: ауыл не күйде, үй не жайда, жаз қашан келер екен?.. Бұл қазір әр күннің сұрауларына айналып, бунап жүрген ойлары.

Бір қолында күрек, иығында қайла, жұмыскерлер бір ізбен шұбап «Қара жыраға» қарай бет алды. Соқаға келе жатқан өгіз сияқты, бұлар да көңілсіз келеді. Күпі киген, тон киген қазақ жұмыскерлері бейнесіз де колбаң көрінеді. Ауылдан келген қазақы етіктер алдақашан жыртылып, енді түгелге жақын «шокайға» көшіпті. Ағаш табанды сірі шокай жүруге де ыңғайсыз, тайғанап құлата да береді. Арқадан аяз қысса, аяқты шокай тайғанақтатып, жұмыскерлер жыбыр-жыбыр тез қозғалып кетті.

Күздікүні бұлар қара-торы, күрең жүзді, күзгі даладай қоңырқай киімді еді. Қазір жүздері де, киімдері де жылтыр қара, «қара жұрт» сияқты көрінеді. Киімдеріне жылтыраған қалың қара қақ тұрып қалған. Үсіген мұрындар құзғынның тұмсығындай бозғыл тартқан. Бет томпактары ойдым-ойдым қожалақ, күйген бауыр сияқты көрінеді. Тіс аралары қара алтынмен қаптап қойғандай. Екі қолдың ұшы мен бетті амалдап жуғаны болмаса, бұлардың денесі қыс бойы су көрген жоқ, бір адам шомылған емес, бір адам!.. Дененің қандай халде екенін бұлар жатарда ғана, тұрарда ғана көреді. Мұндай өмірге үйренбеген, қалай шалысып, қалай алысуды әлі біле қоймаған қыр жігіттерінің бұл бір қатты күйзеліске ұшыраса бастаған кезі еді.

— Бұлан, бүгінгі күнді есепке алмасақ, енді бір ай он жеті күніміз қалды ма? — деді Алшағыр Бұланбайға қатарласа беріп. Басқа бір ойда келе жатқан Бұланбай абайламай қалып:

— Немененің күні? — деп қайта сұрады.

— Алты айға деп айдап еді ғой бізді. Бүгін төрт ай он үш күніміз толады ғой. Мен ауылға қайтар күнді айтамын,— деді Алшағыр.

Алшағыр ауылға қайтар күнді қатты сағынатын еді. Бұланбай сияқты адамнан «қайтасын» дегенді естуге ылғый өзеуреп тұрады. Бет томпақтары өсіп, ұрты олқыланып жүдеп кетіпті. Айла-арамдықты білмейтін әдемі кішірек қара көзінің бояуы оңып, күлді-бадам тартқан. Бір көзіне теріскен шығып келе жатыр да, енді бір көзінің алдыңғы қыйығына томардай болып қара күйе үйелепті. Бұланбай досын аяп кетті де, қалжыңсыз жауап берді:

— Сен ауылға қайтамысын, ауыл әлі саған көшіп келе ме, оны кім білсін...— деп аз кідірді де: — Түбінде көмір бізге жалынбас, көмірге біз жалынармыз,— деп тоқтады.

— Ушаков бізді қайтармаймын депті ғой? Жаңадан жұмыскер алайын деген Сикорскийге қатты ұрсып жіберіпті деп жүргендері несі?

— Көмірге үйреніп қалған жұмыскердің қожайынға қандай құнды екенін де түсінбеймісін? Жаңадан жұмыскер жыйнап беру Жұмабекке қандай тегін олжа болса, Ушаковқа он есе зиян. Жұмабекке жұмыскер басына үш сомнан ақша алу керек. Қожайынға кәнігі

жұмыскері қымбат. Ол естігенің соның салқыны ғой. Ал бізге не пайда, не зиян болатын кейін көреміз,— дей берді де, Бұланбай арт жақтан шыққан шаң-шұңға бұрылды.

Қазақ жұмыскерлері тұратын екінші барактың алдында алты-жеті адам үйме-жүйме болып жатыр екен. Ашынған адамдардың ащы дауыстары шығады. Барактан шұбырып шығып келе жатқандардың бәрі де ызалы сияқты. Қазақы боқтаулар қабаттасып шығып, жұмыска кетіп бара жатқандардың бәрі де солай қарай бұрылып қалыпты. Бірінші жабық шахтаға кетіп бара жатқан орыс жұмыскерлері де сол жаққа қарап, бөгеліп тұр. Лезде үйме-жүйме топтың арасынан бір адам сытылып шығып, биік ақ күртіктің үстімен қырға қарай қаша жөнелді. Басындағы тымағы айналып алқымына келіпті. Сырт киіміне қара күйе жұқпаған, аласа бойлы, оңтайлы жігіт сияқты. Соңынан қуған сіріңкі қара адамдар жете алар емес, шоқайлары тайғанап, кейіндей берді. Айрылып қалып, енді жете алмағандарына ызалы жұмыскерлер ызаланып боқтайды. Қашқан жігітті өкшелеп қуып, әке-шешесін есіне қос қабаттап түсіріп бара жатқан сол боқтаулар ғана.

Бойшаң қара жұмыскер тайғанап құлап түсті де, отыра қалып, аяғындағы шоқайын сыпырып алып, лақтырып-лақтырып жіберіп, қашқынның соңына қайта түсті. Қатты кекпен түйіліп қуып барады. Арт жағынан:

— Итше тепкіле!

— Басын қарға шаншып кет!

— Сыйрағынан сүйреп әкел! — деген өшіккен айғайлар шығады.

Саскан түлкідей артына жалтақтай қарап бара жатқан қашқын енді құтылмасын білгендей, «Қара жыраға» жақындап қалған басқа барактың жұмыскерлеріне қарай ойыса қашты.

— Айғыр қуып келе жатқан байталдай шыбжықдауын! — деді Бұланбай. Қашқынның түріне қарап тұрып. Ұсақ жанды, қыйқаң мінезді бірсу екенін таныды.

Қашқын арт жағына ыржыя қарап:

— Ағатай, тоқташы... Не қалағаныңды берейін... деп қынсылап қалады да, алдыңғы жақта көлденең тұрған Бұланбайларға қарап: — Ойбай, өлтірді мына Қаракесек, өлтірді! — деп айғайлайды. Артына қарап жалынып, алдына қарап арандатар мінез көрсетіп келеді.

Оның кім екенін, күналы-күнасызын білмесе де, Бұланбай қашқынды қатты ұнатпай, жек көріп тұр еді. Орнынан қозғалған да жоқ, арашалайтын белгі де бермеді. Күнәсі көп, қыйқар жанды танып тұр. Басқа жұмыскерлер қозғалақтай бастап:

— Анау бір еңгезердей екен, мына тәпекті лақтай бақыртпаса қайтсін!

— Сорлы тышқан арыстанның құлағын тістеп ойнады ма екен? — деседі.

Ірі денелі, сақал-мұрты бар екені қара күйеден әрең танылатын жұмыскер қашқынды Бұланбайларға жақындай бергенде қуып жетті де, сылқ етқізіп желкесінен бір-ақ нұқып қалды. Ұра білетін адамша бостау нұқыды. Қашқын Бұланбайдың қарға қадай салған темір күрегін сүзе құлады да, қозғалған жоқ. Иегі қарға кіріп кетіпті де, басы кежірейіп қалыпты. Ызалы құрыншы екпінімен Бұланбайға соқтыға жаздап, әрең тоқтады да, қашқынды бүйірден бір теуіп жіберіп шалқасынан аударып түсірді. Енді қашқынның басы қарға батыңқырады да, селдір жирен сақал шыққан иегі аспанға қарап шошайып қалды. Бұдан арғыны өзі де ерсі көретіндей, жұмыскер сабыр тауып, ентігіп тұрып, Бұланбайға қарап уақыйғаның жайын айта бастады. Бұланбайды танып ыңғайсызданып та қалған сыяқты.

— Жыйырма жігіт екі ай бойы тісіміздің арасынан тартып алып, тыйындап жыйнағанымызды тыйтықтап отырған әке-шешеміз бен бала-шағамызға жібермесек, мынау арам без тұлдырын апарып беріпті. Жеп қойыпты. Көрінде тоналғыр, жолдастарын тонапты! — деп, оң аяғын тағы да оңтайлай беріп еді, Бұланбай қашқынға қарай бір жылжып қалып:

— Жығылып жатқанды ұрмас болар. Жаным, қой енді,— деді.

— Әттең, екі тыйынға тұратын жаны жоқ бұл иттің, әйтпесе, тепкілеп өлтірер едім! — деп, жұмыскер кейін шегінді.

Аяғында күйе сіңіп болған киіз байпақ, басында көмірден көрі де қара екен деп қаларлық шұнақ тымақ, жұмыскер әлі ашулы тұрған бойы:

— Арсыз ит! — деп қашқынның бетіне көмір аралас қара түкірігін былш еткізді де, кейін бұрылып жүре берді. Жыртылған байпақтан мүйіздей қара-тарғыл, құйған шойындай сом өкшесі көрініп барады. Алдынан

оның шоқайын әкеле жатқан бір жігіт қарсы келе жатыр.

— Осы бір көрген кісім сияқты. Кім еді осы? — деді Бұланбай қасындағы жолдастарына.

— Е, бұл Байшегір деген кісі. Жер козғалса, козғалмайтын адам еді, мұның осынша ашулануына қарағанда мынау жатқан шын-ақ бір занталақ болар,— деді Алшағыр.

Қашқын көзі қыпылықтап қояды. Қілегейлене қалған кірпіктерінің арасынан маңайында кім барын да қарап жатқан сияқтанады. Қара түкірікті сол жақ танауы біресе жылжытып ішке қарай тартып, біресе «отау» тіктіріп сыртқа қарай айдайды.

— Тұр, ей, қу! Кетті қуғыншың. Немене, өтірік өліп жатқаның! — деді Бұланбай, күрегін алып жөнеле беріп.

Пар атпен катты ағызып Ақ-бұйрат жолымен келе жатқан Сикорский көрінді. Ол ағызып келе жатқан бойы көзіне көрінген жұмыскерлер тобына түгел қол бұлғап айғай салды да, барактарға жетпей шанасынан түсіп, ең жақын тұрған жұмыскерлерге қарай бет алды. Тығыз бұйрығы барын аңғарта тез жүріп кетті.

Жұрттың көзі Сикорскийге ауған кезде қашқын да басын көтеріп, бет-аузын сүрмен тысталған қыймал елтірі ішіктің жеңімен жеркене сүйкеп, басын бір — екі шайқап қойып, көзін ашты. Басының ішінде қорғасыны босаған бір ескі сака жүргендей, бірдеме сылқылдайтын сияқтанады. Жапалақ көздеу, үсті-басына түк күйе жұқпаған сары жігіт екен. Ешкім одан жөн сұрамаса да, әрбір қуналы адамның әдетінше, жігіт өз жайын ақтала сөйлеп кетті:

— Арғынның азаматы, ағатайларым-ау! Ана Қаракесектер өлтіре жаздағандарын көрдіңдер ме? Жазығым кыс бойы асырап келгенім еді. Сеитқамалдың лавкесіне қарап қалса, көрер едім қалай тоналғандарын!.. Жалғыз атыммен итшілеп жүріп, кыс бойы ел арасынан қағыстырып, арзан азық-түлік әкеп беріп тұрып ем...— деп, жігіт сарнай бастап еді, Бұланбай тыңдамай, жұрттан бұрын теріс айналды.

Жұмыскердің мойнына мінгесе мінген қожайындар болса, тағы бір жағынан кенедей жабысып, осындай ашпа-жалап алып-сатарлар, саудагерлер жүретінін Бұланбай күнде көріп келеді. Сондықтан, қашқын зарын

тыңдағысы келмей, жолдастарын ертіп Сикорскийге қарай кетті.

Бірақ, қашқын жігіт Бұланбайға оғы болса ту сыртынан ататын адамша қадалып қарады. Бұл — күзді-күнгі төбелесте Бұланбайдың өңгеріп әкеліп Игіліктің алдына тастай беретін жапалақ көзді Мұсакай деген жігіт еді. Сондағы Бұланбайдың тоқтыдай өңгеріп әкеп, жерге тастай бергенде құйрығына қамшымен тартып қалғаны тағы есіне түсті. Сол қамшының орны тағы да ду ете түскендей болды. Бұл күнге дейін ол Бұланбайдың көзіне түсе қоймай, басқа қостарды сауып жүретін еді, қазір кездесіп қалғанда Бұланбайдың танымағанына қуанды.

Сикорскийдің көзінше енді ешкім тап бере алмас деп, жігіт орнынан тұра беріп еді, сырт жағынан келіп қалған төрт жігітті көрді. Бәрі де тас түйін, тістеніп боктап келеді екен. Бұлар әлгіде айрылып қалған ызалы жігіттер еді. Мұсакай тұра беріп құлап түскен, талықсыған болып қылжыя кетті. Сикорскийдің даусы үдеп шыға бастады, жан қалса, содан қалар деп ойлады жігіт.

Қожайынның көзінше әлдекімді бас салып сабай бастауға жігіттер де бата алмады. Бірақ, енді қашқынды қолдарынан құтқарғылары да келмейтін сыякты.

— Байшегір сонда ғой, сол айтып келер. Отыра тұрайық...— деп, төрт жігіт етбетінен жатқан Мұсакайды астарына баса, қаз-қатар отыра кетті...

Сикорский бұл жолы Ушаковтан алған қатал бұйрықпен келіп еді. Түнеугі бір ұрсып қайырғаннан кейін Ушаков оны осы жолы қайта шақыртып алып тығыз істер тапсырған. Алдақашан басталған екінші жабық шахта әлі көмір берер емес. Боран болса, ашық шахталардың жұмысы да тоқтап қалады. Үстінен қар жүріп кетеді де, қарға толып қалған «Қара жыраны» қайта ашып әуреленеді. Заводқа көмірмен бірге қар мен су тасылады. Жер бетіне жақын жатқан көмірдің күлі де көп. Сондықтан, іскер Ушаков жұмыскердің көбін жер астына түсіруге бұйырып еді.

Осы жайлар өз ойынан туғандай-ақ, Сикорский қожайынға лайық салмақпен сөйлеп, өзінен болған өрескелдіктерді де сездірмей өшіре кетіп тұр. Он тыйын әңгімесі ашық шахтаның оңай жұмысының тұсында ауызға алынған екен... Енді күні-түні кезектесіп түсетін жабық шахтаға көшетін болған соң, ол сөз болмақ

емес... Бүгіннен бастап, екінші жабық шахтада әр кезекте үш-үштен, алты артель кезектесіп түседі. Жер астындағы жұмыскерлердің жалақысы да көтеріле түседі деп үміттенуге болады. Бұл жөнінде өзара келісермін деймін... Екінші, орыс-қазақ жұмыскерлері бірінің тіліне бірі түсіне алмайтын алғашқы кезде бөлек-бөлек тұрулары дұрыс болса, енді біраз түсініскен қалғандықтан аралас тұруға да, аралас артель болуға да ерік берілмекші. Ол былай тұрсын, орыс жұмыскері Андрей Быковты қазақ жұмыскерлеріне штейгер етіп тағайындапты. Сикорский Быковты қатты мақтағысы келетіндей, атын көбірек атап:

— Ол оқымысты адам болып шықты... Жолдастарына қатты жаны ашыйтын адам... Завод басқармасы бұл сенімді ақтар деп күтеді...— деп бітірді сөзін.

Көз қыйығын Быковқа аударып еді, басқалар қандай болса, о да сондай жұпыны тұрған Быковтың жүзінен ешнәрсе анғара алған жоқ. Жалғыз-ақ, ойына келгенін ірке алмайтын Шило қарт Быковты шынтағымен түртіп қалып:

— Сақ бол, Андрюша, бірінші тұзақ саған құрылыпты...— деді.

Жұмыскерлердің түгел ақтарылып анықтағысы келгендері жер астындағы кезек жайы еді. Оған Сикорский ойланбастан жауап берді. Ушаков емес, өзі солай ұйғарғандай іркілген жоқ.

— Көп жылдық тәжрибеміз не айтады? Жұмыскерлердің ең үлкен наразылығы да, бітпейтін даулары да жарық күн үшін демей ме? Мен күн мен түнді әр кезекке тең бөліп бердім,— деді Сикорский.— Кезек күндізгі он екіден басталады, түнгі он екіде бітеді. Түнгі он екіден басталатын кезек күндізгі он екіде бітеді,— деп, бір-ақ айтылар сөзді, аз өзгертіп екі қайталады. Үлкенді ұғындыра алмайтын адам осындай оңайды қайталағыш та, тәптештегіш те келеді.

— Дұрысы осы емес пе?

Әр кезекке күні мен түні тең бөлінгендігін жұмыскерлер де даусыз мақұлдады. Содан кейін десятниктер өзара жеребе салысып, жер астына қай кезекте түсетіндерін өздері бөлісіп алысты.

Сол күннен бастап Бұланбай қосы да жер астына түсіп еді. Қазір бұлар бір айдан бері бас уклон деп аталатын кең қара үңгірді созып әкетіп барады. Шах-

қалай өзгергеніне қарап, тым жүдеп кетсе, аздап үміт демеуін беріп, үміттене бастаса, қайта бұқтырып, ұзақ ойнады...

Шынында ол ойнағысы келіп отырған жоқ, жұмыскер жайын ешкімнің ойыншық етуіне бермейтіндігін біржола аңғарткысы келіп еді. Әсіресе, жұмыскер тауып беретін подрядчигі Жұмабекке осындай бір сабақтың өте керекті болып жүргенін көптен сезінетін. Сол сабағын түгел беріп болғанша тартынған жоқ.

— Ал, енді маған не бұйырасыз? — деді Жұмабек Ушаков тоқтағаннан кейін.

— Ескі жұмыскерлерім қозғалмайды орнынан. Сен маған жаңадан жұмыскер жыйнап бергенше, ескі жұмыскерлерімнің тұрақтауына жәрдем ет.

— Жақсы, жақсы... үйіштеріне айтайын, күтпеңдер дейін...

— Олай емес, жазға қарай үйіштерінің көшіп келуіне демеу бер. Майқұдық, Теректі өзендерінің бойына көшіп келсін. Қыстау саламыз десе де рұхсат етем. Түсінікті ме? Шөп шапсын, егін салсын,— деді Ушаков.

— Түсінікті,— деді Жұмабек бостау ғана. Оның мықтап түсініп тұрғаны жұмыскер тауып беру жұмысының өз қолынан шығып кетуге бет алғаны еді. Егіз Нұра қатар суалып қалатындай көрінді оған.

Жұмыскер жалдап алуды түгел өз қолына көшірсе, оның арты қыйтықсыз да болмай қалмасын білетін Ушаков енді азырақ езу тартып, шеңгелін босатты:

— Бірақ, мен сені жәбірлемеймін. Көмір мен мыста орнығып қалатын қазақ жұмыскерлері үшін адам басына үш сомыңды алып тұратын боласың,— деп, Жұмабектің көзіне кадалды да, оның көзінде сөне қалған от ұшқыны қайта тұтана бастағанын көріп:— Бұдан былай сен маған жаңадан жұмыскер тауып беруден гөрі ескі жұмыскерлерімнің орнығып қалу жағын көбірек ойлай жүр. Тым болмағанда бес жылға...— деп, сөз аяғын ашпай тоқтады.

Үш сомды ескі келісім бойынша алты ай сайын бере ме, жыл сайын бере ме, әлде тіпті бір-ақ рет төлеп, аржағын су аяғы-құрдымға айналдырып жібере ме, ол арасын Жұмабек қанша ашып алғысы келсе де, батып сұрай алмады. Оның орнына, кейін өз қолымен өрбіте жүретін, ретіне қарай даланың өз салтына сүйей салуға да келетін үлкен бір бәленің ұшығын аңғартты. Оныс

қазақ жұмыскерлерінің өндіріске біржола орнығуы үшін бас бөгеттердің бірі еді...

— Жерін, суын, мекенін тастап басқа жаққа кеткен адам ол жерінен біржола айрылады бізде... Басқа ағайындары баурап алады да қайтармайды. Мұны сіз ескеретін болыңыз...— деді Жұмабек.

— Қалай айрылады?

— Кеттің, айрылдың... Сол бас-аяғы.

— Е, ол сатып кетпейді ғой жерін?

— Сатуға болмайды да. Бізде жер, тұтас алғанда, ұрудың мүлкі, одан бері — ауылдікі...

— Онда қалай болғаны, қазақ жұмыскерлері мұнда тұрақты болып орныға алмай ма?..

— Оны еңалдымен Игілік биден сұрағаныңыз дұрыс болар...

Осыншама кең жерге қолы жасағанның күшімен емес, төрт түлігінің тісімен байланысып отырған қазақ елінің өзіне таныс біраз жайларын Ушаков қайтадан есіне алды. Қазақ даласының жалпы иесі Алтай-Қарпық деген сыяқты ұрулар екені рас. Бірақ, шын иесі Игілік сыяқты ұру ішіндегі белді адамдар. Жұтау мен баю, күшею мен әлсіреу арқылы бұл иелер де ішінара ауысып тұрады. Түптеп келгенде қазіргі қазық тағы да Игілік екенін ішіне түйді де, Ушаков одан әрі қазбалаған жоқ.

— Оны кезінде көреміз... Бара бер, айтқанымды орында,— деді.

Жұмабек тез киініп, шығуға айналды. Қаптал каскыр ішіктің әлде ғана шалқасынан жатқан сәнді жағасының арт жағы түріліңкіреп кетіп, иесінің баппен киіне алмағанын көрсетіп тұр. Бастыра киген түлкі тымақтың ішінде жаңа бір бәлелер қоздай бастаған сыяқтанады...

Дала мен өндіріс сыяқты екі жаттың кейде жеңіл ілегісіп, кейде ауыр соқтығысып қалар кезеңі де жақын тұр екен-ау, деп, ойлады Ушаков. Орыс жұмыскерлері бұл далаға тұрақтай алмаса, қазақ жұмыскерлері ылғый ауысып тұратын болса, өндірістің өзі өмірлі бола алар ма? Жоқ, әрине, әлгі көп нәрсені еске салған екен... Үй қасында плетенмен коршаған огороды болмай, таң ата қосыла әндететін он шақты қоразы болмай, қаданың басына горшок ілінбей, орыс жұмыскерлері бұл жерге тұрақтай алмайды, әрине... Елу тауық пен

айналасындағы күндері бұған жайлаудай көрінеді. Ол қазір алты сағат жер астына түсіп көмір тасыйды да, қалған алты сағатта өз қосының тамағын істеп үлгіреді. Түрткілеп жүріп, қоймай көмірге салған Сикорскийді ылғый ішінен боктап жүреді. Көмір шабуға қандай олақ болса, тасуға сондай бой бермес болып алған Қолбанды, жолдастары бақырауық сары атан деп қалжыңдаса, ол Сикорскийді боктап жауап береді:

— Астыма бір салып берсеңдер, сары бурадай жаншар едім, ши борбай немені! — дейді.

— Еркек емеспісің, алып ұр да астыңа өзің басып ал! — дейді жолдастары.

Қолбан азырақ ойланып қалады да:

— Ол ит, ойды-қырды құртып келген қуаяқ, жығыла кетеді деймісің! Жақбылсақ қайтеді деп ойлаймын,— дейді. Жолдастарының жай қалжыңдарын біле тұра, соны шынға айналдырғысы келетінін жасыра алмай: — Сөйтейікші, жігіттер, бір күні жабылайықшы! — деп, еңсерілін қалады. Оның да кегі бар, есесі бар.

Қалжың соңғы бір күрек көмір салынғанша ғана созылады. Одан кейін ортақ еңбектің орнынан жылжымайтын өз заңы бар, қалжыңдасып тұрған жолдасы:

— Жөнел! — дейді. Қолбан да жауап қайырмай жүріп кетеді.

Жұқалау жігіттер мыкшия тартса, ауыр денелі Қолбан еркін қозғалып кетеді де, «Қара ауызға» жетіп бір-ақ тоқтайды. Жер бетінде жүксіз жүргенде жұрттың жай жүрісіне әрең еріп отыратын Қолбан, жүк тартқанда бәрінен озып кетеді.

Бұланбай жар қабақтанып жатқан көмірдің табанын едәуір ұңғып қазып, үш жерден ағаш сына қойды да:

— Көк асық шіркін, өндірмепсін ғой! — деп, қатарында көмір шауып жатқан Алшағырды тұрғызып жіберіп, соның қалдығына қайласын салды. Күш керек, тәсіл керек жерде ылғый алға түсетін әдеті бойынша, бір тізелеп алып көмірдің астын ала әлуетті қолмен ұрды.

— Қайран, Бұланым-ай, перім-ай! Өзіңнен басқамыз еркекпіз бе! — деп, Алшағыр кейін шегініп барады.

Ашық шахтаның көмірін үстінен алатын кезде ауыр сүйменді мұз ойғандағыдай етіп салу керек еді. Көмір онда етпетінен жататын. Қазір көмір қабырғасымен қарап тұр. Енді қайланы көмірдің сызығымен жүлгесін тауып ұру керек. Сызықсыз бітеуге он ұрғанша, сызы-

ғын тауып бір ұрғаның өнімді. Қайланың да беті қайтпай, қаршылдай кіреді. Бұланбай көп жолдастарының соны тым кешеуілдеп ұғатындарына да наразы еді.

— Есеңді жұмысқа жіберме, иесінен қайыр! — дейтін еді ол.

Әр еңбектің еріксіз сүйреп, қамшысыз айдап әкететін өз күші бар. Ол еңбектің өнімділігінде. Ол кезде еңбек төсегіңнен жұлып алады. Тісің ауырғанын, ішің ауырғанын да елең етпейсін. Аз қыймылын көпті қопарып отырады. Қыйсыны келмей, тәсілі табылмай тұрған еңбек қыздырмайды да, желіктірмейді де. Бұланбайдың көп жолдастары таска шапкан асылдай, мұқала бастағаны байқалады. Соған наразы Бұланбай орайы келмей жатқан жерге ылғый өзі бастап түсетіні де сондықтан.

«Қара ауыз» жақтан уақытсыз да орынсыз, баркырап салынған ән естілді. Бұл бастықтардың бірі келе жатса, белгі орнына салынатын, аты орыс жұмыскерлерінің қазақша үйренген бірінші сөздерінен туып кеткен «Кеш жарық!» деген қазақ әні еді. Өлең сөзін бүкіл барақ болып түгел уқалап әрең икемге келтірген:

— Кеш жарық, дос-жаранға есік ашық!

— деп басталады да:

— Жатырмыз жер астында быксып-сасып,
Әкулай, шұбар жылан, сыйқыр,— Сикор,

Үшеуін қара көмір қалсын басып,

— деп, қарғыспен аяқталады.

Әнді басқа біреу салса, сөзін қоса айтар еді. Ән салған Қолбаң болғандықтан, ол құр әләуләйлім деп әннің өзін жалаңаш айтып келеді. Өмір бойы бір ауыз өлең жаттап, бір ауыз ән салып көрмеген Қолбаң, жолдастарынан қорыққаннан, белгі беруге о да міндетті болғандықтан, амалсыз салып келеді.

— Сары атан, сары атан баркырап келеді,— десіп қалды жұмыскерлер. Қайла мен күректер тез-тез қыймылдасып кетті.

Ән салу азабынан тезірек құтылу үшін Қолбаң борсаңдай жүгіріп, үңгірге жақындай берді де, кім келе жатқанын білуге асыққан жолдастарына:

— Мен көрмеген бір дәу шелекпен түсіп, шешініп жатыр. Шегір Бікәмен[1] сөйлесіп қалды. Қазір келетін

[1] Шегір Бікә — Штейгер Быков.

шығар, қыймылдаңдар! — деді де көмірді салғызып алып, тез жөнеліп кетті. Әшейіндегіден гөрі көбірек үйгізіп салдырды көмірді.

— Кім екен? Қайсысы екен? — деп сұрағандарға:

— Мен қайдан білейін! Әйтеуір ши борбай емес! Ол итті таныймын ғой! — деп, Сикорскийге соқтыға, ашулы жауап қайырды.

Жер астына түскен Ушаков еді. Ол сырт киімін тастап жеңілденді де, штейгер Быковты шақыртып жіберді. «Кен қорасы» деп аталатын дәл ауыздағы кеңірек аланда көмір сұрыптап жатқан әйелдермен, сыртқа көмір жөнелтіп тұрған екі еркекке қарай барды. Ушаковты алып түскен шелекке жұмыскерлер енді көмір толтыра бастады. Үш орыс әйелі көмірге араласып кеткен кесек балшықтарды айырып отыр екен, жастау біреуі штейгерді шақыра кетті. Әр қуыстан көмір әкелген шанашылар жұбын жазбай келіп жатыр. Көмір ауыз жақта да көп үйіліп қалған. Тезірек тағы бір ауыз ашылмаса болмайды екен деп ойлады Ушаков. Әрі ауа жолы, әрі көмір жолы болатын тағы бір шыңырау қаздыру керек екендігін Сикорский нағып ұқпайды екен дегенді қоса ойлады.

— Сендер Оралдан келдіңдер ме? — деп сұрады Ушаков көмір сұрыптап отырған әйелдерден.

— Ие, Рязанов мырзаның алтынында сегіз жыл болып едік. Енді осында көшірілдік. Ендігі қымбат қара алтын болады деп, еркектер бір желіксе қоя ма, үш ай жаяу шұбырып әрең жеттік...— деді москалдау әйел.

— Ол жайды естіп едім...— деді Ушаков, әйелдің бетін басқаға аудару үшін.

— Рязанов мырзаның алтыны жабылады екен деген қауәсет те көбірек шығып қалып еді, оның не болғанын кім білсін...— деді жаңағы москалдау әйел. Ол сөзқұмарлау Катерина Неволя еді.

— Ал, мұнда қалай тұрып жатырсыңдар? Үйреніс-тіңдер ме? — деді Ушаков.

— Жұмыс қайда да жұмыс қой... Бірінен бірі жақсы да, жаман да бола ма ол? Алтынның бұты көмірдің бұтынан ауыр да, женіл де емес, дәл бірдей,— деді әйел. Әйелдің аздаған астарлы сөзіне мән бермеген Ушаков:

— Оқа емес. Мұнда да үйренісіп кетесіңдер әлі...

Бірер жылдан кейін жақсы тұра бастаймыз,— деп еді, әйел орыс жұмыскерлерінің арасындағы бір үлкен қобалжудың бетін ашып қалды:

— Жоқ, үйрене алмасақ керек... Кететін шығармыз. Оны, әрине, еркектер біледі ғой, бірақ, алты айымыз біткен соң кетерміз, сірә,— деді әйел.

— Неге? Несі ұнамайды бұл жердің?

— Мұнда ұнайтын не бар? Бір тал ағаш та жоқ, су да жоқ. Кір шайқайтын да жер жоқ қой!.. Дамылы жоқ жел де боран... картоп, капустаны көмірдің үстіне егеміз бе? Жоқ, біз тұрақтай алмасақ керек. Бас қожайын келе қалса, еркектер сөйлесеміз, айтамыз деп жүрген. Бірақ, қатындар кетеміз ғой деп ойлаймыз. Еркектер құр гүілдескенмен, аяғында қатындардың ойлағаны болатын... Одан соң, ертең жақсы болады, арғы күні жақсы болады деген барлық қожайынның айтатын сөзі ғой. Көп естіген сөзіміз, енді естімесек те болады,— деді әйел.

Ушаков енді едәуір ойланып қалды. Орыс жұмыскерлерінің арасында мұндай қобалжу барын ол әлі сезінген жоқ еді. Барақ, азық-түлік, жалақы, монша жақтарында наразылықтары мол екенін білетін де, осы жолы оның бәрін де ынғайлай кетермін деп ойлаған. Әйел оған бұл далаға орыс жұмыскерлерінің тамыр жаймайтындығын айтты. Бұл оның ең бір күтпеген жайы еді. Енді оны түбіне жете анықтаудан көрі болдырмау жағын ойлаып қалды.

Ушаков осы ойлармен тұрғанда шақырған штейгері Быков келді. Сыпайы амандықтан кейін Ушаков оны ертіп алып, шахтаның ішін аралауға кетті.

— Немене, орыс жұмыскерлері орныгатын емес пе? — деді Ушаков Быковқа әрірек барған соң. Быков аз бөгеліп барып жауап берді:

— Мұндағы жайларды мен сізге толық баяндап қайтқаныма бір ай толса да, әзір өзгерген ешнәрсе жоқ қой, Никон Абрамович. Жұмыскер арасында әртүрлі наразылықтар, толқулар барын сіз өзіңіз де жақсы білесіз. Оның аяғы немен тынарын, неге апарып соғарын ашып айта алмаймын,— деді Быков.

— Менің берген үәделерімді жұмыскерлерге айтпадыңыз ба?

— Айттым.

— Я, қалай қарады жұмыскерлер?

Быков азырақ жымыйды да:

— Жұмыскер халқынан қолына ұстатқанды ғана қалай екен деп сұрауға болады. Бүгін қолына тимеген нәрсенің ертең қандай болары жұмыскер айта ала ма? — деді.

Быков бұл күнге дейін де бар білімін жасырып жүрген адам сыяқтанатын еді, мынау жауабынан тағы да өзінше ойы бар адам екендігі байқалғандай болды. Бұдан бір ай бұрын Ушаковтың алдына жіпке тізіп әкеліп салған бірнеше салмақты сөздері бар еді, қазір соларының бірде-бірі орындалмағанын анғарта сөйлеп тұр. Ушаков енді оның өз бетін біржола ашып алғысы келіп, кілт бұрылып тұра қалды да:

— Мен сізді аздап болса да түсініп келемін. Сіз ой анғарыңызды жасырған да жоқсыз. Оныңыз маған катты ұнайды... Біз екеуміз ашық күрестің адамы болсақ керек. Солай емес пе? Баскалардың көп ауыздан шулап берекесін алатын әңгімесін сіз бір жерге түйіп, мән бере, салмақ бере айта аласыз. Мен бұл жайларды біле тұра сізді штейгер етіп тағайындадым. Өз басыңыз калай ойлайсыз, орыс жұмыскерлері осында орныға ма, жоқ па? — деді.

— Бұл сұрауыңыздың жауабы өзіңізде деп ойлаймын,— деді Быков.— Жұмыскер сізден патшаға лайық сарай салып бер деп сұрамайды. Адамша жұмыс істеген соң, адамша тұрғылары келсе, оған карсылық етпеген дұрыс болат та. Біз еңбегімізбен күн көретін адамдармыз, одан баска түгіміз жоқ. Кімнің жұмысы, кандай жұмыс деп талдауға да мұршамыз жоқ. Сонымен бірге аздаған тілек қойсақ, опымызға құлақ асканыңыз жөн. Мен әдлет шеңберін есіңізге салғым келіп тұрған жоқ, бірақ, әдлетсіздіктің де шегі болуға тиісті,— деп тоқтады Быков.

Быков аяғын андап басканымен, көп нәрселерді анғартқысы келетінін байкады да, Ушаков одан әрі сұрау коймай, ілгері жүріп кетті. Екеуі де карацғы жер астында көп нәрселерді айқын көріп келе жатқан сыяқтанады. Әсіресе, бірінің бірі не ойлап келе жатқандарын, кандай адам екендіктерін анық көріп келе жатқан сыякты еді.

Қарацғы үңгірдің түбіне жакындағанда Ушаков тағы да аз кідіріп:

— Мыналар қалай? Нағыз кәнігі жұмыскер шыға

ала ма осылардан? — деді, шанасын өрге қарай әрең сүйреп келе жатқан қазақ жұмыскерлерін нұскап.

— Біздің кен жұмысында крестьян ұстап көрмеген қару-құрал әзір жоқ қой. Сіздің сұрайын дегеніңіз осы жағы болса, әрі арзан күш, әрі тұрақты жұмыскерлеріңіз осы қазақтар болады,— деді Быков. Ушаковтың өз ынғайын таныйтын адамша алдын орай, әлденені ескерте айтты. Оның арзан күш дегенінің не екенін Ушаков та аңғарды.

— Бұдан басқа қандай жақтары болуға мүмкін?

— Сізге айтылған арызға қазақ жұмыскерлері де ортақ екенін ескерткім келіп еді...

— Қазақ жұмыскерлері де?

— Енді қалай?

Ушаков кеңкілдеп күліп жіберді де:

— Жоқ, штейгерім, ол болмайды. Қазақ жұмыскерлерімен шартымыз әр кезде басқаша болмақ. Жұмыскер қозғалысының көзімен қарағанда, сіз үшін орыс-қазақ жұмыскерлерінің тұтастығы қандай қажет болса, мен үшін олардың дара-дара шарт жасасуы сонша қажет. Бұл жөнінде қожайынның еркіне қол сұғам деп дәме етпеңіз! Орыс жұмыскерлеріне қандай жағдай жасасам, қазақ жұмыскерлеріне де соны жасаймын, бірақ өздерімен оңаша келісіп жасаймын,— деді.

— Бірақ, оныңыз ұзаққа созыла да бермес...— деді Быков. Ушаков үндемеді.

Бұлар қара үңгірдің түбіне таянып келгенде, Бұланбай көмірдің табанына қойған сыналарын алып тастап, кертіп құлатып жатыр еді. Екі жеңін түрінген. Бөріктің үстінен екі қабат сірмен бастырып алыпты. Қатып қалған шикі тері байлап алғандары да бар. Қара үңгірдегі қара адамдардың көзінен басқа бейнелері байқалар да емес.

— Десятниктерің кім? Бері келсін,— деді Ушаков жалпы амандасудан кейін.

Мандайы мен көзіне үйелеген көмір шаңын білегімен сүртіп, Бұланбай үңгірден бері шықты да шамын көтеріп, Ушаков пен Быковты таныды.

— Іздрасти...

— Здравствуй.

Ушаков үйіліп жатқан төбедей көмірге отыра беріп:

— Ал, қалай, десятник? Ауылдарыңнан не хабар бар? Қалай тұрып жатыр екен? — деп сұрады Бұланбайдан.

Әзір ауыр салмағы ауыл жақта жатқан қазақ жұмыскерлеріне ол ылғый сол жағынан келетін еді.

— Ауыл жағымыз жаксы емес, сәпсем жаман... Біз ауылға қайтамыз дейміз, ауыл бізге келеміз дейді. Ауыл бізге келе ме, біз ауылға кетеміз бе, оны әлі ешкім білмейді,— деді Бұланбай.

— Немене, жұт келіп пе?

— Кедей ауылдарды түгел аралап тінтіп келе жатқан көрінеді. Байқаусызда біреудің жалғыз-жарым ешкі-лағы, бұзау-торпағы қалып қоя ма деп, түптеп жатса керек...

— Сендер караспайсындар ма ауылға?

Бұланбай жауап берудің орнына Ушаковтың алдына сол қолының алақанын тосты да, он тыйындық күмістің үлкендігіндей болып түскен мүйізгектерін көрсетті. Жұмыскердің қолына тиетін тыйындаған ақша алақанына өшпес белгідей етіп таңбасын басып кеткен сияқты екен. Ушаков онысына түсіне алмай қалып еді, Бұланбай:

— Өз тамағымыздан жырып алып ауылға жіберетініміз осындай-осындай ұсақ күміс қой,— деп, алақанындағы мүйіздерін оң қолының сұқ саусағымен бір-бір дөңгелетіп шықты.

— Сикорскиймен жанжалдасуды қойдыңдар ма?

— Екі жұмадан бері тынышпыз... Ол түзелді ме, біз түзелдік пе, оны мына іштегірден сұраңыз. Бұл жақсы адам, адалын айтатын адам,— деді Бұланбай.

— Өзің қалай ойлайсын, Сикорский түзеле бастады ма, жоқ па? — деп сұрады Ушаков қалжыңдай күліп. Бұланбай бұдан екі ай бұрын айтқанын қайталап:

— Жоқ, ол түзелмейтін адам. Күнде бір пәле шығарып отырмаса ұйқтай алмайды. Сіздің алдыңызда өзі қандай құрдай жорғаласа, оның алдында біз де сондай жорғалап тұрса екен дейді. Біз болсақ, ондәйға ынғайымыз жоқ, дөкір жандармыз... Мынау шоқаймен құрдай жорғалауға да болмайды ғой...— деп, аузын жайындай ашқан шоқайын Ушаковтың алдына қарай жақындатты. Аяғының басын қозғап-козғап қойып еді, кожайынның алдына тырс-тырс сіркіреп көмір ұсақтары түсті.

Орыс жұмыскерлері алғаш келген бетінде суық баракка наразылық көрсеткенде, Сикорский оларға неше айдан бері тұрған қазақ жұмыскерлерінің жылы барағын алып бермек болып еді. Онысына орыс-қазақ жұ-

мыскерлерінің екі жағы да ереуілдеп қарсы болған. Еңалдымен ыршып шыққан Шило карт пен осы Быков еді. Одан кейін «он тыйын жанжалы» біразға созылып барып тынды. Олары аз болғандай, Сикорский екі ұлттың жұмыскерлерінің араласуына тыйым салам деп көп жанталасты. Ушаковтың жайдары тындап отырғанын пайдаланып, Бұланбай тілі жеткен жеріне дейін осылардың бәрін айтып шықты.

— Қазір қалайсыңдар? Орыс-қазақ деп одырайысуларың жоқ па? — деп сұрады Ушаков.

— Біздіңше тату тұратын сияқтымыз. Бірақ, қонақтардың өздерінен де сұраңыз...

Ушаков бұл жайларды өз ойындағы бір тұрғыдан сұрап отыр еді. Жұмыскер тауып беріп тұратын подрядчигі Жұмабек те, үш өндірісіндегі имамы Күрепкөз қожа да орыс-қазақ жұмыскерлері сыйысып тұра алмайды деп толып жатқан қауіптер айтатын.

— Орыстарың көбейіп кетіпті, енді қазақтан жұмыскер тауып беруім қыйынға түсер,— деп, Жұмабек төре қауіптің ең үлкенін де ескертіп еді. Енді абайлап көрсе, ол достары адалдық істемей жүргендігі айқындала берді.

Бұланбайдың жауаптарына көңілі тыншыққандай болды да, Ушаков қазақ жұмыскерлерінің көмірді қалай құлатып жатқандарын біраз қарап тұрды. Қожайын келіп қалған соң өндіре қыймылдасып жатқандары да рас болар, бірақ, әдіс тауып қалғандары да даусыз сияқты. Оған, әсіресе, ұнағаны қазақ жігіттерінің өзара қалжың айтысып, үнемі күлісіп жүргені болды. Болмашыны қалжыңға айналдырып, оңай күлісіп қалады. Не айтысатындарына түсінбесе де күлген үндерінде қырыс жоқ, қалжың ғана бар. Мүмкін, қазақ қалжыңының жалпы бір дағысы бойынша қожайынның өзін де іле кетіп жатқан шығар, мейілдері...

Ушаков Быковқа қарай бұрылып:

— Мен бұлардың қалжыңдасып, күлісіп жүргендерін қатты ұнатамын. Жұмыстың қалай жүріп жатқанын содан да аңғаруға болады,— деді.

— Бірақ, ол дала өмірінен ере келген жақсылық болар... кенде туған қалжың емес, далада туған... Жер асты оны да ұмыттырар әлі,— деді Быков.

Ушаков бұл жауапты ұнатпай қалғандығын жасыра алмай:

— Сіз әр сөзге көлденең тартары бар адам болып шығып жүрменіз түбінде... Мен көп нәрсені кешірермін де қалжың мен күлкі орнына сары уайым егетін мінезді кешіре алмай жүрермін...— деп едәуір түйілгін қалды да, Быковтың жауабын күтпей тез Бұланбайға бұрылып:

— Бір сағаттан кейін сыртқа шығарсын, Сикорскийдің конторына кел! — деп, кейін қарай бет алды. Әзір тұрған жауабы айтусыз қалса да, Быков оған өкінген жоқ, үндемей еріп кетті.

Ушаковты көлденең үңгірлерден іздеп кешігіп қалған Сикорский енді осылай қарай дедектеп келеді екен. Қолындағы шамы безгек болғандай калш-калш діріл-деп келеді. Ушаков оны да ертіп алып, шахтаның астын түгел аралап шықты. Мыстың жемі — отын болса, ол күйзеліс енді біржола оралмаска кеткен сыяқтанады. Ұзынды-көлденең, кесе-кесе салынып жатқан үңгір коридорлардың өзі-ақ ондаған Ак-бұйрат заводына жететін көмір бере алатын түрі бар. Ең онай жолмен, ең байырғы түрде жасалып жатқан шахталары сенімді де өнімді көрінеді. Ұзынды-көлденеңін түгел қосканда үш жүз кадамға жаңа жеткен үңгірлерде қалындығы екі кезден асатын тас көмір сіресіп жатыр. Өзге жағын былай қойып, осы шахтаның көмірін пұтқа айналдырып көріп еді, Ушаковтың басы айналып, көзі қарауытып кеткендей болды. Егер Қарағанды көмірінің ұзындығы бір шакырымға, көлденеңі жарты шакырымға жетіп жүрсе не болмақ?.. Қазып алуға өмірің жетер ме?.. Не деген тегін байлық, не деген казна!..

Осынша көп көмірдің жалғыз Ак-бұйрат заводының тар өңештерінен өте алмайтынын Ушаков осы арада түсініп тұрған сыякты. Әлі шеті-шегі, кат-кабаты анықталмаған, тексерілмеген көмір бірінің үстіне бірі келіп, бірін бірі баса құлаған, толып жатқан теніз сыяктанып елестеді. Осы мол дүниені екі жүз елу-ақ сомға алғаны да есіне түсті... Темір жолың, я, пароходың болып, дүние жүзіне тасытып сатар ма едің деп ойлады ол. Амал не, өзімізді өзіміз байлап, ойымыз бен қолымызды өзіміз бұғаулап отырған елміз деп, басын да шайкап келеді. Қасындағыларының бірдеме дегендерін ол естіген де жоқ, жауап та қайырмады.

Ол әшейінде Россияның ұшы-қыйыры жоқ байлықтарына қолын батыра алмай отырғанына наразы жүре-

тін еді. Енді ойлана қалса, сол мүгедектікке өзі де тірелгелі келе жатыр екен. Қалай пайдаланарсың, қайда апарарсың, неменеңе жаратарсың осынша байлықты? Жалғыз Ақ-бұйрат заводы қанша жұтып өндірмек? Бөденеңі пісіру үшін шын-ақ бір байтерек керек болғаны ма? Көмір көп те көлік жоқ! Ушаков «Темір жол! Темір жол!» деп айғай салып жібере жаздады.

Жайға түскен, қыйындықсыз-қыйтықсыз-ақ жүріп кеткен өндірістің ішіңді күйдірер кезеңі енді алдында жақын тұрғанын сезінді Ушаков. Көлік жетер жерді тұтас шолып қараса, бұдан бір қап көмір алатын өндіріс жоқ екен... Мана жолда келе жатып, қалғып кеткенде түсіне кірген бір шытырманды сескеніп есіне алды...

Қасында Тұрсынбай бар, Ушаков Алтынды түбегіне барған екен... Алтынды оған дәл өз ойы қалай тілесе, түсіне де солай кірген еді. Айналасы адам аяғын сала алмайтын қияқ тісті аран тастар серейіп аспанға өрлеп тұр. Батар күннің қыйғаш түскен шұғласына шағылысып, қызғылт қыя тастарға кесек-кесек біткен алтындар жарқырайды... Аспанға тірелген ұшар баста қалшыйып қарап жалғыз арқар тұр. Жұқа жібектей көгілдір аспанда кең орай қалықтап, жалғыз қара бүркіт жүр. Арқарды алыстан бағып, түсе алмай жүрген сияқты. Андыскан екі жағының біріне пана, біріне зауал сияқтанып найзаның ұшындай өткір аран тастар тұр. Қалықтап жүрген қара бүркіт көк аспанды қанатымен тіліп:

— Қолхида! — деген сөз жазады...

— Алтын түбек, Қолхида!.. Қолхида!.. Өңімде кездескен ертегі!.. Тоса бер арқанды! — деп, Ушаков Тұрсынбайдың иығына шығып тауға өрмелеп кетпекші болып еді, Тұрсындай көзін жыланша жылт-жылт еткізіп:

— Сіз аспандағы алтынға қызықпаңыз... Оған адам қолы жеткен емес. Көресіз бе, жоғарыдағы алтындар еріген қардай ақырын сырғып тас қорғанның ішіне құлап жатыр. Алтын осы тас қорғанның ішінде, жерде... Тау-тау болып үйіліп жатыр. Оған апаратын жер астының жолын мен ғана білемін. Оны мен әлі Поповка да айтқаным жоқ, саған сақтап едім... Бері жүріңіз. Кіріңіз мына үңгірге! — деп, қалың қарағанның арасында елеусіз жасырынып жатқан көлбеу апанды нұскады. Екеуі қасқырдай жалақтап, қапыл-құпыл апанға түсіп кетті.

Ушаков қараңғы тар үңгірмен ұзақ еңбектеп келеді.

Үңгір асты тайғанақ май батпақ. Екі қолы білегінен батпаққа кіргенін сезеді. Самайдан сорғалаған суық тер сақал арасымен жылжып қойнына құйылады... Ыстық та қапа... Батпақ басып ауырлаған сыртқы киімін шешіп тастап Ушаков көйлекшең қалып еді, әлдекайдан сап ете түсіп арқасына аттай мініп алған Рязановты көрді.

— Алтын алдымызда, жақында ғана... Ұмтыл, ұмтыл! — деп Рязанов тебініп қояды.

Тұрсынбай жерге баурын төсеп алып, басы қыйқаң қағып, қою батпақты судай есіп жыланша жүзіп барады. Бұл оның өмір бойы жүзіп үйренген мөлдірі сияқты. Алдыңғы жақтан жарық елестеп қалса, ол әдейі бұрылып, қайдағы бір қараңғы, бұралаң-бұлтасары көп жаққа қарай тартады. Енді бір кезде дәл қарсы алдарынан күндізгі жарық айқын көрініп қалып еді, Тұрсынбай қараңғы үңгір жұтып жібергендей жоқ болды. Өзі де жоқ, ізі де жоқ, үні де жоқ. Қатты сақылдап күліп, Рязанов та жоғалды...

Ушаков жалғыз қалса да, жақын сезілген жарыққа қарай тартты... Жер астынан жұлқына шығып тұра келді. Айналасы манағы көрген тас қорған... Ортасы сирек-сирек құба тал шыққан кең алаң... Әр жерде үйіріліп қалған төбе-төбе тас... Тал түптерін ұстап қалған көк кілемдей қалың сіреу балдыр... Тас үстерін тарлан-тарғыл тас қына басқан. Күн түспей көленкеде өскендіктен селдір де әлсіз шыққан көк қыяқтар таспадай болып, тас іргеде ғана көрінеді... Жер астынан шығар ауызға жонын бере жатқан шөккен нардай кесек таста Попов жазған жазу тұр: «Жаңа Колхида... Алтынды... Ашқан Попов» — делінген.

Айналадағы биік жоталардың тіктеу келген еңкейістерімен ақырын жылжыған ұсақ тастар етекке құлап келеді. Аз абайласа, ұсақ тастардың арасында жыландай шұбартып бірге сырғып келе жатқан алтын кесектері де танылғандай екен. Ушаков Поповтың қоймасына түскелі келе жатқан ұрыдай жалт-жұлт қаранып, етекке құлап жатқан алтын бұлаққа да жетті. Қәнігі ұрының он саусағы бүйідей қозғалып, тез қыбырлап алтын терді. Шалбар қалталары оңай толып қалды. Енді көйлектің етегінен баска түгі жоғы есіне түсті. Дәл осы кезде қыйғаш түскен күнге шағылысып, тау жұлгесіне гүрсілдей соғылып үлкен кесек сом алтын келе жатыр

екен, домаланып келіп дәл алдына түсті... Ушаков қасында ешкімнің жоғына қуанып кетті. Өмір бойы ізденсе, тап осындай алтын таба алар ма, жоқ па?.. Ушаков кесек алтынды құшақтай көтеріп, әрең деп тізесіне әкелгенде, ұшар баста тұрған аркарды қара бүркіт те сыйпай келіп, қос шеңгелмен іліп алып, осы аланға қарай ылдыйлай беріп еді. Өзінен он есе ауырды іліп алса да жерге көтеріп түсе алар ма, жоқ па? Қанаттарын қапалақтатып, тез-тез соғады. Желке жүні тікірейіп, ашулы көздері от шашып келеді. Төмендеген сайын әлі кетіп, жанталасканы байқалады. Бірақ, ол қыран шеңгелін босатса, аркардан айрылса да өзі аман қалар еді. Ол аспан қыраны, тәуекел құсы, шеңгелін босатар емес. Жартаска аркарымен бірге келіп соғылды. Қыйрап қалды. Енді шеңгелін босата алар да жайы жоқ. Шатнаған көзінен алтын тозандай от шашырайды... Осыған қарап тұрғанда Ушаковтың көтеріп алған кесек алтыны да аяғына түсіп кетті. Аяғын езіп кетті білем, ышқынып қалды да оянып кетті... Ушаковтың есіне алған түсі осы еді.

Түс, жора дегендерге сенбейтін Ушаков түсіне кірген өзінің ойындағы нәрселері екенін өзі де білді. Рязанов, әрине, мұның арқасына мініп отырғысы келетін жолдасы. Тұрсынбайдың екі жүзді арсыз адам екеніне шек келтіретін орыс-қазақта бір жан жоқ. Халық аузында «Алтынды» атанып кеткен бір кең ойпат өз көнліне байланған бір тас шемені. Оны қазір Попов ку «Жаңа Колхида» деген атпен көтере дәріптеп жүр. Акша майданында тым көтермелеп кеткен атақтың түбі шикі, түбірі бос болатынын Ушаков жақсы білсе де, дүңкілдеген лақаптан мазасы да кетіп болып еді. Бұл далада колдан шығып кеткен байлық болса, ол осы «Алтынды» болар деп есептейтін.

Осы түсі қайта есіне түсіп кеткенде Ушаков әлдеңеден тітіркеніп те қалды. Кесек алтынның колынан түсіп кеткені қыйсынсыз бір жүйелермен келіп Қарағанды, Ақ-бұйрат, Нілді сыяқты өз байлықтарына бір тұспал жасайтын сыяқтанды. Осынша байлық бір кезде колымнан түсіп кетіп жүрер ме екен деген дүдәмал кауіп жүрегін нұқып өткендей болды. Бірақ, аркарды ала құлаған тағы қыранды көз алдына әкелді де, мен де сол қыранша шеңгелімді жазбаспын деп ойлады. Бірақ, ол үшін...

«Ол үшіннің» аржағын ойлап, түйіп болғанша, Ушаков ауызға жетіп қалғанын көрді. Алдында манағы ауыр темір шелек тұр. Бір жігіт қожайынды шелекке тығып, бетін жабуға ауыр тақтайды қолына алып әзір тұр екен.

— Жер астындағы десятниктер мен штейгерлерді түгел конторға алып келіңдер. Бәрі де келсін, тезірек! — деп Сикорскийге қарады да Ушаков сыртқа алып шығатын шелекке оң аяғын аттай берді...

2

Тым-тырыс үнсіз даланы тым-тырыс үнсіз түн басады. Үнсіз дала, үнсіз түнде жүздеген жұмыс адамы тас қашап, көмір қазып жатыр. Адам еңбегі түнге де бас имей, даланың ойы жетпегенді қолымен дүниеге әкеліп жатыр. Ақ жамылған Қарағанды даласында катар-қатар үйілген көмір атжалдары сағат санап биіктеп келеді. Күреңіткен мыс кірпіштер Екатеринбургке жүріп кетті. Қарағандыдан қырық шақырым жерде, Ақбұйрат адырының жар қабағында тас пен көмірді қоса шайнап, қоса жұтып, айналасына от лебін бүркіп тас пештер ентігіп тұр. Ол күні-түні жанатын, енді мәңгі өшпейтін от. Әзір танымағандықтан таңырқауы көп болса да, дала енді ол отты өшірмейді. Дәл қазір үш жүз шақырым созылған жаңа жолдардың бойындағы ондаған бекеттерде жүздеген кіре қонақтап жатыр. Бір жолмен көмір, екінші жолмен мыс кендері пеш карнында кездесуге қарама-қарсы ағылып барады. Соның бәріне қозғау салған, өлікті оятып жан берген адам Никон Ушаков төбесін қарағанмен жапқан аласа жер бараста отыр. Өз басы қанша ауыр азапта жүрсе де қажый білмейтін қайрат адамы, өз қолы тиген жерлердің осындай бір жалпы сыйпатын есіне алады да, қайтадан сергіп кетеді. Ертеңгі күндерді, келер жылдарды ойлайды.

Бүйірі қызарған темір пештің үстінде тұрған жез шайнек шырт-шырт түкіріп қояды. Бұл темір пештің үстінде қайнайтын бар шәйнектің әдеті. Жол жүріп үйренген Степан колбаса мен қалашын, тұзды қыяр мен сарымсағын стол үстіне тәртіппен жайып салып, қожа-

сынан енді бір иек қыймылын, көз қыйығын күтіп тұр. Арақ керек болар ма, жоқ па?..

— Әкел? — деді Ушаков.

— Қазір!..

— Шайдан кейін Сикорскийдің аттарымен Тұрсынбай сұмды тауып әкелерсін. Таң атқанша оралып келетін бол.

— Орындалады, Никон Абрамович.

— Күн шыға осы арадан жүріп кететін болайық.

— Жақсы, Никон Абрамович!

Құшақ-құшақ суық ауамен бірге Жұмабек төре келіп кірді. Жалпақ жағасын шалқасынан тастаған қаптал қасқыр ішікпен түлкі тымақ иесінің оңай жонданып алғанын айтқызбай баяндап тұр. Алғаш кездескенде бұл жұпыны киінген, жіңішке мойынды, арықтау адам сыяқты еді. Қазір толық жүзді, қыяқ қара мұртты, шүйделі адам болып алыпты. Кіре бере амандық айтқанда даусы да мақпал қоңыр, салмақты шықты.

Қасқыр ішігін қабырғаға құрметпен іліп, жеңіл пұшпақ ішікпен келіп Жұмабек қожайынға қолын созды. Саусақтары жұп-жұмсақ, жып-жылы екен. Шұңғыл қара көздері жанданып, қаймықпай қарайды.

— Жақын отыр, шайға кел...

Дәл осы кезде Ушаков оны іздегісі келмесе де, ол Ушаковтың түп ізіне түсіп қуып келіп еді. Тағы да ұзақ жоғалып кетеді екен деген хабарын естіп, түнделетіп келіп Қарағандыда басты. Енді бір айдан кейін, алты айға деп жалдаған қазақ жұмыскерлерінің күні бітеді. Әлі қат-қабат қарбалас үстінде келе жатқан көмір мен мыста Жұмабек арқылы жалданған бес жүзден артық адам жүр. Олардың әрқайсысы Жұмабек үшін сылдыраған ақша — үш сом! Үш күміс сом!.. Бұрынғыларын елге қайтарып, жаңадан тағы бес жүз жұмыскер жыйнап берсе, Ушаков оған мың жарым сом санап беруге тиісті. Жұмабекті түнделетіп айдап әкелген де сол.

Бар әңгіменің осыған келіп тірелерін жақсы білетін Ушаков бұлай қарай аяқ салғысы келмесе де Жұмабек сыналап әкеліп еріксіз қыстырып қалып отыр.

— Қалай, Жұмабек, халің жақсы ма?..

— Жақсы, Никон Ибраһимович... Сізге берген уәдем орнынан шыға ала ма, жоқ па деп, жалғыз қайғым сол ғана...

— Қыс қалай өтіп жатыр? Ауылдарда күйзеліс жоқ па?

— Жоқ көрінеді, Никон Ибраһимович... Екінші кезекте келмек жігіттерді аралап келе жатыр едім, бәрі де даяр отыр екен...

— Игілік би қалай, аманшылықта ма?

— Шүкір құдайға, аманшылықта... Уәден орнынан шықсын деп, мені көрген сайын тықыршытып қоялы...

— Менен сәлем айтарсын, рахмет дерсін. Осы жолы Қызылжар да үй салатын шеберлермен келіссе қайтамын. Майдан бастап үлкен үйін сала бастайтын болар. Он екі бөлмелі, өте сұлу үй болып шығады. Сухорков дейтін Екатеринбург архитекторының өзіне арнап салдырған үйінің жоспарымен салынбақ... Менің өзімде ондай үй жоқ.

— Шомылатын бөлмесі де болады деген рас па? — деп, Жұмабек бір сәт өз ойынан ажырап, Игіліктің салдыратын қыскы үйіне қатты қызығатынын білдіріп алды.

— Рас.

— Тағы қандай бөлмелері болмақ...

Ел ішіне ертегідей тарап кеткен бір әңгіме — қыскы үйі біткеннен кейін Игіліктің бала-шағасы далаға шықпайды екен деген бір қауесет еді... Намазы да, басқасы да сол үйдің ішінде бола береді екен дегенді жұрт сөге сөйлеуге бата алмай, қауіптену мен тандану арасында ғана әңгіме ететін... Қазақ тілінде көп нәрселердің аты жоқ. Өзі жасап, өзі пайдаланып көрмеген нәрселерді өз тілінде атай да алмайды. Соның бірі қала үйлеріне де жаңа кіре бастаған мәдениет бөлмелері еді. Жұмабек осы бір жайды анықтап алу үшін Ушаковтан сұрағысы келеді де тілі жетпей қыйпақтап отыр. Оны сұрау үшін үйтетін-бүйтетін бөлме деп тұрасынан тартпаса болатын емес. Мәдениеттің іркілмей, елемей айта беретінін анайылық ешуақытта аттап өте алмайды. Анайыға — анайылық қана ерсі емес. Төре Жұмабек, анайылықты ауыл ортасында, жұрт көзінше іркілмей істей беретін төре, сонша қызыққан нәрселерін сұрай алмай жаяулап келіп өз жұмысының жайына көшті:

— Екінші кезекке деп қағаздап қойған жігіттерім көптен әзір отыр, Никон Ибраһимович... Бір елу шақты адамды ғана сырттан іздеуге тура келетін. Әуелі сізбен уақытын келісіп алып, осы жолы көрші болыстарды

аралай кайтпакшы едім... Алғашқы кезекте келген жігіттер де тезірек үйлеріне қайтқылары келеді екен... Жанадан алынатын жігіттерді қай уақытқа келтіргенім дұрыс болар? — деді Жұмабек.

Ушаков Жұмабекпен арадағы арбасу пердесін амалсыз біржола жыртуға бел байлап, бұл күнге дейін бүркеп келген ойын енді іркілмей ашты:

— Жұмабек,— деді ол, қарсылық етуді көтермейтін қатқыл үнмен,— біз қашан да айласыз-алдаусыз, адалдық пен шындықты ғана білетін болайық деп келісіп едік қой? Есіңде ме?..

— Есімде, есімде...— деді Жұмабек, ішіп отырған шайына шашалып қала жаздап. Айла-арамдықтан безінуді білмесе де, қыйыстыруды өнерсіз-ақ былш еткізе салатын төрең оңай ұсталарын да тез сезініп қыпылдап қалды. Ушаков онысына аяушылық еткен жоқ, қайта, әр сөзінде арнаулы зілі барын аңғарта:

— Менің жұмыскерлерім үйлеріне қайтқысы келеді деген сөз рас па, сол? Мен неғып естімедім екен? Кімге айтыпты? — деп қадала сұрады.

Жұмабек шамасы келгенше өңін бұзбауға тырысып:

— Ауылдағы әке-шешелері, бала-шағалары айтып отыр...— деп, ізін таптырмайтын кең шайырға қарай сүйреді. Бірақ, онысы Ушаковтың құлағына кірмегенін де түсіне қалып:— Сіз маған жұмыскерлерді алты айға деп жалдаттырмап па едіңіз? Олардың күні бітуге жақын ғой... Мен сонымызды уәде көремін... Солай емес пе? — деді.

Егер Жұмабек тура осыдан бастаса, Ушаковтың зіл айтарлық себебі де болмас еді. Өз құлқыны дегенде арам-адалды айыра алмай қалатын әдеті бойынша өтірік қосты да ұсталып қалды. Достарымен түгел сырмінез болып алған Ушаков енді оны біржола ықтатып алғысы келіп, бастырмалатып кетті:

— Менің жұмыскерлерім не ойлайды, оны сен біліп бермейтін бол,— деді Ушаков.— Оны мен өзім білемін. Екінші, олар үйлеріне қайту түгіл, үйіштерін осында көшіріп алғылары келеді. Үшінші, мен ақмақ емеспін... Кәнігі жұмыскерлерді үйлеріне қайтарып, жанадан келетін жігіттерге көмірді қалай қазуды қайта үйреткісі келеді деп бекер ойлапсың! Кетем десе, бір адамды да зорлап ұстамаймын, бірақ, қумаймын, қуа алмаймын!..

Ушаков әлдеқайда ұзақ сөйлеп кетті. Жұмабектің өңінің

қалай өзгергеніне қарап, тым жүдеп кетсе, аздап үміт демеуін беріп, үміттене бастаса, қайта бұқтырып, ұзақ ойнады...

Шынында ол ойнағысы келіп отырған жоқ, жұмыскер жайын ешкімнің ойыншық етуіне бермейтіндігін біржола аңғарткысы келіп еді. Әсіресе, жұмыскер тауып беретін подрядчигі Жұмабекке осындай бір сабақтың өте керекті болып жүргенін көптен сезінетін. Сол сабағын түгел беріп болғанша тартынған жоқ.

— Ал, енді маған не бұйырасыз? — деді Жұмабек Ушаков тоқтағаннан кейін.

— Ескі жұмыскерлерім қозғалмайды орнынан. Сен маған жаңадан жұмыскер жыйнап бергенше, ескі жұмыскерлерімнің тұрақтауына жәрдем ет.

— Жақсы, жақсы... үйіштеріне айтайын, күтпеңдер дейін...

— Олай емес, жазға қарай үйіштерінің көшіп келуіне демеу бер. Майқұдық, Теректі өзендерінің бойына көшіп келсін. Қыстау саламыз десе де рұхсат етем. Түсінікті ме? Шөп шапсын, егін салсын,— деді Ушаков.

— Түсінікті,— деді Жұмабек бостау ғана. Оның мықтап түсініп тұрғаны жұмыскер тауып беру жұмысының өз қолынан шығып кетуге бет алғаны еді. Егіз Нұра қатар суалып қалатындай көрінді оған.

Жұмыскер жалдап алуды түгел өз қолына көшірсе, оның арты қыйтықсыз да болмай қалмасын білетін Ушаков енді азырақ езу тартып, шеңгелін босатты:

— Бірақ, мен сені жәбірлемеймін. Көмір мен мыста орнығып қалатын қазақ жұмыскерлері үшін адам басына үш сомыңды алып тұратын боласың,— деп, Жұмабектің көзіне кадалды да, оның көзінде сөне қалған от ұшқыны қайта тұтана бастағанын көріп:— Бұдан былай сен маған жаңадан жұмыскер тауып беруден гөрі ескі жұмыскерлерімнің орнығып қалу жағын көбірек ойлай жүр. Тым болмағанда бес жылға...— деп, сөз аяғын ашпай тоқтады.

Үш сомды ескі келісім бойынша алты ай сайын бере ме, жыл сайын бере ме, әлде тіпті бір-ақ рет төлеп, аржағын су аяғы-құрдымға айналдырып жібере ме, ол арасын Жұмабек қанша ашып алғысы келсе де, батып сұрай алмады. Оның орнына, кейін өз қолымен өрбіте жүретін, ретіне қарай даланың өз салтына сүйей салуға да келетін үлкен бір бәленің ұшығын аңғартты. Оныс

қазақ жұмыскерлерінің өндіріске біржола орнығуы үшін бас бөгеттердің бірі еді...

— Жерін, суын, мекенін тастап басқа жаққа кеткен адам ол жерінен біржола айрылады бізде... Басқа ағайындары баурап алады да қайтармайды. Мұны сіз ескеретін болыңыз...— деді Жұмабек.

— Қалай айрылады?

— Кеттің, айрылдың... Сол бас-аяғы.

— Е, ол сатып кетпейді ғой жерін?

— Сатуға болмайды да. Бізде жер, тұтас алғанда, ұрудың мүлкі, одан бері — ауылдікі...

— Онда қалай болғаны, қазақ жұмыскерлері мұнда тұрақты болып орныға алмай ма?..

— Оны еңалдымен Игілік биден сұрағаныңыз дұрыс болар...

Осыншама кең жерге қолы жасағанның күшімен емес, төрт түлігінің тісімен байланысып отырған қазақ елінің өзіне таныс біраз жайларын Ушаков қайтадан есіне алды. Қазақ даласының жалпы иесі Алтай-Қарпық деген сыяқты ұрулар екені рас. Бірақ, шын иесі Игілік сыяқты ұру ішіндегі белді адамдар. Жұтау мен баю, күшею мен әлсіреу арқылы бұл иелер де ішінара ауысып тұрады. Түптеп келгенде қазіргі қазық тағы да Игілік екенін ішіне түйді де, Ушаков одан әрі қазбалаған жоқ.

— Оны кезінде көреміз... Бара бер, айтқанымды орында,— деді.

Жұмабек тез киініп, шығуға айналды. Қаптал каскыр ішіктің әлде ғана шалқасынан жатқан сәнді жағасының арт жағы түріліңкіреп кетіп, иесінің баппен киіне алмағанын көрсетіп тұр. Бастыра киген түлкі тымақтың ішінде жаңа бір бәлелер қоздай бастаған сыяқтанады...

Дала мен өндіріс сыяқты екі жаттың кейде жеңіл ілегісіп, кейде ауыр соқтығысып қалар кезеңі де жақын тұр екен-ау, деп, ойлады Ушаков. Орыс жұмыскерлері бұл далаға тұрақтай алмаса, қазақ жұмыскерлері ылғый ауысып тұратын болса, өндірістің өзі өмірлі бола алар ма? Жоқ, әрине, әлгі көп нәрсені еске салған екен... Үй қасында плетенмен коршаған огороды болмай, таң ата қосыла әндететін он шақты қоразы болмай, қаданың басына горшок ілінбей, орыс жұмыскерлері бұл жерге тұрақтай алмайды, әрине... Елу тауық пен

бір қораз кердендеп жүрсе орыс жұмыскерлерінің де орныққаны болар еді-ау!..

Даланың тым тұрақты енжарлығы мен жаны ауырмас жаттығына тәуелді болмас үшін ол көп нәрселерді өзінше орайлай бастап еді. Әсіресе, жұмыскер жалдауды өз қолына алып, Жұмабек сыяқтылармен ат құйрығын кесісіп, айрылысып кетпекші еді. Әзірге ол ойы болмайтынын таныды. Қара жұмыска біржола ауысам деген адамды дала заңы жерсіз қалдырам деп қорқытатын болса, ол бұғауды оңай үзуге де бола бермейтіндей көрінді. Бірақ, ақшаның бағынатын тәнірісі барын Ушаков естіген емес, анайылыққа да бағынбас деп ойлады. Жоқ, жұмыскер тұрақты, тұрғылықты болуға тиісті!

Осы ойына берік тоқыраған Ушаков штейгерлер мен десятниктері келгенде, анаған-мынаған мұрындық болып, наразылық туғызып жүрген нәрселерді үзілді-кесілді шешіп берді:

— Кешіріңдер мен әуелі Қарағандыны басқаратын адамыма тапсыратын жұмыстарымды бітіріп алайын да, сендермен кеңірек отырып сөйлесейін...— деп, Сикорскийге қарап:

— Сен қағаз-қаламыңды алып, жаз! — деп, орнынан тұрып, бұйрығын сөйлеп кетті:

— Он бес күннің ішінде жұмыскерлер үшін монша салынып болсын... Қырық шелектен су сыятын төрт үлкен күбі, сегіз кісілік шабынары болсын. Жаздың ба?.. Монша барағын бес күнде қазып болу үшін жыйырма жұмыскер босатылсын. Моншаның қабырғалары шахта сыяқты ағаш тіреулі, идені тақтайлы болуға тиісті... Қанша ақша керек?.. Жете ме сол?.. беремін!

Айтысып-тартысып, жеңісіп алар біраз әңгімелерді Ушаковтың дауға салмай, өз еркімен, өз бұйрығымен шешіп тастағандай көрінгісі келгенін түсініп, десятниктер өзара қарасып, жымыңдасып қойды. Ушаков оны аңдамағандай болып, бұйрығының аржағын ескертті:

— Қар кетіп, жаз шығысымен алты тас барақ салуға кірісілсін. Екеуі үйлі-баранды адамдар үшін, төртеуі салт басты адамдарға... Алдағы қыста жер барактарда ескі жұмыскерлерден бір адам тұрмайтын болсын! Ескі жұмыскерлерден деп айырып жаз! Барактар қос терезелі, тақтай нар төселген, дөңгелек пешті, жарық та жылы болуға тиісті. Жаздың ба? Қанша қаржы керек-

тігі маған бір айдан қалмай тапсырылатын болсын, жауапты адам сен өзің, Сикорский, мен өзім — Ушаков...

— Тура жұмақ болады екен!..— деді Шило карт, қуанышы мен сықағы екеуінің қайсысы екенін анықтап айтын үнмен. Десятник атын қолдан алған өзге жұмыскерлер шынымен сеніп, іштерінен Ушаковка алғыс айтуға жақын отыр еді. Шило карт содан қақпай жасады.

Жұмыскер жүзіндегі құбылудың бірде-бірін ескертусіз өткізбейтін Ушаков өзіне қарай құлап келе жатқан көңілдерді біржола ұйытып тастау үшін ең соңға сақтаған, ең салмақты бұйрығын берді:

— Майқудық, Теректі өзендерінің жағасына жұмыскерлер огород егетін жыйырма десятина жер жыртылып берілсін. Жалақыларының есебіне Акмоладан тұқым әкеліп беру Сикорскийдің өзіне жеке тапсырылады... Тұрақты қазақ жұмыскерлерінің ауылдағы үйіштері, туған-туыскандары көшіп келуге көңіл білдірсе, Майқудық, Теректі, Бұқпа суларының қай жеріне отырамыз десе де ерік! — деп Ушаков Бұланбай мен Байшегірге таяныш келіп: — Сендер түсіндіндер ме? Қазақ жұмыскерлерінің үйіштері көшіп келеміз десе, қалаған жеріне қонсын! — деп, жоғарыда аталған үш судың бойын түгел қайталап атап шықты.

Қоңыр төбел ауыллардың қонынан айрылып, қалтқұлттап қалғанын жақсы білетін Бұланбай мен Байшегір Ушаковка адал алғыстарын айтты.

— Жұмыскерлер мал ұстаймын дей ме, құс асырағылары келе ме, сондайларын да сұрай жүру күна емес шығар? — деп. Сикорскийге қыжырта қарады да, Ушаков бұйрығын бітірді: — Дұрыстап көшіріп жаз да, мына жерге іліп қой!..

Акула мен Зубовтан басқа десятниктер Ушаковтан біраз нәрсені қаталырақ түрде сұрамакка ойланып келіп еді. Қожайын шақыртады дегенді естіген жұмыскерлер де — айтындар, берсін, орындасын, біз де адаммыз ғой! — десіп қалған. Ушаковтың өз аузынан берген жанағы бұйрығынан кейін жұмыскерлер енді не қылярын білмей, аңырысып қалды. Олардың неге бөгелгенін танып отырған қожайын әңгіменің бетін өз ойындағы арнадан аудармағысы келіп, сөзді тағы да өзі бастап кетті:

— Жұмыскерлердің сұрайтындары көп те, менің істей аларым аз, оны өзім де жақсы білемін.— деді

Ушаков.— Не істей аларымды өз көздеріңше алдарыңа салдым. Сендерден өтінерім — жұмыскерлердің тілегін маған қалай түгел жеткізсеңдер, менің берген бұйрығымды да түгел жеткізіңдер жұмыскерлерге. Кетемін деген жұмыскерлерді күшпен ұстап отыра алмаймын. Бірақ, қайткен күнде де тұрақты жұмыскерлерім болады менің! Бүгін бір жұмыскер кетсе, ертең оны келеді. Мұны жұмыскерлер естерінен шығармасын. Енді үш айда орыс жұмыскерлерінің күні бітеді, оған дейін ойланатын болсын. Қазақ жұмыскерлері қаламыз дегенді өз ауыздарынан айтып жүр, рахмет айтып құшағымды ашамын. Мен сөйлеп болдым, сендер сөйлеңдер,— деп, Ушаков айнала қарады.

Десятниктер әлі бөгеліп отыр. Жалғыз бұйрығымен алдын орап кеткен Ушаковқа ауыз толтыра айтар еш нәрсе қалмаған сыяқтанады. Мұндайда орынды сөз айта білетін Андрей Быковқа қарасып қояды. Быков Ушаков бұйрығының алды-артын барлап, өз ойымен отырған сыяқты. «Бұйрықтарың қалай орындалар?» деп ойлады ол.

— Біз осында келе жатқанда он сегіз жұмыскер жолда өлді. Заң бойынша олардың үйіштеріне төленетін ақша неге төленбей келеді? — деді Шило карт.— Жетімжесір болып қалған бала-шағалары ашықпай отыр деп ойлайсыз ба? — Осылай болмашыдан бастап ұлғайтып әкететін әдеті болушы еді, шал сонысына қарай бой ұрған сыяқты.

— Мен өзім жалдаған адамдардан үшеуі қаза болған екен, олардың үйіштеріне төлейтін ақшаны бір күн кешіктірмей табыс еткіздім. Ал, Рязанов мырза жіберген жұмыскерлер үшін мен жұмыска кіріскен күннен бастап қана жауапкермін. Одан арғағының барлық жауапкершілігін Рязанов мырза өзі алған... Өзінен сұраңыздар... Жолшыбай қазақ ауылдарында жасаған қарыздарынды жалақыларыңнан әлі күнге дейін ұстатпай келемін. Компанияның басқа мүшелері мақұл көрсе, кешіріп те жіберерміз деп ойлаймын,— деді Ушаков.

— Енді біздің қолымыз Рязановқа жете алмайды. Пожалуйста, өздерің келісіп, осы арада төленетін етіңдер. Өлген жұмыскерлердің семьялары бізге тапсырып отыр, жоқтаушы біз! Әлдеқайда тентіреп жүрген балашағалар Рязановқа барып тіндік сұрай алмайтынын нағып білмейсіз? — деп, Шило карт күйліге сөйледі.

— Жаксы, мен өздеріңмен бірге жоктаушының бірі болуға уәде етейін. Бірақ, жауапкер мен емес, Рязанов екеніне дауласпайтын болыңдар,— деді Ушаков. Мұнысына Шило карт та дау айта алмады.

— Бұл жолы сіз жанжалсыз-ақ жеңдіңіз. Шынын айту керек, өте оңай жеңдіңіз, — деді Шило карт.

Ушаков кең бейілдене кеңкілдеп күліп:

— Мен сендермен жанжалдасқым келеді деп ойлап па ең? Жоқ, карт, мен сендермен қалай да келісім тілін тауып, қолдаса қыймылдармыз, деп сенетін адаммын. Құдайға шүкір, жанжалдасарым аз емес... Қеліңдер, арамызда жанжал болмауы үшін ішіп жіберейік! — деп, қалайы бакал, қырлы стакандарға сылк-сылк еткізіп арақ құя бастады. Содан кейін — үш ай бойы дұрыстап ойласандар, кетеміз дегенді қоярсыңдар,— деді Шило картпен стакан қағысып жатып.

— Құлағымыз естіді, енді көзімізбен не көреміз... әңгіме сонда ғой! — деді Шило карт.

Ушаков оны аңғармағандай, Быковқа қарай стаканын тоса беріп:

— Меніңше, орыс жұмыскерлері тұрақтай алады деп ойлаймын... — деді.

— Жұмыскерлердің тұрақтап қалуына бізді қарсы екен деп ойлап калманыз. Ол сізге қандай керек болса, жұмыскерлерге де сондай керек. Кілті сіздің қолыңызда. Бүгінгі бұйрықтарыңыздың қалай орындалуында...— деді Быков.

Бұланбай мен Байшегір қара күйе қолдарына мөлдіреген арақтан жусаң кетпейтін кір жұғып қалатындай көрші, стакандарға үрке қарап отыр. Қолдары созылар емес. Қәрі заман, ата-баба, салт-сана, ысқаяқ еслам, бәрі келіп стаканмен екі араға тұра қалғандай, өндері бұзылып кетіпті. Ушаков іш деп күштей бастаса, бұл екеуі бір стакан арақтан көмірді тастап жүре беруге де бар сияқты еді...

Ушаков оны істеген жоқ.

— Оларға арақ неге құйғансыңдар... шай құйыңдар... — деп, бұл екеуіне өзі жақындап келді де: — сендер қалай ойлайсыңдар, қазақ жұмыскерлері үйлеріне қайтқылары келе ме, калғылары келе ме? — деп сұрады.

Аққөңіл, айласыз Байшегір:

— Қайтар жеріміз болса, қайтар едік... Қайтар жеріміз жоқ. Қайтпаймыз, — деді де тоқтап қалды.

— Сен қалай ойлайсың? — деді Ушаков Бұланбайға бұрылып.

— Менің жалғыз шешем мен жалғыз балам қатты сұықтардың тұсында бір айлық қоректері үшін мені екі жылға жалдап қойыпты бір бай ағайынымызға... Ет алған, құрт алған, тезек алған... Одан бері екі ай өтті... Шешем мен балам қаңғыра-қаңғыра өзі осында жұмыста жүрген бір жолдасымның үйіне келіпті. Енді бәрі қосылып, сол үйді жұтатып жатқан көрінеді. Өзіңіз қалай ойлайсыз, мен сол ауылға қайта аламын ба, жоқ па? — деді Бұланбай.

— Екі жылға жалдап қойғаны қалай? Ол немене?

— Мені жалдамағанда кемпір неменесін бермек? Аштан өлсін бе?

— Бір айлық тамақ үшін екі жылға жалданған ба?

Бұланбай мырс етіп қалды. Жалдаған кемпір емес екеніне түсіне алмай тұргандай көрінген Ушаковқа күлді. Өзін сонша тайыз көрген Бұланбайға қарап Ушаков та жымыйып:

— Ауылдың дауын кезінде көрерміз, қар кетісімен барлық жұмыскерлердің үйіштері біздің жерге көшіп келсін. Жер-су жетеді, ақы-пұл сұрамаймын,— деді.

Таң ата Ушаков жүріп кетті. Қайда барады, қашан қайтады, оны ешкім білген жоқ. Жұмыскерлер барағына аңыз болып, оның түнде Сикорскийге берген бұйрықтары қалды.

— Алдақашан осылай қатал сөйлессеңдер, ендігі моншада жуынып жататын едік...

— Біз болмасақ, бұл жолы да ауыздарын ашып қала беретін еді еркектер...

— Сикорский енді тырп етсінші, кәне!

— Орындамай көрсінші, шашын бір талдап жұлайық! — десіп, әйелдер даурығады. Тыйтықтап отырған үйіштерін көшіріп алуға рұхсат болғанына қазақ жұмыскерлері қатты разы болып қалыпты.

Ушаковтың соңғы бұйрығына жалғыз Сикорский ғана қатты наразы болып қалды. Оған ұнамайтын бірталай нәрсе бар. Ол үшін Компанияның жұмысы алға баса ма, артқа баса ма, оның екеуі де бір. Жұмыс оған өзі үшін, ақшасы үшін ғана керек. Жұмыс неғұрлым оппа мен батпаққа кезек соғылып, қарбалас халінде қала берсе, оның тілейтіні де сол. Айғай-қыйқудың үстінде, оппада ауып батпақта батып нелер қалғанын жалғыз

алла ғана білмек. Енді абайласа Ушаков бар тізгінді бір қолға алып, істің бетін бір арнаға аударғалы келеді екен.

Сикорский еңалдымен орыс жұмыскерлерінің тұрақтап қалуына қарсы еді. Оңай уқалауға көне беретін қазақ жұмыскерлері қазір соларға сүйеніп, қыйқаң шыға бастады. Ондаған жылдар Оралда болып, оттан өтіп келген орыс жұмыскерлері алыс-жұлыска дайын, оңай аузына түсер емес. Орыс-казак жұмыскерлерін екі айырып ұстап, екі түрлі дәстүрге көндіріп алмақшы еді, Орал жұмыскерлері ол ырқына да жібермеді. Сол ықпалға қазір Ушаковтың өзі де түсіп бара жатқан сияқты...

Екінші, тас барактар салынсын деп берілген бұйрық, әдейі Сикорскийдің көзін құтыртуға құрылған тұзақ сияқтанады... Мен үй сала білмеймін, әсіресе, алты барактың каншаға түсетінін калай есептеп шығармақпын? Моншаға канша ақша керек дегенде ауызға жеті жүз сом түсіп кетті де, айттым да салдым... Алты тас барактың неге түсерін есептеп шығарып көр!..

Тек қана осы сияқты, түбі келіп жалғыз өз басына соғатын қауіптерден ығысып, Сикорский өрт білінбей тұрып қарғаша салуға бел байлады. Өз басының бағы үшін, бір өзінің құлқыны үшін, адалдық, ар, ұят, намыс, адамшылық деген ұсақтарға орыс отанын қоса он тыйынға сатып жіберу сорлы Сикорский үшін ешнәрсе емес еді. Одан көп оңайға түсетін жалған жалаға ол ойланған да жоқ, іркілген де жоқ. Жолды қалың қағаздың екі жолына Рязановтың өз атын, әкесінің атын, асыл тұқымын, қызмет бабындағы шен атауларын, алған ордендерін тізіп келіп, аяғына таяқтай етіп леп белгісін қадады да хат жаза бастады.

«Сіздің ең соңғы тапсырғаныңызды мен көпке дейін түсіне алмай келіп ем, құдайсыз, заңсыз далада тыюсыз қоздап, қатерлі қауіпке айналып бара жатқан қат-қабат қылықтар еріксіз ұғындырды» — деп бастады Сикорский. Сөйлем мағналы да сұлу құрылғандай, оның үстіне, ешкімнен ұрланбай, өз ойынан туғандай көрінді.

«Бұрынғы бір хатымда ойыма ұрланып кірген шұба сияқты бір жайларды сізге білдіре отырып, өзім онша мән бермеген едім. Оныма қатты өкінуге тура келді. Кешігіп болса да осы хатым арқылы ондағы ақпартқанымды толықтыра алсам, төменшілікпен кешіруіңізді өтіне-

мін... Уақытын өткізіп алып хабарлап отырғанымды сіз кешіре алады екен деп үміттене де алмаймын. Менің жалғыз қорғанышым жыйырма жылға жақын сіздің адал қызметіңізде болып келгенім демесем, одан басқа ақталарым да жоқ...»

Осы сыяқты өз қүнасын ауырлата түсу арқылы айтарының салмағын да табандатып алып, Сикорский енді істің өз жайына көшті:

«Ушаков мырза жұмыскерлердің аз ғана дауыс көтергенінен ығысып, не тілесе де түгел беруге бұйрық етті. Оны мына бұйрығының көшірмесінен де байқарсыз. Оған қосарым — ауызша берген бұйрықтары бұдан он есе ұзын. Жұмыскерлер ортаға алып оған бұйырды, ол маған бұйырды. Мен бұл бұйрығыңызды Компанияның шешуінен кейін орындайтын шығармыз деп, ашқаусып едім, қағаз беті көтермейтін сөздермен Компания мүшелерін қалай бағалайтынын да айтып салды. Бірі маскүнем, бірі күнезер-комағай, енді бірі одан да жаман... Жұмыскерлер отыр екен деп, іркілген де жоқ. Сонымен сорлы Сикорский шөл далада Қарағанды деген қала салмақшы! Моншасы Москванікіндей!.. Үйлібаранды жұмыскерлерге жеке-жеке бөлме... Қос терезе, голланд пеші! Кілем төсеуден басқаның бәрі бар!..

Бұйрықта айтылған үш судың бойына ондаған қазақ ауылдары келіп орнамақ. Мал бағып, шөп шабуға шегі жоқ еркіндік! Оны жұмыскерлердің өздері де «жер жұмағы» деп елеуреп жүр. Алты ай ауыстырып отыруға болатын жерде тұрақты жұмыскер қалалары мен жұмыскер ауылдарын жасаймын дегенге мен өзім түсіне алмадым. Қазір қырда аштық басталды. Бұрын алынған жұмыскерлердің күніне елу тыйыннан төлеп отырсақ, енді жалданатын қазақтар күніне отыз тыйыннан артық сұрауға ауыздары да бармайды! Егер Ушаков мырза рұхсат етсе, мен он күннің ішінде отыз тыйыннан мың жұмыскер тауып алар едім. Және сол отыз тыйын алдағы көп жылдар үшін өзгермейтін шек қойып кетпес пе еді!.. Мен жоқты-барды шұқылай бергісі келмейтін, өте нанғыш адам екенім өзіңізге де белгілі, бірақ, осынша оңайға Ушаков мырза түсінбей отыр деп ойлана алмаймын. Серіктесіңіз туралы ыңғайсыздау сөз айтқаныма кешірім етіңіз, сене алмаймын. Мұным үшін қандай жаза берсеңіз де көтеремін, бірақ адал ойымды жасыра алмай отырмын.

Шынын айтқанда, мұнда орыс жұмыскерлерін ұстаудың өзі ең үлкен зиян екенін де дәлелдегім келеді. Оларға қарап қазақ жұмыскерлерінің жалақысы қымбатқа түсіп отыр. Қазір орыс-қазақ жұмыскерлері деп екі түрлі ақы белгілеу үмітінен біржола айрылдық. Арзан күшті өз колымызбен қымбаттатып отырмыз. Орыс та жоқ, қазақ та жоқ, жұмыскер деген барі Ушаков мырза тек қана осылай сөйлейді. Егер сіздің өз өндірістеріңізге жұмыскер керек болса, еңалдымен Қарағандыға жіберген жұмыскерлеріңізді қайтарып алғаныңызды мақұл көрер едім. Мұндағы күрек пен қайла жұмыстарына қазақ жұмыскерлері де жарап жатыр. Жалақыны шын мағнасында төмендетуге сонда ғана қолымыз еркін жетеді.

Ушаков мырзаның бұйрығы бойынша Қарағанды көмірінің басқарушысы картоп, капуста егетін болғанын да көрерсіз... Енді біраз жылдан кейін Сикорский бір байдың қойын бағып жүр деп есітсеңіз, таңданбайтын болыңыз. Даланың бораны мен дауылы қандай құтырынған болса, бақылаусыз жүрген адамдары да соған ұқсауға тырысатын сияқты... Жалғыз мен емес көп адамдардың ойынша, ұзамай Қарағанды деген империя болмақ та, императорының фамилиясы«У» харпінен басталмақ...

Ең соңғы білдіргім келетін бір «қуанышты» хабарым — сіздің сенімсіз деген адамыңызды маған штейгер етіп тағайындап бердің Одан гөрі сауатты адамымыз жоқ екені рас, бірақ, жүріс-тұрысы, беймазалығы, қарсыласа кетуі, мен білетін штейгерлердің біріне де ұқсамайды. Әйелім деп ала келген Елизавета Быкова деген адам Петербургтың жоғарғы қоғамына лайық. Сол екеуінің ерлі-байлы екендіктеріне де шектене бастадым. Ол жай ұзамай ашылмақ. Егер ойлаған жерден шыға қалса, әдеп сақтамапсыз деп сөкпессіз. Мұндай адамдар жайында ұғыныспаған уақытымыз болмаған шығар деп ойлаймын.

Осынша шектен шығып жатқан заңсыздықты көріп отыра беруге қалай шыдамың жетеді деп ұрысуыңыз да мүмкін. Ақталу үшін емес, әділет үшін шындығын айтсам, бірінші, мұның бәрі бұл күнге дейін бүркеліп келіп (дұрысырақ айтқанда, жорыққа шығуға бата алмай келіп), бүгін ғана бұйрық ретінде жарияланды. Екінші, менің Ушаков мырзадан тайқақсыйтыным да рас. Әрине, мен одан қорықпауыма да болар еді, бірақ, қорқамын. Сіз алыстасыз, Акула мен Зубов бітеу бөрене, дөңбек,

қара күш. Алайда, сіздің өзіңізден турадан тура нұсқау алғанша, мына бұйрықтардың орындала қоюына онша күш салып, ынта көрсетпеуге шыдармын деп ойлаймын...»

Сикорский жазған хатын қайта бір оқып шықты да, кәрі қорқаудың жанды жеріне дөп тиетіндей болып шыққан екен деп ұйғарды. Керекті істерде, адал жұмыстарда неге осындай шебер де ынталы болмадым екен деп ойлаған жоқ. Енді осыны тым болмаса Ақмоладан әрі асырып салып қайтатын жыйнақы да, ісмер, елеусіз де тынымды адам керек болды.

Қоғам үлкен бе, кіші ме, ойлы ма, өнерлі ме, сол қоғамның алыс-жақын арманына ортақпысын, жоқпысын, өзім деген әміршің өзіннен өзгенің қайғы-қуанышына қалтқысыз ортақ ете ме, жоқ па,— бәрібір, әркімнің сол қоғам ішінде өз үйірі, өмір ішінде өз түкпірі, өз қайғысы, өз қуанары бар. Сондай жанның бірі Сикорскийдің де өз мұңы, өз көздегені, өз үйірі бар еді. Оның үлкен істен жырып алған қуаныш-мұңы да басқа, үлкен топтан таңдап алған достары да басқа. Соларының бірі Мұсакай еді, Ақмолаға соны аттандыруға тоқырады.

— Мұсакай, сен арық торы атына менің семіз торы атымды айырбастап аласын,— деді Сикорский Мұсакайды шақыртып алып. Осылай сөйлесуге дағдыланған, сырмінез адамдарша, ақылы іске жұмсайтынын жасырмай аңғартты.— Түсінікті ме?

— Жоқ, түсінікті емес.

— Қазір түсінесің. Қосарсыз, баспа-бас айырбастаймыз. Ұнай ма?

— Ұнайды.

— Сол торы атпен бүгін Ақмолаға жүріп кетесің. Барасын ғой?

— Барайын.

— Екі күннен қалмай Ақмолаға жететін боласын. Жетесің ғой?

— Жетейін.

— Ешқайда бұрылмай тура почтаға барасын. Ұқтың ба?

— Содан соң?

— Мына хатты почта начальнигі Иконниковтың қолына тапсырасын. Орындай аласын ғой?

— Орындай алам.

— Сикорский арнап жіберді дейсін. Айтасын ғой?

— Айта алам.

— Торы атты не үшін баспа-бас алып тұрғаныңды түсіндің ғой енді?

— Түсіндім.

Мұсакайға бұдан арғыны түсіндіріп әуреленудің керегі де жоқ еді. Әр түтінді түсінен де, исінен де қатесіз таныйтын қырдың қырқар түлкісі қылаң қағып, құлпырып сала берді. Сикорскийді басқа біреуге айырбастап кетпесе, түсіну жағынан қапысыз еді.

— Торы атты сол жақта қара атқа айырбастап қайтуына да болады,— деді Сикорский жымыйып.

Мұсакай оның астарын да түсіне қалып, басын шұлғыды.

— Ие, кішкене тұра тұршы...— деді Сикорский, қабағын шытып.— Қарағандының жұмысына түсуге қанша ауылдар ынтығып отыр деп едің, осы?

— Қазір тіпті саны жоқ оның!.. Тамағы үшін ғана көмірге түскісі келетін адамдарды мыңдап табуға болады. Тіпті, Жұмабек төреге үш тыйын бермей табуға болады! — деді қырқар түлкі қасқырдың үлесіне қызығып кетіп...

— Жоқ, Жұмабекте жұмысың болмасын, ол керекті адам...— деді Сикорский мұндай ыңғайға ренжитінін ащартқа қабағын шытып.

— Мен жәй, әшейін, сірағысын айтқаным ғой...— деді Мұсакай.

— Күніне отыз тыйынға риза болып көмірге түскісі келетін бір жүз адамның арызын түсірте аламысын бүгін?

— Екі сағатта түсірте алам!

— Ауылнай мөрін басып, куаландырған болса, тіпті жақсы болар еді...

— Арыздың өзі ауылнайдың үйінде жазылат та! — деді өнерсіз ку, сырын білдіріп алғанына қысылмастан.

— Үш ендеше! Екі сағатта оралып кел. Арыз мына хатпен бірге аттанады.

— Ауылнай мөрін басып болып, бетіме қарайтын болады ғой... онда қайтем?

— Сен оның алақанына патшаның басы бар мына мөрді бас! — деп, Сикорский Мұсақайға бес сом күміс санап тастады.— Жөнел! Әуелі өз атыңмен барып, Байжанның үйінде қонып жатқан Жұмабекті маған шақырып жібер. Тез келсін... Содан кейін бір минут айналма!

Мұсақай кеткеннен кейін, Сикорский Рязановқа жіберетін хатының жалғасын жазуға қайта отырды. Екі ауыз сөзбен айтылар нәрсені дәмдеп, тұздықтап, өнерлеп жатыр. Көптен бері жұмыс сұрап, есік босатпайтын қазақ жігіттерін Ушаков алдырмай қойған... Жеке арыздарға ешкім құлақ аспағандықтан, қазақтар енді үлкен қауым болып арыз бере бастаған. Солардың бірін көзімен көрсін деп, Рязановқа жолдап отыр...

Даланың арыз-шағым, приговор деп, бірнеше болыстың атынан жазылатын қағаздарының бәрі де үш-төрт адамның ғана қолынан туатынын Сібір ұлықтарының бәрі де білетін еді. Дүниеде біріне бірі дәл ұқсайтын екі бас бармақ кездескен емес. Арыз-шағымдарға баттыйтып басқан көп бармақтардың біріне бірі егіздің сыңарындай ұқсап тұрғанын көріп отырса да, ұлықтар оны әдейі айыра алмайды. Дәл сол ізбен жасалып Рязановқа кететін арыз да солардың бірі болып шығатынын біліп отырған Сикорский, дүниедегі ең бір адал істі жақтайтындай-ақ, әділет айналасындағы сөздердің ең бір ірілерін теріп жатыр. Ол өзінің қоқтық қазып жүрген қоразға ұқсап отырғанын байқайтын да емес... Хат аяғына, бұйрық солай болғандықтан, жабық шахта жасап жатқан бір артель жыйырма жұмыскерді амалсыз монша барағын қазуға шығардым дегенді қыстырды. Әрине, Ушаковтың бір бұйрығын амалсыз орындау үшін бір ісін қаңтарып тастау керек еді...

Әлденеден үміті бардай елеурей басып, Жұмабек келді. Сикорский онымен сақтана сөйлесетін еді, бұл жолы да сонысын істеп:

— Екінші кезекке әзірлеген жігіттерім дайын отыр дедің ғой? — деп сұрады.

— Ие, дайын отыр. Бірақ, Никон Ибраһимович, әзір қозғама деді ғой?

— Ол біздің өз жұмысымыз... Сіз әр сағатқа дайын тұруыңыз керек. Тізімдері қолыңызда ма?

— Көпшілігі қолымда... Елу шақты жұмыскерді көршілі болыстан іздемек едім.

— Іздеуді тоқтата тұр да, дайын адамдарыңның тізімін ертеңнен қалдырмай маған әкеліп тапсыр. Ауылнайлар мөрлерін басып, куаландыратын болсын.

— Жақсы, орындайын...

— Қожайын сөзінде тұра алмаса, сен не істей алар едің? — деді Сикорский кенеттен.

— Ешнәрсе істей алмас едім...

— Сен сөзіңде тұра алмасаң, қожайынның не істей аларын білемісін?

— О!.. Білем, білем!..— деді Жұмабек, қалта біткені тесіліп, бар ақшасы ағылып түсіп бара жатқандай сезініп.

— Ендеше, сен өз міндетіңді алдын ала орындап, өзіңе сөз келтірмейтін болуды бекер ұмытыпсын! Қожайын — қожайын да, подрядчик — подрядчик, қызметкер! Ұқтың ба? Ұмытпа!

Жұмабекті осы қоқаймен бөріктіріп шығарған Сикорскийдің алдына мерзімді уәдеден аз ғана кешігіп Мұсақай әкелген тізімдер түсті. Жүгіріп бара жатқан құмырысқаға ұқсаған арап әрпімен жазылған арыздың аяқ жағына Жылқыбай, Түйебайлардан түгел жүз адамның аттары тізіліп, бармақтары басылыпты. Табақ қағаздың сол жақ қабырғасын ала жоғарыдан төмен қарай басылған бармақтар қақтан су ішіп шыққан тұсаулы түйенің ізі сияқты... Кейін танып кетуге керек болатын арызшағымдарға бармақ орнына жас баланың өкшесін де басып жіберетін әдет болушы еді, бұл жолы ауылнай оны да істемепті... Ұрлық пен өтірікке басқанда мөрді баса беріп айналдырыңқырап жіберетін әдет болушы еді, бұл жолы мөрді де қозғамай, дұрыс басқан.

Сикорский оны хатына қосып, үлкен конверттің бетіне бес жерге сорғалап тамшылаған қызыл сургучтің үстінен жез мөрімен нұқып-нұқып қалды...

— Енді жүре бер, жолың болсын!..— деді Мұсақайға.

3

Бардұр... Бірдұр... Хақдұр...

Көкте де емес, жерде де емес, барлық байтақ ғаламда...

Тумады, тудырмады, тудырмайды... Әкесіз де шешесіз, ең бірінші некесіз...

Адам да емес, басқа түрлі жан иелеріне де ұқсамайды. Алладұр, кәдуілгі, ұлығдұр...

Алласының осындай сыйпаттарынан хабары болып көрмеген Жұбай жеңгей құдық басында сол ұлығдұрдың өзін сілейте қарғап жүр... Именер де, ығысар да емес. Даусы ащы да қатал, зілді де кекті шығады:

— Қу құдай, шұнақ құдай, саңрау құдай, құрығыр құдай!..

Бұл батылдыққа қазақтың еркегінен бұрын әйелі жетті, ерте жетіпті. Амалы қайсы, ғылымсыз да білімсіз, философиясыз, өмірдің ащы зары жеткізіпті. Сабаумен тулақты ұрып қалғанда шыққан дыбыска сабау да ортақ, тулақ да ортақ. Жұбайдың ащы даусы да сол тулақ дыбысы еді.

Сірідей көнбіс жанына тағы да аяусыз келіп соғылған бірдемеден Жұбай жеңгейдің қатты ышқынғаны байқалады. Қу құдайдан бастады да құрығырдан бір-ақ шығарды. Бейнесі белгісіз еслам алласын тастан, ағаштан жасалған, қуарып қалатын, шұнайып қалатын ескі құдайларға теңеп қарғайды. Әжелердің әжесінен бері тартып келе жатқан әйел зарын естімеген, әйел азабын көрмеген, аямаған құдайды меңреу деп, құрығыр деп қарғайды.

Көкжиекке ұмар-жұмар үйіліп, түтіндете шөккен, қорғасындай қара-көк бұлтқа тіреліп келіп, қыстың бозғылт күні батқалы барады. Бұдырсыз, бұтасыз аппақ даланың өні сұрланып, тынсыз-үнсіз шанытқан суық барлық жан иелерін бүрсең қақтырып, бүрістіріп әкетті. Өмір бойы қарыған суықпен, күйдірген ыстықтың азап шеңгелінде келе жатқан жанның бірі Жұбайдың алласына айтар алғысы аз да, қарғысы көп екені де рас.

Байжан өзі үйде, төр алдында кешкі намазын оқып жатыр. Аты намаз демесек, Байжекеңнің көңілінде де онша көп құлшылық барлығы байқалмайды. Жарық деп, жыра деп ойланбай, төтелеп асқан салт адамша, намазын сүріне-қабына асығыс оқып жатыр. Сырттан әйелінің ашынған даусы естілгенде, Байжекең намаз үсті деген жоқ:

— А, сволочь қатын, бірдемені бұлдірдің-ау! — деп қалды. Сволочь деп еркелеткені болмаса, байғұстың жаны қысылып жүр-ау, деп ойлаған жоқ. Шыйрақ аяндап құдықтан қайтқан аттардың терезе алдынан өткендегі тықырын естігенде, Байжекең Омбыда Ушаков жектіріп берген үлкен қара аттың енді өз малы болып кеткенін есіне алды. Намаз үсті деген жоқ, Ушаков кәпір де болса, мұсылманнан артық деп ойлады. Осындай нәрселер ойын бөле бергендіктен намаздың неше басын оқығанын да ұмытып қалды...

Үйге асығып-аптығып кірген екі жас бала әкелерінің намаз үстінде екеніне қарамай:

— Әке, кіші апам келе жатыр, кіші апам! — десті қуанған дауыспен, қатар шуласып.

Басын жерге қоя берген Байжекең мандайын жайнамазға тигізе беріп жұлып алды да, балаларына бұрылып:

— Апаңды үйге шақыр, от жақсын! — деді де жайнамазға қарай қайта еңкейді. «Намаз деген сақалға салынатын бір салық қой» деп қалжыңдайтын Байжекең оның қалай оқылғанына да мән бермейтін еді. Сол әдетінше тезірек аткарып тастауға асықты.

Балалардың келе жатыр деген кіші апасы — Елизавета Быкова еді. Өз шешелерін апа деп, Көпей бәйбішені үлкен апа деп үйренген балалар, келген бетінде сүзек болып осы үйде ай жарым жатқан Елизаветаны кіші апа деп кеткен. Өзі өте жұғымды, еркелей де, еркелете де білетін жас әйел бұл үйдің барлық жандарына да ыстық бір туысындай болып кетіп еді. Жас балалар туған апасындай көретін. Қуанған балалар әкесінің не бұйырғанын ұғынып болғанша үйге Елизавета келіп кірді. Қашанғы әдеті бойынша есікті жаба беріп:

— Здравствуйте,— деді жұмсақ айқын даусымен.

Елизавета келгенде балаларынан кем қуанбайтын Байжекең, намазын тағы да ойланбай-ақ үзе тастап:

— Абажди, қызым... бог первай, шелабек опторой! — деді, артына бұрылып.

Байжекеннің «әуелі құдай, екінші адам» дейтін сөзінің мәтелін талай естіген, оны және қазақтың бір мақалы шығар деп ойлайтын Елизавета бұл жолы да аз ғана жымыйды да, күлген жоқ:

— Папа намаз оқып жатыр екен... ақырын...— деп, шуласа жармасқан балаларды екі қолымен қапсыра құшақтай, ауыз үйде өзінен қалған ағаш төсекке қарай бет алды. Екі бала қолынан жұлқылап, әркайсысы Елизаветаны өзіне қарай тартып, таласып кетіп барады:

— Кіші апа, менің орындығыма отыр! Сені мен бұрын көрдім.

— А, мен бұрын танидым! Сен «бұл кім?» деп, көзің бакырайып, мұрнынды сүрте бергенде, мен «кіші апам» дедім... Кіші апам менің орындығыма отырады.

— Жоқ!.. Сен кеше орындығынды аяғынмен тепкесін!

— Ендеше, сен жылағасын мана!

— Кеше сен жыламап па ең? Орындығынды жылап отырып тепкесін!.. Апам сені ұрған!..

— Сені жаздыкүні әкем ұрмап па еді?.. Бақыртып ұрған!..

Балалардың не айтысып жатқандарына түсінбесе де кім үшін таласып жатқандарын жақсы түсініп тұрған Елизавета балалардың таласын әрең тыйып, екеуін екі жағына ала ағаш төсекке барып отырды да:

— Енді қойыңдар таласты... Шуламаңдар... Мен екеуіңді де бірдей жақсы көремін. Міне, екеуіңе де базарлық әкелдім,— деп, Сейткамалдың лавкасынан алған, арзан да болса қымбатқа сатылатын, қазақ баласының ең қымбатты таңсығы — бір уыс кәмпит көрсетті. Балалар көзі енді кіші апаны тастап кәмпитке ауып кетті.

Намазын енді болған шығар деген деңгейге жеткізе беріп жыйнай салды да, Бәйжекең қапыл- құпыл етігін киіп, тымағын бастыра байлап жатып:

— Шырағым қызым, тепер бог прощай! Наулкеде баба сершайт! Абажди, потом шай пить буйдым,— деді де далаға шығып кетті.

Елизавета жымыйып басын изеді. Үй иесінің дін, намаз деген нәрселерге мән бермейтіні есіне түсіп жымыйды. Байжанға қарап бүкіл қазақ халқында дін онша берік емес шығар деп ойлайтын еді, сол ойына қайта оралды.

Елизавета Быкова сүзектен көтеріліп, жұмыскерлер барағына көшкелі екі айдай болып еді. Жаратылысында талдырмаш, нәзік жан сүзектен кейін аппақ қағаздай болып, қара қауымның ортасына көктен түскен періштедей көрінді. Қара көздері мөлдір нұр төгіп, жүзіне жұқа ғана қызғылт бояу шығыпты. Әлсіз, ақырын қозғалыстарына орай даусы да назды, ерке шығады. Қараңғы жер астында, қара жұмыста жүрген адамдардың жалғыз шұғласындай, әрбір жұмыскер жолдасы оған қызыға да, қызғана да қарайтын еді. Жолдастарының әрбір қылықтарынан, елеусізде болмашы мінездерінен кең мейрім, қалтқысыз достық сезінетін Елизавета осы қоғамның ішінде өзін бақытты да көретін, сол қоғамның алдында қарыздар да санайтын. Сондықтан ол жолдастарынан бөлек ұзақ жата алмай, ауру сүлдерінен түгел айығып болмай-ақ, көмір сұрыптауға кірісіп кетті. Және өзінің арман етіп келген істерін қолға алды. Бүгін де Байжан үйіне сол ісімен келіп отыр еді.

Бұрын жұмыс жұртымен жете таныстығы жоқ Елизавета Быкова ол қауымның қандай екенін Оралдан Қарағандыға дейінгі екі айдан аса жүрген ұзақ жолда біраз та-

ныды. Одан кейін тап осы ауыз үйде, ауырып жатқан күндерінде көрді: алыс далаға, қараңғы қыйырға кетіп бара жатқан жұмыскерлер арасына сана жарығын жағамын деп шыққан жас әйел осы ауыз үйге түскен жұмыскер жарығын еналдымен өзі көрді.

Ыстығы лапылдап, сандырақ үстінде жатқанда, Елизавета осы ауыз үйде Быковпен бірге Михайло Неволя, Шило қарт, тағы бір-екі қара қазақтар жүргенін көретін еді. Екі-үш күннен кейін, қыстың жалтаң суық күндерінде ауыз үйге аса бір мол жарық түсіп тұрғанын көріп, қуанып кетті. Көздерін жастықпен тығындаған, қарынмен амалдаған, сығырайған қазақ терезесіне ұзақ уақыт алғыс айтып, таңданып жатты. Бірақ, мол жарық қазақ терезесінен түскен жоқ, сол келіп жүрген жұмыскер жолдастары түсірген жарық еді.

Шило қарт Быковқа еріп Елизаветаның халін білгелі алғаш келгенде-ақ, Байжанның ауыз үйінен жаны түршігіп:

— Бұл немене, тұншығып өлсін, қараңғыда шірісін деп қалдырдың ба мұнда? — деп еді Быковқа, шоқша бурыл сақалымен ауырып жатқан әйелді нұсқап.

Быков амалсыздық жайды ескертіп жауап қайырғанша, Шило қарт ауыз үйдің өліктің көзіндей жансыз сығырайған жалғыз терезесін сүйемдей бастап еді. Лақ секіріп, балалар асылып, жылауық терезеден талай қыс бойы тоқтаусыз аққан су жырып мылжалаған терезе алдын барлық аламайымен қоса сүйемдеді. Жұмыстан мұқалған, біріне бірі бүкірімен, қыйсығымен ғана тиісіп тұратын буылтық саусақтарын әрең жазып, барынша кере қарыштап жатып:

— Құдайға шүкір, биіктігі де, көлденеңі де кез жарым келетін шаршы терезе сыяды екен... Бірақ, ауаны ауыстырып тұратын зырылдауығы болсын. Нағыз керектің бірі сол, білдің бе?.. Менің кеудеме жарық түсірем деп күнде әуреленгенше, құдайдың жарығының жолын ашсаң еттің! Әлде біріне бірінің кесірі тиеді деп ойладың ба? — деді Шило қарт, әрбір өз ісіне мығым шалдың еркелеу де келетін әдетінше ұрса сөйлеп. Мұндай шалдар еркелеткенде де ұрса еркелетеді.

— Мынау бүкір-бұлтық қабырғаларды темір күрекпен сүргілеп бір шықса, осы бөлменің өзі екі есе кеңіп кетер еді-ау! — деді Михайло Неволя.

— Е, ол сенің жұмысың... Ол үшін сенің қолдарың ке-

рек. Мен өз жұмысымды ғана білемін...— деді оған Шило қарт.

Осыдан екі күннен кейін ауыз үйдің терезесі аламайымен ойылып алынып тасталды да, оның орнына өз кәсегімен келген үлкен қос терезе орнады. Бір бұрышында зырылдауығы да бар, зырылдауығын жауып қоятын қақпағы да бар. Мол жарық сол терезеден түсіп еді.

Әуелі үлкен терезе үйді суытады деп әрең көнген Байжекең, ауыз үйі жайнап кеткеннен кейін жұмыскерлерге өзі жалынып жүріп төр бөлменің екі терезесін де жаңартырып алды. Әсіресе, баса зер салғаны зырылдауығы еді... Осы күні үйіне қонақ келгенде зырылдауықтың қақпағын ашып әлсін-әлі зырқыратып алу балалардан бұрын Байжекеңнің өзінің бір мақтанышы болып кетті. Қонып аттанғанша мақтауы қанша болса, аттанғаннан кейін өсегі мен жамандауын, сықағы мен мазағын одан да асыратын сумандар:

— Апырай, Байжеке, сіздің терезелер әп салып тұрады екен! — десе, Байжекең оң қолын мықынына тастап жіберіп:

— Біздің қазақта үй бар ма, тәйірі! Үй деп ана Омбыдағы Ушаковтың үйін айт! Заказ бір тұрған!.. Әнеу күні Игіліктің қонақ үйіне бір қонып шығып едім, тұншығып кете жаздадым... Терезесінде зырылдауығы жоқ үйді үй деп керегі жоқ! — дейтін болды.

Қазір Елизавета Быкова барып отырған ағаш төсек те, балалардың орындықтары да, қабырғаға тақай қойылған екі ұзын скамейка да сол кезде жұмыскерлер жасап әкелген нәрселер еді.

Елизавета Быкова сауыға бастағаннан кейін Байжанның ауыз үйі тіпті өзгеріп кетті. Су сіңіп борсыған балшықты Михайло Неволя бес жұмыскермен келіп, қырып-жонып, далаға шана-шана қылып төктірді. Үйдің астын да белден қазып, тағы бір кез төмен түсірді. Ауыз үй қазір кеңейіп те, биіктеп те кеткен. Жұмыскер орыс әйелдері ондаған өрмекшінің ұясын ойрандап, қабырға мен төбені де сылап, ағартып берді. Қазір бұл бүкіл қазақ даласында болып көрмеген ауыз үйге айналды. Байжекең, құдай қосса, ендігі жылы сыртқы есікті төр үйден шығарып, ауыз үйді төр үйге айналдырсам ба екен деп те ойлап қояды. Бірақ, төр бөлменің өзін солай түзеп алсам қайтеді деп ойламайды...

Байжанның ауыз үйіне осынша еңбек жұмсаудың бір-

неше себебі бар еді. Ең әуелі ауру әйелге қолдан келген жеңілдік жасаудың қамынан басталды. Алғашқы кезде кезектесіп ауру әйелдің қасына отырған орыс әйелдері:

— Елизавета аурудан көрі ластық пен сасық қараңғылықтан қатты күйзеліп жатыр, бірдеме істесеңдерші!?— деп, еркектеріне дамыл берген жоқ.

Бертін келе, барактан басқа барар жерлері жоқ жұмыскерлер кешкұрым осында келіп, әңгімелесіп отырып қайтатын болды. Есігі бар, терезесі бар, әйелі, бала-шағасы бар, қайнаған самауыры бар үй бараста тұратын жұмыскерлерге ерекше бір жайлы мекен сыяқты көрінетін еді.

Үйренген жерді, Орал тауының тынығы мен шуағын, бала-шаға, үйіштерін сағынып сөйлейтін жұмыскерлер үшін Қарағанды маңында бұрылып бас сұғарлық жалғыз қуыс Байжанның осы ауыз үйі болып қалды. Өзі қонақжай, ақ жарқын адам Байжан жұмыскерлердің келіп-кетіп жүрулеріне қырын қабақ көрсеткен де жоқ. Сонымен Байжанның жер үйі бүкіл қазақ даласында жұмыскер деген жаңа жұрттың жай-күйі сөйленген бірінші үйі болған еді. Көп еңбектің аянбай жұмсалған бір себебі де осы.

Жұмыскерлер ара-тұра қазақ халқының қандай жұрт екенін де жете білгілері келіп, көп нәрселерді сұрастырып, ынтыға сөз қылып отырады. Осы тұрған Орал тауынан келген адамдар Африка мен Аравияның бірінен келіп шыққандай, қазақ жайында ешнәрсе білмейтіндеріне таңданады. Көбірек еске алатындары Қызылжардан бергі жол бойында көрген қазақ ауылдары.

— Кедей халық.

— Жерге еңбек сіңіріп әдеттенбеген халық.

— Ұрпақ мұңын ойланбаған халық,— деседі біразы. Қекетіп емес, аяп айтады.

— Барлық міндетті құдайдың мойнына артып қойып, өздері еріншек болып кеткен,— деп, Шило қарт наразылық көрсетеді.

— Мына жұмыскер жігіттерін де жалқау дей аласың ба? Көмірді сенен кем қазып жүр ме? Одан да анық ешнәрсе білмейміз десеңші. Өзіміздің бір халқымыз жайында осынша тұқ білмеуіміз не деген ұят! — деп, Быков жолдастарының теріс бет алғаны болса қайырып тастап отырады.

— Сендер білмесеңдер, ұяты өздеріңе болсын. Мен бәрін де білдім... Уайым-қайғы дегенді есітіп көрмеген,

еркін өскен бақытты халық екен! — дейді Неволяның әйелі Катерина.

— Бақытты халық? Неменесімен? Кірімен, надандығымен бе?—деп, Шило қарт оған шаншыла жауап береді.

Кір мен надандық дегенді тура өз мағнасында ғана ұғынатындықтан оны үлкен айып та көрмейтін Катерина Неволя қолын сілке тастап:

— Сендер жоқты айтуға құмарсыңдар осы... Бұларда қанша жер бос жатқанын көрдіңдер ғой? Бір жылқыға мың десятинадан келеді дейді. Бұларда патша да жоқ, помещик те жоқ. Урядник те жоқ! Бұлар бақытты болмағанда кім бақытты? — дейді. Өз ойындағы бір арман тұрғысынан қарап сеніп айтады.

— Ал, Катюша айтты, бітті... Патшасы мен помещигі болмай-ақ қойсын... Көнейік осыған,— дейді Михайло Неволя әйелін кекете қалжыңдап.— Бәрібір анық білетін ешнәрселерің жоқ... Катюша енді бір жаз осында болса, бәрін өзі анықтап береді...

— Патшалары да бар, помещиктері де бар... Бірақ, басқаша аталатын болар. Онсыз ел бар деп естіген емеспін,— дейді Шило қарт.

Осындай әңгімелер әр кезде болып тұрады да анықталмай, аяқталмай қала береді. Араласып жүретін қазақ жұмыскерлерімен еркін сөйлесетін тіл де жоқ. Көзбен көріп, оймен топшылау үшін бұлар әлі жалғыз Байжанның үйінен басқа елді көрген де жоқ. Әңгіме тағы да даланың бораны мен суығына, жалаңаштығына ауысады. Орманды, таулы, көгалды, сулы жерде өскен көпшілік қазақ даласын тіршіліксіз сахра, аңызғақты шөлейт, көшпелі құм деп тітіркене сөйлейді. Бұл кезде көз алдарына келетін қазақ даласы емес, арап сахрасы екенін аңғармай қалады.

Қазақ халқы жайында ешнәрсе есітіп-білмеген жанның бірі — Елизавета Быкова еді. Ойланып қараса, негр, индеец, арап, қытай халықтары жайында көп нәрселерден хабары бар екен де, Россияның бір халқы қазақ жайында, ешнәрсе оқымаған да білмеген екен. Европаның он шақты мемлекеті еркін сыйып кететін кең жерге ие болып отырған халықтың жай-күйін білмеуіміз неліктен деп ойланады да:

— Әлде, бұл өзін өзі танытатын ешнәрсе жасай алмаған халық па екен? — деген сұрауға келіп тіреледі.

Бұл ойында шындық дәні барлығын сезінсе де ба-

уырмал жүрек бүкіл бір халықты ешнәрсе жасай алмаған деуге қыя алмай, басқа себептерді кеңірек, жайылып іздестіреді. Көз алдына орыс жеріне жағылған көп шамдарды, сөнбес шамдарды әкеледі. Иін тіресе қол ұстаса шыққан ғалымдарын, ой иелерін еске алады. Дүние жүзіне өз жарығын түсіре бастаған ой Россиясын көз алдынан өткізеді. Бірақ, ол жарық әлі күнге қазақ даласына түспеген сияқты көрінеді.

Бір күні ол Байжанмен еркін сөйлесетін әдетінше, осы үйге қонып отырған бірталай адамға түгел ортақ етіп:

— Қазақ халқы қанша жұрт? — деген сұрау берді.

Қонып отырған Игілік пен Омар, қасында он жасар баласы Кенжеғара бар Күреңкөз қожа еді. Бұлардан басқа жалғыз Андрей Быков бар-ды. Игілік қашанғы әдеті бойынша Байжанға бір жұмыс тапсырғалы Ақмоладан қайтып келе жатып жолшыбай соғып еді, осы үйде Қожекең қонып отыр екен. Қожекең бүгін Игіліктің қонақ үйіне қонып шықты да, Игілік әржағынан түнделетіп келіп Қожекеңнің үйіне қонып шықты. Қожекең жал-жаяға мәз болып аттанды да, Игілік Қожакеңнің үйінде болмағанына бір жасап аттанып еді...

Күреңкөз қожа Омбыдан олжалы қайтқан Байжанның үйіндегі екі жас баланың піштірілмеген шөтейлерін басқа бір надан қағып кете ме деп, әдейі бұрылып келіп еді. Шөтейлер әзір аман, сақтаулы екен... Қожекең көңілденіп, Байжанның аса діндар адам екеніне қоса Жұбайдың қою құлаторы шайын да мақтап алды. Сөз арасында пайғамбар әулетінен арғын ішінде жүрген жалғыз асыл тұяқ осы үйге тілектес көңілден батасын бергелі әдейі келгенін де ескертті. Қожекең дәмдес болғалы Игілік үйінің дәулеті шалқып кеткенін ескерте келіп, Байжанға да сондай мол дәулет, жеті атасына дейін шайқалмайтын береке тілейтінін аңғартты. Мұны талай ренжітіп аттандырған Жұманның арты қалай бүлініп жатқанын да жанап өтті...

Байжекең қолтығынан қос сайтан түрткілеп отырғандай қыл үстінде қыпылдап, қожаның қасындағы кең маңдайлы, қошқар мұрынды, көздерінде ой байқалатын, кесек денелі қара балаға көзін төндіріп-төндіріп қойып: «Игілікпен жақын болғаның, курап бара жатқан қожа тұқымы, өзіңе де теріс болмапты ғой!» деп қала жаздады да, өз үйінде сыпайылық сақтауға әрең шамасы жетіп, іркіліп қалды.

— Сізді өзім әдейі шақыртып, батаңызды алғалы жүр едім... Жақсы келдіңіз... Бір Игілік болмаса, өзге қазақ қожа қадірін білеміз бе?.. Ертең-бүгінмен кешігіп қалдым... Быйылғы қыстың өзі де сұрапыл болып тұр ғой!.. Құймақты жей отырыңыз, қожеке!.. — деп, Байжан қонағына адам сияқты қошемет көрсете сөйлеп келе жатты да, ойында отырған қыпылығы тіліне оралып кетіп, сөз аяғын: — Мына бір күшігіңіз осынша өзіңізге тартып туар ма!.. Игілікке тартып би болсын, бай болсын! — деп бітірді. Аброй бергенде қожекең ол сөздердің астарын аңдамай қалды...

Байжаннан мұндай құрмет бейілін күтпегендіктен әуелі маймаң келген қожекең, енді азырақ серги бастап:

— Қолыңа қонбас қаршыға!..
Әгер қонса қаршыға,
Мәгер көлләргә сал,
Мәгер шөлләргә сал!..—

— деген екен... Қазақ атаң баласынан мың қат ғайбат фиғыл көрсек те, бір қат көрсеткен еғтибары үшін кешіре береміз, һәркез дұғамызда болады, — деді.

— Апырай, мұныңыз не деген бір түрлі сөз еді! — деді Байжан, қожа сөздерінің соңғы жағында кінараты барына түсінсе де бас жағындағы мәтел мағнасын аңдай алмай қалып.— Қайта айтсаңыз қайтер екен?

— Ләббай? А, қайта айтсаңыз екен дейсіз бе... — деп, қожакең тағы бір бұлдыр тұманға бет ала бергенде, сырткы есік кең ашылып, ауыз үйге салмақты бір адамның кіріп келе жатқаны байқалды.

Ол келген, басына қара мақпалмен тыстаған түлкі тымақ, үстінде күмістей жылтылдаған мақпал қара тайжақасы бар, Игілік еді. Оның артынан көлеңкесіндей сып етіп, қоңыр күпілі, қоңыр тымақты Омар кірді. Қожекең аяғын баурына тез жыйнап алып, қуырылып бүрісе қалды. Шыймай-шытырман көк тамырлары көп қолдарының сырты да көгеріп көлбақа сияқтана қалыпты.

— Ассалаумағалайкүм!.. — деп Игілік үшін Омар айтты, Игіліктің ерні ғана жыбырлады.

Омар Игіліктің сыртқы киімдерін шешіндіріп болып, енді отырғызып аяғындағы саптамасын суырып жатқанда, Игілік қырын отырған бойы үй ішіндегі адамдармен тегіс амандасып шықты. Омар қожекеңе үйіші, бала-шаға, мал-жанының амандығын жеткізді. Игілік орнынан тұра бергенде, қожекең қай жағынан орын ұсынарын

білмей абыржып қалып еді, Игілік жұмсақ көзел мәсімен дастарханның шетін баса, қожаның алдынан өтіп ең жоғарыға барып отырды. Қара бала — Кенжеғара қожамен Игіліктің ортасында қалып еді, Игіліктің аузынан түсе қалғандай қатты ұқсайды екен...

Кейбір үйдің балаларында әркімге тартып туатын бір әдет болады... Нағашысына да тартады, нағашысының аулының кейбір жігіттеріне де тартады. Кейде, тіпті, сол күні өз әкесі үйде болмағандай, бір қонып кеткен жолаушыға да тарта салады... Көбінесе, дәмдес болған, араласы көп адамдарға тартып туады. Әрине, бұ да құдай ісі ғой, іштегі бала ең алғаш қыймылдап қалғанда шешесінің көзі кімге түсіп кетсе, байғұс баланың соған тартып туатын әдеті де болады... Осы бір әдет бойынша қожекеңнің жас тоқалынан туған Кенжеғара Игілікке тартып туыпты. Кемпірі қайтыс болғаннан кейін бес жыл әйелсіз отырған қожаға жесір отырған сұлу бір әйелді Игілік өзі алып беріп еді, дәмдестік, тілектестіктеріне қарай, қожаның ең кенже баласы досына тартып туды. Бала есейген сайын Игілікке ұқсай түсіп келе жатыр. Өсе келе баласының өзіне тартуын қожекең қанша көп тілек етіп, әр намаздың артынан тастамаса да, басқаға тартып кеткеніне бұл кезде өзінің көзі де әбден жеткен сияқты. Сондықтан «әр не бір алланың еркінде» деген ойға қожекең еріксіз келіп тірелді де, күшті алламен салғаса алмай, сабыр етті... Сол бала қазір Игілікпен қожаның ортасына келіп қалғанда, ел арасының ондай-мұндайына құлағы түрік жүретін Байжан жымың қағып, тықыршып кетті. Кіммен болса да ығыспай қалжыңдасатын әдеті бойынша:

— Қарағым, әкеңе қарай жақынырақ отыр... — деді Байжан, әке деп кімді айтқанын андатпайтын ойнақылау үнмен...

Қызылжардан да, қожаның үйінен де көңілді келе жатқан Игілік ол қалжыңды ұғынды да, елең еткен жоқ, қайта, әлденеден көңілсіздене қалған қожаның көңілін көтергісі келгендей, қалжыңға қалжың жауап беріп, үй ішіне бір кеңдік, жайдарылық кіргізді...

Елизавета Быкова жоғарыдағы сұрауын осындай жайдарылық үстінде өткен көп әңгімелерден кейін беріп еді.

Оның сұрауынан үйде отырғандардың бәрі де қысылыңқырап қалды. Өз халқының қанша екені өңінде-түсінде есіне түсіп көрмеген, ауыл-аймағынан басқаның

тіршілігінде жұмысы жоқ адамдар түгел абыржып, біріне бірі қарасты.

Сұрау шынында да ыңғайсыз келіп тиіп еді... Жұмақ нешеу, тамұқ нешеу, кәпір қайда барады, мұсылман қайда барады деп сұраушы болса, қожекең мүдірмей айтып берер еді. Жұмақта бір еркекке неше қыздан берілетінін де, олардың жасы он сегізде болатынын да көріп келгендей көйітер еді. Шашы ұзын, ақылы қысқа үйдегі тоқал қалай туласа да мейлі, бір отар жұмақ қыздарынан өзінің үміті барлығын да жасырмас еді... Ал, өмірде еншім бар, елмен бірге тілесер тілегім бар деген адамның бәрі білуге тиісті сұраудан ешбірінің хабары жоқ екен. Жалғыз Байжан ғана сый қонақтарын тар өткелден алып өтуге нартәуекел етіп, өз арқасын тосты:

— Қазақ халқы қанша жұрт дедің бе, қызым? — деп, аз ойланғандай бөгелді де, ойланғанмен табар ештемесі болмағандықтан: — Ойбай, көп қой!.. Тіпті көп!..— деді.

— Көп болғанда қанша? Неше миллион?

— Қызым-ай, қысып кеттің-ау, жоқ жерде... Оны кім есептеген! Тоқсан екі баулы қыпшақ, он екі ата арғын дейміз... Ұлы жүз, Кіші жүз дегенді естігеніміз болмаса, көрген де емеспіз... — деді Байжан, бар білгенін бір-ақ ақтарып. Одан әрі білетін ешнәрсесі байқалмай қалды.

Мұндайда бос жылдыртпаны ұнатпайтын Игілік осы үйде отырғандарға түгел ескерте:

— Шамаларың келгенше дұрыс жауап беріңдер, — деді.

Дүние сөзінен ешнәрсе естімегендей болып, кілегей көздерін ашып-жұмып мұлги қалған қожа да, Омар да естерін жыйып, қомданысып қалды.

— Қазақта жер қанша? — деп сұрады жас әйел.

Қазақтың өз ойына кіріп көрмеген нәрселерді орыстың жап-жас әйелінің осынша қазбалап сұрауына қайран қалып, ойланып отырған жалғыз Игілік қана. Ол мұндай сұраулардың аржағында үлкен мән барын да аңғара қалған сияқты. Өзгелері бірінің білмегенін бірі толықтырамын деп былықтыра түсіп, біріне бірі жанаспайтын жауаптар қайырды...

Осы үйде кездескен адамдардың бәрінен де қазақтың оны-мұнысын сұрастыра беру Елизавета Быковаңың әдетіне айналып кетіп еді. Ол көп адамдардан көп нәрселерді сұрастырып, көбінесе сенімсіз жауаптар алатын. Бүгін де сырт бейнелеріне қарағанда құрметті көрінген

адамдардан бір сұрауына дәл жауап ала алмай, бұл елде жете білгендік, анықтық, дәлдік дегендер жоқ болғаны ма деп ренжіп қалды да, басқа сұрауларын берген жоқ. Қазақ әйелінің қоғамдық жайлары мен есламның кеншілік-таршылықтарын жұқалап сұрамақшы еді, енді ол сұрауларынан іркіліп қалды.

— Қазақта мемлекет болып көрген бе? — деп сұрады Андрей Быков.

Байжан мен Омар мемлекет деген сөздің орысшасы государствоға түсіне алмай:

— Ол неменесі екен? Акша дегені ме, қазна дегені ме? — десті, біріне бірі қарап.

— Оспадар деп қазақ тұрпайы мінезді, дөрекі адамды айтады ғой... Ондайлар әр ауылда да құдайға шүкір десем қайтеді? — деп Байжан Омарға қарап еді, ол:

— Осының орысшасы жазық нету, тілмаш жоқ бола ма деп ойлаймын... — деп қараңғы бұрышқа қарай жантая кетті.

Жері бар, басқаруы бар, заңы бар, әкімдері бар деген сыяқты ең оңай ұғыныстардан құрастырып Быков қанша түсіндіріп көрсе де Байжан мен Омар жауабын білмейтін сұрауға біржола түсінбей қалды... Быков орысша патшалық деп қараса, Байжан мен Омар:

— Е, патшаға бағынамыз...

— Рамат-шығын төлеп тұрамыз...

— Патшамыз бар... — деп, бастарын шұлғысты.

Мемлекеті болып көрмеген елде мемлекет деген сөздің өзі туған жоқ еді әлі. Бірақ, соның мағнасына түсінбеулеріне таң қалып, Быков та тоқтап қалды. Дүниелік ойларға, дүние тарихына үлес қосқан, ортақ елдер бар. Ол қатарда қазақ жоғын жақсы білсе де, өз өмірінің ортан қазығындай тіректерін біле алмаған адамдарға о да наразы болып қалған сыяқты.

Қасындағыларының тым таяз да жабайы шыққандарына наразы қабақ көрсете, Игілік Байжан мен Омарға:

— Сен екеуің орысшылап жеткізіп көріндерші. Мен айтайын, — деді де өзі естіген нәрселерін жыйнақы түрде ғана айтып берді:

— Бізде жазу-сызу деген болған емес, сондықтан қай заманда не болғанын дәл айтып, дәлелдей алмаймыз. Біз әзір көзі көргені мен құлағы естігеніне ғана ие жұртпыз, — деп бастады Игілік.— Ушаковтан естігенім бойынша қазақ төрт миллион шамасында көрінеді. Бі-

разырағы Қоқан, Хиуа, Бұқарға қарайды. Көпшілігі Ресейде... Қазақта адам басына ұзындығы бес шақырым көлденеңі бес шақырым жер келеді деп есептеледі екен. Біз кез ұстап көрген де ел емеспіз. Оның қанша жер болып шығатынын өздерің есептей беріңдер. Бұл да инженер Бернерден естігенім... — деп, Омар мен Байжан қосарлана-қоқыта орысшалап болғанша тоқтап қалды. Қазақ миллион дегеннің неше мың болатынын да білмейді дегісі келді де айтқан жоқ.

— Бұл кісілердің енді бір сұрап отырғаны қазақта патшалық болған ба деп отыр, — деді Игілік қожаға бұрылып. — Ол бізде болған емес. Әр заманда әр жерде бөлек-бөлек хандықтар болыпты. Ұзақ өмір сүрмесе де керек. Малымен бірге жайылып, малы көбейген сайын бірінен бірі алшақтай бермесе жақындаспайтын елдің басын түгел біріктірген хандық болыпты дерлік ешбір дерек жоқ. Хандық деген әлгі айтқан заңы бар, дәстүрі бар, бар қазақтың ісі мен тіршілігін түгел басқаратын дегендеріне келмейді. Ондай жай мына біздің өзбек, тәжік ағайындарда болған, бізде болған емес. Біз Ресей патшалығының заңынан басқа заң көрген емеспіз. Найза мен қамшы заң емес қой, — деді.

— Біздің барлық мұсылман ғаламы халифаға бағынады деңіз... — деді қожекең, жар басынан секіргелі отырған көлбақаға ұсап қылмың етіп, кеудесін көтере бір қозғалып қалып.

— Ол дін жағы, қожеке, патшалық жағы емес... Қазақ халқы сіздің халифаңызға бағынып көрген емес, — деп, қожа тұқымынан арылмай келе жатқан бір ыңғайды тойтарып тастады да, Игілік Омарға орысшала деп иек көтерді.

— Қазақта қала болған ба? — деп сұрады Быков, Игіліктің жауабын ұғынғаннан кейін.

— Жоқ, болған емес. Үй салу, зауыт салу деген үлкен өнер ғой. Ондайды білген емеспіз. Ата-бабаларымыздың жұртында төбе-төбе көндері мен бұрқыраған күлдері қалыпты. Бізден де сол қалады... Мына балалар оқып, осылардан бірдеме шықпаса... — деп, Игілік қожаның қасындағы балаға қарап, күрсінгендей болды. Қожадан ығысып, пеш қасында бөдененің балапанындай ұйлығып отырған Байжанның балаларына қараған жоқ...

— Е, оқыйды, өзім оқытамын... Енша алла, құда жо-

лын танытармын,— деді қожекең. Игілік аз ғана басын шайқап жымыйды да, Қенжеғараның кеудесін қысып, алқымынан буып тұрған бешпент түймелерін түгел ағытып жіберіп:

— Шапаныңды шешіп таста,— деді ақырын ғана. Пысынап, терлеп кеткен бала шапанын сыпырып жатып, алды кең болып шыққан үлкен адамға алғыс көзімен қарады...

Әңгіме әуелі тұйыққа тіреліп қалып, енді қайта шешіле бастағаннан кейін Елизавета Быкова қазақ халқының әйелге көзқарасын сұрастырып еді, Игілік оған біріне бірі қарама-қарсы келетін, әйел басынан өтетін үш түрлі кезеңін айтты. Оған өзі де таң қалатындай, азырақ мысқыл қосып, шенеп айтты:

— Қазақ қыз баласын қатты қадірлейді,— деді Игілік. — Ана болған әйелді де сондай қадірлейді. Бұл екеуіне тіл тигізген адам ең көргенсіз саналады. Алыс-жақыны оны түгел жексұрын көріп, жеркене қарайды. Безініп кетеді. Бірақ, әйелдің қатын деген бір кезеңі бар... Ол кезде әйел күңмен тең... Мына отырған Байжекеңдер әйелін адам көріп, үйішінің он тыйындық жұмысын ақылдаса ма екен?.. Жоқ, бұл кісінің әйелі күңмен тең... Мынау отырған қожалар әйелді еркекпен бірге намазға да қатнастырмайды... Қазақ әйелі құлшылықта да теңдік көре алмайды! Қазақта «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деген мақал бар. Оны істейтін біз, қазақтың еркегіміз... Бала сияқтымыз, қолымызға берген қандай асылды болса да тез бұзып, тез тоздырып тастаймыз, — деді Игілік.

Сонымен, Елизавета Быкованың қазақ жайында бұл түнгі ести алғандары да осындай құнарсыздау болып еді. Ол ғасырлар бойында ел тіршілігінде болған өзгерістер жайын, саты-саты болып келіп көтерілген, ілгері басқан өмір жайын білмек еді, ол туралы Игілік те ешнәрсе айта алмады. Жаңағы берген жауаптарымен тоқталатынын аңғартып, Омарға:

— Етігімді бері әперіп жіберші, — деді. Бар әңгіме осымен тоқталып қалды.

Бұл кештен кейін Елизавета Быкова осы үйге көп келіп, шай ішіп, кірлерін жудырып алып жүретін жұмыскер жігіттер арқылы қазақтың ән-күй өнерімен танысты. Белгілі жай, әнді қалай түсінетініне қарап, малыңды қалай бағатының мен қаланды қалай салатыныңды да аң-

дауға болады. Жанның нені тілейді, сезімінде қандай терендік бар, құмарлық пен құштарлығың басым ба, терең мағнада сүюің де бар ма, оны ән кестесі жасыра алмайтын мінезі бар. Дүниелік атақты ғалымдардың айтуларынша әр халықтың көркем өнерінде сол халық нені әсірелесе, нені жоғарғы тілек етсе, соның әсері айқын болады дегенді Елизавета Быкова көп кітаптардан кездестірген еді. Египет көркем өнері тыныштықты, Греция көркемдікті, Ассирия құдіреттілікті жоғарғы тілек етеді деген сияқты, әр елдің көркем өнерінде де белгілі бір арқау барына орыс ғалымдары да бірауыздан қосылатын. Осы көзқарастардың тұрғысынан Елизавета Быкова қазақ әндерін көңіл қоя тыңдайтын еді.

Қазақ жұмыскерлөрінің арасында асып кеткен әнші де жоқ екен. Ән сарындары бірыңғай, не жайлы болса да бір ғана реңмен айтылатын сияқты. Кейде қылқылдап сұраған «берші, бердің» мазасыз тепегі де кетеді. Қадала сұранған сорлы ақын Елизаветаның көз алдына бақсыдай болып елестейді. Қазақ әнінің жалпы арқауы деп, шамасы келмей, меңгере алмай жатқан кең жерді, ұшан-теңіз даланы айтуға болатын сияқтанады. Тар бараста, сасық қараңғыда қалғандықтан, даланың кеңдігі мен таза, салқын самалын өзеуреп сағынған жұмыскерлер ән салғанда, көз алдына келе қалған сол кең даласымен үзілісе алмай, ұзақ созып, аяғын ылғый мұңға тіреп тоқтататын сияқтанады.

Тосаң құлақтың осы сияқты алғашқы алған әсерін бір күні қазақ барағында салған бір жұмыскердің әні бұзып кетті. Ән салған Алшағыр еді. Бұрауы мен күйін өзі ғана келтіре алатын ескі домбырасын қараңғы бұрыштa ақырын ғана дыңылдатып жатып, Алшағыр «Құлагер» әнін салды. Үйішін, ақжарқын әйелі мен жалғыз ұлы Әлішерін елжіреп сағынған Алшағыр зарлы әннің қалай келіп оралғанын өзі де аңғармай қалған еді. Домбыраға да аңдамай қосылып кетті. Қараңғы жер баракта жалғыз қалғандай сезініп, ыңырсый бастап еді, серпінді ән өзі көтеріліп кеткендей, кеудесіндегі бар шерлі үнін будақтатып сыртқа шығарды.

Қазақ жұмыскерлерінің барағына «пәлі, пәлі!» дескен дауыстардың тұсында келіп кірген Елизавета Быкова ән мен дауыстың қосыла өріліп, сұлу бір төңкерілген кезіне кездесті де, ілгері аттамай тұра қалды. Ән терең сезімді, мағналы көрінді. Әрбір шын мағнасындағы көр-

кем еңбектің өзімен өзі ғана болмай, көп нәрселерді қамтып, толып жатқан ой туғызып, терең сезімдерді қозғайтыны сияқты, мынау ән де көп ой салады екен. Өленнің бір ауыз сөзіне түсінбеген орыс әйелі әнді балқып тыңдағандай еді. Бұл жалғыз зар әні емес, өкініш мұңы екен. Өзінің бір ойланбай келіп от басып алғанына өкінген адам, ешкімге жаласын жаппай, ешкімді кінәламай, өзінен болған өкініштің зарын тартып қалғандай. Ән баяу тоқтады.

— Тағы да, тағы да бір ән!.. — дескен дауыстарға араласа шыркай шыққан бір ән кетті. Бұл әуелі сұм тағдырына ашынып айтылған арыздай басталып, аяқ жағы кекке шақырып тоқталатын ән екен.

— Алармын өз кегімді өз қолыммен! — деп өленнің соңғы жолы бітеді екен де, ән аяғы жоғарылап, көкке сорылғандай, күркіреп тынады екен. Өлең жоқта, үн жоқта, көңіл мен көздің сүйсінері де жоқ барақ өзінен өзі жылынып, жарқырап кеткендей болды.

Быкованың бұрынғы естіген әндерінде жәрдемсіздік, енжарлық сияқты бір сарын болушы еді. Үміт оты сөнгендей, қарсы тұрар қайратқа шақырмай, налу, зарығу, торығу сезілетін еді. Мынау әндерде оның бірі жоқ екен. Зары мен мұңының өзі «Ойлан!» деп тұрғандай салмақ салады екен. Ойлану қазақ даласына ең керектің бірі еді.

Әнші аз кідіріп, өленнің екінші шумағына ауыса бергенде мұз қатқан сыртқы есікті бақыртып ашып, сарт еткізіп жауып, Иван Акула кірді де:

— Тоқтандар! — деді әмір даусымен. — Бүгін жұмысқа шықпай қалғандар кім?

Акуланың қатал әмірі әнді шапалақпен жаққа салып жібергендей, ән аз ғана шайқалды да үзіліп кетті. Сынған жоқ, иықау дірілге айналды да ыдырап үзілді.

Осындай анда-мұнда естігендерінен қорытып, Елизавета Быкова қазақта ән өнері едәуір жоғары дәрежеде екен деген ойға тоқырады. Бұл әртүрлі сезімнің терендігін де аңдататын еді. Олай болса ар-намыс, ұят, уәде, сенім, достық деген жақтары берік болуға тиісті. Тосын көз, көре білетін көз жұмыскер жігіттердің өзара қарым-қатнастарынан осындай мінездерін аңғартып та қалған еді, жаңағы естіген әндері де соны дәлелдеген сияқтанды.

Сыр алыспаған жат жұрттың арасына жаңа сөзбен

кіру үшін Елизавета Быкова ол жұрттың біраз өзіндік дәстүрін біліп алуды өте қажет деп тапқан. Әсіресе, әртіннен келе жатқан жұмыскерлік салты жоқ, ауылдан кеше ғана келген қазақ жігіттерімен шешіліп сөйлесу үшін қазақтың өзі қандай жұрт екенін кеңірек білуді әйелдің ұқыптылығымен қазбалап іздестіріп еді.

Сүзектен кейін баракқа көшкелі, өткен екі айдың ішінде өз көзінің алдынан да көп нәрселер өтті. Екі ел жұмыскерлерінің қалың көпшілігі құшақтасып кете қоймағанмен, Бұланбай, Байшегір, Алшағыр сияқты жігіттер үлкен достыққа іркілмей бара алатын адамдар екені байқалады. Өз қара бастарының қамы үшін бұлар жолдастарын зәбірге бермейтін адамдар екенін танытты. Сонымен, Оралдан шыққанда орыс жұмыскерлерінің ортасына ғана ой жарығын жағамын деп келген әйел, сол жарықты қазақ жұмыскерлеріне де ортақ етуді арман етті. Өзін арнап осында жіберген «Орал үйірмесіне» іс шеңберінің кеңігендігі туралы хат жазды.

Қашанда халық арасында болуды негізгі міндет санайтын үлкен ағымның бір тармағы «Орал үйірмесі» соңғы жылдарда қазақ даласында ондап ашылғалы тұрған өндіріс орындарымен байланыс жасау үшін кімді жібереміз дегенде, Елизавета Быкова өзі тіленіп кетіп еді. Жолдастары оған қарсы болатындай, қадала сұранып, аз-кем ойласайық деген адамдарға бет бақтырмай жауап беріп еді. Бұл өзі сол үйірменің мүшесі болса да оның ері саналатын Андрей Быков ол үйірмеде мүше емес, қара жұмысқа да басқа бір тағдырдың айдауымен келіп түскен, қатардағы жұмыскер.

Бүгін Байжанның ауыз үйінде орыс-қазақ жұмыскерлерінің бірінші рет бірігіп бас қосулары болмақ. Ауыз үйде, ағаш төсек үстінде екі баланы құшақтап, ойланып қалған Елизавета Быкова сол жұмыспен келіп отыр еді...

4

Байжан үйінде болатын жыйналысқа баруға киініп жатқан Байшегірге жолдастары бірауыздан барма деп ақыл берді:

— Осының арты бірдемеге соғады, жаманға айналады...

— Ауырып қалдым дей салсаңшы...

— Орыстардың әңгімесіне араласатын не жұмысымыз бар? — деп, бірсыпырасы жалпы сақтық айтты да, енді біразы:

— Акулэй келіп тағы да тасқаяқтай қағыстырса, шынымызды айтқызады, — деп, ең жақын тұрған қауіптерін айтты.

Ауыр мінезді, бір доға Байшегір оларынан толқыған жоқ, үнсіз түнеріп киініп болды да:

— Мұрындарына иісі келмейтін іске ақыл айту қашан қалар екен сендерден? — деп, көрінген іске көлденең килігіп ақыл айтуға құмарлық сияқты көп қазақта болатын жаман бір әдетке ашуланып, түнеріп кетті де, оның аржағын айта алмай, ұзақ түйілігіп қалды.

Арты жаманға шабатын бір жамандыққа араласып жүр ме екем, ауырып қалдым деп жайдан-жай өтірік айт дегендерің қандай достық деп ұрыспақшы еді, аузына бұл сөздер түспеді. Әр кезде осылай тарытпақ айтып, әр кезде қытығына тиіп жүретін қор мінездер онай ашуландырды. Темір пештің қасында көбірек кеуіп, қуырылып, қалған шоқайын жерге теуіп-теуіп қалып, өзін өзі әрең тежеп алды да:

— Орыстардың әңгімесі деген немене? Он тыйын жанжалы орыс әңгімесіме еді? Кім қорғап қалып еді сонда? Келген беттерінде кірісіп кетіп, орыс жұмыскерлері арашалап қалмады ма? Қыйпақ-сыйпақ еткен бір мінездерің құрсын да! — деп, жолдастарына әлі де жерлей ұрысып тастап, есікке қарай бет алды. Жолдастары күнасына мойындағандай төмен қарасты, бірақ, ендігәрі ондайды істемейік дегендей ынғай байқалған жоқ.

Байшегір сол наразы қалпымен есікке дейін барды да, арт жағына ожырая бұрылып:

— Мен кешігіп қалсам, қайлам мен күрегімді шахтаға ала барарсыңдар. Мен сол жағынан келермін, — деді де баракган шығып кетті.

Жаңа ғана күналарын сезінгендей болған жігіттер Байшегір кеткеннен кейін ондай болмашыны ұят көрмейтіндерін істеп, оны сөге сөйлесіп қалды:

— Осымен екі-үш рет айттық ақылымызды. Құмырысқа жолыңды біл дедік... Бірдемеге ілегіп кетіп жүрсе, өз обалы өзіне... — десті. Акула келіп қыса бастаса, Байшегірдің қайда барып жүретінін жасыра алмайтындарын да осымен аңғарысты...

Байшегір далаға шыға келсе қорапты шанаға белі-

нен жегілген арық торы ат жұмыскер барактарына көлденең келіп тіреле тоқтап, ашырып тұр екен. Түп ізі Ақбұйрат жолымен келіп бұрылған сияқты. Жаяулар салған жалғызаяқпен бұрыла кетіп, енді барактар айналасындағы күртіктерге килігіп, ілгері аттай алмай тұр. Күн батып барады. Үсті-басын қырау басқан, қолтығы дірілдеген арық торы тұра қалыпты да, қалғып кетіпті... Басына қара түбіт шалі жамылып, шалбарланып алған әйел атының тізгінін қарына іліп, екі қолын кусырып алып айнала қаранып тұр. Тоңып та, абыржып та тұрғаны айқын. Киізбен бастыра жапқан корапты шанада адам бастарының түртінгені сезіледі. Әйел аттан алдақашан түсіп жетелеп алған сияқты. Ағаш ердің үстіне салған қызыл шұбар көрпені қалың қырау басып қалыпты.

Манадан ешкімді кездестіре алмай тұрған әйел, асығыс болса да аз кідіріп қарай қалған Байшегірге алыстан айғайлап:

— Үлкен кісі, жүзден жыйырмасы кем аулының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз, жөн сілтеп жіберіңізші, — деді.

Әйелдің сұрап тұрғаны Сексен аулының жігіттері екенін аңғармай қалған Байшегір:

— Шырағым, ондай оспағына шорқақ едім... Пайғамбардың аулы болса да атын аташы! — деді.

Әйел біреу естіп қалмас па екен дегендей, айнала бір қаранып алды да:

— Тәңрі деген, жүзге жыйырмасы жетпесе сексен болмайтын ба еді!.. Сексен аулының жігіттерін сұраймын, — деді енді турасынан тартып.

— Е, Сексен аулының жігіттері ме? Ана бараста, арғы шеткісі... — деп Байшегір иегімен нұсқап еді, әйел барак дегенге түсіне алмай қалып:

— Барак дегеніңіз немене өзі? Күртік кардан басқа түк жоқ. Адыра қалғырың жымпыйып жатқан немене еді? — деді, тоңып тұрса да әдеттегі қалжыңын араластыра сөйлеп.

— Барак сол күртіктердің астынан шығып жатқан түтіндер ғой, шырағым... Жә, өзім алып барайын... — деп, Байшегір арық торыны жетелеп барактардың арасындағы адам қатнасатын жалғызаяққа бұра беріп еді, арық ат екі-үш аттады да, майысқақ жіңішке аяқтарын қарға тығып алып, кеудесінен қарға кіре құлай кетті.

Болдырған аттың тұрудан гөрі жата тұрғысы келетін сыяқты. Мойнын созып, баурын карға төсеп, қыймылсыз жатыр. Кірпіктерін дәрменсіз қағады.

— Әйтеуір, жетіп құлады ғой, жата тұрсын... Мен жігіттерді шақырып келейін,— деп, Байшегір шеткі баракқа карай еңкелектеп кетті.

— Жүзден жыйырмасы кем аулының жігіттері, далаға шығыңдар!.. Қатындарың карға батып жатыр,— деді Байшегір, шеткі барактың есігін кең ашып тұрып айғайлап.

Сексен аулы дегенді әйелдердің осылай атайтындарына құлақтары үйренген жігіттер қайталап сұрамаған жоқ, топырлай жүгірісіп далаға шықты. Бірер ұзын бойлы каралар, бірер кесек денелі каралар бар, өзгелері жатағандау келген каралар... Судан жүзіп шыққан семіз кара бұқадай жылтылдап Қолбаң да шығыпты...

Әлденеден жүрегінің «осы келген сенің әйелің!» деп дүрс етіп қалғанын дұрыс ұғынған Алшағыр қатты жүгіріп келеді. Баладай ғана кішкене көрінген әйелінің бойын танығында құшақтап көтеріп алғысы да келіп кетті

Бұланбай да Күнзиланы есіктен шыға бере таный кетіп:

— Әй, өркеудем ғой мынау!.. Шаңжұқпасым ғой!..— деп, құшағын кең ашып, аз аңырып қалды да, тезірек жүгіріп кетті.

Бұланбай Күнзилаға, Қолбаң торы атқа, Алшағыр киіздің астында жалғыз ұлы Әлішер де барын сезініп, тура шанаға ұмтылды. Еркектердің дауысын есітіп, киіз астынан ондардың шамасындағы екі бала тұра келді. Шананың түкпірінде көп ұсталған, көп жұлмаланған ескі қуыршақтай қуарған Бұланбайдың шешесі көрінеді. Сағынып келген балалар атып барып әкелерінің мойындарына асыла кетпекші еді, қоңырсы сасыған өңкей қара түсті жат адамдарды көріп, үрке шегінісіп қалды. Жүздеріне жарқ етіп шыққан қуаныштары да бәсеңдеп барады.

— Әлішерім, қалқам! — деп, Алшағыр баласын өзі келіп құшақтай алғанда Әлішер едәуір тартынып барып әкесінің мойнына қолын салды. Әкесінің еркелете шыққан қоңыр даусынан басқа таныс ешнәрсе қалмаған екен. Мейрімді көздері де, даланың таныс иісі де жоқ. Бала әкесінің құшағынан тез сытылып шығып, өкесінің

сақал-мұрты тиген бетін женімен сүрте бастады. Баласының көзіне қандай түрде көрінгенін Алшағыр да сезінді...

Бұланбай Күнзиланы қара аюдай қапсыра құшақтап тұрып көзіне жас алыпты. Сыйлас құрбысын сағынғаны да, қыс бойы кәрі шешесі мен баласын қыңқ етпей асырап келген Күнзилаға айтар алғысы да көзінен еріксіз ытқып кеткен ірі де, ыстық тамшылар арқылы айтылып жатқан сыяқты. Бұланбайдың жалғыз ұлы Нартай әкесін сыртынан құшақтап алып асылып тұр. Ол әкесінің күшті денесі мен денесіне қарай біткен күшті мінезін сезінгенде әр кезде қуанып кететін бала еді. Нартай әкесінің үсті-басы қара күйе, исі қоңырсы екенін сезбейтіндей, әкесіне арсалаңдай еркелеп жатыр. Өз баласының мінезі бұдан өзгешерек шыққанына Алшағыр жәбірленіңкіреп те қалып еді, Әлішер әкесінің жүдей қалғанын тез сезініп, енді өзі барып әкесінің мойнына асылды. Бұл жолы іркілген жоқ. Енді әке жүрегі де тыныштығын тапты...

Быйылғы ауыр қыста жалғыз тартқан кемтар өмірдің азабы мен зарын еркектерге шағынуға келген әйел, шағына келген адамдарының салтақ қара күйе түрлері мен жүдеулеріктерін көріп, егіле жылап жіберді. Аяп кетті. Өндіріс өмірінің алғашқы адымындағы адам бейнесіне салған алғашқы таңбалары ауыр да жат көрінді оған. Жұмыскерлердің тұрмыстары пәлендей емес екен дегенді қыс бойы естіп жатса да, анда-санда үйлеріне ақша жіберіп тұратын еркектерді дәл осындай күйде көрермін деп ойламап еді. Даланың сырттанындай көрінетін Бұланбай да, шағын тұрмысына шақ таза жүретін Алшағыр да, басқалары да қаспақ қара, Текедей күлімсі, жүдеу екен. Жалғыз жүдемеген қазан маңында жүретін Қолбаң сыяқты. Ол бәрінен де салтағырақ, бәрінен де күлімсірек болғанымен бәрінен де семіз болатын.

— Перім-ау, арқаңа асылып тұрған Нартайыңа қарасайшы... — деді Күнзила Бұланбайдан босанып Алшағырға қарай бұрыла беріп.

— О, күшік, өсіп кетіпсін ғой! — деді Бұланбай, арқасына жабысып жүрген баласын бір қолымен ғана құшақтай тартып, алдына шығарып ала беріп.

— Әжем де келді... Шанада отыр, қозғала алмайды...— деді Нартай, әкесін енді қарсы алдынан құшақ-

тап алып. Ауыл жақтың бейнесі біржола кетіп болғанын түсіне қалған Бұланбай:

— Е!.. — деді де баласын жетелеп шешесіне қарай кетті.

Бір қосын болып тұрған ауылдас жігіттер Күнзиланы қоршап алып, өз үйлерінің жайларын жамырасып сұрасып жатыр. Көбі-ақ бір-бір ауыз ғана жауап алып, жүдеп шегінеді.

— Отыр әйтеуір шыдап...

— Екі көзі сендерде...

— Бір үш күндігіміз бар еді... Содан кейін келіп-ақ қалар осында...

— Сіздің үй де келеміз десіп жатыр...

— Сіздің үй қыйрай сүзек...

— Сіздің үйде де бар...

— Күйзеушілік кірді ғой қай үйге болса да...— Күнзиланың қайтарған жауабы ылғый осы реңдес шықты да, жігіттерді түгел жүдетіп шегіндірді.

— Сен өзің біржола көшіп келгенбісің? — деді Алшағыр әйеліне, амандықтан кейін.

— Өзім де білмеймін... — деді Күнзила бөгеліңкіреп барып. — Әйтеуір енді шыдарлық жай қалмады да, кете бердім...

Аз ғана малының қырылып таусылғанын әйелі айтқан жоқ, Алшағыр оны түсінді де сұраған жоқ... Әйелінің ашаң тартқан жүзінде барлық тартқан азабы мен көрген кемтарлығы жазулы тұрғандай екен.

— Өзім де келіп қаларсын деп жүруші едім, жарадың, көксілім!.. — деді Алшағыр, әйелін ардақтайтын тағы бірдемелер айтқысы келіп еді, аузына сөз түспеді.

— Өзің де жүдеу екесін...—деді Күнзила. Енді абайласа екеуі де жүдеп, кішірейіп кеткендей екен.

— Ау, көшіп келгенді айтып жатырсын, әуелі бір түн қондырып шығаратын жеріңді ойладың ба? — деген Бұланбайдың даусы шықты.

— Соның өзін біле алмай тұрмын... — деді Алшағыр. — Сыйқыр-Сикорға жалынып көрсек, бір түн баракта қондырмас па екен?

— Жоқ, қондырмайды, — деді Қолбақ, — таңдайға талай тиді ғой, қондырмайды.

Сикорскийдің елден келген жалғыз-жарым адамдары да баракқа қондырмайтынын біле тұрса да Алшағыр барып лұқсат сұрап еді, ол оған:

— Ондайға Ушаков мырза біржола тыйым салып қойды. Өзінен барып әмір әкел! — деді...

— Басқа барар жер қайсы, Байжанның үйіне апарайық, — деді Бұланбай.

Торы атты ағытып, жігіттер көтеріп алып қаз қойып еді, арық торы енді аяғын басқысы келмейтін мінез көрсетті. Ол жығылар жеріне жетіп, біржола жығылған сияқты. Бұланбай шанаға өзі жегіліп, қос жетекті қолына ала бергенде:

— Тәйірі, мен тұрғанда сендер жүк тарта алатын ба едіңдер! — деп келіп, шанаға Қолбаң жегілді. — Күнзила айналайын, мін шанаға... Балалар, сендер де міндер!.. Сары атан бәрінді де алып барады... Желіп отырып апарады...

Адам жегілген шананы қызық көріп, әуелі шанаға қуана-қуана мініп алған балалар арқан бойы барған соң, тез-тез секіріп түсіп, үлкендермен бірге жаяу кетті. Шанада жалғыз Бұланбайдың кәрі шешесі ғана калды. Болдырған торысын жетелеп алып, біресе атына қарап қойып, біресе әйеліне бірдеме деп қалып, ең артта Алшағыр келе жатыр. Балалар жүгіріп ілгері кетті...

— Үйді қайттің, қатын-ау?.. — деді Алшағыр әйеліне.

— Әлдекайдан қаңғырып әкем келген... Жұманның балалары қуып жіберіпті... Үйді күзетуге қалдырып кеттім...

— Аштан өлмей ме, әйтеуір?..

— Сыйырды сойып саған әкелдім де, бұзауын сойып әкеме қалдырдым...

— Торының түрі мынау де...

— Осы... Торы атка Азбан-атаң үйі бір шана шөп, бір қойдың етін, бір табақ құрт беріп еді, айырбастауға сенен бата алмадым...

Анда-санда арт жағына еңсеріле бұрылып, Қолбаң да өз үйінің жайын сұрап қояды:

— Мен бір тай-құнан бола ма деп, тоғыз теңге ақша жіберіп едім, ондай ештеңе есітіген жоқ шығарсын, Күнзила? — дейді.

— Жоқ, естіген жоқпын...

— Ауымыз атка тимей-ақ өтетін шығармыз бұл дүниеден!..— деп, Қолбаң бүкіл дүниеге наразылығы бардай күңкілдейді де, тағы біразға дейін үндемей қалады.

Елдің күйзеушілік жайларын өзгелерден гөрі тереңірек ұғынатын Бұланбай ешкімнің үйішін оңашалап сұрастырған жоқ:

— Шөп сатушылар мен ет сатушылар да құтырынып алған шығар,— деді бір ретте.

— Сұрама, перім... — деді Күнзила. — Қан сорпа қылып жатыр!..

Көңіл ашып, күлісіп сөйлесетін бір әңгіме таба алмай, Бұланбай мен Алшағыр, Қолбақ үшеуі шанаға кезек-кезек жегіліп, ауылдан келген бірінші қонақтарын сондарынан шұбатып түн ішінде Байжанның үйіне келіп құлады...

Орыс жұмыскерлері бұл үйге ертерек жыйналып еді. Қазақ жұмыскерлерінің неден кешіккендерін біле алмай дұдамал болып отырғанда Байшегір келді.

— Бәрің де келдіңдер ме? — деді Елизавета Быкова. Тыныпсызданған күйін жасыра алмай, қадала сұрады.

— Жоқ, жалғызбын... Бұланбай мен Алшағырдың үйіштері көшіп келіп, абыр-сабыр болып қалды. Бір түн қондырып шығаратын жер таба алмай, сасып жатыр... Келе алар ма екен солар... — деді Байшегір.

— Келе алмай ма сонымен?

— Біле алмай тұрмын-ау, шырағым.

— Отырыңыз... Күтейік азырақ.

— Байшегірмісін? Шайға кел, сіріңді жібіт! — деп, төр үйден Байжекең айғай салды.

Орыс жұмыскерлері Байшегір келіп, бөліп кеткен әңгімелеріне қайта көшті. Ол кеше ғана басталса да, содан бері барлық орыс жұмыскерлерінің арасында гүілдеп кеткен әңгіме еді. Бүгінгі жыйналыс ол әңгімеден бұрын тағайындалып қалмаса, дәл бүгін шақырылатын да орны болмай қалған-ды. Жыйналыстың осындай жайға ұшырағалы тұрғанын жақсы білетін Елизавета мен Андрей Быков өте көңілсіз отыр.

— Сонымен, көпшілік беті қайтуда ғой? — деді Елизавета Быкова Андрей Быковтың жүзіне салқын қадалып. Андрей іркіліп жауап қайырмады да, Шило картқа қарады.

— Ие, қайтуда, — деді Шило карт. — Өзіміз де тұрақтай қояр түріміз жоқ еді, оның үстіне Рязанов мырза Оралға қайта шақыртқанын естіген соң, жұмыскерлер түгел дүрлігіп қалды. Қесімді алты айы біткен соң алты сағат аялдайтын бір адам жоқ сияқты.

— Оралды мына далаға кім айырбастасын!.. — деді Михайло Неволя.

— Орал күнде түсімізге кіреді... Бүгін де түсіме кірді. Погребті асқабақ пен картошкаға лық толтырып, енді қайда қоярымды білмей, «Миша!» деп айғай салғанымда оянып кеттім... — деп Катерина Неволя еріне қарап жымыйып қойды.

Әшейінде үйренген жерді еске алып күрсіне беретін адамдарға әйел-еркек демей ұрсып тастайтын Михайлонның аузынан жаңағыдай сөз шыққанына Катерина арқаланып кетіп еді. Түсінде көрген асқабақтары мен картошкалары қазір де көз алдына келе қалғандай, қасындағыларды көрмей де, естімей де қалған сияқты. Көздері еріп бара жатқандай, жүзі жып-жылы, балқып кетіпті...

— Рязановтың қайта шақыртуы берік нәрсе ме екен, әлде бір алыстың болжалы ма? — деді Елизавета.

— Ушаковқа ресми түрде жазылған,— деді Быков.— Сикорский бізге түгел оқып берді. Сібір темір жолы салынатын болған екен, Рязанов мырза соған қосылатын сияқты.

— Алтын бұлақтарынан алтын өзеніне ауыспақ екен ғой!

— Темір жол салына ма, Орал бойында көп жерді шұқылатып жатқан, соның бірінен қорлы бірдеме табылды ма, әйтеуір бізді қайырып алатыны даусыз,— деді Шило қарт.

— Оның ауы құрылмаған жер бар ма? — деп, Михайло кіжініп қойды.

— Қарағанды, Спас, Успен кендерінің басқарушыларына түгел арнаулы хат жазып, оның үстіне Ушаковқа жіберген ресми хаттың көшірмесін бұларға да жіберуіне қарағанда, Рязанов мырзаның бұл бір өзгермейтін беталысы сияқты. Қаламын деген жұмыскерді де қалдыра қояр ма екен?.. Түгел қайтарыңдар депті,— деді Андрей Быков.

Бүгінгі жыйналыста орыс-қазақ жұмыскерлерінің бастарын біріктіру жолында бірінші адым жасаймыз ба деген ойларында осындай үлкен кедергі барын ескерте сөйледі. Енді екі айдан кейін орыс жұмыскерлері Оралға түгел көтеріле қайтатын болса, ол адым жайын ойлану керек болады, әрине. Сөз осымен едәуір доғарылып қалды. Енді карттар Елизаветаның жүдей қалған көңілін қа-

лай көтеруді ойлап отырған сыяқты... Темекі түтіндері будақтай шығып, түнерген қабақтарды бұлттай бүркеп, көздері не айтатындарын көрсетпей жіберді.

Россияның ең жасамыс, ең құнарлы өндірістерінің бірі Орал тауынан сол ескілігінің таңбалары да әлі өшкен жоқ еді. Орал бойындағы өндірістер крепостнойлық дәстүрімен басталған-ды. Ондағы завод, кен иелеріне талай посолок, талай қалалар сыйып кететін жер берілген. Завод иелері жұмыскер күшін еңалдымен крепостной крестьян сыяқты жерге орналастырып алып, өз өндірістеріне біржола арқандап қойған. Рязановтың Орал бойында елу мың шаршы шақырым жері бар. Оның жұмыскерлері өздері салып алған жеке-жеке лашық үйлерде тұрады. Огород, бақша салады. Жұмыскер үйінің бала-шағаларымен кәрі-құртаңдары крестьян шаруасында болғандықтан, жұмыскерлік пен крестьяндықтың кіндігі әлі ажыраспаған еді. Оралдағы кен иелері сонымен бірге ірі алпауыт та болса, жұмыскерлер сонысымен бірге крестьян да еді. Жұмыскерлерін осындай халде ұстап келе жатқан Рязанов оларды қайда жіберіп, қандай жұмысқа салам десе де ерікті болатын...

Онсыз да алты айы біткеннен кейін туған жерге көтеріле қайтар ыңғайы бар Орал жұмыскерлеріне Рязановтың қайтсын деген бұйрығы дөп тиіп еді.

— Мұндағы өндірістерді қайтеді екен Рязанов мырза?.. Тастай ма екен, әлде бұл компаниядан шыққысы келе ме екен?..— деді, ақша сайқалдығынан хабарсыздау Елизавета Андрейге бұрылып.

Сикорский Рязановтың бұйрығын штейгерлер мен десятниктерден басқа өз ойынша керекті деген жұмыскерлерді ғана шақырып алып оқыған. Сондықтан әйел қаумы түгел хабарсыз еді.

Андрей Елизаветаның балаң ойдан туған сұрауына ішінен ғана жымыйды да:

— Олай болмайды, Лиза... Ешуақытта олай болмайды. Мұндағы тегін байлықтан қай қалта безінбек? Қарағанды айналасындағы қазақ елін осындағы шахталар мен заводтарда міндетті түрде жұмыс істеуге бекіттіріп алу жайын тез қолға алайық деп жазыпты Ушаковқа... Тегін байлықты тегін күшпен табудың әрекеті де... Біз кеткеннен кейін қазақ жұмыскерлерінің күнін отыз тыйынға түсіреді әлі. Ол әзірлік жүріп те жатыр, амал қайсы! — деп, Быков орнынан тұрып жүріп кетті.

— Отыз тыйыннан жалданатын қазақ жігіттері қаптай бастады,— деп Байшегір күрсініп қойды.

Дәл осы әңгіменің үстіне кәрі шешесін баладай көтеріп алған Бұланбай келіп кірді. Шоқайлары табалдырыққа тақ-тұқ соғылысып Алшағыр мен Қолбақ да кіріп келеді... Ең соңынан кірген кішкене денелі қазақ әйелі ауыз үйдегі орыс жұмыскерлері мен орыс әйелдеріне қарап, таңырқап тұрып қалыпты. Мойындарына дейін ашық, жалаңбас, еркектермен қатар отырған орыс әйелдері Күнзилаға тіпті таң көрінді. Шашын желкесінен қырыққан жас келіншек Елизавета Быковаңың барлық еркектерден жоғары отырғаны ерсі де көрініп кетті. Жас әйелдің құлағы көрініп қалса, кесіп алардай тыйым салып қойған мұсылмандық күні әйелдің еркектермен қатар отырып сөйлесуі, даусын еркін шығарып күлуі деген сияқты нәрселерді білмейтін еді. Күнзила төр үйге қарай өте беріп, көз қыйығымен Елизаветаға тағы бір қарап кетті...

— Ау, Бұланбаймысын? Жоғарылат! — деп, әуелі қашанғы әдетінше жарқын жүзбен қарсы алған Байжан, Бұланбай шешесін көтеріп әкеліп пешке сүйеп отырғыза бергенде: — Апыр-ау, мұның кім еді?..— деп абыржып та қалды. Есіктен ұзақ шұбалып кіріп жатқан көп адам барын да аңғарды.

Бұланбай қысқа ғана жай-күйді айтып келіп:

— Байжеке, тоқшылықтан емес, жоқшылықтан жолаушылап келген жандар болар... Алшағыр екеуміз баспана бірдеме қалқайтып алғанша далаға шығарып тастамассын деп саған әкелдік. Құдай алдында сұрауы сенде болады,— деді Байжанға еркіндеу сөйлеп.

— Е, о не дегенің, жаным!.. Байшегірден естігенде-ақ осында әкелерсіндер деп күтіне бастағамыз... Қатын, шайынды қайнатып, етінді аса бер деп мана айтқамын... Шешініңдер, жоғары шығыңдар,— деді Байжан. Әуелі азырақ абыржып қалғанын тез жуғысы келіп:

— Шеше, денің сау ма?.. Күйлі-қуаттымысын? — деп, пешке жабыса, көзін әрең ашып-жұмып отырған кемпірдің алдына өзі тұрып келіп қолын алды.

Қарапайым жұрттың ішінде беделді Бұланбайды, Байжан да қатты қадірлейтін еді. Қыс бойы оның кірін жудырып беріп, үйіне келген сайын сыйлап, қонақ етіп жіберетін. Енді міне, ауыр қыстың қатты бір ышқындырмай аттанбайтын аяқ кезінде келіп, бел сынардай сал-

мақ салып отырса да, қайыспай көтеретінін ақ жарқын көңілмен білдірді.

— Сенен басқаға мұндай салмақты салар ма едім, салмас па едім, Байжеке...— деп, Бұланбай ризашылығы мен алғысын осымен ғана аңдатып,— мені ауыз үйдегі қонақтарың да көбірек күтіп қалған болар...— деп ауыз үйге қарай беттеді.

— Енді амандасайық, іздірасти... Лизаға арнаған «тетесін» бөлек айтамын,— деді Бұланбай қалжыңдай амандасып.

«Здравствуйте» дегенді тұтас айтуға тілін келтіре алмай қойған Бұланбай әуелі «іздірасти» деп алып, аяқ жағын «тете» деп бөліп айтатын. Ренжіңкіреп отырған жолдастары әр кездегі әдеттерінше онысына жымыйып қалып:

— **Здравствуй, Бұланбай здравствуй,**— десті қатқабат амандық айтысып.

— **Үйіштерің келіп қалды ма?**

— **Қонаққа келген болар?..**

— **Амандық па екен?** — деп, орыс жолдастары Бұланбайдан жақындық білдіре сұрасты.

— Плохо... сапсем плохо!..— деді Бұланбай бұл жайдағы сөзді тезірек доғарғысы келіп.

— Аштық па, жұт па? — деп сұрады, даланың ең басты бәлелерінен хабары бар Шило карт.

— Жұт,— деді Бұланбай.— Бірақ, жұрттың айтуынша жұт жеті ағайынды болады. Байлық... Кедейлік... Алым-салық... Жалқаулық... Қәрі әдет... Қәрі заман... Ауыр қыс...— Жеті ағайынды деп саналатын жұтты жалпы қазақ бұлай жүйслемейтінін біле тұра, Бұланбай әдейі осылай, өзінше жіктеді.

— Былтыр егін шықпай қалып па еді? — деді Катерина Неволя дала жұтынан Орал бойында болатын аштықтардың себебін іздегендей.

Бұланбай мырс етіп қалды да:

— Біздің бұл өнірде егін салатын жалғыз ғана бай бар... Нігілік... Ол қазір бидайдың бұтын бір бұзауға несиеге беріп жатыр,— деді.— Я болмаса, бір жігіттің он күн шөп шауып беруіне де бір бұт бидай беретін көрінеді. Менің шешем үш бұт бидай алып, мені бір айға жалдапты...

Елизавета Быкова жеті түрлі жат тектес нәрселерді ағайынды деп атаған халық мәтелінен терең бір мағна

тапқандай, сол жайды жете сұрастыруға бой ұрып қалып еді, Быков оған ұзамай шахтаға түсетіндерін ескертті. Оның үстіне, қазақ жолдастарының жалпы күйзелісте екенін көріп отырған Елизавета көлденең әңгімеге көңіл бөлуді өзі де орынсыз санап, бүгінгі жыйналыстың әңгімелеріне көшті:

— Кейде жеке-жеке, кейде бірнеше адамның бастары қосылып қалғанда талай кеңесіп, келісімге келіп қойған бір әңгіміміз болушы еді ғой...— деп бастады Елизавета.— Завод иелері күн санап жаңа бір қысым шығарып жатқанда, жұмыскерлер жеке-жеке жем болмайтын жағын көздеп едік. Біз үн қосып бірге қыймылдағанда, завод иелерінің ойланып қалатынын үнемі көріп келеміз. Қазақ жұмыскерлерінің жалақысынан он тыйынды кеміттірген жоқпыз. Жұмыскерлердің тұрмысын түзеу жайында Ушаков бұйрық берді. Амалсыз берді. Еңбек ақыны арзандатуды қазір бұлар қатты қолға алып жатыр... Осы жағдайда не істеуіміз керек дегенде, жекелен-бей, бөлінбей, орыс-қазақ жұмыскерлері қолдаса қозғалатын болуға ұйғарып едік қой? Солай емес пе? — деп, Елизавета Быкова айнала қарап аз кідіріп қалды.

— Ие, ол үшін орыс-қазақ жұмыскерлерінің кеңесі құрылсын деп ұйғарғамыз...— деді Шило қарт. Әр кездегі әдетінше асығыс бөліп кетті.

— Оралдағы Демидов заводтарында қандай жақсы еді?.. Бір жұмыскер жәбір көрсе-ақ, жұмыскерлер кеңесі ара түсе қалушы еді. Мұнда келгелі оңай ұмытып кеттіңдер деп, мен Михайлоға күнде айтамын,— деп Катерина Неволя да жұмыскерлер кеңесінің күнделікті өмірде үлкен қамқор болғандығын аңғартты.

— Жұмыскерлер кеңесі, әсіресе, қазақ жұмыскерлеріне өте керек... Бұлардың алдында қандай қара күндер тұратынын кім білсін! — Ащы азаптың дәмін бұлар әлі татқан жоқ қой,— деді Шило қарт.

— Сендер Оралға қайтатын болсаңдар, біздің күнімізді не боларын байқай бастадық. Біздің жауымыз еңалдымен қазақ даласының өзінен өршігелі келеді. Күнімізге отыз тыйыннан берсең де ризамыз, тек жұмысқа ал деген қазақ қаптап кетті. Біразы шын-ақ күйзелістен шұбаса, енді біразын Жұмабек төренің құйыршықтары құтыртып жүр... Не отызға көнесіңдер, не болмаса орындарыңды босатасыңдар дегенді Сикорский күнде ескертіп қояды. Ушаковтың келуінен дәме етіп біз отырмыз...

Егер күніміз отыз тыйынға түссе, үш жаныма төлейтін жыйырма бір сом жасақты өтеу үшін неше ай керек? — деді Бұланбай, алақанын жайып.

— Екі ай, он күн! — деді Алшағыр.

Ауылнай әдейілеп келіп, Қарағанды жұмыскерлерінің әрқайсысына түскен алым-салықтарын естірткеннен кейін Алшағыр кімнің қанша күні соны өтеуге кететінін есептеп қойған еді. Бұланбай екеуімізге екі ай, он күннен, Қолбаңға үш ай, үш күн, Байшегірге үш ай, алты күн деген секілді, көп жолдастарының алым-салыққа кетер күндерін жалғыз Алшағыр ғана жақсы білетін.

— Осы күн қазақ жұмыскерлерінің бәріне туып отыр. Осы жұртқа қорғаныш болар бірдеме болса, қазақ жұмыскерлері тайынбайды. Танысып та, сенісіп те болған сыяқтымыз ғой,— деді де Бұланбай тоқтады. Алшағыр мен Байшегір де өте аз білетін орысшаларына еселеп үстеп ым қосып, Бұланбай сөзін қостады.

Елизавета Быкова сөзін аяқтап болмаса да, көлденең қыстырылған сөздердің бәрі де өз ойын толықтырып жатқандай болған соң, ешкімді тоқтатпап еді. Енді ешкім сөйлейтін белгі бермегеннен кейін қайта сөйлеп кетті.

— Орыс-қазақ жұмыскерлерінің кеңесі керектігіне, оған жұрттың оп-оңай түсіне қалатынына да бізде ешкім шек келтірген емес,— деді ол.— Ал, енді екі-үш айдан кейін орыс жұмыскерлері түгел Ораға қайтатын болса, кеңесіміз өзінен өзі құлап қалмай ма? Әрбір өзінен өзі құлаған нәрседен әлсіздік әсері қалады. Қазақ жұмыскерлеріне мұра етіп сондай әсер қалдырсақ, бізге алғыс айтар ма екен... Мені осы ойландырады. Мен, шынымды айтайын, сасудамын. Қалай еткеніміз дұрыс болар екен, кеңірек ақылдасайық,— деді.

— Қызым, сен кітапшалауды қойып, осы жұрттың әр күніне бір қорғаныш керек болып қалғанын ұмытпасаң екен,— деді Шило карт.

— Қайтатын болғандарың қазақ жұмыскерлеріне қатты батады. Бірақ, оған дейін ананы-мынаны үйретіп кетпейсіңдер ме? Бір із салып берсеңдер, адасып-адасып болса да қайта тауып алармыз...— деді Бұланбай.

— Дұрыс айтады, өте дұрыс! Есіттің бе, тында!..— деп, Шило карт тіпті көтеріліп кетті.

Жұмыскерлердің кейде тік келіп қалатындарына бойы үйреніп келе жатқан Елизавета Быкова шалдың сөзіне шамданған жоқ. Өз ойының неден туғанын жайлап ай-

тып келді де, орыс-қазақ жұмыскерлерінің кеңесін құру үлкен арманы екенін қызу сөздермен байымдады.

— Сонымен, құрамыз ба кеңесті? Бүгін құрамыз ба? — деді Шило карт, шыдамсыздық көрсетіп.

— Құрамыз!..

— Құрылсын!..

— Уақыты жетті! —деген дауыстар қосарлана шықты.

Елизавета Быкованың ойында «Орал үйірмесінің» бір бөлімін жасау болатын еді. Қазір әр жағдайдан қарап келгенде мұнда жасалар кеңестің Оралмен байланысы бола алмайтыны байқалды. Сондықтан ол «Орал үйірмесін» ауызға ала алмай, «Қарағанды орыс-қазақ жұмыскерлерінің кеңесі» деген атты ұсынды. Ол жасырын ұйым ба, саяси ұйым ба, оны да ешкім анық айта алған жоқ. Ол жағына Андрей де, Елизаветаның өзі де баспады. Жалғыз айқын нәрсе — кеңес орыс-қазақ жұмыскерлері үшін өзі жасаған бір қорғанышы, үміттенері мен сенері еді.

Мақсаты айқын сыяқты көрінгенмен оған жетудің көрбілте жолы да салынбаған талаптардан туған жас «Кеңес» осылай, Байжанның ауыз үйінде түнде туды. Уақыты жетті дескенмен, оның қанша жасары ешкімге де белгісіз еді...

Ұлы күп шығардан бұрын да жарығын түсіреді. Сондай бір шығар күннің белгісі сыяқтанып «Кеңес» туды.

— Ал, кеңеске кімдер кіргені дұрыс болады? — деді Елизавета Быкова.

— Еналдымен хат білетін өзіңіз,— деді Шило карт. Содан кейін, Быков, Бұланбай, Михайло Неволя, Байшегір, Шило карт, Алшағырлардың аттары аталып жатқан кезде есікті тез ашып Сикорский мен Иван Акула, Иван Зубов үшеуі келіп кірді. Жұмыскерлер абыржымағанмен, келелі сөз үстінде отырған жайларын өзгерте алмай қалды.

— Сіздер өлең айтып, ән салып, көңілді отырады дейтін еді, оларың қайда? — деді Сикорский, табалдырықтан аттап түскен бетінде. Акула мен Зубов бей-жай дауыспен:

— Кеш жарық...— десті.

— Өлең табылса да көңіл табыла бере ме?.. Кейде қасқыр боп ұлығың келеді,— деді Шило карт.

— Алдарында бір стакан су да жоқ, босқа келмесек жарар еді...— деді Сикорский қалжыңдаған болып, Быковтың иығына қолымен сүйеніп, қасына отыра беріп.

— Жоқ, басқа келмеген боларсыз...— деп, Быков иығын тез босатып алды. Қалың киімнің астынан оның бар денесі дір етіп қалғанын Сикорский аңдаған жоқ.

— Өзіңіз ала келсеңіз етті, лавка қасыңызда еді ғой,— деді Михайло Неволя.

— Бір патша өлген күні, екінші патша таққа отырған күні келістіріп тұрып ішкеміз... Дәл бүгін арақ ішетін де күніміз емес...— деді Шило қарт, бүгінгі кешке ерекше бір мән беретінін аңдатып ала жаздап.

— Енді неменеге жыйналып отырсыңдар?

— Самауыры бар, жарығы бар, бала-шағасы бар жылы үй болған соң келеміз де... Сасық қорасынан жарыққа шығуды шошқа да жақсы көрмей ме? — деді Шило қарт, қашанғы әдеті бойынша сүйкене сөйлеп.

Мұндай шалыс сөзге келгенде Шило картты жене алмайтынын жақсы білетін Сикорский әңгіме бетін басқа жаққа аударғысы келіп ізденіп көрді де, әдейі келген мақсатынан ажыраса алмай, өз ойының аңғарымен жауап берді:

— Өлең айтпасаңдар, арақ ішпесеңдер, билемесеңдер, жыйналып керегі не?.. Бірдеме оқытып ермек ететін шығарсыңдар?..— деді.

— Кітап магазиніне күнде кіреміз... Керекті кітап кездеспей жүр... Мүмкін, өзіңіз бастырып берерсіз?.. — деп, Шило қарт ашықтан ашық кекетіп тастады.

— Сонда тіпті жайдан-жай жыйналасыңдар ма? Баламысыңдар сендер, жоқты ермек ететін?

— Бізге де өте көп нәрсе керек емес. Бізден гөрі балалар көпті тілейтін болар...

— Ондай жауапты басқа біреуге айтқаның дұрыс болар шал. Шын-ақ батыл болсаң, шынынды айтшы, не үшін жыйналасыңдар? — деді Сикорский, Шило картты шалыс басып қалуға қарай итермелеп.

— Жыйналмаймыз, таныс үйге келеміз анда-санда, жылынамыз, темекі тартамыз. Сөйлесеміз...

— Таныс үйдің иесінен бөлек отырсыңдар!..

— Үй иесі бүгін басқа қонақтармен отыр.

— Үй тар... Әуелі мына қонақтарға шай бердім... Енді ауылдан келген қонақтарым шай ішіп жатыр... Олардан кейін сендер келіңдер шайға!..— деді Байжекең төр үйдің аласа есігінен сүңгіп шыға келіп.

Ауыз үйде әртүрлі әңгімелер болатынын Байжан көптен бері сезінетін. Әр неге құлағы түрік адам жұмыскер-

лердің толып жатқан наразылықтары барына да түсінетін еді. Бұл үйге көп келіп жүретін Бұланбай, Алшағыр, Байшегір аркылы да көп нәрселерді сұрастырып:

— Апырай, акырзаман екен гой!.. Неткен ит еді! Ушаковка айтатын екен. Ол білсе, әкесін танытады! — деп коятын. Салтақ басып, теке сасып кеткен қазақ жігіттерін күнде көріп, ылғый аяп жүретін. Сондықтан, ауыз үйде бастықтарға карсы кандай сөздер айтылып жатса да орынсыз деп ойламайтын-ды.

Қасына кейде Мұсакайды ертіп, кейде лавкашы Мансұрды ертіп, бұл үйге Сикорский де соңғы бір айдың ішінде бірнеше рет келіп кетіп еді. Әуелі Байжекең оны да құрметтеп, конақ етіп жүрді. «Ушаковтың адамы» деп сыйлады. Бара-бара жұмыскерлердің бұл үйге неге келе беретіндерін, не сөйлесетіндерін Сикорский шұқылап сұрай берген соң, Байжекең аяғын тез тартып алды. Өзін жабайы көріп, ананы-мынаны алдаусыратып біліп алғысы келетін мезі Сикорскийді Байжан тез жек көріп кетті.

— Осы ит бір пәле іздеп жүр... Ауыздарыңа сақ болыңдар, орысша білмеймін деңдер! — деп, үйішіне де катты тыйым салып қойды. Сикорскийдің нені сұрастыратының Бұланбай мен Лизаға жасырмай жеткізіп жүрді.

Мазақ зар-жақ қанша дөңгелетсе де Байжекең өзі:

— Жылынуға келеді. Тамырмыз... Темекі тартады, өлең айтады, қонақ болады,— дегенді шырқ айналдырып айта берді. Бір ай бойы сонысынан танған жоқ.

Лавкеші Мансұр мұның ауыз үйіне көшкісі келіп, пәтер ақы ұсынып еді, Байжекең оның да астарын түсіне қалып:

— Шырағым, біз базар татары емеспіз... Пәтерші жібере алмаймыз,— деп, бетін қатты қайтарып тастады..

Сикорский дәл бүгін де тіміскіленіп, бәле іздеп, аңдып келгенін түсіне қалып, араша түсе кеткені де Байжекеңнің көп нәрседен хабары барлығының салдары еді.

— Бүгін сіздің үйге жыйналамыз...— дегенді Бұланбай оған кеше хабарлаған.

Байжан төр үйден шыға келіп, жаңағы арашасын айтқанда Сикорский оған:

— Сенің жұмысың болмасын... Мен өз адамдарымнан сұрап тұрмын... Не үшін жыйналасыңдар? — деді, әлгі сұрауына айрықша жауап қайтарылуын күтіп.

— Менің үйімде сенің де жұмысың болмасын! — деді Байжан.

Манадан үнсіз бақылап отырған Андрей Быков Сикорскийге қарай еңсеріле бұрылып:

— Бұл немене, жауап алу ма? — деді.

Сикорский бұл үйде талай жыйналыстар болғанын біліп жүретін де, бүгін үстінен басқалы келіп еді. Стол үстінде қағаз бірдемелер жатса, тарпа бас салуға келген. Сөйлеп тұрған біреу болса да үлкен дәлел болатын еді. Оның біріне де кездеспей, босқа қағысқанда Шило карттан ұтылып қалғанына да қызарандап, алысырақтан ойлауға оралымы жетпей қалды да:

— Жауап алса несі бар? Сен үшін ол күн алыс та емес шығар деп ойлаймын,— деді.

— Ол полицияның жұмысы шығар?

— Мұнда әзірше менмін басқарушы. Менен де сұралады.

— Ендеше, жауаптай бастаңыз, біз әзір... Не күдігіңіз бар еді, қандай айғақ таптыңыз?

Күдігі айқын болса да айғағы болмағандықтан, Сикорский әрбір топас бастықтың арылмас әдеті бойынша айғайға тартып кетті:

— Мен бәрін де білемін! Бәрі қолымда!.. Сендер белшелеріннен батпаққа батып отырған адамсыңдар!.. Өздеріңе өкпелендер!.. Сендердің орындарында мен болсам, полицияға алдақашан өзім барып, шынымды айтып, кешірім сұраған болар едім. Күткендерің жауап алу болса, ол армандарың болады. Жасырын жыйналасыңдар, тыйым салынған кітаптар оқыйсыңдар!.. Қәне, өтірік дендерші!..— деді Сикорский айнала қаранып.

— Өтірік, өтірік болғанда да ақылсыз адамның айтар өтірігі! — деді Шило карт.

Манадан тастай қатып босағаға сүйеніп тұрған Акула мен Зубов осы бір тұста керегіміз болып қалар дегендей, орындарынан қозғалып, Шило картқа жақындай берді.

— Сен, шал, сақ болғайсын! — деді Зубов.

— Немене, қолың қышып кетті ме?

— Жұмыска баратын уақыттарың болды!

— Онына таласпаймыз. Дұрыс. Мана кетіп қалатын едік, бөгеген өздерің. Оны да жазып қой! — деп, Шило карт киіне бастады. Басқалар да орындарынан тұрды.

— Сен, қала тұр! — деді Акула, шығып бара жатқан Байшегірді жеңінен тартып қалып. Өзге жұмыскерлер шығып кетті.

— Сен барағына бар да ұйқтай бер... Жігіттерің де ұйқтасын. Түнгі кезекке бармайсыңдар. Ертеңнен бастап моншаның орнын қазасыңдар...— деді Сикорский Байшегірге: — Түсіндің ғой?

— Түсіндім.

— Таң ата тұрасыңдар. Бар!

Осымен Байшегір де шығып кетті... Жұмыскерлердің қолдары мен қолтықтарында ешнәрсе жоқтығын қадағалап қарап қалған Сикорский қасындағыларға төсек астын, бұрыш-бұрышты қарауға көзімен ым қақты...

— Мен осылармен бір ауыз сөз сөйлесе алмаймын... Қалтырап кетем... Бір ауыз тіл қатсам-ақ аржағында өзімді өзім тоқтата алмай, бірсуін жақтан тартып қалатын сияқтанамын,— деді Елизавета Андрейге, Байжан үйінен ұзап шыққан соң.

— Олай болса, ұстам жоқтығы болат та... Ондай мінез оңай ұстап береді,— деді Андрей.

— Тек Шило карт шайқаса кеткенде ғана бойым жадырап, күлкім келіп кетеді. Саспайды да, шеге үстіне шеге қаққандай сөйлейді. Тыныш қана тыңдай бергің келеді...

— Ие, шайқасқа Шило карт араласса, қосарланудың керегі жоқ. Бір шатқалға апарып, жықпай тынбайды ол.

— Қатарынан, қайта-қайта жығады!

Сикорскийдің қырсығынан бөлініп кеткен жыйналыс қынжылуы осымен азырақ ыдырағандай болды. Жас әйел Елизавета Шилоның Сикорскийге айтқандарын қайтадан есіне түсіріп, суық түнді сөтердей дауыспен, саңқылдап күле бастады.

— Елизавета Сергеевна, дегенмен, жаңағы жыйналысты аяқтауымыз керек... Кеңес мүшелерін атадық та, бекіткен жоқпыз ғой,— деді Андрей Быков.

— Жоқ, жоқ! Қазір шахтаға түскен бойда аяқтаймыз! Мен кеңестің қандай мақсат көздейтінін оқып берем. Сіздің қосқандарыңыздың екеуін дұрыс көрдім де, үшеуіне қосыла алмадым... Пожалуйста, өзіңіз дәлелдеп беріңіз, кеңеске салайық,— деді Елизавета.

— Тым ұзақ жазыпсыз, қысқарттыңыз ба?

— Үш-ақ бет қалдырдым. Қазір көресіңдер. Қатарлы жұмыскерлердің түсіндіру тілемей-ақ ұғынатын нәрселерін қалдырдым.

— Шалдың кітапшаңды қоя тұрып, дегенін ескердіңіз бе?..

— Әрине!..

Быков тоқтап артына бұрылып, кейін келе жатқандарды тосып алып:

— Лиза жаңағы жыйналысты қазір аяқтауды ұсынады. Акула мен Зубов шахтаға түскенше үлгіре алармыз деймін? — деді.

— Олар таң ата келеді. Үлгіреміз.

— Қай жерге жыйналамыз?

— Кен сұрыптайтын әйелдерге жақын... Бас штректе... Ауыз жақты әйелдер бақылай отыратын болады, сонда...

— Келістік қой?

— Келістік...

— Сенімді жолдастарды шақырамыз ғой?

— Шақырамыз!

— Қайламен, балғамен серттесетін болайық! — деді Шило карт қызыңқырап кетіп...

Осымен, жаңа туған кенесті тезірек аяқтандырып, каз бастыруға жұмыскерлер жер астына түсіп кетті...

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ



1

Қарағандының қары быйыл бұрқан-тарқан күрт ерiп еді. Сай-салалар суға толып, қырдың тентек өзендері сақылдап тасығалы кемерлеп тұр. Өкпек жел күртік етектерін түре соғып, тез кеміріп барады. Қатты желдің салмағынан жер солқылдағандай сезіледі. Қырқалардың күнгей беттері қотыр болғандай шұбартып қалыпты. Қыс бойы қар астында жылы жатқан тобылғы мен қараған түптері қазір белдеулеп ашылып қалыпты да кәрлі желден дір қағып тұр.

Нұра өзенінің сол жақ қабырғасын өрлей, ұсақ бытырадай қыйыршықтанған соқта қарды есілте жортып, суыт келе жатқан бір топ салт өзен табанынан бір шақырымдай шегіне жатқан тас жоталардың қырқасына шыға тоқтады. Жарау семіз аттар қысты да көрмеген, өкпек желді де елемейтіндей, тұра қалғанда-ақ тізгінді жұла созып, тастақ жерді тарпып бастады. Мақпал қара тайжақы киінген, мақпал қара атты Игілік өзгелерінен оқшау көрініп орталарында тұр. Қасында Жұмабек, Күреңкөз қожа, Омар, Ордабай тағы да бес-алты адам ат қосшылары бар. Биік қырқаның басынан алдарында жатқан кең жазықпен, бергі жағасын қалың құба тал көмкеріп кеткен өзенге қарап салт аттылар үйіріліп қалды.

Бастаса түйіскен екі жотаның етегінен сүйірленіп басталатын жазық бара-бара қанатын кең жазып, теп-тегіс күйінде өзенге барып тіреледі екен. Екі жотаның да іргесіне тығыла біткен қайың аралас ақ терек, торанғы мен мойыл өрт көрмей, кесу көрмей, жайлы бір ұяда еркін

өсіп өзенге қарай қапталдай созылыпты. Ара-арасында ең қатты ағаштардың бірі, ықтамай, енкеймей тік өскен жалғыз-жалғыз ырғай да көрінеді. Өзеннің арғы бетін орай қоршаған тұтас тас жота осы бір жазыққа боран мен қарды жібермеу үшін әдейі салынған қорған сияқтанады. Жазыққа түскен қар да ұйпалақтанбай, үйілмей, тегіс жатыр. Қырқаның басына біткен тырбық аршалар қатты желден жер тырналап, жұлқыланып жатса, ойдағы қалың жалды өкпек жел қанатының астымен ғана сыйпайтын сияқтанады.

Игілік әдейі келіп қарап тұрған жерді түгел танып, көңілі толғандай, енді көзін осы жотаның өзенге қарай ойысар құламасында тұрған үлкен қызыл молаға аударды. Ол жаққа мойнын бұруға қасындағылары манадан бері бата алмай тұрған. Игіліктің көзі қайда бұрыларын аңдып, ол қалай қараса сол қарай жапырылып тұрған жолдастары енді түгел еңсеріліп сол қызыл молаға қарады. Игілік атын тез бұрып алып, жылыстыра аяңдатып молаға қарай жүріп кетті. Жұмабек пен Омар, Күреңкөз қожа үшеуі біріне бірі ұрыларша жалт етіп қалысты да, олар да еріп кетті...

Игілік қысқы мекенін ауыстырып, Нұраның бір жайлы жеріне ағаш үй салдырғалы қолайлы жер іздеп шығып еді. Оның қыс бойы тасытқан ағаштары Нұра өткеліндегі бекетте үйіліп жатқан. Бүгін ол көп жерді шарлап, бұдан жайлы жерлердің талайын көрсе де ойы осы Қызыл-молаға қадала берді де, еріксіз жетелеп әкелді. Әуелі жердің жайын байқап, енді молаға қарай бет алуында да бір мән бар-ды.

Бұдан көп жылдар бұрын бұл өңірдің соңғы жендеттерінің бірі Кенесары Игілікті осы моланың басына айдатып алдырып, есінен кетпес қысым көрсетіп еді. Кенесінің інісі жүгенсіз сотқар Наурызбай алтындатқан, сүйек сапты сары-ала кездікті лақтырып-қағып ойнай отырып:

— Сен, шойқара, неге көшпей отырсың? Сары-ала кездігімді сағынып отырмысын, көк-ала найзамды сағынып отырмысың? — деп еді, ұшынан ұстап шерте лақтырып жіберген кездігін сабынан қайта қағып ала беріп.

Қолын созып, сәлем беруге еңкейе берген Игіліктің кездік мандайына қадала жаздап барып төмен кетті. Игілік шегініп есікке жақындап барып:

— Алдияр, көшпейін деп отырған біз жоқпыз... — деген, жаландаған сары-ала сапыдан сескеніп қалып.

— Сапым мен найзамнан садаға кет, сен, көбең семірген топырыш! Сендейлерге төленгітімнің қамшысын ғана бұлғармын. Айдат жылқыңды Алатауға қарай! Қаптат қырғыздың жеріне! Мен мінемін атыңды, мен сауамын сауыныңды!.. — деп еді Наурызбай.

Өзінің алыс жақын апа-қарындастарына күйексіз қошкардай қандай еркін болса, жасы үлкеннің сақалы мен жасы кішінің әке-шешесіне де сондай тыйымсыз ауыз Игіліктің жеті атасына дейін аударыстырып берген. Бір ауыздан сонша бұркырап шыққан боқтықты есітіп тұра беруге шыдай алмай:

— Жұрт көтеріле көшіп жатса, жалғыз қалайық деген ой жоқ... Мал болса, өзі де орта жолда... — деп еді Игілік, одан гөрі екі оқтырақ сөйлеуге бата алмай.

— Жоқ, сен кезептің қарайлауың бар артында!.. Ақмола, Қызылжармен қолдас дейді сені!.. Тоқтат оттауыңды! — деп, Наурызбай сары-ала кездіктің сабын алақанына қатты қысып алып, ақырып қалғанда:

— Ләббәй, алдыярым! — деп, төрде отырған Күреңкөз қожа таспайық тартып отырған оң қолын көтеріп еді. Ол кезде құдіретті қожа сол көтерген қолымен Игілікті арашадап алып та қалған.

— Е, бұл көшетін адам... Алла бұйырса, қыргыз Алатауының бауырында кездесерміз... Бұл менің жақсы білетін жігітім!.. — деді қожа.

— Ертең осы уақыттан қалдырмай сайысқа жарайтын жүз ат айдап әкел!.. Әкелмесең, көк-ала найзамның ұшында көрерсін басыңды!.. Соны істемесем, мына тұрған атамның моласы ұрсын мені! — деді Наурызбай, қожаға араша бергенін де ашумен байлап.

Наурызбай сол қолымен есікті нұсқағанда, шапшаң сілтеген қол кеудесінен түйіп шығарғандай Игілік те тез шығып кетіп еді... Аржағы айтылған, Кеңсарыға жүз ат айдап әкеліп берсе де, Алатаудан мыңдарды қоса айдап Игілік елге қайткан...

Бұларға шын-ақ тілеулес болып өз еркімен еретін түпті ауылдар азшылық та, күшпен еретіндер көпшілік екенін Игілік жақсы білетін. Өз қара басы күшке ғана бағынбақ еді. Бірақ, бұлардың күшпен ұстап отырған қарапайым жұртының қандай тізе көргенінде жұмысы жоқ

Игілік өзі көргенін ғана адам көрмеген ауыр қорлық көріп, ішіне ұмытылмас бір кек етіп түйіп әкетіп еді.

Сол бір лаң күндерде Қызыл-мола басына еріксіз үймелеген қалың жұртың көріп жатқан қорлық-зорлығына қарап тұруға көз ұялардай еді. Алдағы күндерден үміті азайған Кенесары ермеске бет алған елдердің енді қайтып бетіне қарай алмастай істерге именбей де іркілмей барып жатыр. Дала қанішері барлық тіс-тырнағын ел алқымына тұтас салыпты. Сорғалаған қанмен жасқа мастанып алғандай жалынып-жалбарынғанды естуден қалған.

Қызылжар, Ірбіт, Бағлан, Қорған сияқты орыс қалалары мен тіршілік араласы күшейген ішкі елдер Кенесарыдан біржола безініп көптен бері сырттап отырған. Ол өңірді соңына ерте алмай жауығып алған Кенесары соңғы екі жылдың ішінде үш рет шауып, тонап — тұралатып қайтты. Бірақ, бірен-саран ұры-қары, баскесері болмаса, қалың ел ерген жоқ. Қырқысты да, қырылысты да, ықтамаған, қасарысқан қалпында қалды. Бұл Шынғыс ұрпақтарының қашаннан бері еркін баурап келген тұрғын елден көрген бірінші қарсылығы еді.

Қазір Кенесары осы арадағы бес болыс арғын ұруларына зығыр орнатып, ең соңғы өлім жорығына аттанғалы жатыр. Басына қара күн орнағалы екі айдан асып бара жатса да бұл жақтағы қыр елдері де оңайлықпен ермеуге табандап еді. Қапыда келіп үстіне орнап қалған көп күшке тұтаса қарсылық көрсете алмаса да іштей наразы дала бұқарасы бұл жорыққа жатсырай қарап, шамасы келгенше іркіле беріп, жалпы ынғайын ықтамай танытты. Жаугерлік, шабын сияқты хандар мен бектердің, билер мен болыстардың сергелдеңінен зерігіп болған ел лажсыздықтың шегіне дейін сынасар беті бар. Өз тіршілігінде ешкіммен жауласар себебі жоқ жалпақ ел ондай жорықтардың кімге ырыс, кімге сор екенін де ұғынған. Бірақ, ел үстіне баса келіп орнаған қарулы қол ат жетер жердегі елдерді ауыл-ауылымен айдап әкеліп, күшпен көндірмек, еріксіз ертпек.

Қызыл-моланың айналасы азан-қазан. Бірі байдан, бірі баладан айрылған әйелдер өзен бойын өрлей, әр жерде топ-топ болып өліктерін жоқтап отыр. Егіліп, бүгіліп зар қағады, қарғап жылайды:

— Тұқымың жат, қаның жат, қазаққа қаның араласып көрмеген төре тұқымы, барғаныңнан қайтпа! Барса кел-

местің жолына ұшыра! — деп қарғайды. Қорлық пен зорлыққа, жаза мен өлімге бойы үйреніп болған әйелдер ықтамауға қалған. Жалаң найза түйреп өткелі келе жатса да қарғыс үні әлсіремейді.

Бұл жолы тағылық өзінің бар бейнесімен ортаға түскен екен. Екі биік тас жотаның дәл қырқасына қатар-қатар құрылған дараларда қатар-қатар асылған адам денелері ақырын-ақырын шайқалып әлі салбырап тұр. Ол қарсылық жолында табандап қалғандар. Істің аяғы осыған әкелерін, қыл мойыннан қыл арқанға ілінерін біле тұра қайыспаған жандар. Қәр ұскыны қалай қарасаңда көзіңе соға берсін дегендей, дараларды ең биікке құрыпты.

Осы молаға келетін екі жолдың өн бойында қол-аяқтарынан керіп тастаған адамдар жатыр. Наразы беті берік сыяқты көрінгендерді екі қол, екі аяғынан төрт қазыққа керіпті. Аздаған үміт белгісі болса да, ел ыңғайынан шыға алмайтындай қарайлауы барларын бір қол, бір аяғынан шалыс керіпті. Бәрі де шалқасынан керілген. Қырғын үстіне үймелеген торғайдай-торғайдай жасыл шыбындар керулі жатқан адамдардың көздеріне топ-тобымен үймелеп жатыр. Қара шыбындар да сан жоқ... Шекеден, мұрыннан кеткен қанға, көзден аққан сораға тап Кенесары қолының өзіндей құныпып қалыпты. Көздерін тас жұмып, тістеніп алған адамдар шіміркеніп те кояды, шыдауға да бел байлаған.

Бастарына жаулықтай етіп сәлде ораған молда-қожалар мен бұзаутіс қамшыны білегіне іліп алған жендеттер осы жатқандарды әлсін-әлсін аралап, әркімнің атын атап:

— Шәрменде құл, еремісің? — деп сұрайды. Көпшілігі жауап бермей қалады да кернеп жатқан кекті сыртқа шығармасқа шыдай алмаған кейбіреулер:

— Жоқ! Жоқ... — деп, сәлдені коса боқтап жібереді. Бұлар әрине дараға жөнелтілерін біліп те жатыр.

Сондарына азды-көпті жігіт еріткен, жорыққа еркімен еретін байлар аттарын сау аяңдатып, айналада ешбір көнілсіздік барын көрмейтіндей жайраң қағысып, қонақ үйлерге барып түсіп жатыр. Қаз-қатар тігілген қонақ үйлерде қырғын үстінде салынып жатқан ән де бар, ойын-сауық та бар. Айдаумен келген өзге топтар іштен тынып, жабырқау да жат қалпында. Қысқа-қысқа ғана тіл қағы-

сып, анда-санда өз араларының сенімділігін тексерісіп қояды.

— Нағып ілегісіп қалдыңдар? Көшіп кетіпті деп есітіп едік қой...

— Тап өздеріңдей.. Көш жөнекей басып алды.

— Сендер ше?

— Тау арасынан тауып алды, Жұман нұсқап жіберіпті.

— Е, бұл қарғыс атқанның жансызы да аз болып жатқан жоқ қой!..

— Жансызы көп болса, жауы да көп болғаны да, қара үйлі қазақта бір тілектес бар деші, кәне?

— Сен, немене, мен соның тілектестерін санап жүр деп пе едің? Не үшін тілектес болмақ, не күтпек? Әне асылып та жатырмыз, шабылып та жатырмыз, тұрмыз ғой шыдап!

Еңкелектеген шал адамдар қолы жетер жерге дейін барып керулі жатқандарға сусын беруге лүқсат ала-алмай қайтыпты. Бұларда — шөлде қалғырлар, құсүйек болғырлар! — деп қарғап қайтыпты. Әттең осы топтың ортасына түсер бір ұшқын болса, лап етерге әзір тұрғандай.

Моланың көлеңкесінде, басын көтеріп алған ап-жыландай шұбартып, биікте отырған Кенесары көрінеді. Айналасында жарғақ мойын күшігендер сыяқтанып үнірейе қараған бектері мен билері, сұлтандары мен жендеттері, төре тұқымының қатын-қыздары, өктемдік дегеннің қызығына тоя алмай, құмарта түсіп отырғандай. Бұл араға не бір қатты қарысып қалған қайрат иелерін, не бір осы топтың алдында үлкен қошемет көрсете алар шонжарларды әкелетін сыяқты. Қасарып қалған қайратты жену де, атақты шонжарлардың қошеметін көру де бұл топ үшін ең үлкен мереке ғой, мола қасын осыған арнапты.

Әуелі осы араға айдалып келген Игілік Кенесарының өз алдына әкеліп жазалап жатқан Сауырық деген адамды көріп еді. Екі қолын артына қайырып байлап тастаған сом денелі, күн қақты күрең жүзді Саурықты жендеттердің бірі қос тізеден қақ келдекпен қырқа қағып тізе бүктірді. Екінші жендет тізерленіп қалған адамның екі аяғын бірдей тұсап жіберіп, арт жағынан әкеліп арқан үшін мойнына байлады. Енді Сауырық тастан

жасалған мүсіндей кеудесі көтеріңкі, иықпен қардың барлық бұлшық еттері шыйратылып сыртына теуіп, қызыға қарарлық ер келбетінде еді. Кең маңдайлы, еркек жүзді, шоқша сақалды, тік қарайтын адам екен. Жендет оны қақ тізеден қырқа қағып қалғанда Игіліктің төбе шашы жыйырылып кеткендей тітіркеніп қалып еді, Сауырық өзі оны елемегендей, жерге асықпай тізерленді. Енді ол ығыспайтын жүзбен Кенесарының бетіне де тура қарады. Азырақ қанталаған қыйықты қоңыр көздері өзіне өзі сенімді еркектің қаймықпас қалпын андатады. Қою қара шашты жалаңбас иілмеске біткендей, кең маңдайын тура тосып тұр.

— Сен неге қаштың, ауылыңды қайда әкетіп бара жаттың? — деп сурады Кенесары.

— Жұрт сенен неге қашады деп ойлайсың? Мен де содан қаштым. Ауылымды Ереймен тауынан әрі асырып әкетпек едім,— деді Сауырық.

— Ол жақта кімің бар еді? — деп сұрады Кенесары. Бұғаудағы адамның босанып кете алмасын жақсы білгендіктен, ашу шақыруға асыққан жоқ.

— Ол жақта ешкімім де жоқ. Ашыққан-арығанның өзегін жалғары бар. Екі қолға жұмыс бар, күн көріс бар,— деді Сауырық.

— Е, орысшылап кетіп барады екенсің ғой?

— Ие, бетіміз сол жақ еді.

— Ел бытырамасын, түгел еретін болсын, әйтпесе, қанға бояп жазасын тартқызам дегем мен. Есітіп пе ең оны? — деді Кенесары, енді ашу шақыра бастап.

— Естігем,— деді Сауырық қысқа ғана. Жаза жайынан ығыспаған түрі Кенесарыны катты таңдандырып, аңыртып тастады. Бірден бірге ызғарлы сұраулармен жасытып, бұқтырып алмақ еді, енді өзі абыржып қалғандай:

— Қанша адам әкетіп бара жатыр ең? — деді.

— Көп емес, әр ауылдың жоқ-жітігі қосылып отыз шақты адам болып едік,— деді Сауырық.

Әрі күн көрістері айдап, әрі Кенесарыдан қашып ішке қарай бет алған отыз жігітті Кенесарының қарулы қолы Ереймен тауының аржағынан айдап әкеліп еді. Қазір олардың бәрі де осы маңайда иірулі тұр. Кейін қалған әйелдері әлі бұл жерге жете алған жоқ. Бар көлікті шабынды қолы тартып әкетті де бала-шаға жаяу қалды. Осы қысымды көрген жігіттер оңай ерер деп

дәмеленіп, Кенесары әзір жазаламай келіп еді, Сауырық ол үмітті ақтамайтын ынғайын көрсетті.

— Ей! — деді Кенесары, атылғалы шыйрыққан жыландай, көзін Сауырыққа шанша қадап. — Ерсендер кешірем бәрін де. Ермесеңдер, айтқаным — айтқан, жазам — жаза, үрім-бұтағыңды қалдырмай бауыздатам. Сандалмай жөніңе көш! Ересін! — деді.

— Жоқ, біз ере алмасақ керек,— деді Сауырық. Енді сөз аяғы қысқарып қаларын сезініп, іркілмей тағы да сөйлеп кетті. — Жазаң — жаза екенін көріп тұрмын... Жалғыз мен емес ел де көріп тұр. Қалар есіңде. Ер кеуделі бір адам болса, бәрін де керіп тастапсын. Атыпсын да асыпсын. Сұрауы болмас деп өзің де ойлама. Саған еріп ит болған ша, аіналармен бірге асылып-ақ қалайын! — деп, қырқадағы дараларға қарады. Ол тағы да бірдемелерді түйдектетіп кетіп еді, «Тоқтат!», «Доғар!» деген у-шулар естіртпей жіберді.

Сол айғай-шудың арасынан:

— Шеке бұрау салыңдар! — деген Кенесарының зәрлі әмірі естілді. Сауырық саспай жазасын күтті.

Түксиген жүндіқұрт сыяқты қара-ала қыл арқанды Сауырықтың шекесіне қос қабаттап салып, арасынан өткізіп алған келдектің сабымен бұрай бастады. Дағдыланып қалған жендет қолы дірілдер емес. Арқан бұралған сайын Саурықтың маңдай терісі жыйырылып, көз қыйықтарын созып әкетіп барады. Шеке тамырлары білеуленіп, сытылып шыққан қан екі самайдан да сорғалай бастады.

— Еремісін?

— Ерем, де!

— Еремін, алдияр, де! — деген дауыстар Сауырықтың айналасында арадай ызылдап кетті.

— Ермеймін! Менің жігіттерім де ермейді! Анау зарланған мен күніренгендердің қарғысы атсын сендерді! — деп, Сауырық бұлқына бір айқай салды да, қайтып жауап берген жоқ. Қыл арқан темір шеңбердей қысып, шекесіне батқан сайын, Сауырық босаңдық, жасықтық сыяқты мінез көрсетпеске бар қайратын салған еді. Қыңқ етіп дауысын да шығармай шыдап қалды.

— Әкетіңдер, асыңдар! Азаппен өлсін, аяғынан асыңдар! — деді Кенесары.

Иіруде тұрған жұрт:

— Ерім-ақ екен!

— Еркегім-ақ екен!

— Арманда кетті-ау! — деп, дауыстасып кетіпті. Қажырлы ерді иілмесе сындырып көндірем деген тағылар тобы жасып қалыпты.

Игілікті тап осы тұста дедектетіп Наурызбайға әкетіп еді. Сондықтан ол одан әрі не болғанын көрген жоқ. Тек, бұдан көп жылдар кейін жұмыс іздеп келіп жалданған жас жігіт Бұланбай сол Саурықтың баласы екенін біліп, сол бір қайсар адамды еріксіз есіне алып еді. Бүгін тағы да сол уақыйғалар түгел көз алдынан өтті. Аяғында былтыр оны Бұланбайдың тастап кеткені де есіне түсті. Жаман бір жора сыяқтанып, ойына бірдеме қадала қалғандай сезінді. Әкесі Сауырық Кенесарыға ермей қалып еді, Бұланбай бұған ермей, бөлініп кетті. Осы бір ұқсас мінезде өзіне деген бір тосу бардай сезінді...

Игілік жаңа жота басында айналаны барлап тұрғанда, ойында осы уақыйға, күні кеше ғана басынан өткендей, қайта сайрап қоя берді.

Бұл маңай түгел «Хан жайлауы» деп аталатын кең шыйыр еді. Маңайда ел жоқтығы да ағашының кесілмеуі де, өртке шалдықпауы да запы болған қалың елдің хан тұқымынікі деген бәлеге жақындамауынан еді. Осы арадан бір көш жерде жалғыз Күреңкөз қожаның қыстауы ғана бар. Ол өзін ескіден қалған кәрі көз деп санап, «Хан жайлауын» қорғаштай жүреді. Соңғы жыйырма жылдың ішінде Қызыл-моланың басына келіп құран оқыйтын да жалғыз сол қожа болып қалды. Игіліктің түйіліп келген жері де осы...

Салт аттылар молаға таянып келгенде, Күреңкөз қожа Игілікке жалтаңдап қарап, жақынырақ келді. Бата қылуға лұқсаты болар ма екен, жоқ па екен деп қыйпақтады. Ондайды айттырмай сезетін Игілік атының басын тежей бергенде, қожекең аттан домалап түсе қалып, екі қолын тізесіне салып, мұлгіп те қалып еді.

Игілік ат үстінде тұрған бойы Ордабайға бұрылып:

— Осы тұстан жазыққа қарай жол құласа керек еді... Жазыққа түсер алқымына қар қалың тұрмай ма екен?.. Арғы қабаққа шыға берісі қалай екен? Көріп келіңдерші. Омар, сен де бар,— деді.

Жастар қожаның аятына қарамай түгел шоқытып кетті де, Игілік пен Жұмабек осыдан кейін ғана аттарынан түсіп, аятын асығыс аяқтағалы келе жатқан қожаның арт жағынан келіп отырысты... Қожа иегін сыйпап болған соң, Игілік қожа мен Жұмабекке бір-ақ рет көз қырын тастап:

— Осы маңайдың құлазып жатуы жететіндей болды ғой... Мен қыстауды осы араға салдырғым келеді. «Хан жайлауы» деп, төре тұқымдары басқа килігіп жүрмесін... Кездескені болса, айта жүрерсіңдер...— деді.

Төре тұқымынан Жұмабекті, осы жердің күзетшісі сыяқты Күрецкөз қожаны неге ертіп әкелгенін қасындағылары енді ғана түгел түсінді. «Хан жайлауын» Игілiктің тал түсте басып алғалы отырғанын іштері ұнатпаса да Жұмабек пен қожа ол ойларын аңғартпауға тырысып:

— Е, қайырлы қоныс болсын!..

— Жерім-ақ екен!..

— Ырысты жер еді, тапты несін... Құтты болсын...— десті.

Игіліктің жақын келіп қыстау салуына қуанарлық түк себебі болмаса да, қожакең қуаныш белгісін көбірек көрсетуге жаң таласып:

— Соңғы кездерде түсіме ылғый ғана қуаныш кіруші еді. Сіздің үйдің иттерінің үргені естілiп тұрса да, біз үшін қандай абай!.. Қайырлы болсын! — деді.

Қожа мен төреге айтарын айтып болып, олардың жауабын алдақашаннан бері білетін Игілік екі жампаңның не айтып жатқандарына құлақ аспай, екі көзімен шауып бара жатқан жігіттерді, қардың қалың-жұқалығын барлап қалып еді... Жігіттер ойға іркілмей шауып түсіп, қарсыға іркілмей шауып шықты.

— Қожеке, енді үйге қайта беріңіз... Бәйбішенізді алып, біздің үйге біраз қонақ болып қайтыңыз... Осы маңайға енді бас-көз бола жүрерсіз,— деді Игілік, атына мінгелі оңтайланып жатып. Қожекең атына әрең деп мініп, Игілікке тағы да қайыра-қайыра қайырлы болсын айтып, сөмпеңдеп ауылына қарай кетті.

Ордабай мен Омарларды жотада тосып алған Игілік, олардың ат кеудесінен асатын қар жоқ деген жауабын естіді де:

— Анау моланың да қаңқыйып тұруы жетер енді... Алдымен соны құлатып тастаңдар... Кірпіштері бұзылмапты, бірдемеге жарап та кетер...— деді.

Игіліктің үйден аттанғандағы ойын да, моланы не үшін құлаттырғысы келетінін де жақсы білетін Ордабай мен Омар жаңа үйдің салынуы, ескі моланы құлатудан басталатынын үлкен бір түйін етіп, іштеріне тықты...

— Қар еріп, жол бұзылып кетпей тұрып, барлық ағашты осы араға түсіртіп алғандарың дұрыс болар... Үйшілер келіп қалса, қазақтың ерте жатып, кеш тұратын найқалуы қымбатқа түсіп жүрмесін...— деді Игілік.

Бар байлам, бар бұйрық осымен доғарылды да, Игілік тобы Ақмола жолының Нұра өзенін көлденең кесіп өтер жеріндегі бекетке қарай төтелей асты. Онда Игілік пен Жұмабектің үйден жегіп шыққан аттары мен шаналары қалып еді.

— Ордабай, осы әкеңнің көріпкелі бар... Құдай біледі, үйінді Қызыл-моланың қасынан сал деп аян берді... Кешегі күнге дейін «Хан жайлауы» бұл кісінің аузында жоқ еді ғой? — деп, Омар қашанғы жампаңымен жағымпаздығын жасыра алмай келеді. Ордабай оған бей-жай ғана:

— Е, жоқ болатын...— дей салды да, тымағын бастыра байлап үнсіз келе жатқан Жұмабекке жанасты...

Бұлар бекетке күн бата жетіп еді. Өзен бетімен жүріп кеткен қызыл судан аттар толарсақтап, тайғанақтап өтті. Мана таңертең қысқа ғана бұйрық алған Батыраш қыс бойы Қызылжарға мыс тасыған Игілік кіресінің қайту жолында Ақмоладан ала қайтқан қарағайларын бұлан-талан бергі бетке шығартып жатыр екен. Түйелер мен бірге жігіттер де қызыл асықтан су кешіп, шұбырып жүр.

— Таң атқанша үлгіресіңдер ме? — деді Игілік, арғы бетте дестеленіп жатқан көп қарағайға қарап тұрып.

— Өлсек те үлгіреміз! — деді Батыраш, бұл сұраудың өзіне берілгенін түсіне қалып.

— Жігіттерің нешеу?

— Жыйырма бес.

— Тамақтарың жеткілікті ме?

— Манағы бие асылып жатыр.

— Ертең өзен өткел бермейтін болар...— деді де Игілік арғы бетке өтіп кетті. Ордабай мен Омар

қарағайлардың енді қайда тасылатынын түсіндіруге Батыраштың қасында кідіріп қалды.

Игілік бекеттің кең шарбағына кіре бергенде-ақ, құйрықтары түйілген екі күрең қасқаны асығыс жегіп жатқан соқыр Сарымсақты көрді. Жарау семіз аттар санына божы тисе-ақ ытырына жөнелуге асығып, елең қағып сергек тұр. Игілік атынан түсіп, екі бөлмелі бекетке қарай бет ала беріп:

— Қымызың қалып па еді, Сарымсақ? — дегенде, сергек тұрған аттардың алыстағы бір дыбысты сезіп-гендігін көрді Игілік.

— Бар... үйде,— деді Сарымсақ.

Аттардың қос құлақтары шаншыла сілтеген жаққа қарай Игілік те құлағын тосып еді, екпін лебін сездіре, қатты келе жатқан адамның қоңырау дыбысы естілді. Жез қоңырау жақындаған сайын алдағы бекеттің әзір тұруын айқын аңдатқандай болады.

— Е-е-hейт! — деп қалған божақ даусы да қосарлана естіле бастады.

— О, мынау қожайынның қоңырауы! — деп, бекетші қазақ ат қорасынан екі семіз қаракерді жетелеп алып шықты.

— Көксілің келіп қалған екен ғой! — деп, Игілік те үйге кірмей кідіріп қалды.

— Би-еке, мен қожайыныма жұмыс басында кездес-кенім дұрыс болар!.. Мен жүре берейін...— деп Игілік-тің ризалығын күтпей-ақ, Жұмабек қос қара-көкті қат-ты айдатып, Қарағанды жолына түсіп алып, қашып берді... «Менің қасымда бөденедей ең, Ушаковтың ле-бінен қанбақтай домалап барасын... Жалғыз жүргенде ғой, екеумізден де нығызсын!» деп ойлады Игілік, ба-сын кекшитіп тымағының бауын байлауға енді ғана мұршасы келіп бара жатқан Жұмабекке қарап тұрып...

Ушаков құйындатқан бойы кең шарбақты орап келіп; бекеттің алдына тоқтады. Шанасынан түспей жатып-ақ күтіп тұрған Игілікті танып:

— Игілік!.. Сәлем!..— деп қалып еді, енді шанадан аюлай бұлқына түсіп келіп, қолдасып амандасты.— Амандық па?.. Бәйбіше дені сау ма?

Орыс достарының алдында жарты мысқал салма-ғын жоғалтқысы келмейтін Игілік Ушаковқа тартымды салмақпен амандасты. Ушаковтың шанасынан, сыртын-да қара-тоны болғанымен ішінен байланған ұзын қы-

лышы аяғына соғылып, ашаң денелі бір адам түсіп жатыр.

— О, ағаштарың келіп қалған екен ғой!.. Енді бір жарты айдан кейін үй салатын шеберлерің де келер... Ұмытпасам, шартты бірінші майдан бастайсыңдар деп жасаттырып едім... Солай ма? — деді Ушаков, тартыныңқырап тұрған Игілікті сөзге тарту үшін.

— Солай екен, Никон Абрамович... Сіз қашанда уақытынан бұрын үлгіртесіз ғой. Біз болсақ, міне, үй салар жерге әлі бір кірпіш, бір қада апартқан жоқпыз... Өзгеден емес, тап сіздің өзіңізден ұялып қалармын деп, бүгін атқа өзім мініп едім... Үйдің орнын да бүгін ғана белгіледік...— деді Игілік. Өз жұмысына келгенде шешіліп сала беретін әдетінше суырыла сөйлеп кетті.

— Жоқ, Игілік мырза, сіз уақытты бағаламайды деп ешкім де айта алмас!.. Жол бұзылғанша Қызылжармен екі араға екі рет қатынасатын кіре сұратып сәлем айтып ем, екі айтқызбапсыз... Әсіресе, соңғы жөнелткен керуеніңіз Қызылжарды есінен тандырды!.. Рақмет!..— деді Ушаков.

— Ақмоламен екі арада екі жыл бойы шашылып жатқан ағаштарды бір жыйнап алу менің өзіме де керек болды...— деді Игілік, осы бір кезде Ушаковке өзі қарыздар адам сияқты көрінгісі келіп.

— Кірелеріңіз түгел аман келді ме, әйтеуір?..

— Келді... Аман... Ең соңғы кірені осы арада бөгеп, енді ағаш тасытқалы тұрмын.

— Төрт түйе шығыныңыз барын да естідім. Есептесерміз үйге барған соң...

— Жоқ, сіз оған міндетті емессіз...

— Сіз қазір жүргелі тұр ма едіңіз?

— Ие, Қоңырау дауысын естідім де сіз боларсыз деп аял еттім.

— Маған да ат жегіп жатқан болар, бірге жүрелік. Қарағандыға дейін жолымыз бір ғой.

— Жақсы... Бірақ, сіздің жүріске ере алар ма екем?..— деді Игілік, дауысына ең сенімді рең беріп.

— Сіз ере алмайсыз ба?.. Онда мен сіздің аттардың жайынан ешнәрсе білмегенім де!..

Игілік енді кеңкілдей күліп:

— Үйге кіріп қымыз ішіп шығалық,— деді:

Екі бай әзір араларынан қара мысық өтіп кетпегенін осындай аз қалжыңнан түгел аңғарысып, екі бөлмелі бекет үйіне кіргенде, манағы қара тонды адам сырт киімдерін тастап, шам қасында темекі тартып отыр екен. Иығында пагондары бар, салқын көкшіл көзді, қылыш асынған әскери адам, жасы кіші болса да Игілікке амандық айтқан жоқ.

— Пристав Алексей Петрович Соколов... Біздің манайға тәртіп орнатқалы келе жатыр...— деп таныстырды Ушаков оны.— Мына кісі біздің округтың құрметті биі — Игілік Өтепович. Кездесетін болыстарыңыздың бірі осы кісінің үлкен баласы...— Соколов енді ғана басын изеп қол алысты.

Ауыз үйден ақ шарамен қысқы қымыз келді. Ушаков та, Соколов та қымызды жатсынбай тарта бастады.

— Өз жұмыстарыңыз қалай? — деп сұрады Игілік Ушаковтан.

— Сіздің даланы он жылдан бері кезіп жүріп, бірдемеге қолым жеткенін осы жолы бірінші рет сезініп қайттым... Жұмыс жаман емес. Ақ-бұйрат мысы шетелдерді аралап кетті...— деді Ушаков.— Алдағы күзден бастап Ақмолада отыз балалық мектеп аштырамын. Ылғый қазақ баласын алатын болады. Біраз жылдан кейін сол балалар Томскідегі тау-кен жоғарғы мектебіне кіреді. Техник, инженер, землемер болып шығады... Жұмыскерлерімнің көпшілігі қазақ болған соң, қазақпен оңай түсінісіп, оңай түсіндіре алатын қазақ инженері де болу керек... Барлық шығынын біздің Компания көтереді. Сіз осыған да бас болып, бала жыйнасып бересіз деп сенемін,— деді Ушаков.

— Қазна күшімен оқыйтын баланы табу қыйынға түспес,— деді Игілік.

— Енді алдымен жұмыскерлердің баласын жыйнағым келеді. Олар тұрақты да түпкілікті болып қалар еді.

— Бала жыйнаудың ең сенімді жолы да, дұрысы да осы ойыңыз болар... Быйылғы қыстың қандай қаусатып кеткенін Қарағанды басынан-ақ көрерсіз... Бала түгіл, өз қорегін таба алмай қақтығысып жүрген шұбырынды-ны жол бойы көріп келдім... Тамақ береді екен деген жерден тартынып, баласын қыймайтын қазақ быйыл аз кездесер...— деді Игілік.

Қарағанды маңайында шұбырынды бар деген сөзден Ушаковтың өз ойындағы бір қаупы ояна бастады да, оның аржағын қазбалап сұрамауды мақұл көріп:

— Бұл жөнінде де әңгіме сізге соқпай кетпес...— деді Ушаков, балалар жөнінде ме, шұбырындылар жөнінде ме екенін әдейі аңдатпай сөйлеп. — Ал, жүреміз бе?

— Жүрелік...

Жел бәсеңдеп, қорғасындай ауыр бұлтты қара түн жерге бар салмағын сала орнапты. Батыстан шығысқа қарай жылжыған ауыр бұлттар ақырын ғана қозғалады. Жаңа туған ай анда-санда бұлт етектерін мүйіздей сүзіп бір көрініп қалады да, қайта жоғалады. Бұлтты қара аспан күндегісінен көп төмендеп кеткендей сезіледі. Бірен-саран ғана жұлдыздар көрінген аспандағы ойдым-ойдым алаңдар енді бір жола жабылып, қалың көрпенің астында қалғандай сезінесін.

Қыс бойы кіре тартқан қасқа жол ғана айқын жатыр. Ауыл арасының жолдары қар астында қалған арқандай, жіп-жіңішке болып төмен жатушы еді, кіре жолы білеуленіп бүкшиіп, дөңкестеніп алады екен. «Осылардың жол салуында да біз көрмеген бірдеме бар ма екен?» деп ойлады Игілік. Дамылсыз қозғалыс іс қыймылы болса, ол боранды да жеңетінін Игілік әлі ұқпаған сыяқты... Көсем жегілген семіз аттардың қатты екпінімен шана табандары қақ жолға тиер-тимес қана сырғыйды. Шана артында жыландай ирелеңдеп көсем аттың ұзын құнты шұбатылып келеді.

Алда кетіп бара жатқан қоңырау безектеуін қойып, саябырлай бастады. Айырма жолға келгендерін танып Сарымсақ та аттарының басын тежей берді. Игілік ауылына бұрылатын жолдан аз ғана өтіп тоқтап, Ушаков шанадан түсіп тұр екен. Өз жолына бұрыла бере Сарымсақ та тоқтады. Игілік те шанадан түсіп Ушаковқа қарай қарсы жүрді.

— Мына жол сіздің ауылға, мына жол біздің ауылға апарады... Біздің ауыл жақын, сіздің ауыл әлі алыс... Жүріңіз, қонақ болыңыз,— деді Ушаков, қалжыңдап.

— Рақмет, Никон Абрамович... Қонақтарыңыз аз болып жатқан жоқ шығар... Қолыңыз босаңқыраған соң өзіңіз келіп, қонақ болып қайтыңыз. Үйішімізбен күтеміз,— деді Игілік.

— Мен онсыз да келемін. Талай келетін болармын. Менен оңай құтыла алмайсыз!..

— Келіңіз, келіңіз!..

Бұлар біріне бірі алма-кезек сыпайышылық көрсетіп, біріне бірі қарыздар да, борыштар екенін айтысып тұрғанда, Игілік ауылына бұрылатын тар жолдың үстінде өте баяу қозғалған жалғыз адам көрініп еді. Жаяу адамдай ақырын жылжыйды да, салт адамдай ұзын көрінеді. Қараңғы түн оның қозғалыс қауқарын да, атты-жаяу екенін де жасырып тұр.

— Әй, әй!.. Не тезірек өтіп кет те, не жолдан бұрыла тұр! — деген Сарымсақтың ызғарлы дауысын естіді Игілік. Анау адамның не жауап қайырғанын есті алған жоқ.

— Жақсы, көріскенше қош болыңыз...— деп, Игілік пен Ушаков екі айрылысты. Алдыңғы жағына ызғар лебін бере қоңырау қайта безілдеп кетті.

Игілік баяу басып шанасына жақындағанда әлгі адам ақырын күбірлей сөйлеп Сарымсақтың қасында тұр екен. Бірдеме сұрағандай болады. Бұрлығып, болдырып келе жатқан жаяу екендігін бар ұсқыны баяндап тұр.

— Қарағандыға апаратын жолға жеттің енді. Таң атқанша барып та қаларсың,— деп, Сарымсақ божыларын жыйнап, қомдана бастады.

— Бұл кім екен? — деді Игілік шанасына отыра беріп.

— Сүгірәлі деген жігіт... Сармантай,— деді Сарымсақ.

— Балуан Сүгірәлі ме?

— Ие, сол...

Сәлемдесуге шамасы келмей, таяғына сүйеніп басын төмен салбыратып жіберген Сүгірәлінің бұрлыққан күйін Игілік бірден таныды. Былтырғы төбелесте Бұланбай екеуінің жекпе-жегі көз сүріндіргені есіне түсті. Қайнасып біткен шорағаштай айрылыса алмай, ат тізелерін бүктіре жұлқысқандары көз алдына келді. Талай шаршы топта күрескен адамын жарқ еткізіп соғып, қасқайып қайтып келе жататын шымыр денелі, қапсағай Сүгірәлінің қазіргі тұрысы өте аянышты еді. Игілік онымен тілдесуге ұялатындай, көзін тез аударып әкетіп:

— Қымызың қалып па еді?.. Берші... жал етсін...— деді Сарымсаққа ақырын ғана күбірлеп.

— Қымыз ішесің бе? — деді Сарымсақ шанадан түсіп, божыларын жол үстіне тастай беріп.

— Су берсең де ішемін,— деді Сүгірәлі.

Аш адам суық қымызды өзеурей жұтып жатыр. Өнештен өтердің қандайын болса да талғай алмайтын халге жеткен Сүгірәлі кесенің аузына жақындата береді де, Сарымсаққа қайта ұсынады... Аузына ақтара салатын сияқты.

— Е, болар жаным... Көтере алмай жүрерсің,— деді Сарымсақ, үш кеседен кейін.

— Енді бір құйшы, — деді Сүгірәлі, кесенің түбіне қомағай үңіліп...

Жұмабектен Ушаковтың келе жатқан хабарын естіп, сақ отырған Сикорский қоңырау ызыңы біліне бергендеақ далаға шығып еді. Есік алдынан ұзаңқырап шығып жол үстіне шашылған тас көмірдің ірілеулерін қолымен алып, босап қалған қалың қарға лақтырып-лақтырып жіберді. Кей жерде үйіліңкіреп қалған ұсақ көмірді аяғымен сыпырып, сирете шашып жүр... Көзі жол үстіне тесіле қадалып, Ушаковтың тағы қандай бәлемен келіп соқтығарын ойлады. Йе, соқтығары толып жатыр... Монша әлі салынған жоқ... Қазып тасталған монша орнына еріген қардың суы толып қалды... Мана біраз төктіріп қарап еді, ойпаңнан қаздырған жерге жан-жағынан құлаған су бой бермейтінін көрсетті...

— Қар астында қалған жердің сонша ойпат екенін білмеп едім... — дегеннен басқа ақталарым да жоқ... Огород, бақшаға керекті тұқымдар әлі алдырылған жоқ... Енді міне, жол да бұзылып кетті. Бір есептен, орыс жұмыскерлері Оралға қайтатын болған соң, алдырмап едім деуге де болар еді... Бірақ, ондай қытығы бар әңгімені Рязановтың ыңғайына қарай бейімдеп қойғанынды сезсе, Ушаков оның есесін үстеп қайыруға да тайынбайтын адам... Қазақтар безейін деп отыр ма десе, не айтам?.. Айтқандайын, Мұхаммет діні картошка жеуге қоспайтын да шығар-ау, осы?.. Қап, біреуден сұрап алып, анықтап қоюым керек еді... Мұсақай осында ма екен?.. А, жұмсап жіберген екемін ғой...

— Ей, Ефим!.. Маңайды қалай сыпырғансындар? Сен көзден айрылғанбысың?..

Сикорский осындай ұсақ қарғашаларын ойлап болғанша, қатты екпінін тежемеген бойы Ушаков та келіп

қалды. Аттар тоқтап болмай-ақ Ушаков шанадан түсе қалды да қысқа амандастан кейін:

— Біз азырақ шаршап келдік... Конторына қалың қылып шөп төсетші, құлағалы тұрмын,— деді Сикорскийге.

— Қазір! — деп, Сикорский өзінің атшысына әмір беріп, қайта бұрылғанда шанадан енді ғана түскен Соколовты таныды. Тілін күрмеп, бойын бүрістіріп тұрған қорқыныштары жадырап, қуанып та кетті:

— А, Алексей Петрович, сіз бе едіңіз?.. Хош келіпсіз!.. — деп Ушаковқа өзінің приставпен жақын таныс екендігін сездіре амандасты. Онысына Ушаков та түсіне қалып, Сикорскийдің жадырай бастаған бойын қайта бүрістіргендей етіп:

— Айнала тып-тыныш... Келіп жатқан да, кетіп жатқан да кіре жоқ... Бүгін, немене, мейрам күні ме еді? — деді.

— Ыбрай кіресі күн бата аттанды...— деген жауапқа құлақ аспай, Ушаков жер жаппаға қарай жүре беріп:

— Жүріңіз, Алексей Петрович!.. — деді. — Азырақ ұйқтап алайық...

— Көретінім ылғый осы...— дегісі келгендей, Сикорский басымен Ушаковты нұсқап Соколовқа карады... Соколов сызданып, сырын аңдатқан жоқ, о да жаппаға қарай беттеді.

Аласа, тар жаппаның іші әдейі әзірленгендікті көрсетеді. Стол үстінде бетін ұзын орамалмен жапқан тамақ бары сезіледі. Бұрышта баласын құшып тұрған Мариям ананың алдына үш шырақ жағылыпты. Жер еденде қазақтың алаша-кілемдері төселген. Бұрышта тұрған темір төсектің тұсына да қырдың күні шалған түкті күрең кілем ұсталыпты. Ушаков мұның бәрін кіре бергенде-ақ бір шолып қалды да, қайтып көзін салған жоқ. Мұндай нәрселердің бұл жаппаға тегіннен тегін келмейтінін ішіне түйді де, шешіне бастады. Қалың төселген таза шөптің үстіне өзінің жолға алып жүретін жеңіл бірдемелерін жайдырып тонын жамылды да, көзін жұмды. Соколовқа Сикорский өзінің төсегін ұсынды:

— Мен жатпаймын, жұмысқа кететін адаммын. Жайласып жата беріңіз... — деді.

Ұзамай мүләйім қараған Мариям ананың жабырқау көзінен басқа көздердің бәрі де жұмылды.

Байжан күндегі әдеті бойынша ерте тұрып, еңалдымен үйінің төбесіне шығып еді... Жақында ғана Игілік бе-

кетінен әкелген аз ғана шөбін айнала қоршап алған барлық малын түгел көрді. Қеуделей кимелеп жоғарыдан жұлып аттары тұр. Иықтарына дейін шөптің астынғы жағына кіріп кеткен жалғыз сыйыры мен бұзауы көрінеді. Әр аттың алқымына түскен ұсақ шөптерді теріп жеп ешкілері жүр. Ең бір ауыр қыстан алдырмай құтылғалы тұрғанына Байжакең быйыл ерекше көңілді сияқты. Әсіресе, күтпеген жерде көктен түсе қалғандай, Ушаков пен Игілік сияқты екі байдың үйіп-төгіп құлата салғандарын қайтерсің!..

Күн жаңа ғана шығып келеді. Шуақ болатын ынғайы бар. Дала желі ұйқысынан енді ғана оянып, ақырын ғана есіней бастапты. Құтырынатын да емес. Қешегі түнере төнген қалың қара бұлттар әлдеқайда ауып кеткен. Дала кең бейілденіп, еркін керіліп жатқандай сезіледі. Әр ауылдан келетін жолдардың бәрінде де шұбартып шұбырған адамдар көрінеді. Бірер көліктің соңынан жаяу шұбырған топ-топ адам, жалғыз-жарым ттер... Бәрі базарға келе жатқандай, Қарағанды да түйіскелі келеді.

Ақмоладан келетін үлкен жолдың үстінде жалғыз қара сопайып көрінді, Жүріп келе жатқан жоқ, қозғалмай тұрған сияқтанады. Ақырын ғана жол үстіне қыйсайып отыра кетеді де, қайта тұрады... Жұт жылдары әр төмпенің басын күзетіп суыр аулайтындар осылай көзге түсе беруші еді. Бірақ, мынау жол үстінен ауысар емес. Байжан онымен жұмысы болмай, түнде осы жолмен қоңыраулатып қайтқан Ушаков болар деп, соған жолығып қалғысы келді. Кім біледі, ұн жайында, ай сайын беріп тұрамын деген ақша жайында бірдеме айтар... Ең болмағанда жұрт көзінше «О, Байжан!» деп қол алысқаны не тұрады!.. Үйде ақшасы бар, ойда әр нәрселер бар Байжекең Ушаков, Игілік сияқты адамдармен енді жақын жанасуды арман ете бастап еді. Ушаковты қонаққа шақырсам қайтер екен деп ойлады.

— Үйім жақсы. Ұн бар, қант бар... Шай бар... Күн жылы... Бала-шағаларды күннің көзіне шығарып қоюға болады...

Байжан бұл ойын үйге кіріп айтуға дәті шыдамай, төбеде тұрып айғай салды:

— Қатын-ай!.. Апақ!.. Бері шығып кетіңдерші!.. Уа, болыңдар енді!..

Байжекең әр сөзінің артынан аз ғана аялдауға әрең шыдап, өрт келе жатқандай тағы да тез-тез қайталап жіберді:

— Уа, неғып қадалып қалдыңдар?..

Байынан қорқатын бар қазақ әйелінің саскалақтығына басып, камзолының қаптырмаларын жүгіріп келе жатқан бойы шалыс-шалыс лектіріп Жұбай шыға келді. Тымақ бауын жүре байлап, Апақ келе жатыр. Арт жақтарында, кісі үйінде ерте тұратын, сондықтан, әлдеқашан жуынып, киініп алған Күнзила көрінеді.

— Маған бір жілік теңгелік пен құмазшегімді әкеліп берші! — деді Байжан әйеліне.— Шұбар сандықтың төр жақ бұрышында шығар... Апақ, сен Ушаков қараны ертте! Ушаковты қонаққа шақырып келем. Үй ішін сыпырып, тазалап қойыңдар. Терезелердің зырылдауықтары тоқтап қалмасын. Құймақ құйып, ет асып қой! — деп, Байжан ерттеліп жатқан қара атқа жақындап барды да үйге кіріп кеткен әйеліне қайта айғай салды. Әйелі қайта шықты...

— Омбыдан әкелген карден шыны аяқтарды шығар сандықтан!.. Бас қанттың қалғанын тұтасымен қоярсын!..

Дегбірсіз берген бұйрықтарын састырып орындататын мінездің бәрін көрсетіп, Байжан үлкен қара атқа қыйсая мініп алып, тез жүріп кетті.

— Байғұс, ойына бірдеме келсе апшыңды қуырып әкетеді,— деді Жұбай, ұзай берген Байжанға қарап тұрып. Ұмытып кеткен бірдемесі есіне түсіп кетіп, тағы да айғай салама деп, Жұбай далада кідіріп қалып еді.

— Балалар далада ойнап жүрер... Кемпірді шошалаға шығарайық. От жағып, орап қойсақ, тоңбас, — деді Күнзила.

— Ие, асты шошалада пісіреміз ғой, жылы болады.

Байжан әбден ұзап кеткен соң, әйелдер шаруаларына кірісуге үйге қарай беттегенде Ақмола жолының үстінде қарайған жалғыз адамды бұлар да көрді.

— Бір сорлы жаяу да жалғыз қалталақтап келеді екен... Күнде бұл жақтан келе жатқан адам көрінбеуші еді... Ол елдер де осылай қарай бет алғаны да...— деді Күнзила.

— Қай жақтан болса да шұбырынды басталды ғой тағы да... дей беріп — ойбай, құлап қалды білем!.. — деді Жұбай шошынып кетіп.

— Құлап қалды ма?..
— Ие, құлап қалды...
— Басын көтерді білем, әйтеуір...

Шұбырған мен құлағанды күнде көріп, көздері үйрене бастаған әйелдер одан әрі қарап тұруды таң көрмей, үйге қарай кетіп қалды. Қонақ үстіне шұбырынды қаптап кетпесе жарар еді деп ойлады Жұбай.

Байжан Сикорскийдің конторының алдына келіп, атшы Ефимнен бастықтардың жәйін сұрастырып тұрғанда, Ушаков алып денесін сықырлата керіп, киінуге бет алып еді. Сақалы өсіп кеткен, шашы бұлан-талан, дудардай... Ыстық жаппада толық бет-аузы долырып, ісініп тұрыпты. Бет-аузы күн қағып, күрең тартқандықтан, ақ денеге басқа біреудің бронза түстес басын қыл мойнынан кесіп алып орнатқан сияқты көрінеді. Ушаковтың тұрғанын сезініп, Соколов та оянған белгі берді. Басының қасқасын селдір жирен шаштарымен көлденеңінен жауып қойған Сикорский темір пештің қасында шай қайнатып жүргені байқалады.

— Қайырлы таң, Никон Абрамович...

Ушаков қолдарын айқастырып керіле беріп, аузын арыстандай ашып есінеп жатып:

— А-а-ау... — деді, әдейі істеген тұрпайылығы деп ойлады Сикорский.

— Алексей Петрович, ояндыңыз ба? Сіз асықпай ұйқтап тұруыңызға болады... Мен мұнда біраз боламын. Кешке қарай жүріп кетерміз, — деді Ушаков Соколовқа бұрылып.

— Рақмет, Никон Абрамович... Ұйқым да келмейді, тұрғым да келмейді...— деді Соколов.

— Шахтаға түсіңіз келетін шығар?..

— Жоқ, жоқ, Никон Абрамович... Ол құрметіңізге тіпті көп рақмет.

— Бұл кісі де монша да жоқ әлі... — деді Ушаков Сикорскийге қарап. — Осында Михайло Неволя деген жұмыскер қыс ішінде кішкене ғана монша салып алды. Әйелімен екеуі жұмыс арасында, жексембі күндері салыпты... Бұл кісінің Ефим деген атшысы өзін де жуындырады, атгарын да тазалайды... Ат пен адам екі түрлі махлұқатқа жатса керек еді, бұл кісі әзір оны айыра алмай жүрген сияқты, — деп, Ушаков Сикорскийді батыра сықақтаудан тартына алмай қалды.

— Неволя жалғыз салып алған жоқ моншаны... Жолдастары жәрдем етті... — деді Сикорский. Ушаковтың

Сықағына түйрей жауап бергісі келсе де, бата алмады. Оның орнына әдейі Соколовқа арнап: — Олармен ойнауға болмайды...—деді.

Ушаков тағы да бірер қалжың айтып, тез жуынып, тез киініп, далаға шыға келгенде, таныс қара аттың үстінде жамбастай қыйсайып алып, Ефимнен бірдемені тәптештеп сұрап тұрған Байжанды таныды. Байжан аттан тез қарғып түсіп, Ушаковқа жаяу келіп қолын созды.

— А, Байжан!..

— Іздрасти, төрем!..

Қатты айқасып алған алақандар ұзақ сілкілесіп қалды...

— Аман?..

— Аман... Маржа, бараншук, живой?

— Живой...

— Қара атты әлі сойып тастаған жоқ екенсің?..

— Байжан кісі малын соймайды! — деді Байжан, амандыққа араластыра қара аттың басын да аршып алғысы келіп.

— О, қой енді... Бұл сенің атың, құнын артығымен төлепсін, естідім,— деді Ушаков. Байжанның аз қулығын түсіне қалып, ендігәрі шүбәланбасын деп, аттың жайын ашып та берді.

— Байжанды сен онсыз да байытып қайтардың Омбыдан. Байжанның қалтасы толған ат!.. — деді Байжан. Ушаковты күлдіргісі келіп, ақша деудің орнына әдейі ат деді.— Ал, Байжан сені қонаққа шақырады. Дом нағыз орски... водка сарски...

— Қонаққа?

— Ие, кости... самауыр полски, шыны-аяқ шашке керденски, шай ақ-құйрық қытайски, көмір Байжански, Байжан Ушаковски... Вот как! — деді Байжан топылдатып үйе сөйлеп.

Байжанның мінезі мен сөзіне күлмей шыдай алмайтын Ушаков қарқылдап күліп, таңертеңгі салқын ауадан жөтеліп те қалды. Қайдағы бір жек көретін қазағына Ушаковтың осыншама мәз-майрам болғанына қызғана да тарына қарап, амалсыз ыржыйып, жаппасынан шыға келген Сикорский тұр...

— Жақсы, жақсы... келемін. Түс кезінде күт. Қайтсем де келемін... — деді Ушаков, күлкісін әрең тыйып.

— Менің тамағымды татқысы келмейді, — деп ойлады Сикорский Ушаковтың ойын дәл тауып.— Бұл кісі қазір

таңертеңгі тамақты да татпай кеткелі тұр. Бәс тігем, солай етеді...

Ушаков шыпында да аса жек көретін адамының тамағын татқысы келмеп еді. Байжан үйіне қонаққа баруға тым тез ризашылық беруіне сонысы да әсер етті.

— Байжан енді лавкеші Мансұрды байытып қайтады! — деп, Байжекең атын жетелеп лавкеге қарай кетті.

— Мен біраз жүріп қайтамын... Мүмкін, кешігіп қайтармын... Мені күтпей-ақ қонағыңның тамағын бере бер... Қасында бол. Басқа жайды кейін сөйлесерміз... — деп, Сикорскийді конторына жіберді де, Ушаков шахталарға қарай кетті.

Суға толып қалған моншаның орны көлкілдеп тұр... Бес-алты көлік көмір артып алып, жолға түсіп бара жатыр да, он шақты көлік ашық шахтаның қасында қалғып тұр. Аттар да, өгіздер де өте арық көрінеді. Осымен күнін көріп отырған кедей шаруалардың көліктері екені анық танылғандай. Салынсын деген жаңа барактардың орны да қазылмаған. Әр тұстан әр жолмен үйіліп келе жатқан көп адамдар көрінеді. Кірешілер емес, әрине... Көлік аз да, жаяуы көп... Жұмыс іздегендер... Құнарсыз, құтсыз кең дала, өз бойында түк нәр жоқтай, бұрлыққан мен болдырғанды әлі аяқтанып кетпеген көмірге қарай айдапты.

— Арып-талғанда еңбек естеріне түскені жаман да жора емес, — деп ойлады Ушаков.

Бес-алты кіремен барған мысты Қызылжардан асырмай тік көтере сатып, көңілді де араны да ашылып қайтқан Ушаков, осы жаздан бастап қанатын кең серпе қыймылдаудың жайын ойлауда еді. Орыс жұмыскерлерінің түгел қайтатын болғаны ол ойына көлденең түсе калған үлкен кедергі болса да, Ушаков бұл бетінен қайтпасқа бел байлаған. Рязановтың хатына кездескен күні Ақмолада бір түн тас-талқан болып тулады да, ертеңіне бұрынғы ойына қайта бекінді. Қазір сол бекініс үстінде жабық шахталардың жайын көруге келе жатыр. Бірі көмірдің еңкейісіне қарай, бірі шалқайысына қарай салынып жатқан екі жабық шахта бітсе, «Ақ-бұйрат» заводын он орап алатын отын береді. Енді екі пеш қосылса, «Ақ-бұйрат» айына тоғыз жүз пұт мыс береді... Бар қыймыл, бар күш осыған салыну керек. Орыс жұмыскерлерінің күні біткенше, осындай жұмыстарға ауыстырған дұрыс болар...

Осындай ойлар қабаттасқан сайын өзі де аяғын тез-тез басып, Ушаков бірінші шахтаға келді. Қожайын көрінгенде қосымша бір құнт алып қалған қоспақ атан Ушаковты бақ етіп қарсы алды.

— Шелек бір кезекте шахтаға неше түсіп шығады? — деп сұрады Ушаков, шелектің көмірін аударып алып жатқан жігіттерден.

Жігіттер жоққа абыржып, сасқалақтап қалып:

— Осы құрғырың неше түсіп шығады екен?

— Сенің есіңде бар ма?

— Е, кім санаған оны!..

— Есептей жүру керек екен-ау!..— десті біріне бірі қарап.

— Әй, қолың бостау ғой, сен білмеймісің? — деп, екі жігіттің бірі шығырдың түйесін айдап тұратын балалау жігітке қарады да, ол үндемей басын шайқаған соң, орынсыз ыржыйып:

— Оны санай жүруге қолымыз тие ме біздің?.. Көп түсіп шығады. Дамылы жоқ. Болдыртып жығады... Әрең көтеріп аламыз... Зілдей... Одан соң, міне, күрекпен атжалдап тұрып үйеміз...— деді, Ушаковқа қатарланып жатқан көмір атжалдарын нұсқап.

— Өйтпесең, арасына су өтіп кетеді, дейді.

Ушаков наразы түспен басын шайқап:

— Күніне қанша жұмыс істегендеріңді білмейсіңдер де, қанша ақша алатындарыңды білесіңдер!..— деп, кейіп тастады да, көмірден босаған шелекке мінді.

Бұл жолы Ушаков шахтада көп айналған жоқ. Шахта ұңғірлерінің қайсысы қанша ұзарғандығымен көмірді ала бастауды қашан бастауға болатынын шамалады да сыртқа шығып кетті. Жұмыскерлерге қашанғы әдеті бойынша ете-не амандасқаны болмаса, сөйлесіп те аялдаған жоқ. Штейгер Быковтан ауаны ауыстырып тұратын штректің бас штрекке қашан келіп жалғасарын сұрап алды да:

— Орыс жұмыскерлері Оралға қайтқанша екі жабық шахтаның екеуі де салынып бітуге тиісті. Жалғыз қазақ жұмыскерлеріне қарап қалған күнде қыйынға түседі, — деді, ойындағы ең үлкен қаупын жасырғысы келмей. Осымен орыс жұмыскерлерінің Оралға қайтулары шешіліп қалғаны да, олар қайтқанша қандай жұмысты бітіруге керектігін де аңғартты.

— Кішкене шахталар ғой, бітер... Бітіреміз,—деді Быков.— Қайтуға әлі екі жарым ай уақыт бар, жетеді сол.

Жабық шахталарының сол шамада салынып боларын өз көзімен көріп шыққан Ушаков, енді ол жайды қайталамай, басқа бір ыңғайды байқау үшін:

— Рязановтан жер алмаған кейбір жұмыскерлердің қайтпауына да болады... Оны жұмыскерлер білетін шығар? — деді.

Бұл сұрау өзгеден бұрын өзіне қойылып тұрғанын түсіне қалды да:

— Әрине, біледі... Бірақ, кімнің жағдайы қалай қыйсынарын кім білсін әзір...— деді Быков.

— Әзір мұндағы жағдай онша болмағанмен, табыс мол емес пе? Оралда мұндай жалақы болып көрген емес. Рязанов мұндағының жартысында бермейді... Және мұнда десятник, штейгер болып жүрген адамдар Рязановқа барған соң қара жұмыскер болып қалады...— деп Ушаков аз кідірді де: — Сіз өзіңіз қалай ойлайсыз? Қайтқыңыз келе ме, қалғыңыз келе ме? — деп сұрады Быковтан.

— Біз әлі шешкеміз жоқ... Әйелім қайту жағында... — деді Быков.

— Жұмыскерлерге жеткізуіңізді өтінем, әнеугі берілген бұйрық бұлжымай орындалады. Сөзсіз орындалады, — деді де, шахтада бар сөйлескен сөзі осы, Ушаков сыртқа шығып кетті...

Ушаков біраз ғана көлікке көмір тиеп жатқан ашық шахтаны қабырғалай өтіп келе жатып контор маңайында үймелеген көп адамдарды көрді. Қолбаң киінген, баяу қозғалған қазақ топтарының неге топырлап жүргендерін де түсіне қалды. Бұларға бір берік байлам айту керек болар деп ойлады да, солай қарай келді. Жүздерінен реңі кеткен, жүдеу адамдар тымақтарын алып, еңселерін әте төмен иіп қарсы алды оны. Ушаков үн шығарып амандасқанша олар да үн шығармай иіліп тұрды да, амандықтан кейін жамырап сөйлеп кетті. Не қайғы, не қуаныш үстіндегі адамдардың біріне бірі қатты ұқсай қалатыны сияқты, жүдеушілік үстіндегі адамдар да біріне бірі қатты ұқсап тұр. Бәрі бір-ақ сөзді қайталасып тұрған сияқтанады. Бет-ауыз, көз, қол қыймылдары да бір-ақ реңде... Төрем-ау, байбатшам-ау, деп мадақтап бастап, сөз аяғын жалғыз ғана тілекке тірей сөйлейді. Ол кедей көпшіліктің жан сақтап қалуының жайы еді. Бұлардың ішінде екінші кезекте Ушаковтың жұмысына барасындар деп ерте қағаздап, сондықтан ешқайда

шыға алмай қалғандар да бар. Жұмабек пен Сикорскийдің көлденеңнен көтеріп жібергендері де бар. Бір азы күніне слу тыйынды дәме етіп келсе, көпшілігі отыз тыйынды қайталап айтып тұр. Өздері отыз тыйынға қандай қызықса, арзан күшке Ушаковты да сондай қызықтырғылары келетін сияқты. Ушаков аз ғана тындап тұрды да, олардың не тілейтіндерін оңай түсініп:

— Орысша білетін кім бар іштеріңде? — деп сұрады. Аласа сары жігіт Мұсақай алға қарай шықты.

— Сен бұларға түсіндір...— деді Ушаков оған.— Маған қазір екі жүз жұмыскер керек. Көмір қазады, кен қазады, үй салады. Енді екі жарым айдан кейін тағы бір жүз адам керек... Барақ бере алмаймын... Киіз үйлерімен көшіп келсін... Барақ қысқа қарай бітеді. Жаз шыққан соң әркім өзіне жер барақ жасап алуына да болады. Жер, су, көмір тегін беріледі...

Мұсақай аударып болғанша, жұрттың не түсінгенін үнсіз бақылап тұрған Ушаков ол тоқтағаннан кейін қайта сөйлеп кетті:

— Ең алдымен екінші кезекке қағаздалған адамдар алынады. Ауру адамдар керек емес. Мен сендерді ескі жұмыскерлермен теңей де алмаймын. Күндеріңе отыз тыйын аласыңдар. Қар кетісімен Майқұдық, Көкөзек, Теректі, Сарысу бойына көшуге әзір отырыңдар. Өзге жақтарын Жұмабек подрядчиктен білерсіңдер, соған тапсырылады, — деді.

Әлгіден гөрі де төменірек иілген тақыр бастардың арасымен Ушаков конторға кіріп кетті. Аз сөзбен айтылған кесімге сене алмайтын әдеттерінше, қыр қазақтары қайтадан наразы дабырласып қалды...

— Жарылғар тұр жоқ қой...

— Құлақ асар емес қой...

— Он күн шұбырып жүріп, он ауыз сөз есті алмағанымыз ба?

— Жұмабекке сілтегені, өле бер дегені де... — десті.

— Жә, тұрдыңыз ба, Алексей Петрович!.. Қарағандыны сатқан қазақ қонаққа шақырды. Өте бір қызық адам... Баралық, киініңіз... Ішіп көрмеген шай ішесіз! — деді Ушаков Соколовқа.

Соколов кішкене ғана столға төніп бірдеме жазып отыр екен. Қарсы алдында Сикорскийдің атшысы Ефим тұр. Соколов алдындағы қағаздарын елеусіз ғана өзіне қарай тартып қойды да:

— Мен жаңа ғана лық тойып тамақтанып алып ем... Сіз үшін де ішіп-жеуге тура келді... Лұқсат етсеңіз бармас едім...— деді.

Соколовпен араларында тұйық жатқан бір кірбің барлығын айқын сезіне бастаған Ушаков қайталап қолқалаған жоқ.

— Өзіңіз біліңіз... Мен болсам, қазақтарға күні түскен адаммын, жәбірлей алмаймын... — деп, сырт киімдерін тастап, жуына бастады. Соколов бір белгі бергендей болды да, Ефим үнсіз шығып кетті...

Қар еріп, дала жүзі жадырап жатқан шуақ күнге қызығып, Ушаков Байжан үйіне жаяу тартып еді. Шахтаға түнгі он екіде түскен жұмыскерлер барактарына қайтып келеді екен. Төрт-бестен шұбырған қара күйе жұмыскерлер ашық күннің жарығында тіпті өңсіз, лас, жүдеу көрінді. Қалжырап, бұралып шыққандары сонадайдан көзге соғады. Сөйлесе қалсаң, айтар арыздары да көп екенін жақсы білетін Ушаков, жан-жағына қарамай тез аяндап кетті.

Ашық шахтадан шақырымдай жерде ғана Байжан үйінің қара-құрасы көрінеді. Пештен де, шошала төбесінен де желсіз күнгі түтін жұлындап шығады. Үй төбесінде Ушаковтың көрінуін күтіп тұрған Байжан домалап төмен түсіп барады. Орта жолда қолтықтасып алған үш адам ақырын қозғалып, олар да Байжан үйіне қарай кетіп бара жатқан сияқты. Екі шеттегісі майлы күйе басқан жұмыскер де, ортадағысы қоңырқай киінген қыр қазағына ұқсайды. Аз ғана жүріп барып тоқтап, қайта жүріп кетеді. Ушаков алдында кетіп бара жатқан сол үшеуді қуып жеткенде, аржағынан Байжан да келіп жетті. Енді бес кісі түйістi.

— Бұл немене, ауру адам ба? Әлде аш па?..— деді Ушаков жұмыскерлеріне. Енді ол екі жұмыскердің бірі десятник Бұланбай екенін танып:

— Сенің туысқаның ба?.. Не болған? — деді.

— Туысқаным... ағам... — деді Бұлапбай.

— Апырау, Сүгірәлі ғой мынау... Сен де осындай күйге ұшырап калып па ең?.. — деп, Бұланбай мен Алшағырға сүйеніп тұрған адамды Байжан да таный кетті.

Бұл түнде Игілікке кездескен, таңертең Байжанның өзі де көрген жалғыз жаяу Сүгірәлі еді...

— Көріп тұрсың ғой... — деді Сүгірәлі ақырын ғана.

Бұланбай Байжан мен Ушаковқа кезек-кезек қарап:

— Байжеке, менің балам мен шешемді далаға шығарып тастасаң да мейлің, мына Сүгірәліні жаз шыққанша асырап бер. Бар салмағы менікі, менің тапқаным осы екеумізге жетер, — деді.

— Бүгін үйде қонақ бар еді... Шошалада отыра тұрсын, апар,— деді Байжан.

Десятнигімнің тапқаны үйішін асырауға жетпейтін болғаны ма деп ойлай қалған Ушаков:

— Бұланбай, сен айына 15 сом табасың. Мен білем ғой! Нағып жетпейді? Жаның сонша көп пе еді? Мынау аш менің ағам дегеніңе сене алмаймын, — деді.

— Жоқ... Басқа ағам... Ана Байжан түсіндірер... Шешем мен жалғыз ұлым да сол кісінің үйінде... Мына жолдасымның үйіші де сонда...— деді Бұланбай.

Даланың ескі сарсығы бойларынан арылмай жүрген жұмыскерлердің осынша күйзеушілікке қалай ұшырап қалғандарын түсіне алмай, Ушаков тіпті таңырқап қалды. Дала байларының ат майы мен сауыны, несиесі мен қарызы көп адамдарды әлденеше жылға арқандап қоятынын Ушаков әзір жете түсінбеген еді. Баянды ұстадан бір естігені қайта есіне түсті. Әуелі бозалаң да буалдыр басталып, оп-оңай айқындала берді...

— Сізге мен бәрін де айтайын, түсіндірейін... Бәрін де білемін... Жүріңіз... — деп Байжан Ушаковты ертіп, озып кетті.

— Аята первай Бұланбай, другой опторой Бұланбай... — деді Байжан, ұзаңқырап алған соң... Онысы Сүгірәліні Бұланбайдан да мықты жігіт дегені еді. Оның первай Бұланбай дегені жаңағы аш адам екенін Ушаков та түсінді...

Ушаков Байжан үйінен қайтып келсе, Соколовтың алдында тағы бір адам тұр екен. Сыртқы түрі жұмыскер сияқты. Бірдемені ептеп жеткізіп, дәлелдеп тұрған адамдай, жүзінде бір сыбыршының рені бар. Соколов тағы да бірдеме жазып отыр...

— Е, мынау бір шарындыны зерттей келген екен ғой... — деп ойлады Ушаков.

Ақмолада мені ала кетіңіз, сол жақтағы қазақ болыстарын аралап қайтайын деп ем, сіздің аттар сенімді ғой дегенде Соколовтың өндіріс маңайында тұк жұмысы жоқ

сыяқты еді. Қазіргі қалпы бір өрмегін тоқып отырған өрмекшіге ұқсап кетіпті. Жол бойы жайдары да сыпайы көрінген адам қазір полицей приставының бар қалпына кіріп алыпты. Көздерінде кілегейі бар, екі қасының арасына бұрын байқалмаған жалғыз сызық түсіпті.

— Ал, Алексей Петрович, қалай, әзірмісіз? Жүреміз бе?.. — деді Ушаков.

Соколов әдейіден туған әреңмен жымыйып:

— Мен бүгін жүре алмайын деп отырмын... Күтпеген жерден бір жұмыс кездесіп қалды. Қазақ болысына қабар жібердім... Ертең ат келетін болар... Сіздің заводқа соға алар ма екем?.. Арғы күндері қазақ болыстарына шығып кетермін, — деді.

Ушаковтың сұрауына қысқа ғана жауап берудің орнына, қайталап сұрамасын деп, із тастап, әдейі ұзақ жауап берді.

— Әрине, біздің маңайда да көр-жер болуы мүмкін... Қәнігі көз бірдемені байқап қалған екен ғой... — деді Ушаков. О да әдейі, о да әреңжымыйды.

— Жоқ, жоқ! — деді Соколов, шошып кеткендей, тез іліп әкетіп. — Ескі бір іздер... Дұрысырақ айтқанда, бірінші рет келіп отырған, бұрын естіп білмеген көмір маңайымен үстірт болса да таныса кетейін деген ой келді...

— Жақсы, жақсы... Танысыңыз... — деп, Ушаков тез қоштасып кетіп қалды.

Жегіліп жатқан шананың қасында Сикорский дөңгеленіп жүр екен. Манадан жұмыста болып, сөйлесуге де қолы тимеген адамша, Сикорский Ушаковтың біржола киініп шыққанына таң қалған пішін көрсетті.

— Киініп шыққаныңыз қалай?.. Маған ешнәрсе айтпадыңыз ғой. Жұмыстың өніп жатқан да кезі емес еді... — деді алдын ала арқасын тоса сөйлеп.

— Бәрін де өз көзіммен көрдім. Жақсың да бар, жаманың да бар... Жабық шахталарға тағы да жүз жұмыскер қос. Тез бітсін. Майдан қалмай көмір берсін... Тағы бір нәрсені ескермепсің: менің соңғы берген бұйрығым түгел орындалуға тиісті. Ол орындалады. Баракгар салынады. Монша да салынады. Жаңадан үш жүз жұмыскер аламын. Ұзамай тағы екі жүз аламыз. Хабар еткізермін, жақын арада Ақ-бұйратта бас қосармыз... Қанша жұмыскер керек, нелерің жетпей жатыр, ойлана келерсің, — деді де Ушаков шанасына мінді.

Семіз екі қаракер жұла тартып қозғалып кетті... Со-

коловтың келісі Ушаковтың көңіліне бір дақ салғанына ішінен қуанып, көзін сығырайта қарап Сикорский тұрып қалды...

2

Бұл күндерде Сикорский үлкен қуаныш үстінде еді. Оңды-солды ойланып қараса, бар істің беті оңға айналуға ойысып келеді екен. Күні бүгінге дейін омыраумен соғып, бой бермей, ылғый жоғарыға өрлеп келе жаткан Ушаков сүрініп кеткендей көрінді. Құлап түспесе де сүрінді. Енді бұрынғысындай күн санап жаңа бір қыядан қарай алмаса керек... Соңғы жолы ең ашулы келген бетінде, тұла бойын қайнаған мыстай ыза кернеп, ақтарылғалы тұрса да, бұрынғысындай бұрқырай алған жоқ. «Мұрнынды сүрт!.. Мұны саған кім үйретті?» дейтін бір кезең осы еді. Оған да бара алған жоқ, тыныш аттанды. Орыс жұмыскерлерінің Оралға қайтуына түк қарсылық ете алмағаны да есте болатын бір кезең сияқтанады емес пе?.. Рязановтан осы жолы көрген тіземен катты ығысып қалғандай, бірінші рет қарсылықсыз көніпті. Жұмыскер күшін бұдан бұлай түгел қазақтан жыйнауға оп-оңай көне кеткені де құлауына бет алған адамның бірінші адымы боларға керек. Рязанов бұған дейін қанша салмақ салса да бұл беттетпей келіп еді. Енді міне, ең бір қысылшаң кезде жағалассыз, жанжалсыз бой ұсына кетуі үлкен бір жорамалдар жасауға да болатынды аңғартады...

Оның үстіне, уәдесінде тұрып Соколовтың келе қалғаны да сәтті жора сияқтанып еді. Полицей приставының дәл осы кезге келе қалуында, мүмкін, Рязановтың да қатынасы бар шығар... Бар, әрине... Бірақ, кенедей жабысып, түлкідей бұландап, әрнәрседен дәмелендіріп уәдесін алған өзі ғой... Қалайда, Ушаковтың басына көптен бері түнеріп, торлауы жеткен қара бұлт енді тамшылауға бет алған сияқты. Полицей приставы жұмыскерлерді құтыртып жүрген біраз ғана топты талқандап бере алса, әсіресе, артына қоңырау қалдыра алса, Сикорскийдің өлімсіреуге айналған шырағы қайта жарқырап кетер еді. Жалғыз Рязанов алдында емес, бүкіл полиция алдында беделі артар еді. Сырғый-сырғый қыйыр шығыс сахарасынан шыққан Сикорский әлденеден бір бү-

йірінде полиция кеңсесі де жүретінін есіне алды. Мұным неден екен деп ойланып та қалды...

Бүгін ол өзі дайындап, сөйлетіп қойған үш-төрт адамнан жауап алғызып, көп нәрселерді берік дәлелдетіп, біраз адамның басын шырғалатып алғаннан кейін, Соколовпен ашығырақ сөйлесуге бел байлап еді. Стол үстінде әртүрлі тамақ, мөлдіреп арақ тұр. Бұл ескі де болса адам жанына жақындататын жалғыз сенімді жол. Мөлдіреген таза арақтың қандай мөлдір таза ойды да қалай ылайлай алатынын жақсы білетін кәнігі ку онсыз да беті түзу Соколовтың көңіл реңіне кірбең түсірмеуге бүгін де барын салды.

— Шаршаған да боларсыз өзі? Ылғый бір топас жандармен сонша ұзақ сөйлесіп отыруға да шыдам керек-ақ шығар... Үй де жайсыз... Ұйқыңыз да бей-берекет... Мұндай қаранғы үнгірде үш күн қонармын деп ойладым дейсіз бе!.. Мен сіздің өзіңіз тартып жүрген азапты ойлай қалсам, басым айналып кетеді... — деді Сикорский, кешкі тамақтың алдында азырақ демалуға төсек үстіне қыйсайған Соколовқа.

— Амал қайсы, тартуға тура келеді... — деді Соколов. Дауысында ауыр қызметтің салқыны мен салмағы да бар еді...

— Қалай?.. Азап босқа кететін емес пе, әйтеуір?.. Босқа дүрліктіріпсің деп кетпес пе екенсіз маған?..

— Жоқ, олай болмасқа керек... Рақмет айтып кетермін деймін... Сонау Оралдан басталған із шексіз далаға шығып алып жоғалып кете жаздаған екен, енді ол хауыптан құтылсақ керек...

— Құттықтаймын, құттықтаймын, Алексей Петрович... Бұл бір көз талғайтын, шарынды із болу керек...

— Еңалдымен өзіңізді құттықтаңыз... Бұрын көрген сіздің көз...

— Ой, біздікі әшейін, даланың аңы болып кетпес үшін бір жақта үкімет барын да естен шығармағандық қой...

— Мен енді қайтерімді ойланып жатырмын... Тор құрылып болды. Аңды торға қарай қазір айдау керек пе, жер кеуіп, өзендердің өткел берер кезін күту керек пе?..

— Қыр өзендері бір жеті де өткел бере бастайды. Далада қар қалған жоқ, өзендер енді тартыла бастайды, — деді Сикорский.

— Және ендігі кездесер адаммен қалай сөйлесуді де ойлануға тура келеді.

— Ие, оныңыз не Быковтың өзі, не оның әйелі болса, ойландырар... Екеуі де арбаса білетін адамдар... Әсіресе, әйелі сыйқырлап бағар... — деді Сикорский, приставты қайрай түсікісі келіп.

— Әйелі!.. Әйелі емес дегенді ең әуелі көтерген кім?

— Ғапу етіңіз... Әдеттенген ауыз айыпты... Ерлі-байлыға ұқсайтын түк мінездері болмаса да, осы күнге дейін сеніп келген аңқаулығымыз да...

— Жалғыз аңқаулық па екен сол? — деп, Соколов Сикорскийді әдейі бір үркітіп алды да: — Басқалардікі аңқаулық па екен деймін? — деп, бетін бұрып әкетті.

Сүр балықтар құйрығы мен басынан басқасынан айрылып болған кезде, Сикорский маңадан бері шыжымдап шығарып, бірден ақтара салуға бата алмай отырған ойын да айтты. Бұдан кешіксе кезекін өткізіп алатындай көрінді.

— Айғағы мен дәлелі айқын болар ма, жоқ па, бірақ, екі нәрсені даусыз көремін...— деп бастады ол.— Бұлар кем болса, бес рет жасырын жыйналыс өткізді. Екеуін қуаландыра алдық та, өзгесін байқай алмай қалыппыз... Қыян далада кім күткен оны. Бақсақ, жұқпалы дерт Оралдан ере келген екен. Екінші, Быковтардың ерлі-байлы емес екендіктері де даусыз... Оны да келген күндерінен-ақ байқауға болатын еді, тағы да кеш аңдап қалдық. Әуелі жұмыскерлердің өздері сезініп, айта бастады. Жұрт алдында ылғый Лиза десе, оңашада Елизавета Сергеевна деп қалғанын өзім де бір рет естіп ем... Мен содан бастап сезіктене бастадым. «Бұл қалай болғаны?» дедім ішімнен. Бірақ, мен не істей алмақпын?..

— Зерттеудің бір түйіні осыған келіп тіреледі... Солардың ерлі-байлы емес екендіктері немен дәлелденер екен?.. Қолдарында неке куәліктері болып шығуы да мүмкін емес пе? — деді Соколов.

— Болса, бір жалған бірдеңе болар, әйтпесе жоқ... Жіті көз айырады ғой оны... Бір бараста бірге тұрып, моншаға да бірге түсіп жүрген Ефимнің әйелі Елизавета Быкованы тіпті қыз деп таласатынын Ефим өзі айтқан болар?.. Қыз десе Быкованың қызарып кететінін мен өзім де талай байқадым. Жаратпай қалады...

— Мұның бәрі де сөз ғой...

— Анығын тексеріс ашады да...

— Тексеріс айғақты өзі ойлап шығара алмайды ғой, достым?..

— Істің бір жағы анықталса, екінші жағы өзінен өзіақ ашылып қалмас па екен?..

— Бірге, қатар ашылғаны тіпті қызық болар еді...

— Ол енді сіздің қолдың шеберлігіне байланысты болар... Мен оған қашан да сенулімін...

— Бұлардың Нілді, Ақ-бұйрат жұмыскерлері мен байланысы жоқтығына сенемісіз?..

— Сенемін дер едім... Қыс бойы бір адам қатынасқан емес.

— Шило қарт қайда?..

— Иә, ол қатты ауырып, Ақ-бұйраттың больницасына түскелі екі жеті болды...

— Шын-ақ ауру ма екен сол?

— Ауруы — ауру... Мұнда да екі жеті жатты. Ол көксау адам ғой... Осы аласапыран кезінде Оралда да жатып қала береді екен... Бірақ оған тапсырылған бірдеңе болса, ол өліп жатса да орындайды...

— Айтпақшы, жайналыс болған үйдің иесі, қазақ, сол табандаған күйінде қала барар ма екен? — деді Соколов, ойына тексерістің тағы бір олқы қалған жағы түсе қалып.

— Қазақтың шынын айтқызатын екі нәрсе бар, — деді Сикорский қазақ мінезін екшеп-елеп, біліп қойған адамымсып.— Бірін мен қолданып көріп ем, ешнәрсе шығара алмадым. Мүмкін, олақтығым болар... Төреңі қонаққа шақыр, тамыр бол деп айналдырып көріп ем, — шақырдым, келмеді. Енді шақыруға закон жоқ, — деді. Мұсылмандарда бар ғой сондай бір әдет...

— Қонаққа өзін шақырып көрсең қайтер еді?

— Болады шақыруға...

— Онда да ешнәрсе айтпаса?

— Екінші, қазақ қорықса ғана бар шынын айтады. Артығымен айтады. Қайта-қайта жауап алып, қайта-қайта қол қойғызып, Ақмолаға келесің деп қойсаң сол жетіп жатыр...

— Онысы да белгілі, сот алдына барғанда онысынан танып кететіні де белгілі... — деді Соколов.

— Ол қазаққа Игілік бай мен Ушаковтың ара тұратындары да белгілі дегенді қосыңыз... — деді Сикорский...

— Сонда да біреуді жіберіп, шақыршы сол қазағынды... Не сыры бар екен, тағы бір байқап көрейін.

— Жақсы, жақсы, Алексей Петрович...

Осындай бірнеше күннен бергі алдын-ала әзірлік, айнала құрылған торлардан кейін, жұмыскерлер түнгі кезекке кеткелі киініп жатқанда, Соколов Елизавета Быкованы шақыртып алып еді. Майлы қара күйе киімде, өңінде түк қобалжу жоқ, ешнәрсе сезінбеген қалыпта Елизавета келіп кірді:

— Здравствуйте...

— Здравствуйте, Мадмуазель Сергеева...

— Сергеева емес, Сергеевна...

— А, солай ма еді?..

— Бұл күнге дейін солай болатын...

— Отырыңыз...

Соколов бірінші қармағымен-ақ әйел жүзіне әртүрлі құбылыс ойнатып шығарам ба деп, Сергеева деген тосын қойып еді, оны Елизавета сезінбегендей болды. Түсі де түк өзгерген жоқ, қымсынбады да.

— Кешіріңіз, мен сіздің қыз күніңіздегі фамилияңыз Сергеева деп есітіп шақырып едім, — деді Соколов.

— Е, ондай кателіктер бола береді ғой...

— Қыз күніңіздегі фамилияңыз Сергеева емес қой? — деп, Соколов тағы бір кешіріп сұрады.

— Жоқ, Родионова...

— Туған жеріңіз ше, Омбы емес пе?..

— Жоқ, Екатеринбург...

— Онда сіз үшін түк қызығы жоқ әңгімені бастамау үшін, осы айтқандарыңызға дәлел боларлық қағаздарыңызды алып келе қойсаңыз қалай болар?.. — деді Соколов.— Өзі де бір он тыйынға тұратын жұмыс емес, дегенмен, қандай ұсақ істі болса да аяқтап тастау қызмет бабындағы міндетіміз ғой...— деп тоқтады Соколов, дауысына сенімді үн бере сөйлеп.

— Жақсы, әкелейін... — деп, Елизавета Быкова саспай ғана шығып кетті...

Енді Соколов қатты ойланып қалды... Түп ізі Екатеринбургтан басталып, қазіргі күнде Омбы полициясы іздестіріп жатқан Елизавета Сергеева осы, әрине... Басын байлап алып, жүзін жасыра келгенімен, көз, бет-ауыз белгілері келіп тұр. Сергеева емес, Родионова деген қағазын да әкеледі, әрине... Спасс, Нілді жақтарын аралап қайтқанша, қуырып әкеткені дұрыс болар ма, әзір үркітпей-ақ, кезінде тарпа бас салғаны дұрыс па?.. Қарағанды да сөзсіз құрылып қалған «Орал үйірмесінің»

бөлімі Ақ-бұйрат, Нілдімен қанша байланыса алғанын анықтағанша бұларға соқтықпауым керек еді, қате жасап алдым білем деп ойлады Соколов. Босқа сезіктендіріп алмасам жарар еді...

Осы ойларға шомып, істің бетін қалай бұруға бел байлай алмай отырғанда, Елизавета Быкова қайта келіп кірді. Қолында нағыз жұмыскер, я, крестьян әйелдерінің әдетінше қызыл шүберекке түйіп қойған бір буда қағаз бар. Көмір күйесі сіңген қолдары қара көрінсе де, буындары білінбейтін жіңішке саусақтарымен шүберекті жұлқылап шеше бастады. Бір түйіншекті тісімен тартып шешті. Сол тізілген тістерді жұдырықпен қойып жіберіп, сол епті қолдарды бас салғысы келді Соколовтың. Өзін өзі оңай тежеп қалуға шамасы келсе де, көзінен байқалған аз өзгерісті алдында тұрған әйел де аңдап қалған сыяқтанды.

Елизавета Быкова түйіншегін шешіп, бүктелген жерінен жыртыла бастаған толып жатқан қағаздарды Соколовтың алдына жақындатты. Қолдары өмірінде қағаз ұстап көрмегендей ебетейсіз қақтығып, біраз қағазды еденге түсіріп алды. Қішкене ғана ескі «Енжіл», ері мен екеуінің паспорттары, шіркеуде қыйылған неке куәлігі, ескі метрикалар, жыртылып алынған календарь беттері, ескірген хаттар... Бәріне де май тиген, кірленген, күйе жұққан...

— Сіз маған керек қағазды ғана беріңіз... — деді Соколов, көзімен барлық қағазды да шолып отырып.

— Керегі қайсы екенін мен қайдан білемін?... Мен хат танымаймын... — деді Елизавета Быкова.

— Жоқ, сен хат танисың! Сен Қазандағы әйелдер институтын бітіргенсің! Сен жұмыскерлер арасында тыйым салынған кітаптарды оқып жүретін адамсын!..— дер еді Соколов, бұл істі дәл бүгін тықсыра қолға алатын болса. Бірақ, қалай етерін әлі шеше алмай отырған пристав, әзірше сақтық жасағысы келіп:

— Онда, отыра тұрыңыз, азырақ... Өзім тауып алып көрейін...— деп қағаздарды ақтарыстыра бастады. Метрика мен неке куәлігі қолына неше іліксе де, оны аңдамағандай болып, басқа қағаздарды ашып қарап:

— Бұл басқа бірдеме екен, өзіңіз алыңыз... — деп, Елизаветаға ұсынды. Ол да оп-онай жабайыланып, қайтарған қағаздарын ебетейсіз ұстап, тізесінен аз-ақ жоғары алдына салып, бір қолымен басып отыр...

— Е, мына қағаздар екен ғой...— деді Соколов метрика мен пеке куәлігін енді ғана қолына алып. Мұндай әйелдің өзі әкелген қағаздарының ішінен күдікті ешнәрсе кездеспейтінін канша жақсы білсе де, тіміскіленіп үйренген көздің кәрі әдетіне әрең ие бола алғанын өзі де сезді.

— Тілесеңіз айтып беруіме де болады. Тіпті бір болмашы іс...— деді Соколов Елизавета Быковаға.

— Жоқ, айтпай-ақ қойыңыз... Оның маған керегі не? — деді Быкова, полиция адамдарының мұндайда айтар жалған жаңылтпаштары әзір жүретінін білетін адамша.

— Қысқасы, мен іздеген адам басқа екен... Родионова емес, Сергеева... Жасы да келмейді...Ол мойнында бірнеше жылдың недоемкасы кеткен, ересек әйел... Міне қағаздарыңыз... Кешірерсіз, босқа әурелеппін...— деп Соколов Быкованың қағаздарын түгел қайтарып берді.

— Енжілді еріңіз оқыйтын болар?..

— Ие, ерім оқыйды, мен тыңдап отырамын.

— Өзіңіз жұмыстасыз ғой?

— Ие, жұмыстамын, көмір сұрыптаймын.

— Жақсы... Барыңыз...

Елизавета Быкова осымен шығып кетіп еді. Полицей приставы әңгіме аяғын қанша жайып-шуғанымен сезімтал жүрегі әлдебір қауіп барынан белгі беріп, кеудесін тық-тық қағады. Полицейлер көрініп қалғанда, Үркіт қаласында көрші тұрған бір етікші үйдің қабырғасын осылай тықылдататын еді. Соколовтың Сергеева деп амандасуы, әрине, жай емес. Елизаветаның қыз күніндегі фамилиясы Сергеева екенін анықтаған адамның қойған тосыны. Мүмкін, полицияның іздеп жүргені шын-ақ Сергеева деген басқа әйел болар? Қайткен күнде де сақтануға керектігін даусыз көрді де, Елизавета әр жағдайда кешіп өткен өткелдерінде айғақ боларлық із қалдырмадым ба екен деп ойланды. Қағаздарын бас жақтарында тұратын ағаш сандыкшаға салып, аузын бекітіп шығып кетті де, шахтаға жеткенше соны ойлады...

Елизаветаның әкесі Сергей Чайкин, жас офицер, декабрист Каховскиймен достас, соның ықпалындағы адам еді. Алғашқы бір күнде Чайкин тұтқынға алынбаса да, декабристердің дарға тартылар күні кешке қарай көшеде ұсталды. Ресейдің ол шетінен бұл шетіне дейін, ұзынды-көлденең құрылған торлар оны құтқаратын да емес еді,

бірақ, сол дара күні Чайкин күйініп кетіп, өзін өзі аз ғана ертерек көзге түсіріп алды.

Аузы кеңірдектен байланған бес ақ қапшықтағы бес адамды, ілгекті арқандары жыландай салбырап тұрған дараның астына алып келгенде, қапқа салып аузын байлап дараға асқалы жатқандары орыс халқының ұзақ ауыр ғасырларда туған ең асыл, ең таза жарқыраған ойлары сияқты көрінді оған. Бұдан кейін күн қайта шықпайтындай, қараңғылық біржола орнайтындай сезінген Чайкин қатты түршігіп еді. Бұл бесеудің бірі түгіл бесеуі бірдей бір күнде қаза тапса да жаназасында төбе көрсетпейтін патша да, оның айналасындағы алтын иық, сары-ала қылыштар да сол бесеуді өз қолдарынан өлтіру үшін мыңдаған қолмен алаңға келіпті. Мерекеге шыққандай жарқырап, шағылысып тұр...

Жас офицер одан әрі ойына нелер келіп, не зеңгітіп әкетіп бара жатқанын салмақтай алған жоқ. Адал ер өзінің емес, елінің ертеңгі күні үшін күйініп кетіп:

— Мына бес ұлы азаматқа кигізілген ақырет, Россия, саған кигізілген ақырет!..— деді,— алаң толы жұртқа айғай салып. Өзі шетірек тұр екен, қатты айғайлады.

— Анау саған құрылған дара!..— деді тағы да.

Оны табан аузында бас салуға тұс-тұсынан жұлқына ұмтылған полицейлерді қаралы халық бөгеп қалды да, шұбартып толқыған топ жас офицерді жұтып жібергендей, жоқ етті. Жұрт құлағында найзағайдай жарқ етіп, суық ауаны тіліп өткен дауысы, патша айналасын маңдайдан ата айтқаны қалды. Жақсы ойдың тууы қандай қыйын болса, өлуі де оңай емес. Қыйнай туған ой ғана ұзақ жасай алады. Күйініш үстінде атылған оқтай естілген белгісіз жас офицердің екі ауыз сөзі өлген жоқ, өсіп-үлкейіп, өңделіп-көркейіп, ескі Россияның түкпірлерін түгел аралап кетті. Қыйыр шет Сібірге де Чайкиннің өзінен бұрын жетіп еді...

Сол күні кешке қарай Чайкин қолға түсті де, ұзамай ода суық Сібірге жер аударылды. Өмір бойы қайтып оралмасқа аударылды. Бірақ әлгі айтқанын ешкім абақтыға да сала алған жоқ, жер аударуына да көнбеді. Ресейді аралап, кең тарап кетті.

Жер аударылған ерлерінің артынан өз еріктерімен айдау жеріне кеткен орыстың ер әйелдерінің бірі — Елизаветаның шешесі еді. Тәні нәзік жаралса да, жаны

қайратты жас әйел жат өмірдің қорлығы мен зорлығынан қайысқан жоқ, шыдап бақты. Темір бұғауда, ауыр азап та жүрген ерінің білегі мен жүрегіне бірдей түскен жараларын жар лебімен ақырын-ақырын емдеп, ойын сергітті. Жер астында қараңғыда, суық үңгірде темір кісені шылдырлап, кен қазып жатқан еріне жылы тамақ жасап беріп тұрды. Кейін олар каторга жұмысынан босатылып, бірақ, айдаудағы халдерінде өмір бойы қалатын болған кезде Елизавета туды. Шешесінің аты да Елизавета екен. Әкесі Сергей Чайкин қызына сол ер шешесінің атын қойғызып еді.

Кішкентай Лизаның есінде қалған ең бірінші үлкен уақыйға әкесінің бұғауын тастап келген күні. Бұғау не себептен түсіп қалды, ескіріп сынып қалды ма, әкесі сындырып лақтырып тастады ма, оны жас бала білген жоқ. Тек, әкесі келіп көтеріп алғанда сылдырлап-күлдірлеп қалатын шынжырлардың жоқтығын көріп:

— Кісенді енді кимейсің?.. Бір жола тастадың ба?.. Қандай жақсы болған!..— деді. Әкесі білектеріне түскен өшпес қызыл-күрең таңбаларын жеңімен бүркей беріп:

— Біржола тастадым... Ендігәрі кимеймін,— деді, қызын құшақтап кеудесіне басып тұрып.

Осы күн Елизаветаның кеудесінде осы күнге дейін сайрап тұрады.

Елизаветаның есінде қалған екінші бір нәрсе, кітап оқысып, дауласып, керісіп қалатын көп адамдар еді. Ондайда шешесі қызын алып, шығып кететін. Кейде ұзақ өлеңдер жатқа айтылатын. Сол кезде әр жерінен ұстап қалған өлеңдерді осы күні ол түгел біледі. Ол «Азамат», «Жыр», деген Рылеев өлеңдері, «Сібірге сәлем», «Шадаевқа», «Еркіндік» дейтін Пушкин өлеңдері... Көбі басылмаған, ауыздан-ауызға, қолдан-қолға таралып жүрген өлеңдер деп айтылады. Кейін «Ақынның өліміне», «Қанжар» дейтін Лермонтов өлеңдері келіп қосылды.

Өлең оқылғанда шешесі Елизаветаны ешқайда әкетпейтін еді. Көзіне ерекше бір жарық нұры шығып, ұйып тыңдайды. Кейін ол өлеңдерді қызына да өзі үйретті. Мектеп көрмеген бала қыз, шала түсінетін көп өлеңдерді жаттап алды. Осы күні Қарағандыда да көбінесе сол өлеңдерді ерекше бір жалынмен оқыйды. Бірақ, із-таңбасын терең қалдыратын жас шағында өз әкесі оқығанда алатын әсерін, осы күні өзі оқығанда тыңдаушыға сонша терең етіп бере алмайтындай көретін еді.

Не тот отчизны верный сын,
Не тот в стране сомадержавья
Царю полезный гражданин,
Кто раб презренного тщеславия;

Но тот, кто с гордыми в борьбе,
Наград не ждет и их не просит,
И, забывая о себе,
Все в жертву Родине приносит...

Дараға асылған бесеудің бірі ақын Рылеевтің «Волынский» дейтін осы өлеңін Сергей Чайкин аяғына дейін қызу екпінмен оқып шыққанда каторжандар да қыза гүілдесіп:

— «Азамат» пен аяқта, Сергей Федорович, «Азамат» пен!.. — десетін еді.

Екпіндес, үндес өлеңдердің бірінен біріне көшу үшін ұзақ тоқталмай, Чайкин тағы оқып кетуші еді:

Нет, не способен я в объятьях сладострастья,
В постыдной праздности влачить свой век младой
И изнывать кипящею душой
Под тяжким игом самовластья!..

Елизаветаның жас шағында кездескен үлкен бір қорлау да осы күнге дейін ойында сақталып келеді. Ол қорлау оннан асқан соң кездесті...

Соңғы күндерде әлденеден жабырқау жүрген әке-шешесі бұдан бірдемені жасырып сөйлесетін сыяқты көрінді. Лиза ойнап есік алдына шығып кетсе, әке-шешесінің дауыстары дабырлап, сөздері үдіксіз шығады да, Лиза үйге қайтса, сөз ортасынан үзіліп, аяқталмай тоқталғаны аңдалады. Мұңайыс қоюлана түспесе, сергімейді. Отты әке-шешеден уытты туған жас қыз бұл дүдамалды үш күннен артық көтере алмай, сұрауға бел байлады.

— Мама, сендер неге жабыркаусыңдар?.. Не болды? Енді мен де бала емеспін!.. Мен ешнәрседен қорықпаймын... Айтыңдаршы... білгім келеді! — деді.

Әкесі мен шешесі біріне бірі сергек қарасып, аз бөгелді де, Елизаветаға жабырқау жайларын жасырмай айтты.

Сібірге айдалғандарына 20—25 жылға таянған декабристердің балаларына Петербург пен Москвадан басқа қалаларда оқуға ерік берілген екен. Олардың балаларын гимназиялар да, институттар да алатын болыпты.

Бірақ, балалар фамилияларынан айрылып, туған әкелерінің аттарымен ғана жүретін болады делінген. Оқу оқыйтын болса Елизавета Сергей қызы Чайкина — Елизавета Сергеева болып кетеді!.. Декабристердің үрім-бұтағына әдейі салғысы келген таңба ма, әлде ақымақтық па, әйтеуір, патша осылай жарлық еткен. Жалғыз қыздарын оқытқысы келетін әке-шеше осы қорлықтан жабырқау еді.

Бұл кезде қартая бастаған, көп азаптан ауруға шалдыққан әке қызын қанша оқытқысы келсе де, фамилиясынан айрылуын жәбір де, қорлық та көреді. Күнасыздық жазасының осынша созылып келе жатқаны аз болғандай ұрпағына салынғалы тұрған таңбаға шошына да, жеркене қарайды. Шеше ол қорлыққа шыдау жағында екен. Ақырында шеше ыңғайы жеңді де, Елизаветаны Қазандағы әйелдер институтына түсіруге әзірлемек болып байланды. Оның аштылы-тоқтылы болса да асырайтын пансионы бар екен.

Елизавета бес жыл әзірленіп, Қазанға енді жүргелі жатқанда әкесі қайтыс болды. Шешесі енді Сібірден біржола кетуге лұқсат алып, қызын Қазанға өзі алып келді. Жұрттың кірін жуып, асын пісіріп жүріп оқытты.

Институтты бітіргеннен кейін Елизавета қоғамдық істерге тез тартылып кетіп еді. Бұл жолға оны алғаш жетелеп әкеліп түсірген сол институтты бұрын бітірген әйелдер болса, Елизавета ұзамай Оралға ауысып, одан Қарағандыға жіберілді. Халық деп аталатын қара шаруалар арасынан жұмыскерлер арасына ауысқанына да көп болған жоқ еді. Мұнда келу үшін ол бұрынғы фамилиясын да өзгертіп, оның үстіне Андрей Быков дейтін жұмыскердің әйелі болып кетуге тура келді. Әлгінде Соколовтың алдына әкеліп көрсеткен көп қағаздар ескі іздердің жоғалғанын да дәлелдей алатын еді... Бірақ, жасынан бұлармен істес болып келе жатқан Елизавета ол іздердің ұзын шумағы полицияның қолында екенін де сезінді...

— Ал, немене екен? Неге шақыртыпты?..— десті көмір сұрыптап отырған әйелдер, Елизаветаны шахтаға түскен бетінде қоршап алып.

— Жай, әшейін... Мені басқа біреумен шатастырған екен...— деді Елизавета.— Қағаздарымды көрді де ешнәрсе сұраған да жоқ, қателескеніне кешірім сұрады да қоя берді...

— Шын ғой? — деді Катарина Неволя.

— Шын...

— Бұлардың қателескендерін мойындарына алуын бірінші рет сенен есітіп отырмын!..

— Жоқ, солай деп өзі айтты...

Манадан тықыршып осы маңайға келе беріп жүрген Андрей Быков тағы да келіп қалған екен:

— Тым тез қайтыпсын ғой, Лиза?..— деді ол. Көңілі аз тыншыққандай күрсініп те қалды.

— Менде жұмысы жоқ екен... Әлдекіммен шатастырған көрінеді... Сергеева деген біреуді іздейді екен... Ескі борыштары бар адам болса керек...— деді Елизавета Быковқа қауіп барын аңғарта сөйлеп. Көмір сұрыптап отырған әйелдер ол оспаққа түсінген жоқ.

— А... Мен өзім де солай шығар деп ойлап ем...— деді де Быков өз жөніне кетті. Алдарында не күтіп тұрғанын екеуі де түсінді...

Елизавета шығып кеткеннен кейін полицей приставы неше айнып, неше толқып, енді қайтерін біле алмай қалып еді. Асықтырып, дем беріп жіберген Сикорскийге де ішінен ұрсып қойды. Өзінің олақтығына да қабағын шытты. Сергеева деген әйелдің осында екенін астыртын ғана біліп келуге жұмсалған пристав, Сикорскийдің айдауымен бой көрсетіп алғанына өкінді. Дәл ұстар кезеңде басталатын әңгімелерге барып, сезіктендірін алғандай көрді.

Сикорскийдің үйретіндісімен нені мақұлда десең де тайынбайын деп тұрған, қараңғылық пен құлқын құлы болып кеткен төрт адам Быкова туралы қандай жамандыққа да баратындарын көрсетіп еді. Бірі атшы, бірі күзетші, бірі шанашы, бірі көмірші, бірақ, бәрі бір ұяда туып өскендей, топас та кеще, көздерімен жер сүзген, адамға да сыңар мүйізімен сүзіп алардай қарайтын жандар екен. Егер сұрау арқылы жетелей берсең, алдарында бүлінер бар, былғанар бар деп ойланатын да адамдар емес.

— Елизавета Быкова деген әйелді қашаннан бері білесің? — деген Соколовтың сұрауына, төртеудің бірі:

— Ваше благородие, туған күнінен бастап білу керек болса да, мына Метрофан екеуміз әзірміз білуге,— деді. Соколов бұл жауапты есіне сақтады да жазған жоқ.

— Ал, Быкова туралы не білесіңдер? — деп сұрады Соколов.

— Не тілесеңіз соны білуге болады,— деді Метрофан. Соколов бұл жауапты да жазған жоқ.

— Патшаға қарсы сөйлегендерін естідіңдер ме?

— Күнде естиміз... Байы да қарсы қатыны да қарсы.

— Қандай қарсылық сөздер айтады?

— Нені айтқысы келсе соны айтады... Тайсалмайды. Мың рет естідік...

— Кімге айтады ол сөздерін?

— Осы екеумізге айтады...

— Сендерге не үшін айтады? Себеп не?

— Енді, әйтеуір, бізді де азғырғысы келет те...

— Оның соңғы бес жылдың ішінде қайда болғанын білемісіндер?

— Болады білуге... Епте... жөнін сілтеп жіберуші болса, болады ғой...

— Быковтардың ерлі-байлы емес екендіктеріне көздерің жетті ме?

— Жетті... Ол даусыз солай.

— Қалай жетті?

— Екеуі екі тонның астында бөлек жатады. Ерлі-байлы адамдар өйтпейді ғой!.. Жоқ, өйтпейді!..

— Жыйналыс жасағандарын білесіңдер ме? Қайда жасады?

— Білеміз... Көбінесе осындағы бір қазақ үйіне жыйналады. Кейде жабық шахтаның қараңғы қалтарысында да жыйналысып тұрады.

Соколов бұл екеуін сабақтарын қалай пысықтағандықтарын білуге шақыртып алып еді. Білетіндері болымсыз да мардымсыз болғанымен әрнеге әзір тұрғандарын ұнатып қалды. Бірақ сабақтың өзі нашар берілген екен. Алдымен Сикорскийдің өзіне біразырақ үйретуге керек болар деп ойлады да, екеуін де қайтарып жіберді. Келер жолы бұлардың білетіндері молырақ та, дәлелдірек те болар деп сенді.

Жауап алған адамдарының ішінен ерекше мәні бар сөз айта алғандар Акула мен Зубов еді. Ол екеуі көп нәрселерді қадағалап бақылай жүреді екен. Орыс жұмыскерлері келгелі қазақ жұмыскерлерінің де оңай ұқалауға келмей қойғанынан бастап, жұдырық жұмсаудан біржола қалғандарына дейін үлкен жәбір көріп айтты. Байжан үйінде болған жыйналыстарды көрген де осылар екен. Бірақ Быковтардың бұрын қайда болғандарын бұл екеуі де біле алмады. Андрей Быков Рязановтың кеніне

түскелі жыл жарымдай ғана болған да, мынау әйелге үйленгенін осылай қарай шығардың аз-ақ алдында жариялаған. Әйел оған дейін Рязанов өндірістерінде болмаған, әлдекайдан пайда болған қала әйелі сияқты, еді, десті...

Соколов енді Байжанмен қалай сөйлесерін ойланып қалды. Байжанды шақырып келген атшы Ефим:

— Келді... Көп жанжалдасты... Далада тұр,— деп, мана бір айтып кеткен.

Соколов есікті ашып дымқос қараңғы түнге маңдайы тіреле қалғандай әрі ұзап шықпай-ақ:

— Ефим!.. Киргизді бері жібер! — деді. Аласа, тар есікке басымен де, оңды-солды бөксесімен де соғылып Байжан кірді.

Әдейі келген ісін өзі бұлдіріп алғанын сезініп, көңілсіз отырған Соколов Байжанға тіпті кіді сөйлесті. Атжөнін сұрап алғаннан кейін, өтірік айтсаң сотқа тартыласын деп қол қойғызып алды. Сол болмашының өзін де зекіп орындатты. Осы маңайда бір былық басталғанын сырттан құлақтанып жатқан Байжан да ығысқан жоқ. Байжан есік алдында Ефиммен сөйлесіп тұрғанда атының мойнын қасыған болып барлық саусақтарын жалдың астына жыйналатын майлы қалың күске батастырып алып еді. Әсіресе, бас бармағының табанын, қағаз бетіне бедері түспестей етіп, майлап алған. Соколов бармағынды бас дегенде, ел арасына Тұрсынбайдан тараған бір өнерге ішінен жымыйып келіп, Байжан іркілмей де бөгелмей бармағын басты. Ақ тақырдың шетінде түйе тайып кеткендей, ақ қағаздың беті де айғызданып қалды.

— Неменеге қол қойғанына түсіндің ғой? — деп сұрады Соколов.

— Жоқ, түсінгем жоқ...

— Ендеше, неге қол қоясын?

— Төре қолынды қой деді, қойдым... Керек болса, тағы басып берем...— деді Байжан, аңқаусып.

— Басың кетіп жүрсе қайтесін?

— Бас қазынанікі емес пе?.. Қашан кесем, қайда қоям десең де еркің білсін, төрем...

Байжанның ығыспай да ықтамай қойғанына Соколов енді ашулана бастады. Басын атша шұлғып, мағнасыз ыржыйып, төре ыңғайына қарай ықтай беретін құлшылық мінез көрсетуі керек еді. Оны істегісі келмеген Байжан бір қайсарлыққа бел байлаған сияқты.

— Сен, қой қылжақты!.. Қымбатқа түсіп жүрер! — деді Соколов, барынша қатал үнмен.— Өтірік айтпаймын деп қол қойдың, сен. Қәне, шыныңды айт, үйіңде неше рет жыйналыс болды? Шыныңды айт!..

— Жыйналыс деген немене? Съезд бе?.. Ондайды болыстан сұрамайтын ба еді? — деді Байжан, онысынан да ығыса қоймай.

Қазақ даласында болыс-билердің съезінен басқа бас қосу дегенді есітіп, біліп көрмеген Байжанның жыйналыс дегенге түсіне алмай қалғаны шыны да еді. Онысына қалтарысы мен жалтарысы да қосылып отыр...

— Сен түсініп отырсын! — деді Соколов.— Түсініп отырсын! Сенің үйіңде орыс жұмыскерлері неше рет жыйналыс жасады?

— Е, орыс жұмыскерлері дейсін бе?.. Қазақ ондайды санамайды. Үйіне қыс бойы қанша қонақ келіп, кеткенін есептеп отыру ұят болады. Ол, және қай бір қонақ? Келеді, көп болса — шай ішеді, ауыз үйде шылым тартады, жылынады... Отырады, кетеді...

— Олар не сөйлесетін еді?..— деді Соколов, Байжанның жауабын «орыс жұмыскерлері үйіне көп жыйналатын еді» деп жазып болғаннан кейін.

— Орыс пен орыс өзара сөйлесіп отырғанда оны қазақ қалай түсінеді? Қазақ пен қазақ сөйлесіп кеткенде орыс та түсінбейді емес пе? — деді Байжан.— Көбінесе, өлең айтысып отыратын...

— Қандай өлеңдер?..

— Жақсы өлеңдер...

— Жақсы екенін қайдан білдің?

— Әні жақсы. Кейде күн бұлттанып, боран болардай... дауыл көтеріліп, теңіз шайқалғандай болады. Кейде жасыл жайқалған жаз, жас баланың күлгеніндей, құшақтап, аймалап, еркелеп...— деп, ойын жеткізе алмай тоқтады Байжан. Дауыл, боран, теңіз дегендерді қабағын түйіп, дауысын гүжілдетіп, бар денесіне оқыс қыймылдар беріп көрсетіп еді, жаз, жас бала, аймалап, еркелеп деген ұғыныстарды, өзін сыйпап, жылмыйып көрсетті. Боран, бала деген сыяқты есімдіктер болмаса, етістік жағы түгелге жақын қыймылмен көрсетілін еді. Өлең мен ән дегенде төрелерге жақпайтын күнә болады деп білмейтін Байжан, бұл жерде біраз артық кетіп қалғанын байқаған жоқ.

— «Жанжалға шақыратын өлеңдер айтады екен» деп жазды Соколов.

— Кітап оқыйтын ба еді?

— Оқыйтын...

— Қандай кітаптар?..

— Қағазға жазылған кітаптар...

— Басылған кітаптар ма, қол жазба ма?

— Мөрін көргенім жоқ,— деді Байжан, орысша басылған деген мен мөр деген сөзді шатас ұғынып.

— Қол жазба кітаптарды оқыйды екен...—деп жазды Соколов.

Ән салу, өлең айту, кітап оқу сияқты нәрселер қазақ арасында сирек кездесетін, ардақталатын қасиеттер болғандықтан, Соколов та солай көретін шығар деп, Байжан үйіне келіп жүретін жұмыскерлерді мақтау үшін бұл жақтарынан тартынбап еді. Бұл қазақтан оны күтпеген Соколов ара-тұра таңданып қойып отырып, көп нәрселерді жазып алды. Ұзақ жазып, саусақтары талып, арқасы ұйығандай болған соң, Соколов жазуды тоқтатып керіле беріп:

— Молодец... Көпті көріпсін... Ақылды адам екенсін! — деп Байжанды иыққа қаққанда ғана Байжекең «Ойбой, оттап қойған екенмін ғой!» деді ішінен.

— Ойбай-ау, біз кітаптан не түсінеміз?.. Хат танымаймыз, орысша білмейміз... Не оқыйтындарын білмейді деп жазыңыз...— деп Байжан қайта толқуға бет алып еді, Соколов оған:

— Бармағыңды бас! — деді, жазғандарын алдына қарай жақындатып. Балауыз жағып алғандай май табан бас бармақ қағаз бетіне тағы да баттыйды...

Байжан бұл түні ұйқтай алмай шықты. Аз тыныштап жатады да екінші жағына аунап түсіп:

— Әй, оттаған Байжан! — дейді өзіне өзі.— Әшейінде қандай ақылдысың, төре алдына барғанда абдырайсын да қаласың!.. Сол төреге жақсы көрініп қалу да отырды бір бүйрінде. Жұмыскер бишараларды жамандағың келмесе де төре алдында қайқаң қағып нең бар еді!.. Боран боп ұлып, бала боп еркелеп, аяғында ит боп үргеніңді байқамай қалдың... Дарақысын!..

Бұл кездің қазағы көлденең көз көріп қалмаған қылықтан қысылмаса керек еді. Байжан олай емес, өзіне өзі қатты наразы болып, таң атқанша күйініп шықты. Қыястанып, қыңыр сөйлескелі барып еді, төре алдын

көрді де екі ауыз сөзге келмей қайқандай бастады. Әсіресе, ол осынысына қынжылып жатыр. Қайсарып отырып қалай қайқаң қағып қалғанын ұғына алмай ызаланды. Қыс бойы араласып, достасып кеткен орыс адамдарына опасыздық істеді ме, өз басы үшін қанша ұят болды, оның мөлшерін Байжан әзір шамалай алған жоқ. Бірақ, ойлаған сайын күдігі өсіп, бунай бастады. Жүрегінің бір бұрышына шоқ түсіп кеткендей аунақшыды. «Молодец!» деп приставтың алақанымен қағып-қағып қалған жері әлсін-әлсін дуылдап кететін сияқтанды. Бірдемені оттап қоймасам, ол мені арқаға қағатын ба еді деп күйінеді.

Бұл қызым десе, ол папа деп кеткен Елизавета көз алдына келгенде Байжан тұлабойы түгел өртеніп бара жатқандай, жамылып жатқан көрпесін аяғымен серпіп жіберді.

— Апақтың әкесі-ау, неге аунақшый бердің?.. Төресі құрғыр бірдеме деді ме?..— деген әйеліне, Байжан ұрыса жауап берді:

— Байжан Омбы төрелерінің алдын да көрген! Байжанға не келуші еді! — деді. Өз үйіне келе жатқан бәле-жаланың иісі байқалмаған соң әйелі сонымен тыншығып та қалды. Жерге түсіп кеткен көрпені үстеріне қарай тартты...

Түннің қалғанын осымен өткізген Байжан Бұланбай мен Алшағырдың шахтадан шығуларын асыға күтіп еді. Қазақ көзі бұл кезде қардың қаншасы қалғаны мен жердің қанша қарайғанын күнде түгендеп тұрушы еді, Байжан оны да істеген жоқ. Екі көзі жабық шахтаның аузында болды. Желсіз шуақ күн қазақтың қалғып кеткенше қажымай қарайтын бір құмары. Байжан бүгін мұны да сезген жоқ. Ойында өткен түнгі күнәсін жуа алатындай бір жақсылық іздену барын аңғарды. Қандай жақсылық екенін анықтай алмай, өзін өзі тыңдай қалғандай, тына қалды.

Ақырын басып, таяққа сүйеніп, албарға қарай келе жатқан Сүгірәліні көрді. Кешеден бері тоя тамақтанып, демалып қалған Сүгірәлінің аз ғана өңі кірейін деген екен.

— Шөптің ық жағына, күннің көзіне отыр,— деді Байжан, онсыз да солай қарай келе жатқан Сүгірәліге жылы сөз айтқысы келіп.— Апақ-ай Сүгірәліге менің ішігімді әкеліп берші, жамылып отырсын...

Ойына келген жақсылық енді айқындала да бастады... Киіз үйге шығып, жер үйді осыларға бір жола босатып беру керек!.. Бұланбай мен Алшағыр, Сүгірәлі — үшеуі тұрсын. Қысылмай жыйналыстарын жасасын... Өлеңдерін айтсын, кітаптарын оқысын... Соколовтың күнә көретіні осылар болса, Байжан соның есесін қарама-қарсы қайырғысы келді. Ауыз үй орыстардікі болсын...

Ойына келгенін асығыс орындайтын әдеті бойынша Байжекең айғайға басып жүріп, киіз үйді түске жақын тіктіре де бастап еді.

— Іргесін белдеулеп көм... Жел жақ сыртына соғымның терілерін ұста! Шөпті көпіртіп тұрып төсе!.. Қарағанды жақ, өкіртіп тұрып! — деп, Байжан үй тігіп жатқан әйелдер мен Апаққа кейін берілер бұйрықтарын да беріп жүр...

Түске тармаса түнгі кезектің адамдары шахтадан шыға бастағанда Байжекең дедектеп солай қарай кетті. Барактарына қарай кетіп бара жатқан Бұланбай мен Алшағырға жол бұлғап, тоқтатып алды да:

— Көресіңдер ме, әне, киіз үйге көшіп шықтым... Қысқы үйді бердім сендерге, сендер тұрыңдар. Ондай-мұндайларына көлденең көз болмайын деп, шығып кеттім... Ауыз үй орыстардікі, не қыламыз десе де еріктері. Дұрыс шығар осым? — деді Байжан.

— Е, оның адамшылық,— деді Бұланбай.— Бала-шағаның алғысынан қайтсын жақсылығың.

— Ал, ендеше, көшіп келіңдер қазір. Байжанның мінезін білесіңдер ғой, онсыз дамыл таба алмайды.

Бұланбай аз ойланып қалды да:

— Алшағыр көшсін сіздің үйге... Мен көшпей-ақ қояйын. Менің орнымға Сүгірәлі тұрсын,— деді.

— Е, мен оны қуады деп пе ең?

— Жоқ-е, Байжеке, мен мына жігіттердің ішінде болғаным жөн... Солай болсын. Сен де өкпелеме, мен де өкпелемейін.

Осы кезде қоңыраулы үш ат жеккен Соколов жөнеле беріп еді, жеңіл тарантасқа жегілген үш семіз торы ат жолдың шалшығы мен балшығын жан-жаққа шашырата шашып Ақмола жолына түсті.

— Е, мынау қайтып бара ма? — деді Бұланбай.

— Жоқ... Ат-арба Игіліктікі екенін танымай тұрмысың?.. Ордабай болысқа кетіп барады... Мұның айналағы әлі көп пе деп қалдым,— деді Байжан.

— Ие, сені де шақыртты деп еді ғой? Не жұмысы бар екен?..

— Байжанды үйіне сыйғызбай жүрген де сол, ақылдасайын деп едім... Мен айттыға сүйеп, бәле болатын бірдемелерді жазып алды ма деймін... Қайтерімді біле алмай қалдым...— деді Байжан.

— Немене, жауап алды ма?

Байжан Соколовтың алған жауабын түгел баяндап келіп:

— Енді екі түрлі ой келіп тұр... Бармағымды балауыздап басып ем... Ешкімге жауап бергемін жоқ деп, танып кетсем қайтер еді?.. Болмаса, тілмашсыз дәнеңесіз жауап алды, не жазып әкеткенін өзі біледі, маған таныстырған да жоқ, түсіндірген де жоқ деп ояздың өзіне арыз берсем деймін... Әйтеуір, көк аттың бір арам тері бар ма деймін...— деді Байжан.

— Немене, күдікті бірдемелер сұрап па еді? Әлде өзің бірдемені былықтырып алдың ба?..

— Екеуі де бар ма, деймін...

— Солай ма?.. Ендеше, үйіңе бара бер... Кешке Андрей мен Елизаветаны алып бір соғармын... Ақылдасармыз...— деді Бұланбай...

Осымен әрқайсысы өз жөніне кетті...

3

Ауыр қыстың арқаға батқан ызғары әлі естерінен кете қоймаған Орал жұмыскерлеріне бұл жақта да дәл бүгінгідей балбыраған шуақ күн болар деген ой келмейтін де еді. Толқынданған жасыл дала қызылды-сарылы, көктілі-күренді гүлдерден моншақ тағынғандай жайдары да бейілді, ерке керіледі. Ашық зеңгір аспан биіктеп кеткен. Жайын қырандар бикке шырқап алып, қанаттарын қақпай жүзіп жүр. Көкжиекте мұхит толқыны сыяқтанып, қопарыла құлпырған бұйра сағым ойнайды. Әлсіздің үмітіндей алыстан дәмелендіріп, ұмтылсаң жеткізбей ойнайды. Ақырын ескен самалда бөтен бір иіс жоқ. Мақта ұлпасындай шаңқан ақ бұлттар шексіз көк аспан теңізінде жеңіл ғана жылжып барады. Жасыл дүниені құшақтай құлағысы келетіндей, боз торғайлар қанатын керіп, жерге қызыға қарап, дірілдетіп ән салады. Күнге шағылысқан қанаттары қандай жарқыраса,

әні де сондай жарқын, үзілмейтін бір ұзақ жыр жер бетіне түгел төгіліп тұрғандай. Дала толы ән де үн... Бусанған жердің көзіне көрінбейтін мың түрлі жан иелері түгел оянып, үн қосып өмірге талпынатын сыяқты. Жер бетінде тұтаса шыққан бір шың-шың бар. Тал жібектей балбыраған әрбір көк шөп ән салып тұрғандай. Қішкене өзеннің өнбойын өрлей біткен күрке-күрке көрінген құба талдар да, түп-түп тобылғы мен қарағаны да дүниеге осы көк жамылған күйінде бүгін ғана пайда болғандай қызықтырады. Дүние бір ұйқысы қанып оянған жас баладай балғын да ерке, құшақтауынды, иіскеуіңді күтеді.

Майқұдық суының бойында әр жерге топталысқан, от жаққан, сырнай тартқан, өлең айтқан адамдар көрінеді. Көбі жұмыс көлігі сыяқты бірөңкей көрінген еркектер. Қызғалдақ терген төрт-бес әйел оңашарақ, қыранда жүр. Қызыл, я, көк орамал байланған, нәлдеткен ақ жаулық салынған әйелдер мына қара-қошқыл топтың бірден бір ажары да, көз тартары да сыяқты еді, олар бөлініп кеткен соң еркектер тобы қоңырқайланып қалды. Әдемі үйлескен ашық бояу сыяқты әйел дауыстарынан айрылған соң әндері де қоңырланып кетті. Бірақ, жалпы көңілді жұрт оны тез ескерген жоқ. Бірінен бірі туып жатқандай өзінен өзі оңай жалғасып кетіп жатқан ән мен өлең үзілмеді.

Бүгін бұлардың салған әндері де көңілді еді. Қыс бойы баракта рында естілетін әндерде мұңды бір сағыныш сазы болатын-ды. Кең даланы, таза самалды, орманды, егінді, суды сағынатын жұрт ылғый бір мұңды әндер салатын. Мұң ұялап қамыққан көңілді, сол мұңды айтып ақтаратын, төгіп тазартатын мұңды әндер ғана босата алады. Көңіл кірі, айтсаң ғана кетеді. Жабырқау көңіл қуаныш күйіне ашпайды есігін. Бүгін сол кең дала мен еркін ескен самалға шыққан күні көңілді әндер өзінен өзі келіп орала берді. Кейде орыс әндері мен қазақ әндері араласа шығады. Қазақ әнін салатын Күнзила мен Жұбай. Орыс әйелдері гүл теріп жүрсе, ол екеуі оңашаланып алып, бір шырқау ән салып отыр.

— Шіркін, мынау көк майса қырқаларда шұбартып жайылып жылқың жатар ма еді! — деп қояды осы топта жүрген Байжекең... Өзен жағасында жүрген өзінің бес-алты жылқысы мынау кең жерге, тым олқы көрінеді.

Үлкен жолмен ұзақ шұбалған түйе керуені өтіп барады. Алды арғы қабаққа асылып бара жатса, арты әлі ұзын, кейін жатқандай сезіледі. Бұл оннан, жыйырмадан тізілген қоңыраулы керуен Игілік кіресі. Маса-сона қабындап кетпей тұрып Қызылжарға тағы бірер қатынасып қалғалы жөнелтілген. Тағы да мыңдаған пұт мыс әкетіп барады. Шудасы шұбалған, көз қызылы әлі басылмаған, ызғармен түнерген жалбыр буралар бақырып-бақырып қояды. Қоңырау үні үзілмей жалғасып, шұбалып күңгірлейді. Қоңыраулатқан түйелі кіре, бұ да даланың жаңа бір көз тартары сияқты. Мыс тасып, көмір тасып, байлығына байлық қосып жатқан кіре иесі бұл жолы қоңырауын үлпті көбейтіпті. Үлкенді-кішілі жез қоңыраулар әртүрлі әнге басып барады. Байлық даңқын қоңырау үнімен де жайғысы келетін адамның мінезі байқалады.

Өзен бойындағы адамдар әндерін үзіп түйелі керуенге ұзақ қарап қалды. Сырнай да тоқталды. Көп нәрселерді еске салатын қоңырау үнімен оңай үзілісе алмай, әсіресе орыс жұмыскерлері ұзақ қарады. Түйе керуені бұлардың қыс бойғы азабын ақшаға айналдырғалы кетіп бара жатыр еді.

— Игілік кіресі! — деді Байжан. Қызыға да, мақтай да айтты. Өзі қазір өзен жағасында, жұмыскерлердің арасында тұрса да ойы сол кіреге еріп бара жатқандай еді.

Бұланбай жымыйып Алшағыр мен Сүгірәліге иегімен Байжанды нұсқады да, үзіліп кеткен домбырасын қайта тартып кетті. Бірақ, домбыра ызыңы қоңырау үнін басып та кете алмады, жұрттың көңілін де оңай аудара алмады. Ол әлі күні тумаған бәсеке еді...

Жұрттың көбі өзен жағасында. Балақтарын түрініп, білектерін сыбанып алып, әлсін-әлсін жуынады. Қыс бойы күстеніп кеткен кірдің жуа берсең кететініне таңданатындай, қолдарына, тізелеріне ұзақ қарап тұрады...

— Қәне, Байжеке, ішіп жібер... Құдай куә, сен кешеден бері ішкің келіп жүр!..— деп Шило қарт Байжанға стакан толы мөлдіреген арақ ұсынды.

— Өй, мен ішпеймін! — деп, Байжан ыршып шегінді.

— Іш, іш... Ішкің келіп жүр, білем... Жұмаққа барсаң да, тамұққа барсаң да бізбен бірге боласың,— деп Шило қарт қысталайды.

Ақ-бұйрат больницасынан кеше ғана келген, әлі көмірге түспеген Шило қарт аппақ... Бет-аузындағы бар-

лық тамырлары көгеріп, жүзіне түгел көгілдір рең беріпті.

— Қәне, іш!..

Тосылған арақтан безіне шегінгенмен... Байжекеңнің сол арақты ішкісі келіп жүргені де рас. Құмартып жүр тіпті. Екі жабық шахтаның біреуі біткеніне арнап Ушаков кеше кешке той жасап еді. Сексен шамалы орыс жұмыскерлері түгел ағақ ішті де, қазақ жігіттері ішкен жоқ, ет пен шайға салмақ салды. Бүгінгі берілген жаппай демалыс та сол біткен шахтаның қуанышынан туған мырзалық-ты. Қызып алған Ушаков жұмыскерлерімен стакан қағысып, өлең айтысып, сүйісуге дейін барып жүрді де, дәл қайтарында:

— Рақмет сіздерге! Қыйын-ақ жағдайда шахтаны бітіріп бердіңдер. Ертең жаппай демалыс берем. Далаға шығыңдар, бой көтеріңдер. Арғы күні алла деп шахтаға түсеміз. Ал, екінші шахтаның тойында тағы да осылай кездесейік...— деді де жүріп кетті. Жұмыскерлер құрметпен қоштасып қалды.

Сол тойға үйішімен түгел шақырылған Байжекең арақтың қазақ білмеген бір қасиеттерін көптен сезініп, құмартып жүрген адамша ішкендерге жұтына қарап:

— Тамақты қызыл бұрыштай күйдіріп кетеді-ау, деймін!.. Сайтаның адамды көңілдендіріп жіберетін бірдемесі бар... Әне, көремісіңдер, ішкен қандай, ішпеген қандай? — деп елеңдей беріп еді. Қысталауы келіссе, кеше-ақ ішіп салатын көңілі бар да. Байжекең қазір де безіне шегінгенмен, көзі ұсынған арақта, қызыққанның сөзін айтып тұр:

— Қәпірдің мөп-мөлдірін қарашы! Әйтеуір, бір тазадан жасалады ғой деймін...— деп қояды.

Байжанның құлап тұрған құлықынын танып, Шило қарт дәл ойдағы жерден қолқалап жіберді:

— Менімен бірге ішпесең, сенің үйіңе келіп мен де шай ішпеймін. Келмесін демесең, іш! — деді.

— О, қайтер дейсін, іш, бәріміз де ішеміз әлі,— деп Бұланбай да қостады.

— Қап, мына шал мені жеңді-ау, ақыр!.. Орыстікі дегеннен опық жеген жерім жоқ!.. Ал, Байжан кетті... Пісмілда!..— деп, Байжекең арақты сылқ-сылқ жұтты. Су сияқты анау сұйық емес, қатқылдау да кебірлеу екен... Ауызға салқындау тисе де, ішіне ыстық

қорғасындай салмақты тиді. Тамақты қырып, өңешті сыпыра кететін, алабұғаның құйрығындай, тырнақтылау құйрығы бар сыяқтанады...

Гүл терген әйелдер өзен жағасына қарай оралып келеді. Жан-жаққа бытырап кеткен жұмыскерлер де қайтып келе жатыр. Манадан әр топты бей-жай аралап, қалжың айтып жүрген Быков сырнайшының қасына келіп, жұрттың жыйналуын күтіп тұрған сыяқты.

— Ал, қоңыраулы керуен сырнай мен домбыраны бөліп кетіп еді ғой, қайта ойналсын... Көңіл көтерейік, өлең айтайық... Билейік...— деді Быков, жыйнала бастаған жұмыскерлерге.

Әуелі сырнай ырғалаңдап кетті... Далада жалғыз жас ақ қайың өсетін еді. Қысқы суық желдерден айнала бұғып, жанын сақтап қалған жас қайың қазір мейірімді күннің көзінде жапырақ төгіп, сыланып тұр... Күнді жырлайық, ұлы күнді мадақтайық. Күн барлық жанға бірдей ортақ екенін жырлайық... Сырнай осыны айтып еді. Жуанды, жіңішкелі көп дауыстар өзен бойын күңіренте қосылды.

Еркектері бірыңғай, әйелдері бірыңғай қосылып, қазақ жігіттері де өлең айтты. Қазақтың әйелі мен еркегі қосылып өлең айта алмайтынына Елизавета Быкова қатты таңданып қалды. Оны ұғынып тұрғаны да осы арада еді.

— Неге? Неге қосылуға болмайды? Түсіндіріңізші...— деп ол Алшағырға қадалды.— Сіз өзіңіз де өленді жақсы айтасыз, әйеліңіз де солай екен. Қосылып айтуға неге болмайды? — деді.

— Қазақта ер ;ек пен әйел қосылып ән салу жоқ... Бір жіңішке, бір қоңыр дауыс қосылмайды бізде../— дегенді Алшағыр бұралап әрең түсіндірді. Еркек пен әйелдің екі сатыда тұратын халінен болар деп түйді Елизавета. Онысы дұрыс та еді.

Бір кезде көп дауыстар қосарланып:

— Енді Елизавета Сергеевна айтсын... Естімегелі екі жеті болып кетті.

— Андрей Быков оқысын,— десті.

Елизавета мен Андрей өз айтатындарын қашан да осындай бір ән салынған, қандай себеппен болса да бас құралған жерлерде еппен қыстырып жіберуші еді. Бүгін жұмыскерлерді далаға алып шығып, өлең айтқызып көңілдерін көтеруге жетектеген де сол екеуі. Бір уа-

қытта өлең оқы, кітап оқы деп жұмыскерлердің жармасатындарын да жақсы білетін. Екеуі де әзір, ойланып келген. Бүгінгі күннің бар мағнасы да осы екеуінің оқыйтындарында еді.

— Бүгін бірінші көріп отырған жаздың жақсы күнін мен орыстың ұлы ақыны Пушкинге арнағым келеді,— деді Елезавета. Содан кейін өзінше кезектестіріп алған түрде Пушкин өлеңдерін оқып кетті. Ең алдымен «Сібірге» деген өленді оқыды. Хат танымайтын қара жұмыскерлер өзара да сығылыса түсіп, ентелесіп Елизаветаға да жақындап қалыпты. Өлең сырын түгел ұқпаса да дана сөздердің бір түйірін түсіріп алар деп ойлауға да болар емес. Құлақпен де, ауыздарымен де тындап, түсіп бара жатқан сөз болса қағып алуға колдары да әзір отырғандай. Көп түсінсін деп, бұлтарыссыз, бұлтақсыз жазылған сөз ой мен жүрекке өзі де оңай сіңіп жатқаны байқалады.

Во глубине Сибирских руд
Храните гордое терпенье,
Не пропадет ваш скорбный труд
И дум высокое стремленье...
Оковы тяжкие падут,
Темницы рухнут — и свобода
Вас примет радостно у входа.
И братья меч вам отдадут.

Бостандық дегенде Елизавета осы кең даланы құлашын сермеп көрсетіп еді, бұғауларың алынар, қапастарың қыйратылар дегенде жерді тебініп те қалды. Әуелі жай бастап еді, бара-бара өзі де қызып кеткен сыяқты. Сібірдің қараңғы да тар кен үңгірінде деген сөздер жұмыскерлердің өз жайларын естеріне салса, темір бұғаулар бұзылады, қапас қыйрайды деген сөздер жалпы Ресей халқының арманы емес пе, оңай түсініліп ой мен жүрекке өзі барып құйылып жатыр.

Осы араға Сібір каторгасында жүрген ақын Одоевскийдің жауабы да кіріп кетті. Ол Пушкинге: ізгі шектердің жалынды ызыңы жетті құлағымызға, қолымыз қылышқа ұмтылып еді, амал қайсы, кісен ілекті... Бірақ жаның тыныш болсын, бостандық отын қайта тұтандырамыз, кісеннен қылыш соғып алып, патшаларға күндей күркіреп шабуыл жасармыз... Халықтар қуанып, демін бір алар,— деп жазыпты.

Струн вещих пламенные звуки
До слуха нашего дошли,
К мечам рванулись наши руки,
Но лишь оковы обрели...
Мечи скуем мы из цепей
И вновь зажжем огонь свободы:
И с нею грянем на царей, —
И радостно вздохнут народы.

Енді бір кезде патшаларға лагнат оқып, кәр шашқан өлеңдер кетті.

Самовластительный злодей!
Тебя, твой трон я ненавижу,
Твою погибель, смерть детей
С жестокой радостию вижу.
Читают на твоем челе
Печать проклятия народы,
Ты ужас мира, стыд природы,
Упрек ты богу на земле.

— Міне сөз!..

— Сілейткен екен!..— десті Шило карттың айналасындағы адамдар.

— Осыдан кейін де өлмеді ме екен?

— Е, оған бұл сөздер жетті деймісің!

— Жоқ, өлді... Одан бері біреуі емес, үшеуі өлді патшалардың... Құдай қазасынан өлген біреуі де жоқ,— деп, Шило карт өз білгенін жұртқа түсіндіріп жатыр.

— Көзіміз бар, көрмейді, құлақ естиді, түсінбейді... Осы жерде отырғанымыз болмаса, бес белдің астында жатқан қазақ та бірдей, көзіміз жаутаңдап отырған біздe бірдей,— деп, Бұланбай ішінен налып отыр. Күрсініп те қалды. Айнала қараса, қазақ жігіттерінің бәрі де түк түсінбеген, бейжай халде екен. Жалғыз-ақ Байжан, Алшағыр, Байшегір жүздерінен кейіс іздері анғарылады. Қырғаннан кейін қайта тебеңдеп келе жатқан сары шаштарының арасынан тер жылт-жылт етіп Қолбаң біржола қалғып кетіпті. Түс көре бастаған сияқты, аратұра шытынып қалып, тамсанып қояды.

Елизавета ең түпке сақтаған өлеңіне көшті. Әуелі ауыр халді айтып, одан кейін әркімнің ойындағы қарғысы мен кәрін айтып, алыс-жұлысқа шақырып, енді сол айқастың аяғы немен тынарын атақты дана ақынның сөзі мен байламақшы еді. Аса бір жалынды жүректің тасқынынан туған сол өлеңге көшті.

Товарищ, верь: взойдет она,
Звезда пленительного счастья,
Россия вспрянет ото сна,
И на обломках самовластья
Напишут наши имена!

— Жолдас, сен күдіктенбе! Тап осылай болады деді ғой!

— Я, күдіктенбе дейді.

— Жолдас депті, ә?..

— Пушкиннен артық жолдас болады деймісің!

Сонау алыс заманда ұлы ақынның ғана аузы айта алар Жолдас деген ұлы сөз бұл тыңдаушыларға ерекше бір достық, туысқандық сөзіндей еді. Надандық қағы қанша қалың болса да жалғыз осы сөзден көпті аңғарып, қартаң жұмыскерлер солқылдап жіберді. Катерина Неволя бастады да, басқалары оған тоқтау айтам деп өздері де қосылып кетті. Әлдекімдер құшақтасып сүйісіп те жатыр...

Елизаветаның көздері үлкен махаббаттың отын шашады. Тыңдаушылардың бәрін бір-бір құшақтап:

— Қалай? Бостандық бақытын сезіндің бе? Ойыңа біржола құйылды ма? — деп сұрағысы келетін сыяқты. Өз жүзінен бақыт ұшқындап тұрғандай. Қара шашты, қара көзді әйел де бұдан сұлу, бұдан нұрлы адам болмайтындай көрінеді жолдастарына.

Осындай бақытты бір сәттің мән-мәнісіне түсіне алмағандықтан ортақтаса да алмай отырған қазақ жұмыскерлерінде аландау, өз мұндарын жеке-жеке ойлап кету де бар еді. Шахта жақтан шабуылдап шыққан пар ат жегілген арбаны да солар бұрын көрді. Артында делегейленіп шапқан екі салт атты да көрінді. Қоңырау безектеп, алыстан-ақ айбар шегіп келеді екен.

— Мынау жай емес...

— Сақтанындар...— десіп қалды жұмыскерлер.

Елизавета мен Андрей Быковтың қолтықтарындағы енді оқылуға арналған қағаздары мен кітаптары қолдан қолға өтіп, аягында иығы мен омырауын түгел жауып кеткен мол жаулық киген Күнзиланың қойнына кіріп тоқтады. Сырғай қабырғасы ырсыйып қайта ырғалаңдап, бытырай отыра кеткен жұмыскерлер ең бір ойнақы әнге қосылып кетті. Орыс әнін о жер, бұ жерінен домбыра пернесіне іліп қалып Бұланбай отыр.

Арбадағы таныс урядник Боткин болып шықты да,

салттағылардың бірі кеудесінде алақандай жезі жарқыраған Ордабай болыстың почтавайы, біреуі Мұсақай екен.

— Быкова кім? Быков қайсың? — деді Боткин, семіз денесімен арбадан төңкеріліп түсіп болған соң. Бір қолымен ұзын қылышын бүйіріне қарай ысырып қойды.

— Быкова мен,— деді Елизавета ақ мандайына қарай түсе берген бір тұлым қара шашын басымен кейін серпіп тастап. Сол аяғын аз ғана ілгері аттап, бар денесін жыйнап алды. Қандай сұлу еді деп ойлады Боткин.

— Быков мен,— деп Андрей түрегелді.

— Ояз начальнигінің атымен арбаға мінулеріңді сұраймын,—деді Боткин.

— Барар жеріміз алыс па? — деп сұрады Быков.

— Ақмола,— деді Боткин.

Жай өзінен өзі танылды да, бұдан басқа сұраулар берілген жоқ.

— Қайтеміз, әйтеуір, бір қоштасар күннен құтылмайтын болсақ, бүгінгідей бақытты бір күнде қоштасқанымызға шүкірлік етелік... Бұл жақта да осынша нұр шашқан жақсы күндер барын мен жүрегіме берік сақтармын. Қош болыңдар, жолдастар!..— деп Елизавета әуелі жалпы қоштасты да, одан кейін қоршап қалған жұртпен қолдасып қоштасты. Көп адамдар жыласып қоштасып жатыр. Әсіресе, Жұбай мен Күнзила күйрек егіліп тұр. Дауыстары да шығып кетті.

— Неге бүйтеді? Осындай қызда не жазық бар екен? Түк жазығы жоқ. Құдай куә, мен куә! — деп Байжан әрі жылап, әрі айғайлап жіберді.— Қорықпа! Омбыға дейін қуармын!..— деп, Елизаветаны қатты құшақтап мандайынан сүйді.

Быков жұмыскерлермен үнсіз ғана қолдасып, Михаило, Шило сияқты адамдарға ғана қысқа-қысқа бірдеме деп қалатыны байқалады. Байшегір мен Алшағырға да соны айтқан болу керек:

— Енді бәрі сендерге қарап қалды...— деді Бұланбайға. Ашық көк көздері одан да көпті айтып тұр.

— Оны әлі көрерміз,— деді Бұланбай. Ойында не барын одан гөрі де анығырақ айтуға тілі жетпеді.

Арба жүріп кетті... Жазғытұрғы жайдары күн сол қалпында. Антарылып арбаға қарағаң жұрт иіріліп қалды. Арбаға урядник пен Елизавета қатар отырыпты да Быков көшірдің қасына орналасыпты. Пар ат жолсыз даламен барактарға қарай тартты. Үйірілген жұрттың

ауыздары енді ғана қозғалып ашулы қарғыс айта бастады. Дүниеде екі нәрсе әуелі ұрланып ақырын басталып, артынан айғаймен аяқталады. Біреуі осындай көп қарғысы да, екіншісі қорқыныш пен қатер. Патшаларды әуелі әркім өз үйінде де ақырын қарғайды. Біреу өліпті дегенді кім болса да ақырын айтады. Әуелі әр ауыздан булығып, тістеніп шыққан қарғыстар ілезде тұтанып кеткен оттай, бір кеудеден шыққан кіжінуге айналады. Жұдырықтар түйіліп, көп көздерден кек ұшқындайды. Біріне бірі иық тақасып, сығылысқан жұрт қазір бір ғана ойдың үстінде тұтас тұр. Қымбат екі жолдастарының ұсталуы мұнда қалғандардың біріне-бірін жақындастыра кеткен сияқты. Боз торғай шырылын енді ешкім естір емес...

Әуелі үрпиісіп бөгеліп қалған жұрт, пар ат бақтарға бұрылғаннан кейін, жолдастарын тағы бір көріп, тағы бір қоштасып қалғысы келгендей, солай қарай дүркірей қозғалды. Әуелі тұтас қозғалып еді, енді бірінен бірі озып, бытырап, жалғыздап барады. Жастаулары озып кетіпті де әйелдер ұзап кейін қалған. Қолбаң да әйелдердің арасында көрінеді... Орта тұста өзінен өзі Шило карт, Михайло Неволя, Бұланбай, Байшегірлердің бастары қосылып қалды. Алшағыр мен Байжан да өкшелес келеді екен.

— Мәс саған!.. Тал түсте ең жақсы жолдастарымыздан айрылғанымыз ба? — деді Михаило Неволя.

— Ол екеуі оңай өле қоймас... Оралар бір кезде! — деді Шило.

— Оралуын күтіп, отыра береміз де онда?

— Қолыңнан келері не ендеше?

— Быков саған не айтты қоштасқанда?

— Енді бәрі сендерге қарап қалды, деді.

— Маған да соны айтты,— деді Бұланбай.

— Ол не дегені деп ойладың?..

— Мен «Кеңес» жайын айтты ғой деп түсіндім.

— Әрине, еңалдымен «Кеңес» жайы. Сол «Кеңестің» калған мүшелері бастықтарын ұстағанда қарап отырамысыңдар? — деді Неволя наразы үнмен.

— Мен оны әлі көрерміз деп қалдым,— деді Бұланбай.

— Ол не дегенің?

Бұланбай әлде Быковқа айтып жеткізе алмаған ойын енді кеңірек түсіндірді:

— Егер, дұрыс деп тапсаңдар Елизавета мен Анд-

рейді бүгін түннен қалдырмай босатуға болады,— деді Бұланбай.— Түн біздікі... Дала біздікі... Қараңғы түн мен дала... Нұра өткелі біреу-ақ. Қалың талдар да біздікі... үш жігіт, екі арқан керек... Тастап жібердік, бітіп жатыр, конес урядник...

Ат үстіндегі алыс-жұлысты басынан көп өткізген Бұланбайдың көз алдына қалай қыймылдары да келе қалған сыяқты. Салт атпен бір айқасқа кіруді сағынып қалғандай құмартып та кетті. Шіркін, Сүгірәлі екеуміз болар ма едік деп, айнала қаранып еді, ол әлі тыңаймаған, әйелдерден де кейін келеді екен.

— Как? Так!..— деді Бұланбай, жаңағы ойын аяқтап болғаннан кейін. Енді бұл топ тоқырай берді.

Қол іске құмары жоқ Шило карт басын шайқап:

— Екеуге үшеу қосылып қолға түссендер, қайтеміз? Оның артынан ондар қосақталып жүрмес пе? — деді.

— Аты бар адам қолға түсе ме? Местей былқылдаған бір урядникке ме?

— Қасындағыларын қайтесің?

— Е, олардың қоя тұр... Біреуі поштавай, біреуі Мұсақай... Екеуінде бір лақтың қаукары жоқ, бір ақырғанымнан қалмайды, — деді Бұланбай.

— Босатамыз деп істерін ауырлатып алсақ қалай болады? — деді Михаило Неволя.

— Ауырлағанда Сібір ғой айдар жері. Онсыз да беттері сол Сібір болар...— деп, Шило карт босаған ыңғай көрсетті.

Ой алысына шорқақ адамдар қол іске оңай көнбек. Ойланғандай, біріне бірі тоқтам салғандай болып аз ғана ақылдасты да, Бұланбайдың ойына бәрі де қосылды.

— Ал, енді ат керек...— деді Бұланбай Байжанға қарап.

Осы адамдардың барлық тартқан азап бейнеттеріне себеп болған менің Қарағандыны сатқаным деп ойлайтын Байжан ішінен Елизаветаны қатты аяп: — Ай, обалың менің мойнымда кетеді-ау! — деп келе жатыр еді. Сол ойын енді жасыра алмады:

— Ішкен-жегенім керем болып, алғаным ақыретімменкеткір, неге ғана сатып ем Қарағандыны... Қыстыкүні қырылып келе жатқандарын да көріп ем... Енді міне, туған қызымдай болып кеткен, қарлығаштай ғана сорлы баланың ұсталғанын да көрдім-ау!..— деді. Көзіне жас алып, қамығып айтты.

— Сен сатпасаң, Қарағанды мен Ақ-бұйрат зауыты салынбас па еді? Айтпа, жоқ сөзді. Күні жеткен бала күшенбесең де туады. Көмір мен мыстың туар күні жеткен екен, мың Игілік, екі мың Байжан басып отырса да туады. Туды, міне! Өкінерің көп пе, қуанарың көп пе, оны әлі кейін көрерміз... Сенен басқада ат жоқ. Біз осы сайда қалайық, аттарыңды әкел,— деді Бұланбай.

— Өзім де барам,— деді Байжан.

— Е, жүр. Арқан, сойылдарыңды ұмытпа.

Байжан қырда жүрген аттарына кетті де, өзгелері кім баратының ақылдасты. Бұланбай, Михаило Неволя, Байшегір, Байжан төртеуіне тоқтасты. Басқаларына ат жетпейді. Жолдастарының жанқыяр іске бел байлағандарына жол болсын айтып, Шило карт та баракқа қайтты.

— Кісі өлімі болмасын... Танылып қалмаңдар... Ертең таңертең төсектеріңнен табылыңдар,— деген бата берді Шило.

— Сен бізге бір-екі қайла жеткізіп бер... Тез!— деді Неволя жаңа ғана осы араға жеткен әйеліне. Еркектердің бірдемеге бел байлағандарын сонадайдан түсініп келе жатқан Катерина неге деп сұрағаң жоқ, тезірек басып ұзай берді...

Қолдарына қақ сойыл, қанжығаларында бір-бір қыл арқан, үш салт атты сайлаулы өрлеп, Шұра өткеліне қарай төтемен тартып еді. Тақымына қайласын қыстырып алып жайдақ мінген Михаило Неволя аз ғана кейін кетіп барады. Баракта елеуір айналып, Быковтардың барды-жоқты нәрселерін де артып алған пар атты арба бір қыркадан асып түскенше бұлар тасада бақылап тұрды да, одан кейін бөгелген жоқ. Урядниктің алдына шығып алуға қатты жүріп кетті.

Күн еңкейіп, көленке бойы бес есе ұзарған кез еді. Ұсақ шіркейлер мен мазаң сармаса да енді ғана біліне бастады. Көптен ат үстін сағынған Бұланбай ок бойы алда кетіп барады. Сенімді ат та соның астында. Тымақ құлақтарын түріп алып, сақ жүрісіп келеді. Ұзамай қоңырау даусы бір қыр астында кейін естілді.

— Аналар өткелге кештетіп жетсе, тіпті қызық болар еді,— деді Байшегір, дабыр естілмейтіндей жерге ұзап шығып алғаннан кейін... Бұған дейін бәрі де үнсіз келе жатқан.

— Кештетіп емес, түнделетіп жетеді,— деді жер

жайын білетін Байжан.— Бұл екі ара көп жер... Аттары әріден келе жатқандай екен... Ордабайдікі ме деп қалдым... Өзіміз де күн бата-ақ жетерміз...

— Талды өткелден басқа жерден өте алмайды ғой?— деп сұрады Бұланбай.

— Қайда өте алсын!.. Талдыдан басқа жер өткел бермейді. Жұрттың жайлауға шыға алмай отырғаны да содан,— деді Байжан.

— Онда, Байжеке, сен сол маңайға көз байланбай жетіп, жолдың бұрақ бұлтарысымен талы қалың келетін бергі жар қабақтың астын байқай берсең қайтеді? — деді Бұланбай.

— Е, болсын.

Осыдан кейін қалай қыймылдайтындарын түсінісіп алды да, Байжан көк жорғамен қасқыр-шоқаққа салып, ілгері асып кетті. Өзгелері қоңырау дауысынан да құлақ үзбей, анда-санда тосып алып, баяу жүріп отырды. Бергі қабағы қалың шилеуіт, жардың асты тығылыса біткен қалың тал, сондықтан да Талды атанған өткелге бұлар күн батқан соң жетті. Көк жамылған қалың тал бұйраланып, қоюланып кеткен екен...

Жазғытұрғы түннің жұмсақ қараңғылығы қоюлана бастағанда қоңырауы баяу шылдырлаған пар атты арба да Нұраға қарай жақындай беріп еді. Су иісін сезінген аттар азырақ сергек жүріп кетті. Арбаның екі жағынан қатарласқан екі салт маса қағумен мазасы кетіп келеді. Екі қолын артына қайырып кісендеп тастаған Быковтың маса қағуға да шамасы жоқ, оған қонған масаларды анда-санда Елизавета желпіп қояды. Кісеннің шынжырын дәл ортасынан төмен басып қораптың темір жақтауына тағы бір кісенмен бекітіп қойыпты. Елизаветаның қолы бос. Қасындағыларынан ептеп қауыптеніп те келе жатқан урядник Боткин ер-ортаны болған адамның ақылын айтып келе жатыр...

— Осындай істерді мен тіпті түсінбеймін...— дейді Боткин, тұтқындарға тағы да бір байсалды бірдемелер айтуға ыңғайланып.

— Сіз ешуақытта түсінбейсіз... Одан үміт етпеңіз... Бекер дәмеленесіз,— дейді оған Елизавета. Манадан мыжыңдағаны құлағын қажытып келе жатқан урядник осымен тоқталар ма екен деп, тік жауап қайырады.

Екі тұтқынға ортақ ақыл айтқысы келе бастаған урядник қасында отырған әйелдің жүгенсіз мінез көр-

сетіп қалғанына жәбірленіп, сөздің бетін енді соған аударды:

— Жап-жас әйелсіз... Сіз бұл дүниеде қандай кейіс көрдім дейсіз?.. Құдай біледі — әке-шешеңіз алақанына салып өсірді сізді. Оқытты да тәрбиеледі. Ешкім соқтықпай, дәнеңе етпей, қалай жауығып кеттіңіз? Және кімге десеңізші?.. Қолдарыңнан не келеді сендердің?.. Тап мына сармасасындар сендер, қағып қалдың — өлді,— деп Боткин дәл мұрнының ұшына қадалған сармасаны алақанымен шап еткізіп қалып еді, маса сытылып шығып аман кетті. Мұрны шыңылдап түшкіріп жіберді...— Мысалы, мен жаумын ба сендерге? Жоқ, әрине... Бірақ, міне, дені сау, жұмыс істей алатын адамды кісендеп алуға тура келді. Онсыз болмайды! Өзіңе қауып... Мен бір опық жеп, он жыл өкінгенім бар... Осы қу далаға да соның салдарынан ауысып кеттім. Жас болса енді келіп қалды... Ал құлап кетпеңіз, жардан түсе бастадық. Алдымыз өзен... Көзіңізге абай болыңыз, қалың талдың арасымен өтеміз қазір... Тура келіп, көзіңе осып жіберетіні бар...— деп, бір қолымен көзін қалқалап, бір қолымен қораптың темір жақтауынан ұстап, жасқана бергенде, алдыңғы жақтан дүбірлете шауып, қыйқуласып келе жатқан көп адамның дауысын есітіді.

— Ұмтыл! Ұмтыл!

— Жау, жау!..

— Ора, құтқарма! — дескен қазақ дауыстарының не айтқандарына Боткин түсінген жоқ. Екі салт серіктерінің кейін қарай жалт бұрылып, ұра жөнелгендерін аңдап қалды. Сойылдарын иықтарына қайырып салып, еңкейе шапқан екі салт, арба қасынан дүсірлетіп өтіп, қашқандарды қуып әкетті. Ағатайлаған, жалынған дауыстар шықты, жар қабақта ғана, жақын естілді...

— Айда, айда! — деуге ғана шамасы келді Боткиннің. Ып-ыстық қыл арқан мойнын ысып, қырқып бара жатқанын бір сезініп еді, енді абайлағанша жерде домаланып жатқанын көрді. Темірдей тізе желкесінен басып, екі қолын сындыра бұрап, арқасына қайырып жатыр. Ұзамай екі күшті қол қолтығынан өтіп алды да желкеден келіп айқасып, урядниктің тұмсығын қақ жолға нұқып-нұқып қалды. Боткин өлдім деп ойлады.

Айқай-шудан ата жөнелген пар атты Михаило Неволя ауыздықпен жетектен алып, бұрып апарып талға

киліктіріп тоқтатып еді. Аттар аз ғана жұлқынды да, күшті қолдан бұлқ ете алмай, дір-дір етіп тоқтап қалды. Көшір жігіт божыны тастай беріп, секіріп түсті де, қалың талдың арасына қарай зытып кетті. Қолы артында кісендеулі отырған Быков аз-ақ ұшып кетпей қалды да, шалқалап келіп арбаның ішіне құлап түсті.

— Андрей!.. Тірімісіңдер? — деген Михаило Неволяның дауысы шықты.

— Дядя Михаило!..— деп қалды Елизавета. Быков жымыйды да үндемеді.

— Тоқтай тұрыңдар... Әуелі аттарды босатып алайын...— деп Неволя әлденелерді үзіп, сындырып, құба талдарды аюдай жапырып, ат-арбаны жолға шығарды. Аттарды жетелеп алып, ілгерірек апарып талға байлаған соң:

— Енді, Елизавета Сергеевна ұрса беріңіз... Біз осылай ұйғардық,— деді, арбадағылардың қасына келіп.— Егер, дұрыс болмай шықса, жол мына алдарында жатыр, урядниктерінді қастарына қайта отырғызып береміз...

— Урядниктің қалтасынан кісеннің кілтін тауып әкеліңіз,— деді Елизавета ақырын ғана. Михаило Неволя жолмен кейін жүгіріп кетті.

— Енді қайтеміз? — деді Быков Елизаветаға қарап.

— Бостандықты бізге алтын табаққа салып әкеліп беретін ешкім жоқ. Қай түрде босансақ да, оның аты бостандық болады,— деді Елизавета.

Арт жақтан дүсірлетіп аттылар келе жатыр. Тал арасында ыңырсыған Боткиннің үні біліңеді. Жарылып сынған жас ағаш ышқынғандай болады. Басқа бір дыбыс жоқ... Арбаға Бұланбай мен Михаило Неволя бірге келді. Ат кісені оп-оңай ашылды.

— Кісен деген осындай болады екен ғой...— деді Быков, ұйып қалған иықтарын жазып, керіліп жатып. Екі ат жетелеп алған Байжан мен Байшегір де осы араға келіп тоқтады. Андрей мен Елизавета бәрінің де қолын қысты...

— Қызым!.. Елиза!..

— Тс-с...

— Өзеннің аржағына өтіп алайық... Сонда сөйлесеміз,— деді Бұланбай. Осыны бәрі де мақұлдады.

Өзеннен өтіп, жолдан да едәуір жер бұрылып шыққаннан кейін, бәрі де ат пен арбадан түгел жерге түсіп, дөңгелене отырып кеңесті. Бұл жолғы сапары Нерчі

кендеріне апармай тынбайтынын жақсы білетін Елизавета босанғанына өте қуанышты еді. Жолдан босаткан жолдастарына қайталай-қайталай алғыс айтады. Енді алдында нелер күтіп тұрғанын болжау қыйын болса да, бұл жолы босанып кетулері ең кемінде он жылдық каторгадан құтылу екені де даусыз еді. Әр күнінде қауып бар адам айдау дегеннен қорықпаса да істейтін істерден, күрестерден қол үзетініне қайғырып, реті келсе, жолшыбай босануды өзі де ойланып келе жаткан. Быковпен оңаша тілдесе алса, оның ойында осы түннің өзі де бар еді.

Елизавета осы ойларын іркілмей айтып болғаннан кейін, Быков қысқа ғана:

— Менің ойлап келе жатқанымда осы еді. Мана бір ретте түн қалай қараңғы еді дегеніңізде мен айдаушымыздың үстіне құлай кеткім келді. Сіз сонда секіріп түсіп, құтылып кетсеңіз, мен өкпелемеген болар едім,—деді.

— Жалғыз құтылып кетуім әделет болар ма еді? Сіз әзір мен үшін күйіп жүрсіз ғой...— деді Елизавета.

Онысында қандай астар барын басқалар шала аңғарды. Бірақ, бұл екеуінің ерлі-байлы еместіктерін бәрі де түсінді.

— Жә, урядник не күйде қалды, тірі ме? — деді Быков.

— Тірі... Байлаулы жатыр...— деді Бұланбай.

— Қасындағылары ше?

— Олар бос... Аттарын бізге беріп, жаяу қалды...— деп, манадан бері сөз тимей отырған Байжан өз еңбегін де аңғартып қалды.

— Ал, ендігі бет?

— Біз тым болмаса, үлкен қалалардың біріне жақындап қалсақ жақсы болар еді,— деді Елизавета.

— Акмола ма?

— Жоқ... Омбы, Қызылжардың бірі. Одан арғыны көрер едік тағы да...

— Ат-арба міне әзір тұр... Тарта беру керек! Игіліктің дауын мен-ақ көтерейін,— деді Байжан, барлық қысылыс осында тұрғандай-ақ.

— Біз жолды да білмейміз... Қолға түсіп қалуымыз да ертеннен асар ма екен онда...— деді Быков. Енді барлық көз Байжанға қадалды. Үндеспей, өзі сөйлеуін күтті...

— Әй, бәрің маған қарап қалыпсыңдар... О не бол-

ғанымыз, үндеспей қалғанымыз?.. Урядниктен тартып алып, айдалаға аударып кеткенімізге мәз боламыз ба? Мен-ақ алып кетейін бұларды. Тіпті Омбысына да апарып қайтайын... Омбыда өзімнің де жұмысым бар,— деді Байжан, ерленіп те, мақтанып та кетті. Адалы Елизаветаның жолынан аянайын деген де жоқ еді.

— Сен аққөңілге салмақ салмағанда, кіміміз бар біздің?.. Өзің жөн тауып кеткенің жақсы болды. Бір қайтар, біздің қарызымызды жыйнай бер әзір,— деді Бұланбай. Өзгелері Байжанға әртүрлі мақтау, алғыс айтты да, Елизавета еркелеп келіп Байжанның бетінен сүйді. Байжекең енді тіпті тасыңқырап кетіп:

— Осы арадан он шақырым жерде Мыңбай деген досым бар... ат алысқан досым. Құда боламыз ба деген де ойымыз бар... Не Омбыға сол апарады. Мына пар ат пен арбаны сен ал да апарып қайт деймін... Оның қолы тимесе, өзім әкетем. Ал, отырмайық... Таң атқанша Шідерті бойына құлап кетуіміз керек...— деді. Сендер таңертең төсектеріңнен табылыңдар...

Байжан енді аттармен әуреленіп кетті де, өзгелері манадан ойда отырса да, ауыздары бара алмай отырған «Кеңес» жайына көшті. Ендігі жайы не болар оның?.. Қалғандардың ішінде хат білетін бірі жоқ... Өздерінен басқа дүниемен байланыстары да болған емес. Орыс жұмыскерлері ұзамай Оралға қайтады. Қазақ жұмыскерлері панасыз қалып барады. Көмір мен мыстың алдағы күндері қыса түспесе, жеңілденер әлпеті байқалмайды.

Әсіресе, аз күн болса да арқа сүйеу сезініп, енді жел жақтары ашылып қалғандай болып отырған Бұланбай мен Байшегір қазақ жұмыскерлерінің ендігі күндерін үлкен күйзеліспен айтты. Жас «Кеңес» күні жетпей туғандай, өмірсіз боларын бәрі де сезініп, жас қабірдің басында отырғандай біраз уақыт үндеспей қалды.

— «Кеңес» енді жоқ,— деді Быков. Болғанын да ұмытыңдар. Босқа құғынға түскілерің келмесе, ауызға алмайтын болыңдар. Полиция ол жайды түптейді әлі. Тек атына күйіп жүрмеңдер...

— «Кеңес» болмаса да кеңесудің керегі жоқ екен деп ойламаңдар,— деді Елизавета.— Қожайынның аузына жұмыскер жалғыз-жалғыз түсіп кетпей, әр кезде артында көп барын сезінетін болсын...

Бұл сыяқты жалпы айтылар достық сөздер көп болғанымен, аз айтылды. Алдағы күндердің бәріне бірдей

қарғаша да пана болатын сөз жоқтығын бәрі де түсініп тоқтасып қалды.

Қоңыраудың тілін байлап тастап, сенімді көк жорғаны жетекке алып, Байжан божыны қолына алған екен:

— Апаққа айтарсыңдар, аттарды суытып жібересін... Мені қайнына кетті дер... Қәне, мініңдер арбаға...— деді Байжан.

— Урядниктің қол-аяғын шеше кетіңдер,— деді Быков арбаға мініп жатып. Аз ғана уақыт жолдас болып, жете таныса алмаған қарапайым адамдардың адалдығы мен достықтарына жас әйелдің жүрегі босаңқырап та кеткен сияқты. Дауысы тым ақырын шықты... Көздері не айтып тұрғаны қараңғы түнде көрінбеді.

— Тағы да көрісерміз бе, жоқ па... Бәрібір мен сіздерді ұмытпаспын. Кең де мейірімді, бай да бақытсыз қазақ даласын да ұмытпаспын. Айта жүрермін. Тағы да кездесуді тілермін. Қуанып кездесерміз...— деп, Елизавета қалып бара жатқандардың бәріне де баладай еркелеп қоштасты...

Аттарды айдап қалып, қайта тоқтатып, ұмтшақ та асығыс Байжекең қолын қойнына сұғып жіберіп:

— Ойбай-ау, мыналарың менде екен ғой...—деп, бір-екі кітап пен бір қалың дәптерді Елизаветаға берді. Ол мана күндіз Күнзиланың қойнына барып тығылған кітаптар еді, енді Байжанның қойнынан шықты.

Пар атты арба жолсызбен тырсылдатып ұзай берді. Жаудан айырса да өздері де біржола айрылған жолдастарының соңынан ұзақ қарап, үндеспей, Бұланбай, Михаило Неволя, Байшегір — үшеуі тұр. Кеуделеріне бір ұйыған ауырлық салмақ сала бастағандай болады. Әлденеден біржола айрылғандай, әлденелердің қайғылы үні құлақтарына келеді. Кең бөлме бос қалғандай, ой ұясы қаңғырап тұр. Жүректе бір ыстық салмақ қана қалды. Е, «Кеңес» не болар?.. Өшер ме осымен, өсер ме? О да мүмкін... бұ да мүмкін...

Поштабай мен Мұсақайдың аттарын ер-тоқымын сыпырып алып өзеннің осы бетіне қалдырып кетуге тура келді.

— Ертең-ақ біреу кездесіп ұстап алар... Ай мінер, қайтарар...— десті Бұланбай мен Байшегір.

Боткинді босата кеткелі Бұланбай манағы айқас болған жерге келсе, Боткин жоқ екен. Орнында қара-ала

қыл аркан ғана қалыпты. Тымағын айналдырып киіп, сойылсыз бөгде жүргіншіге ұсап ыңылдап өлең айтып келіп еді, іздегені кездеспеді. Манағы көшір жігіт шешіп алған екен деп ойлады да, Бұланбай жолдастарымен кездесуге уәделескен жеріне қарай жүріп кетті...

Таңертең олар төсектерінен табылып еді... Байжекеңнің аттары да аунап-аунап алып қырға қарай шыға берді... Ішінде Байжанның өзі мініп кеткен көк жорғасы да жүр екен...

4

— Нафа-зы-фы-кефеш, мефеп сефе-шіфің тіфі-ліфің-д'фі-дефе афа-лафа жүфір-сіфін дефе-сефең, мыфы-нафа кефе-лефе жафат-кафан құфыл-қыфын сафа-рыфы-ныфы қыфы-мыфз біфіт-тіфі дефеп қафай-тафар-шыфы...— деді Сеит, Күншенің қара үйінің қасында атын еріттеп жатып. Сеит ер-тұрманын аркалап әкеліп, осы үйдің көлеңкесінде үйездеп тұрған жарау күрең төбелін осы арада еріттеп жатыр еді. Назыкеш үйде, жаңа ғана осы арада Игіліктің жаңа үйін салысып жатқан жұмыскерлерге сусын беріп шығарып, енді үнсіз де тез қозғалып ыдыстарын жыйнап жүрген.

Сеиттің әрбір дыбысты харыптың артынан «фа», «фе» сыяқты үндес бір буын қосып, жат-жаладан жасырғаны:

— Назыкеш, мен сенің тіліңді де ала жүрсін десең, мына келе жатқан құлқынсарыны қымыз бітті деп қайтаршы...— деген ғана сөз еді.

— Өфе-тіфі-ріфік афайт дефей-сіфіз бефе? — Өтірік айт дейсіз бе?..— деді Назыкеш. Сеиттің аузынан шығар әр лебізге құлағы түрік жүр екен, тез жауап берді. Сеит өзі келіп әкетерін біліп, осы үйге мана келіп көлеңкелеп, кейде керегені сықырлата сүйкеніп тұрған атты Назыкеш айдап та жібермеген еді.

— Өфо-тіфі-ріфік ефе-мефес, афал-дафай Сафал...— Өтірік емес, алдай сал...— деді Сеит қалжыңдап.

— Афал-дафау мефен өфе-тіфі-ріфік-тіфі ефе-гіфіз дефе-мефей-тіфін бефе ефе-діфі?.. Алдау мен өтірікті егіз демейтін бе еді? — деді Назыкеш.

— Офо-сыфы-ныфың сафа-ғафан қофо-жафа-йыфын-сыфы-ғафа ныфы-нафа жыфы-ныфым кефе-лефе діфі!..— Осының саған қожайынсығанына жыным келеді!.. Қыфы-мыфыз нефе-гефе жыфы-лыфып кефет-кефең?.. сафа-пыфыр-сафаң-шыфы, дефе-гефен дафау-сыфын ефес-тіфі

гефен-дефе кафай-дафа кафа-шафа рыфым-дыфы біфілефе афал-мафай кефе-тефем... Қымыз неге жылып кеткен? Сапырсаншы деген дауысын естігенде қайда қашарымды біле алмай кетем...— деді Сеит.

— Қофор-қыфып кефе-тефе-сіфіз бефе?..— Қоркып кетесіз бе? — деді Назыкеш күле сөйлеп. Мұнысында бір мәз барын ойнақы шыққан дауысынан аңғаруға да болатын еді.

— Жо-фоқ, ефес-тіфі-гіфім кефел-мефей-діфі...— Жоқ естігім келмейді...

— Өфе-зіфің офо-нафа-шафа ефес-тіфи бефер дефей-сіфіз бефе?..— Өзің оңаша ести бер дейсіз бе?..

Бұлардың безіне сөйлеп, құлқынсары деп тұрғандары, жылтыр Омар еді. Сеиттің осы үйдің маңайына көбірек оралып, көбірек бөгеліп қалып жүргеніне күйіп-пісіп жүрген Омар бірдемені сылтауратып осылай келе жатыр. Қыз бен жігіттің не сөйлесіп жатқандарын ұшынан болса да ұстап қалғысы келіп, жақындаған сайын аягын баяу басады. Жараскан әзіл сыяқты тым үндес шыққан дауыстар естіледі. Күйдіре де тырнай естіледі. Омар, әсіресе, ұялшақ Назыкештің еркелей шыққан үнін ұнатпады. Сеиттің мойнына асыла кеткелі тұрғандай екен!.. Бірақ, не айтыскандарына түсіне алған жоқ. Осылар осы бір бәлені қайдан окып алған деп ойлады. Оқыған емес, жай қарапайым халықтың сөзді буынға бөліп, арасына басқа бір дыбыстар қоса салып аңдатпай сөйлейтіндерін ол біржола ұғына алмай қойған адам. Кейін осы Омардың нәсілінен бір тіл маманы шыға қалса, оның да осындай топас болмауын ел болып тілесең де еңбегің жанар-жанбасы кәдік-ақ еді.

Омар жақындаған сайын жастар тіпті тез сөйлесіп кетті. Бұған дейін сөзді буынға бөліп бытыстырып сөйлеп тұрса, енді әр харыптың артынан әр дыбыстың естілу лебіне қарай «әддірей, еддірей» деген бірдеңені қосып алып, тұк аңдатпай қойды. Ара-тұра өздері де аңдаса алмай қалатын сыяқты. Ондай кезде мәз-майрам болып күлісіп қалады. Омарға ең ұнамайтыны да осы күлкі... Соңғы кезде көбірек естіліп, жүйкесін кесіп жүрген күлкі...

Сеит жаңа дәл тапқан екен, Омар қара үйге жақындап келді де:

— Назыкеш, үйдемісің?.. Қымыз қалды ма? — деді.

— Қымыз бітті, айран бар,— деді Назыкеш, Сеиттің өтінішін орындағысы келіп.

Сылтауратқаны болмаса, қымызсырап келмеген Омар екі жастың жарасқан әзілдерін біржолата бөліп жібергісі келіп:

— Жиен, атыңды ерттеп, ауылға қайтқалы жатырмысың? — деді.

— Ие, қайтамыз ғой кешке қарай...— дей салды Сеит.

— Апырай, ауылды көшірудің салмағы екеумізге түседі-ау, бала!..— деді Омар, байдың аулын жайлауға көшіріп-қондырудың өзіне тапсырылғанын ескерте сөйлеп. Сеитке бала дегенді де байқамаған болып әдейі айтты. Назыкешке естірте, кемсіте айтқаны еді.

— Бізге неге түседі?.. Түйелерге түседі де! — деді Сеит.— Мен әзір түйе болайын деген ойым жоқ...

— Е, менің жасым үлкен. Быйылғы салмақты сен көтересің дегенім ғой...

— Жоқ, мен сіздің еншіңізге ортақтаспасам керек... — деді Сеит.

Назыкеш үйдегі жұмысын тезірек бітіріп, өзен жақ бетте бие сауып жүрген шешесіне қарай кетті. Омардың Сеитті кеміте сөйлегенін есітіп тұрғысы да келмеп еді. Сұңғақтанып та, сұлуланып та кеткен екен. Көздері Сеитке бір жарқ етіп қалды. Енді үмітін жасырмауға бет алғандай, іркілмей де, именбей көңіл шабытын тура аңғарта қарағандай көрінді Омарға. Шақырып бара жатқаны сыяқты... Сеит те атына мініп алып, өзенге қарай жіті аяңдатып кетті. Алдында сал аяңдап Назыкеш кетіп барады. Сеит қазір қуып жетеді оны, сөйлеседі, әзілдеседі, күліседі... Әне жетті де, сөйлесіп те қалды... Күлісіп барады... Қыз үкісі Сеитке қарай еркелей бұлғақтайды. Сайтан қыз көзімен де, бұрақ қозғалған белімен де, үкісімен де, көлендеген көйлегінің етегімен де Сеитті сыйқырлап бара жатқандай екен!..

Кімді мазақтап күлетіндері де белгілі... Омардың әрнеге де қымсынбай бара алатын жүгенсіз ойы оның аржағында да талайларға барып қызғаныш уы булықтырып әкетті. Сеиттің ат суғаруға кетіп бара жатқанын ол тал арасына қарай бұра жорып еді...

— Жоқ, бұл қалжақты қоятын боларсыңдар! Енді үш күннен кейін көрермін сен екеуіңді! — деді Омар өзіне өзі.

Қазір ол бір өзінен басқадан бүкіл дүниені қызғанып кетіп еді. Күншіл көзі осы арада салынып жатқан Игі-

ліктің ағаш үйіне де күндей қарады. Қайда қарасаң да жаркырап жатқан жаңқалар мен қарағайларға от түсіп кетіп, неге өртене жөнелмейді екен деп ойлады ол. Бірақ, осы ойын бөгде біреу естіп қалғандай селк етіп, қыр жақта жүрген Игілікке қарады.

Түнде қожекең үйіне қонып шығып, бүгін осы салынып жатқан үйінің басына келген Игілік қазір талқандалып қалған Қызыл-моланың маңайында жүр екен. Әрі өзінің қожайын қасынан кетіп қалғаны есіне түсіп, әрі ойындағысын Игілікке ескертіп қалғысы келіп Омар солай қарай тез аяңдап кетті.

Игілік ағаш үйді ақ қайың мен терек араласқан қалың жалдың ішіне қарай төмендеу салдырып жатыр еді. Қонақ үйі мен ат қораларын астық сарайлары мен шөп үйетін албарды қыранға салғызыпты. Ағаш үйді Қызылжар мен Ақмоладан жалдаған орыс үйшілері салып жатыр да, өзгелерін елуден аса қазақ жігіттері қалап жатыр. Ушаковтың кеңесімен қонақ үйі түгіл албарына дейін тастан қалаттырып жатқан жаңа бай қасындағы адамдарға айналасын кеңірек орап қолымен нұсқап тұр.

Талқанданып қалған Қызыл-моланың орнында кірпіш сынықтары мен ортасы ойылған төбешік көрден басқа ешнәрсе болмаса да осының өзі Игілікке көзге шыққан сүйелдей көрінді. Осы болмашының да ыбырсып көзге түсіп жатқанына наразы тұр. Бұған дейін өздері ұғынар деп, мола жайында ешнәрсені ашып айтпаған еді, енді ашып айтуға тура келді. Әсіресе, қасындағы қайқы құйрықтарының соны өзіне айтқызғандарына наразы еді.

— Шөп албарының бір қабырғасы мына төбешіктің үстінен неге жүргізілмеген? — деді Игілік Батырашқа.— Албар кеңейіп кетсе, шөпке толтыра алмаспыз деп қорықтыңдар ма?..

— Мұның өзі төбешік болғанмен... не ғой... әлгі...— деп, Батыраш сасып қалды.

— Сен маған не екенін түсіндірмей-ақ қой,— деді Игілік.

— Осыны Батырашқа мен де айтып ем... Бидің өзінен сұрап алсаңшы деп едім...—деп, осы араға жаңа келіп жеткен Омар да қыстырыла кетті. Дағдылы жарамсаққа Игілік иснген жоқ. Жаңағы айтқанын бұйрық көрді де, салынып жатқан қонақ үйге жақындап келіп:

— Омар, сен ауылды жайлауға көшіріп апарған соң,

кешікпей Атбасарға жетерсің... Оған дейін мал да барып қалар. Он шақты жігіт ала келерсің,— деді.

— Е, базардың басталуына әлі жарты ай бар, жетемін,— деді Омар.

Омардың өз бірдемесін қыстырғалы жүрген сынайын кешеден бері танып жүрген Игілік, бойына жақындатқысы келмейтін ыскаяқ үнмен:

— Шөпті ойлаған жан бар ма екен осы? — деді.

— Атбасардан келе сала жүргізіп жіберуге машиналарды әзірлеп қойдым.

Игілік бәрібір икем ықтай бермей, қора-қопсының төбе ағаштарын әзірлеп жатқандарға қарай бұрылды. Үйші Сандыбай да осында еді. Ол ашыққан елден шөпке айырбасталып келген әр түсті жылқылардан бес арықтұрақты жаңада ғана әрендеп қолына түсірген. Қыскы күйзелісте Игілік кіресіне ілесіп көшіп келген үйші де осында, қазір осы құрылыс басында. Анау бір кеште байыпқырап кетіп Назыкешті айттыра жаздаған жалғыз ұлы қазір пар өгізбен осында тас тасып жүр...

— Үйшім, қалайсың? Малыңның қалғанын әлі алмағанбысың?.. Үйіңнің қасында ұсақ қара-құра көрінбейді ғой...— деді Игілік.

— Омекең үйіңді шығарма дегесін, жатырмын үндемей... Бір бес ешкі сіздің үйде кете қоймас деген ой ғой, баяғы...— деді Сандыбай. Қыйпақтанқырап болса да наразылығын да ақтартты. Бірақ, былтырғы мақпал қаралар мен теңбіл қара-көктер осы күнге дейін көз алдында жүрсе де оны еске салуға Сандыбай біржола бата алмай қойып еді.

— Үйің тәуір екен... Жоғаргы жағы ақ көрінеді ғой... — деді Игілік, қотыр болғандай қоңыр үйдің төбесіндегі тоқымдай ғана боз киізді көре қалып. Бұ да енбегі үшін Игіліктен алған баспанасы еді. Сандыбай жамандай алмай, күрмеліп қалды.

— Жақсы, жақсы... жетіліп кетерсің әлі... Балаң да азамат болып қалған екен... Енді бір жерден қыскы мекен салып ал...— деді де Игілік жүріп кетті.

«Ие, жібермейін деген екенсің ғой» — деп ойлады Сандыбай. Бірақ, онысын да айта алмады.

Игілік Атбасар базарына жүріп бара жатып жаңа үйін көріп, оның үстіне моланың жайын әдейі тапсырғалы жолшыбай соғып еді. Бәрі де жайлаудан қайтканша біткелі тұр екен. Мола біржола өшетін болды. Бірдеме

айтқалы қыйпақтап келе жатқан Омардың бетін қайырып тастау үшін:

— Үйшінің ешкілерін осы күнге дейін жеткізіп бермегенің бекер болған,— деді де Игілік жегулі тұрған пауескесіне мініп жүріп кетті...

Ойындағысын Игілікке айта алмай қалған Омар енді басқа жақтан арқа сүйеу іздеп, күн бата Күреңкөз қожаның үйіне қайта келіп еді. Қыстауынан аз ғана жылжып қонған қожекең, бұдан былай Игілікпен қысы-жазы іргелес болуды үміт етіп, Игілік аулының көшіне ергелі күтіп отыр еді. Омар оған өзге ойын түгел айтпай:

— Қожеке, ертең кешке біздің үйде бір пайғамбар сүндеті тойымыз бар еді. Тлеукеге бір шүйкебас ыңғайлап едік... Басы қасында болып, батаңызды беріңіз...— деді.

— Е, жарайды, Омаржан... Ауыл арасы алыс емес қой, келейін...

— Бәйбішеңізді ала келіңіз.

— Болсын, шырағым... Құда болған жерің кім еді? Нағып естімедік екен?..

— Құда болған жерім онша емес... Ауыл арасы... Тлеукенің жайын да білесіз ғой. Ұзап шығуға қорынған жайымыз да бар... Анау бір бидің үйіне былтыр кірген сауыншы әйел бар да, соның қызы.

— Әлгі, Жұмекең үйінен ауысқан әйелдің қызы ма?.. Байғұстың бағы ашылған екен ғой... Қайырлы болсын, ұзағынан...— деді қожекең.

Осымен қожаның рыйзалығын алды да, Омар түнделетіп Күншенің үйіне қайта соқты. Күншеге ол әр кезде өктем сөйлейтін. Игілік атынан бұйыратын. Қазір қорақопсы салып жатқан жұмыскерге тамақ пісіріп, бие сауып, айран ұйтып беру үшін осында көшірілген, панасыз да жәрдемсіз онаша қалған Күншеге бұл жолы Омар тіпті меңмен сөйлесті:

— Бері шығып кетші,— деп, түн ішінде тысқа шығарып алды да, ұзаңқырап барып атынан түсіп:— Маңдайың ашылмай жүрген бір сорлысың ғой сен. Мен аямағанда кім аяйды... Енді құдағыйым болатын болдың. Назыкешті Тлеукеге айттырғалы келдім...— деді Омар.

— Ойбай, о несі еді?..— деп, Күнше шошынып кетті.

— Тойды ертеңнен қалдырмайық... Арғы күні ауыл жайлауға көшеді,— деді Омар.

— Айтпа, ойбай!.. Мен ешкіммен құда болар жайым жоқ,— деді Күнше безіне түсіп.

— Екеуі де ержетті... Жайлаудың қызығын бірге көрсін! — деді Омар, Күншенің не айтқанын естімегендей.

— Сен не айтып отырсың, мен не айтып отырмын? — деді түршіге түскен шеше.

— Батыраш екеуің ертең кешке біздің үйде боларсыңдар... Бас құда Батыраш болмаса өзгенің ыңғайы жоқ...

— Ойбай, мен ешқайда бармаймын... Тойың құрысын! — деді Күнше. Ышқынып кетті де қатты айтты.

— Қожекеңді де шақырып қойдым...

— Қожаң құрысын, аулақ жүр, аулақ!..

— Қалыңмал жағына көп саудаласпаспыз... Екеуміздің жайымыз да белгілі ғой... Өкпелетпеспін...

Күнше өксіп жылай бастады. Мұның бір ауыз сөзін естімегендей болып, өз сөзін айта берген Омардың қорлауына да шыдай алмады, күйініп те кетті. Енді ешнәрсе айта алмай да қалды. Жалғыз жәрдемшісі көз жасы болған қамқорсыз әйел қалтырап, булығып:

— Ал құдай, естіртпе, не жазып ем? Аз ба еді қорлауың?..— деп, дір қағып барады.

Ең кесімді сөзді түпке сақтап отырған Омар:

— Қой әрі, ырылдамай!.. Қызыңды байға бермегенде көрінгенге күйек асты қылайын деп пе едің?.. Мен білмей жүр деймісің? Ұятына бақсаңшы!.. Бидің өзіне де айтып қалдым. Ендігі сөзіңнің керегі жоқ. Батырашқа тапсырып кетем, ертең кешке біздің үйде боларсыңдар! — деді де атына мініп жүріп кетті. Күнше зарланып, жербауырлап жатып қалды.

Мың жылдардан бері, мыңдаған қазақ қызының басынан кінаратсыз, қырсықсыз өтіп жатқан таныс уақыйға осыдан екі күннен кейін Назыкештің басына да орнап қалып еді. От басында сұлай құлаған Күнше жатыр. Кеше Омардың үйіне жылап барып, жылап қайтты. Батыраш еріксіз апарды. Шешесінің төсегінде Назыкеш жылап жатыр. Жалынар да, шағынар да бір пенде жоқ. Егіліп жылайды. Үй сыртында қарқылдап күліп құдалар отыр. Ішінде Күреңкөз қожа да бар. Бір көзіне доғала түскен күзеулі шабдар биені үй сыртына аяғынан аркандап қойыпты. Қасында ноқтасына кірпіден сірге тіккен тайы да тұр. Үйдің белдеуіне байлаған бір қозылы қой, екі қара-ала ешкі біріне бірі жұмсақ ұйлығысып, күйсеп жатыр. Үй ішінде тойға әзірленген бір белгі жоқ, қайта әшейінде жыйнақы да таза тұратын үй бүгін қоқып,

ыбырсып кетіпті. Есік алдында шай қайнатқан сауыншы әйелдердің көңілсіз күбірлескендері естіледі. Олар да әлденеге таңғалысып, ауыздарын сылп еткізіп қояды. Мұрындарына үйітіліп жатқан бас иісі келіп, құдалар ғана көңілді отыр. Қалтасындағы айна сынығын алақанына қысып алып, күйеу жігіт Тлеуке айдың жоғары көтеріліп, жарқырай түсуін күтеді. Ешкім бұған ұрса алмайтын, ең бір жақсы той болып жатқанын аңғаратын сыяқты, о да көңілді...

Назыкештің ойына Көпей апай қайта-қайта келе берді. Әлі келмесе де шырылдап араша түсер еді-ау деп ойлайды. Көпейдің өз басы да оп-онай құрбандық болып кеткенін жете білмейтін жас қыз әлдекайдан сол келіп қалып, құтқаратындай, болмашыдан үміт етеді. Басқа пәндеден түк күтері жоқ, торыққан ой, мұңды көңілге мұңдас жанды іздетеді.

Қыз ойының бір қалтарысында Сеит те бар еді. Бірақ, жай ғана жарасымды әзіл мен достықтан басқа бұл екеуінің арасында бір ауыз сөз болған емес. Қызығысулар бар еді де, оны ашып айтысуға ауыздары бара алмаған. Және Игіліктің жиені мен сауыншы қызының арасында ат-өттіден басқа нәрсе болар деп Назыкеш үміттенбейтін де еді. Дегенмен, осындай қаралы күндерінде хабарсыз кеткен Сеитке Назыкеш өкпелеп те жатыр. Тым болмаса араша түсе алмағанына өкпелейді.

Бірақ, бұл күндерде Сеиттің де қайғысы бір басына жетіп жатыр еді. Қазір ол жапа-жалғыз, мыйдай далада атын ілбітіп аяңдатып, осылай қарай келе жатыр. Неге келе жатқанын, не істерін өзі де білмейді. Назыкеш оған жылан арбап алдына түсіргелі жатқан бозторғайдай көрінеді. Шырылын естіп, аяп келеді. Арашалар дәрмені де жоқ. Түсінде бастырылыққандай үні шығар емес. Алды-артын ойланса, бұған болысар да бір жан жоқ екен. Жетім де жалғыз, панасыз да қорғансыз.

Кеше ол салынып жатқан жаңа үйдің басынан қайтқан соң, Игіліктің қысы-жазы арылмайтын қонақтарының қасында болып еді. Омар үйіндегі тойдың анығын бүгін Айғаншадан естіді. Өзгенің қайғы-мұңында жұмысы жоқ байдың әйелі Сеитке сөз арасында қалжыңдап::

— Бұлғаңдап бос жүріп пе ең, Назыкешті Тлеуке алғалы жатыр ғой!.. Түнде құда түсерінде болдық,— деді.

Сеит өліктей қуарып кетті де, түк айта алмады.

— Әлде кожаның балдызына қызығып, есің шығып жүр ме? — деді Айғанша. Сеит бұған да үндей алмады.

— Пағашыңмен бажалас та болғың келетін шығар?.. — деді Айғанша. Ерке де еркін сөйлеп үйренген әйел байының сыры ашылып жатқанына қараған жоқ. Сеитке қожаның балдызын алып беріп, қожа мен бұрынғыдан гөрі де жақындасып кеткелі жүрген байының ынғайын жақтырмайтын Айғанша аузына ие бола алмай қалды.

Айғанша қысқы үйлерінің қожаның қыстауына жақын салынып жатқанын да жақтырмайтын еді. Соның бәрі біріне бірі қосылып, еріксіз ақтарылып кетті. Осындай кезде Назыкеш пе, басқа ма, әйтеуір, Сеит өз бетімен бір жөн тауып кетсе, Айғанша оған қатты қуанатын күйде еді. Сеит сезіңгіреп қалды да, Айғаншаның неменені ескертетінін ұқпады. Қазірде сол зеңгіген күйінде келеді. Қанша жүргенін де, қай жерде келе жатқанын да аңдаған жоқ.

— Кімсің, ей, қалғып келе жатқан? — деген дауыстан Сеит селк етіп қалды. Құрығын көлденең ұстап, тап бергелі тұрған салт аттыны көріп.

— Жанбатырмысың? — деді Сеит, едәуір бөгеліп барып. Үй салып жатқандарға бөліп шығарған сауын биелерді бағатын, күнде көріп жүрген Жанбатырды да әрең танығандай еді. Жайылып жатқан жылқыларды да енді ғана көрді.

— Ие, мен... Сеитпін?.. Жол болсын... Атының дені сау ма өзі?.. Ілбіп келесің ғой...— деді Жанбатыр.

— Сау шығар...— деді Сеит.

Жалғыз бір әдемі ат мінгені болмаса, өзге жағынан тыр жалаңаш жетім Сеит малшы-жалшылармен түгел етене, жақын жүретін еді. Жалшылар да мұны ертең-бүгін өздеріне келіп қосылатын әріптесі көретін.

— Онда өз денің сау болмады ғой? — деді Жанбатыр.

— Оны білмеймін...

— Өзің білмесең, мен айтайын, Назыкештің күйігі десем, не айтасын? — деді Жанбатыр. Сеит қарсы дау айтқан жоқ. Сол еді дегісі келгендей, күрсініп қалды.

— Қыз-ақ қой, шіркін!.. Байдың қыздары садағасы кетсін!..— деді Жанбатыр.— Әлдекімге бұйырар екен деп, қызғана жүруші едік, ақыры би Тлеукеге бұйртты ғой! Жұтуға келгенде кімсін дей ме, көзді жұмып жібереді ғой!..— деп, Жанбатыр едәуір наразылыққа барды.

Ойы үйлесер адамды малшы-жалшылардың арасынан

табарын білсе де, бұлардан сүйеу іздеп көрмеген Сеит жапа-жалғыз қалғанда жалғыз Жанбатырдың өзін аскар таудай пана көріп, сергіп кетті.

— Жанбатыр-ай, жалғызсырап келе жатыр ем, сендер бар екесіндер ғой... Мені азырақ шығарып салып кайтшы... Бұл қай түс өзі? — деді Сеит.

— Алдың Қызыл-мола... Бір-ақ қырдың астында Назыкеш жылап жатыр...— деді Жанбатыр катарласа беріп.

— Өздерін көріп-біліп жүретін жайымыз бар еді, енді кайтерімді білмей келемін,— деді Сеит.

— Тап сендей жалғыз басты болсам, мен Назыкешті алар едім де, тартып отырар едім! — деді Жанбатыр.

— Біз тіпті ондайды сөз қылып көрген жоқ едік...— деді Сеит шынына көшіп.

— Онда немене, ат-өттім болар деп жүр ме едің?

Сеит осы күнге дейін ешнәрсені салмақтап ойламағанына ұялып та қалды. Үндемеді.

— Назыкештей алтын қызды боска дәмелендіріп, әурелемес болар,— деді Жанбатыр. Дауысында наразылығы да, кіналауы да бар екен.

Сеит те бар арманы осы қыз екенін, бірақ, кайтерін біле алмай келе жатканын Жанбатырға жасырмай да бүкпей, түгел айтты. Үйсіз-күйсіз, туысканы жоқ жалғыз жетім бұл кезде үйлену жайын ойлай да алмайтын еді. О да Игіліктің қолындағы жұмыс сыяктанатын. Жанбатырға осы жайларын айтты.

— Өй, өзің жасканшақ та болып қалған екенсін ғой! — деді Жанбатыр.— Бір-екі ай кайда болса да паналамаймысың? Содан кейін Игіліктің тап өзінде жүрген еншің бар... Сұра сонында. Бір үйір жылқы мен киіз үйінді бермес деймісің? Әлде Игілік қуып жібереді деп коркамысын? Қуа берсін! Сенен өзге жұрт екі колымен де күнін көріп жүр ғой!..— деп, демеу де берді.

Дәл осы Жанбатыр айткандай буалдыр бірдемелер Сеиттің өз ойында да бар еді. Қазір сол ойы барлық кауіп-катерімен бірге айкындала түсті. Енді ол Игілікпен ат құйрығын кесіп айрылатын қыркада тұрғанын көрді. Бұл үшін Игілік Омардан айрылмайды да, мұны келістіріп тұрып жазалап та салады. Сеит өзінің осылан қаймығып жүргенін де ашгарды. Жанбатыр сөзі — сүйегінде бірдеме болса, осындай ауыр сынды елемей қыймылда деп тұрғандай тиді.

— Жанбатыр, қолқам болсын бір, бүгін мені Назы-

кешпен тілдестіре аламысын? — деді Сеит, неге болса да тәуекел еткен үнмен.

— О да колқа болып па, қазір тілдестірейін! — деді Жанбатыр.

— Қалай, қайтіп?..

— Онда жұмысың болмасын... «Атымды талға байлап келдім жаяу» деген өлеңді білетін бе едің?.. Дәл соны істе де қызды желінің басынан күт.

— Өй, оның осындай оңай болушы ма еді? — деді Сеит.

— Жоқты айтпашы, бауырым... Назыкештің бүгін не күйде екенін әлі түсінбегенбісін?..

— Уәде гой?

— Енді не болушы еді!..

Осыдан кейін Жанбатырмен айрылысып кеткен Сеит, атын өзен жақтағы тал арасына қалдырып, желінің маңайына келіп жатып еді. Күншенің қара үйінің төбесінен жарық көрінеді. Ән естіледі. Күлген, көтермелеген дауыстар келеді. Жерошақ оты кейде мол лапылдап, кейде бұғып бәсең жанады. Жанбатыр ұзақ хабарсыз кетті. Оның орнына құлынды бие жетелеген біреу қара үйге қарай жақындай берді. «Қалынмал гой» деп ойлады Сеит. Жерошақ басынан үйге қарай жөнелген ет табақтарын таныды.

— Күнше апай, бері шығып кетші... Мына бір бие ауырып қалды білем, оттамай қойды... Арқан, қазық ала шық! — деген тым асығыс шыққан дауыс естіді Сеит. Жанбатырды танып, оп-оңай алдап тұрғанына күліп жіберді. Өзім істей алмас едім деп ойлады. Жанбатыр әдейі белгі бере қатты айғайлап, аптықтырып барады:

— Бол, бол!.. Мал иесіз қалды!..

Үйден сасқалақтай Күнше шыға келгенде, Жанбатыр биесін жетелеп, қырға қарай ұзаңқырап кетіп еді.

— Желіден аулақ арқандайық... Былайырақ... Түнде күзетіп отырарсын,— деп, дабырлап сөйлеп келеді.

Ұзамай тықылдап қазық қағылғаны, күбір-күбір сөйлескен дыбыс естілді. Шеше кеудесінен ғана шыға алар күрсініс естігендей болды Сеит. Енді не болар екен, Назыкеш қашан келер екен деп күтіп жатқанда тура өзіне қарай келе жаткан Күншені танып Сеит тұра келді.

— Қалқам-ай, сен бе едің... Садағаң кетейін, қарашығым-ай!.. Қай жағымнан келіп қалдың!... Болдырып қалып едік қой... Тағы да сен бе едің есіркей келген,

сен бе едің?..— деп, мұндық шеше Сеиттің екі бетінен кезек-кезек сүйді. Өзімсініп, мейірленіп сүйді. Ыстық көз жасы Сеиттің жүзін жуып кетті. Шеше дегеннің кім болатынын Сеит те өмірінде бірінші рет ыстық сезінді.

— Шеше...— деп қалды ол шыдай алмай. Одан арғарын айта алмады.

— Беттерің оңғарылсын! Ақсарбастарың болайын! Менде басқа дәрмен жоқ...— деді де Күнше аяғын тәлтіректей басып үйіне қарай кетті. Әлденені әндетіп бара жатқандай естіледі. Егер Назыкеш Сеитпен бірге кісенге түсіп қалыпты деп естісе, ол былай тұрсын, қолға түсіп бірге өліпті деп естісе, мұнды шеше той қылғандай еді. Жанбатыр енді желі жаққа оралған жоқ. Сеитке ат дүбірімен ғана белгі беріп, малына қарай қатты жүріп кетті. Сеит тағы да ұзақ күтіп қалды. Той емес, өлім үстінде айтылғандай, ән мен өлең мана тоқтап қалған. Артынан қуман ұстаған бір адам мен бір арық ит ерген қожекең де тыска шығып қайтты. Қара үй маңайындағы дабырдудар басыла берді. Осы кезде иығына бай келіндерінің бірі берген көнетоз көк жібек шапан жамылған Назыкеш те Сеитке келді. Басында үкісі бұлғандайды. Белін ішінен буынып алған. Ақырын келді. Бұл оның түнде жігітке бірінші келе жатқаны еді.

Сеит манадан бері Назыкешке айтатын көп сөзі бардай болып жатыр еді. Қеудесі лық толып тұрған... Бәрі де әдемі, жылы да мәнді сөздер сыяқты еді. Қазір Назыкеш қасына келгенде жас жігіт күрмеліп қалды. Аузына бір мәнді сөз түспей қойды. Бар ойлағаны былай қалып, бассалып Назыкешті мойынан құшақтай алды. Сүйіп те алғандай болды.

— Ал, Назыкеш, қайтеміз, кетеміз бе? — деді Сеит, кететіндерін алдақашан сөйлесіп, келісіп қойғандай.

— Мен ештеңе білмеймін ғой...— деді Назыкеш, оң қолын Сеиттің кеудесіне салып. Содан кейін, кеудесі бір босап кеткендей күрсінді де үндеген жоқ...

Қайда кетеді, не үшін кетеді, нені, кімді паналайды, жастар мұның бірін де сөйлескен жоқ, білмейтін де еді. Бірін бірі сөзсіз, үнсіз түсінгендей, балаларша қол ұстасып, Сеиттің атын байлап кеткен тал арасына қарай жөнелте берді. Ойларында осы маңайдан тез кетудің асығысы ғана бар сыяқты...

Күйеу, қалыңдық деген әрі-сәріні ерлі-байлы деген тұрақты беліне бүгін түннен қалдырмай өз қолынан

шығарып салуға жан таласқан Омар әлі жатпай, үй сыртында отыр еді. Қасында күйеу қосшыларымен Батыраш бар. Тлеуке де осы арада... Жарық айға айнасын тосып қалуға қызығып-қызығып қояды. Ағасынан қорқып, әрең шыдап отыр.

— Жастардың төсегін сіздің үйге саларсыңдар,— деп, Сандыбайдың әйеліне Омар мана тапсырып қойған. Енді күйеуді санынан нұқып қойып:

— Қорықпа, шірік неме!.. Ол сенің қатының енді! — деп, Тлеукені қайрап отыр.

Алыстан орап, ұрыларша сыдырта жөнелген ат дүбіріне отырғандардың бәрі де елең етіп қалды.

— Өй, аттар түгел ме екен? Қарандаршы! — деді Омар. Жігіттер жаңа ғана тұсап жіберген аттарын байқап келіп:

— Түгел, түгел,— десті.

Дәл осы кезде, жаңа ғана Күншенің үйіне келіп кеткен Сандыбайдың әйелі тағы да жүгіре басып осылай қарай келе жатыр екен. Жүрісінде бір сасу бар сияқты.

— Ей, қатын, далақтамай, бері келші! Немене сәнденіп кеткендерің? — деді Омар. Күнше де естісін деп әрі қатал дауыспен, әрі Игілікше салмақты дауыспен айтты.

— Әлгі, бойжеткенімізді таба алмай қойдық...— деді әйел аптыға сөйлеп.

— Ә? — деп, Омар орнынан атып тұрды.— Не сандалады мына қанғырма? Шешесі қайда?

— Таба алмадық...— деді әйел, неге болса да бойұсынған былжыр дауыспен.

Наразы қыз сауға сұрап Айғаншаға кеткен екен деп ойлады Омар. Жаңағы ат дүбірінің бет алысы да сол ауылға қарай еді. Бұлар келгелі мойындайтын ырай бермей жатып алған қыздан Омар қауіптеніп те отырған. Айғанша бұдан — би білетін бе еді? — деп сұрай қалса, ол екі араға өтірік айтуға Омардың ерлігі жетпес еді. Өр кеуде қатын — би келгенше басымды ауыртпа деп, тастауға да бар... Омар осыны тез ойланып:

— Ерттеңдер аттарды!.. Ауылға жеткізбей ұстаңдар... Жаяу айдап апарыңдар! — деді де жүгіріп үйге кіріп:

— Қызың қайда, бұзылған? — деді Күншеге. Күнше үндемей қасарып қалыпты. Бірдемені білетін адамдай тас түйін...

— Екеуіңді де қызыл жон қылмасам, өзім қатын болайын! — деп, Омар Күншені бастан ала қамшымен тар-

тып-тартып жіберді. Жұлынған үкідей үрпиіп басын көтерген қожаның «сабыр, сабыр» дегенінен именген де жоқ, ұялған да жоқ. Күнше жүзін қолымен тасалай беріп:

— Назыкеш, енді, жоқ сенің делқұлыңа! Өлтір, өлтіре бер мені! — деді тайсалмай.

— Омеке, айналмайық... Аттар дайын,— деген Батыраштың даусы келді даладан...

Сеит пен Назыкеш ағызған бойы Игіліктің өз үйіне келіп тоқтап еді. Айганшаның мана күндіз айтқандарында Сеитті қожаның балдызы емес, Назыкешке қарай итермелеу бар еді, балаң ой сонысынан үміт етіп келді. Басқа барар жерлері де жоқ еді. Сеит күндегі әдетінше есікті еркін ашып кіріп:

— Айғанша апа, пана бола көріңіз... Бұл Назыкеш екеуміз ғой,— деді шошып оянған Айғаншаға.

— Өй, о не дегенің еді! Қашқан-пысқанның паналайтын үйі осы болып па? — деді Айғанша.

Сеит төбесінен тоқпақпен ұрғандай тұрып қалды. Әшейін де қалжыңдай сөйлесетін женгесінің бас сауғалап келгенде ыршый да безіне шыққан дауысынан шошып кетті. Сонша ысқаяқ шыққан дауыска таң қалғандай да еді. Алыстан білінген қуғыншылардың дүбірін есті бастаған Айғанша әлгіден гөрі де дауысын көтеріп:

— Ойбай, ауылға жау шақырмай, кетіңдер әрі! Әрі әкет бәленді! — деді. Жібек жастықтар мен жібек шымылдық су-су етіп, бай әйелінің басын көтеріп алғанын аңғартты.

Назыкеш сілейіп тұрып қалған Сеитті женінен тартып есікке қарай жетеледі. Рақым етпес ауылдан рақым тілеп әкелгеніне Назыкештен ұялып, Сеит табалдырықтан әрең аттады. Қорланып та, күйініп те кетті. Енді ол бұл ауылмен, дәл Игіліктің өз үйімен кектесіп кететінін де бір окыс іспен көрсеткісі келді. Назыкешті күрең төбелге мінгізді де, өзі отаулардың арасында кермеде тұрған екі жүйріктің бірін мініп, бірін жетелеп алып:

— Ал, шапты жау!.. Менмін жауларың! Аттаныңдар!.. Аттан, аттан!..— деп айғай салып, ауыл ортасынан әдейі шауып шықты.

Таң құлақ иектеп, қуғыншылар шоғыры да көрінді. Әр үйден шыға келген адамдар атқа ұмтылып жатыр.

— Сақпа, Назыкеш, өліп-ақ кетейік... Өкінбеймін... Ендігі бетімізде Ақмола. Қазақтан қайыр жоқ,— деді Сеит

Назыкешпен катарласа беріп. — Мен олай-бұлай болсам, сен құтыл. Орыс арасына жетіп бақ.

— Бірге көреміз де,— деді Назыкеш.

Жарау аттар еркін көсіліп келеді. Ауылдан андап шыққан аттылар қасқыр қуғандай топ-топқа бөлініп біразы бұлардың сыртын орай, енді біразы төтелей ішке кіре шауып келеді. Әуелгі екпінмен жақындап қалғандары да бар еді, енді олар ұзақ шабыс боларын танып, ұтылап кууға айналды. Бір-екеуі ғана өкшелеп келеді де өзгелері қиялай шауып жер ұтып келеді.

Ұзамай кейінгі топтан сытылып шыққан жалғыз қара қашқындардың Нұра жақ алдын орайтын бетін көрсетті. Ақмола асырып алудан қуғыншылар да қауыптенетіндей екен. Жалғыз қара жанасалай шауып, сол бетке ие болуға жіберілген сияқты. Оны Сеит те солай түсінді. Әйтеуір, бір қайратқа мініп, неге де болса бел байлап мұңаймай келе жатқан Назыкеш ол айланы аңғармап еді.

— Ал, Назыкеш, аттың басын босата бер... Мынау жалғыз алдымызды орағалы келеді,— деді Сеит. Аттар алға қарай жұла-жұла жөнелді. Енді көде түптері көрінбей, жер беті жасыл кілемдей құлпырып, кейін қарай тұтас сырғый бастады. Жалғыз қара да көсілте салды. Суырылып сырғып, өндіре домалап келеді. Ұзамай бұл үшеуі өзге қуғыншылардан қара үзіп, белдер астына түсіп кетті.

— Сеит, мынауың бізге тымағын бұлғап келеді... Қарашы,— деді Назыкеш бір кезде. Ең жақын қалған қауіптен Назыкеш екі көзін айырмай келе жатыр еді.

— Алдау болар,— деді Сеит, сене алмай. Қуғыншы тымағын қолына алып, үсті-үстіне былғап келеді екен. Артына да қарап қойып, тезірек тоқтауларын тілейтін сияқты.

— Осы Таңатар сияқты... Ол болса, алдамайды,— деді Назыкеш. Таңатар бие сауғызатын жігіт еді.

— Сен ілгері жүре бер, мен тілдесіп көрейін,— деп Сеит атын тежей беріп еді, жалғыз қара да тура Сеитке қарай салды.

— Таныған соң, тілдесе кетпеймісің!.. Мен сені бәрібір құтқармаймын ғой! — деді қуғыншы алыстан айғайлап. Сойылы қарында келеді, салып өтер ыңғайы жоқ. Таңатар екен.

— Артыма қарайтын шамам болып келе ме менің...

Қасымбысын, досымбысын? Әуелі сонынды айт! — деді Сеит.

— Мына шіркін не дейді?.. Қасың мен болсам, досың кім болғаны?—деді Таңатар қара-көк атын тоқтата беріп.

— Ендеше бөгемей, алдымды босат,— деді Сеит.

— Мен жете алмадым дегенге біздің үйдегі қатын да сенбейді. Сен мені түсіріп кет ұрып жығып... Ат ойнақтап шыға берсін, мен сілейіп жатайын...— деді Таңатар.

— Өй, мен сені түсіре алушы ма едім?.. — деді Сеит, абыржып қалып.

— Тәйірі деген, жап-жас жігіт бір кәрі тірсекті түсіре алмайтын ба еді! Міне түсіргені!..— деп, Таңатар атынан түсе қалып, ер тоқымын бауырына қарай аудара салды да, сауырға бір салып жарау қара-көкті қоя берді. Ат үркіп, айнала шауып ақырында үзеңгіні сарт-сұрт текпілеп ауылға қарай шауып кетті.

— Ал енді айналма! Мә, сойылымды да ала кет! Назыкешжанға сәлем айт! — деп Таңатар сойылын Сеитке беріп, өзі қылжыйып құлай кетті.

Бір түнде екі жалшыдан осынша достық көрген Сеит жылап жібергендей еді. Өзі болса, малшы-жалшылармен ойнай күле жүргені болмаса, біріне бір болысып көрмегені есіне түсті. Жабайға істеген жақсылығым шығар-ау еселеп қайтып жатқан деп ойлады. Жалшылар оны қашаннан өздеріне қоса санайтынын Сеит әлі сезінбеген екен...

Таңатар он жылдан артық Жұман үйінде жүрген жылқышы еді. Өткен қыста бұл баққан қос қырылып қалды да Игілікке ауысты. Қашаннан бері Жұман есігінде жүрген Күшемен әр кезде мұндас та сырлас болушы еді. Назыкешті Сеит алып кетті дегенде Таңатар қатты қуанып, екі талай кезеңге кездессе ашықтан ашық болысуға аттанған болатын. Сол тілегіне қарай бұған қашқындардың алдын орай шабу тапсырылды да, Таңатар бәрінен бұрын келіп, қуып жетіп, ойындағысын оңай орындап қалды.

Назыкеш пен Сеит Қарағандының қарасын көргенде күн де көтеріліп қалып еді. Әр қыркадан андап көрінген қуғыншылар да аянбай түйілігіп келеді. Көз ұшында Нұраның өткеліне қарай төте тартқандар да шалынып қалды. Кең жайылып, жайрап жатқан көмір мен топырақ, сарғайған барактар, ығы-жығы көп көлік, сапырылысқан көп адам қашқындардың қауыптенер де, үміттенер де

жері — Қарағанды еді. Мұнда орыс жұмыскерлері бар, қазақ жұмыскерлері бар, таныстары да бар. Сонымен бірге, Игіліктің кіресі де осында тұрған сыякты.

— Назыкеш, паналар бір жер осы. Өлсек-тірілсек те осы арада көрейік. Алдымызды орап барады... Қашып, қайда құтыламыз,— деді Сеит... Назыкеш басын изеді.

Жапырайып жатқан барактардың айналасы бәрі көлік еді. Бүгін орыс жұмыскерлері көтеріле қайткалы жатқан. Қызылжарға мыс әкетіп бара жатқан пар-пар өгіз жегілген Ыбрай кіресі жұмыскерлерді ала кетпек болып, қазір артынып жатқан қарбалас үсті еді. Жұмыскерлерді кеше кешке қонақ етіп, бүгін қоштасып қалғалы тұрған Ушаковтың өзі де осында. Қасында бір топ қазақ жұмыскерлерімен осында қалатын болған Михайло Неволя бар. Қашқындар мен қуғыншыларды көріп:

— Бұл немене? — деді Ушаков.

— Мынау екеуі қашып келеді, кейінгілер қуып келеді,— деді Бұланбай.

— Біреуі қыз, біреуі жігіт,— деді Байжан.— Е!.. Қарапчит екен...

Қашқындар кіреден ығысып, шеткі барактарға карай ойысты. «Сауға,сауға!» деген айғай естілді. Сауғаны көзіне түскен көптен тілесе де бұл маңға жақындауға бата алмай, шеткі барактарға қарай өтіп барады.

— Жә, төбелес болып жүрмесін... Арашалау керек,— деді Ушаков. Сеит пен Назыкеш шеткі екі барактың ортасына тоқтады да, аттарын қоя беріп, түтін шығып жатқан шеткі баракка қарай жүгірді. Айғай-сүрен салып қуғыншылар да келіп қалды.

Сеит Назыкешті жетелей жер баракка кіріп еді, іші көк-ала түтін, буалдыр екен. Көрік алдында шақырая қызарған көмірді көріп, ұсталар дүкеніне кіріп кеткендерін таныды. Екі-үш адамның қарандағаны ғана байқалады.

— Сауға, сауға ағайындар! — деді Сеит.

— Жазығымыз жоқ, араша! — деді Назыкеш.

— Бұл немене? — деп орысша сұраған дауыс естілді.

Ат дүбірі мен ашулы айғайлар да осы барактың алдында ұмар-жұмар естіледі. Ашу кернеп, ызадан жарылғалы қалған адамдар қанға құмарткандай, опар-топар өкіректеп келеді.

— Көрсетші көзіме! Берші қолыма қаншықты!..— деген Омардың дауысы ерекше танылады.

Қуғыншылар опыр-топыр дүкенге кіре бергенде, Назыкеш как қасынан:

— Назыкеш, былайырақ тұршы,— деген дауысты естіді. Кім айтқанын аңдамай қалды. Оның ойы да, көздері де қуғыншылардың алдында сыбап балағаттап келе жатқан Омарға қадалып тұр еді. Назыкеш ырғып барып үлкен көрікке соқтығып тоқтады. Кесек те аласа, оның үстіне енкіш біреудің қолында әлдененің сабы жарқ етіп қалғанын көрді Назыкеш. Ұңғысынан сығған кетпенге ұсайды екен: Омар ынқ етіп үшып түсті. Бір балағатқа қақалып қалғандай, аяқтай алмай құлады. Етбетінен түсіп, сілейіп қалыпты. Етік тұмсықтары ақырын ғана жұмсақ шаңды тырналап, бүркырата бастады.

— Біріннің үстіне бірің құлағың келмесе, шығыңдар! — деген айғайдан Назыкеш селт етіп қалды. Жабайды таныды. Қолындағы кеспелтекті тағы да ынғайлап, ұрып жібергелі тұр екен. Жалғыз көзі шақырайып кетіпті, қызғылт ұшқын шашады.

— Шығыңдар енді! — деп, Жабай тағы ақырып қалды. Ұңғысынан сыңған қайланың сабын тағы да сілтеп қала жаздады.

— Өй, Жабай екесін ғой!.. Тоқтай көр, жаным,— деді Сеит. Жабайды енді о да танып еді.

— Ойбай, Омар құлады!

— Соққыға жығылды!.. Омар, Омар!..— десіп, қуғыншылар сыртқа қарай ысырыла берді.

— Омар, Омар!.. Соққыға жығылды! — деген дауыстар енді далада қайталанды.

— Кетіңдер бұл маңайдан! Кетіңдер! — деген Бұланбай мен Байшегір дауыстары да араласа шықты.

Омардың айтқанынан шыға да алмайтын, Омар үшін жанын да сала алмайтын жігіттер оңай естерін жыйып, шегіне бергені аңдалады. Дүкенге Бұланбай мен Байшегір келіп кірді.

— Омар дей ме?.. Жаман жатыр ғой өзі...— деді Бұланбай.

— Далаға шығарайық,— деді Байшегір.— Қайсың барсыңдар, көтерісіп жіберіңдер...

Омарды Сеит те көтерісіп шығып еді. Жұрт жыйналып қалған екен. Ушаков та келіпті. Қуғыншылар да аттарынан түсіп, оңаша иіріліп тұр. Қызулығынан солғындығы басым бола қалыпты.

— Жаным, сен бе едің дүрліктіріп жүрген?— деді

Бұланбай, Сеитті далаға шыққан соң ғана танып. Сеит қуарып кеткен екен, айыпты адамша үндей алмай қалды.

— Біреу өлген бе?.. Мынау жатқан кім?—деді Ушаков.

Омардың сол жақ бет сүйегі опырылып, астыңғы жағы оң жағына қарай қыйсайып кетіпті. Аузынан қою қара қан ағады. Сынған бір тісі оң жақ езуіне қыстырылып қалыпты. Бір ышқынып қалып, демін дұрыс ала бастады. Омардың өлмейтін белгі бергеніне ренжігендей, кіреші Ыбырай кейін шегініп кетті... Әзір ой-бауырымдап өңмендеп жүрген жалғыз Батыраш қана.

— Байжан, Ақ-бұйратқа шапшы, фельдшерді алып келші,— деді Ушаков.— Мұнымен төбелескен кім? — деп сұрады содан кейін.

— Қашқан мына жігіт, қуған бұл,— деді Бұланбай Сеит пен Омарды кезек-кезек көрсетіп.— Екеуі де Игілік байдың адамдары...— Ушаков Бұланбайдың қашқынға болыса сөйлегенін аңғарып қалды.

— Ұрған мен,— деді Жабай, жұрттың арасымен, ақсай басып, Ушаковтың алдына келіп.— Мен ұрдым...

Осы арада тұрғандардың бәрі де Омар мен Жабайдың арасында кек барын есіне алды. Қазақ жігіттері соққының соққымен қайтқанына риза да еді. Ол жайды білмейтін Ушаков қана ұстасына қабақ түйіп:

— Сенің не жұмысың бар еді? — деді. Жабай үндемей, кейін шегінді. Енді оған Бұланбай ашық араша түсті:

— Мынау көз, мынау аяқ!..— деп Бұланбай Жабайдың ағып кеткен көзі мен әлі де ұшынан ғана басуға келетін аяғын көрсетіп,— который лежит, осының жұмысы, осының қолы...

Ушаков Сеитті де танып тұр еді, бірақ, күналы көріп, амандаскан жоқ, танымаған қалып көрсетті.

— Жә, Игілік өзі тексеріп алар... Әзірге мынаны бақылай тұрындар... Өліп қалмасын... Су беру керек,— деп Ушаков конторға қарай кетті. Түсініксіз шытырманға араласқысы келмеді.

— Ей, өздерің бағып алыңдар...— деді Бұланбай, иіріліп оңаша тұрған қуғыншыларға. Олар енді осы бәленің маңына жолағысы келмей, сыңар тұр екен. Әрең қозғалып келіп, Омарды көгалға қарай алып кетті...

— Бұланбай, сен көріне көлбей тарттың-ау...— деді Батыраш.

— Немене, аққа болыспай, қараға болысып тұрмын ба?

— Әшейін, бетіңді аңғартқаныңды айтқанымда...

— Аңғарсаң болыпты... Адаспасыңа жақсы болар...— деп Бұланбай теріс айналды.

Катерина Неволя мен Күнзила екеуі ұсталар дүкенінде тығылып отырған Назыкешті алып келе жатыр...

— Міне, ақылды қыз... Қандай сұлу еді!.. Күйеуі қайсы! Е, анау ма... Сұлу жігіт екен... Дұрыс еткенсіңдер, байға сүйіп тию керек...— дейді Катерина.— Ештеңеден қорықпа.. Сені біз ешкімге де бермейміз...

— Біздің баракта боларсыңдар, Сеит... Ендігісін бірге көріп алармыз. Біз де бір қауым жұртпыз,— деді Бұланбай Сеитке. Сеит бетіне қан жүгіре бастағанын сезінді.

— Құрым күйдіріп, басайық... Құрым...— дескен қуғыншылардың дабыры естіледі.

Назыкеш пен Сеитке қызыға да қызғана қарап, Жабай дүкеніне қарай кетіп барады. Не істеді, кегін алды ма, достық көрсетті ме, әлде екеуі бірге келіп қалған соң, қолына ие бола алмай қалды ма, ол арасы Жабайдың өзіне де айқын емес еді. Көз алдында қуаң тартқандықтан тіпті ажарланып кеткен Назыкеш те бар, аузы қыйсайып қалған Омар да бар...

Кірешілер Қарағандыдан шұбап шыға берді. Жүгіріскен жұрт қайта-қайта құшақтасып, қайта-қайта қоштасады. Шұбай еріп, жыласып қалып барады. Орыс пен қазақ құшақтасқанын бірінші көріп тұрған Назыкеш таң қалып карайды. Қасындағы Катерина бір кезде оны жалғыз тастап, кіренің алдына қарай жүгіріп кетті. Күнзиланың жаулығы да әр арбаның қасында бір ағаңдайды. Ұзамай Қарағанды басында жалғыз ғана қазақ дабыры, қазақ козғалыстары қалды.

— Жүріңдер, шырақтарым... Баракқа кірейік...— деді Бұланбай Сеит пен Назыкешке...

6

Көмірге кейін келіп түскендер ауылдың барлық иісін ала келгендей еді. Қарағанды басында қара-құра мал құралып қалыпты. Жапырайған жер барактардың төбесінде лақтар ойнақ салып жүр. Жаңа салынып жатқан екі ұзын барактың төбесі жабылып жатыр. Қараған

арасын шұқылап жеке жер барақ салып жатқандар да көрінеді. Әр жерде бірінің төбе киізі, бірінің етек киізі жетіңкіремей тұрған қоңыркай киіз үйлер Майқұдық суына қарай бытырай ойысыпты. Көйлек алдын ышқырыша түріп алып, кең қызыл шұбар дамбалдары түйенің тізе шудасындай салақтаған әйелдер, әр тұстан қараған аркалап келеді.

Ұзын ашық шахтада ұзақ күнге дамыл алмай сүймен ұрып, кайла шауып жұмыскерлер жүр.

— Қыймылда!.. Сөзді кой!..— деген Иван Зубовтың қатал даусы әлсін-әлсін шығады. Таңның атуынан күннің батуына дейін дамылы жоқ жұмыскерлер түс ауып, көленке ұзара бастаған кезде көбірек сөйлесіп кететін еді. Қайла мен күректер де осы кезден былай қарай көбірек сына бастайды. Бұл кезде танертеңгі қалжың емес, кейіс сөздер ғана айтылатынын Зубов та жақсы түсінеді.

Жер астына түсер ауызын сөрелеп қыртыспен жапқан екі жабық шахтаның маңайында адам аз көрінеді. Көздері таңулы екі атан мәңгі бойы айнала беру жазасын алғандай, ұйқылы-ояу, тоқтаусыз айналады. Өздері де мәңгі болып кеткен. Тоқтарда да, қайта жүріп кетерде де айтқанды ұға қоймай артық сөз естиді. Көмір атжалдары бұл маңайда жиі қатарланып қалыпты. Төбесін қарағанмен жапқан атжалдар ұзын-ұзын қораға да ұқсап кетеді.

Майқұдық суының басынан көп бала қайтып келеді. Жарысып, жүгіріп алып, арттарына қарап, кейін келе жатқан жалғыз ересек адамды тосып алады. Ересек адам жақындағанда тағы да топ торғайдай бытырап жүгіре жөнеледі.

Ересек адам инженер Некрасов еді. Нілдідегі кен шахтасын толық мағнасында жүргізіп жібергеннен кейін Ақмоладағы үйіне барып қайтқалы жатыр еді, Ушаков оған быйыл оқуға баратын отыз шақты қазақ балаларын ала кетіп, орналастыруды тапсырды. Жатақ үй, кітап-құрал, тамақ жайында әлі жетпей жатқаны бар екен. Ушаковка қазақ балаларынан кен мамандарын шығару керектігін ең алғаш кеңес еткен де өзі еді, балаларды ала кетуге де ауырсынған жоқ.

Ақмолада быйыл ашылғалы тұрған мектеп әуелі шағыннан басталса да, бара-бара үлкен іске айналатын бет алып еді. Қазір бұл бастауыш мектеп, енді төрт жылдан кейін Рязанов-Ушаков Компаниясының тау-кен училище-

сіне айналмақ. Оны бітіріп шыққандар тура өндіріске де кеде алады, Том қаласындағы тау-кен университетіне де түсе алады. Инженерлерінің кеңесі бойынша осы ойға берік бекінген Ушаков Компания мектебінің өзге мектептерден жоғары көрінуін де арман ететін еді. Балалары бір өңкей киінген, жасынан-ақ көмір мен мыска келетіндерін, осы Компанияның адамы екендерін мыйына сіңдіре тәрбиелетпек те. Өзі асырап, өзі киіндіретін мектепке жұмыскерлер де балаларын үлкен қуанышпен жөнелткелі жатыр еді.

Оқуға жіберілетін балалардың көбі Нілді, Ак-Бұйрат, Қарағанды жұмыскерлерінің балалары. Бұланбай мен Алшағыр да балаларын берді. Кесек денелі, күрең жүзді Нартаймен, аққұба қызылшырайлы бала Әлішер қазір осы келе жатқан бір топ баланың ішіндегі естияры да, піріп жусатары да сияқты еді. Әзір келе алмай жатқан Жұмабек төренің баласы. Некрасов уәдесі бойынша сол баланы күтіп Қарағандыда екінші күн бөгелді. Қазір балаларды ертіп барып судан қайтып келеді.

Жаздың да ауған кезі, күннің де ауған кезі... Бірақ, күн әлі ыстық. Аңызақ жел де бар. Топырағы кепкен сусыз шөлейт дала ыстыққа ыстық қосатындай сезіледі. Сирек біткен жусан мен көдеден басқа, жапырақты шөптердің бәрі де қурап, ұшып кеткен. Өзге шөптердің иісі де жоғалып, жалғыз ғана жусан иісі қалыпты. Сардала деген аты осындай кезде қойылғанын аңғартып, ой-қыр тұтас саргайып жатыр.

Ыстық қайтып, салқын түсе бастағаннан кейін дүниені әнімен оятып, қайтадан өмір қыймылына шақырып, бозторғайлар шырылдай бастады. Жер бетіне көбелектей дірілдеп бозторғай көленкесі түсті. Әлсіз де нәрсіз болса да бұл даланың жүзіне осыдан басқа түсер көленке де жоқ еді.

— Үйлеріне қайта беріңдер. Ертерек ұйықтаңдар, ерте жүреміз,— деді Некрасов. Некрасовты төре мен моллаңың қайсысына қосарын біле алмай, қалайда ығыса жүрген балалар енді шуылдап шапқыласып кетті.

Некрасов жабық шахталардың бірін кеше аралап шығып еді, енді екіншісін көруге ойы кетті. Ризашылық етсеңіз, Сикорскийді қуып жіберіп, сізді Қарағандыға көшірер едім деген Ушаковтың өтінішін де бар еді.

— Бір күні мықтап бір отырғызады ол сұм! Жалғыз содан ғана шашым ағарып барады. Бұйрегіме қадалған

шегедей!..— деп еді Ушаков. Некрасов ризашылығын бере қоймаса да, көмір жайымен кеңірек таныса кеткісі келді.

Шахтаның дәл шығар аузына жақын кеңірек алаңда төрт әйел топырағын айырып көмір сұрыптап жүр екен. Біреуі орыс әйелі, өзгелері қазақ әйелдері. Әйелдердің қасына көбірек айналып қалған екі шанашы шелектен басын көтеріп шыға берген Некрасовты көріп, тез тайып берді. Ұзамай біреуі қожалақ дауыспен әндетіп кетті. Ол белгі әні «Қеш жарық» еді. Әйелдерден шам сұрап алып Некрасов шахтаның түбіне қарай кетті.

— Е, мынау бір иман жүзді адам екен... Нағып тиіспей кетті? — деді бір әйел. Бұл Күнзила еді.

— Өзгесінікі аз болып жүр ме?.. Буаз қылып болды ғой... Құлағың үйренбейтін ешнәрсе жоқ екен ғой,— деді екінші әйел. Ол Назыкеш еді. Үш айдың ішінде мұның да беті ашылып қалған екен. Нені аңғартатынын іркілмей тұспалдады.

— Үйде аз естіп жүрген сөзіміз бе еді? Сен-ақ тәлімси береді екенсін! — деді үшінші әйел Назыкешке. Ол Мұсақайдың әйелі еді. Өзі ат үстінде, ананы-мынаны қағыстырумен пайда табатын Мұсақай өткен қыстың төлеулерінен құтылғанша деп, әйелін көмірге түсірген. Әйелдің аты Балсары болатын.

— Естісең өзің еститін шығарсын, біздің Алшағыр ондайды айтпайды. Айтса, мен оның аузын қарыр едім, — деді Күнзила.— Ненің буы айтқызады, неге айтқызам?

— Талтаяқ байдың қызы болған соң, қалай айтқызайын деп ең!.. Осында қой бағып жүрген шал сенің әкең емес, менің әкем шығар! — деп, Мұсақайдың әйелі көптен бері араларында бықсып жүрген кикілжіңді үрлей бастады. Сазарған жалпақ бет сары әйел денелі адам екен. Шаштасуға бой ұрып, бөртініп кетіпті. Бір ауылға жайлау боларлық жалпақ бетінің сол жақ томпағына шыққан түймедей қара меңіне бір түп қыл да шыққан екен. Қазір көмір шаңы тұрып қалған қара мең қара бүйідей түксиеді.

— Үйтіп көкігенше, адыра қал! — деді Балсары. Күнзила да күйініп кетті:

— Менің әкем сендерге ұсап ұрлығын өтеу үшін қой бағып жүрген жоқ. Адыра қалсаң, өзің адыра қал! — деді.

Талтаяқ қазір осында жұмыскерлердің бірлі-жарым-

ды қой-ешкісін бағып жүр еді де, Мұсақайдың қыс бойы осындағы жұмыскерлерден ұрлап-жырып жегендерін төлеп жүргені де рас еді. Байшегір еселеп құскызған болатын. Кедейлік те мактаныш емес, бірақ Күнзиланың ұры дегені иесін тауып дәл тиген екен, Балсары оны кеудесінен түйіп жіберді. Күнзила да қолын сермеді. Сонымен Некрасовтың Акула мен Зубовка ұсап балағаттамай кеткені әйелдердің салғыласып қалуларына себеп болды...

Қазақ әйелдерінің не айтысып жатқандарына түсінбеген де, мән де бере қоймаған Катерина Неволя қол іс басталып кеткен соң ғана арашаға түсіп еді, Балсары оны да түйіп жіберді. Төбелесіп әдіс алған адамдай, тағы да кеудеден түйді. Москал әйел көмір үстіне барып құлады. Өзін бір жақ, өзгелерін бір жақ көретін Балсары Назыкешті де түйіп жіберді. Енді арашаға сыртқа көмір жөнелтіп тұрған екі жігіт келіп кірісті.

Долданып, бөртініп алған Балсары бұларға да бой бермей, ұзақ алысты. Жігіттерге қол сала алмаса да сөзбен сыбап жүр... Қазақ ондайды «ақ ит кіріп, қара ит шығып» деп бейнелейді. Дәл атауға аузы бара алмайды...

— Шелекке салып жіберейік өзін! Бұл көк долы жұмыс істетпейді енді,— деді жігіттердің бірі.

Балсары оңайлықпен шелекке де түспеді. Қалай реті келсе, солай, басы төмен, аяғы жоғары құлаған күйінде жігіттер шелектің бетін жапты. Арқан жұлып сыртқа әкетті...

Осындай бір ұят қылықтар жаңа алынған жұмыскерлердің көбеюлерімен бірге көбейіп келе жатыр еді. Ескі ауылдың бақасы мен бәсекесі, күндеуі мен көре алмауы, биті мен бүргесі сияқты ере келді де, басқарусыз жерде тұтана бастады.

Ескі жұмыскерлер мен жаңа жұмыскерлерді жақындатпауға Сикорский мен Зубовтар да барын салатын еді. Некрасов жабық шахтадан шығып, барактарға келе жатқанда осындай бір қылыққа о да кездесіп қалды.

Ашық шахтаның жар қабағында жалғыз әйел долданып жылап отыр. Ара-тұра күйініш сөздерін түйдек-түйдегімен айтып жіберіп, ұлып жылайды. Әлдекімдерге шағынып, қолма-қолға оңай қозғала қоймағандарға ызаланып жылайтын сияқты. Бұл жанағы Балсары еді.

— Аналар мені ұрды, байлап-матап шелекке салып жіберді...— деп келген.

Қарағандыны оңаша баурап алғысы келетін ескі жұ-

мыскерлер жана келгендерді кай жерде болса да түртпектеп, сыйғызбайтындығын көрсетіпті... Өздері салқын да қараңғы жерде, десятниктің көзі тайып кетсе-ақ, жұмысты тастап қалжыңдасып отыратын қалтарыста жүрсе де, ақшаны солар көп алады. Көз тасасы жоқ ашық жұмыста жана келген сорлылар жүр... Өз үйінде Мұсақайдан естітін сөздерін Балсары ашу үстінде көптіре айтып, жанжалға шақырып отыр еді.

Ашық шахтадағы жаңа жұмыскерлер Балсары зарын ішбұра тындады. Бұлар көмірге Мұсақай арқылы алындық деп ойлайтындар еді.

— Әне, сөйтеді олар!..

— Біз сорлыға күн жоқ мұнда!..

— Бірімізді сыйғызбайды әлі...— дескен дауыстар әр жерден шығып қалды.

Бұлардың кімге кіжіне бастағандарын бірден түсіне қалған Зубов, сүйемендері мен қайлаларына сүйеніп тоқырасып қалған жігіттерге ақырған да жоқ:

— Не болыпты? Кім ұрыпты?.. Бұланбай ма? — деп сұрады. Жігіттер енді оны қоршап алып, арыз ете бастады:

— Міне, қуып жіберіпті.

— Бәрімізді де қуғылары келеді.

— Біз арзан жалдандық. Содан қорқады! — десті.

Некрасов осы тұска келіп еді:

— Жұмысты жақсы істеп үйренсендер, сендердің жалақыларың да көбейеді деңіз,— деді ол. Аздап казақша білетін еді, жалақының аздығына арыз етіп тұр екен деп ойлап қалды.

— Олай емес,— деді Зубов қатал үнмен.— Нағыз жалақы осылардікі. Отыз тыйын... Аналар артық алып жүр... Бұлар соған жәбірленеді, дұрыс жәбірленеді.

Түбі Рязановтан шыққан теріс ынғайды Некрасов өзі де жақсы білетін еді. Жақтырмайтын да еді. Соған қарай бейімделіп келе жатқан Ушаковка да наразылығы бар-ды. Ол туралы Зубовка жөн айтып тұруды керексіз тапты да, ілегісе кеткелі тұрған Зубовпен шатақтаспай кетіп қалды. Бәрібір, үйреніп қалған ескі жұмыскерлердің жалақысын ешкім кеміте алмас, мыналар болса, түсінер, өздері де соған ұмтылар деп ойлады.

Некрасов конторға жақындай келе пар ат жегілген Жұмабек арбасын таныды. Манағы балалар да осы маңайда топталып жүр екен. Іштерінде жаңадан қосылған,

жақсы киінген үш-төрт бала көрінеді. Алыстан келгендігін қыймылсыз қалғуымен анғартып, екі ерттеулі ат та контор алдында тұр. Некрасовтан ығысып балалар барақ тасасына қарай ойысты. Некрасов конторға кірді.

Жақсы киінген, түймелеріне дейін түгелдей бір түрліден тағылған, аяқтарында әдемі етіктері бар төрт бала жана келіп еді. Жұмабек төрсінің өзі әкелді. Біреуі өз баласы, өзгелері Ордабай мен Күренкөз қожа, Тұрсынбай — үшеуінің балалары. Тұрсынбай баласын осы араға дейін салт, өзі әкеліпті. Ерттеулі аттар сонікі еді. Баракты тасасына шығып алған соң, балалар Некрасовтан ығысып, бөліп жіберген әңгімелеріне қайта көшті. Жақсы киінген балаларға күндей де ұнатпай ма қарап тұрған жұмыскер балалары ұсақ-ұлаң жанжал басталып кетуіне де қарсы емес еді. Байлық пен бала күнінде ғана есептеспейсің. Бай балалары екенін танып, әуелі керден қарасып, ойқастап тұрған балалар «күресесіндер ме?» ге келіп қалып еді, қазір сол арадан қайта бастап кетті.

— Күресемісің? — деді Нартай, жаңа қосылған төрт баланың ең үлкендеуіне. Нартайдың ойында жаңа қосылған төртеуді ығыстырып, иектеп алу да бар еді.

— Күресем,— деді үлкендеу бала. Ол салт келген, Тұрсынбайдың баласы Құдайменде еді.

Құдайменде оңай жығылып қалды. Әдіссіз екен, қапсыра құшақтай берді де тыраң ете түсті.

— Қапым бар, қапым бар...— деп, қайта ұстаса тұра келіп еді, Нартай иығынан оқыс тартып қалып, етпетінен түсірді де, желкесіне мініп алып:

— Тағы да қапың бар ма? Тағы да бар ма? — деп тебініп-тебініп қалды. Құдайменде жасып та қалған екен, үндей алмады. Нартай жайраңдай күліп, жолдастарына қарай бір ғана жарқ етіп тұрып кетті де:

— Сен семіз қара, неге күреспейсің? — деп Кенжеғараның қолтығынан оң қолын өткізе бергенде, ол бір тақыс екен, Нартайды аяғының ұшынан басып қалып ұшырып түсірді. Нартай шалқасынан құлады. Кенжеғара өзі еңкеймепті де, сұрланып қалшыйып тұрып қалыпты.

Нартай жерден мыстай қызарып тұрды. Толықтау болғанмен аласарақ баладан жығылармын деп ойламап еді. Қалай жығылғанына аң-таң болып, едәуір аңырып қалды. Жолдастарына көзі түсіп кетіп еді, бәрі де қуаң

тартып, жүдей қалған екен. Енді мұның жүзі де бұзылып, қара күреңденіп барады.

— Мықты болсаң, қайта күрес, қайта күрес! — деді Құдайменде, өз жығылғанын ұмытып кеткендей, ыржыя күліп, мәз болып тұр екен. Әсіресе, сойдақтау біткен бір күрек тісі күліп, мазақтап тұрғандай ақсыяды. Нартай онсыз да қайта күреспек еді.

— Сен ұстаспай жатып неге қағып қаласын? — деп, Нартай Кенжеғараға жақындады.

— Мен қаққаным жоқ... Сен ұстағансың, мен ұстағаным жоқ,— деді Кенжеғара. Сызданып айтты.

— Сөзді қой, ұстас кәне! Қапышыл неме, өзің де қапы кетпе! — деді Нартай, ұстаса беріп.

Ызалы Нартай иықтан ала бере жұлқып қалып, Кенжеғараны етбетінен түсірді де: «Қапы кеттің, қапы кеттің!» деп, тезбе-тез қайта тұрғызып алып, бірақ, қайрат етуге келтірмей, шалқасынан салды. Енді жауының беті біржола қайта қалғанын сезініп, Кенжеғараны асықтырмай тұрғызып:

— Ер кезегі үшке дейін, қайта кел! — деді.

Кенжеғара үндемей келіп, белдесіп ұстасты. Бұл жолы екеуі ұзағырақ алысты. Кенжеғара шаптан тіреп, қыймылдауға да жібермей, қыймыл да істемей жатып алды. Нартайдың ызаланып жүргені байқалады.

— Зілдейін қарашы өзінің! Күнде неше аяқ айран ішесің?..— деп қояды Нартай.

Кенжеғара кабағын түйіп алып, тіл қатпай, аңдып күресіп жүр. Екі көзі Нартайдың жалаңаяқтарын аңдып еді. Бір кезде темір шегелі өкшесімен жалаңаяқтың дәл қырынан басып тұра қалды. Сіресіп тұр. Өкше астынан қан шықты. Бала қаннан қорықса керек еді, Кенжеғара қорықпады. Нартай да қатты тістеніп шыдап қалды. Аяғын қозғайын десе, темір шегелер сойып жіберердей. Нартай бар күшін салып Кенжеғараны тік көтеріп алды да, ынқ еткізіп шалқасынан ұрды жерге. Қатты ызаланған екен, бұл жолы Кенжеғараның кеудесіне мініп алып:

— Әкең аты кім? Айт шапшаң! — деді.

— Айтпаймын,— деді Кенжеғара. Кеудесіне мініп отырған Нартайды жаурын ортадан ала етігінің тұмсығымен теуіп қалды. Нартай оны бөксесімен кеудеге бір нұқып жіберді. Енді ол көзін бір жағына бұрып алып, өліміне бейіл адамдай, сазарып жатыр.

— Айтпасаң, жібермеймін. Ақмолаға дейін кеудеңе мініп барам!..— деді Нартай.

Нартайдың серіктері де Кенжеғараның үстіне төніп қалыпты. Олар да шуылдап:

— Айтпашы кәне, аузыңа топырақ толтырайық. Айт, жаның бар да! — десіп, Кенжеғараның құлағын бұрай бастады. Кенжеғараның серіктері енді жаппай төбелестен қауіптеніп, шеттеп кетіпті. Қаша жөнелуге тұрғандай...

— Күреңкөз...— деді Кенжеғара ақырын ғана. Бұлығып, қорланып айтты...

Кенжеғараның кім баласы екенін Нартай мана білген. Қыстан бері Байжан үйінде тұрған баланың құлағына Кенжеғара жайындағы әңгімелер де талай тиген. Қазір ол сол шындықты айтқызғысы келіп:

— Ол емес сенің әкең, Игілік деп айт! Игілік деп айт! — деп, Кенжеғараның кеудесіне бөксесімен жортақтап-жортақтап алды. Бала қаталдығына бұ да біржола мініп алған екен, өзін өзі ірке алмай қалып еді.

— Балалар, қайда жүрсіндер? Шайға келіңдер! — деген контор жақтан ересек адамның дауысы шықты. Көп бала тағы да топ торғайдай дүркіреп қаша жөнелді. Нартай да, Кенжеғара да тұрды. Кенжеғара шаң болып қалған күрең барқыт тебетейін қағып киіп жатып, бір түймесі үзіліп кеткенін де байқап қалған екен. Күрескен маңайдан түймесін қарай бастады.

— Түймең бе?.. Міне жатыр,— деп, Нартай жерден жылтыр қара түймені алып Кенжеғараға берді де: — Бәлем, әкеңнің атын айтпадың ба? Ақмолаға жеткенше жүз айтқызармын! — деді.

— Біз сендерден бөлек кетеміз... Сендермен бірге оқымаймыз да!.. — деді Кенжеғара. Салмақпен, зілмен айтты.

— Балалар!..— деген екінші дауыстан бұл екеуі де айрылысып, өз жөндеріне кетті...

Бай балаларының басқа мектепке кетіп бара жатқандары да рас екен. Бұған дейін өз баласын түбінде кен инженері болып шығатын топқа қосып жібермек болып, Некрасовты Қарағандыда екі күн күттірген Жұмабек қазір оған сол жайды айтып отыр:

— Сіз ренжіменіз... Игілік би біздің балаларға серік болып барсын, бірге тұрсын, бірге оқысын деген соң, шығара алмай қалдым... Кенназия деген бір оқу бар екен ғой...

Игілік сонымен келісіп қайтқан екен...— деді Жұмабек Некрасовқа.

— Гимназия ма?

— Сол болу керек.

— Маған бәрібір...— деді Некрасов.— Өзіңіз біліңіз...

— Болыстың пәсірі Ақмолада күтіп қалыпты. Мен соған жеткізіп салып қайтам...— деді Жұмабек.

Ушаковтың аласапыранда бір кездесіп қалғанда, қазақ балаларынан кем мамандарын шығарам дегенін Игілік өзінше түйіп кеткен екен. Жұмыскер балаларын жібергім келеді дегенін онша ұнатпай, онай мақұлдап, бұл жайлы сөзді тез доғарып еді. Енді өз балаларын гимназияға түсуге жіберіпті.

— Жарықтық қыядан көреді-ау!..— деді Тұрсынбай.— Біз болсақ, әйтеуір жұртқа ілесу ғой... Мына бір баланы да ала кетсе деп, әдейі Ушаковқа барып қағаз алып келіп отырмын. Әйтеуір, ала кететін болғанына шүкіршілік...

— Е, оқудың бәрібір емес пе... балдан тамар, байдан жұғар деп қосып жатырмыз баламызды, әйтпесе, қай оқуды таңдаушы ек... Сөкыр тауыққа бәрі бидай деген, біздікі сол ғой...— деді Жұмабек.

— Қожакеңе құдай иген екен...— деді Тұрсынбай. Жұмабек күлімдеді де үндеген жоқ.

Шамасы келсе, Тұрсынбай да баласын гимназияға жіберер еді. Бай балалары қайда оқыса, бұл да сонда оқытар еді. Ол қолдан келмеген соң, баласын Ушаков мектебіне жібергелі отырғанын кемсіңкіреп айтты. Жұмабек болса, қазірдің өзінде жарты Игілік бола қалғандай паң екен.

— Құдай қосса, балалар бірге жүреді ғой?.. Жолшыбай көзіктіріп, үйір етіп жібер...— деді Тұрсынбай.

— Жоқ, біз қазір жүріп кетеміз... Елге шығып қонамыз...— деді Жұмабек.

Сол күні кешке Қарағанды басында бірталай жұмыскер үйінде бала аттандыру тойы болып еді. Үй-күйлерін осында көшіріп алып, барлы-жоғын бірге көріп отырған жұмыскерлер қондана бастаған екен, біреу лағын, біреу қозысын құрбан шалып тастапты.

Байжан үйінде тұрып қалған Алшағыр да той жасап жатыр. Бұланбай, Байшегір, Михайло Неволя сияқты көңілдес адамдарының бәрі де осы үйде. Орталарында Некрасов та бар. Сент пен Пазыкеш те осы үйде қонақ

күтісіп жүр. Байжан үйі жылдағы әдетіншe жайлауға шығып кеткен еді, күздікке әлі оралған жоқ-ты. Ет пісіп жатқан шошалада Жабай мен Қолбан, Күнзила мен Назыкеш төртеуі бір үйдің жандарындай ойнап-күліп тамақ әзірлесіп жүр.

Әсіресе, Назыкеш пен Жабай қатты қалжыңдасады. Бір кезде бұл екеуінің арасында кінаратсыз қызығу, үміттену бар еді-ау?.. Қазіргі келіншек Назыкеш балғын жас қыз еді де, қазіргі соқыр да шойнақ Жабай асаумен алысатын балғын жас жігіт еді онда... Жүректеріне шарынды іздердің салтағы түспеген таза жастар бірін бірі таза сүйетін еді. Енді міне, Назыкеш Сеиттің жары, жараскан жар. Екеуі де көмірде. Жер астына бірге түсіп, бірге шығатындарына шексіз қуанышты сыяқты. Назыкештің күрегін ылғый Сеит алып жүреді. Қалжыңдасып қайтады. Ауыр жұмыстан шаршамай шығатындай, біріне бірі әлсін-әлсін, қарап, жайрандап келе жатады. Адамға адам жарығын да түсіреді, көлеңкесін де түсіреді. Назыкеш пен Сеит бірне бірі жарығын ғана түсіретін еді. Жабайдың жалғыз көзі қанша топтың арасынан ол екеуін бірден тауып алады. Не айтысатының түсініп те тұрады. Қызығады да, күдіктенеді де...

Онай болып па еді, Жабайға?.. Назыкештің барын байламаймын деп оңай айтып па еді? Жоқ-ты!.. Қорлық зарын тарткан адам ғана қорлауға бармайды. Жабай Назыкешті қорлық көрмесін деп еді. Өзінің қыйратылып қалғанын ойлап, Назыкеш басына өмір бойы мұң болмайын деп еді. Қазіргі кеште Жабай Назыкешті жиі көріп тұрғысы келетінін сезді. Оны ынғайсыз көріп, өзіне өзі тоқтау салғысы келсе де көбінесе ие бола алмай қалады. Қызғанышы да жоқ, Сеитпен де дос. Бай ауылдардың тор, тұсауынан шығып алған соң, жоқты ерсі көруді қойған Назыкеш те Жабаймен тартынбай қалжыңдасады.

Былтырдан бері ешкіммен жақын сөйлесуді қойып, түйіліп қалған Жабай Сеит пен Назыкеш келгелі кемдігін де ұмытқандай, замандастарының арасына қымсынбай кіріп кетті. Табысы өзіне мол жететін ұста жігіт жақсы киініп жүретін болды. Бұл күнге дейін ұшынан басатын ақсақ аяғы да енді табанын жерге тигізе бастапты.

Жазғытұрым Омар соққыға жығылғанда Жабай тағы

бір қауіптеніп қалып еді. Ушаков араласқан болу керек, Игілік ол жұмысты аяқсыз қалдырды.

— Қіна Омардың өзінде екен,— дегеннен басқа түк айтпапты. Артында қандай қоңырауы болары белгісіз, әзірше осы сөз кесім болып, ешкім қайта дүрліккен жоқ. Сонымен Назыкеш пен Сеит те тыныштық тапты. Игілік бұл екеуі туралы да бір байлам аңғартыпты:

— Омардың орнын Сеит баса ма деп дәмеленуші ем, оны қабылдамаған болды ғой... Қайтеміз, беттерінен жарылғасын...— депті. Онысы «осымен барып тұрсын» дегені ғой деп ойлады да, Игілікте қалған әке мұрасынан Сеит те күдер үзді.

Қазір бұлардың бәрі де ауылдың алғай-шалғай, әрі отыр, бері отырынан құтылғандарына қуанып, еңбек өміріне біржола кіріп кеткен еді. Жалғыз Қолбаң ғана ауылға қайтуды арман етіп, күрсініп қояды. Ол андасанда үйіне жіберіп тұратын аз ғана ақшасына бір тайқұнан алып қойсын деп тапсыратын еді. Үйіші оған берешекке берешек қосылып жатқанын хабарлайды. Бір ойды екі түрлі етіп айтуға шорқақ Қолбаң сол бір арманын қыс бойы айтып келе жатқан түрінде өзгеріссіз қайталап:

— Тай-құнан бірдеме болар ма екен деп тоғыз теңгені бір жібердім, алты теңгені бір жібердім... Қағып салып, қарайды да отырады түге... Өмір бойы ауымыз атқа тимей өтетін шығар... — дейді. Жабай оған:

— Тай-құнанды қайтесің, Қолбаң... Сен бір ұрғашы лақ алып жібер...— дейді.

— Неге? Неге? Лақты мен қайтем? — дейді аңқау Қолбаң, еңсеріле бұрылып.

— Екі жылда үш ешкі болады.

— Үш ешкі болады?

— Ие, үш ешкі болады. Үш ешкіге бір құлын алып жібер... Сол құлын ат болғанша өзің де ат боласын...

— Ә?.. Өзім ат болғанда аттың керегі не маған?

— Сатарсын...

Жабайдың әдейі әр саққа жүгіртіп айтқаны, сайып келгенде енді атты арман етпе деген сөз екенін Қолбаң мазақ деп ойлап, бұлтыйып қалып еді, Назыкеш оған еркелей сөйлеп:

— Қолбаң аға-ау, өзгелер бар атынан айрылып жатқанда, жоқ атты арман етіп қайтесіз?.. Екі қолым аман болсын десеңізші, — деді.

Жабай Назыкештің қолдары сымбатын бұзып бара жатқанына манадан іші ауыра қарап отыр еді, Назыкеш қол жайын айтқанда, тағы да қарады. Кейбір тырнақтарының үстінде көлденең түскен кішкене-кішкене ақ сызықтары бар сұрғылт саусақтарға Жабай ылғый қызыға қараушы еді. Әдеп пен әдет дегеннің екеуі де тар қыспаққа айналып кеткен қазақ қызының беті мен қолынан басқа денесі көзге көрінген емес те, оны тек кәнігі көздер ғана таный алатын. Жабай болса, ондай тінтумен жұмысы жоқ, Назыкештің жүзіне қарай беруге де қысылып, көбінесе қолына қызыға қараушы еді. Қазір де сол сұлу сұрғылт саусақтардың көбесі сөгіліп, қол сырттарының жарылып-жарылып кеткеніне аяй қарап отыр. Ұмытылмас өкініш сияқтанып сол саусақтарды тым болмаса бір рет ұстап көрмегені есіне түседі...

Байжанның балшық үйінде терлеп-пысынап көп жұмыскерлер сығылысып отыр. Денеге сіңіп кеткен көмір күйесі қара тер болып ағады. Шахтадан шыққаннан кейін Майқұдық суына барып бәрі де жуынып қайтып еді, тазармаған екен. Қазір бірінен бірі ұялып, жұмыскерлер сүртіне беріп отыр.

— Сендер жақсы еттіңдер... Оқысын балалар... Жұмыс адамын аяп, жәрдем беретін штейгерлер осылардан шығады... Оқысын,— дейді Михайло Неволя, Нартай мен Әлішерді көзімен нұсқап.

— Кім етіп шығаратындарын қайдан білейік, әйтеуір, өзіміз көргенді көрмесін деп жіберіп жатырмыз,— дейді Бұланбай.

— Жұмыскер баласы қайтсе де Акула мен Зубов болмайды. Ең болмағанда Быков болады,— дейді Михайло.

— Андрей басқаша адам еді ғой!..

— Елиза қандай еді!..

— Не болды екен байғұстар?..— десіп, қазақ жұмыскерлері хабарсыз кеткен дос-жолдастарын есіне алады.

— Сикорский ғой құртқан!

— Осыдан да құтылар ма екеміз?..

— Бұл әлі Ушаковтың түбіне де жетеді!..— десіп, тағы бір топ жұмыскер өзара кеңкілдеседі. Қазақша білетіні бар Некрасов төре ести кетсін дегендей, Ушаков атын әдейі қосады.

Таңата жұмысқа түсетін жұмыскерлер Алшағыр мен Бұланбайдың сый-сыяпаты біткеннен кейін көп айналмай

үйлеріне қайтып еді. Қазіргі жаппай күндізгі жұмысқа көшкен Қарағанды басы жым болды...

Шамы сөндірілген қарацгы жер бараста екі адамның күбір-күбір сөйлескені естіледі. Бірі орысша таза сөйлейді де, екіншісі қазақшаны да қосып сөйлейді. Үшінші біреудің үнсіз ғана дем алғаны біліпеді.

— Ең қолайлы түн осы. Ол үйде үлкен той болды ғой. От өздерінен неге шығып кетпейді?..— дейді бір дауыс. Екінші дауыста әрі арзансынатын, әрі қаймығатын үн бар:

— Я пожари некогда ни делал... боялса...— дейді ол.

— Сен қорықпа... Өрт салуға үйренудің керегі жоқ. Баланың қолынан да келеді. Қой енді толқуды. Уәделестік, орында... Жарайды, бес кез емес, он кезден болсын... Жарай ма?

Көнінкіремей отырған дауыс сәуір бөгеліп барып:

— Жарайды... Шайды да ұмытып кетпеңіз...— деді.

Желкем жылы түн... Аспан толы жұлдыз, жана қағылған мыс шегедей жылт-жылт етеді. Күндегі әдеті бойынша Сикорский барағының үстінде далада жатыр. Ең жақын баракгың төбесінде Михайло Неволяның әйелі мен екеуі сөйлесіп жатқандары естіледі:

— Сен, Миша, қызық адам болып шықтың... Ұйқтап кеткенбісін? — деді Қатерина.

— Мен бе?..

— Сен деймін...

— Неге?..

— Қызық адам болып шықтың деймін...

— Бүгін білдің бе оны?

— Жоқ-ау, қыс бойы жел де боран, ку дала деп жұрттың бәрін бездіргің келетін адамша сөйлеуші ең, аяғында екеуден екеу пағып калып қойдық осында?

— Өкініп жатырмысын?

— Жоқ-е... Мен қайда болса да, кімге болса да онай үйлесем ғой...

— Өкінбе, қатын... Енді екі жұмадан кейін өз үйімізге кіреміз... Мопша салып алдық... Келер жылы үйдің қасына айнала ағаш отырғызып берем. Содан кейін көмір мен қоштасасын да огоротында жүретін боласын...

— Сен жалғызсырамаймысын осы?

— Неге?.. Мен саған айтайын, казақтармен әбден достасуға болады. Аққөңіл, өте қарапайым адамдар...

— Мен саған келген күні-ақ айтпап па ем... Сенбегесіңдер түге...

Ұламай бұлар да ұйқтап кетті білем, тынып қалды.

Құлағы осыларда болса, көзі әлдекайда жатқан Сикорский басын тез көтеріп алып, тез бұқты. Басын көтеріп алғанын біреу көріп қалмады ма екен дегендей, айналаға құлағын тосты. Демі тоқталып қалғандай екен. Енді басын көрпемен жауып алып көтерді. Байжан үйіне карады. Жылт ете түскен оттың лап бермегеніне шыдамсыздықпен қадалады. Тағы бір от, тағы бір жылт етті. Қобырсып жатқан шөппен боқтықтың лып ете түспегеніне шыдамай барады. Қарағаннан жасалған шошала мен ауыз корадан бастандар деуі керек екен... Екі сұм шала бірдеме жасап қашып кетпесе жарар еді... Жоқ, тағы екі жерден от көрінді... Жел неге құтырынбайды екен енді!..

Байжан үйінің осы маңайда жақын болғаны Сикорскийдің тынышын қашырып болған нәрселердің бірі еді. Аулақ үйде жұмыскерлер жыйналады. Ізі-тозы білінбей кеткен Быковтарды кім құтқарды? Жоқ, сол үйдің осыған да қатынасы бар... Сол түні барлық жандары үйінде болып шыққанмен, бәле сол үйде туды. Егер бүгін түнде Байжан үйінің орнында күлі ғана қалса, қайтып оны бұл маңайға жолатпауға болар еді. Сатып алынған он шақырымның сыртында отыра берсін...

— Өрт! Өрт! — деп қалды Михайлоның әйелі Катерина. Сикорский көрпесінің астына кіріп бұғып қалды.

— Иттер! — деген Михайлоның даусын естіді. Шыдай алмай тағы да сығалап еді, енді бұркырай жанған отты көрді. Қайта бұқты.

Жалғыз бағанага асулы тұратын сом темір шақылдап ұрылып жатыр. Барактарда тұратын жұмыскерлер де андай шығыпты. Енді Сикорскийдің жата беруіне де болмай қалды.

— Шахталарға жүгіріңдер! Көмір атжалдарын қорғандар! — деді Сикорский жұмыскерлерге айғайлап бұйрық етіп.

Шынында да, еналдымен шахталардың маңайын қорғау керек еді. Михайло Неволя Байжан үйіне қарай жүгіре беріп тоқтап қалды:

— Сен баршы, оянды ма екен өздері,— деді әйеліне.

— Өрт жақ беттегі карагандарды құртыңдар! Шахтаны, шахтаны қорғандар!..— деген айғай тынбай шығады.

Баракгағы жұмыскерлер түгел шахталарды қорғауға кетті де, алысырақ тұратын киіз үйдегілер оянбаған сыяқты.

Байжан үйінің маңайы балқып жанып жатыр. Бірлі-жарымды болмаса, олай қарай жан өткізбей, Сикорский қайырмалап жүр. Қасында үш-төрт адам бар, Бұланбай ғана қайрылмай кетті. Бір жас әйел ұшып жөнелді. Өзгелерін бөгеп қалды.

Бұланбайлар Байжан үйіне жеткенде бұл үйдегілердің бәрі де аман, далаға шыққан екен. Жөнді киіне де алмаған, немен жатса сонысымен ғана шығыпты. Шошала майысып құлағалы кетіп барады. Жер үйдің терезесінен жүгіріп кіріп, жүгіріп шығып, Алшағыр бірдемелерді әлсін-әлсін әкеп тастайды. Бұланбай терезеге барып, кәне маған әпере бер деп еді, Алшағыр іштен — енді ештеме қалған да жоқ шығар,— деді.

Бұл кездегі қазақ үйін өрттен аман алып қалуға да болмайтын еді.. Айналасы неше жылғы көң, сабан мен шөп, қараған мен боқтықтан жасалған қора-қопсы қоршап тұрған жұрттың көз алдында еркімен жана берді... Таңертең Байжан үйінің орнында бұрқыраған күл, әлі жанып бітпеген көңнің бықсыған көк түтіні ғана қалып еді.

Өрттің көздегені шахталар бола ма деп ойлаған Некрасов қауіп беті ауғанша сол маңайда болды. Сикорский құр айғаймен жүрсе, Некрасов шахталардың жел жағын орап, жердің қыртысын аудартты, қарағандарды кестірді. Жүзден аса жұмыскер күрегі шахталардың бір бетін түгел өрттен орап тастады. Жанған үйдің жалыны сөніп, енді қауып біткеннен кейін Некрасов та жүруге айналды.

Күн сәскелік болып қалыпты. Алшағыр мен Бұланбай балаларына өртенген үйдің қасында қоштасты....

БЕСІНШІ БӨЛІМ

1

Ақ-бұйрат заводының кәзіргі дем алысында үлкен бір байсалдылық бар еді. Бұдан бес жыл бұрынғы қапылқұпыл жанталастар жойылыпты да, сенімді де серпінді істің еркін қыймылына көшіпті. Бұрын жер бетінде болатын шақыр-шұқыр, жарқ-жұрқтың бәрі де тас сарайларға қамалып, қазір бір үлкен дүмпудің тұтасқан гүілін ғана естисін. Қарш-құрш шайнасқан темір мен тас өзара келісім тауып, адам ісіне біржола бас игендей, үн қосып бірге гүрсілдейді. Сасқалақсыз, созымды да салмақты гүрсіл. Бұрын дір қалтыранып тұратын жер жүрегі де орнына түскен сыяқты. Шошынбайды да қалтырапбайды. Жарылып кетердей, лап етердей ешбір қауіп те байқалмайды. Көмір боп, кен боп келіп, мыс боп кетіп жатқан үздіксіз ұзақ бір керуен бар. Ол үнсіз қыбырласа да ылғый ілгері қозғалған жүк кірелері.

Завод айналасында үйлер, оттар көбейген, ышқынып будақтаған түтіндер көбейген. Мойындар жіңішке де қысқалау болса да, бұйра қалың қара-көк түтіндер желді күндерде де тік атқып көтеріліп, жоғарылап барып сынады да, содан кейін ғана көлбей жосыйды. Сырт көзге үлкен айбардың өзі де осы бұйра қара-көк түтіндер мен, жандарал келе жатса да жол бермей, үзілмей ағылатын кірелер... Ақ-бұйраттың қысы-жазы, күні-түні өзгермейтін, берік қалыптасқан көрінісі осыған айналып еді.

Бұдан аз-ақ жылдар бұрын жүк кірелерінде екі түрлі белгі бар еді. Бай кірелері даңқойлау да сәнкойлау, мақтанышымен жүретін. Қостасып салған кедей кірелері қайысқа жіп жалғағандай, үзігі де көп, түйігі де көп, сенімсіз де тұрақсыз екенін көрсетіп тұрушы еді. Қазір оның екеуі де қалып, кіре де тұрақты кәсіпке айналып-

ты. Бір қалыпты атан өгіздер мен атан түйелер әр адымы ақша екенін өздері де түсінгендей, бұралаңсыз, бұлтақсыз, кәнігі аяңдайды. Тоқтар жерін, жүрер кезін олар да біліп алған. Қазақ әйелінің қолында темір күрек те кәнігі жарқылдайды.

Алғашқы жылдардың арпалыстарынан ығы жеңілденуге айналған Ушаков та байсалды еді. Самайына ақ кіріп, шеңбері кеңіп, толығуға айналған. Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы. Артық ешнәрсе де жоқ. Түкпір бөлмедегі төсегі мен, тұсына ұсталған, еденге төселген екі күрең кілемі, бір шкафтан басқа жиһаз дерлік те ешнәрсе көрінбейді. Қабырғада бір қосауыз мылтық, екі алтыатар ілулі тұр. Ушаковтың көптен жолға шықпағанын осы мылтықтарынан да аңдауға болатын. Қалың майланған мылтықтарға түксиген бозғылт шаң тұрып қалыпты. Маңдайындағы жылтыр қара тай-тұяғы жарылып-жарылып кеткен қара шұға фуражканың да көптен бері шкаф төбесінен түспегені байқалады. Солқылдақ арба да жазғытұрдан бері лапасының астынан шыққан жоқ. Ушаков көрінген жұмысқа өзі шапқылауды қойып, енді жөнделіп кеткен іске жалпы бағыт беріп отыратын сыяқты.

Ушаков қазір өзінің жұмыс бөлмесінде еді. Әлденеменеге үңіле ойланып қалыпты. Екі сұқ саусағымен темекісін ныгарлап басып, екі бас бармағымен қағазын ілгері қарай иіріп тұрған шылымның ортасынан үзіліп кеткенін аңдаған жоқ.

Терезесі көп, кең бөлмеге жазғы сәскеліктің мол жарығы түседі. Үй айналасына отырғызған ақ теректердің жапырақ көленкелері сырлы еденге кілем бедерін төгеді. Терезеден ақырын естіліп тұрған жапырақ судырын көленкелері қозғалысымен қайталап тұрғандай. Ушаков бұл судырды естіген жоқ, көбелектей қалтылдаған жапырақ көленкелерін көрер де емес. Оның көзі бөлменің қақ ортасындағы жалпақ та ұзын столда еді.

Стол үстінде Компанияның барлық өндірістерінің біріне бірі қоспақ қара жолмен жалғасқан макеті тұр. Жұмсақ сұр пластилиннен жасалыпты да жер бетінің өрнегі түстес бояулармен боялыпты. Жаратылыстың жазғы бір ажарлы кезі алынған. Солтүстік шетте Қарағанды. Он екі барағы, екі жабық шахтасы мен бір ашық шахтасы, моншасы мен конторы, екі ұста дүкені, ең арғысы дәретханаларына дейін түгел жапсырылған. Арғы бетін-

де бытырай созылған қазақ үйлері де көрінеді. Іс жүзіндегі жайларынан бәрі де әдемі. Қоспақ қара жол бейне бір өзендей білеуленіп Ақ-бұйратқа соғып, одан Нілдіге асып жатыр.

Әсіресе, Ақ-бұйрат әдемі жасалған екен. Жар қабақка иін тіресе салынған тас сарайлар, мастерскойлар, складтар, көмір атжалдары, барактар, ұзын-ұзын мойындар, үлкен қалалардың бір шетіне ұқсайды. Ушаковтың өз үйі айналасындағы ақ теректеріне дейін түгел түсірілген. Нілді маңайы ғана жалаңаштау. Одан әрі Жезқазганға қарай асқан жалғыз жол да жіп-жіңішке, өлген жыландай әлсіз бұрандап жатыр.

Жол шеті оңтүстікке қарай ұзаған сайын жердің беті де жаланаштана беріп, бара-бара құм түстес құбақан иекке айналып тоқтапты.

Бір бүйірде әдейі жарқыратып жапсырған Алтынды төбесі тенкиіп жатыр. Басқанікі болса да алыстан, Майқайың, Кызыл еспелердің де төбелерін көрсете кетіпті...

Ақ-бұйраттың бауырындағы Көкөзек, Нілдіге жақын Сары-су сілемі, Майқұдық, Теректі сулары тарын макеттің бетіне тақаса түскендіктен Компанияның барлық өндірістері көп судың ортасында тұрғандай, жердің жай жаратылысының өзіне адам қызыққандай екен.

Осы әдейі жасалған макеттің қағаз бетіне көшірілген нұсқасын Рязановка жолдап, бұл жақтағы өндірістерді кенейте түсу үшін Ушаков ортақ қордан тағы да жүз мың сом шығарылуын сұрап еді. Осы күндерде Ушаков сол кешіккен жауапты әр сағатта күтіп отырған кезі де.

Осы бөлменің тұйық қабырғасының екі бұрышына қаз-қатар екі сүйір тау орнатылыпты. Екеуі де төбеге тиіп тұр. Біреуі мысты, қорғасынды кендерден жасалған да, екіншісі мыс қорығы мен тас көмір, графит үшеуінен өрілген. Екі сүйір таудың етек жағы жайылып келіп түйісер аралығында сол күйінде Нілдіден табылған отыз жеті бұттық кесек мыс пен үлкендігі тап сондай кесек тас көмір жатыр. Терезеден түскен күн шұғласына шағылысып, кенді тастар жымың қағады. Пирит, Хальпирит кендері тұтас жез бен алтындай жарқырайды. Тесігі көп қына сары тастар, түксиген қоңыр тастар, күреңіткен тастар да бар. Күңгірт жарқырайтын қорғасын, күміс кендерінің ажарын ашыңқырау үшін ара-арасына ашық түсті көк-ала тастар жүргізіліпті. Зерттеушілерінің әр жерден әкелген, әзір не екені танылмаған кенді тастарды

кесек-кесегімен көмірдің қуыстарына да тыға бергендіктен, көмірден жасалған тау да жарқылдап қояды.

Мұның ішінде басқа жерден келген жалғыз графит қана. Өзгелері осы маңайдікі. Графит Аягөз маңынан келді. Егер Рязанов тартпақтамаса, Ушаковтың жер жүзін шарлап кеткен Фабер қарындаштарын Ресей топырағынан айдап тастау ойы да бар. Бірақ, бұл әзір алысырақта жатқан армандарының бірі... Көмір мен мыс төлдеп, үрім-бұтағы көбейер болса, соның бірі болып графит та кіруіне болар еді. Ондаған жылдар қасқырдай жортып жүріп, иілмегенді сындырып көндіріп, Ушаков көмір мен мысты өрлеу жолына шығарып еді. Жалақы арзан, шығыны аз далада мыстан түсіп жатқан пайдаға кім болса да таңданғандай. Бұл бір тегін құйылып жатқан ақша. Ең алғашқы қыйын асудан асып алған Ушаков, енді алдында жаңа белдерді көріп, солардан да бөгелмей асуды арман ететін еді. Сол белдерді ол қазір макет бетінен көріп, ойша салмақтап тұрған сыяқты.

— Никон Абрамович, лұқсат па?..— деді хатшысы есік ашып.

— Кір...

— Рязанов мырзаның жіберген адамы келіп тұр... Кіруді тілейді.

— Кім екен? Білмедің бе?

— Жоқ, көрмеген адамым... Сұрауды ерсілік көрдім...

— Кірсін...

Кіріп келе жатқан адамды көріп, Ушаков қатты таңырқап қалды. Құйқа тамырлары шіміркеніп кеткендей, өзі де тез өзгеріп, жылан көргендей бойын да тез жыйнап алды. Кіріп келе жатқан Сикорский екен!.. Ушаков оны бұдан үш жыл бұрын Қарағандыдан әрең қуып жіберіп, орнына Некрасовты белгілеп еді. Рязанов онысына қарсылықсыз көнген. Енді міне, сол сұм Рязановтың арнап жіберген адамы болып кіріп келе жатыр. Алтын жиекті көзілдірік киіп алыпты. Кейбір көзілдіріктер күліп тұрғандай, жақсы әсер етуші еді, Сикорскийдің көзілдірігі шаншып алардай шатынай қадалады екен. Көзінің дәл қарашығынан атылып шыққандай бір шоқ ұшқын көзілдірігінің орта тұсында шымырлап қайнап, алтын жиегіне айнала шаншылған көп күміс инедей қадалады. Жалғыз өз үйіне емес, бүкіл қазақ даласына бір қырсық кіріп келе жатқандай сезінген Ушаков ұсынған қолды әрең алды.

— Таңданып қалдыңыз ғой, Никон Абрамович?.. Сіздің далаға қайтып оралармын деп өзім де ойламаушы едім. Амал қайсы?.. Рязанов мырзаның қашанда адамы жетпей жатады... Өзіңіз өте тығыз түрде көтерген мәселелеріңіз бойынша мені жіберді... Рақым етіңіз,— деп, Сикорский Ушаковқа Рязановтың жіберген хатын ұсынды.

— Қап, қыйынсынбай-ақ, өзім барып қайтуым керек екен ғой...— деп ойлады Ушаков хатты алып жатып. Сикорский бүлінер іске болмаса, бүтіндер іске жіберілмегенін Ушаков бірден түсініп еді.

Гербілі қағазға өлшеніп-пішіліп жазылған хаттың әрбір сөзі майлап қойғандай қолға тұрар емес. Құрмет пен қошамет сөздері әлдененің алдына әдейі құрылғандай көп қайталаныпты. Сөз орманынан өтіп, қамбасы қайда, жасырыны қайда екенін андауға едәуір уақыт кететін сыяқты. Әдепті де сыпайы ақсүйек Рязанов тұрпайылау Ушаковқа хатты қалай жазудың үлгісін де көрсеткісі келгендей екен. Қазақ даласына «ғиззатлу уә хұрматлу қадірдан артық көргуші» болып жайылған хат жазу түрінің бұл бір теңдесі жоғы сыяқты екен...

Ушаковтың өз басына да көп мақтаулар айтылыпты. Өлі далаға жан кіргізіп, тағы жұрттан нағыз тұрақты жұмыскер жасап шығарғанын, мұндағы мыс өндірісінің енді жаңа белдерден асқалы тұрғанын мырза көңілмен бағалап, көп-көп алғыстар қосыпты. Әсіресе, Ушаковтың соңғы хатында кең құлаш, үлкен серпін бере көтерген мәселелеріне ерекше маңыз беретінін қайта-қайта ескертіпті. Бір-ақ, мұның ар жағында тағы да толып жатқан ойлары бардай, хат әрі ұзақ, әрі балы тамшылап тұрғандай екен.

— Ауызша нелер тапсырды Рязанов мырза? — деп сұрады Ушаков, хаттың не айтарын оңаша ойлау керек екен деген ойға тоқырап. Не тапсырғанын сұрап алып, «жақсы, бара беріңіз, жауабын тез қайтарармын» демекші еді. Сикорский сол сыяқты сыпайышылық боларын сезініп отырған адамдай:

— Лұқсат етсеңіз, мен азырақ тыныңып алар едім... Қызылжардан шыққалы қоналқаға да сирек тоқтап, суыт жүріп кетіп ем... Рязанов мырза әдейі арнап кісі жібергенде аз сөзбен жібермейтінін өзіңіз де түсінесіз ғой, Никон Абрамович... Мен мұнда біраз болуға тиістімін... — деді Сикорский

Дәл осы минутта еңалдымен Сикорскийден құтылу сезімі жеңіп тұрған Ушаков, оның сөзінде әртүрлі салмақ барына да құлақ аспай:

— Жақсы, бара беріңіз онда... Бернерге барыңыз, орналастырар...— деді де, Рязанов хатына қайта үңілді. Сикорский дәл бір астана оқығандарынша иіліп, бұрандай шегініп шығып кетті. Бұрын маған сен деп сөйлеуші едің, сіз деп сөйлесуге қалай көшіргенімді аңғарған боларсын деп ойлады ол...

Ушаков Рязановтың хатын сыдырып бір оқып шыққанда үлкен сезік туғызғандай ешнәрсені андамап еді. Екінші рет қадағалап оқығанда үш жеріне сүрініп кеткендей болды. Үш қамбаға аяғын тығып алып, қайтадан ілгері ұмтылғанда төртінші бір бәленің иісі анғарылды... Бәрі де дәл айтылмай сыпайы түрде ескертіліп, кесімі мен шешімі Сикорскийге тапсырылған екен. Ушаковтың қытығына тию үшін оны әдейі сенімді де іскер адам деп үш жерде ескертіп кетіпті...

— Келісімге келе алмайтын бір түйісуге таянған екенбіз ғой...— деп ойлады Ушаков. Жаңылысқан жоқ...

Толып жатқан тиіп-қашулардан кейін Рязанов еңалдымен қазақ балалары үшін ашылған мектеп жайына тоқталыпты. «Сіз бұл жақтағы қаңқулардан құлағыңыз тыныш, шетте жатқан адамсыз ғой...— депті Рязанов.— Біз болсақ, қыя басқанымыздың ерсілігі болса, тез көретін, ондайымызды кешірмейтін, бір аңдатқанда ұқпай қалсаң, қайтып амандаспай қоятын, талғауы да көп, сезімталдығында да шек жоқ, сыншы жұртпен күнде араласамыз... Күнде сын естіп, көбін аңдамағандай болсақ та, кейде көзге түртіп көрсеткенде көрмесіңе де шара жоқ қой... Солай емес пе?..

Ағылшыншылап кеттіңдер, Индиядағы ағылшын үлгілерін аудармай-ақ көшіріп алып жүрсіндер дегенді жеті жыл бойы жалғыз естіп, жалғыз шыдап келіп ем. Компанияның басқа мүшелерін мазаламайын деп, сіздерден тіпті жасыра жүрген жайым да болушы еді... Қазақ даласының королі Рязанов, вице-королі Ушаков дегендерге дейін естісем де, ондайға мән бермейтін бейғам әдетімше, үнсіз шыдап ем... Енді міне, бұл мінезімізге шек қоятын бір аңыс аңдалады...

Жақында Петербургта мемлекет қазнасы министрінің үйінде болған бір кеште оқу министрі мені онашалап шығарып алып, бір жайды баса ескертті. Графтың аса

бір сыпайы да әдепті адам екенін ерте бір кезде сізге де ескерткен болуым керек?.. Есіңізде болар? Өзі де қонақжай, құрмет-қошемет жағынан ылғый алдыңызды орап тұратын адам болғандықтан, сіздің де сол ыңғайдан табылуыңызды күтеді... Мұндай іске қатынасы жоқ жайларды қоса кетуге дейін барып жатқанын — граф екінші рет ескертуді ұнатпайтын адам екенін есіңізге салғым келеді. Графтың мені қызаруға дейін жеткізіп айтқаны — бұратана халықтардың балаларын қалай оқыту мемлекеттік саясаттың бір саласы деп саналады. Ақшалы қалтаны біз де құрметтейміз. Бірақ, мемлекет саясатын ол қалта да сыйлай білуге тиісті деген сөзі еді... Анғарасыз ғой, менің қандай халге түскенімді... Баспалдақтатып әкеліп, әр жеті жылдан кейін Том университетіне отыз шақты бұратаналар баласын қосып тұрсаныздар ол университеттің кімдікі болып шығарын түсінуге көп жылдар керек бола берер ме екен, деді граф...

Әрине, училищені бітіріп, енді университетке түсеміз деп, жақсы үмітпен талпынып отырған қазақ балаларына бұл ауыр соққы. Сізді де қуанта алмайтын хабар. Дегенмен, мұны елемеуімізге де болмайды. Сондықтан да Сикорский екеуіңіз осы жайды тереңірек ойласып, мені де кезінен кешіктірмей хабардар етуіңізді өтінер едім...»

Ушаков енді ғана айқын ұғынды. Ашылғалы жеті жылға толған, быйыл университетке алғашқы жыйырма жеті баласын жөнелткелі отырған мектепті Рязанов жабуға ұйғарған екен!

— Сайқалданбай-ақ, турасынан көшсе, күна бола ма екен бұл... обырға! — деді Ушаков.— Жоқ! Жұтқызбаспын мектепті! Мені бірге жұта алсаң ғана жұтарсын!..

Бұл жақтағы жұмыстармен жалғыз алпарысып, енді жаңа белге көтерудің үстінде отырған Ушаков өзінің оңай жұтылмасына сенімді де еді.

Ушаковтың екінші кездескен қамбасы жалақы жайы еді. Ертеде талай ескертіп, әр жыл бойында күтумен көзі талған жалақы жайын Рязанов бұл жолы ресми түрге жақындатып жазған екен.

«Жұртқа біздің ағылшындарға ұқсайтын жағымыз да ұнамайды, ұқсамайтын жағымыз да ұнамайды... — депті Рязанов.— Ағылшындар жұмыскер жалақысын жылдан жыл төмендетуге жетіп отырса, біздің жалақы алғашқы жылдарда белгіленген жоғары қалпында қа-

лып қойғанына дауласа аламыз ба?.. Жаңадан алынған жұмыскерлердің бес-алты ай ғана төменірек жалақы алатындары рас болғанымен, одан кейін теңесіп кетіп жүр емес пе? Жұмыскерлер күшінің ең арзан болар жерінде орынсыз мырзалық жасап отырғанымызға өзіңіз де дауласпассыз. Оның үстіне, менің өзіме тән өндірістерімде ондай жалақы жоқтығын да жақсы білесіз ғой деп ойлаймын. Сондықтан, Сикорскийге тапсырылған бір нәрсе осы екеніне де таңданбаңыз...»

Ушаков бұлдыр ыңғайды да жаңылыспай түсінді. Таңның атуынан күннің батуына дейін таспен, көмірмен алысатын, онсыз да жұмыскер күн көрісіне әрең-әрең жетіп отырған жалақыны шеней түсу керек. Бірақ, даладағы бос қолды өз ыңғайына біржола бұрып алған Ушаков бұл ыңғайды теріс те көрген жоқ. Дауласатын да ниеті байқалмады.

Оның есесіне үшінші мен төртінші қамбалар Ушаковты қатты ашуландырды. Күйіп-пісіп, ызаланып кетті...

«Кейбіреулерге қомағай көрініп, ортақ істің үлесінен көп пай алатындай болғанымен,— депті Рязанов,— сол пайларды толып жатқан мұрагерлеріме бөле келгенде, ең аз үлес тиетін адам менмін... Сіздер бөлмей жармай, кесек бір үлеске тұтас ие болып отырасыздар да, мен болсам, аздың азынан тиген үлеспен қала берем... Енді міне, сол мұрагерлерім екі нәрсенің не күйде екенін тексеруге мені еріксіз мойындатып отыр:

1. Кен зерттеу жұмысына кетіп жатқан қаржы-қаражаттың ақталар күні бар ма?.. Кең дала қашанға дейін жұта бермек? Сол зерттеулердің қажеті не?

2. Сырттағы көз қашанда тосырқауын қоя ма, құрылыс жұмысына да қаржы-қаражат есепсіз кетіп жатқандай көретіндер бар... Таңіржарылғасын, менің құлағым тыныштансын десеңіз (менің сырқат адам екенімді де есіңізден шығармассыз), осы жақтарына Сикорскийді толық таныстырып жіберерсіз...»

Рязановтың мұнысы көп жылдардан бергі іске үңіле тексеру жасату сыяқты еді. Оны Сикорскийге тапсырыпты!..

Ушаков хатты лақтырып жіберді де далаға атылып шықты. Жолында Сикорский кездесіп қалса, тапап тастардай еді. Бірақ, Ушаковтың осы халге бір келіп қалағын Екатеринбургтан біліп шыққан ку, бұл маңайда жоқ еді. Оның орнына осылай қарай келе жатқан Бернер

кездесті. Сикорскийдің келгеніне ол да тарынып келе жатыр еді. Қашаннан қаны сүймейтін адамымен ол сөйлеспеген де. Ушаковтың өңі бұзылып шыққанын көріп, әртүрлі жорамалға да ойы кеткен Бернер:

— Немене, Никон Абрамович, Жезқазған жайын қабылдамап па? — деді. Өзі тұнжырап тұрған адамды қытықтамай, сабырлы үнмен сұрады. Бар күйзеліс осы ғана болса, оған айтар емі де дайын адамдай, үміттендіре сұрады.

— Үйге кіріп, оқып көріңіз...— деді де Ушаков оған қайрылмай кетті.

Ең соңғы жолы Рязановтың алдына қойылған өтініштердің ішінде Жезқазған жайы көбірек айтылып еді. Кесімді жылдардың ішінде қол тигізілмеген кен орындары қазналық корға түсіп кететін заң бар-ды. Соны ескеріп, соңғы екі жылдың ішінде үзбей отыз жұмыскер салып Ушаков Жезқазған үйінділерін сұрыптатып жатқан. Көне замандағы Чудь қазындыларынан қалған үйінділердің жүз пұтынан бес пұт мыс шығады деп есептелсе, сұрыптатылған кеннің үштен бірі мыс екенін Бернер мен Ушаков Рязановқа да жасырмай жазып еді. Ортақ қордан өндірісті кеңейте түсуге жүз мың сом сұрағанда Жезқазған жайын қызықтыра жазған. Қазір онда он мың пұттан аса таза мыс жатыр деп есептелетін. Алыстығы мен отынсыз-сусыздығынан шошынып, Рязанов осыны қабылдамаған екен деп ойлады Бернер. Үйге кіріп, хатты оқый бастағанда да хаттың әрбір қалтарысынан еңалдымен осының ұшығын іздей оқыды.

Ол кезде жазылатын ресми қағаздардың түпкі нысанасын орыстың өз төрелерінен гөрі немістері тезірек түсінетін еді. Карл Карлович Рязановтың түпкі ойын бірден ұғынды. Хатты қайталап оқыған жоқ. Рязанов мырза бұл жақтағы бар байлықты жеке-дара өз қолына аударып алуға бой ұрған екен деп қортты... Жырынды инженер алданған жоқ.

Көмір мен мыстың әбден аяқтанып кеткен кезінде Рязанов обырдың көз алартарын Бернер көптен күтетін еді. Қазір айына мың жарым пұт мыс жөнелтіп, алдағы жылдан бастап екі есеге көшкелі отырғанда сол күткенінің кездесе кеткеніне таңданған да жоқ. Қайта, өз жорамалының дәл келгеніне бір сәт қанағат сезінгендей болды. Осыны Ушаков сезінді ме екен, күтті ме екен деп ойлады. Сезінген сыяқты екен. Бірақ, серіктес-

терінің ішінен мұның істегенін істей алар ешкім байқалмағандықтан қауіптенбеген болар. Қатесі болса осы жағында шығар деп ойлады Бернер.

Бернер өз көзінің жітілігі мен қырағылығын тағы бір сынағысы келгендей, осының аяғы немен тынады, қашан тынады деген сұраулардың төңірегінде ойланып қалды.

Жылдың ендігі қалғаны әуре-сарсаңға кеткелі тұр екен де, оның аржағында жеке-дара қожайын Рязанов болғалы келеді. Ойын осыған әкеліп берік тіреді де, сол кезде өзі не халде боларын да үлкен бір түйткілмен ойланды... Бұл Рязановка көшпейді де, Рязанов мұны алмайды да. Округтік тау-кен басқармасына жаңа жылдан бастап өзінің бос болатынын ескертіп қоюға ұйғарды...

Сикорский сол күні күндіз де, кешке де көзге түспей кетіп еді. Паңдана ма екен, қорқа ма екен деп ойлады Ушаков. Оны бұл да іздеткен жоқ. Қарағандыдан Некрасовты алдырып, Бернер екеуімен ақылдасты да, Рязановка алдын ала қайтарар жауабын ойланып жалғыз қалды. Инженерлердің ашу үстінде жауап етпеңіз дегенін қабылдамай, темір қаламды сыясына тық еткізіп алып еді, «Милоствый государь!» дегеннен басқа ешнәрсе жаза алмай әлі отыр. Әттең, бір сүйекке сіңіп кеткен дәстүр болмаса, Рязанов сияқты рахымсыз адамға осы екі сөзді де жазбас еді. Бірақ, амал жоқ, аттай алмас бір салттар бар...

Ішін тырналап, ойын булықтырып отырған тағы бір қапысы есіне түсті. Рязановтың алақаны ашыла түсер ме екен деген үмітпен, бұл кезге дейін бүгіп келген бір сырларын да ашып қалып еді. Қара-торғай, Қорғаш-тау деген әзір ешкімнің қолына түсіп кетпеген жерлерде үштің бірі қорғасын болып түсетін кен жатқанын хабарлаған. Бір кезде Мияс заводы арқылы тексеріліп, жүз пұттан сегіз пұт мыс түседі деп танылған Мыс-таудың кені терендеген сайын сирек кездесетін кендердің қатарына қосылғалы келе жатқанын да жасырмап еді. Бес-шоқы, Қызыл-тау, Көрпеш-тау деп аталатын алтынды жерлердің топырағы мен құмдарын да жіберген. Қызықтыру үшін аздап сұрыптаңқырап та жіберіп еді. Енді ойланып караса, осынша тегін жатқан байлыққа Рязанов мөлшерден тыс қызығып кеткен сияқты... Әрі сыр ашылып, әрі барлық жақтан тұтас, оқыс алданғандай екен!..

— Лұқсат па?..— деп, тым ақырын, тым сыпайы естілген дауыстан Ушаков селк етіп қалды. Жүйке тамырлары қатты бұралған домбра шегіндей шіреніп тұр екен, аяғының астынан жылан ысқырып қалғандай сезінді. Есікті дыбыссыз ғана жауып, мойнын иығына тығып, кеудесіне қарай қусыра ұстаған екі қолын әдеппен ғана уқалап тұрған Сикорскийді көрді.

Ол Ушаковтың үйін кештен бері сырттан ғана бақылай жүріп, дәл жатар кезде жалғыз қалғанын аңдып келіп еді.

— Сіз күн бойы ойланған шығарсыз да... енді жайласып отырып әңгімелесуімізге болар деп мазалап едім...— деді Сикорский.

Онымен бұрын да жеркенбей сөйлесе алмайтын Ушаков қазіргі жарылғалы отырған халінде сыртқы әдепті сақтауға да шамасы жоқ, таусылып отыр екен:

— Мені тыныш ұйқтап, жақсы түстер көрсін деп тілегелі келген шығарсын... Отыр... сөйлей бер! — деді.

— Мен сізге әр кезде жақсы түстер тілеудемін...— деді Сикорский.

— Өңімде ше?

— Өңіңізде де ешнәрсеге шағым етер күніңіз болған жоқ қой деп ойлаймын...

— Өз ойыңды қоя тұр да Рязанов мырза не ойлайды, соны айт,— деді Ушаков.

— Кешіре көріңіз, Рязанов мырза өз ойын өзі айтқан болуға тиісті... Жаңылмасам, ол кісінің хатын сізге тапсырдым ғой деймін...

— Саған не тапсырды деймін мен!

— Маған сіздің жауабыңызды алып келуге тапсырды еналдымен... Екінші, кейбір жұмыстармен жете таныса қайтуға міндетті екенім де сол хатта айтылған болуға тиісті...

Азу тісі аузында, жалы қыйсаймаған арыстанды бала мысық домалатып ойнағысы келсе, арыстан не сезінер еді? Ызалы Ушаков та соны сезінді. Ол тыйындық құны жоқ, қолынан түк келмейтін адамның сенің ісіңді жете тексергелі келдім дегені шексіз бір қорлық, әдейі істеп отырған мазақтай көрінді. Сикорскийді жіберуі келісімге келмеудің қарары екенін Ушаков мана таныған. Енді соның ұсақ қорлығын көргісі келмей:

— Мен жауапты Рязановтың өзіне қайтарам. Саған жауап береді екен деп босқа күтпе,— деді Ушаков.

— Кешіріңіз,— деді Сикорский, орнынан майысып тұра беріп: — Бірінші, Рязанов мырзаны қазір ешқайдан да таба алмайсыз... Ол кісі әр жылдағы әдеті бойынша Кавказ суларына жүріп кетті. Үйіштерін де ала кетпекті... Екінші, менің күтерім жалғыз ғана сіздің жауабыңыз емес, тексере қайтатын жұмыстарым бар... Сіздің көңілді кездеріңізге кездесе алмай-ақ қойғаныма қат-қат өкініш етсем де, амал қайсы?.. Көңілсіз кездеріңізге өзім де құмар емеспін... Жалғыз өтінерім — менің тексеретін істеріме бөгет болмасын...

— Бернерге бар! Бухгалтерлерге бар!.. Көзіме көрінбейтін бол! — деді Ушаков, орнынан жұлқына тұра беріп Сикорский есікке қарай ыршып кетті.

Нағыз анау тоқпақтай тиер сөздерін айтпағанымен, кернеп тұрған қатал үннің шығуынан аз да болса, кеудесі босағандай болып, Ушаков Рязановқа қайтарар жауабына қайта отырды. Ұзамай Сикорскийдің келіп кеткенін ұмытып та кетті. Келісімге келмейтін бір түйісуге таянған екеміз ғой деген ең алғашқы ойына тағы да айналып келді. Ие, бұл бір жағымыздың қопарыла құлар кезіміз... Құлап бара жатқанды желкесінен түйіп қалар кез де осы. Рязанов мені досым да серігім деп, құшақтап тұрып тұншықтырғысы келеді. Мен ше?.. Мен бе?.. Мен ол кәрі сайқалды!..

Келер күндер көз алдына осынша-ақ айқын елес берсе де, Ушаков ашық алысуға кете алмайтынын сезді. Ішінен өзіне өзі ызалана, күйіне отырып, Рязановты келісімге шақыратын жауап жазды. Неге бүйтетінін тексерейін деген де ойы жоқ еді. Намыс, адамшылық дегендердің қанша тоналып жатқаны ойына бір оралмаған сияқты. Әшейінде ат көтере алмастай көрінетін зәбір-жапа, қорлық-зорлық деген ұғыныстар ойланған сайын ысырыла-ысырыла, аяғында біржола сезілмей кеткендей. Бәрі де кең даланың тегін жатқан байлықтарынан қайтсем айрылып қалмас екем деген ойға жанаса беріп, домалап-домалап аяқ астына түсіп жатыр. Аяқ асты болған намыс та, ой да, сұлулық та, адамшылық та,— бәрі де Ушаков үшін әшейіндегі қадір-қасиеттерінен түгел тоналғандай, түкке тұрмасқа теңеліп қалып еді.

Ушаков еңалдымен Ақмоладағы қазақ балалары үшін ашылған училищені жабуға қарсы еместігін жазды. Мектеп оның мырзалығы да, жан ашырлығы да, мәдениеттік бір арманы да емес, дәл күні бүгінгі өндіріс тілегі еді.

Аяқтап келгенде ақша еді! Келісімге келе алмас кезеңге келгенде Ушаков құрбандыққа мектепті де шалып жіберді. Неге, кім үшін деп ойланған жоқ.

Екінші құрбандық болып жұмыскер жалақысының артық-бұртық көрінгені кетті. Бұған дейін жұмыскер күні жаппай елу тыйын деп бекітіліп, жұмыскерлердің әртүрлі дәрежесіне қарай ішінара ауыстырылып отырушы еді. Енді Ушаков қырық тыйынға көніп, одан да түсе алатын ыңғай көрсете жазды. Еңбек күшіне қырқысып, таласып жатқан ешкім жоқ жапан далада орынсыз мырзалық еткенін мойнына ала жазды. Жалғыз-ақ жаңа жалақыны күзгі айлардан бастап киргізуге лұқсат сұрады. Қаламы осыларды жазып отырғанда Ушаковтың ойына кейбір уақыттарда жұмыскерлерге жан тартқандай көрініп қалатын мінездері түсті. Жайлы барақ, монша, огород, бақша деген болмашылардың тұсында бекерақ қызыпып кеткен күндерім болды білем деп ойлады. Жауап арасына осыны да қыйыстырып жіберуге бір оқталды да, өзін өзі әрең іркіп қалды.

Мана ең қытығына тиген осы екі мәселе сыяқты еді, енді ойланса, ең дауласпайтындары да осы екеуі екен!.. Мана үйінен атылып шыққанда — бұл кертартпалық, бұл еңалдымен өндіріске салынатын бұғау деп күйініп еді, енді соған қалай оп-оңай көніп отырғанын аңдамайтын сыяқты. Байсалды да тыныш, арынсыз көніп қалыпты. Қолы қалтырамай жазды.

Кен зерттеуге жұмсалған қаржы жағын тексеру жайындағы жауабына келгенде Ушаков тағы да байырғы мінезін тапты. Алдағы күндерде кеңейтер істің кілті сонда болат та... Сикорский, мейлі, тексере берсін, сынай берсін... Көп нәрселердің дұрыс сыналарына бұл таласпайды да... Бірақ, зерттеу тоқталмасқа керек! Қайта, сол байлығы анықталған жерлерді тезірек мәлімдеп, тезірек шахта құрылыстарын бастаған жөнді. Іскер де серпінді адам қамту жағынан әлі де қарқыны басылмағанын әдейі көзге сұға жазып кетті...

Түн бойы жазғанын таңертең қатшыға көшіртіп алып, Ушаков қайта оқып шығып еді, толып жатқан қайшылықтар барын көрді. Жазған сөздері түгіл, жазғысы келсе де іркіп қалған сөздері де ойына түсті. Ашындырған, тулатқан ойлар немене еді? Рязановтың қай ыңғайынан шошынып еді? Соның бәрі алғашқы айқын танылған күйінде көз алдында қайта келді. Көңіл тыныштығын тағы

да лоқсытып қалды. Рязанов көп нәрселерді көлденең тосып, оның үстіне келісімге келтірмей ушықтыра түсу үшін Сикорскийді жібергенін Ушаков тағы да есіне алды. Қарағанды мен Ақ-бұйрат, Нілді кендері түгіл, жаңа табылған, әлі иесіз жатқан кендерді де жалғыз жұтқысы келетінін өзіне өзі тағы да қайталады. Обыр, сүлік, сұмырай, сайқал деген теңеулерін барлық жексұрын түрінде көз алдына әкеліп, жеркене отырып, қоса қайталады.

Кеше әдейі шақыртып алып ақылдасқан Бернер мен Некрасов та Рязановтың түпкі ойын дұрыс танығандарын анғартып еді. Олардың ойына Ушаковтың өзі де қосылған:

— Жоқ! Жыйырма жылдық еңбегімді жұтқызбаймын. Мен ол өнешті жұлып алуға шамам келеді! — деп кіжінген. Инженерлері ашу үстінде жауап жазбаңыз дегенде Ушаков ашықтан ашық жанжалға кетіп қала ма деп қауіптеніскен еді.

Енді міне, не жазғанын қайта оқып қараса, танылған ынғайға қарсылық емес, сол ыңғайға қарай бейімделу болып шыққан екен. Мұны Ушаков айқын түсінді. Бүгейін дегені ашылып қалыпты да, ашық айтпағы бүркеліп кетіпті. Ығыспайтынын ашық көрсетпек еді, онысы бүркеліп қалыпты. Қаупі барын бүркей жазбақ еді, онысы ашылып қалыпты. Көз ілеспес бір сәтке ғана осынысына өз басының қадір тұрғысынан қарап шамданғандай болды да, тез лып етіп сөнген оттай, басылып қалды. Жауабын өзгерткісі келмейтінін сезінді. Әшейінде қызу адам дәрменсіз бір енжар күйге ауыса берді. Құлап бара жатқанын сезіне отыра қарманбады. Мектеп те, жалақы жайы да өндірістің өсу тілегінен туған өте керекті тіректер еді, сол тіректерінің сынарын көре отырып, көне кетті. Енді ол ойына келген аз толқудан қауіп ететіндей, өзіне жат асығыстықпен хатқа қолын да тез қойып жіберді. Құлап бара жатқан адам құлаудың өзін бұрын сезінді де ұятын сезінген жоқ...

— Степанды шақыр... Бернер мен Некрасовты шақыр, — деді хатшысына.

Шақыртқан адамдары келген соң, Ушаков «танысыңдар!» деген бір ауыз сөзбен Рязановқа қайтарған жауабын инженерлердің алдына қарай ысырып қойды да, өзі Степан Бушуевпен болып кетті. Хатқа қатар үңілген инженерлерінің бетіне сезіктене қарап қойып, сыр мінез Степанға әлденелерді инженерлерінен де жасыра

тапсыратын сыяқты. Степан атша шұлғып, басын изейді. Айтқандарын әріректен түсініп тұрғанын аңдатады.

Рязановтың үйіне жиі барып, көп нәрселерді оның үйін басқаратын достасы арқылы, үй қызметкерлері арқылы артығымен біліп қайтатын Степан бұл жолы шытырманы көп жұмыспен баратынын түсінді.

— Ол жағынан тынышыңыз қашпасын... Мен білмейтін қалтарысы жоқ ол үйдің...— деп қояды.

— Жүреріңде тағы да келесін ғой...— деп, Ушаков ақырындау айтты да, инженерлеріне естірте:— Сикорский өтірік айтады. Оның өтіріксіз жүрген күні бар ма!.. Рязанов ешқайда кеткен жоқ, үйінде. Кетіп қалған болса, қашан ораларын білмей қайтпа. Он, он бес күннің орайы болса, күтіп қаларсын. Одан ұзаққа кететін болса, хатты үйін басқаратын Полещукке бер де, тезбе-тез жөнелтуін тағайында...— деді.

Сикорский немен келгенін түгелінен қабылдап тұрса да, оның өзімен үйлесе алмайтынын Ушаков осы арада да жасыра алған жоқ.

Ушаков жауабын оқып шыққаннан кейін Бернер мен Некрасов біріне бірі таңданған пішінмен бір-бір қарасып қалды да, үндескен жоқ. Оларын Ушаков та аңдап қалды. Әдемі қолмен көшіріліп жазылған хат инженерлердің күте қоймаған, ер кеуделі Ушаков басына ұят келтірерлік бір нәрсе болып шыққан екен. Бәрібір аяғы немен тынары айқын тұрған іске осынша еңкеймесе де болатын еді ғой...

Инженерлер енді ғана түгел аңғарды — Ушаковтың өзі де жалғыз түнде мүжіліп қалған екен. Шашының ағына дейін көбейіп, бет-аузындағы әжімдері де тереңдеп, күш сезіліп тұратын сом денесін бір түнде май басып кеткендей босап кетіпті. Бұрын ол жасырып айтуға лайықты сөздерін де ақтара салатын мінезіне өзі сүйсінгендей болушы еді. Ығыспайтын, ықтамайтын. Өз ойы дұрыс көрген істерді жапырып, сындырып, тіземен орындататын. Осы мінездері айналасындағы адамдарды ықтатып ұстауымен бірге еріксіз құрметтеніп еді. Қазір құрмет етерлік екпін мен күш белгілерінен ешнәрсе қалмапты. Әшейін аяныш тіленген ғана қалпы бар. Көп жылдардан бері бірге жасасып, азап-бейнет, қайғы-қуаныштарын бірге көрісіп келе жатқан инженерлер Ушаковты шын-ақ аяды да, бірақ разы болған жоқ.

— Ойлана келе, осыған тоқтадым...— деді Ушаков. — Сіздердің наразы болып қалатындарыңды да түсінемін...

Достас адамына ең ауыр қортынды жайын ескертпеуге шыдай алмай Бернер оған:

— Бұл істің аяғы немен тынуға бет алғанын өзіңіз де дұрыс айтып едіңіз кеше... Біз де сол ойда екенімізді жасыра алмап едік... Егер әлі де сол ойда отырып жазған болсаңыз, менің өз басымнан ешнәрсе қосқым келмейді,— деді.

Бернердің нені дәлдеп аңғартып жатқанын бірден түсіне қалған Ушаков енді ол жайды қайталатпас үшін кесіп жауап берді:

— Сол ойдамын... Кешегі ойым өзгерген жоқ. Өзгеретін себеп те жоқ. Іс аяғы солай тынуға бет алғаны даусыз... Рязанов қазақ даласын жалғыз жұтқысы келеді... — деді.

— Онда бұл қыйпақтаудың не орны бар? — дегісі келді де Бернер іркіліп қалды, айтқан жоқ.

Орыс адамының турасынан көшетін әділ бір мінезі бойынша Некрасов тік сөйлеп кетті:

— Өз қолыңызбен жасалған жақсылықтар болса, бәрін де өз қолыңызбен жоюға бет алған екенсіз...— деді ол.— Оның не қажеті болғанын мен әлі түсіне алмай отырмын... Өзге қол бата алмас деп ойламаған боларсыз. Сол жақсылық дегендеріміз кім үшін еді? Қазақ үшін бе? Жұмыскерлер үшін бе? Солардың қамы ма еді? Жоқ-ты!.. Өндірістің өз қамы да! Сіздің қамыңыз-ды. Таға мен жүген ат үшін керек емес еді ғой... Мектеп пен жұмыскер жалақысын бекер-ақ көп көріпсіз... Атты қамшымен айдама, сұлымен айда деп, қарапайым жұрттың өзі-ақ айтпап па еді?.. Бекер, бекер болған, Никон Абрамович...— деп Некрасов қатты наразылығы барын білдіре тоқтады.— Бізге де бекер-ақ оқытқан екенсіз...

Өз ойымда тұрған нәрселерді несіне айтады екен, жара аузына несіне соқтығады екен деп, ойлады Ушаков. Компанияның жүз жыйырма пайынан маған тигені отызақ екенін біле тұра айта ма екен, әлде білмей ме екен?.. Әлде менің күнім батарын сезініп, дер кезінде қарсы жаққа шығып алғысы келе ме екен?.. Қалайда, бүгіннен бастап инженерлерінің бұған жақтаспау жағында боларын даусыз көріп, Ушаков та ендігі сырын аңдатпауға ұйғарды:

Жоқ, сіздерге бекер оқытқаным жоқ...— деді Ушаков.— Бұдан былай істің беті қалай бұрыларын сіздер де біліп отыруға тиістісіздер... Бұл жауаптың қазірден бастап іске асырылатын, енді үш айдан кейін іске асырылатын жақтары бар... Күнделікті істеріңізде ескере отыратын болыңыздар... Мектепті жою жөніндегі бұйрық бүгінгі ақ беріледі. Жалақы жөнінде кейінірек болғанын дұрыс көрдім...

Жұмыскерлердің жалақысын төмендету жайындағы бұйрық қазір берілсе, жаздың кеңшілік кезінде көп жұмыскерлердің тарап кете алатынын Некрасов та біледі. Ушаковтың ол бұйрықты кейінге қалдырып, жұмыскерлерді күз қыспағына қамап еріксіз көндіргісі келетінін бетіне айтып салғысы келді де, оңтайланып барып, қайта тоқтады. Арамы қылық ретінде қожайынының бетіне басқаны дұрыс па, жұмыскерлердің өздеріне сездіргені дұрыс па, ол соны ойлап тоқтап еді.

Ушаков осымен инженерлеріне рұқсат етті де, олар шығып кетті. Қашанғы әдеттерінше, келген сайын күнделіктің бірдемелерін ақылдаса кетуші еді, оны бұл жолы істеген жоқ.

Ушаков дәл бір қысылшаң кезде жалғыз қалғандай сезінді. Көп жылдар бірге қуанып, бірге қайғырып жүрген жолдастарын әр кезде бірге болар деп ойлаушы еді. Енді байқаса, әркімнің өз мұңы, өз тілегі оңаша екен. Еңалдымен сол біргелікті өз ойынан таба алмай отыр. Бернер кім? Некрасов кім бұған? Сірестіріп тұрып жалақы алады. Сол үшін мұның жұмысын істейді. Олардың қашан бірге қайғырғаны бар? Жоқ, олар істегі міндеттерін ғана атқарып келді...

Ушаков бірінші рет жақын адамдарының алғашқы рет болғандықтан жұқалап анғарткан кіналарында әділет барын сезінбей ойлады. Сезінбеді ме екен сол? Нағып?.. Жоқ, ол еңалдымен өз мұңын, өз қысталаңын ойлап қалып еді. Бұл ойының үстінде өзінен өзгенің бәрін жат көрді. Өзінен өзгенің достығын аңғарар да халі жоқ еді.

Инженерлер сыртқы баспалдақтан түсіп кеткендерін өз құлағымен естігеннен кейін ғана хатшысын шақырып алып, бұл айтары жасырын екенін аңғарта сыбырлап.

— Мынаның аяғына Жезқазған кенін сұрыптап жатқан отыз жұмыскерді есебін беріп, бүгін таратып жібердім дегенді қосып әкел. Оған дейін Степанды бері жібер...— деді Ушаков.

— Ұсақ-ұланға көп алақтасаң, үлкен істерде берекесіз болуға айналғаның! — деп, Ушаков өте жиі айтушы еді. Дұрыс айтатын.

Ұсақ үшін күнде қырқысып, төрт тағандасып, сіресіп қалу — үлкен істерде түкке тұрмайтындықты да көрсетеді. Ұсақ-ұлаң үлкенге сеп болса керек. Осыны терең түсініп айтатын сыяқты көрінетін Ушаков соңғы кездерде ұсақтап кетіп еді.

Қашаннан істес, ең сенімді серігі Бернер де осынысынан қажый бастады. Кейде тіпті Ушаков қылығын аңғармай қалатын болды. Бұрын Рязановтан күтер мінездер осы кезде түгелімен Ушаковқа ауысқандай, орынсыз қыжыртып, кінәсіз ренжітіп алғанына өкінбейтін сыяқты. Қатал емес, мылжыңға айналды.

Қарағандының басқарушысы Некрасов та осындай күйге түсті. Ушаков бұдан былай Рязанов болғысы келетіндей, көрінгенге байланысып болмашының бәрін де ысырап көріп, мазалай берді. Бұрынғы екпіні де жоқ серпіні де жоқ, ылғый бір ұсақты шұқылай берді. Кейде тіпті Рязанов емес, Сикорскийге ұқсап кетті.

Өмірде қағазға құмарлығы жоқ адам соңғы кездерде әрбір бұйрығын қағазға түсіріп отыратын болыпты. Қазір Некрасовтың алдында бір күнде берілген үш бұйрық жатыр. Балалы-шағалы жұмыскерлерге арналып салынып жатқан бір барақ бар еді. Асып кеткен ештеме емес, үйлі-баранды жұмыскерлерге бір-бір оңаша бөлмеден ғана берілмек-ті. Ушаков сол баракты ішін бөлуге арналған ақшаны өшіріп тастап, жаппай жататын бараққа айналдыр деп бұйырыпты. Бұдан үш ай бұрын Қарағандыда он бес кісілік аурухана салдыруға бұйрық алған еді. Енді оны он кісілік ет депті. Некрасовтың қарамағында он адамнан ғана құрылған көмір зерттейтін бір топ болушы еді, енді оны тарат деп бұйырған.

Бұрын Ушаков мұндай істер жайында тарынбай, кең отырып ақылдасып алып бұйырушы еді, қазір томағатұйық бұйрықпен сөйлесуге қалғандай екен.

Некрасов үш бұйрықтың үшеуіне де орындалады деген қысқа ғана жауап жазды. Бұрынғыдай келіспейтін жерлеріне қаймықпай қарсылық білдірген жоқ. Істеушінің бабы істетушіде, домбыраның күйі бұраушыда ғой, Некрасов қол-аяғына тұсау түсіп келе жатқанын

сезінді де, біреудің жұмысы үшін күйінбейін деді. Бірақ екпіні бар, серпіні бар адамның күрт өзгеріп бара жатқанын мұңайып есіне алды. Жаңа нығайып келе жатқан өндірістердің алдағы күндері лайсаңға айналып бара жатқанына іші ауырды.

Бұл кезде Ушаковтың күзге қарай жүзеге асырмақ болған жалақы жайы да жұмыскерлер арасына тарап кетіп еді. Құрылыстар мен кен зерттеу жұмыстарын тексере жүріп, оны Сикорскийдің өзі жайып жіберген. Жұмыскер тауып беріп тұратын Жұмабекпен әдейі кездесіп, күзге қарай түсім боларын тәптештеп ұғындырған:

— Ескі жұмыскерлер алғашқы бетінде тулай қарсылық көрсетіп, кетеміз дер... Дәл сол кезде жаңадан жалданатындарды тоғытып жіберсең, қарық боласың! Тек, кешігіп қал ма! — деген.

Ақырын-ақырын өсіп кеткен хабар жұмыскерлерді қазірдің өзінде-ақ қатты бунай бастаған екен. Әуелі дара-дара, одан кейін топтасып келіп, жұмыскерлер Некрасовты талай қоршасып алды. Некрасов қожайын сырын аша салуға бара алмай:

— Ол біздің қолдағы іс емес, Ушаковтың өзінен біліңдер. Мен де өздеріңдей қожайыннан жалақы алатын адаммын. Бізге ондайын ақылдаспайды,— деумен құтылып келіп еді.

Қазір терезе алдынан қатты дабырласып өтіп, конторға кіре берген бес жұмыскерді көрді. Бәрі де жұмыстарын доғарып шахтадан шығып келе жатқаны анық. Алдында Михайло Неволя, ортада Буланбай, кейінірек сылтый басқан Жабай мен биік қара Сүгірәлі еді. Бесінші жұмыскерді Некрасов танығаң жоқ, ашаң жүзді жастау жұмыскер екен.

Лұқсат сұрамай кірген жұмыскерлер жалпы амандықтан кейін, «отырыңыздарды» да күтпей, қабырғаға жабыса тұрған скамейкаларды сықырлата отыра бастады. Скамейкаларды сындырғылары да келетін сияқты...

— Міне, тағы да келдік...— деді Михайло Неволя.— Келмесімізге болмай барады. Не бізге өзіңіз білетін шынды айтасыз... Болмаса, лұқсат етесіз үш күнге... Осы бесеуміз Ақ-бұйратқа барып Ушаковтың өзімен сөйлесіп қайтамыз...— Өтініш емес, талап ететін үнмен айтты.

Некрасов шыйрыққан жоқ, қайта, үміттендірер үнмен:

— Бірақ, өзіңіз білетін деп мені бекер куәлікке саласыз...— деді, жымыйып.

— Сіз білесіз,— деді Неволя. Даусы әлгіден гөрі де қаталырақ шықты.— Біз алданып қалғалы тұрмыз! Жаз айлары өтіп, тырп ете алмайтын қысқа қамалғанда анығын естітін түріміз бар. Оны күткіміз келмейді!

Бұл күнде едәуір орысша үйреніп қалған Бұланбай, қазақша ойлап орысшаға аудара сөйлеп Неволяның айтпай кеткендерін толықтырды. Жауап беруге ыңғайланған Некрасовты киіп кетіп сөйледі:

— Сіз Сикорский емессіз...— деді Бұланбай.— Ол қасымыз болатын. Мүмкін бізбен достасуға сіз де құмар емес шығарсыз. Бірақ, біз сізді әділ адам көреміз. Еңалдымен сізді біздің балаларымыз мақтайды. Олар біліп мақтаса керек... Жеті жыл оқыды... Біздің әкеміз инженер Некрасов деп отырады. Бізге куә керек емес, Сезгенбілгенін жасырмай айтатын адал адам керек, ол сіз деп білеміз. Егер сіз де анық ешнәрсе білмесеңіз, оныңызға сенеміз де, Ушаковқа барып не сұмдығың бар деп жанжал саламыз. Біз осыған бел байладық,— деп тоқтады Бұланбай. Бұл да берік байланған ыңғайды танытты.

Сөйлей қалса, қопарып, сындырып кетердей, ызалы түнеріп Сүгірәлі отыр. Соқыр көзінің қабағы шыйрыға түйіліп, сау қабағынан гөрі ызғармен тұнжырап, Жабай отыр. Некрасовтың не айтарын салмақпен, сергектікпен күтіп, ашу-ызасына ие бола алып отырған бесінші бір жұмыскер бар. Тез жалт етіп, тез аңғарып қалғанын сездіретін көздері осыны айтып тұр. Өзі келісті де жігіт екен. Ол — Сеит еді.

Некрасов бұл жолы да бұлтара сөйлеуді ылайық көрмеді. Ашынып келген, алдағы бір алданар күнді дұрыс сезініп, заңды күйінішпен келген еңбек адамдарына оқыған адамның бейтарап адалдығын көрсетуге ыңғайланды. Еңалдымен ар тазалығын сақтап, екі жақтың біріне де іш бұрмай, ара адамның дұрыстығын айтпақшы болды. Бірақ, ол айтарының көпшілік арасына тарап кетуін ыңғайсыз да көріп еді.

— Сіздерде бір... не бар емес пе еді?.. Қалақ атаушы едіңіздер!.. Көп болып келмей-ақ...— деп Некрасов Неволяға қарады. Іркіп қалғанын атау керек пе, жоқ па, соны сұрай қарап еді.

Атын атамаса да меңзегенін жұмыскерлердің бәрі де түсіне қалғандай екен... Некрасов қызарыңқырап кетті.

— Қысылмаңыз... Осы келгендер бір семьяның адамдарымыз...— деді Неволя. Семья дегенді нұқый айтты.

— Ие, семья дейді екенсіздер ғой...— деді Некрасов.

— Жоқ, семья демейміз... Бірақ, арамызда бөтен де ешкім жоқ...

Неволяның сергек те, сақ отырғанына таңырқап, Некрасов тағы да аз бөгеліп қалды. Жұмыскерлердің арасында «Кеңес» деген таңдаулы топтың бір бас қосары барын ол алдақашан естіген еді. Кейде өзі де сезінетін. Анада Быковтардың босанып кетуі, ең алғашқы секемалы болса, одан бергі жылдардың ішінде жұмыскерлердің кейде асып кетіп, кейде жетпей жататын бытыранды ойлары өз алдына да әлденеше рет түйілген жұдырықтай болып келіп еді. Жұмыскерлермен күнде болып отыратын ұсақ жанжалдарда да оңай ырыққа көнбейтін бір дүм барлығы ылғый байқалатын. Оның аты «Кеңес» екенін білсе де Некрасов атамады да, Неволя семьяға аударып әкетті. Мән-мағнасы дұрыс аңдалған кеңестің аты осылай, оңай бұрыла кеткеніне енді екі жағы да разы сияқты. Түсінісіп жымыйысты... Осымен қалтарыссыз сөйлесудің жолы да ашылып қалды.

Некрасов:— олай болса...— деп, өзі барып есікті жауып, ілгегін салды да:

— Басқа семьядан біреу-міреу кіріп келіп жүрмесін...— деп, күлімдеп орнына келіп отырды. Содан кейін ең бір сенімді үнмен, дос ажармен, бар білгенін түгел айтып берді:

— Рязановтан келген екі түрлі жәбір бұйрық бар еді. Ушаков соның екеуін де қабылдады,— деп бастады Некрасов.— Балаларың енді оқый алмайтын болады. Ақмоладағы мектеп біржола жабылды. Оқытушылары есеп-қыйсаптарын алып тарап та кетті. Быйыл Том қаласына баратын жыйырма жеті балаға арналып тігілген киімдер де сатылып кетті...— деп Некрасов тоқталып қалды. Ол мектепте мұның өз еңбегі де бар еді. Көпті күтуші еді. Шын оқу сапарына енді аттанғалы тұрған қазақ балаларының жолы кесіліп қалғанына қатты күйзеледі екен. Жүзіне сол шыға келді. Көзі жасаурап, бетінің ду ете түскені байқалады.

— Балаларымыз енді оқудан біржола қалғаны ма? — деп, Бұланбай қайталап сұрады.

— Қалғаны,— деді Некрасов.

— Ұқпай қалғанбысын? — деп, Неволя қыжыртып тастады.

— Ешбір үміт жоқ қой? — деді Бұланбай оған да қарамастан.

— Жоқ.

Замандар зардабы оңай өшпесе керек. Атадан балаға сатылап келіп, есейген сайын тарына да зілдене түскен дала зардабы Бұланбайдың өз арқасына да батқан еді. Ол бірлер үшін мыңдарды басып-жаншып, зеңгітіп жіберген ит тіршілігі де. Бұланбай сол тіршіліктен түршіге безініп, бұдан былай өз еңбегіне ғана жалынуға көмірге келіп түскен. Дала байларынан безінгеніне қарай, мыналардың жұмыскер балалары үшін мектеп ашқаны Бұланбайдың ең үлкен қуанышы еді. Қарапайым адамның басқа ешнәрсеге теңгере алмас қуанышы еді. Содан үмітін үзе алмай, қайталап сұрады да, құлай күйзеліп қалды. Сол тізесіне салып отырған оң аяғы тайып түсіп, дүрс етіп еденге тиді.

Бұланбай қасіретін Некрасов та қатты сезініп қалды:

— Балаларға әзір естіртпеңдер... Практикада жүрген бойы әзірше жүре тұрсын... Менің бір басқа жорамалым да бар...— деді.

Жұмыскерлер жорамал жайын сұрастыра қалса, едәуір жұбатарлығы да бар еді. Бірақ, олар сұрастырған жоқ.

— Жә, екінші бәлесі немене? — деді Неволя.— Айтыңыз, бәрін бірге қайғырайық.

— Екінші... бірінші сентябрьден бастап жалақыларың кемиді. Ушаков орта есеппен қырық тыйынға көніп еді, Сикорский отыз бес тыйынды айтып жүр... Түбінде осынікі дұрысқа шығуы мүмкін-ақ.

— Орта есеп дегені немене болушы еді? — деп, Сүгірәлі Бұланбайдан сұрады. Орысша тұк білмейтін Сүгірәлі Некрасовтан сұрауға қаймығып еді. Некрасов анықтап өзі түсіндірді:

— Мысалы, Қарағандыдағы барлық үш жүз жетпіс жұмыскерге күні отыз бес тыйыннан деп жалақы кесіледі де, кімнің артық, кімнің кем істейтініне қарай ауыстырылып беріледі. Сіздер қазір жетпіс тыйын алатын болсаңыздар, бұдан бұлай күндерің елу тыйынның шамасына түседі. Қазір қырық тыйын алатындар жыйырма бес тыйынға түседі...— деді.

— Е, ол белгілі ғой... Білеміз,— деді Неволя.— Ит бухгалтериясы деп аталады.

Әлде бір ызғар екпінімен келген жұмыскерлер енді жүдесіп қалыпты. Әрқайсысы өз жалақысын есептеп, өз күн көрісіне бөліп, айдың ортасына әрең жеткізеді. Сейіткамал лавкасы мен Мұсақай алып сатарлардың шай-қанты мен қой-ешкісі қанша қымбаттарын кім білсін... Лошит тожы скотина — полный мяса калбаса.... Енді ол қолға түспейтін шығар. Жұмыскер жүздері тұнжырап, серпілмес бір қараңғылыққа батып бара жатқандай. Шырағы бар, қалжыңы бар шахта қараңғылығы емес, мылқау да меңіреу де көр қараңғылығы.

Жаңа ғана бейтарап, ара адамның адалдығын көрсетпек болған Некрасовтың өзі де осы ыңғайға қарай ауысып, бірге мұңая қалғаны байқалады. Оның жүзіне де алдында отырған адамдардың ренжу реңі шыға келіпті.

— Жә енді, не отырыс?.. Кетелік... Шынды ашып бергеніңізге көп рақмет. Барлық жұмыскер семьяларының атынан рақмет айтамыз...— деді Неволя.

— Менің білгенім осы. Мұны кім арқылы анықтағандарыңды жария етеміз десеңдер, өздеріңе салдым... Өз қара басым оны тілемеген болар едім,— деді Некрасов.

— Жоқ, біздің семьяның адамдары адалдыққа адалдықпен жауап береді,— деді Неволя.

— Сол семьямен жақын танысуға да болар еді... Бірақ, менің күндерім де санаулы...— деді Некрасов. Сездірмей, күрсінгендей болды. Неге олай боларын айтпады, іркіп қалды. Түптеп келгенде бұл жақтағы көмір мен мыстың түгел Рязанов қолына көшерін даусыз сараса да оны айтуды орынсыз көріп еді. Жұмыскерлердің бәрінің көзінде де «Неге?» деген сұрау барын көріп:

— Солай болғалы тұр.. Ол менің өз мұңым...— деді де тоқталып қалды.

Жұмыскерлер оған тағы да қайталап алғыстарын айтып шығып кетті... Бұрын жұмыс уақытында шахтадан шықпасқа лажы болмаған жұмыскерлер кешірім сұраушы еді. Бүгін бұлар оны да істеген жоқ. Сырлы еденнің бетінде шоқай табандарының жалпақ-жалпақ күйелі іздері ғана қалды. Сондай үлкен бір із Некра-

совтың өз ойында да қалған сыяқты. Бірақ, күйесі мен кірі байқалмайды...

Қарағанды басының бұдан кейінгі күндері тез-тез өтіп еді. Барлық іске де бір ашу серпіні араласқандай, қыйрау, бүлінулер де көбейіп кетті. Әйел-еркек бәрі де ашуланшақ, ілегісе сөйлесетін болып қалған. Барактарда күн бата гуілдескен талас-тартыстың дабыры түн ортасын аударып барып басылады. Жұмысқа бара жатқан, жұмыстан келе жатқан адамдардың бәрі де айғайлап сөйлесіп, бірін-бірі кекеп-мұқап барып түсінісетін сыяқты.

— Сал бөкселер!

— Айыр құйрық, қос қыртыстар!

— Жанжалқойлар! — деген сөздер шықты. Баракта тұратындар мен ауыл боп отыратындардың арасында екі рет төбелес те болып өтті. Төбелескен жастар жағы болғанымен, айтақ үлкендерден шығып жатады.

Ауыл боп отыратындардың аздаған малдары да бар. Бір-бір адамы көмірде болса, аяқ кесіп істеп, қостасып бірігіп кіре салатындары да бар. Сүт, қымыз сататын үйлер де көбейіп келеді. Мұсақай үйінің қасында ылғый он шақты қой көгендеулі тұрады. Сатып та жатады, қосыла да береді.

Ауыл мен барак арасы келісімге де келе алмай қойды. Алғашқы кездерде ауыл боп тұратындар үздік-создық болса да баракқа келіп сөйлесіп кетуші еді, қазір сол сасық баракты қояйық та, құдайдың кең даласына, ауыл мен баракты арасына жыйналайық та...— десіп, барак жаққа баспай қойды. «Сал бөкселер» деген ат осыдан туып еді.

Өздері салып алған оңаша үйлерінде тұратын Неволя, Алшағыр, Бұланбайлар соңғы екі жетінің ішінде әр кешін баракта өткізетін болыпты. Олар бүгін де сонда. Баракты орта тұсында жалаңбастанып алған Бұланбай, Сүгірәлі, Михайло Неволя, Байшегір, Алшағыр сыяқты аға жұмыскерлер шоқтарылып отыр. Бұлармен екі арадан едәуір ашық қалдыра отырысқан өзге жұмыскерлердің арт жағы ұзын баракты қараңғы көлеңкесіне қосылып, сығылысқан шоғыр болып қана алыста көрінеді. Бірлі-екілі жастағы жас балаларын қыйсайта тосқан жамбастарына аттай мінгізіп алып, тура кеп тұрған әйелдер де бар. Еркектер арасына сығылыса кіріп, тақтай нардың бір шетінен орын алған Күнзила, Катерина, Назыкеш — үшеуі ғана.

Басында ескі әдетінше биік салынған ақ жаулығы бар, өзі де өзгеден алабөтен ақ көрініп, іргеге арқасын сүйеп Көпей отыр. Әлсін-әлсін қыңсылап қойып, көпшілік шуылынан ұйықтай алмай жатқан жас баланы теңселіп тербетеді. Баланың басын тізесіне салып, көлбей жатқызыпты. Бұ да бір көптің құрметтейтін адамындай, Көпейдің қасында да тығызшылық жоқ. Екі көзі алдында жатқан балада болғанымен, төр жақта айтылып жатқан сөздерге Көпейдің сергек зейін салып отырғаны байқалады. Ашаң тартқан келбетті де келісімді жүзіне көптің мұңына іштей қосылып отырғандықтың ізі жосылып түскендей айқын тұр.

Өзге жұрттың жүзінде ашу мен кек көзге көріне түйіліп тұрғандай болса, Көпей жүзінде тереңдеп алған, емі жоқ мұң, қасірет бар. Жас баланың уана қалған бір кезінде мейірм төге езу тартқанда да қасірет ізі әлсіремейді. Қайта, жас аралас күліп, қайғы аралас қуанып үйренген жандай, езу тартқандағы қасіреті тіпті айқын. Өмір бойы сөзбен айта алмаған арызы мен шағымы көзімен жүзіне мұң өрнегі болып жазыла бергендей, ұзақ қарап, ойланып оқуды керек етеді.

Көпейдің алдындағы бала көбірек мазалап кеткенде Назыкеш жалт етіп қалып өзі алғысы келетін ыңғай көрсетеді. Көзі төр жақта, құлағы сол балада, бұл да сергек еленделп отыр. Көпей оған көзімен ғана «қозғалма, отыра бер» дегенді аңдатады.

Баянды ұста да ауыл мен арадағы кіндікті біржола кесіп, Қарағандыға орналасқан еді. Көп күнезер Жуман балалары соқа басын іргеден шығарып жіберген баласыз әйел Көпей де осында көшті. Баласыздығына кінасы жоқ, бір мейірімді ана боларлық бақытсыз әйел үйірсек те еді, қазір жақындаса-жақындаса Назыкеш пен Сеит қолына шығып кетті. Бұ да бір тағдыр тектектігі де, бір кезде есігінде жүрген Назыкештің қолына көшуді Көпей ұят та, кемшілік те көрмеп еді.

Назыкеш пен Сеит болса, Көпейді өз аналарындай жақсы көреді. Игілік зорлық етіп осы күнге дейін жібермей қойған өз шешесі Күңшені Назыкеш кейде ұмытып та кеткендей еді. Сөйлесе қалса да, құшақтаса да бойына бір мол мейірім құйып жібергендей болатын Көпейді Назыкеш пен Сеит бірінен бірі қызғанып, рыясыз таласып қалатындары да бар. Көпей біреуімен көбірек

сөйлесіп қалса екіншісі — апа, қасында мен де бармын ғой...— деп қалады.

Көпейде жалғыздық зарынан туған үйірсектік қандай күшті болса, аналықты сағынышы, аналықты аңсауы тіпті шексіз еді. Бір кезде Жұманға кеййп, «Иттен тапсамда бір бала туып алсам етті!» дегені болушы еді, аналық сөзі екен сонысы. Қазір Назыкештен туған ұл баланы баурап әкетіп барады. Назыкеште қызғаныш та жоқ, тек бала мазасыздығынан сүйікті шешені қорғай жүру ғана бар.

Манадан барактағы топта көрінбеген Сеит пен Жабай енді келіп еді. Үйдегілердің көзі түгел соларға ауды:

— Немене? Келе ме?.. Тез келе ме? — деп, Бұланбай бір тығыздық сезінетін түрде сұрады. Өзгелердің жүзінде де осы сұраулар, осы тығыздық бар еді.

— Жоқ, келмейді. Екі араға келсендер, біз де баралық. Қашпаймыз, бөлектенбейміз десті,— деп Жабай мен Сеит жарыса жауап берді.

— Бірақ, елгезек емес...

— Екі жақты, қос қыртыс көрдік...

— Көздері басқа жақта сыяқты...— десті.

Екі жетіден бері күнде кешке осы баракта болып жатқан керіс енді аяқталуға бет алып еді. Ауыл болып отырғандар бір қосылып, бір айнып, сынаптай толқуын қойса, барак жағының ойлары түйіліп қалған-ды. Екі жетіге созылған талас-тартыс толып жатқан тайғақтықты, жүрексіздік пен ездікті жеңіп, бір түйінге табан тіретіп еді. Барак жағы қазір қаласын бұзбай берік тұр. Мұнда бүгін де сембей шығып жатқан наразы дауыстар ауыл жақтың тартпағынан туып жатыр.

Сол ауыл жақ арқылы бәрін біліп, әр адымды аңдып, Жұмабек те осы маңайды торлап жүр. Әзір отырған үш жүз жігітім бар дегенді ол Ушаковқа да мәлімдеп қойды. Қазір қайда жүргені мәлімсіз, Сикорский мен Мұсақай да соның үйінде деген өсек бар.

«Үш күннің ішінде сөзді қоймасандар, маған өкпелемендер!» деген Ушаковтың қатал бұйрығы келгелі де екі күн өтіп кетті.

Осындай қысылшаң күндерде жүзден артық жұмыскері бар ауыл жақ әрі-сәрімен қажытып келеді. Жалақының кемитін болғанын алғаш естігенде жанды жеріне түрпі тиіп кеткендей өзгелерден бұрын ыршып, үрпиіп қалған да солар еді.

— Апырау, біз сорлаған екеміз... Тұралап қалыппыз ғой.

— Бізді де ойлай көріңдер. Кірме ағайындай жаутаң көз едік қой сендерге...

— Көміріңмен сыр алыспаған, тосынбыз ғой... Алдымен біз қағылып кетпейік...— десіп еді. Бұл жақтың осылай елпілдеп тұрғанына сеніп қалған Бұланбайлар, қапы кеткенін кешірек сезінді.

Соңғы күндердегі кездесулерде ауыл жақтың ең бір ескі дақтары теңбілденіп шыға келген екен. Тымағын бастыра киіп алып, жер шұқылап, төмен қарап отырған шалдары:

— Құдайдың не жазғанынан құтыла ма пендесі... Бұ да бір зауал да...— деп, біріне бірі мақұлдай қарасып отырып еді. Ілезде айнып қалған беттері көрінді:

— Осының өзі анық па екен әлі?

— Анығын естіген қайсың осы? Әзір жалақыны кемітпей-ақ беріп жатыр ғой!..

— Өзіміз ой салып жүрмейік...

— Ушаков байғұста кіна болмаса керек еді ғой...

— Сендер де өкпелей аласыңдар ма оған?... Алақандарыңа салып келмеп пе едіңдер...— десіп, барақ жағын кіналай да сөйлейді.

Жауабы да, дәлелі де оп-оңай, меңіреу ұғынар нәрселерді ұғына алмай, батпаққа батқан машина дөңгелегіндей, осы төңіректі шырқайналып шықпай қойды. Жастары аз, әкелері көбірек келіпті. Сөз де өтпейді, ақыл да жетпейді. Бейнебір мақта бумасы сияқты, нұқып қалсаң, жұдырығың терең-ақ, қарсылықсыз-ақ батып кетеді де орнында түк із қалмайды.

Осынысымен қарадай қажытып келе жатқан ауыл жақпен бүгін түнде ақтық рет сөз байласуға шақырғалы Сеит пен Жабай барып еді. Бұл екеуі жас жұмыскерлердің арасында беделі бар, қажырлы да тілді жігіттер. Екеуі киіз үйде тұратын жұмыскерлерді түгел аралап қайтты. Оңаша сөйлесе алған жұмыскерлерде қайпақтау жоқтығын көрсе де үлкендер жағының бұрынғыдан гөрі де берік сіресіп жатқанын аңғарды. Бараста тұратын көпшілікпен санаспасқа амалдары жоқ, бірақ, сол бетке тілектес те емес, басқа бірдеме күтетіндері айқын еді. Мұсақай үйінде даурығып сөйлескен қонақтар барын көрді. Жетегін аспанға көтере қайырып қойған Жұмабек арбасын таныды. Ол үйге кірген

жоқ. Алып келген жауаптары әлгі — екі араға жыйналайық,— еді.

— Сендер барыңдар, бәрің де барыңдар...— деді Михайло Неволя жолдастарына айнала қарап.— Көп болып барыңдар... Мен мына инженерлермен бірге жазуға отырайын... Бұлар ойлай білмейді де мен жаза білмеймін. Черти, вы, не оқып келгенсіңдер өздерің!.. Не оқытқан өздеріңе?..— деп, Михайлю шетірек тұрған екі жас жігітке қарады. Зілі жоқ, әкелеріндей ұрса қалжыңдады.

Бұл екеуі қазір он жеті — он сегізге келген, бір түсті де бір түрлі қарадан киінген Бұланбай баласы Нартай мен Алшағыр баласы Әлішер еді. Екі жас жігіт біріне бірі қарап жымыйды да, жауап қайыруды орынсыз көрді.

— Жә, өзіміз-ақ барайық ендеше... Тау Мұхамметке келмесе, Мұхаммет өзі барады деуші ме ең? — деп, Бұланбай Неволяға қарады та тұра берді.

— Осы соңғы келуіміз деп ашық айтыңдар...— деді Неволя.— Сынса сынып, жарылса жарылып кетсін! Не бірге, не бөлініп шығатындарын ашық айтсын!

Жұмыскерлер тұтас дүркіреп барактан шығып кетті де, Неволя Нартай мен Әлішерді ертіп өз үйіне келді. Барактардың арасында жылаған балаларын уатып, әлі ұйқтай алмай жүрген әйел дауыстары естілді:

— Не болды, әй, Күнзила?.. Қоя қойшы, қалқам... Не қылатын болды?.. Жыламашы, күнім!.. Бітті ме, әйтеуір?.. Назыкеш, тұра тұршы...— деседі.

Жыйналысқа бара алмаған әйелдер де қобалжып, ұйқтамай жүр екен. Қадала сұрасып жатыр.

— Қәне, қайсың жақсы жазасыңдар? Катюша сен самауырды қайнат... Қай жақсы жазатының мына жерге отыр... Көрейін өнерлеріңді... Сендер колбаса жейсіңдер ғой?.. Жейді екен...— деді Неволя, скамейканы столға қарай жақындата беріп.

Әкесіне тартқан кесек денелі Нартай азырақ бөгеле берді де, аз ғана жұқарақ та қағілездеу көрінетін Әлішерді алға қарай итеріп қойды:

— Сен жаз.— Әлішер қызарыңқырап кетіп скамейкаға бұрын отырды.

— Сен де қатар отыр... Бірге ойласып, бірге жазыңдар... Бізде қашанда осылай болу керек...— деді Неволя.

Әлішер не жазарын, кімге жазарын білмейтін еді.

Қаламды қолына алып, Неволяға қарады. Оқушы дәптері шетінен ғана ашылып, алдында жатыр. Әкешешесіне хат жазғаны болмаса, өзге түрде орысша ешнәрсе жазып көрген емес-ті. Қазақша өзі де хат танымайды. Баламыздан хат алдық дегендері болмаса, оның не жазатынын әке-шешесі де оқый алған емес. Әлішердің Ақмоладан жеті жыл бойында жазған хаттары бірі оқылмастан шешесінің сандығында жатыр. Анда-санда әркімге жаздырып жіберген әке хатын бұл да оқый алған емес.

— Не жазып едің?.. Е, сол ма еді!..— деп, екі жағы да балалар каникулға қайтқаннан кейін түсінісетін.

Неволя ойланып, көбірек жүріп қалды да, Әлішер күтіп, көбірек отырып қалды. Неше күннен бері неше рет айқын түйілген сөздер қағаз бетіне түсуге келгенде тағасыз аттай тайғанап үрке береді екен.— Дәлелді-ақ, орынды-ақ сөздер сыяқты еді, айқайласып айтқанда ағытылып шығатын еді. Көмірге қадалған сүймендей, қайладай, ойып-ойып түсетін. Енді соны қағаз бетіне тізер кезде ырыққа көнбей қойды. Неволяның ебетейсіз қолдары сол сөздердің бірін ұстай алмай қалғандай.

— Былай болсын! — деді Неволя бір кезде тоқтай қалып. Өзі жайдан жай терлеп те кеткен екен.— Былай болсын!.. Мен сендерге бәрін бірақ айтып берейін, жарай ма? Содан кейін екеуің жазатын болыңдар... Небось, өздеріңде де бас бар ғой! Қамытты қалай кигізеді, доғаны қай жағынан кигізеді, білетін боларсыңдар. Дұрыс қой?..

Жігіттер қысылып болса да бастарын изеді. Неволя еркімен сөйлеп кетті.

— Сіз, құрметті мырза, Никон Абрамович, бізді бекер жәбірлейсіз...— деп бастады Неволя.— Тіпті бекер жәбірлейсіз... Біз міне, неше жылдан бері Қарағандымен бірге өсіп келе жатыр едік. Бар күшімізді осында бердік, барлық теріміз осында төгілді. Ұяла да білу керек емес пе? Құдайдан да қорықсаңызшы!.. Міне, бір жақсы сөз осы!.. Ұмытып кетпеңдер! — деп, Әлішер мен Нартайға жақындап келіп, маңдайларынан қағып-қағып кетті.— Ие, құдайдан қорқу керек... Сіздің барлық байлығыңыз біздің иығымызда. Біз мұны жақсы білеміз. Сіз де біліп қойыңыз!.. Біз, немене, бұрынғыдан жаман істеп жүрміз бе, жұмысты? Жоқ, жаман емес. Ендеше, жалақыны қалай кемітесіз? Себеп не? Әлде біз артық

алып жүр ме едік? Неменесі артық еді? Аштан өлмей жатыр ма едік? Біздің балаларымыз неден өле береді деп ойлайсыз? Үш баладан біреуі-ақ қосылады. Қатын, Катюша, Сеиттің неше баласы өлді? — деп Неволя есікті ашып, ауыз үйге қарады.

— Үш баласы өлді. Мынасы төртіншісі... Мұнысы да сау емес...— деді Катерина дауыстап.

— Төрт баладан біреуі-ақ тірі қалады деп жазарсын,— деді Неволя Әлішерге.— Жоқ, Никон Абрамович, сіз ашулансаңыз, біз де ашуланамыз. Сіз орынсыз жәбірлейсіз. Біз болсақ ауыр еңбегімізді қорғаймыз. Қалай етсеңіз олай етіңіз, мұныңызға көне алмаймыз. Егер бізді жұмыстан босатып, орнымызға арзан қол жаңа жұмыскер алғыңыз келсе — оныңыздан біз де қорықпаймыз. Босанамыз да кете береміз. Осыған қол қойған жұмыскерлер түгел кетеміз. Сондықтан, жалақымызды кеміту болмайды деген бұйрығыңызды алғанша, ертеңнен бастап жұмысқа да шықпаймыз...

Неволя осы рухта тағы біраз сөйлеп, бара-бара қызыңқырап та кетіп еді. Алдында отырған Нартай мен Әлішер емес, Ушаков пен Рязанов сияқты көрініп кеткендей.— Біз де адамбыз... Қашанғы шыдаймыз? Біз көмірді өндіре берген күні рақмет күтсек несі айып? Сіздер өзі тыйтықтап тұрған арыққа жүк қоса түсілерің келеді. Болмайды ол, болмайды!..— деп, Әлішерді көзге шұқып ала жаздап тоқтады да:

— Ал енді, жаз осыны. Мен барып шай іше тұрамын,— деп ауыз үйге шығып кетті.

Баяғы аяқтанбай қалған «Кеңестің» ендігі көзі қарақтысы да, басшымыз деп танылатыны да осы Михайло Неволя еді. Орыс жұмыскерлері Оралға қайтқанда, Неволя өзі тіленіп Қарағандыда қалды. Сондағы ең басты себебі — «Кеңесті» далаға тастап кете алмау еді. Содан бері шамасы келген жерге дейін жұмыскерлердің мұң-мұқтаждарын жоқтауға ылғый өз кеудесін бұрып тосып келеді. Бірақ, бұл қат танымайтын адам, жазусызуға бірінші кездесіп қалғанда-ақ қатты қысылып, терлеп кетті де сол маңайдан тезірек құтылғысы келетіндей, ауыз үйге шыққанша асықты. Ішінен балалар өздері бірдеме етіп шығарар деп сенді. Ал енді, балалар ешнәрсе шығара алмаса жәрдем етерлік жай өзінде де жоқ еді.

Әлішер мен Нартай Неволяның айтқанын ұзақ отырып жазды. Бірінің ұмытқанын бірі еске салып, қайтақайта көшіріп, аяғында хат пен қатынас қағаздың екеуіне де жарым ұқсап, жарым ұқсамайтын бір түрге келтірді. Бас жағына кімге екенін қойған да жоқ. Неволяның: — «Сіз, құрметті мырза Никон Абрамович» дегенін қағазға түртіп үлгірген екен, тура содан бастап кетіпті. Неволя ауыз үйден айқайлап, үш рет «болдыңдар ма?» дегенде «жоқ» деген жауап алып еді, төртінші айғайына Нартай шығып:

— Болдық,— деді.

— Давай, оқы! — деді Неволя төр үйге келіп. Қағаз бетіне қатарланып тізілген сөз қарасын көріп қуанып та кеткендей еді.

Әлішер дауысы дірілдеңкіреп, ыңғайсыздау жазылған жеріне сүріңкіреп кетіп оқый бастады. «Бай мен малайы» деген Крылов мысалына өткен қыста ғана талдау жасап, мазмұндама жазғандары бар еді. Мына хатқа да сондағы сөздері кіріп кеткен екен. Сөзі емес, ойлары кіріпті. Онда айтам деп оқталса да айта алмаған ойлары әлдеқайдан қыйысып келіп, кесегірек те салмақтырақ болып кіріпті. Кейде жүзіне танданып қалғаны шыға келеді. Қазір енді көлденең көзбен қарап, не жазғандарын тұтас сынап отырған Нартай да күлімдейді.

Неволя тіпті разы жүзбен тыңдап тұр. Жаңа ғана әншейін айта салған сөздерінің тап осындай қағаз сөзі болып шыға келгеніне танданып еді. Айтқан өзі болса да жазып шығарған қазақ балалары ғой!.. Кереметте бір!.. Өзінің не айтқаны, қалай айтқаны есінде жоқ, қағазға түскен сөздер кәдуелгі кітап сөзіндей өрнекті көрінді оған. Тіпті қалай-қалай құлпырады!.. Ұмытылған да ешнәрсе жоқ... Мұның есіне келмейтін сөздер табылған екен!..

— Катюша!.. Бері кел!.. Мына күшіктердің не жазып койғанын көр!.. Бол, енді!..— деді Неволя ауыз үй жақка айғайлап. Өзі Әлішерді екі иығынан қысып ұстап, сілкіп-сілкіп қойды.

Катерина да дөңгелене қозғалып, тез келіп жетіп еді. Жолды қағаздың бетіне олпы-солпысыз тізілген сөздерге ол да таңырқай қарайды. Шын-ақ орыс сөзі болып шықты ма екен?.. Шын-ақ қазақ балалары жаз-

ды ма екен?.. Ондай да болады екен, ау!.. Катеринаның жүзі осыны айтып тұр еді.

— Сен тыңдап қара! — деді Неволя әйеліне. Әлішердің тағы да бір оқып шығуын сұрады.

Қасындағылардың қуана тыңдағандарынан азырақ мақтаныш сезінген Әлішер бұл жолы өзі де қыздырып оқып кетті...

— Катя, сүтің қалды ма?.. Біздің шалдар дабырласып қайтып келе жатыр екен...— деп, сөйлей кірген Күнзила төр үйде не болып жатқанын көріп, шегіне тоқтады. Неволя оны сұқ саусағымен төр үйге шақырды. Күнзила ақырын басып кірді де өз баласының бойына қуаныш нұрын төге қарап тұрып қалды. Өз бойын еріп бара жатқандай сезінді. Күнзила баласының жазғаны емес, орысша еркін оқып отырғанына қуанып еді. Орыс адамдарының алдында мүдірмей оқып отырғаны қандай!.. Кім десеңші, Әлішер ғой, өз ұлы ғой!..

— Енді Нартай оқысын... Нартайға бер...— деді Күнзила, ойына әлдене түсіп кетіп.

— Жоқ, апа, бөлуге жарамайды,— деді Нартай. Күнзиланың неге олай дегенін түсініп, жымыйып қойды.

— Патшаның өзіне жіберуге болатын жазу! — деді Неволя, Әлішер оқып болғаннан кейін.— Ендігі иесі менімін мұның... Шалдар келген соң тағы да оқырмыз...— деп жазылған қағаздарды жыйнап алып, түкпірде тұрған төсегіне қарай бет алды. Осы бір қымбат жазуды қайда тығарын, қай жерді ылайық көрерін біле алмай қалғандай, төсек үстіндегі кір жастығына да, төсек қасындағы ағаш сандыққа да қарайды.

— Катюша, сен бұлардың кім болып қалғанын көрдің бе? Нағыз адам осылар болады! — деп әйеліне бір айналып карады да, оның жауабын күтуге шыдамы жетпегендей:— Бірақ, сендер инженер болып шыққан соң, бізді тастап кетесіңдер ғой? Қара күйе, кір-кір, надан жұрттың арасында қаламыз деймісің! — деді Неволя Нартай мен Әлішерге әке қызғанышымен қарап.

— Біз бе? Біз тастап кетеміз бе? — деді Нартай, күле жаздап қалып.

— Михайло Романович, ол болмайды,— деді Әлішер.

Әке қызғанышына тез түсініп, үзілді-кесілді жауап берген балаларына разы болып, Неволя:

— То-то! — деді де қолындағы қағазын сала тұруға сандық аузын ашты.

— Екеуің жазған шығарсыңдар? — деді Күнзила Әлішерге. Көзі солай деп айт деп тұр...

Өзімшілдігі жоқ Әлішер:

— Екеуміз қосылып әрең жазып шықтық,— деді.

Күнзила қатар отырған Нартай мен Әлішерді қоса құшақтап, кезек-кезек сүйді. Дардай болғансып, қашқалақтағандарына қоймай, жас балаларды сүйгендей, еміріне, толғана сүйді.

— Апа, өзіңдей тағы бір жақсы адам бар ма екен дүниеде! — деп, әкесі сыяқты, ақ жарқын Нартай атып тұрды да, Күнзиланы құшақтай алып:

— Әлішерді менен он жыл артық сүйдің ғой... Бәрінің есесі бір-ақ қайтсын, тап мына жерімнен тағы бір сүйші! — деп, көзін жұмып, маңдайын тосты. Өз шешесі де есіне түсіп кетті білем, Күнзила құшағында күрсініп те алды.

Әйелдер жыласып та жіберген екен... Жүздерін жасыра, көздерін сүрте, ауыз үйге тез шығып кетті.

— Сүт дедің бе, Гуля? Бар... Бірақ, осында келсеңдерші, самауыр қайнап тұр... Балалармен бірге болсаңдар, осында алып кел шалыңды, — деді Қатерина. Күнзила жарайды деп кете бергенде, төр бөлмеден:

— Өздері де осында келеді. Шайыңды әзірлей бер, Катюша...— деген Неволяның дауысын да естіді.

Дәл осы кезде тыстан жан ышқынып салынған айғай естілді:

— Мекайла, Мекайла!..

— Жүгіріңдер, жүгіріңдер!...

— Бұланбай... Бұланбай соққыға жығылды! Бұланбай,— деген Алшағыр дауысын Күнзила бұрын танып, үйден жүгіре жөнелді. Лезде үйдегілердің бәрі де атылып шығып, айғай естілген қалың қараған жаққа қарай жүгіріп кетті.

Барактар жағынан да көп адамның қатты жүгіріп келе жатқандары байқалады.

— Бұланбай дей ме? Апырай, аман болғай-ақты!

— Қай ит еді қапымызды тапқан!

— Көрге кірсең де құтылмассың! — деген дауыстар жүгіргендермен бірге алға қарай кетіп барады. Әр бастан аттап түсіп, тез озып барады.

Бірге жүгіріп келген Михайло, Нартай, Әлішер — үшеуі қараған арасында етпетінен құлап жатқан Бұланбайды көрді. Бұланбайдың басын тізесіне салып:

— Бұлан, Бұланым! Бауырым! Серігім!..— деп, Алшағыр жылап отыр. Бұланбайда дыбыс жоқ екен...

— Сен фельдшерді шақыр, сен Некрасовты шақыр! — деді Михайло қасындағы екі жас жігітке.

Барақ жұмыскерлерін бастап барған Бұланбай киіз үйде тұратындармен ұзақ салғыласып еді. Олар тағы да шалдарымен, тымақтарымен келген екен. Шалдары итініп ілгерірек, жастары жасқанып кейінірек отырды. Бұл жақтан барғандардан ығысатындай, алдыңғы жағы топ ішіне сыналанып қана кіріп, арт жағы ұзын құйрықтанып, кейін шалқая отырыпты. Кейбіреулерін сөз үстінде шақырып әкетіп те жатты.

Бұланбай жұмыскер қауымы дегеннен бастап еді. Ұру ізіне, ел арасының шытырмандарына соқтықпай-ақ, осы қауымның тіршілік тілегі бір екенін айтты.

— Біз де өздеріндей, бір кезде ауылдан келгенбіз... Артымызға қарайлай-карайлай келгеміз. Алты айға деп келіп ек, сол тіршілік қамы біржола ұстап қалды. Ендігі несібеміз көмір деп отырмыз. Бүгін бізден бөлектенгендеріңмен, күні ертең ішімізге келесіңдер. Көпшілігіңнің жолың осы-ақ. Тірлік күні бірлікте дегені қайда? Қай күшімізге сеніп бірліктен қашамыз? Кімге еріп далаға қараймыз?.. Кім сол жанашырың? Бұл күнге дейін неғып көрмегенбіз?.. Бөліп бергені болса, нағып ұмытқамыз? Берері болса, әлі де айтсыншы, көмірі құрысын, ерейік соңына! — деп, Бұланбай соңғы сөздеріне ерекше мән беретінін аңғартып аз кідірді де қайта сөйлеп кетті:

— Жоқ, бөліп берер ешкім жоқ! Ағайын-туған бәрімізде де бар. Сыры да мәлім... Біз өз күнімізді өзіміз көреміз. Осыны қанағат та, тіршілік те көріп, үйренісіп қалдық, ірге тептік. Енді бізді арқан салып та ауылға апара алмайсын. Енді міне, бәріміздің басымызға бірдей төніп қыспақ келіп қалғанда, қараған түбіне жалғыз-жалғыздап бұғып жан сақтаймыз ба?.. Бұғып көрмеген қайсың бар ең? Не тауып ең содан? Жағалассыз жан сақтау бар ма еді? Арқасынан аяз қысса жылқы баласы да біріне бірі пана болып, шоғырлана түспейтін бе еді? Солғұрлы жоқпыз ба? Жоқ, біз ықтамайық, қарсы тұрып, бой көрсетейік. Ірімей-шірімей, бөлінбей-бытырамай қарысып көрейік. Шыдасайық!.. Нілдіні біле алмадық, Ақ-бұйрат заводы да сөзін беріп отыр. Бірге қарсы тұрамыз. Кеміттірмейміз жалақыны! — деді Бұланбай. Жауап күтіп ауыл жақтың шоғырына қарады.

Олар тіпті әрнеге де әзір отырғандай екен. Көбі шалдар, өзгелері жастары, он шақты адам қатарласа сөйлеп:

— Қарағым, Бұланбай-ау, өкпелеп қалған екенсің ғой...

— Ауыр сөздер айттың ғой... Тіпті сені елде, балуанға түсіп жүргенде де қатты сыйлайтын едік, осы күні осы жұрттың ағасындайсын... Неге ермейік саған?

— Әшейін, байқай тұрайықпен бұйыға бергендік те...

— Жер қорқақ, жабылықтағы баяғы...

— Барақ бастасын, өзің баста. Ереміз, бірігеміз...— десті.

Бұланбайға бұл жауаптар ұнамап еді. Сүйексіз, жігерсіз, былқыл сөздер сыяқтанды. Ұғынбай да ұғынғысы да келмей, барақ жағынан ығысқандықтан айтылған, әлі баяғы шығарыпсалманың айла-шарқы екенін сезінді. Бұланбай тағы да сөйледі. Ішке кіре, қайрай да сергіте сөйледі. Шалдар емес, жастар жағын, жұмыскерлердің өзін сөйлеткісі келіп, әркімнің атын атап, бой көрсетуге шақырды. Түсінбей жатыр ма дегендей, жалақы кеміп қалса, кімге батарын, күн көрістерінің не күйге ұшырарын қайғыра да, ұғындыра сөйледі.

Бұл кездегі ауыл жастарында айқын екі қалып бар еді. Мындардан бірі бесті айғырдай мазасыз да, жүгенсіз, сақалдан салып отырады. Ол жасынан болыс болған, би болған, бай баласы, ерке сотқар. Өзге жас топ ішінде аузын ашып көрген емес. Бұл да замандар салған берік тұсау. Ауыл жастарының көпшілігі сол тұсаудан шыға алмай отыр, үндеспей қалды. Олар үйлеріне барып бұрқылдайды, отыра беріп, тұра беріп, осы шалдардың өзін де қауып-қауып тастайды. Қарны ашқан, кейіген кездерінде сол шал әкені сабап та алады. «Әкемізді сабап көріп едік, бірақ, арбаға байлап қойып сабап көрген жоқ едік!» — деген мысқыл аспаннан түсті деймісің! Бірақ, замандар тұсауын оңай үзе алмайды. Тұсау әлі берік, үзер ниет те әлсіз әлі... Осы батпағыннан қалай суырып алсам екен деп, Бұланбай ызаланып ойланды.

Ауыл жақ сол ықтай сөйлеген беттерінен табан аудармай, бірігеміз, ереміз, бірге-ақ өлейік дегенді қайталай берді. Отсыз да ызғарсыз қайталады. Құдай мен құранды ауыздарына алды. Бұл екеуінен басқа сенімге тірек боларды Бұланбай өзі де білмейтін. Ішінен берік сене алмаса да, аяқтап келгенде қолы жеткені осы бір былқыл ғана болып баракқа қайтып еді. Ушаковқа

жазылар қарсылық барын, оған түгел қол қою керектігін айтқанда, ауыл жағы тағы да сол шикі әзірліктерін көрсетті.

Барак жағы тұтас көтеріліп, Бұланбайды ортаға ала, қалың шоғыр болып қайтып еді.

— Тарап кетпеңдер, баракқа жыйналыңдар... Тағы бір сөз бар,— деді Бұланбай.

Шоғыр енді ыдырап, үздік-создық алға шығып кетті. Ақырын аяңдаған Бұланбай мен Алшағыр кейіндей берді. Екеуі ауыл жақтың қыйпаң-сыйпаңын айтып келе жатты.

— Бір үш күнге шыдай алса жарар еді....— деді Алшағыр.

— Оған шыдап-ақ қалар... Бірақ, күні-түні ішінде болуымыз керек. Жұмыстан кейін ертең де осы жақта болармыз...— деді Бұланбай.

— Ие, көзің тайса-ақ, іри бастағалы отыр.

Осындай азынаулақ кірбеңі бар сөздермен келе жатқанда Михайло Неволяның терезесінен жарық көрінді. Одан әрі тұтаса қарауытып баракгар да көріне бастады. Барак маңайындағы күрің-күрің адам дабыры да естілді.

— Сүгірәлі мен Байшегірді Мекайланың үйіне алып келші, жұмыс бар,— деді Бұланбай Алшағырға. Өзі қараған арасымен Неволяның үйіне қарай тура тартып кетті.

Алшағыр да қалың қараған арасымен келе жатыр еді. Бұланбайдан елу қадам айрылғаннан кейін қараған түбінен біреудің сасқалақтап тұра бергенін көріп:

— Өй, бұл қайсың? — деп қалды Алшағыр. Бұққан адам үн шығармай Бұланбай жаққа қарай еңкелектей жүгіріп кетті. Алшағыр да солай қарап еді, қараған арасынан кеудесі ғана қарайып көрініп, Бұланбай баяу қозғалып барады екен. Қарағанды маңында ұры-қары, бозбалашылық дегендер болмайтын. Алшағыр ауыл жақтың жіберген тыңшысы болар, ендігі сөзді естігісі келетін біреу шығар деп ойлады.

Сол екі арада Бұланбайдың «Өй!» деп қалған дауысы естілді, ышқынып шыққандай болды. Алшағыр жүгіріп келсе, Бұланбай етпетінен құлап жатыр екен. Денесі қатты шіреніп, темірдей шыйрығып, салмақтанып кетіпті, аудара алар да емес... Алшағыр Бұланбайдың басын көтеріп алып, әрендеп тізесіне салды. Қолына жылы қан тиді... Айғай салды, өзгелерден бұрын жеткен Михайло,

Нартай, Әлішер — үшеуі Бұланбай мен Алшағырды осы күйде көріп еді.

Бұланбай үйге көтеріп әкелгеннен кейін де көпке дейін дыбыс бере алмады. Дем алысы әлсіз, ара-тұра үзіліп те кетіп, ышқынып қалып жатты. Қол-аяқтары суынып, бар денесінде діріл бар еді.

— Қауып жоқ... Жарасы ауыр да, есі де жыйналған жоқ. Өлім қаупі болмасқа керек, бірақ... Тараңдар... Тыныштық керек... Таза ауа керек... Қазақша білетін бір-ақ адам қалсын... Өзгелерің шығыңдар,— деді фельдшер, Бұланбайдың басын таңып, төсегіне жатқызғаннан кейін. Фельдшер сөзін Некрасов та қайталады.

Жұрт үндемей шығысты. Көзбен аңғарысып, үнсіз мақұлдасып, ауыз үйде әйелдер ғана қалды. Босағаға сүйеніп Нартай тұр. Михайло Неволя, Байшегір сияқты аға жұмыскерлер есік алдынан да алысырақ барып үйіріліп отырды.

Қараған арасын кезіп кеткен жастар жағы жалғыз-жалғыздап қайтып келіп:

— Қалай?... Есі кірді ме? Фельдшер не айтады? — деп сұрасады. Ешкімді таба алмай келгендері осы сұрауларынан-ақ көрініп тұр.

— Үйлеріне қайта беріңдер... Демалыңдар... Ертең жұмыстан кейін тағы да сөйлесерміз...— деп, Михайло жұмыскерлерді таратса да үлкен шоғыр осы үйдің маңайынан кеткен жоқ.

Қарағандыға келгеніне үш жыл болған жас фельдшер Морозов соңғы екі жетінің ішінде он шақты адамның жарасын таңып еді. Бәрі де бас пен бет жарасы да. Айғайы мен шуы, намысқа тиері шексіз көрінгенмен, ең соңғы екі үлкен төбелеске қатынасқандардың жаралары тіпті болымсыз болып шығып еді. Бір өзгешелігі басқа соғысады екен деп түйген. Сірә, қазақ төбелесі қан шығарып, сырт көзге оңай көрінер дақ салуға ұмтылатындай, ауыр жараласпайды екен деп ойлаған. Бұланбай жарасы ондай емес, ауыр екен. Темір ме, шоқпар ма, әйтеуір, бір қыры жоқ жұмыр нәрсемен оң жақ құлақ-шекеден аз ғана жоғарырақ ұрыпты. Мана алғаш көргенінде сол тұстың сүйегі жарылғандай ішіне қарай батыңқы еді. Қазір ісіп кетті. Қан әлі тыйылған жоқ, ақ марлідан шым-шымдап шығып жатыр. Аздап дем алысы түзеле бастаған сияқты. Көзін әлі ашқан жоқ, ешнәрсе естімейтіндей, ауырсынбайтындай, сұлық жатыр.

Таң ата жұмысқа барарда бараста тұратын жұмыскерлер әуелі Бұланбай үйіне соғып еді.

— Жақсы... Қауіп жоқ... Ұйқтап кетті,— деген хабар алып, бәрі де қуанып кетті. Түн бойы осы маңайда болып ұйқтамаған Михайло, Алшағыр, Байшегірлер де жадыраңқы екен.

— Біраз күн әкең орнына түс. Инженерге оның зияны жоқ,— деп Михайло Нартайға әзілдеп айтып тұр. Онсыз да практикада жүрген бала шахтаға қарай жұмыскерлермен бірге кетті. Бұланбай қасында Күнзила мен Көпей ғана қалды.

Жұмыскерлер түс-түстан аңдап шахтаға жақындай бергенде, осы кезде сап ете түскендей, қоңырау дауысы естіліп еді. Әмірі мен ашуын қоса аңғартып қоңырау қатты безектеп келеді. Қақ жолға қадай салған ат тұяқтарының дүбірі де естіле бастады.

— Өзі ғой! Ушаков қой! — десіп қалды жұмыскерлер. Оның қоңырау дауысын да, жүріс екпінін де білетін жұрт қаталасқан жоқ, сол екен.

Ушаков үлкен жолдан бұрылғасын да жүрісін бәсеңдетпей тегіс қыраңмен шахталарға қарай тартты. Сол екпінмен жабық шахтаға түсіп кетердей екен!.. Барактардан да, ауыл жағынан да шұбап келе жатқан, оны көрген соң тезірек аяңдап кеткен жұмыскерлердің шахта жақ алдын орап келіп, аттарын тоқтатты.

— Нартай, сен көріп едің ғой... Жүгіріп бар да түндегі хатты алып келші! — деді Михайло. Нартай жүгіріп кейін кетті.

Қожайынның күтіп тұрғанын көріп жұмыскерлер үш ат жегілген арбаға жақындап келіп бөріктерін алысты. Қайла мен күрек сол иықтарында, жанжалға алып шыққан қарудай ызғарлы да қалың қарауытады. Ушаков жүзі де қап-қара екен... Ушаков бірінші рет амандыққа жауап етпеді.

— Сендер не ойлап шығарғыларың келеді? — деді Ушаков арба үстінде тұра келіп. Арбада өзінен басқа ешкім жоқ екен, аяқтарын алшақ қойып, шалқақ тұрып үн қатты. Сом денесі қоршаған топтан оқшау биік көтеріліп, ең жақын тұрған жұмыскерлерге төбесі бұлт етегіне барып тірелгендей көрінді. Басы не деген үлкен!.. Денесі де тұтас құйылған шойындай, айбынды екен. Ортадағы ат шұлғып қалғанда, қоңырау да тез-

тез тыпыршып үн береді, шымыр ағаштан иілген жіңішке доға да жаңғырығады.

— Менің ақшама ие кім? Мен бе, сендер ме? — деді Ушаков. Даусы гүрілдеп, қабаған шықты.— Мен!..

Осы тұста Сикорский мен Жұмабек екеуі де жетіп, жұрт арасымен арбаға жақындап еді, Ушаков оларға амандасқан да жоқ, көрмегендей еді.

— Аз көреді екенсіңдер, жалданбаңдар, есептеріңді алып кете беріңдер. Бір-ақ күннің ішінде жүздеген жаңа жұмыскер тауып алам,— деді Ушаков. Жұмабек аяғын бірер басып арбаға жақындап қойды.

— Жалақы қандай боларын мен сендермен ақылдасуым керек пе екен? Жоқ! Оны сендер қайдан көрдіңдер, қайдан алдыңдар? Қазақ байларынан көріңдер ме? Бара беріңдер сол байларыңа!.. Біріңді де бөгемеймін!..

Әр сөзі жұмыскер төбесіне қорғасын бұршақтай тиіп жатыр. Қоршаған топтың қыймылдарында жасқана бастағандық байқалады. Қожайынмен сөйлесеміз, арыз етеміз, қарсылық көрсетеміз деушілерге де үлкен сын туып қалғандай. Ешкім әлі үн де шығарған жоқ, белгі де берген жоқ.

— Мұндайды қоятын болыңдар! — деді Ушаков.— Мен қалжақты көтере алмаймын. Осындай жанжалды кім бастаса, кім көтеріп жүрсе, мен де соның тап өзінен бастаймын! Әкем болса да қарамаймын, айдап шығарам!

Енді бой көрсетпесе, барлық ойлаған ойлары түкке аспай қаларын сезініп, Михайло Неволя алға шығып, Ушаковтың дәл қарсы алдына тоқтап бөркін алды. Келісіп қойған болу керек, әр топтың арасынан бір-бір адам шығып, олар да Михайломен қатар тұра қалып, бөріктерін алып жатыр. Ауыл жақтан ешкім шыға алған жоқ. Сеит пен Жабай солар жаққа барып қайтса да ешкімді әкеле алмады. Өздері келіп алға шыққан топқа қатарласты. Бастап жүрген жұмыскерлердің бәрі де осы арада еді. Бұланбайдың орнында баласы тұр.

— Бұл немене? Не айтпақсыңдар? — деді Ушаков.

— Не бар айтарымыз мына қағазда...— деп Михайло Неволя қойнынан түнде жазылған қағазды шығарып алып Ушаковқа ұсынды. Ушаков қағазды алып, тез жүгіртіп оқып шықты да:

— Мен сенбеймін бұл қағазға! Бұл бір аз ғана топтың былшылы болу керек, ешкім қолында қоймаған,— деді.

— Сенетін болыңыз... Осында қайла ұстап, күрек ұстап тұрған қолдардың бәрі де қойылады,— деді Неволя. Сенімді дауыспен қатал айтты. Қайла мен күректердің тез қозғалысып, көтеріліңкіреп қалғанын көрді Ушаков. Қағазды жыртып-жыртып тастауға бір оңтайланып еді, сол қозғалыстан қаймыққандай жырта алмады, бірақ ығысатын ыңғай да көрсетпеді.

— Мен айтарымды айттым сендерге. Сол жауап өзгермейді. Жалақы кемиді. Азсынатындар, кете беріңдер. Мына Жұмабек подрядчик айтсын, қанша адам әзір отыр екен! — деді Ушаков.

— Үш жүз адам!.. Үш жүз адам бүгін келіп көмірге түсе алады. Керек десеңіз, ертең тағы үш жүз адам әкеле аламын,— деді Жұмабек. Қелісіп қойғандай көпке естірте, айғайлап айтты.

— Естітіңдер ғой? — деді Ушаков.— Барыңдар, жұмыстарыңа! Бүгін жұмысқа кім шықпай қалса, соны көнбегенге санаймын да, бүгіннен бастап есебін беріп, босатып жіберем!.. Мен сендерді аяп, жалақыны күзге дейін кемітпейін деп едім, енді о да болмайды, бүгіннен бастап кеміді. Ұнатпайтындарың, кете беріңдер!..

Ауыл жақ жапырыла қозғалып, шахтаға қарай тез сырғып кетті. Арттарына қараған да жоқ. Бараста тұратындар тағы да айтар сөздері қалғандай, Ушаков арбасына жақындай түсіп, шоқтарылған күйі, қоршаған күйі тұрып қалды...

3

Ушаков Қарағандыға Ақ-бұйрат пен Нілдіден де белгі берген наразылық дүмпуінің ызасымен келіп еді. Неше жылдан бергі күнделікте жұмыскермен екі арада ұсақ-ұлақ алғай-шалғайлар талай болып келсе де көптің үн қоса, біріге қарсыласқанына кездесіп тұрғаны осы да. Анайы көретін дала жұмыскерлерінен мұндайды күтпейтін де еді. Ішкі Ресейде жиі-жиі бола бастаған жұмыскер забаставкалары қазақ даласына әлі бір жарты ғасырсыз салқынын да сала алмас деген ойда болатын.

Қазіргі күндерде неге бұлай болып жатқанына ол өзі де түсіне алған жоқ әлі. Әрбір белгілі дағдыға үйреніскен ойдың әдетінше, быйыл бір қырсыққа, сәтсіздікке кездескен жылым болар деп ойлады. Әрбір жақсылық,

жамандық тіршілік топырағына дән болып түскеннен кейін ақырындап өсе беріп, бір кезде бой көрсетерін білмейтін де ұғынбайтын да сияқты. Әзір өзі де ұғынып болмаған дағдарыс үстінде жүрген Ушаков бар сәтсіздікті өмір шатқалаңдарынан емес, жоғарыдан, тағдыр тосуынан көре бастап еді. Өр кеуделі адам еді, сенімді де, іскер де еді, қазір өз заманының, өз қауымының аса алмас биігінен бұда аса алмай қалды.

Кейде жұмыскерлерімен етене келіп қалып, ұсақ мырзалық істеп, бір-екі ауыз жылы сөз айтары бар Ушаковты жұмыскер қауымы ұнатып та қалатын. Мұның әмірін ғана орындайтын адамдармен шатақтасып қалғанда да өзіне келіп шағым ететін. Өз қара басының сондай беделді екеніне бойы үйренген Ушаков қарсылық көрмей, беті қайтпай келіп еді. Осыған үйреніскен өр адам жұмыскерлерінің алғашқы күндерде белгі берген наразылықтарынан ығысқан да жоқ. Даланың тілсіздігі мен үнсіздігіне, әр кездегі қысталаңына сүйеніп, жұмыскер наразылығын жапырып тоқтатармын деп, шынымен сенді. Тек қана біріне бірі жалғаса келіп, босқа бөгей берген көнілсіздіктерді ауырлады. Одан асар қауып бар дел ойлаған жоқ. Бәсеке жоқ, талас жоқ, күші арзан далада жалақы жайын үлкен сөзге айналар деп күтпейтін де еді, қауыптанбады да. Бар ойы Рязанов пен Сикорскийдың салып жатқан шатақтарына ауа беріп, біраз күнді елеусіз өткізіп алды.

Осы күйде отырыңқырап қалған Ушаковқа алдыңғы күні Нілді жұмыскерлерінің арызы келіп еді. Онда қазір екі жүзден аса жұмыскер бар еді, соның жүз жыйырмасы қолын қойыпты. Жалақының кемитін болғаны оларға да жетсе керек, — өйтер болсаң, қазір есебімізді бер, кетеміз,— деп жазыпты.

Тілмаш Жұсып қазақша жазылған арызды өз хал-қадарынша орысшаға аударып, түйінді-түйінді жерлерін ұзақ түсіндірді:

— Жаман сөздер жазыпты... Үш күннің ішінде жақсы жауап алмасақ, бір ұшпыр тесілмейді де, бір адам жұмысқа да шықпайды, келген кірелерге кен де тиетпейміз депді... Нілді қазақ елінің қалың ортасы. Аржағы Ұлытауға дейін кете беретін бай елдер... Олардың да жалшыны көп жалдайтын кезі келе жатыр. Сақтану керек...— деп ескертті Жұсып.

Дала халқының айбарында да, қауыптенуінде де шын-

дыққа ылайық шеңберден асып түсіп жататыны көп болады деп ойлайтын Ушаков, бұл арызға да жете мән берген жоқ.

— Жақын арада Бернер барып қайтқалы отыр, бітіре қайтар сол...— деп, арызды қатшысына қарай серпіп тастады.

— Жауап жазбаймыз ғой? — деп сұрады қатшысы.

— Жоқ...

Қатшының екінші ұсынған хаты Некрасовтікі екен. Ол жұмыскерлерге қандай бейтараптық көрсеткісі келсе, завод иелеріне де сондай бейтараптық көрсетіп, Қарағандыда болып жатқан жайларды түгел жазыпты. Жасырмаған да, қоспаған да, өз ойы нені даусыз көрсе, нені шындыққа жатқызса, соны сол болған күйінде тізе беріпті. Жұмыскерлер арасында күн санап жамала түсіп, өсе түсіп келе жатқан заңды наразылық барын да жасырмапты, қайта, мән бере жазған сыяқты екен.

— Ақмоладағы мектеп қараңғы жер астына түскен шахтер шамындай жалғыз жарық еді... Жалақы жайы болса, ол жұмыскердің күн көрісімен тіршілігінің арқауы ғой... Жабылып қалған мектеп пен кемігелі тұрған жалақы жайын жұмыскерлер күйзеле де қызына сөз қыла бастады. Амалсыздан көнер де мойындар да... бірақ, мұның екеуі де кешірілмейтін бір заңсыздық ретінде ойларында қалатын сыяқты...— депті Некрасов.— Нелері заңды, нелері заңсыз, ол жағына өз қара басымның пікір айтар хақысы жоқ деп санағандықтан, мен сізге тек қана елемеуіңізге болмай бара жатқан жайды хабарлағым келеді. Әңгіменің асқынып бара жатқанын да жасырғым келмейді. Өзіңізге барып қайтуға бес адам лұқсат сұрап еді, мен әрине, тоқтау айттым. Бірақ, қазір екі жетіге айналған әр қыйлы даурығыс енді өзінің заңды арнасын тауып, бар салмағымен өз алдыңызға түскелі тұр. Жұмыскерлердің өзара екі ұдай, тең-тартта тұрған бір кезі бар еді, енді ол аяқталғанға ұсайды. Барақ жағы жеңіп, ауылда тұратын жұмыскерлерді ертіп алуға таяу қалды. Енді тезбе-тез шешімі болмаса, ауыр жанжалға тірелгелі келеміз...

Ушаков хатты осы арасына дейін оқып келді де ашуланғандағы әдетінше лақтырып тастады.

— Мынау өзі солардың адвокаты болып алыпты ғой!.. Нелері заңды, нелері заңсыз, немді кешіреді, немді кешірмейді, мен оны сендерден сұраушы ма едім!.. Мынау

өзі не оттайды? — деді Ушаков қатшысына бір зәрлі ызғармен түйіліп: — Сен мынаны оқып әкеліп тұрмысын, оқымастан әкелдің бе?

— Оқый бастадым да қорқып кетіп, өзіңізге әкелдім...

— Бұдан былай Некрасовтан келген қағаздарды оқымайтын бол! Түсіндің бе?

— Түсіндім, Никон Абрамович!

Бір сәтке үй ішіне ауыр тыныштық орнап қалды. Заводтың гүрсілі мен гүрілі де естілмей кеткендей еді. Ушаков өз ойының ғана аунақшуларын есітіп тұрғандай. Ойы бір-ақ сұраудың төңірегінен шыға алмай қалғанын сезінеді. Бұл немене, забастовка ма? Қарағанды, Нілді, Ақбұйрат үшеуінен бірдей белгі бергені қалай? Әлде осыларда үн қосу да бар ма екен? Сикорский ғой, жаны жай тауып, сылық-сылық күледі!.. Үш өндірістің тіршілігіне бірдей тиген, бір мезгілде тиген жалақы жайындағы шоқпарын ұмытып кеткендей, Ушаков оңай-ақ нәрселерді ұғынбай қалған сияқты.

Дабырлап келе жатқан бір топ адамның дауыстары естіле бастады.

— Бұл менің жұмысым емес... Маған оның қатынасы жоқ. Мен өз жұмысымды білемін...— деген Бернердің даусы айқын танылады. Өзгелерінікі жанға батқанда шығатын ашынды дауыстар. Сөз күші емес, үн күшін аңғартатын дауыстар. Шоқайлары тақ-тұқ етіп, жұмыскерлердің ауыз бөлмеге именбей кіріп келе жатқан әлпеттерінде әдейілік те бар сияқты.

— Лұқсат па? — деді Бернер, есікті жартылай ашып, жалғыз көзімен ғана ішке қарап. Өңінде абыржу да, қысылыс та бар екен. Ушаков наразы пішінмен үнсіз ғана басын изеп еді, Бернер бөлмеге тез кіріп есікті жапты да аптыға сөйлеп кетті:

— Пожалуйста, Никон Абрамович, мынау жанжалдан мені құтқара көріңіз... Еңалдымен жалақы жайына менің қатынасым жоқтығын айтсаңыз екен мыналарға... Маған наразылық кәрін көрсетпейтін болсын, — деді. Ол көп нәрселерді айтуға, баппен айтуға келіп еді, Ушаковтың наразы кейпінен қайпактап, ең жанына батқанын ғана айтып тоқтады.

Бұл кезде Бернерге де сенбей бастаған Ушаков, оның өз басын арашалай сөйлегеніне ашуланып та кетті, жат адамның жырылып шыға келер мінезіне жорыды. Енді

оған жауап беріп, кеңес айтуға да шыдамы жетпей, ауыз бөлмеде иіріліп қалған жұмыскерлерге өзі шықты.

— Не керек сендерге? — деді Ушаков, жұмыскерлерге аса бір қатқыл үнмен.

— Не керегі өзіңізге де мәлім ғой... Жалақымыздың кемітіні рас болса, біз де өзімізге лайық тіршілік жайын ойлағымыз келеді, — деді, сұр тастан жасалғандай кең шаңы басып кеткен сұр жұмыскер.

Ушаков енді ғана айқын аңғарды келгендердің ішінде осы Ақ-бұраттағы мыс заводының да, кен шахтасының да жұмыскерлері бар екен. Кірпіктеріне ұлпа қара күйе шаң тұрып қалған завод пештеріне көмір тасушы да, үсті-бастарын жылтыр қарамай басқан мыс қорытушы да, сұрғылт шаң басқан кенші де айқын танылып тұр. Бәрі де жұмыстарын тастап келгендерін жасырмай, күйесімен, шаңымен келіпті. Сөйте тұрса да қожайын жүзіне ықтамай да именбей қарайды. Өзгесі емес, Ушаковқа осы именбеулері үлкен жәбір көрінді.

— Жұмыс уақытында бос жүруге кім лұқсат берді сендерге? Бұл неткен бассыздық! — деп, Ушаков жұмыскерлерге ақырып қалды. Жұмыскер көздері тез-тез қағылып қалар ма екен деп еді, ол бұл жолы болмады.

— Сол жұмыста қаламыз ба, жоқ па, әуелі соны білгіміз келеді, — деді тағы да әлгі сұр жігіт. Өзгелері бар қозғалыс-қыймылдарымен, бедірейе қараған көздерімен соның айтқанына жауап күтетіндерін аңдатын тұр.

Осы жігіттің сырт бейнесі мен кірпік қақпай қараған қыйсық көздері таныс сияқты екен, бірақ дәл қазір Ушаков оны есіне түсіре алмады. Заводтың алғаш жүріп кеткен жылдарында Ушаков көп жұмыскерлерін жаңылыспай танушы еді, қазір осы келген жеті адамның ішінен бірде-бірін таный алмай тұр. Әкесі кен шаңынан өлген ескі жұмыскер Мұнайтпас, өзі шебер ұшпыршы Таңжарық екенін Ушаков танымай қалды.

— Сендер немене, мені қорқытуға келдіңдер ме? Болмайды оларың, мен қорқа алмаймын! — деді Ушаков.

— Бізге қорқу-қорқытудың бірі де керек емес... Тапталтүсте таланғымыз келмейді. Соны айтқалы келдік, — деді горновой жұмыскер.

Енді Ушаков жұмыскерлердің тайсалмауға тұрғанын түгел түсінді. Салғыласып тұруды қорлық та көріп тұр. Алғашқы ақырып қалғанында үйден үркітіп шығара ал-

маганы да өз беделіне бір ақау түсіргендей сезінеді. Өз айбарының осынша әлсірегеніне ашуы да келіп кетті.

— Мені сендер қорқыта алмайсыңдар! — деді Ушаков, әлгі айтқанын тағы қайталап. — Қорқыта алмайсыңдар!.. Жұмыскер күні орта есеппен алғанда қырық тыйынға түсіріледі. Азсынғандарың кете беріңдер! Бүгіннен бастап есептеріңді берем. Далада қолы бос адам аз емес. Басқа бір ауыз сөзім жоқ! — деді де Ушаков тез бұрылып өз бөлмесіне кетті. Осыларға бекер-ақ өзім келіп сөйлескен екемін деп өкініп те кетті.

Ағаш табандары тақтай еденді ашумен тарсылдатып, наразылықтарын қосарлана айтысып жұмыскерлер де шығып барады.

— Көрерміз әлі!

— Біз де адамбыз ғой!

— Қорқа алмаспыз! — деген дауыстарын Ушаковқа естірте дабырласып, терезе алдынан шоқтарылып өтті. Таспен, отпен азаппен сынасып үйреніскен адамдар қожайынмен табандасуға да шыдайтын мінез көрсетіп, именбей келіп, именбей кетті.

— Міне, көрдіңіз ғой, ылғый осылай... Мені қамағалы он күн болды... Мен шаршадым да... — деді Бернер бөлмесіне қайта келіп кірген Ушаковқа.

— Ақ-бұйратқа сіз жауаптысыз! — деді оған Ушаков.— Сіз жауаптысыз. Жұмыскерлерің қоятын болсын жанжалды!

— Қалай, немен көндір дейсіз? Маған берілер ерік қайсы?.. — деп сұрады Бернер.

— Ақ-бұйратты басқаратын сіз бе, мен бе? Кім басқарса сол жауапты да болады. Өз шамаңыз келмесе Ордабай болысты шақырыңыз! Барыңыз!.. Не, бүгін тындырасыз, не болмаса... жәбірленбейтін боласыз маған... — Бернер үнсіз шығып кетті.

Ушаковтың ойында Рязановқа берген уәдесін орындаудың үлкен жанжалға айналып бара жатқаны ғана бар еді. Әрі жұмыскерлерінің алдында, әрі Рязановтың алдында абыройсыз бір жайда қаларын сезінгендей қатты тарынып кетті де ешнәрсені сабырмен өлшей алмай қалды. Бұрынғы кездерде оңай орайласа кететін істердің осы бір күндерде жүйесін таба алмай қойғанын тағы да быйылғы жылының қырсығынан деп жорыды.

Осы шатқаландардың тұсында Ушаков өзіне де наразы еді. Қәрілік босаңдығы таянғандай, өз бойынан әдетте-

гі серпінімен, бет бақтырмас екпінін таба алмай, ызаланды. Неден босаңсып барады, неден қаймығып қалды әлі? Жігер сарқылғандай не болыпты бұған? Ушаков сыяқты адам құлағанда да осылай болжырап құлауға тиісті ме еді!..

— Жоқ! — деді Ушаков, өзіне өзі дем бергісі келгендей. — Бұл жанжалды рақымсыз жапырып тоқтатуым керек! — Осыдан кейін біраз күн елей қоймай едәуір асқындырып алған жұмыскер наразылығын өз тізесімен, өз салмағымен жаншып тоқтатуға бекінді. Ол Қарағандыға осы екпінімен келіп еді.

Бұл екпінге шыдай алмай, Қарағанды жұмыскерлерінің бір жағы жыртыла сөгіліп, шахтаға қарай сырғып кеткені Ушаковқа үлкен арқа сүйеу болды. Бұл тұрақсыздық көпшілік беті болмаса да, әйтеуір, бір жеңіс белгісі еді. Бұл ыңғайға сүйеніп өзге қасарып тұрғандармен қалай сөйлесуге де болар деп ойлады Ушаков.

— Мен сендерге бар айтарымды айтып болдым. Көнбейді екенсіндер, мейлідерің білсін! — деп, Ушаков аз ғана кідіріп ашық шахтаға қарай жөнелгендерге қарап еді, олар шоқтарылып тез қозғалып барады екен. Арбаны қоршап тұрғандардың жүздерінде де қобалжу байқалады.

— Біз өз тілегімізді заңды көреміз... Сондықтан сіздің құлақ аспауға қақыңыз жоқ, — деп Михайло Неволя алғарақ шығып тағы да айтары барын аңғартып еді, Ушаков көшіріне:

— Айда, канторға тарт! — деді.

Қоңырау жұртты жақ жарып өтіп ұзай берді де барақ жұмыскерлері қайық тіліп өткен судай қайта тоғысып, шоғырланған күйінде тұрып қалды...

Ушаков контор алдына келіп арбасынан түсе бергенде жаңағы иіріліп қалған үлкен топтың да орнынан қозғалып, жабық шахталарға қарай шоқтарылып бара жатқанын бір шолып қалды. Бұлар да жеңілгендей, көнгендей екен. Алысырактан айбарсыз да жабырқау көрінді. Қайтып қалған беттің солғын көрінісін аңдағандай болды. Енді ол Қарағандыны басқаратын Некрасовты біраз бөріктіріп алғысы келді.

— Сен, немене, менен алатын ақшаңды қарсылықпен қайырғың келе ме? — деді Ушаков, есік алдына шығып қарсы алған Некрасовқа. Бернердей емес, бұған сыпайшылықтан тыс өктем кетіп тұрғанын ерсі де көрген жоқ.

— Сіз маған ақшаны еңбегіме төлейсіз ғой деп ойлаймын, — деді Некрасов сыпайы ғана.

Ушаков оның жауабына құлақ аспай, есігі ашық тұрған конторға кіре беріп:

— Жұмыскерлердің адвокаты болғаныңа қанша ақша сұрайсың? — деп тағы бір қауып қалды да ішке кірді.

Соңынан ере кірген Некрасовтың жәбірге орай жәбір жауап қайтарарын танығандай, онысына жібермей киіп кетіп:

— Осындай жанжалды болдырмау үшін шын-ақ көп еңбек керек пе еді? Бернер екеуің жұмыскерлерді аз ғана тыйып ұстай алсаңдар, осындай ылаң болмас еді ғой!.. Сендерден соны талап етуге қақым бар ма менің, жоқ па?.. Әлде сендердің орныңа ылғый өзім шапқылап жүруім керек пе? — деп Ушаков жұмсаңқырап тоқтады. Ашық тұрған терезенің жақтауын толтыра отыра кеткен түрінде де өзіне жат қажығандық, шаршағандық бар екен. Жүзінде біраздан бері басталған аяушылық, жәрдем күту бар. Сондықтан, Некрасов жаңа ғана естіген орынсыз жәбірге мән бермей, жауабын жұмсақ бастады.

— Никон Абрамович,— деді ол, Ушаковтың алдына жақындай келіп. — Осы жанжалдың тұсында адвокаттық істеген бір адам болса, ол еңалдымен сіздер үшін бусанып жүр десем не айтар едіңіз?..

— Маған ешкімнің адвокаттығының керегі жоқ, бірауыз қатал сөз айта білуі керек! Қайпақтамауы керек! Көп сөз керек болған жоқ қой маған... Көнбесеңдер кете беріңдер деген бір-ақ ауыз берік сөз айтып ем, әне, бәрі де көніп, жұмыстарына кетіп барады. Көремісің, бір адам қалған жоқ, шахтаға түскелі кетіп барады! — деп, Ушаков ашық терезеден жаңағы жұмыскерлер үйіріліп қалған жерді нұсқады. Шынында да жұмыскерлер екі жарылып жабық шахталарға карай шұбап барады екен. Қарсылығы байқалар кіші-кірім топ та қалмапты. Қарағанды басында күндегі еңбек күні басталып кеткен сияқты. Ашық шахтадағы адам қыймылдары күндегісінен көрі қызуырақ сезіледі. Қос қара-көкті сәндеп жеккен Жұмабек осылай қарай келе жатыр. Қасында Сикорский бары танылады.

— Ол бір ауыз сөзді айтқан сіз ғой... Оны біз айтқан болсақ әсері басқашарақ шыққан болар еді, — деді Некрасов, — Мен бірақ муны баянды жеңіс демес те едім...

— Жеңіс емей, немене? Бүгіннен калмай Ақ-бұйрат та тыныштады, Нілді де жым болады, — деді Ушаков.

— Бірақ, менің жаңағы айтқалы келе жатқанымды да тыңдасаңыз екен...

Сып етіп Сикорский кіріп келді де Некрасовтың сөзін именусіз бөліп кетті. Осы жолғы келісінде ол әдеп-имену дегенді әдейі ұмыта келгендей еді, қазір тіпті өктем де өр екен.

— Мен сіздің жалақы жайында табанды түрде іске асырғалы отырған бағытыңызды Рязанов мырзаға қазірден қалдырмай хабар етем...— деді Сикорский Ушаковка. — Сіз үшін оның елеулі мәні боларын айтпай-ақ қояйын, онсызда түсініктісіз ғой... Бірақ, бүгінгі жариялағаныңызды ресми түрде берілген бұйрық деп атауыма болар ма екен? Соны өзіңізден сұрап алғалы келдім...

— Болады... Бұйрық міне, бүгіннен бастап іске асырылады,— деп Ушаков өзі ала келген бұйрығын Некрасовка ұсынды. Мұнысы ендігі бетін Сикорский алдында қуаландырып қалу сияқты мінез болып шыққанын біле тұра қысылған жоқ.

Сикорский ентелеп келіп Некрасовтың қолындағы бұйрықты тез шолып шықты да:

— Әбден дұрыс болған екен... Үш өндірістің үшеуін бірдей қамтығаныңызды Рязанов мырза ерекше бағалар деп ойлаймын, — деді. Ушаков онысын ұнатып отырғаны сездіргісі келмей, үндеген жоқ.

— Рязанов мырзаның сізге жазған екі хаты бірге келіпті... Қазір тапсырсам ба екен?.. Әлде, кешке қарай үйіңізге ораласыз ба?.. Мен қазір солай қарай жүрем... Оңашарақ бір уақыт тапқаныңыз теріс те болмас еді...— деді Сикорский. Өзінің Ушаков сияқты үлкен адамды еңсеріп бара жатқаның Некрасовка да анғарта сөйледі.

— Кешке үйде боламын, — деді Ушаков. Рязанов хаттарында не барлығын Некрасов сезінбесін деген де ойы болды. Бірақ, ол ойын Некрасовта түсініп қалды.

Әлденеден аса қуанышты жайын жасыра алмай ойнақтап тұрған Сикорский тез қоштасып, тез шығып кетті. Ұзамай, екі қара-көктің Ақ-бұйрат жолына түсіп алып құйындатып жөнелгенін терезеден көріп:

— Хлестаков! — деді Ушаков ішінен.

Жаңа ғана бір жайларды Ушаковка жан тарта айтқысы келіп отырған Некрасов енді жәбірленіп қалғандай еді. Ең жек көретін, дұрыс жек көретін адамына Ушаков-

тың рай бере сөйлескенін ұнатпай қалды. Үлкен көріп келген адамының көз алдында кішірейгенін көргендей болды. Іштей аяуына жек көру сыяқты бір сезімнің араласа бастағанын аңғарды. Құлап жатса да Сикорскийден қол үшін сұрамас деп ойлайтын еді, енді абайласа, Рязановқа жағыну үшін Ушаков Сикорскийден де жеркене алмай қалған екен. Бірбет, іскер де адалынан өлетін адам деп сеніп келіп еді, қазір сол ескі құрметінен аз ғана қалғаны болса, Сикорский сыпырып ала кеткендей, Некрасов бір жола салқын тартып кетті.

— Сен маған бірдеме айтпақ едің ғой! — деді Ушаков, Некрасовтың өзгерісін таный қалып.

— Айтпақ едім... Бірақ, енді соның орны бар ма, жоқ па, соны ойланып отырмын... — деп, Некрасов едәуір бөгеліп барып жауап берді.— Мен сізге адвокаттық істеп жүрген бір адам болса, ол сіздің пайдаңыз деп едім ғой? — деді Некрасов. — Көлденең адам түгіл, осы жанжалды көтеріп жүрген жұмыскерлердің өзі сіздің тілектің шеңберінен шыға алмай жүр десем не айтасыз?

— Ол қандай тілектестік?.. — деді Ушаков. Осы тұста манадан тыста күткен Жұмабек есіктен басын көрсетіп қалды да Ушаков кідірек сұрамақ болған бірдемелерін іркіп қалғандай болды. Бірақ, Некрасов өз ойын іріктеуге қалған екен, енді ашынып қырап, қыза сөйлеп кетті:

— Шын жайды алсақ, жұмыскерлер жалақыны кемітпеу үшін ғана жанжал салулары керек пе еді? — деді Некрасов. — Жоқ!.. Жалақыны өсіру үшін жанжалдасулары керек еді.

— Ә, немене?..

— Жалақыны өсіру үшін дейміп, — деді Некрасов, бар пішінімен жасқанбайтын батылдыққа, қайсарлыққа кеткенін аңғартып. — Бұлар бұдан жеті жыл бұрын таңайындалған тақ-тұқ күн көрістің шеңберінен шыға алмай қалды. Ал күн көріс қайтты? Еңбек жұртының ең керектісі жазға қарай екі есе, қыска қарай үш есе қымбаттап кетті одан бері.

— Жұмыскер адвокаты деп едім сені, қаталаспаған екемін! — деді Ушаков, оның аржағында молырақ ызғары барын жасыра алмай.

— Жұмыскер адвокаты болған адам олардың ойына ең болмағанда осыны салар еді, оны істей алған адам болған жоқ. Әшейін аяудан аса алмай қалды, — деді

Некрасов. Ушаков онысына сенді де тыншығып тыңдайтын ыңғайын көрсетіп, сөз аяғын күтті. Некрасов шыйрығa сөйлеп кетті:

— Жұмыскер көріп отырған жәбір жалғыз осы ма?.. Жұмыстан кейін жуынғысы келсе несі айып? Балалары мыз өле бермесін десе, оның неменесі күлкі? Адамша жұмыс істейміз, адамша тұрғымыз келеді десе, онысы әкесі мен шешесі, баласы мен келіні қаз-қатар бірге жатудан құтқар деген болмашы тілектен канша асып жатыр еді? Жұмыскер дұрыстап демалса, ертеңіне өндіре қыймылдайды. Бүгінгі азапты ертеңгісіне қоса бермей, ұмыттыру да керек емес пе! Осының бәрі еңалдымен өзіңіз үшін екенін біле тұра, сіз бұрынғы бетіңізде табандап қала алмадыңыз... Ескі жұмыскердің жүзін босатып, жаңадан жүз адам алсаңыз, сіз адам басы он тыйыннан кемітіп күніне он сом үнемдейсіз, солай емес пе? Сонда көмір мен мыстан неше жүз сом кем берілерін білмей отырмысыз?.. Жоқ, білесіз, жақсы білесіз... Ұсақ-ұланға көп алаңдаған адам үлкен істерде берекесіздігін де көрсетеді деп өзіңіз айтатынсыз! Сіздің бұрынғы бетіңізден айнып қалған себебіңіз басқада, әрине...

— Онда сенің жұмысың болмасын! — деді Ушаков, шамданған дауыспен.

— Сіз жаңа бір ауыз сөзіммен жанжалды тоқтаттым дедіңіз... Қанша уақытқа дейін, неше айға дейін тоқтаттыңыз? Ендігәрі жұмыскер жанжалы болмайды деп ойлайсыз ба? Бекер олай ойлайсыз... Далада жұмыскер табы туған екен, о да өсе береді, есейе береді. Мен бұл жерде қалмауға ұйғардым. Сондықтан ақтық рет ақтарылып айтқым келді. Осыны адалдық көрдім... Батыл болып кеткенім де сондықтан болар... Біраз жыл еңбегім сіңген, болашағы үлкен деп ойлайтын ісім еді Қарағанды Соның алдағы күндеріне жаным ауыратынын айта кеткім келді. Мен айтып болдым... Мына бұйрығыңызды басқа біреу орындар... Кешіріңіз... — деп, Некрасов Ушаковтың жаңа ғана берген бұйрығын өзіне қайтарып берді.

Некрасов сөздерінде тура айтылған дұрыстық та, қатты айтылған достық та барын жақсы түсінген Ушаков ашусыз мүдіріп қалды. Соңғы уақыттағы өз істерінде өз ойына, өз тілегіне қарсы келер қайшылықтары барын тағы бір рет айқын сезінді. Бірақ, енді бұл бетінен өзгерер де шамасы жоқ екен.

— Көлденең көзге бәрі де солай көрінетін әдеті ғой.

Бірақ, мен жұмыскердің ыңғайына қарай көне бер деген ді достық деп білмеймін. Шын-ақ кетем десең, амалым қайсы, күштеп ұстап отыра алмаспыз, — деді Ушаков. Өзі де сенімсіз айтып еді, Некрасовқа да солай сенімсіз де ойсыз айта салған жауап көрінді.

Манадан осы үйде не сөйлесіп жатқанын есітуге құмартып шыдай алмай жүрген Жұмабек тығыз бір іспен келгендей шапшаң кірді. Жүзінде жаны ашыр адамның қобалжуы бар екен. Жаңадан жұмыскер жыйнап беру жұмысы суынып кетеме деген қаупы бар еді, еңалдымен сонысын аңғартпас үшін есіктен кірген бойында әбігерлене сөйлеп кетті:

— Жабық шахталарға бір адам түскен жоқ... Аузына барып айпала қоршап алып бәрі де сыртта отыр... Манадан бақылап тұрып ем, беттерін жаман көрдім... Барабан да тоқтап қалды... Ұсталар да дүкенін жауып, соларға барып қосылды, — деді Жұмабек.

Үйдегілер енді абайлап еді, ұста дүкенінен шаңқ-шұңқ етіп естіліп жататын дыбыс тынып қалған екен.

— Не сандалап тұр мынау?.. Өтірік! — деді Ушаков, терезе алдынан ыршып түсе беріп.

— Далаға шықсаңыз өзіңіз де көресіз, — деді Жұмабек. Жүзі тас болып қатып қалғандай екен, өтірік айтасын деген жәбірден өзгерген жоқ.

Ушаков терезеден мойнын соза карап еді, ойпаңдағы жабық шахталардың маңайында не болып жатқанын көре алмады. Берегіректегі ашық шахтаның жұмыскерлерінде әр жақтарына қарап алаңдау, аңыру бар екен. Некрасов далаға шығып қарап келді де:

— Рас айтады... Жұмыскерлер шахтаға түспепті. Барақ салушылар да көрінбейді, — деді.

Енді Ушаковтың өзі де далаға жүгіре шықты... Дұрыс екен... Жабық шахтаға түсер ауызды кең қоршап алып, жұмыскерлер қозғалыссыз отыр. Күн шаңқан ыстық болса да бір адам көленке іздемей, бой тасаламай отыра беруге бел байлағандай екен. Көмір отвалдарының үстінде де топ-топ шоғырлар көрінеді. Әдейі көзге түсу үшін жоғары шығып алған сыяқты. Арғы беттегі ауыл адамдары да бала-шағаларымен шұбырып далаға шығып сол жабық шахталарға қарап тұр. Ашық шахтадағы жұмыскерлерде де қобалжу бары байқалады.

— Сен барып келші! — деді Ушаков Жұмабекке. — Тоқтатсын жанжалды, шахтаға түссін!.. Әйтпесе, мұның

аяғы өздеріне жаман болады... Бүгіннен қалдырмай бәрін де босатып бұл маңайдан қуып жіберем. Жұмыстан босанған адамды бір күнге де қалдырмаймын бұл жерде! Бұл менің жерім! Түсіндің бе?..

— Түсіндім, — деді де Жұмабек жабық шахталарға қарай кетті.

Мана таңертең Ушаковты қоршап алған жұмыскерлер айтқысы келгендерін тындата алмай наразы қалып еді. Ауылда тұратын жұмыскерлер табансыздық істеп, оңай бөлініп сырғып кетсе де барақ жағы сырт қарасын бұзбай шыдап қалды. Көп тілегі үшін бой көрсетіп ортаға шыққан он шақты басшы жолдастарының ынғайынан табылатындарын көрсетті. Талай ойда қыпылдау бары дауысыз болса да, сын үстінде сыр берген бір адам болған жоқ.

Ушаковқа сөзін тындата алмағанына Михайло Неволя ынғайсызданып қалды. Түндегі екі жастың жазғандарына патшаның өзі де құлақ асардай көрініп еді, енді ол қағаздың да әлсіздігі ашылып қалған сияқтанды. Әрбір қарапайым адамның өз қолында жоқты азды-көпті асыра бағалайтын әдетінше Михайло Неволя қағаз сөзін асыра бағалаған екен, қазір сонысына қаттырақ налып қалғандай еді.

— Қап, аналар тай-таласта опасыздық істеді-ау!..

— Шыдамады-ау, табансыздар! — деген наразы дауыстар шықты. Осы сөздердің өзінде де қобалжу райы барын аңдай қалған Байшегір:

— Өз обалдары өзіне, шыдамаса! Біз шыдаймыз! — деп, ол ынғайды тез жапырып тастады.

— Жә, шыдасайық... Сонда не істейміз, осы арада тұра береміз бе?

— Ие, енді не істейміз? — дескен дауыстар шықты.

Көпшілік сұрауларында аңырыс барын үндерінен байқап тұрған Михайло Неволя қазақ жұмыскерлерінің қашшаға шыдарын ойланып едәуір уақыт сөз қоспай қалды. Байшегір мен Алшағырдың әркімге ашулы жауап беріп тұрғандарын аңдады. Ашық шахтада істейтін ауыл жақтың жұмыскерлері бара сала боратып қыймылдап кетті. Бұл жаққа бетін бұрмай, әдеттегіден гөрі баса қыймылдап жатыр.

— Жә?.. Аналарды көресіңдер ме? Жұмыстарын істеп жатыр. Сендер немене, айрықша шақырту күтіп тұрсыңдар ма? — деп, Иван Акула осы топқа келді.—

Барыңдар, барыңдар, түсіңдер шахтаға! Бәрібір, түссеңдер!..

Михайло Неволя Акулаға одырая бір қарады да:

— Сенің бізде жұмысың болмасын, естідің бе? Ашулы жұрт қалжақты көтермейді! — деді.

— Қалжақты көтермейтін сендер емес, баскалар... Жарты сағаттың ішінде шахтаға түспесеңдер, бүгінгі күндерің өлді деп есептеңдер!.. Ол әр қайсыңнан слу тыйын деген сөз... Мен забойда күтем сендерді, ұзақ күтуді мен жаратпайтын адаммын. Оған уақытым да жоқ. Қанша ашулы болсаңдар да оны ұмытпассыңдар...— деді де Акула өзі қарайтын жабық шахтаға қарай кетті.

— Ал, енді қайтеміз? — деді Неволя қасындағыларға, Акулаға ызамен қарап қалған бойы.

— Қайтетінді екі жұмадан бері сөйлесіп болған жоқпыз ба? Шыдасамыз демеп пе ек? — деді Байшегір.

— Мен жалғыз қалсам да шыдадым, — деді Сүгірәлі. Көпке естірге катты айтты.

— Жалғызды қоя тұр, осы топ шыдаймыз дегеміз. Шыдамайтындар болса, әлі де лұқсат етейік те тәуекелге бел байлағандар енді қайтеміз деп сұраспайық, — деді Алшағыр.

— Шыдастық!

— Тұрыстық!

— Қайталасудың не керегі бар! — деген дауыстар әр жерден жалғаса шықты. Адал да сенімді шықты.

Жұрт әлпетін бір сынай байқап алды да Михайло Неволя жаңа бір ұсыныс жасады:

— Ендеше, шахтыға тартыңдар! — деді ол.

— Шахтыға?..

— Неге?.. — десіп қалды бірнсше дауыс.

— Шахтыны қоршап аламыз да не боларын сонда күтеміз. Бытырамай бір жерде боламыз... Шахтаға бір адамды түсірмейміз де, бір адамды шығармаймыз да... Күрек, қайламызды Ушаков өзі келіп алып көрсін! — деп тоқтады Неволя.

Неволяның шахтаға бір адам түсірмейміз дегені жұмыскерлерге катты ұнап қалды. Мұнысы жаңадан келіп бұлардың орнын басқысы келетіндерге қарсы бір айбар сыяқты көрінді. Оның үстіне, қарадай қажытар жәй табан-тірес, жәй қайтер екесін емес, әрекеті бар қарсылық жұрт бойына жыйналған қайсар тілекке үндес шығып еді.

— Жарадың қарасақал! Текке жүрген жоқ екесің арамызда!

— Е, тәңрі деген, қырымыз барын көрсетейік те бір! — десіп, жұмыскерлер жабық шахталарға қарай жөнеп берді.

— Мен ұсталарды да осында алып келемін, — деді Жабай Неволяға.

— Алып кел... Алшағыр, Сүгірәлі, екеуің барақ салып жатқандарды шақырып әкеліңдер. Нартай, сен әкеңе барып, не болып жатқаның айт...

Осыдан кейін екі жабық шахтаның жұмыскерлері жер астына түсіп-шығар ауызды айнала қоршап алды да отыра берді. Күндегі азаптарынан бүгін қалай құтыла қалғандарына сене алмай, айналасына күдікпен қарап барабан түйелері күйсеп жатыр. Бүгін жер астына түсіп кеткен жалғыз Акула ғана. Үлкен темір шелек жантайып далада жатыр. Көмір артып алып жатқан кірешілер ғана айналасына таңыркай қарап, күндегі жанталастарын токтатқан жоқ.

Осы күйде өздерін өздері қайрап, манағыдан көрі де қызып алған жұмыскерлерге Жұмабек келді. Ушаковтың қысқа айтқанын ұзақ байымдап, едәуір уақыт құлпыра сөйлеп отырды. Немен жіберілгені мәлім болса да, нені айтқысы келетінін бұлдырата сөйлеп отыр.

— Бәрі бір, көп болса, кешке дейін-ақ шыдайсыңдар... Одан да қожайынның не айтқанын түсініп, өлмес жақтарыңды ойласаңдаршы... — деген бір ғана бұлдыр ойын әр саққа жүгіртіп айтады. Осылар Ушаковтың дегеніне көніп қалама деген қаупы да қысталап барады, ол жағына тым ашық кетуге тағы қорқады. Бүгін шахтаға түспегендерді босатамын да бұл маңайдан қуып жіберем деген Ушаков сөзін айтқан да жоқ.

— Сенің мытып отырғаның немене осы? — деді Сүгірәлі Жұмабекке. Ол көмірге Жұмабек қолынан өтіп келмегендіктен одан ықтап та көрмеген адам еді. — Сені ғой, Ушаков бізді көндіріп кел деп жіберді?.. Сол ма айтайын дегенің?..

— Қожайын айтты ғой өзі... Жалақы кемиді. Ол жөніндегі сөздерінді тыңдай алмаймын демеді ме?.. Оның аржағын несіне сұрайсыңдар менен?.. Осылай отыра берсек қожайын қорқар деп ойлайсыңдар ма? Ақша ешкімнен де қорықпайды. Күш енді мынада кетті, мынада! — деп, Жұмабек жан қалтасын қағып-қағып қалды

— Есептеріңді алыңдар да кетіңдер деймісін бізге? — деп Сүгірәлі тағы бір сұрау берді.

— Бұл кісіде басқа ой жоғына бәс тігем,— деп, Алшағыр Жұмабекке жақындап келіп отырды.

— Өй, сендер қожайындарыңның айтқанын менен көргілерің келе ме? Таңертең естіп едіңдер ғой өз аузынан... Бүгін жұмысқа шықпай қалған адам босатылады деді. Мен үйретті деп отырсыңдар ма? — деді Жұмабек.

— Сен ғой сонда біздің орнымызға үш жүз жігітінді өткізіп, адам басына үш сомнан ақша аласын? — деді Алшағыр.

— Құлқыныңды тесіп бара жатқан сол емес деші кәне! — деп, Сүгірәлі Жұмабектің жүзіне сығырая қарады. Көздері үш бұрыштанып, ұсақ-ұсақ ұшқынға толып бара жатқандай екен. Арт жақтағы көпшілік күле бастады...

— Сен өз құлқыныңды ойласаңшы мені қоя тұрып, мен ақша алсам сенен алғаным жоқ қой! — деді Жұмабек. Сүгірәлінің көзі ұшқындаса, мұның мұрттары делдиіп, мұрны қуарып бара жатыр.

Сүгірәлі мен Алшағыр бір-ақ қарасып қалды... Жұмабек Сүгірәлінің алдына сұлай келіп құлады. Бір қол алқымынан алып тартып қалды да, бір қол көк желкеден түйіп жіберді. Енді Сүгірәлі бір аяғын Жұмабектің кеудесіне салып басып алды да, сол аяғының шоқайын сыпырып алып мұрнынан қағып-қағып қалды. Аңшылар қақпанға түскен суырды осылай ұрушы еді. Ағаш табан етті мұрынды бетіне жапсыра үш рет ұрып тоқтады.

— Тоқтат! — деп Неволя айғайлап қалмағанда Сүгірәлі оңай тоқтай алар да емес екен. Неволя Сүгірәлінің Жұмабекті кеудесінен басып алған аяғын қолымен серпіп жіберіп Жұмабекті тұрғызып алды да:

— Ендігәрі мұндай істің арасына жүрмейтін бол!.. Осы жұрттың сенде кеткен кегі де аз емес екені есіңде болсын!.. Бар!.. Орамалың бар ма еді?..— деп, жетелеп алып жұрт арасынан шығарып жіберді. Жұмабек мұрнын екі қолымен басып алып, сенделіп әрең жүріп барады. Көк шұға қамзолының қолтығы да бөксеріліп қалыпты.

Осы жайды Ушаков Жұмабектің өз аузынан түгел есітіп қатты ашуланып еді. Таяқ жеген Жұмабек болса да ол қорлықтың кімге көрсетіліп жатқанын қаталаспай ұғынып...

— Маған қайтарған жауаптары осы болса, менен де рақым күтпесін енді! Әкел тізімдерін, өз қолымнан босатып, бүгіннен қалдырмай қуып жіберем бұл жерден! Бірін қалдырмаймын! — деді Некрасовка. Некрасов үнсіз тұрып барып шкафтағы қағаздарды аударыстыра бастады.

— Сен, бүгін кештен қалдырмай үш жүз жігітінді алып кел! — деді Ушаков Жұмабекке. Омырауы да, күрметтеп ұстайтын сақал-мұрты да қанға боялған Жұмабек тез шығып кетті.

— Міне сендердің басқарған адамдарың!.. Жақсы мұра қалдырып кетіп барасың! Мұндай мұраның маған керегі жоқ, — деп Ушаков Некрасовка қайта үрса бастап еді, катты келген бойы арбасынан секіріп түсіп конторға асығыс келе жатқан Бернерді көріп әрең тоқталды. Бернердің жүзінде үлкен апаттың белгісі бар екен, содан сескеніп тоқтады.

— Завод тоқталып қалды! — деді Бернер кіріп келген бетінде. — Бүгін бір адам жұмысқа шықпай қалды. Пештер суынып барады. Мысымен бірге суынғалы тұр. Заводта сөнбеген бір от қалған жоқ... Ордабай болыс үйінде болмай шықты...

— Тоқтат! — деді Ушаков, бар дауысымен ақырып. — Тоқтат!..

Мыс заводының оттары сөніп, пештері суыпса, оның аржағы не боларын Ушаковка баяндаудың керегі де жоқ еді. Іші толы мысымен бірге суынған пештер апатка тең болат та!.. Қас қаққандай бір сәтке Ушаковтың көз алдына заводтың осындай бір халі келе қалды. Күзді күнгі шұқанаққа толып қатып қалған суға ұсап мыс көз алдына келді...

Едәуір уақыт ешкім үн шығарған жоқ. Отымен қызуымен тұрған жалғыз үлкен пеш Ушаковтың өзі сияқты. Жарылғалы тұрғандай, демін катты алқынып алып, азақ құлап түспей тұр. Некрасов қолына алған тізімді қайта орнына салып ақырын ғана шкафты жапты...

Біріне бірі жатсырап үндеспей қалған адамдардың көздері де біріне бірі қездеспеуге тырысып, әркім әр жаққа қарап қалыпты. Ушаков тоқтап қалған заводы мен шахталарын көріп тұрғандай. Тас пештерді белуарлап тұрған сұйық мыс, шелекте қатқан суға ұсап, суынған пештерге кептелген бойы бірге қатып қалғандай көрінеді. Бернердің көз алдында кешеден бері катты

қарсыласып, наразылықтары мен бірге әртүрлі балағат айтуға дейін барған жұмыскерлер тұр.

Некрасов көзі сыртқа қарап, тағы да бір жайсыздықты көргендей, қадала қалған екен. Ол ашық шахтаның биік орнеуіне шығып алып сөйлеп тұрған Бұланбайды көріп еді. Басы тақулы, қайласына сүйеніп, әлденелерді қызу айта бастаған сияқтанады. Оң қолын кең сермеп әр жақтағы жабық шахталарды нұсқайды. Ашық шахтаның жырасынан әуелі қылтыйып көрінген бастар енді Бұланбай қасына жыйнала бастаған көп адамға айналды.

— Көресіз бе? — деді Некрасов сол көріп тұрғанын көзімен нұсқап.

Жүйке тамырлары үзіліп кетердей шіреніп, сергек тұрған Ушаков, әлденені үміт етердей терезеге тез бұрылды. Ашық шахтада не болып жатқанын о да көрді. Әр жақтан тағы да біраз адам солай қарай асыға басып келе жатыр екен. Көзі не көріп тұрғанын Ушаков «Енді ашық шахта да тоқтады», деп түйді ішіне. Содан кейін шарасыздың байламын айтты:

— Сен бар да жариялашы аналарға... Ешнәрсе өзгермейді, бұрынғы күйінде қалады. Жұмыстарына барсын,— деп Некрасовқа қарады да: — Сіз де тез қайтыңыз Ақ-бұйратқа... Осыны жариялаңыз жұмыскерлерге, жалақы кемімейді. Менен кейін не қылса да мейілдері... — деді Бернерге.

Инженерлері Ушаковтың үзілген үмітін де аңдасып қалды...

4

Жұпыны болса да бірыңғай орысша киінген үш жас жігіт қос қарагер жегілген әдемі тарантасты биік күрең қақпаға тірей тоқтатып еді. Қатты келген бойлары кілт тоқтатты. Жетек ұшы қақпаны нұқып та қалды. Берік жабылған биік қақпа бөгемесе, кең қоршалған тас ауланың ортасында дәулет құдіретін көрсетіп тұрған күрең төбелі үлкен үйдің тап есік алдына барып тоқтардай екен. Бұлар байлық салтанатынан ығыспайтын жігіттер сияқты еді.

Қақпа алдын тегістетіп, едәуір жерге дейін құм төсетіп тастапты. Орыс адамдарының қолы онай танылып тұр. Үй маңайы өте таза, айналасына бір малдың тісі де, тұяғы да тимеген сияқты.

Ауланың іргесіне тіреліп тоқтаған, қуаң тартқан күзгі салаң көде жапырылмаған күйінде қалыпты. Қақпа түбіне әдейі отырғызылғандай биік өскен бір топ шұбар тікен айналасына бай қалтадан құйылып түскен алтындай жарқыратып жалқын сары жапырақ төгіпті.

Өрескел келіп тоқтаған арба дыбысын аула ішінде жүрген адамдардың ұнатпай да міней сөйлегендері естіледі:

— Қарашы, кім екен өзі!

— Мас неме ме, бәдік болған неме ме! — деседі. Қақпа қасындағы адам кіріп-шығар есіктен жалба тымақты бас көрінді де қайта жоғалды.

Жігіттер арбадан тез секіріп түсіп, аулаға да именбей кірді. Жағын қызыл атанымен таңып алған Омарды көрді. Жаңағы жалба тымақты не көргенін соған баяндап тұрғандай екен. Жігіттер сәлем беріп еді, Омар:

— Ұлары ків дев тұрсав, сендер ве едіңдер!.. — деді, таңданып.

Астыңғы жағы оң иығына қарай қыйсайып біткен екен... Ерін тиіскенде шығатын дыбыстарды Омар бұзып айтатын болыпты: «бұлары» дегенді «ұлары», «кім» дегенді «ків» дейді: Өрттен қалған түбірдей мұжық қара азуларының арасынан қызарып бұлтыйып тілі көрінеді. Келген үшеудің бірі Жабай еді, өз қолынан болған іске өкініш сезініп, енді Омардың бетіне қарамауға тырысты.

Жабайдың бетіне өз қолынан салған таңбасын Омар да көрді. Бұл онша емес екен деп өкінді. Шығып кеткен көзі шодырайып тұрады екен деп еститін еді, олай емес, гапталып барады екен. Шойнақ деуші еді, енді екі аяқ теңеліп кетуге жақын екен.

— Ахырау, Сеиттісін?..— деді Омар. «Апырауды» да, «Сеитпісін» дегенді де осылай бұзып айтты. Бет-аузы оңбастай бүлінген екен, Сеит те аяп кетті, Омарға қолын ұсынып қала жаздады.

Жігіттер Омар қасынан тез кетіп, үйге қарай бет алды. Бұларды ешкім бөгей алмай қалды. Бұл жігіттерді бөгей алмасын сезініп, Омар да ас үйге қарай кетті.

Игіліктің қайда отыратының қашаннан бері білетін адамдардай, үш жігіт тура Игілік отырған бөлмеге келіп кірді. Екі бөлмеден өтіп, үшінші бөлмеден тапты. Игілік үлкен күрең барқыт жастықты шынтақтап, шот қағып, жамбастап жатыр екен. Екі-үштерге келген еркек бала,

дала баласы ұстап көрмеген қала ойыншықтарының ортасында оңаша стыр. Әкесіне тартқан маңғаз бала...

Лұқсатсыз кіріп келіп, сәлем бергендерге Игілік ұнатпай бір қарап қалды да, тез танып, басын көтерді. Именбей созылған дөрекі қолдарды бұ да іркілмей алды.

— Сеитпісің?.. Жабай екесін ғой... жоғарылатыңдар, — деді. Көптен бері ешкімге айтып көрмеген сөздердің аузынан қалай шығып кеткенін Игілік аңғармай да қалды.

— Мына бала кім? — деп сұрады Игілік, үшінші жігітті таный алмай. Бұл да әлденеден абдыраған адамның сұрауы еді.

— Бұл Бұланбай баласы... Нартай деген жігіт, — деді Сеит.

— А... Оқып жүрген бір баласы бар деп естуші ем, сол екен ғой...

— Ие, сол.

— Шырағым, әкең жайы қалай болып жатыр? Беті бері қарады ма?

— Жақсы, тәуір боп келеді.

Қыр көрсетіп, өз үстіне баса кірген жігіттердің жай жүрмегендерін бірден түйді де, Игілік жақындаса сөйледі:

— Оқуларың быйыл тоқтап қалады екен деп естіп ем, шын болып шықты ма? — деді.

— Ие, мектебіміз жабылып қалды. Быйыл баяғы отыз баланың біреуі-ақ кетті оқуға...

— Ол кім?

— Турсынбай деген кісінің баласы.

— А... Тұрсынбай баласы оқып кетті ме...

— Бұрын бізбен оқыйтын еді, енді сіздің балалармен бірге оқыймын деп кетіп барады...

— Сен өзің қайтпексің?..

— Біздің жай белгілі ғой... Қалдық оқый алмай,— деді Нартай.

— Алыс-жақын ағайын бар дегендей, жәрдем болатын еді ғой... Бекер тоқтап қалған екенсің.

— Жұмыскер балаларына жәрдем етіп, оқытатын ағайын байқалмады, — деді Нартай.

— Бәріне бірдей қайдан болсын, өз басыңды айтам... Әкең осы үйге де он жыл дәмдес болған, — деді Игілік.

Манадан сыпайы отырған Нартай тап әкесінше жайраңдай күліп:

— Әкем қаранғы да қазақы кісі ғой, сол он жылдан

кейін, құдай енді кісі есігіне жүргізіп, жаутаң-көз қыла көрмесін деуші еді... Он жасар кезім гой, әлі есімде, көмірге сол ағайын есігінен кашып барып түскен... Жақылыспасам, сол есік сіздің үйдікі болса керек...— деді.

Бұлай бетіне сога сөз айта алар адамды Игілік көптен кездестірмеген еді. Жас жігіт суырыла сөйлегелі отырғандай екен. Әлі де айтары көп адамдай, қысылмай, жасқанбай, именбей күледі. Тығылмай, ашу да шақырмай, ұтқыр сөйлейтін жігіт сыяқтанды. Игілік өзі жасқанып қалғанын сезінді.

— Ағайын арасында әртүрлі жай бола берстіні рас қой... Бұланбай бір бүліншілік үстінде кетіп қалды да, есеп-қыйсабым бар еді деп қайрылмай қойды... Әйтпесе, бермей кеткені бар дей алмаса керек,— деді Игілік езу тартып. Нартайдың ынғайына бейім көңіл білдіре сөйледі.

— Есеп-қыйсап барын ұмытпасаңыздар болғаны да!..— деп, Нартай, тағы да күліңкіреп алды да: — Ол жағын өздеріңіз айырыса жатарсыздар да...— деп, бұл сөздің жайын созғысы келмейтінін аңғартып тоқтады.

— Жоқ, бала, сен сөзден ұтқандай болғанына мәз болма... Әкеңе айта бар, менің мойнымда жүргені жоқ емес... Өзі келіп, алып кетсін деп айтты де... Мұндай сөздің парыз-қарыз сыяқты жағы да болады,— деді Игілік. Көлденең көз осы Игілігің басынып кірген үш жігіттен ең болмаса бірдемені сөкет айтып тастай ма деп қауіптенеді-ау дерлік те еді.

— Әкем мен айтпасам да ұмытпайтын сыяқты...— деп Нартай бір үлкен есеп барын аңғартқандай болып, Игілік жүзіне сынай карады.

— Ондайларың болса, өздерің біліңдер...— деді Игілік, енді Нартайға ынғай бермеуге бет бұрып.

Бір жүйе әңгіме осымен тоқталып, сәуір уақыт үндеспей қалды.

— Ал, жігіттер, өздеріне жол болсын? — деді Игілік бір аздан кейін. Оған дейін жігіттердің түйілігер бір жайлары барын аңдап та калып еді.

— Әлей болсын, жол шеті осы ара,— деді Сеит.

— Ие, бәрекелде... жатып, қонақ болып қайтыңдар...

— Жоқ, жұмысымыз бітсе бүгін қайтқымыз келеді. Біз жұмыс адамымыз ғой, бір күнге әрең босанып едік... — деді Сеит.

— Онда, жұмыстарыңды айта отырыңдар...

Сеит келген жұмыстарын айтуға оқтала бергенде:

— Лұқсат па, ата? — деп, гимназия формында киінген бала жігіт есік ашып қарады да, атасының қасында бөтен адамдар барын көріп, шегіне берді. Бала жігіттің сыртында сол формада киінген тағы екі жас жігіт тұр екен.

— Келіңдер, келіңдер,— деді Игілік.

Шаш қойғандарын жасыру үшін фуражкаларымен келген оқушы жастар дала әдебімен төменірек отырысты. Біреуі, жаңа лұқсат сұраған, Ордабай баласы — Ержан. Қасындағылары Күренкөз қожаның баласы — Кенжеғара мен Жұмабек баласы — Төреш еді. Бұлар оқуға жүрер алдында осы үйде үш күннен бері қонақ болып, енді қайтқалы жүрген.

Үйде отырғандардың үшеуін де танып, бірақ амандаспаған оқушылар, қысылыңқырап қалысты да енді оларға көз аудармай, Игілікке қарай бұрылыңқырап отырысты.

Бұл үшеуінің жайлары Нартайға да мәлім еді. Еңалдымен, оқуға алғаш аттанып бара жатқан бетінде Кенжеғараны үш рет алып соғып, әкесінің атын сұрағаны есіне түсті. Сол сұраған әке міне осы үйде отыр. Қазір Кенжеғара Игілікке қандай ұқсаса, Игіліктің екі жасар баласы Кенжеғараға да сонша ұқсай қалыпты. Нартай көзі осы үшеуіне кезек-кезек жүгіріп, еріксіз күлімдей берді.

Одан кейін Акмолада өткен жеті, қыстың ішінде бұл үшеуі Нартай жұдырығының дәмін кезек-кезек татып қалатын еді. Оқу балаларының дәл інірде құтырынып көшеге шығатын кезінде Гимназия балалары мен Компания мектебінің балалары төбелеспей тарамаған емес. Сондайда, алғашқы ұмар-жұмар біткеннен кейін Нартай ылғый осылардың бірімен кездесіп қалушы еді. Кенжеғарадан басқасы онша қарсыласа да алмайтын. Кенжеғара болса, ол бір қырқар, оңай жеңіле қойған емес-ті. Астына түсіп қалсаң, аяры да жоқ, езгілей беруші еді. Бірақ, бұларда Нартай есесі де кеткен емес... Бұлардың ішінде әпергі де, өте жақсы оқитыны да сол Кенжеғара. Өзгелері қос атпен тартқандай, қосалқы мұғалім жалдаумен ілесіп келеді.

Қазір мінс, Нартай оқушыдан көрі көміршіге көбірек ұқсап кетіпті де, мыналар болса, нағыз ғылым мөлдіріне шомылып жүргендей, таза да кәдімгі көрінеді.

Осы үйде бір ыңғайсыздық барын андай қалған Ор-

дабай баласы Ержан өздерінің еркін ойын-күлкілеріне тез оралу үшін:

— Ата, лұқсат етсеңіз, біз жүріп кетер едік...— деді.

— Оқуға қашан жүресіңдер? — деп сұрады Игілік.

— Үйде бір-ақ күн болып, арғы күні жүріп кетуіміз керек. Әйтпесе, кешігеміз,— деді шешесіне тартқан келте мұрын, аққұба, өткір көзді Ержан.

Бұл үйде, әсіресе, Игілік алдында өзін тежеп ұстайтын Кенжеғара үндеген жоқ. Көз жанарында көп нәрселер тұрса да аңдатпауға тырысты.

Игілік өзі қысқы үйіне көшіп алса да Ордабай ауылы жазғы үйлерінде, бұл арадан қырық шақырымдай жерде еді. Балалардың сонда баратындарын ескеріп:

— Онда, лұқсат болсын. Үйлеріңе барып айналактап қалып жүрмеңдер,— деді Игілік. Оқушы жастар Игілікке қолдасып қоштасып, шығып кетті. Желкесі күдіс, жаурыны қомды да еңкіштеу келген Кенжеғара Нартайға көз қыйығымен қарап, мыйығынан күліңкірей шықты. Нартай оларға қызыға да, күндей де қарап қалды.

— Ие, айта бер, Сеит,— деді Игілік үлкен есеп шотын қолына ала беріп. Жаңағы жастардың келіп-кетуі Игілікке бір арка сүйеу де болып қалғандай, манағысынан көрі селсоқ айтты.

— Көп жұмысымыз да жоқ... Шешеміз осында жүр ғой, лұқсат болса, алып кеткелі келіп едік,— деді Сеит.

— А, Күңшені айтамысын... Өзі қалай ойлайды екен. кетем дей ме екен?

— Ол кісі алдақашан кететін еді, лұқсат болмады ғой...— деді Жабай.

Игілік Жабайдың қыстырылатын жөні жоқтығын аңғартып, оның жауабына құлақ аспады да, Сеитке қарап:

— Біз әлі күнге сенің өзіңді күтудеміз... Ораларсың деп үміттенеміз. Үйі-күйің, еншің бар бізден алатын,— деді Игілік.

Оралса, Омар етерін талай естіген Сеит:

— Е, біз біржола бекіп қалдық қой көмірге... Дәл қазір енші жайында сөз қыла келгенім жоқ... Бір кезеңі келер... Шешемізді әкеткелі келдік,— деді қайталап.

Игілік енді ойланса, осы отырған үшеуінің де енші сұрарлық орны бар екен. Бірақ, қазір соған аяқ баспайтындары несі? Бір кезеңі келер дегені қай айбар?.. Ішінен болыс баласы Ордабайға наразы болып қойды. Қай-

да, қандай кірбең туып өсіп жатқанын ылғый ескертіп отыруды керек етеді...

Игілік ақырын ғана тамағын қырынып қалып еді. ауыз үйдің есігі тез ашылып, Батыраш басын көрсетті. Мынау үш жігітті бөгей алмай, байдың үстіне лұқсатсыз кіргізіп алған Батыраштар қатты тыпыршып, ауыз үйге сыя алмай отыр еді, тез көрініс берді.

— Мына Сеит Күңшені әкетуге келіпті... Айғаншаға айтшы, барам десе, тоқтатпасын...— деп Игілік Батырашқа «түсінемісін?.. Бармаймын дегізе алмайсыңдар ма?» деген ойын аңғартып, ұзағырақ қарап қалды да:

— Барам десе, риза қылып аттандырсын,— деп тоқтады. Батыраш түсінгенін аңдатып көзін қақты да есікті жапты.

— Өй, тым болмаса, әдейі іздеп келген шешемізге әуелі амандассақ етті... Мал емес қой жетелеп жүре беретін... Менен жеңілің болмас, мен барайын...— деп, Батыраштың артынан іле Жабай да шықты.

Жабай шығып кетпегенде Игілік жігіттерді сөзге айналдырып бөгей тұрмақ еді. Қыспағы келіссе, нені болса да айтқызуға болады деп ойлайтын бейшара әйел «бармаймын!» деп қалар деп үміттенген. Енді ол қыспақтың бола алмасын сезді де, Игілік Күңшеден де үміт үзді.

— Басқа бұйымтайларың болмаса, сөз осымен бітсін,— деп, Игілік есікке қарап, шалқая берді. Есепшот тістерін сақылдатқандай тырс-тырс етіп, іргеге барып соғылды. Сеит пен Нартай да тұра берді...

Сеит алдында опасыздық еткені бар Айғанша амандасуға да келе алмап еді. Үй абройын қорғаймын деп, қолға түскелі қалған Сеит пен Назыкешке ара түсе алмағаны бүгін бар ұят түрінде қайта жаңғырып көз алдына келді де, Сеитке көріне алмады. Күңшемен амандасып қалуға далаға да шыға алмады.

— Мынаны Күңшеге бер, риза болсын... Бірдемеден қысылып қалса, келіп жүрсін...— деп, ескі қызыл шұбар көрпеге ораған бір буманы Батырашқа ұстатты да, Айғанша үйінде қалды. Күңше де өзі келіп амандаспастан кетті.

Бұл үйдің ойы-қыры көп өмірі үшін өткіншідей ғана көрінерлік осы бір болмашы уақыйға Игілік пен Айғаншаның өктем көрмеген көңілдерін қатты жаралап кеткендей екен. Қалың табанды жұмыскер етіктері әлдене-

ні аяусыз тапап, өшпес із қалдырған сыяқты. Сеиттер аттанып кеткеннен кейін Игілік бастығы Батыраш пен Омар етіп, үй қызметкерлерін түгел бір үрпите ұрысып алды. Үй қызметкерлері бұл кісінің ашулана білетінін де көрді!.. Бұрын ат үстінде жүрсе, қазір аспасшы болып қалған Омар, әсіресе ұйып тыңдады...

Сонша батып кеткен немене екенін Игілік өзі де сөйлей келе, тереңдей ұққан сыяқты:

— Қай шонжар, қай болыс-би, қай кожа-молда лұқсатсыз кіруші еді бұл үйге? Зордың зорын, қордың қорын қара күйе жұмыскерден көрмек пе еді? Мұның үстіне бірінші болып басынып кіруге лайық солар ма еді? Кімнен ығысып, сауыншы қатынға түк айта алмай қалдындар?..

Игіліктің бүгінгі айтары аса бір ауыр қорлықтың запыранындай таусылмаска бет алып еді, қатты безектеп келе жатқан қоңырау дауысы тоқтатты:

— Барыңдар!.. Қақпаны аша беріңдер... Ушаков,— деді Игілік. Ушаковтың бүгін осында келерін үйіші түгел біліп отыр еді, тез тарап кетті. Игілік өзі де есік алдына шығуға ыңғайланды.

Бұл үйдің қоңырауға көрсетер ерекше құрметі бар еді... Сыр мінез қоңыраулар безегін әлсіретпеген бойы қақпаға таяна бергенде, қақпа қақ айрылып, екі жағына қарай құлашын сермей ашылатын. Осы салтанатқа үйренген Ушаков қатты ағызған бойында келеді...

Есік алдына өзі де шыққан Игілік Омар мен Батыраштың қақпаның орта тұсына жабысып, әзір тұрғандарын көрді. Қақпа сөрпіліп екі айрылғанда, ауыздарын арандай ашып, жалдарынан жел ескен Ушаковтың семіз аттары да көрінді. Бірақ, бүгін бір сәтсіз күн болу керек, Ушаковтың оң жақтағы шеткі аты аяқ астынан үркіп, сол жағына қарай бұра жұлып кетті де, солқылдақ арбаның сол жақ артқы доңғалағы қақпаның бағанына қатты соғылып өтті. Бағанға белдеулеп ақ сызық түсіп қалды да, солқылдақ арба есік алдына сол жақ артқы доңғалағын бір бүйір шалжыйта дөңгелетіп келіп тоқтады. Рессорымен айрылысып кеткен доңғалақ үйге қарай жалғыз ойыса, өз бетімен дөңгелеп келді.

Игілік шеткі аттың неден үріккенін де көрді: қақпаның түбінде шұбар көрпеге оралған бір бума жатыр екен... Арбадан лақтырылғандай, ішіндегі ескі-құсқы шашылыңқырап қалыпты. Ушаков · аңғарған болса, ұят

болғандай екен... Терезеден қарап тұрған Айғанша дір етіп қалды да, Игілік қап-қара болып түнеріп кетті.

Игілік Ушаковты қолынан ала арбасынан түсіріп жатып:

— Арбаңыз бүлініп қалды білем... кешіріңіз... Біздің үйдің адамдары ақсақ та соқыр, мүгедекке айналған... — деді. Батыраштардың үлкен сазайы алдында екенін аңғарта, сызданып айтты.

— Жоқ, менің арбамның өзі де көрінгенге соқтығатын болып жүр...— деді Ушаков күле жауап беріп.— Ішгеңе етпес... Степан дереу ұстаға апарарсын...

Осымен екі жағында да аздаған көңілсіздік барын аңғарысқан достас байлар үйге кірді. Төрелерге арналған бөлмесі де бөлек болушы еді, Игілік қонағын сонда алып келді.

Бұрын Ушаков қала тәртібімен жыйнаттырылған бөлмені бір мақтап алмай отырмайтын еді. Әсіресе, парсы кілемдер мен өз қолынан өткен Париж айнасын қызыға мақтаушы еді. Бұл жолы оның бірін де істеген жоқ. Былғарымен капталған үлкен креслоны лық толтыра отыра берді де, келген жұмысына кірісіп кетті.

— Менің жайымды жақсы біліп жатқан боларсыз... Қызылжарға жүріп барам... Сіздің үйге де осы соңғы келуім болар...— деп, Ушаков аз тоқталып қалды да, шылымын бұрай бастады...

— Қалайша?.. Неге? — деген Игілік сұрауларына шылымын тұтатып алып жауап берді. Көңілсіз жайды бір бастап алған соң созып отырмай тез айтып шықты. Игіліктің жүзіне де содан кейін ғана ұзақ қарап, енді өзі жауап күтіп қалды...

Ушаковтың Рязановқа жазған жауабын алып барған Степан Бушуев жолыға алмай қайтып еді. Рязанов ешқайда кетпеген, үйінде екен, бірақ оны қабылдамапты. Бұрын жабайы көретін адамы — Степанды өзі шақыртып алып, ананы-мынаны шұқылай сұрап, сылқ-сылқ күліп отырып тыңдайды деуші еді. Бұл жолы үйін басқаратын Полещук арқылы:

— Қайта берсін. Қазір уақытым жоқ. Бұдан былай менің жауабымды Ушаков Сикорский арқылы алатын болады,— депті.

Одан бері Сикорский Ушаковқа Рязановтың екі рет қайтарған жауабын жеткізді. Бірінші жауабында Рязанов:

— Өзге ұсақты былай қоя тұрғанда, Сикорскийдің екі пікірін дәлелді көремін. Жезқазған үйіндісін сұрыптатуға екі жыл ішінде жұмсалған он мың сом және кен зерттеуге соңғы үш жылдың ішінде жұмсалған он екі мың сом ортақ қорға қайтуы керек сыяқты... Неғұрлым тез қайтса, сол ғұрлым қайсымыз үшін де теріс болмас... Ондай азды оңай-ақ орнына саларсыз деп сенемін...— депті.

Сикорский бұл жауапты үлкен қуаныш үстінде екенін жасыра алмай, айқын сезілер мазақ үнімен ескертіп еді, екінші жауапты үлкен бір мемлекеттің өкілі сыяқтанып, ресми түрдегі салмақпен ескертті:

— Жоғарыда айтылғандарды бұлжымас дәлел санап, Компанияның жұмысы ендігі жерде бұл күйінде қала алмайды деген қортындыға келдік,— депті Рязанов.

Рязанов хаты бұрынғыларындай ұзын да емес, әдеттегі кербез сыпайышылық та жоқ. Бұған дейін тісі барын күлген болып көрсетуші еді, бұл жолы тек тісін көрсетіпті. Сикорскийден барған айыптауларды бұлжымас дәлел, дәлелденген айып етіп тізіпті де, аяғы жаңа келтірілген қортындымен тыныпты.

— Мұнысын қалай түсінуге болады?.. Маған не қыл дейді? — деп сұрап еді Ушаков.

Сикорский Ушаковтың көзіне таңданғандай қарап:

— Меніңше, Рязанов мырзаның тап осынысынан ашық анғартылған ойы болмасқа керек,— деді. Дәмдеп тұрып, құйқылжытып айтты.

— Солай көресіз бе?

— Енді қалай? Жәбірленсеңіз де турасын айтайын сіз ылғый оңайды қуып кеттіңіз... Сіз тағайындаған жалақыға жұмыскерді Париж бен Лондоннан алдыруға да болатын еді ғой!.. Қазақ байларына бір сыйырдың сүті үшін бір жылға жалданатын қазақ жігіттеріне сіз айына бір сыйырдың құнын беріп отырдыңыз. Солай емес пе? Ондай есырап еске алынбайтын болса, кім басқара алмас еді!.. Бақылаусыз қалған қыйыр шетте сіз өз еркіңізді заңға айналдырып алдыңыз...

— Сіз менің не істегенімді өзіме түсіндірем деп әуреленбей-ақ, Рязановтың ақтық байламын айтыңыз,— деді Ушаков. Ызалы еді, шыдамай кетті.

— Мен соған келе жатырмын...— деп, Сикорский асықпай ғана шылымын тұтатып алып: — Сіз салдырған шахталарды шын мағнасындағы шахта деуге бола ма?

Қасқырдың апанынан қанша үлкен?.. Бұдан жеті жыл бұрын бітті деп той жасаған жабық шахталарыңыз әлі де қанша созуды керек етеді? Сырт көзге шаң шашып... сөзбен құмықтырып...— дей бергенде, Ушаков шыдай алмай:

— Шахта жүре-келе өседі! Көмір шахталары қазірдің өзінде енді бес Ақ-Бұйратқа еркін жетеді,— деді киіп кетіп.

— Кен шахталары да солай ма? Нілдіде жабық шахта деп ат қойған бір құдығыңыз бар... Ақ-Бұйратта біреу... Өзгесін шахта дей аласыз ба?

— Ашық шахта қайда да солай болады. Немене, кеннен жұтап қалған күнім болды ма? Заводтың кен қоры үш жылға жетеді. Үш жылға дейін бір арба кен келмесе де завод тоқтамайды. Өтірік пе? Сен маған өсиет үйретуді қой да, жаңағы сұрауға тура жауап бер! — деді Ушаков, сіз-бізді қойып «сенге» көшіп.

Қазір өзін үстем сезінген Сикорский оған көшкен жоқ.

— Мен сізді бірден түсінген шығар деп қалып ем... Айып етпеңіз, қателескен екемін... Түсінбеген болсаңыз, айтайын...— деп Сикорский мысқылмен жымыйып орнынан тұрды да, шекеге шерткендей ашық дауыспен:

— Қазақ даласына не сіз қожа болып қаласыз да... не болмаса Рязанов қожа болып қалады. Басқа сұрауыңыз жоқ па? — деді.

Рязановтың түп нысанасы осы екенін ерте таныған Ушаков жаз бойғы жарамсақтары мен ол ниетінен қайтарам ба деген үмітте еді. Ол үмітінің өзі үмітсіз екендігін де білетін. Бірақ, ықтай беріп еді, бай пайда-шерігінің ыңғайына көшіп еді. Жаңағы жауаптың қортындысына да бірден-ақ түсінсе де, көре-тұра кемшілікке барып қайталап сұрады. Алдында баяғы Ушаков емес, басқа бір бейшара отырғандай, Сикорский ол сазайын тартынбай да шіміркпей берді.

Оңалмастай оқыс құлағалы келе жатқанын сезінді де Ушаков үндемей орнынан тұра беріп:

— Жақсы... мен кетейін. Менің орныма қалағаны келіп отыра берсін. Екінші Зотов болып үйімде-ақ жата берейін,— деді.

— Кешіріңіз, олай болмайды,— деді Сикорский.— Сіз Компанияда қала алмайсыз... Бірінші, мойныңыздағы жыйырма екі мың берешекті тезірек түсіріңіз... Екін-

ші... Рязанов мырза сіздің үлесіңіздегі Компанияның отыз пайын аукцион арқылы саттыруды кеңес етеді Мүмкін, Компанияның өзге мүшелері ауыз біріктіріп Рязановтың өзіне тиісті жарнаны аукционға салғызар сыздар... Рязанов сентябрьдің он бесі кезінде Қызыл жарда болады. Сізге асыға ойлану керек болар... Мұн дағы жұмыстарға енді айналмауыңызға болады...

Сикорскийдің соңғы кездегі мінездерінде өркеудеп Ушаков түгіл жай бір қарапайым адам үшін де үлкен жәбір көрерлік жақтары бар еді. Рязановтың соңғы жауабы алдақашаннан бері қалтасында жүрсе де жа лақы жанжалы аяқталғанша Сикорский оны Ушаковқа сездірген жоқ-ты. Осы кезде ылғый бір хателерге соқтыға беріп жүрген Ушаков жұмыскер жалақысының кемігеи жаманатын да арқалап кетті. Дәл сол жайлы бұйрықты өзі барып Қарағандыға естіртіп қайтқан күні кешке Ушаков жақағы «енді мұнда айналмауыңызға болады» дегенді естіді. Жәбірленген де жоқ, орындаған да жоқ жанжалсыз мойындап, ықтай берді. Жалақы жайында ғы соңғы бұйрығын қайтып алғанын ғана жасырып қалды.

Осы әңгімеден кейін Ушаков Қызылжарға тартқан беті еді. Игілік үйіне жолшыбай соқты. Үйінен аттаныг жатқанда Ушаковтың ойындағы ескі үміт әлі сөнбеген дей еді. Рязановпен келісімге келер жолдарды да есіне ала аттанған. Ақ-Бұйраттан ұзаған сайын, артта қалған қырқаларға ұсап, ол үміті де ермей қалды. Рязанов мү иы Компаниядан шығаруға бел байласа, шығарады да қояды. Компанияның жарты жарнасына жалғыз ие бо лып отырған Рязановты ешкім орнынан қозғай алмай ды. Шығатын бұл, аукционға түсетін осының жарнасы! Ушаков Ақ-Бұйраттан ұзаған сайын осыған мойындай берді.

Соңғы кезде Ушаковта бұрын болып көрмеген бір имену бар еді... Ешнәрсеге табанды сеніммен кірісе ал май, күдіктене беретін. Сол күдік шашқа кірген ақтай көбейе беруге бет алғанын өзі де сезінеді. Сезінген са йын шыйрамайды, қайта босаңқырай түседі. Рязановқа қарсы дау соғып, барлық істі көлденең көздің төресіне салуға да болатын еді: Неден қысылды, не бұлдіргені бар, жазығы өрге сүйрегені ме? Осының бәрі әділ ай тылар билік болса, Ушаков үшін үлкен сүйеніштер. Бі-

рақ, осы салғасуға бара алмай, Ушаков ылдыйлай беріпті...

Айып-кінә өзінде, әрине... Дала байлығын сонша көл-көсір етіп көрсетпеуі керек еді. Әрбір пұт мысты инемен қазып алғандай, қыйындата берсе, Рязанов тағы бір он жылсыз көз алартпайтын еді. Енді міне, тез аяқтанып кеткен істі тіс-тырнағын бірдей қадап, бас салды Қырқар сайқал алдап ұрды!.. Несіне кеңейтем деп еді өндірісті, несіне сұрап еді жүз мыңды!..

Осындай жайға ұшырап қалғанын қысылыс үстінде Игілікке де жасырмай айтып, Ушаков оған күтпеген бір ұсыныс жасады:

— Менің жарнамды сіз сатып алыңыз... Содан соң өзіңіз қалаған мөлшерде сіздің жарнаға мен пайда-шерік болып кірейін...— деп еді. Ол қазір осының жауабын күтіп отыр.

Сырттан қатты қызықса да өндірістің ішкі қыйтұрқыларына көзі жете бермейтін Игілік сақ жауап берді. алдында ор бардай аяғын орнынан аңдап қозғады да. ілгері баса қойған жоқ.

— Никон Абрамович, мұныңыз бір біз тілін білмейгін жұмыс қой... Рязанов сіздің өзіңізге де тайынбай ауыз сала бастаса, бізді тал түсте түтіп жеп қоймай ма? — деді Игілік.

— Жегізбейтін адамымыз болады. Оны мен таба алар едім.

— Сіздер болсаңыздар, жаңағы өзіңіз қайғырып айтқан істердің ең сорлы кезін біздің ең шалықтап отырған шағымызға айырбастамас едіңіздер... Біз болсақ, сіздің істің ең шалқып тұрған кезінде де үрке қарап, жақындаса алмап едік...— деп, Игілік іргесін аулақ сала беріп еді, Ушаков киіп әкетіп:

— Біздің істің ең шалқып тұрған кезі осы,— деді

— Сіз кетер болсаңыз да шалқый бере ме?

— Шалқый береді. Бұл үлкен іс...

— Менің есепшотыма сыймай жүрсе қайтем?.. Біз нағыз үлкенге бара да алмаймыз ғой!..— деді Игілік. енді Ушаковқа үміттендіре қарап. Өзі де үміттене бастап еді...

— Жоқ, әбден сыяды. Бұған сыймайтын байлық болмайды дүниеде...— деп, Ушаков стол үстінде жатқан есепшотты қағып-қағып жіберді. Игілік те құлағына ең сүйкімді тиетін тырсылды естіді...

Игілік тағы да аз ойланып барып:

— Сонда, мұныңыз қалай болады өзі?.. Алар-берерінің шама-шарқы қандай? Қарасын аңдатыңызшы,— деді. Үлкен де сенімді көрініп келген Ушаковтың казіргі жүдеу калпына тез көзі үйреніп, өз іргесі берік отырған адамның салмағымен сұрады.

— Алары дегенде... сіз Қызылжарға барып, жасырмай айтсақ, нағыз жаға созбай сарапқа түсесіз... Торг салған білесіз ғой... Басқалардан асырып беріп менің жарнамды сатып аласыз... Ал, береріне келсек, мысалы, сіз кіреге екі жүз көлік салып қанша түсім түсірсеніз, сатып алған жарнаңыз екі мың көліктің түсірер түсімін беріп тұрады... Мұның өзі де қазіргі күннің есебімен... Ал, мыс ағызуды кеңейте түссе, сонысына қарай түсімі де өсе береді. Сіз бұдан қауіптенбеңіз де ойланбаңыз да...— деді Ушаков.

Екі мың көліктің түсімі деген Игілікке түсінікті де еді, ішін жылыта, жағымды да тиді. Сонымен бірге, осы күнге дейін Ушаковтың өзі сонша пайда түсіріп келген екен-ау деп ойлап қойды.

— Жә, бір жарнаның бағасы қанша болмақ? — деді Игілік.

— Меніңше екі жарым мыңның шамасына келісермін деймін...

— Сонда отыз жарнаңыз жетпіс бес мың болғаны ма?

— Ие, солай болады. Бірақ, жаға созбай құлдырагып жіберуге де, шырқатып жоғары шығарып жіберуге де бар... Торгтың заңы сол ғой...

— Рязанов өзі түседі ғой жаға созбайға?

— Түсуге керек... Сондықтан, торгты кең жарияламай, арзанға айналдырып жібере ме деп қорқамын,— деді Ушаков.

— Е, қымбаттатып, баға көтерушінің бірі мен болады екем ғой!..— деп ойлады Игілік: — өзіңіз қаншасына ие болғыңыз келеді?

— Оны сіз біліңіз...

Әлдекандай өзі ғана білген есеппен Игілік Ушаковқа бейін бере жымыйып:

— Қақ жарымы деп келісейік те... Қуансақ-қайғырсақ, бірдей көрейік... Жүріңіз, тамаққа баралық...— деді.

— Ертең бірге жүреміз ғой?

— Бірге жүреміз.

— Жана сіздің үйден Некрасов аттанып бара жатты ма? — деп сұрады Ушаков, тамаққа отыра беріп.

— Жоқ, ол кісі келген жоқ мұнда...

— Степан соның аттары мен соның арбасы деп еді, Қарағанды жолымен кетіп бара жатқан біреулерді... Қаталаскан болды ғой...

— Ат-арба кімдікі екенін біле алмадым, сіздің бір үш жұмыскер келіп мені жаман састырып кетті,— деді Игілік.

— Ие?

— Осы үйде біреуінің шешесі сауыншы болатын еді, соны тартып әкетті...— деп, Игілік әлде ғана осы үйде болған уақыйғаны шағына айтып шықты.

— О, сіз ондайды әлі көрмеген асаусыз ғой!.. Біз екі жетідей жұмыскер жанжалына түсіп, әрең ес жыйдық... Кейбір күндерде көрген қысталаңымызды жауыма да тілемес едім...— деді Ушаков. Бұ да өз көрген жапасын шағына сөйледі...

— Бұл кісі тіпті ықтаңқырап кеткен екен...— деп ойлады да Игілік оның аржағын қазбалаған жоқ.

Дақ түспеген берік ірге өзінікі сыяқтанды...

5

Қызылжарға келген соң, Ушаков ылғый түсіп жүретін достас пайда-шерігі Зотовтың үйіне түсіп еді. Игілік те ылғый түсіп жүретін Хамидолла Бекметьев дейтін татар байының үйіне түскен.

Зотов әр кездегісінше шала дүмбілез, қызулау екен, Ушаковты қайта-қайта құшақтап, қуанып қарсы алды. Бет-аузын біраз сілекейлеп те берді.

— Жалғыз дара досым! Өлем сен үшін!.. Білем бәрін де... Тілесең Рязановты өлтіріп берейін! — деді Зотов, жетінші рет құшақтап, сүйіп жатып.

Мұның достығы осылай бұрқырап білінеріне бойы үйренген Ушаков та досының бетін қайырмай, еркіне көне берді.

— Бөрі басар!.. Аю!.. Орыс аюы!.. Қазақ ханы!.. — деген сыяқты өзіне ең сүйкімді көрінген, сонымен бірге, ең жақын досы ғана алар теңеулерін Зотов түгел айтып болғанша, Ушаков шыдап қалды.

— Ал енді айтып болсаң, менің сенен екі тілегім

бар,— деді Ушаков, әрең дегенде кезек алып.— Бірінші, сен бірер күн ішпей тұра тұр... Шыдап көрсеңші... Орыс адамы шыдай алатын еді ғой...

— Сен, немене, мені бір төзімсіз адам көремісін?. Зотов бәріне де төзеді. Рязановтың сайқалдығына шыдап келген Зотовқа сен шүбәленемісін?..

— Сенем, сенем... Екінші, сен қазір моншаңды жақтыр...

— Бес минутта әзір болады. Тілесең, май айынан бері сүрленіп жатқан қайың сыпырғышпен өзім-ақ жонынды жосылтып қып-қызыл қылып берейін...

— Жоқ... Степан бар ғой...

— Марфа!.. Естиміқін?.. Монша! — деді Зотов, асүйге қарап айғайлап.

Бұдан кейін Зотов осы берген екі уәдесін орындауға кірісіп еді. Екеуін де дос ынтасымен, артығымен орындады. Кезек бермей жалғыз сөйлеп, өзі сұрап, өзі жауап беріп, үйді басына көтеріп жүргенде моншасы жоғарыда айтылған бес минуттан да тезірек дайын болып қалғандай еді... Екінші, ұзақ жолда кірлеп келген Ушаков моншаның алау-жалау ыстық жоғарысына шығып алып, шабынып жатқанда да Зотов күміс таспалармен белдіктенген графинді қолтығына қысып ала келіп, моншаның ауыз бөлмесінде жұтыңқырап қойып отырды...

— Сенің саулығына, Никон!.. Соқ, Степан, соқ!. Қайың жұпары қанына араласқанша соқ!..

Қолдарына биялай киіп алып, қожайынды қос сыпырғышпен жосылтып-жосылтып, Степан Ушаковты ауыз бөлмеге, Зотовтың қасына шығарды. Енді жоғарыға өзі жайласып жатыр... Ұзақ бір рақатқа қызыға да құмарта әзірленді...

— Ал, енді бірді тастап жіберуіңе болады... Ойыма мана келген бір тілек аузымнан аз-ақ шығып кетпей, әрең ұстап отырмын... Қәне, сенің саулығыңа, Рязановтың жатқанынан тұрмауына!..

Бұл жолы Ушаков та ішіп салды. Содан кейін, сүртініп жатып, киініп жатып, Қызылжар жаңалықтарын сұрастырды.

— Енді сен, графинға соқтықпайтын бол... Уәде етіп едік қой... Шыда, бір-екі күн... Ал, не жаңалықтар бар? — деді Ушаков.

— Ең үлкен жаңалық сенсін... Сенің жайың...— деді

Зотов.— Өндіріс банкесі мен биржада жарнама ілінгелі үш күн болды.

— Үш-ақ күн болды ма?

— Ие, үш-ақ күн... Екінші Гильдия купесі Никон Ушаков өз еркімен Рязанов Компаниясынан шығатын болғандықтан, ондағы жарнасын торг арқылы сатады делінген... Түсінемісін, өз еркімен деген!..

— Е, мен тиісті қағаздарын бердім ғой... Солай жазуларына болады енді...

— Торгты өткізетін банк бастығы Дуплов алақандарын уқалап, үмітті байларға жылмаң қаға бастады.

— Торгқа басқа қалалардан келген кімдер бар екен?

— Ешкім байқалмайды. Тау-кен басқармасынан келген адам торгтың заңды жақтарын қарап, дұрыс деген қортынды беріпті де кетіп қалыпты.

— Тіпті ешкім байқалмай ма?

— Әзір жасырынып жатуы да мүмкін... Бірақ, мен байқай алмадым... Әзірге жарнаманы ұзақ оқып, желкелерін қасып жүргендер осы Қызылжар байлары: банкрот болған Ворапаев, банкрот болғалы тұрған Меринов, байлығы қайда екені белгісіз, он екі иті бар Черепанов, бақалшы Заварухин, мес қарын татар байлары...

— Рязанов қашан келеді екен?

— Біле алмадым... Ол келмей қалуы да мүмкін... Севастьянов оның оң қолы ғой, соған тапсыруы да ғажап емес... Я болмаса, безбен басын ең соңғы рет басып қалар кезде сап ете түсуі мүмкін...

Жарнаманың кештеп ілінуі де, шеттен адам келмеуі де Ушаковтың көңіліне үлкен түйткіл салды. Шет қалалардың байлары құлақтанбай қалса, торг қызу болмай қалуы мүмкін еді. Онда мұның жарнасы өз бағасына жете алмай, арзанға кету қаупы туады. Осыны ойлап:

— Сен Дупловтан сұрамадың ба, басқа қалаларға құлақтандырулар жіберілді ме екен, қашан жіберілді екен? — деді Ушаков.

— Басқа қалаларға заңды уақытынан қалдырмай жібердім деді. Он екі қаланы атады,— деді Зотов.

— Өзің тексерсең еттің...

— Тексердім, дұрыс екен... Мұндайда ешкім қателеспейді... Жақсылық істерде ғана қателеседі...— деді Зотов

— Онда түсініксіз екен...

Ең мол пайда беріп тұрған Компанияның төрттен бір

жарнасы сатылғалы тұрғанда, жабыла кетпей, тоқпейілсіп жатқан байлардың бұл жолғы мінезі түсініксіздеу екені рас еді. Бәрін бірдей Рязанов сатып алып қоюы мүмкін де емес. «Әдемі алма көргенде пышақтың да тісі қышып кетеді» емес пе еді!..

— Ника, сен өзің де шыдам таба біл... Шыдай білетін жалғыз мен болмайын...— деп, Зотов тағы бірді сылқ еткізді де: — Шыдай білу керек... Келеді әлі.. Жасырынып жатыр... Көрінеді әлі... Жарнам арзан кетеді деп қорықпа... Ондай күн туса, мен өзім-ақ сатып алам...—деп, графинді аз ғана ысырып қойды.

— Бір жылдан кейін өз жарнаңды қоса сату үшін аламысын?

— Неге қоса сатам?

— Рязанов бір күні сені де айдап шығады. Қазақ даласы тегін жатқан байлық...

— Оның дұрыс болар... Мені де айдап шығарарақ...— деді Зотов. Бірақ айдап шығартпау үшін істер шарасы да жоқ адамдай, балағаттаудан басқа ойы барын көрсете алмады.

Моншадан кейінгі шай үстінде де, шайдан кейінгі тамақ үстінде де әңгіме осы шеңберден шыға алған жоқ. Зотов болса, Компанияның жыл аяғында берер пайдасынан басқасына араласпайтын еді. Ушаков қазір неге де болса енжар қарайтын болған екен. Басына түскен ісіне біржола мойындап, тырп ететін ниеті жоқ адам сияқты. Ол өмірінде бірінші рет ұйқы рақатына құлай беріліп кеткендей еді. Жол жүріп, шаршап келді, моншаға түсті, азырақ арақ ішті, содан кейін ойында түк түйткілі жоқ адамдай маужырап ұйқтап та кетті...

— Шаршамайтын еді... Ұйқы жеңгенін көріп отырғаным осы болар...— деп Зотов басын шайқады да графинді құшақтап шығып кетті.

Бұл үйдегі жайды Батыраш арқылы түнде бір біліп алған Игілік ұйқтамай шыққандай, Батырашты тағы да ерте жіберіпті. Степан келіп, ақырын ғана:

— Игіліктің адамы келіп тұр...— дегенде, Ушаков әлі орнынан да тұрған жоқ еді.

— Неге келіпті? Не айтады? — деп, Ушаков наразырақ сұрады. Игіліктің араны ашыла бастағандай көріп, ерте мазалағанын ұнатпай қалды.

— Жолығысатын жұмыс жоқ па екен деп келіпті...— деді Степан.

— Мұнда келуіне болмас... Ұзамай өзім барып жолығып қайтам. Күте тұрсын дерсін,— деді Ушаков. Ұйқысы қанғанмен бойы сергімеген екен:

— Моншаға салқын су әзірлетші,— деп киіне бастады.— Зотов тұрып па?

— Моншаға түсіп жатыр...

Қала көзіне түспеу үшін Ушаков Игілікке жаяу келіп еді. Онда да үлкен көшелерге жоламай, алыстан орап келді. Игілік шынайы татар тазалығында ұстап тұрған, сырлы еденге тозаң қонғаны байқалмайтын үйге түскен екен, жақсы демалып қалғандай сергек те көрінді.

Қысқа ғана амандықтан кейін Ушаков Игілікті торғ жайындағы естіген білгендерімен таныстырды. Жариялаудың нашар болғанын, басқа қалалардың байлары келмей жатқанын күйзеле айтты. Игілік әрі-беріден кейін селсоқ тыңдай бастады. Көптің білерін айтып, жіті көздің көрерімен зирек көңілдің ұғарын айтпай отырғандай көрінді.

— Понштейн дегендері кім? — деп сұрады Игілік.

— Қалай, кім дедіңіз?..

— Игілік біреудің атын қате айтып алғанын сезінді де енді сол қатені тағы қайталамас үшін, орнынан тұрып барып екінші бөлменің есігін ашып:

— Хамидолла, бері келіп кетіңізші...— деді.

Қушық шекелі, қалқаң құлақты, тақыр басты, шаһарша киінген үй иесі бері шығып:

— Нәрсә дисіз, бай-әка? — деді, шегір көк көздері Игілікке қалай қадалса, ұзын мұрны да солай қадалғалы тұрғандай екен.

— Тілім келмей қалды, түндегі айтқаныңыздың аты кім еді?

— Синицин мә?

— Жоқ, екінші айтқаның...

— А, Фон-Штейн мә?

— Ие, ие, сол...

— Ие Фон-Штейн...— деп, үй иесі Хамидолла Ушаковқа қарады да басын изеді. Осы кісі үшін сұрап отырғанын аңдатып, Игілік те соған қарап еді.

— Фон-Штейн? — деп Ушаков оның кім екенін біле алмайтынын көрсетті.

— Бу кіші Ушаков әфәнді бұғай? — деді Хамидолла.

— Ие, сол кісі...— Хамидолла мен Ушаков енді ғана танысты.

— Ие, ол кім екен? — деді Ушаков.

— Біле алмай басымыз қатып жүр...— деді Хамидолла таза орысша сөйлеп жауап берді.

— Швейцария фирмасының маклері емес пе екен?

— Маклерге қатты ұқсайды. Бірақ, қайдан келгенін ешкім білмейді. Көзге түсіп көріне де бермейді. Екі банкінің бастықтарына да барып шыққаны анық... Өзгесі қараңғы...

Швейцарияның «электрик» деген фирмасы Ушаковпен жыйырма жылдық шарт жасап — «Ақ-Бұйрат» заводының мысын тік көтере алып тұратын еді. Сол фирма арқылы қазақ мысының Англияға өтіп жатқанын да Ушаков жақсы сезінетін. Шетелдердің орыс отарына қол салуға, кен байлықтарына ақша төгуге құмартып отырғанын да жақсы білетін. Әсіресе, Индия мен Қытай арқылы ағылшын байларының бері сұғынып келіп қалған кезі еді. Бұл күнге дейін аты шықпаған Фон-Штейн сол жақтардың бірінен келген маклер болар деп ойлайды Ушаков. Ондай қол араласса жарна бағасының көтерілерін білсе де, өз жарнасын жат елге қыя да алмады Жат елдердің ондай өкірегіне қойылған заңды тыйым барын да есіне алды.

— Синицин деген кісіні де атадыңыз ба?

— Ие, ол кісі кеше кешке ғана келді... — Ол белгілі бай еді, оның келгені Ушаковқа ұнап қалды.

— Тағы қандай шет адамдарды білдіңіз? — деп сұрады Игілік.

— Сіздің маңайда Шоқпақ, Құлақ-алқа деп аталатын кендердің иесі Перфильев келіпті,— деді Хамидолла.

— О да келіп пе?

— Ие, көптен осында. Торгқа түсе ме, әлде осында бір адвокаттың сұлу қызы болушы еді, соны алғысы келе ме, оны әлі айыра алғамыз жоқ...— деп Хамидолла қулана күлді.

— Біздің жақтың жерлері туралы өзіңіз де хабардар екенсіз...— деді Ушаков, Хамидоллаға жақындасқысы келген ниетпен жылы жымыйып. Әуелі жұпыны көрінген татар байы енді оған көпті білетін, көп нәрселерден хабардар адам көрініп ұнай бастап еді. Қалайда Зотовтан көрі бұл сұңғыла болып шыққан соң тағы біраз жайларды сұрастырғысы келді.

— Біз де сіздерге ұсап ауыра бастаған адамбыз...— деді Хамидолла. — Сіз ауырып, жазылған адам көрінесіз де, біз болсақ қорғасын мен күміс енді ғана түсіміз-ге кіре бастаған адамдармыз.

— Ие?.. Кен заводтарыңыз бар ма?

— Жеті қоңыр, Гүлшат деген қорғасын кендерін бекіттіріп алғалы алты ай өтсе де әлі бастай алмай отырмыз.. Мүмкін тіпті бастамаспыз да...

— Балқаш жағасына барып қалыпсыз ғой!..

— Одан бергі жерлердің өзіңіз сияқты иелері бар... Бізге, әрине, шетіректен тиеді...— деп, Хамидолла қазақ арасындағы жалпы татар байларының өмір бойы арылмайтын жәбір-жапасын қоса аңғартты. Ушаков жәбір жағын аңғармай қалғандай болып:

— Отын жағыңыз қалай?.. Көміріңіз бар ма? — деп сұрады.

— Бар... Самбыл-жал деген таскөмір табылған жерді қоса алып едік...— деді Хамидолла.

— О, жақсы екен... Құтты қадам болсын! — деді Ушаков, Енді Хамидоллаға құрмет көрсете сөйлеп.— Қалай, мына сарапқа түсетін ойыңыз жоқ па?..

— Жоқ, құдай сақтасын! — деді Хамидолла.— Попов, Рязанов деген адамдардың аяғы тиіп кеткен жерге жақындамауды мақұл көрем... Алар бізгә ибдәш төгіл...— деп, Игілікке өз тілінде аңғартты.

Ушаковқа мұның осы соңғы сөздері тіпті ұнап кеткен екен:

— Ол екі көкжалдың сырын білмеген бір адам болсайшы! — деп, кеңкілдей күлді. Хамидоллаға ризашылдығы да күшейе түсіп, бұл қандай жолмен көтеріліп келе жатқан адам екен деп ойлады. Сол ойы Игіліктін осы үйге келіп түсуімен де шиеленісіп еді...

Хамидолла Бекметьев үлкен қалалардың шет көшелерінде, кішірек қалалардың орта көшелерінде магазиндері бар сәудагер адам еді. Мал саудасына өте жетік қазағуар болғандықтан, қазақ малының түсімімен байыған адам. Қазіргі әйелі де, аты Дәмелі, Байғара дейтін қазақ байының қызы. Бұ да Ушаков сияқты қала, даланы кезіп жүріп, Балқаш жақ қыйыр шеттен қорғасын кені табылған екі жерді сатып алып, енді-енді қол салғалы отырған. Оның осы жайларын жете білетін Игіліктің бұл жолы осы үйге әдейі келіп түскен де реті бар еді.

Ушаков пен Хамидолла иіскесіп болғанша бейтарап отырып қалған Игілік енді ғана сөзге араласты:

— Никон Абрамович, қалай көресіз, мына жаға созбаға менің атымнан сіз түссеңіз қалай болар деп едім Хамидоллаға... Бұл кісі көне алмай отыр... Мен болсам, тымағым жалпыйып, бұлар не айтысып жатыр деп аңғара алмай отырғанда, бір ку колымдағымды қағып әкетіп жүрмес пе?.. Сіз қалай көресіз? — деді.

— Сіз өте сирек қателесетін адамсыз ғой, Игілік Өтепович... Мен он жыл іздеп таба алмас едім мұндай адамды. Сіздің орныңызда мен болсам, бұл кісіден айрылмас едім,— деді Ушаков.

— Юқ, Юқ, бай-әкә... Яш әтәш, сізнің яш айғырлар кібік, бәрілә де соғыла, бәрілә де соғыла... Аңарға серьезный ішні доверить етмәңіз...— деді Хамидолла. Күлген түрінде, бәсі келсе көнетіндігі де көрініп тұр екен.

— Ендеше мені көп жалдаптың арасына салып, түйе-бас қылдырып қайтар... — деді Игілік, момақансый күліп...

Торг басталған күні осы үшеуі үш таған отырып еді... Бірін-бірі көз қыйығынан шығармай, әдейі осылай отырысқан сыяқты. Хамидолла әдеуір алдарақ, Қызылжар байларының ортасында отыр да, Ушаков пен Игілік екі жерде, кейінірек отыр. Степан Бушуев пен Батыраш сыяқты көз-құлақтар есік жақ қабырғаға сүйеніп, бақылауда тұрғандай.

Банк үйінің үлкен залы лық толыпты. Қазір сахнаға бір атақты ер, я болмаса, даналық иесі данышпан шыға келерін күткендей, барлық көз жұрттан кейінірек шегініп тұрған көк шұға жапқан дөңгелек столға қадалады. Стол үстінде жерге қадай салған кіші-кірім қолшатыр сыяқтанып бір жез қалпақ тұр, өзге ешнәрсе жоқ.

Әлде бұл жұрт алғаш кездесіп қалғанда бірін бірі сағынып қалғандай, жарқылдай күлісіп, құшақ жайысып амандасып, біріне бірі үйіп-төгіп сәт тілесіп еді. Енді бірінің бірі қалай дем алатындарын аңдыса қалғандай қыбыр-қыймылсыз, тынып қалыпты.

Дөңгелек столдың қасына қара мауытыдан киінген басы арбұздың бір түріне ұқсап көгілдірлене жарқыраған, банк бастығы Дуплов келді. Қолында ойнатып ұстаған жіңішке жез шыбығы бар. Бар сыйқыр сол ал-

тындай жаркылдаған жез шыбықта болу керек, жұрт көзі енді соған қадалды.

— Мырзалар!..— деді Дуплов, екі қолымен құрметтей көтерген үлкен пакетті жұртқа қарай ұсынып көрсете беріп; — мынау Ақ-Бұйрат — Қарағанды мыс Компаниясының пайда-шерігі Никон Абрамович Ушаков мырзаның жарнасы... Компанияның төрттен бір үлесі... Ушаков мырзаның өз еркімен, және компаниондарының толық ризашылығымен бүгін ашық торг арқылы сатылуға тиісті болып тұр... Торгқа ақшалы адамдардың қандайы болса да қатынасуға еркі бар. Жалғыз-ақ, шетелдердің адамдары қатынаса алмайды. Торгқа түсер Ушаков жарнасының ресми жақтары түгел тексеріліп, заңды түрге түсірілді. Тау-кен басқармасы мен өндіріс банкесі және Компанияның өзі де әртүрлі анықтамалары мен ризашылықтарын ресми түрде беріп отыр. Ушаков жарнасы жоғарыда айтылғандай, төрттің бірі отыз пай... тиісті адамдардың қатынасымен бекітілген бағасы — әр пайы екі жарым мыңнан. Барлығы жетпіс бес мың сом тұрады деп бағаланған... Ашық торгтың еркіндік салты бойынша, бұл жарна артық беріп, асырып әкеткен адамға көшеді... Компанияның қаржы-қаражат, жұмыскер күші, жылма-жылғы өндірісі мен түсімі, жылдық пайдасы тағы басқалары жайындағы ресми түрде куәландырылған мәліметтер екінші залға ілінгелі бір жеті болғандықтан сіздерді ол мәліметтермен әбден таныс деп есептеймін... Сондықтан ол жақтарын бұл арада таптештеп жатуды артық көріп, ашық торгты бастадық деп жариялаймын...

Стол үстінде тұрған орманда өсер үлкен саңырауқұлаққа да ұқсап кететін, жез қалпақ гүмп етіп, шайқаң қағып қалды. Сырты күңгірт болса да, ішкі жағы алтындай жарқырайды екен, жұрт көзі сонымен бірге шайқалып кетті. Жез қалпақ шайқағын тоқтатқанша, ешкім үн де шығарған жоқ. Тіпті үн шығармай тарасатындай, ұзақ уақыт тынып қалды. Бірін бірі түрткілеген көздер ғана дамылсыз жүйткиді...

— Сірестірген екен!..— деді бейжай бір дауыс бір аздан кейін.

— Тіс батар емес! — деп екінші дауыс жауап қатты.

— Сатылмайтын жарна болды ғой!.. — деп үшінші дауыс араласты.

Өрт, әрине, бір-ақ ұшқыннан да кете береді... Жаңа-

ғы үш дауыс сол ұшқын сыяқтанып, оның аржағы тез дүрілдеп кетті. Ұзамай, зал тұтаса гүілдеп, көпке дейін жаңағы сөздерді ұзақ қайталады. Біреу бұларға жәбір бірдеме айтқандай, күйіне күжілдесіп барады:

— Несіне әуре еткен жұртты!..

— Осындай қыйтұрқылар азая ма десең, көбейе түседі!

— Енді айналатын түк жұмыс жоқ... Кету керек...— деп, кейбір қатарлардан қосақтала тұрып, қыр көрсетіп кетіп бара жатқандар да бар. Есікті қатты серпіп кетіп барады.

— Е, бұлар әдейі істеп жүрген жалданбалар,— деп ойлады Игілік. Алданған жоқ.

— Жә, ойласуға бір сағат үзіліс беріледі... Компанияның жайымен тағы да кеңірек танысыңыздар, ойланыңыздар...— деді Дуплов. Жұрт орындықтарын ашумен сықырлата орындарынан тұрып, есіктен де сығылыса шығып кетті. Ушаков Дупловқа барып, сонымен бірге кетті.

Залда жыйырма шақты ғана адам қалыпты. Сәнмен киінген бір қоғамның еркесі сыяқтанып, одан-бұдан қаперсіз, кімге болса да еркін қалжыңдап, торг жайына онша көніл де аудармаған Перфильев қалыпты. Қасында адвокат қызы, жас сұлу Наташа бар. Осы топтың ішінде қабат-қабат малынып киінген, не байымен, не баласымен келген бір-екі москал әйелден басқа бұл жыныстан келген де жалғыз Наташа еді. Жаңа торг жайын түсіндіргенде, жас қыз қасындағы Перфильевтің бірдеме дегендеріне бірнеше рет құлақ аспай Дупловтың айтып тұрғандарын зейін сала тыңдап қалып еді. Әзіл-қалжыңмен мазалай берген Перфильевті бір-екі рет шынтағымен түртіп, тоқтатып тастағаны да байқалды. Қазір бұл екеуі торг жайын ұмытып, өзара жеңіл қалжыңдасып, үйлескен көңілмен күлісіп отыр.

Бұл екеуінен басқа, шынайы астана адамынша сымбатты киінген, мәдениет бұлағының жағасына біткендей сыланып өскендігі көзге соғып тұрған тағы бір адам бар. Ол орта жастарды жағалатқан, айналасына пан қарайтын, ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ саусақты, Фон-Штейн еді. Алдыңғы қатарға барып, еркін орналасып отырған бойынан бір қозғалған жоқ. Қазір де залдан шықпай қалды. Сол қатарда күлісіп отырған Перфильев пен сұлу қызға көзін де аударған жоқ.

Құлағы қалқайып, Игіліктің қасына Хамидолла келді. Абыржынқырап келген екен:

— Жарко болырға тура... — деді. — Миңә уже вуздух житми башлады.

— Біраз жұрт оралмайтын ыңғай көрсетті ғой? — деді Игілік әдейі аңқаусып.

— Юк!.. Шанмағыз... Алар шантрапалар!.. Шантаж ясилар,— деді Хамидолла.

— Сонымен, қызу болар деп ойлайсыз ба?

— Подвухлы болырға килә...— деді Хамидолла.— Юздән бір кәпик арттырмасқа міни енді?

— Жоқ,— деп, Игілік басын шайқады. Шамалап қараса, өз қалтасы одан артықты көтере алмайтындай екен. Бір қалтасы әзір сенімсіздеу көрінетін мыс пен көмірге арналса, екінші қалтасы қашаннан бергі сенімді ісі саудасына арнаулы еді. Сол жағы басыңқырай беріп отыр...

Жез қалпақ қайта қағылғанда жұрт тапыр-тұпыр отыра бастап еді. Дупловтың залды сүзе қарап:

— Сонымен, мырзалар...— дегеніне көп дауыс алғашқы ыңғаймен наразылық көрсетті!..

— Қымбат... өте қымбат!..

— Мұндай торғты Қызылжарда емес, Петербургте өткізу керек қой!

— Біздің кедейлігімізді мазақтап күлмесе де болатын еді ғой! — десті.

Дуплов ол наразылықты естімегендей, елеңсіз пішінмен:

— Жә, кім бастайды? — деді.

— Бастауға мүмкін емес!

— Қалай бастауға болады?.. Қымбат!..— дескен дауыстар тағы да төрге қарай шалқый есіліп кетті.

— Е, біреу бастар...— дей салды Дуплов, өзіне айтқандай ақырын ғана.

— Елу мың! — деді Перфильев, қалжыңға айта салғандай күле дауыстап.— Елу мың!..

Қасындағы сұлу қыз оның ерлігіне разы болып кеткендей, мөлдіреген көк көзінен таза да тұнық нұр төге қарап, әлденемені тез-тез сыбырлап жатыр. Мақұлдап та, мақтап та жатқан сияқты.

— Міне есалаң!

— Міне жынды!

— Мас шығар өзі!..

— Елу мыңды неменеге береді екен?

— Одан да қасындағы сұлуына сақтасайшы! — деген дауыстар Перфильевтің басына бұршақтай жауып кетті. Перфильев жұрттың онысына да қабақ шытпай, сол күле қарап отырған бойы екі құлағын алақанымен басып алды да, төмен бұқты... Сұлу қызға оның осы ойнақылығы да ұнайтын сияқты. Балғын сезілетін иықтарында аз ғана діріл білініп қыз да алдына қарай еңкейе күлді.

— Перфильев мырза елу мыңды атады, естідіңдер ғой?.. Тағы кім? Кім асырады? — деді Дуплов.

Төрт-бестен қосақталып алып, осындай істердің бәріне де бөгесін болуды дағды еткен бір арсыз топтар Перфильевті әлі бората сөгіп жатыр. Бұл шуылдақтың қолынан келері осыдан аспайтынын білетін нағыз қалталылар Перфильевтің қанша жерге барарын салмақтасып отырғандай, оны сөккен де жоқ, мақтаған да жоқ, бейжай қарасып қалды.

Енді бір кезде, бірде бестен, бірде оннан қосылып, жарна бағасы өзінің жетпіс бесіне барып бір-ақ тоқтап еді. Жарға тірелгендей содан аспай ұзақ бөгелді. Жаңа елу мыңды көпсініп Перфильевті керіп әкетердей шуылдақтар тобы енді бірінен бірі асырып жатқандарға мақтау айтып жатыр:

— Міне, бұл екпін!

— Міне, бұл жұдырық!.. Әкетеді осы! Әкетеді!..—деседі.

— Сексен мың! — деді Хамидолла. Дүмді етіп айтты... Бұған жұрт соңғы айналмада алға қарай сытылып шыға берген бәйге атын көргендей тіксініп карап қалды.

— Сорлың шыға-салмалар біраз қарқынын бассын деп отыр екен ғой! — деп ойлады Игілік.

— О, бұл бай адам!..

— Сегіз магазині бар!..

— Күміс кендері де көп...

— Бұкара мен Ірбіт арасын жалғыз өзі жол қылған адам... Әкетеді бұл!

— Әкетеді, әкетеді! — деген мақтау мен көтермелер борап кетті. Бұ да әлгі шуылдақтар мақтауы еді.

Адвакат қызы Перфильевтің жүзіне енді бір наразылықпен қарап қалыпты. Перфильев әлі де бір қайрат көрсетердей күле қарап, қысылмай отырғанмен, манағы елуден әрі асар ниеті барын әлі байқата алған жоқ...

— Тағы кім? Тағы кім? Кім асырады?! Асырушы жоқ па?..— деп, Дуплов жұртты тығыздап кетті. Енді асырушы болмаса жез қалпақты қағып қалардай, жез шыбығын оңтайлап-оңтайлап қояды.

Жез шыбық жұрттың көзін сыйқырдай тартып бір алды да, енді біржола басқа жаққа аудартпай қойды. Тесіле қараған ашқарақ көп көз Дупловтың өзіне емес, қолындағы шыбығын ғана көретін сыяқты. Жұрт көзі шыбықпен бірге жоғары көтеріліп, шыбықпен бірге төмен түседі. Жез шыбық жез қалпақты ұрып қалуға оқталғандай болғанда ашқарақ жұрттың дем алысы да тоқталып қалатын сыяқты.

— Жоқ па? Жоқ па, асыратын кісі! — деп, Дуплов жез шыбықты жарқ еткізіп қалғанда:

— Сексен бір мың...— деді бір дауыс... Жұрт жарыла күліп жіберді.

— Тағы бір он тыйын қос!.. Он тыйын!..

Бірақ, тоқсанға жеткенше бір мыңдап, бес жүздеп қосып, байлар бірін бірі жарға итермелегендей, аяқтарын әрең-әрең ілгері аттап еді.

— Жоқ па? Енді ешкім асырмай ма? — деп Дуплов екі рет қайырып сұрағанда, манадан сағаны аңдып, бой көрсетпей отырған Фон-Штейн жұмсақ қоңыр дауыспен:

— Тоқсан бес мың,— деді. Қызусыз ғана, сұқтанбай ғана айтты. Жез шыбық стол үстіне құлап түскендей болды. Енді сыйқыр Фон-Штейнге ауысқандай, барлық көз соған ауды. Шеттен келген маклерге жұрт қауіптене қарап қалды. Қалпы суық, өзіне өзі сенімді адамдай...

— Жүз мың! — деді Хамидолла. Бұ да берік сенімді аңғарта, ұзақ салғыласар бетті көрсете айтты.

Жұрт Хамидоллаға разы болып, шуылдай бастап еді, Фон-Штейн жұрттың үнін тез өшіргісі келгендей, тағы да жаңағы жұмсақ қоңыр дауысын көтерместен:

— Жүз жыйырма бес мың! — деп алға қарай бірақ шырқап шықты...

Дуплов қолындағы алтын емес жез шыбық екені енді біржола танылғандай, жұрт көзі түгел Фон-Штейнге қадалып, басқа жаққа аумай қойды... Біреу бір тыйын қосса, Фон-Штейн мыңдарды қосқалы отырғандай екен. Хамидолла біржола жасып, жабайыланып қалыпты. Көздері де ұнамсыз шегір, мұрны да сорайған ұнамсыз, құлақтары қалқайған, түк аруағы жоқ адам екен... Оған аруақ берер Игілік болса, ол да қойын қалтасын қыса

отырғандай, әшейіндегі қалпынан кішірейіп кетіп Осыны ойлаған, осыны сезінген Ушаков, өз халінің күйде екенін аңдаған жоқ, «Енді кетті! Айрылдым!» ді ішінен. «Кім болды екен мына қу маклер?»

— Тағы кім, тағы кім?.. Кім асырады?— деп, Дуплов салмақпен екі рет қайталады да, үшінші рет қайталауын әдеуір кешігіп айтты... Хамидолла Игілікке қарап еді, ол көзін тез аударып әкетті.

— Жоқ қой ешкім?.. жоқ қой?.. Жоқ!..

Жез шыбық жез қалпақты ақтық рет, бұрынғылардан гөрі де қаттырақ қағып қалды. Жез қалпақтың дыбыс еткені Ушаковқа жаназаға шақырған шіркеу қоңырауының үніндей естілді!...

— Бұл кімнің жаназасы? — деп сұрағысы келгендей барлық көздер Ушаковқа қарай ауа беріп еді... Ушаков өзі бірге келген серігі Игіліктің қалай жылысып шығып кеткенін аңдамай да қалды...

Бірінші кітаптың соңы.

МАЗМҰНЫ

...ім	3
...ім	103
	237
	315
	417

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЕСІНЕ!

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет ...асы осы кітап туралы пікірлеріңізді ...а адреске хабарлауларыңызды сұ- ...ды:

...аты қаласы, Пролетар көшесі, 11 үй.

Г. Мусрепов

КАК ПРОСНУЛИСЬ НЕДРА

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1953

Редактор *С. Оспанов*
Оформление *К. Баранов*
Техредактор *С. Ищанов*
Корректор *Б. Утембаева*

Подписано к печати II/IX 53 г. УГ08676.
Изд. № 88. Бум. 84×108 1/32=7,901 б. л.—
25,93 п. л. (Уч. и д. л. 2 + 1 вклейка).
Тираж 25000 экз. Цена 10 руб.

Алма-Ата, Полиграфкомбинат Главполиграфиздата
Министерства культуры КазССР.
Заказ № 841.